

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44
Б 78

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Бөкей Оралхан.

Б 78 *ӨЗ ОТЫҢДЫ ӨШІРМЕ. Роман. / Оралхан Бөкей.* – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.
Т. 1. –392 б.

ISBN 978-601-7317-47-8

«Өз отынды өшірме» жазушы Оралхан Бөкейдің роман жанрындағы тұңғыш шығармасы. Автор бұл кітабында қазақ даласында Совет өкіметін түпкілікті орнату мен Түркістан-Сібір магистралын салудағы қарапайым еңбек адамдарының жанқиярлық ерлігін шежірелейді.

Романның оқиғасы қызықты, тілі көркем.

Кітап жалпы оқырмандарға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-7317-47-8
ISBN 978-601-7317-46-1

© Исаканова Г., 2013
© «Ел-шежіре» ҚҚ., 2013



ЖАСЫН ҒҰМЫР ЖАЗУШЫ

Алғысөз орнына

Япырмай, уақыт шіркін ұры екен-ау. Оралханның оқыста опат болғанына тура жиырма жыл толыпты. Таланты толысқан, көзқарасы, ой-санасы кемелденген кезде кенеттен көз жұмған жасын ғұмыр жазушы есімін ел-жұрты есінен шығарған жоқ. Соның анық айғағы Мәдениет және ақпарат министрлігінің, оның басшысы Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммедтің тікелей қолдауымен, Оралхан Бөкейдің 70-жылдық мерейтойы қарсаңында жеті томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарудың қолға алынуы дер едім. Соған орай егіздің сыңарындай сырласып, мұңдасып ғұмыр кешкен Оралхан досымның қазақ әдебиетіне орны бөлек олжа салған тұлғалы туындылары туралы ой-пікірлеріммен бөлісуді жөн көрдім.

* * *

Оралхан Бөкейұлы – әдебиетке бірден және өз бетімен, өз жолымен келген жазушы. Ол ешкімге еліктеген, солықтаған жоқ, яғни шәкірттік кезеңді аттап өтті. Оралханның өңделген, өзгерген, қайта жазылған не жарамсыз, жарияланбай қалған бірде-бір шығармасы болмауы осы пікірімізге толық дәлел. Бұл оның әдебиетке таланты толысып, дарыны дараланған тұста келгендігінің нақты көрінісі. Оралханның әдебиетке үлкен даярлықпен келуінің бір сыры, оның ел ішінде көбірек тұрып, Алматыға – әдеби ортаға жазушылық көзқарасы, дүниетанымы әбден қалыптасқан шақта қосылғаннан да болар. Көпшілік қаламгерлердің онжылдықты бітіре салып, ұрып астанаға тартып, оқу бітірісімен бірден жазуға отыратынын күнделікті өмірден көріп жүрміз. Ал құдай берген таланты қанша болса да, өмірді танудың өзгешелігі бар. Ол болашақ жазушының өмірді білуге қажетті дүние құбылыстарын

аңғарғыштық, байқағыштық, сезімталдық сияқты қасиеттерге байыта түсетіні рас. Сондай-ақ ауылда жүрген қаламгердің болашақ кейіпкерлерін оңай олжалайтыны бар. Ел ішінде он күн ойлап, қиялыңнан құрастыра алмайтын, кесек мінезді кісілермен, қилы-қилы тағдырлармен жолығып қалуың жеңіл екенін де ескерген жөн. Оң-солын танымаған, жоғары оқу орнын жаңада бітірген балаң жігіттің таланты тасып бара жатса да, не жазарын білмей қалары сөзсіз. Әлгі, өмірді білмейтін, санасынан емес, саусағынан сорып жазатын жазушыларды жазғыруымыз да осы себептен ғой. Оралхан міне осы жағынан келгенде көптен озды. Оның үстіне ол қаршадайынан газет жұмысына жегіліп, жазу-сызудың үлкен, тәлімді мектебінен өтті. Оралхан жазған очерктер көркем әңгімеге бергісіз, қызықтыра оқылатынын замандастары жақсы біледі. Оны «Лениншіл жасқа» шақыртып алдыруға себепші болған да сол өзгеше сипаттағы очерктері болатын. Өміртану мектебінен өткен жас жазушының қаламы жүрдек, сезімі сергек, шығармаларының шырайы бөлек, кейіпкерлерінің түр-түсі ғана емес, тұлғалары да биік те бейтаныс болып келетінін білмейді емеспіз.

Біз білетін Бөкейұлының шығармашылық ерекшеліктерін айқындайтын ең бірінші белгісі – оның бірден өз қолтаңбасын тауып алғандығы. Ол не жазса да өзінше өрнектеп, өзінше ойлап-пішіп жазуға әдеттенген. Моншақтай тізілген мөлдір де көркем тілі қандай керемет. Қазақ тілінің қасиетін жанымен ұғынып, жүрегімен сезінген суреткердің тіл қолданысынан нағыз шебердің нақышы, сөз ұстасының сұңғылалығы бірден көзге ұрып тұрады. Бір ғажабы, Оралханның қызыл сөзді қырмандай сапырмай, оңтайын тауып, ыңғайын келтіріп, тереңнен тербеп жазатындығы. Бұл болса жазушының табиғи дарындылығының айқын айғағы. Жүздеген әңгіме, ондаған хикаят, роман, қыруар пьесаларындағы сан алуан кейіпкерлерінен ешбір ұсақ мінез де, ұқсастық та таппайсыз.

Басқасын былай қойғанда, Оралханның тырнақалды туындылары «Қара сөзбен жырлаймын» этюдтері мен бергінде жазған «Ауыл хикаялары» топтама әңгімелерін оқып көріңіз. Этюдтері – адам аяғы баспаған Алтай өңірінің сұлу, тамаша

табиғатының тамылжыған тілмен, кестелі, бейнелі сөзбен салған суреттері. Оларды оқып отырған сәтте көз алдыңа асқар Алтайдың әсем келбеті, табиғатының қыз қалпы келеді, мұрнына алуан түрлі таулы жердің шүйгін шөптері мен гүлдерінің иісі келетіні әсірелеу емес, шындығы сол. Бірқақпай, қысқа қайырым осы шағын әңгімелердің әсері сондай, оларды оқи сала сапарға аттанып, Алтай асып кетуге асығасың. Көркем әдебиеттің әсері, көкейге қонымдылығы мен нағыз нанымдылығы нақ осындай болса, оны жазған жазушыда не арман болсын!

Ал «Ауыл хикаялары» топтамасы – оқиғаларының қызықтығы өз алдына, адамдардың кескін-келбетін, мінез-құлқын, іс-әрекетін суреттейтін тамаша танымдық қасиетімен дараланатын әңгімелер. Сол әңгімелерде суреттелген тұлғалары тұтас, бейнелері бөлекше ауыл адамдарының басынан кешкендерін оқыған кезде қай оқырманның да езу тартып күлері, ескі танысына жолыққан кісіше қуанары сөзсіз. Кіндігі қараша ауылдан үзілмеген қазақ баласының ол әңгімелерді оқи отырып, кезінде өзі көрген кісісін, білген оқиғасын есіне алып бір жасап қалары кәдік. Жүріс-тұрысы, бет-бейнесі түгіл, танымы, ой-пікірі, көзқарасы дара-дара мұншама кісілердің образдарын осылайша ойда сақтап, шебер суреттеген жазушының жан көмбесінің байлығына, жадының жақсылығына, сөз тапқырлығына таңданбасыңа болмас?! Міне, осының бәрі қаламгердің сөз құдіретін шынайы шеберлікпен түбегейлі меңгергендігінің жарқын мысалы.

Осы жерде өзіміз білетін тағы бір шындықтың бетін аша кетсем деймін. Өйткені оның да жазушы шеберлігіне қатысы бар сияқты. Оралхан бірде-бір шығармасын жоспар жасап, ойлап отырып жазған емес. Ол тез жазатын, түзеп-күзеп те әуре-сарсаңға түспейтін. Бұл оның нағыз ақпа-төкпе талантының арқасы. Сондай-ақ, бұл – Бөкейұлының әр туындысын іштей толғатып, ойша пісіріп алып барып жазу үстеліне отыратындығы. Шығарманы жеңіл, жедел, жақсы жазуының құпиясы осы.

Бөкейұлының барлық шығармаларында кездесетін тұрақты тақырып, ортақ желі бар. Ол адам мен табиғат, олардың әлім-

сақтан туыстығын, тұтастығын жазушы тап басып тани біледі, сүйсіне суреттеп, жарқырата жазады. Оралханның көптің көкейіндегісін тап басып, айрықша сүйіспеншілігіне бөленуі, атының алыс елдерге танылуы да осынау шығармашылық шеберлігінің нәтижесі.

Шеберлік дегеннен шығады, Оралханның шығармашылық ерекшелігі жазушылық жолының жеңілдігі, оның нақ осы қасиетіне тікелей байланысты. Кешегі тоқырау жылдарында да мың сан оқырман көңілін қалдырмаған қаламгердің бірегейі де біздің Оралхан. Ол айтпақ ойын астарлап, жіңішке жолмен жеткізуге тырысып бақты. Соның өзінде сүрінген, ұсталып қалған кездері болды. Мысалы, оның «Зымырайды поездар» хикаяты бізде «жарамай» әуелі Мәскеуде, орыс тілінде жарық көрді. Өмірдің көлеңкелі жақтарын жазған деп бағаланып, жазғырылды. Шағын разьезде тұратын шалқар мінезді, тағдыры қилы адамдардың ойлары олақ, пікірлері теріс болып көрінсе керек.

Кезінде, «Құм мінезі» хикаяты шығып бара жатқан кітаптан алынып қалғанын да білеміз. Өйткені оның кейіпкері қайта құруды ертеректе бастаған қойшы. Мимырт тірлік, мехнатты ғұмыр кешіп жатқан қойшылардың мына жарық дүниедегі тұрмыс-күйін, ой-арман, мақсатын, өмір құбылыстарына көзқарасын бүркелемей, бұлайша ашық, анық жазу теріс деп түсіндірілсе не шара?! Ұраншылдыққа, айғайшылдыққа қарсы дауыс көтерген бұл хикаят шын мәнінде шыңғырған шыншылдығымен, қоғамның іріп-шіруінің қалтарыста жатқан құпия қатпарларын ашып айтуымен дара тұр. Ондағы жазушының әлеуметтік мәселелерді көтеруі бүтіндей бүгінгі күнмен үндесіп жатыр. Мұнда да, Оралханның өзге шығармаларындағыдай, көптеген кейіпкерлер қиындықта сыналады. Қарапайым ауыл адамдарының психологиясындағы буырқанған бұлқыныстарды жазушы дөп басып, шын шеберлікпен суреттеуімен сүйсінтеді. Нақ осындай шұрайлы шығармалардың ғана адамдардың жан-жүрегінің әсерлендіріп қана қоймай, олардың ой-санасына сіңіп, көңілін толқытып-толғандырып, болмыс-бітімін өзгертіп, өміріне рухани сілкініс жасайтыны әлімсақтан әйгілі. Көркем әдебиеттің құдыреттілігі де осында.

Оралхан қай шығармасында болмасын өзінің ары таза, жаны жомарт кейіпкерлерін тағдырлары тайталасқа түскен шешуші кезеңде көрсетуге шебер. Оның әңгіме, хикаяттарынан кең тыныс, еркін көсілісті сезесің. Оны оқыған сәтте күнделікті тіршілік күйбеңімен жүріп табиғат пен адамның бөле-жаруға болмайтын бірлік-тұтастығын, шын сұлулықтың сырын бүкіл болмысыңмен ұғынасың. Айталық, Оралхан «Қар қызында» өз кейіпкерлерінің-замандастарының көзсіз ерлігінің, табандылығының, мінез-құлықтарының әр алуан әрі тұлғаларының тұтастығының қайнар көзін соншалықты нәзік, жүрек қылын шертер сезімталдықпен баяндап береді. Ол осылайша өз кейіпкерлерінің тағдыры арқылы бүгінгі алмағайып замандағы жастардың орны мен қам-қарекетінің жалпыадамзаттық мән-маңызын ашып көрсетеді.

Жазушының өз кейіпкерлерін өмірдің қиын сәттерінде көрсетіп, сол сыннан қалай сүрінбей өткендігін көрсетуге құмарлығы да шығармашылығының айрықша ерекшелігі. Қажырлы, қайсар, мақсатына жетпей жаны тыншымайтын жазушы кейіпкерлері өмірмен қоян-қолтық араласып кетеді де, қалың оқырманды адал да арлы, табанды да сезімтал адамдар қатарында жүруге үндейді.

Оралханды өзге қаламдастарынан тағы бір ерекшелейтін тұсы – оның жаңа заманның жаңа сипатты адамдарының болмыс-бітімін өзінше өрнектеп, өзіндік көзқараспен қисынын тауып көрсетуге шеберлігі. Жазушы кейіпкерлерінің қазақы қалпын, мінезін баса көрсету арқылы көкейімізге қонымды, жанымызға жақын адамдармен қауыштырады.

Қаламгердің көптеген шығармаларынан жолығатын кісілер типтік кейіпкерлер галереясын құрайды. Олар бір-біріне мүлде ұқсамайтын, мінездері де, көзқарастары да, іс-әрекеттері де әр алуан адамдар. Өздері қалай өзгеше болса, тағдырлары да сан тарау. Жазушының ерекшелігі, өзіндік қолтаңбасы деген осы болар!

Жазушының тағы бір қыры – оның романтика мен реализмді шебер қиюластырып, оқырманның жан дүниесін байытатын, көңілінің қалауын табатын тамаша әдеби тәсілді шебер меңгергендігі. Бұл да Бөкейұлының бір өзіне ғана тән шығармашылық ерекшелік.

Оралханның көптеген әңгіме-новеллалары, хикаяттары – лирикалық-философиялық шығармалары: айталық, көп тілдерге тәржімаланған «Көрбұғы» әңгімесі өмірдің өткінші, алдамшы екенін, топ бастаған серкелік те, бойда күшін, қажыр-қайратың барда еленбес еркелік те, билік те, байлық та қолдың кірі екенін еске салатын санатты туынды. Ал оның тозып бара жатқан табиғат, азып бара жатқан адамдар туралы толғаныстарға толы «Бура» сынды шығармалары қаншама.

Жас кезінде жазылса да жадына жазылып қалатын «Арысын тосып әлі отыр», «Жесірлер» топтама әңгімелері ше? Бұл тақырыпқа, кешегі соғыс жылдарында ауылдарда ауыр бейнет кешкен әйелдер тағдырын жазуға араласпаған бірде-бір қаламгер жоқ. Солардың бәріне ұқсамай, өзіндік мәнермен жазу, әрине, Оралханға оңай болмаған-ақ шығар. Әйтсе де, ойы шалқар, қиялы ұшқыр, тілі шебер жазушы мұндай қиындықтың да ыңғайын тапқан. Мағрипа есімді келіншектің боздағы – Бозтайлағын сағына тосқан сәттерін жазушы қалай жан тебіренерлік сөздер тауып суреттеген десеңізші. Қарапайым қазақ әйелінің қасиетін ашатын айшықты, шынайы көркем шығарма бұл. Күйеуінің суретін серік етіп жүріп, шашы ағарған, санасы сарғайған Мағрипадай әйелден айналмайсың ба?!

«Жесірлер» топтамасы да тың ой, соны стильмен, айрықша шабытпен жазылған. Мұнда да өзінің қиын тағдырлы кейіпкерлерінің қайыспас қайсар мінездерін, кісілікті қылықтарын, арлы, адамгершілікті қасиеттерін қастерлеп, сөз түйінін бәріне де сен кінәлісің сор соғыс деп аяқтауы қандай сәтті шыққан.

Оралханның жазушы ретінде бәлкім, аса көп арманы да жоқ шығар. Неге десеңіз, оның жазғандары бұрқырап жарияланып жатты. Оның бірқатар әңгіме, хикаят, пьесалары орыс, араб, ағылшын, неміс, чех, эстон, украин, жапон тілдерінде шықты. Бұл оның есімі осы аталған елдерге – жат жұрттарға да жақсы таныс деген сөз. Бөкейұлының бірнеше кітаптары Мәскеудің «Молодая гвардия», «Советский писатель» (бұрынғы), «Художественная литература», «Прогресс» баспаларында жарияланғаны да белгілі. Орыс оқырмандары Оралханды «Дружба

народов», «Театр» журналдарында жарияланған шығармалары арқылы білетін. Қазақ қаламгерлерінің ішінен суырыла шығып, «Роман» газетінде жарияланып, «Халықтар достығы» жүйелігі бойынша кітабы жарық көрген де Оралхан еді ғой. Әдеби жұлделердің де талайын алды. Өз құрдастары ішінде қырық жасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алған да біздің Ораш болатын. Пьесалары астана, облыс театрларының сахнасынан түспей қойылып жатты. Шетел сахнасына шыққаны да бар. Орыс театрларында да қойылымдары болғаны белгілі. Міне, осының бәрі орта жасқа жаңа жеткен, мүшел жасында – 49-да мерт болған жазушы үшін аз шаруа ма?!

Бір мақалада Бөкейұлының бүкіл шығармаларын талдап, жазушының ұлт әдебиетіне қосқан ұлан-ғайыр рухани қазынасының сыры мен сымбатын жайып салу мүлде мүмкін де емес, міндет те емес. Сол себепті Оралханның соңғы кітабы – соңғы шығармасы «Атаукеремен» әңгімесін доғара тұрсам деймін. Жазушы бұл хикаятында осы бір отбасының тағдырын суреттеу арқылы бізге үлкен өмірдің, толғауы тоқсан тіршіліктің тағы бір тосын тұсын әңгімелеп, жаңа сипатты кейіпкерлермен кезіктіреді. Жапан даладағы жалғыз тауды мекендеп, ара өсірумен шұғылданып жүрген Ерік – тосын кейіпкер. Талай шығармадан талай дүниеқоңыз болып кеткен кісілердің образына ұшырасқанбыз. Алайда аярлықпен мал жинап, ар-ұятын дүниеге айырбастап азған адамның мұндай кейіпін кездестірмеген едік. Жазушы осы шығармасы арқылы табиғаттағы тепе-теңдік заңын бұзуға болмайтынын, не нәрсе-нің де өз табиғи қалпына ештеңе жетпейтінін жетемізге жеткізуге ұмтылады. Будандастыру арқылы жаңа бір ара ұясын өсіріп шығарған Ерік әрекетінің ақыры қайғылы оқиғамен – анасы мен өзінің өлімімен аяқталады. Жазушы осы түйін арқылы будандастыру – тегін бұзу ғана емес, араның яғни адамның, бүкіл болмыс-мінезін, тіршілік сипатын өзгерту екенін ескертеді. Ал бұл өмір сүру диалектикасына қарсы әрекет, қайшы, жасанды нәрсе. Бұл оқиға осы бір өмір шындығына оқырман көзін жеткізу мақсатында тілге тиек болған. Жазушы Еріктің ерекше безбүйректігі, кісіге жаны ашымайтын аяусыздығы екі

ұлттың қанынан, оның анасы орыс әйелі, жаралғандығынан емес пе екен деген ой тастап, оны Нюра кемпірдің монологі арқылы баяндап берген. Ақыр соңында Еріктің соншама арын сатып, жанын салып жинаған бар байлығы айдалада, итке жем болып қалады. Адамгершілігін жоғалтқан кейіпкер тағдыры осылай аяқталады. Ашы шындық теріс жолда жүрген кім-кімнің де көзін ашып, санасына сәуле түсіретіндей көркемдікпен кестеленген. Бұл өзі Оралханның қысқа ғұмырдың қызығы – дүние байлығы емес, жан байлығы деген тұжырымы, біздерге қалдырған өз өсиеті сияқты көрінеді маған.

Оралханның азаматтық тұлғасы, жазушылық жолы – қиын да қилы тағдыры туралы әлі талай сыр шертілер, мұң шағылар. Өзінің өмірдастанын, көркем шығармаларын қалың елі – қазағына арнаған, аманаттаған жазушының рухани өмірінің мәңгі жасайтынына өз басым сенімдімін. Әр адам елдің есінен шыққанша ғұмыр кешетіні рас болса, Оралхан атының қазақ тарихында қалары бір Аллаға аян.

Қуанышбай ҚҰРМАНҒАЛИ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.



ӨЗ ОТЫНДЫ ӨШІРМЕ

Роман

«Ерлік атаулының ішіндегі ең кереметі – еңбек ерлігі».

М. Горький

БІРІНШІ САЛА

Бүгінде:

...Сахараны дүр сілкіндіріп тағы бір поезд өтті. Сол поездың ішінде кімдер кетіп барады екен...

* * *

Түн ортасы ауғанша көз шырымын ала алмады. Осындайда кісінің есіне қай-қайдағы түсіп, анталаған ауыр ой кірпік ілдірмейтіні бар-ау. Әрі аунап, бері аунап екі жамбасы талғандай болған соң, бірер рет тысқа шығып келген. Ал, дала болса ол да баяғы – сол мінезімен жым-жырт сазара сұлап жатыр. Даланың жон арқасын дірілдетіп, тұяғы дүрсілдеп оқта-текте өтер поезд ғана сахараны мендеген өлі тыныштықты өктем үнімен жұдырықтап оятушы еді: кейінгі жылдары оған да – әлгі оқшау үнге де құлағы үйренгендей ме, сезімі сірнеленгендей ме – қытығы басылған айналайын дала қаперсіз ұйықтаушы еді; кейде жас балаша қыңқылдап оянғандай, сипалап анасының омырауын іздегендей болушы еді... Қысында боран, жазында сағым жортқан сайын үлкенді өзіне тән ерекшелігі – тым кең-мол пішілгендігі; тым-тым аңқау да адалдығы; қанша ғасырлық ұйқыдан дүр сілкініп оянды деп айдарымыздан жел ескенімен, әйтеуір бір есінетіп, мәңгірткен мең-зең халден құлан-таза арыла алмауыңда ма?.. Бағана ақшам жамырап, көз байланғанша анау қырдың басындағы бірі көне, бірі жаңа мазардың қасында жүрді күйбеңдеп. Өлі салынып бітпеген шағындауы – сонау аласапыран жылдары Дарханның жаңа өмір, жақсы тұрмыс құрамын деп, асығып жүріп айырылып

қалған сүйікті жарыныкі. Міне, жылдан асты – сол арманда кеткен адамына арнап зәулім мола тұрғыза бастаған... Ендігі қалған аз ба, көп пе ғұмырын осы игілікті іске арнамақ.

Өлген соң өлеңге қосқанның да, өлгеннен соңғы бақыттың да керегі жоғын біледі, бірақ Гүлияның рухы алдында бүкіл қазақ халқы қарыздар болса, соның өтеуін жалғыз өзі өтеуге кіріскен сыңайлы...

Дархан үшінші рет еңкендеп есік алдына шыққанда шілденің жиырмасында қорғалап қалған ай кетіп, қазан түбіндегі тоң майдай еріп, жаңа ғана оқшаулана берген. Әлде біреу ұрлап әкеткендей. Кеңгір жаққа жалт қарап еді, пұшырайған мола әне... орнында екен. Енді-енді ғана сүттен бастаған әлсіз нұрға қазқалпында жатыр. Қара барқын дүние алакөлеңкеге ұласып, ат төбеліндей ғана разъездің жиырма шақты үйі алашұбарланып, жұмсақ мұңға оранған күйі жусайды. Түн баласында мынау тоқал тамдардың қотыр-қотыр қабырғасы, әр үйдің күресінде ыбылысып жатар қоқыр-соқыр, әр үйдің іргесінде керіскендей қып қалап тастаған бұл ауылдың «жасауы» текше-текше қи, бәрі-бәрі жым-жылас, шабдар сәуленің қорасаны секілді, тек пошымы ғана сұлделенеді. Дарханның көзіне Құланды разъезі бұрынғыдан әлдеқайда сұлу, көркем көрінеді. Қырық-елу жыл өзгермеген, өскелең тартпаған ауылдың ендігі тірлігі тұманды, ертеңі көкмұнар сықылданатын. Қалбағалай шөлі, қасқалдақты көлі бар ұлан-ғайыр сахараның дәл ортасында озып та кетпей, қалып та қоймай қойторы тірлік кешіп жатқан Құланды әлемдегі бар жаңалық, жақсылық атаулыны арқалап тасыр күре жолдың үстінде отырса да, оқта-текте елегізіп, әлдекімді күткендей елендеп, ішқұса күйде жалғызсырары да бар еді. Кей күндері Дархан дәл қазіргідей қашаға сүйеніп, оңаша ойдың күзетінде тұрғанда «осы шойын жолдың тамыршысындай шағын ауыл – Құланды төрткүл дүниедегі толайым жақсылық пен жамандықтан құралақан қалып, дүбәрә тірлік кешіп жатқан жоқ па?» – деген азғырынды пиғылға барынқырайтын.

Тағы да Кеңгір жаққа қарады. Енді оның жылдар мүжіген мұнарасы айдың болымсыз сәулесіне шағылысқандай, сонадайдан жанарды жалай жалтыраған. Дарханның үш ұйықтаса түсіне кірмеген, тәуекелді іске бел будырған осы – Кеңгір батырдың төбесі көк, аяғы жер тіреген заңғар мазар-тын. Қартайып, қайғы ойлаған пенденің көңілін әр нәрсенің басын

шалып, қай-қайдағыны есіне түсірмей ме. Пенсияға шығып, шабысынан жаңылғандай болған Дархан паровоздың доңғалағы іспеттес тарс та тұрс өте шыққан өміріне ой көзімен қарап, таразыламаса – ұрлық өмір кешкендей тым жадау, тым жүдеу болып елестеген. Оны да қойшы, Алланың үйінде отырса да қашып құтыла алмас ажал бүгін болмаса бүрсігүні... әйтеуір бір күні есігін қаққандай болса – артында абыройы болып қалар несі бар еді?.. Жермен-жексен анау екі бөлмелі балшық үй қалады; бауы салақтап жалғыз құдық қалады; ал әлгі тоқал тамның бұрышында керосинмен жанатын көнетоз «копилка», әйелінің ендігі қалған жалғыз жасауы – тулаққа айналған алба-жұлба сырмақ жатыр. Сыртын жез сыммен шарбақтаған білте шам мен рельстің сынығын тексеретін айна – Дарханның өте шыққан өмірінің, куәгері ғана емес, темір жолдың ыстық-суығын бірге татқан жансерігі – бар шайлығы, бар байлығы. Ендеше, Құдай-ау, көзі жұмыла қалса артында не қалады?

Тағы да Кеңгір бабасының бейітіне қарады. Даланың сақшысындай менмұндаలాған тәкаппар моланың осы өңірдегі барлық заттан биік, ақыр аяғы разьездің ана жылғы салған мұнара құбырынан да еңселі, бар дүниенің үстінен үңіле менсінбей қарап тұр. Адам болған соң артына тым болмағанда зәредей игілікті іс қалдырмау қандай аянышты өлім еді. Баяғының «күнім өтіп барады» деп зар еңіреп жылайтын заржақ шалдары – осының бәрі-бәрін ой таразысынан өткізіп, арғы дүние мен бергі дүниені сабақтастыра, күннен бұрын бағамдаған-ау; тіпті, олардың өмірін қызыға, қызғана еске түсіруге болар.

Ол Кеңгір батырдың, моласына соншалық бір өкінішті мол уайыммен қарады да терең күрсінді. Жаңа осы әзірде ғана талмауыр тартқан Құландының тыныштығын бұзған поездың, тарсылдақ үні естілді. Түн қойнауынан суырыла шыққан жалғыз көзді жалмауыз сықылды ысылдап-пысылдап ұмтылған поездың тақылдаған тандайы Дарханның миына шеге боп қағылып, жүрегі лоблыды. Көзі қарауытып, басы айналды. Екі шекесін сығымдай ұстап шөке түсіп отыра кетті. Жолаушы поезы болуға керек, Құландыға тоқтамай оқша зулап өте шықты; тек есен-саумын дегені ме, айбат шеге екі рет қышқырды. Соңғы шамы жылтырап, Аякөзге қарай зымырап

бара жатты. Осы қалпында құйрығына шала байлап жіберген арғымаққа ұқсап құйын-перін мөңкіп жөнелген.

Төңіректі тағы да мызғулы күй жайлады. Қыбыр еткен пенде болмады. Жалғыз стрелочник қана үлкен пәледен құтылғандай үйшік-үйіне қайта кірді. Көрші үйдің әтеші шақырды, ол да еріншек тартып, ұялғаннан шақырғандай болды.

Есін енді ғана жиған Дарханның мұрнына ең әуелі көңісі келді... Кеңсірігін қытықтап, түшкірткен соң мен қайда жатырмын дегендей жан-жағына барлап қараған; басымен сүзе құлап, беті майда көңге кіріңкіреп қалыпты. Шынтағымен таяна әрең тұрып, жүрелей отырды. Соңғы жылдары өзін иектеп жүрген осы аурудың түбі алмай қоймасына иланды ма, көзін кіртите ашып, айналасына қимай қарады. «Моланы тездету керек, – деп ойлады. – Әйтпесе күнәлі болармын».

Еңкендей басып үйге қайта кірді. Жым-жырт. Адамды осы жым-жырт тыныштық қажытып, сескендіреді: сығырайған терезеден шалажансар туған айды, жасық нұры құлап, қоңыр салқындықпен сыздау тартқан бөлмені бозамық сәулеге бөлеп тұр. Шалқып кеп, шанағынан асып кеп сабасына қайта түскен тентек.

Өзеннің жуасындай, ойшыл мұңмен тыныстаған жұпыны тамнан жұлындай көтеріліп, түгін шыққаны болмаса, бұл да бір мола, жанға жат әрі суық тарта бастағалы қашан. Айналдырған жиырмадай үйдің өз тірлігі өзінде – Дархан шалды мүлдем ұмытқандай еді. Үйге еңкейіп кіріп, іргедегі ағаш төсекті сықырлата жатқанда есінен әлі де «моланың құрылысын түзету керек» деген ой шықпаған-ды. Осындай қаумалаған ойдан құтылып, талықсып барып таң алдында көзі ілінгені сол еді – таңдай тақылдап, Дарханның жаман үйін селкілдете тағы бір поезд өтті. Селк етіп оянған Дархан бұрышта қаңсып жатқан «коптилқасына» тұра ұмтылып бас салды, содан соң баяғыда пенсияға шығып кеткені есіне түсіп, қайта құлады бөстегіне. «Новосибирскіден келе жатқан товарняк қой» деді күбірлеп.

Жүк поезы сүт пісірімдей аялдады да боздап жолға шықты. Бірін-бірі жұлки тартып, сықырлаған вагон тізбегі ирелең қағып қаша жөнелді. Маңайды тағы да тыныштық биледі. Бағанағы еріншек кәрі қораз қайта шақырды, стрелочник үйшік-үйіне қайта кіріп, Дархан болса көзіне тығылған ұйқыны уқалап үркіте алмай қайта қалқыды.

Көне Түркістан-Сібір магистралінің өн бойын қуалай қонған көп разьездің бірі – Құланды ауылы тағы бір танды қарсы алды. Қазір рахат, бұрынғыдай сырнай тартылып, битар атылып жатқан жоқ.

Бейбіт те бейқам: ұйықтай бер, көбі автоматтандырылған. Қазір тамаша, поезды қол шаммен қарсы алып, жыланның тіліндей жіңішке рельс «ТИП-ША»-ның заманы емес, екі күннің бірінде айқай-шу болып, жатпайды. Иә, қазір тыныш... Бірақ осынау тыныштық, бейқам өмір Дарханның мазасын алып, жанын жегідей жеп бітті. Ол: «Неге соншалық тыныштық? Неге соншалық жаймашуақ ерке өмір? Неге көп ұйықтап, аз жұмыс істейтін болып барамыз? Неге... Неге?» – деген көп сауалдың жауабын таба алмай түн ұзағы, күн ұзағы басын қатырып сандалатын. Ауырғаннан бергі екі жылда ешкімді, еш нәрсені суканы сүймейтін, тіпті көрші үйдің әтеші шақырып, иті үрсе де мұның шамына тиетін болды. Ал, поездың тақ-тақ үні аза бойын қаза етіп, безгегі ұстағандай өз-өзінен дірілдеп-қалшылдап шошынатын мүшкіл халге жеткізді. Баяғыда осының бәрі, әсіресе поездың доңғалағы, бұған ән салып бара жатқандай әдемі әсерге жетелейтін.

Иә, баяғыда, поезд өтіп бара жатқанда бәрі де басқаша секілді еді; тіпті адамдар да: шаршамайтын, әйтеуір бір нәрсеге сенетін, ең бастысы нанның, еңбектің қадірін білуші еді.

Баяғыда Түркістан-Сібір темір жолы домбыраның қос шегі секілді тағылып, мынау жалпақ даланың ғасырлар бойғы қысталанып келген мұң-қайғысын, бүгінгі қуанышын, ертенгі бақытын күй қылып шерткен; баяғыда құлан жортқан түзде қан тамырындай тіршілік жүрегін соқтырған шойын жол бар жаңалық, барлық жаңа өмірді ала келді де, қазақтың кең-байтақ даласын үлкен әлеммен жалғастырған; сонда осы Дәкеңдер мыңдаған шақырымдық болат жолды қол қайламен-ақ салып берген. Рельстің жаңарып ауысқаны болмаса, жол – сол Дарханның салған жолы. Тұңғыш рет екі-үш вагон тіркеп паравоз келгенде осы Аякөз өңіріндегі елдің тайлы-тұяғы қалмай, атты-жаяулы шулап келіп еді; саба-саба қымыз құйылып, үйір-үйір жылқы сойылып, «қуанышын ұзағынан сүйдіргей» деп тілеу тілеген, жата қалып рельсті сүйген момын ел дүниенің, бар қызығын осынау ақ құйып қарсы алған шойын жолдан күтіп, күліп тұрып көзіне жас алған. «Жасасын шойын

жол! Жасасын Турксиб!» – деген. Иә, Турксиб шынында да жасады... Оның тірі куәгері Дархан шал әне қолына күрек-қайласын алып, қыр басындағы молаға беттеді.

Шағын ғана жұпыны разьездің таңғы тірлігі қыбырлап, осы Дарханның өзінен басталатын. Орнынан су шыққандай құлқын сәріден тұрып жөткірініп, қақырынып мазаны алатын жетім шалдың осыншалық құс ұйқылығы бейкүт елдің жынына тиетін-ай. Соғыс жылдары оның «Рачок-сырнайшы» деген лақап аты болушы еді. Ол атты қойған осы Құландының қырғын соғыста тамам еркегінен айырылған жесір қатындары. Кейін келе әбден еті үйреніп, бұл кісінің бар-жоғын мүлде ұмытқан; өзі тірі жүріп, әйелі екеуіне арнап мола тұрғыза бастаған былтырдан бергі қылығы ғана әлгі мазасыз қартты естеріне қайта салған. Рас, Құландыда Дархан атты шал бар, қырық жыл бойы поездың қауіпсіздігін сақтап, бір жерден табан тіремей обходчик болып істеген. Пенсияға шыққанына бес жыл, елу бес сом ақша алады. Әйелі өлген, баласын жоғалтып алған. Содан бері жалғыз тұрады. Былтырдан бері газет-жорналға хабарландыру жазып, балалар үйіне өткізіліп кеткен ұлын іздеп әуре боп жүр; қысқасы, Турксибтің қайлашы болып бастаған кәрі жұмысшыларының бірі хақында хикая...

Кеңгірдің жотасына шыққанда күн арқан бойы көтерілген. Шілденің ыстығы әлден күйдіре бастады. Кеңгір жотасы онша биік болмағанымен, басына жеткенше екі қара санды талдырып, кәдімгідей шаршатып тастайтын. Әсіресе, пайғамбар жасына келген Дархан үшін қиын. Құландының жері оншалық күдірлі емес, бөртегі де аз, көбінесе жазық келеді. Қыстыгүні мал-жанға пәлендей ығы жоқ, жалаңаш: бұл өңірден тіс шұқитын ағаш таба алмайсыз. Кеңгірдің арғы етегіндегі өзекше жылғаны бойлай жарыса біткен ұсақ тал бар. Жалғыз жота осы болған соң Кеңгір батырдың моласы салыныпты. Діл осы төбеге шыққанда шығыстан Егіз қызылдың мұнарлы шошағы көрінетін. Оның өзі барып-барып Тарбағатай жоталарына ұласып аржағы Алтайға асып кететін. Бірақ осыншалық жадаулығына қарамастан құйқалай, бұрынырақта аң-құс жер қайыстыра жосып жүреді екен. Тышқаннан: сасық күзен, суыр, қосаяқ, саркіш, ақкіш, майтышқандар болса; құстан: дуадақ, қара құда, шіл әлі де бірен-саран кездеседі.

Құландының күйісі шілдеден бастап кете бастайды. Күні кеше... көктемде ғана құлпырып, бой түзеген дүрия дала күз түспей ақтандақтанып, өз-өзінен жанып, аптабы бетті шарпып жататын; мамыр мен маусымда жайнап, жап-жасыл өңмен сәндене жайқалып тұрар талда; құм-сорасы, майсасыр мен шаянбунақтан кеспір етіп; сарғайып солып қурап біткен. Тек жер тағандана маталып өсетін қарамтау ғана төрт түлік малдың ендігі қорек етер азығына айналған. Күні кеше ғана емес пе еді, қырмызы-қызғалдағы өзгеше бір көркем сипатпен ырғалып, көздің жауын ала, белгісіз бір арманға, ұшпа қиялға шақырып, кәрі көңілдің жайлауындай толықсып тұрғаны. Ой, көктем еді ғой... көктем болатын. Ал, қазір жаз ортасы... Кеңсірігінді жыбырлататын қаңсық иіс келеді. Үп етіп жел тұрса болды кенезесі кепкен ақ бозаң жерден шаң көтеріліп, бүкіл әлем тозанға айналады. Әсіресе, соңғы жылдары айлап жаңбыр жаумай, берекені алатын ып-ыстық жел соғып, мына жердің қан-сөлін сорып ақтаңдаққа айналдырады. Құдықтың ащылау суына қараған адам еңсе көтеріп серпіле алмай үнемі төмен қарап, жүрелеп жүргендей жүдеу еді. Үй басына байлаған жалғыз биенің қымызын қысып ішіп, ала жаздай ақ дамбалмен көлеңкеде күн кешкен шалдардың адырайып-адырайып білеуленіп кеткен күре тамырларына, желсорған түк-түк арық жақтарына қарап кейде аяйсың. Олар осылайша шаруа тірлігі мен жұмысшылық кәсіпті селбестіріп дүбәрә ғұмыр кешер еді. Темір жол бойындағы жиырма шақты үйлі разъездің болмыс тіршілігі, күн-көріс тұрмысы жайлы ешкім бас қатырып ойламай, үстінен жайлы орын, салулы төсекте жатқан күлкітоқ жолаушылар анау сырты қотыр-қотыр тоқал там, анау мойны сорайған жалғыз құдық, жалғыз есек, жалаңаяқ, жалаңбас қарала-торала боп топырлап жүрген қазақ баласын көзше іле бермеуші еді. Көзге ілгеннің өзінде аса бір аяушылық сезіммен емес, таңсық көре тамсана, таңырқаумен ессіз қарайтын, есіней күлетін. Дала кең, жол ұзақ... Әр он-жиырма шақырымда қауіпсіздігін сақтар бір-бір разъезд; сол разъездің барлығында адамдар тұрады.

Кеңгірдің биігінде ойға қарап ойланып отырған Дархан туған жерінің келбетіне алғаш рет жаны ашып, жатырқай қараған. «Тәңірім-ау, қалай ғана шыдап келгем?»

Көз ұшынан... Айғыржал жақтан бұлдырап поезд көрінді... Ташкенттен шыққан «скорый» болар» деп ойлады. Бұдан соң орнынан лып етіп жеңіл тұрды да, Кеңгір батырдың моласын асықпай айналып шықты. Ол өзі мен әйеліне тұрғызар мүрдехананың құрылысына кірісер алдында «пісмилдасы» секілді міндетті түрде осынау зәулім ескі бейіттің мұнарасына ықтиятпен қарап алатын. Ескі тәсілмен салынған моланың сыртқы топырағы түсіп, әр жері мүжілгені болмаса қалған қабырғасы әзірше аман. Анау бір жылдары темір жол құрылысына кірпіш керек деп бұздырған Дарханның өзі еді... Кейін келе әрі өтіп, бері өткендер тізе бүгер қалтарыс ретінде пайдалана бастағанда ара түскен тағы да Дархан.

Күн көтеріле балшық езіп, кірпіш қалауға кіріскен шал қапшағай қимылдап біраздан соң тандайы кеуіп шөлдей бастаған. Моланың көлеңкесіне малдас құрып отырды да үйінен ала шыққан сусынын жұтты. Сусын дегенде қымыз емес, айранға шылаған қайнаған қылау су. Езуінен ағып, өңірін былғағанына қарамастан сыңғытып қатты ішті. Екі қары талып, белі тез үйі береді. Күн жеп кірлеген шыт көйлектің омырауын алқа-салқа ашты да, жуасып соққан самалға тосты. Ып-ыстық екен. Сосын шынтақпен қисайды. Шөкімдей бұлтсыз төбеден төнген аспанға қарап еді көкшііп тұр екен. Көкжиек мүлдем алыстап кеткен секілді. Дүниедегі бар тіршілік атаулы майып болған-ау: жым-жылас, тек әлгінде... көз ұшында бұлдыраған поезд ғана мұның қасынан бұлаң қағып өте берді. Ендігі мәурітте ауылдан шығып өзіне қарай аяңдаған жалғыз жаяуды көрді: «И-и, мына бейбақ тағы да мазамды алып, жұмысыма кедергі болады-ау».

Жалғыз жаяу жақындап келеді. Қолында дорбасы бар, басы дода-дода, желмен желпілдеген шашы бетін бүркейді. Екінші қолында ағарандаған жаулығын анда-санда айғай сап бұлғайды. Кімді шақырғаны беймәлім, әйтеуір тұра қалып озандайды. Дархан шапшандатып қарекетіне қайта кірісті. Өлгі әйел тура жанына келіп: «Уа, қақбас» дегенше жұмған аузын ашқан жоқ, есендеспеді де.

– Әй, қақпас, – деді дударбас әйел көзі қанталап. – Мола көбейсін, молаға көмер көбейсін. – Сосын өзі етегін желп еткізіп отыра қалды да ішін басып сықылықтап күлді-ай... Дархан назар аудармаған қалпы ләм-мим дей алмады, ұял-

ған тек тұрмастың кебін келтіріп, теріс қарап күйбеңдеп кірпіштерді қалай бастады. Күлкі тыйылды. Әлгі әйел кенеп дорбадан арағы жоқ шөлмекке құйылған қара суды шығарып өзі ала келген екі стаканға мөлдіретіп құйды. Сон соң бірін алып Дарханға ұсынды.

– Әй, қақпас, кел, сенің анау салып жатқан бейітіңнің төзірек бітуі үшін алып қоялық. – Дархан керең адамдай селт етпестен жұмысын істей берді. Күн шыжып тұр. Өн бойынан тер сорғалады, ол тіптен де ыстықтан терлеп тұрған жоқ еді...

– Әй, қақпас, – деді қызылкөз әйел, – ішпесең қой, сен баяғыдан-ақ татпаушы едің, шыққан мүйізің қане. Кел ендеше, «Қамбаржан, екеуміз тартып жіберейік», – деп кірпіш үстінде тұрған екінші стаканға сыдыр еткізіп соғыстырды да қылқылдатаып жұта жөнелді.

Дархан кірпіш қалауға бұрынғыдан да зор күшпен кіріскен. Дүнидегінің бәрін ұмытқандай. Ал, әйел «су-арақтың» қалғанын толтырып құйып алды да, «Кел, Қамбар, ішіп қояйық» деп иесіз стаканға соғыстырып тартып жіберді. Дархан көйлегін шешіп әбден сүңгілескен терді сығып тастап, қайта киді.

– Сен баяғыда осындай болатынсың, – деді әйел. – Маңайыңа жан жуытпайтын жанкешті ит едің. Көмусіз қалам ба деп шошығаннан өз көрінді өзің қазып жүрсің-ау (күлді).

Дарханнан жауап болмады.

Дарханнан жауап болмаған соң әйел «Кел, Қамбар, ішіп қоялық» деп судың қалғанын сарқып жұтып алды.

– Әй, қақпас, – деді есі енді ғана кіргендей жаулығын жөндеп тартып, етегін қағып нығыз жайғасты. – Үзеңгі бауынды сегіз қабаттан тағып, заманыңның болып тұрған шағында, ие, шиден оқ, шырпыдан жақ жасап ілдалдамен ғұмыр кешкен мен бейбақты менсіндің бе-ей... Енді міне...

– Қой енді! – деп жекіді Дархан жалт бұрылып. Көзінен шоқ ыршып түскендей болды. – Құтырсаң менен аулақ барып құтыр өзің!

Екеуі бірдей арбасқандай қадала қарасты. Екеуі бірдей жанарларына жас үйірді. Екеулері бірдей көзін төмен салды. Дархан балшық езуге қайта кіріскенде ғана барып әйел орнынан тұрып, етекте тойған қозыдай жусап жатқан Құландыға күн салып қарады. Жаулығын шешіп алып «Қамбар-ау, оу жаным, қайдасың?» – деп айғайлап шақырды. Бұл жерден әлдеқайда

алыста, бұдан отыз жыл бұрын болып өткен соғыстың жапан түздегі жаңғырығындай естілген үн Дарханның шемендене бастаған кәрі жүрегін тырнап өткендей... Алақанына шенгелдеп ұстаған балшықты сорғалатып, жаулығын бұлғап күйеуін шақырып тұрған әйелге аңтарыла қарады.

– Қамбар-а-у-у, жаным, қайдасың? – Жауап жоқ... Жауап орнына батыстан оқтай зулап келе жатқан поезд ғана боздап, Құландыға қарай жақындай берген.

Әйел орнына қайта келіп, шөлмектің түбіндегі суды сарқып стақанға құйды да: «Кел, Қамбар, ішіп қоялық», – деді. Дархан ауыр күрсінген күйі қолындағы балшықты моланың қабырғасына былш еткізіп ұрды. Барған сайын аптапқа ұласып, күйіп-жана бастаған күн көкшірейген аспаннан қарғып түскісі келгендей адамзатқа өштесіп тұр.

– Ішпедің ғой, ауырып жүрсің бе, Қамбаржан? – деді әйел жанындағы көзге көрінбейтін, мүмкін тек өзіне ғана көрінетін пірімен сөйлескендей. – Менің де соңғы кезде асқазаным қыжылдататынды шығарды. Баяғыдағы ортекедей ойнақтаған күн жоқ, Қамбар, жоқ келмесе кеткен. Келмесе менің денсаулығым ғана емес, сен де, Гүлия да кеткен, Қамбар. – Солқылдап жылады. Көз жасын жаулығының ұшымен сүртіп, өзіне-өзі тоқтау айтты.

– Қой, жылама, Дүрия. «Қамбарын» есен-сау келді ғой... Әттен кешоралдың. Соғыс біткелі отыз жыл өтті. Ал, сен кеше ғана келдің. Қайда жүрдің сонда? Тау едің... Қандай жүдеу, тозақтан шыққандайсың. (Әлдекімнің бетін сипалағандай болды.) Жүр, үйге қайтайық, мына қақпастан бәрі бір қайыр жоқ, қалсын осылай кубас боп...

Орнында отырған қалпы әлдекімге қолын ұсынды: «Қамбаржан, қолымнан тартып тұрғызшы, белім шойырылып қалыпты», – деді наздана күлімсіреп. Осы сәтте әйелдің жүзінде айтып жеткізгісіз әдемі шырай бар еді. Қанталаған жасты көз өзгеше бір нұр шашып, шынында да белгісіз біреу демеп жібергендей орнынан атып тұрып, етегін қақты.

– Рахмет, жаным, күшің әлі қайтпаған екен, – деді. Мола соғып аң-таң делдііп тұрған шалға қараған жоқ. Кеңгірдің кең-кеңінен шашы желбіреп, жанындағы әлдекімге еркелегендей асықпай аяндап бара жатты.

Тас төбеге тырмысқан күн от жалап, Дарханға жұмыс істетпеді. Терге әбден малшынған шыт көйлегін енді шешіп алды да сығып, бейіттің шетіне жая салды. Балшығы тобарсыған қабырғаға тыртыған арқасын тіреп шалжия отырды. Шалдың жарық көрмеген денесі аппақ қағаздай еді. Арса-арса етсіз қабырғасын қиындықсыз-ақ санап алуға болар. Қолтығының астындағы сүтке түскен қарандыздай қалы шал тақыр басын сипағанда көрініп-көрініп, қолын түсіргенде жасырына қалады. Орамалы ағараңдап ауылдың шетіне ілінген Дүрияның әлгіндегі қылығы есінен кетпей қайдағы-жайдағы ойға итерме-леген.

– Қайран Дүрия сұлу, – деді күбірлеп. – Қор болғаның осы да. Баяғыда қалай еді... баяғыда... баяғыда:

...Жаз еді, жайлау еді.

Елге келгелі Дарханға ептеп шыр біте бастап еді. Су сорып, көгіс тартқан өне бойы жарықтық жайлаудың салқын самал, саумал қымызын ішкелі бері сергігендей, қыстан қылдырықтай болып тарамасына ілініп әрең шыққан арық-тұрақ малмен бірге көкке аунап-құнап құлпырып шыға келген. Ел іші әлі де берекесінен айрылмаған алтын бесік күйінде екен: ер-азамат, алыстан ат терлетіп келер жолаушы, құдайы қонақ атаулыны қойын сойып, қолын құсырып құрмет тұтар дәстүрі үзілмепті; Дарханды әке-шешеден тірідей айрылған, ағайынсыз адасқан қаз санамай, барын аузына тосты, базарлы күндеріне қызғаныш жасаған жоқ. Жүдеп-жадаған, өзгеден теперіш көріп, басына тағдырдың құрығы тиген өзекті жанның сауға тілеп, пана тұтып елге кашары, басқа-басқа қазақтың ұлттық ерекшелігі сықылданатын. Ұзақ та ауыр жүрістен шаршап, зорыққан жылқыдай әбден сілікпесі шыққан Дархан аталас ағайынның осындай іштартар пейіліне риза, масаң көруші еді. Өзінің осындай береке, ырыс дарыған кеңқолтық, ыстық құшақ айналайын жұртынан безіп, ит өлген жер – Семейге қаңғып, кәсіп қуып кеткен, осы жамағаттың есігіне ергенек, қазанына қақпақ болмаса да, елде бардың ерні қимылдайды деп, отымен кіріп күлімен шығып жүре бермегеніне өкінгендей-тін. Қалаға барды, не тапты? Тепсе темір үзетін атан жілік айналдырған аз жылдың ішінде аш аруаққа айналды. Енді міне, екі бетіне қан, жілігіне май жүгіріп бұрынғы төртпақ дене қайтадан жұмырланып, екі

білегі баяғыша оқтаулана бастаған. Сүйегі ірі адамның азғаны біртүрлі көзге оғаш, қызық көрінеді екен.

Дархан Ертіс үстіне көпір салу жұмысын аяқтап, арбаға мініп ауылға келгенде ұрт еті суалған, жақ сүйегі шодырайып шығып, бүкіл дене карағайдың бұтағы секілді адырайған, білеу-білеу көк тамырдан өзге қырым еті жоқ үкі кез, қатпа жігітті ешкім танымап еді. Ағайындықтан гөрі жанашырлығы басым туған ауылы тізгін ұшынан іліп алып, кезек-кезек қонаққа шақырып, қыстан қалған сүріні қажалатпай, бір-бір малын сойып жас сорпа ішкізді. Арамза туып, көкке ауызы іліне марқая жадырап шыға келген бағланның үгілмелі сырбаз еті мен балдай тәтті сорпасы – жақсы тамақ ішсе қараңғыға қамаған қаздай жылдам семіретін қазақтың, баяғы, жұмыр жон күйін қайтарып өзіне беріп еді... Бірақ... қаншалықты ерке, сыйлымын деп бұлданғанымен қонақ – қырық күнге ғана қонақ, онда да тек қазақтар үшін. Шынтуайтқа келгенде сый-құрметтің өзі де өмірдің өзі секілді өлшеулі ғой, Дархан қадірінің барында қалаға қайтып кетуді де есінен шығармай жүрген.

Тарбағатайда бірге туған ағайыны жоқ, тек рулас, аталас деген бес-алты үй болмаса, қалғандары түгел анау апалас-төпелес уақытта арғы бетке ауып кеткен екен. Осынау Малтыкөл деп аталар жұртта емшегі үзілер ешкімі болмағанына уайым қылып, қапаланбаған. Қиыр жайлап, шет қонып жүрген қалың елдің қайсы бірінде де бірер қонар жолаушысын жатсынар оғаш мінезі болған емес; десек те, пұлын өткізіп қойғандай тісін шұқып қикайып жата беру қадірімен қонақтың өзіне сын екені тағы рас. «Шырағым, егінімді орып, шөбімді шауып келген жоқсың, жөніңді тап» деп ажырайса да Дарханның өкпе сайлауға құқы жоқ-ты. Ондай, әлгіндей, бөтен ауылдың тайлағы санар салқындық білінгеннің өзінде, торсандап, торы атына міне шабар бұл елдің тұлға тұтар сал-серісі емес, жұртта қалған жетім күшік секілді иесіз, жападан-жалғыз – өте жалғыз еді. Жалғыздықты Құдайдан кім тілеп алар. Мынау аз аталы Малтыкөлдің ішінде сілкіп салар сырмағы, шек деп қайыралы жоқ сіңірі шыққан кедей осы Дарханның әкесі еді. Майды майға құйып, жал-жаяны кертіп, қазы-қартаны жонып жеп отырған өзге жұрт атпен шапқанда мұның жалғыз атты әкесі босқа шауып, арғы бетке өте шыққан екен. Әкесінің ет жақын

деген ағайынның бірде-біреуін қалдырмай сыпырып-сиырып арғы бет асып көшіп кеткенін келімді-кетімді кісілердің аузынан естіген. Естісе де дүрмекке еріп дүркіреген ағайынның артынан тура қуған жоқ; «қара басымды қаңғыртып жұртқа жалғыз тастап кетті-ау» деп уайым білдіріп, ренжімеді ме. Содан бері аттай зулап бес жыл өткен, бірақ ол бұл елге қайтіп ат ізін салмаған; қысастықпен емес, тіпті шаш-етек шаруадан қолы тимеген-ді. Енді міне, үйірінен адасқан жылқыдай қайтып оралды. Оралса: ауған жұрттан басқа бөтен жаңалық таба алмады, тіпті олардың лаңы саябырсып, мүлдем ұмытылғандай... Тәңірім-ау, бәрі де баяғыдай: байы – бай, кедейі – кедей, жер сала келген жаңа заман қаладан далаға жете алмай жол ортада шаршап қалған секілді. Семейде көрген көп-көп белгі-нышандардың бірде-біреуі жоқ, бәз-баяғы қалпы. Дархан жағасын ұстап таң қалды – таңдайын қағып та қалды. Мынау сайын далаға революция дүмпуі жеткеніне он жылдан асты: ақ отауының ішінде шырт түкіріп, дөнен иттей кергіп Омар бай отыр; қырық жылдан бері қыдырудан қолы тимей келе жатқан аларман-шабарман Оспан жүр өтірікті судай сапырып: анау Омар байдың туған інісі де эне, төрт түлігін алдына салып айдап қыр асып барады. Соншалық бір кәперсіздік. Жаңа заман келіп, осы ауылға ауылнай болып сайланған. Оспан бәрібір күндіз-түні Омар байдың үйінен шықпауды жазған. Қашан көрсеңіз де осы жаңа ғана қымыз ішіп, ет жеген жаялықтай аузын сүртіп сумандап, сол байкеңнің ақ отауынан шығып келе жатады. Ал, анау Тарбағатайдың өр басында отырған, бір басына он сегіз мың жылқы біткен қаракерей Көкебайдың да қылшығы қисаймапты деген сөз бар. Сонда қалай өзі?..

Дархан бүгін ерте тұрған. Жайлаудың жаздайғы мол-мол қызығы, үлкен бір құмарлықтан шаршағандай саябырсып, ептеп ересек тартқандай қоңырқай пішінмен бой суытқан. Жез табақ күннің маңдайы тарбайып жатқан Тарбаған жотасынан қылт етіп көрінді де, мінсіз аспандағы мәңгілік даңғыл жолына асығыс көтеріле берді. Тамыз айы орталап, көп кешікпей келер күздің қадау-қадау нышаны бұта қараған, күнгей беттегі шалғын шөптің әр-әр тұсына сарғылттана көбелектей қонақтапты. Биылғы жаз жаңбырға сарандық жасады. Уағына жетпей күреңденіп, жасыл шапанын тез орап алған Тарбағатай сілемдері сайлау, шұқанақ ойпаттарына ең қымбаттысын –

бар қызығы, бар қуанышын сырт көзден қызғанып жасырып тастағандай. Жайлаудың жасаңын қуалаған ауыл қырдан құлап осы жылға, сайды өрлей қаздай тізіліп отыр. Дархан ең әуелі осыны байқады: енді біраз күнде мынау өзекті бойлап, бой тасалап қонған ел ала жаздайғы келтелеу қызығын жинап-теріп түйеге теңдеп алып, етекке – ойға қарай қопарыла көшерін сезген. Жайлаудағы аз күндік ойын-той, алаңсыз тірлік қайрылмасқа кетіп, бұл өмірдің сәні де, салтанаты да – ойыны біткен бос сахнаға айналады. Осына шаншуланып өскен ағаш, ұйысқан тал, бұта-қарағаны бар кезектің созыла түсіп, таңғы тыныштыққа бой ұсына моп-момақан мүлгуі – мына қозы-лағы маңырап, түйесі боздап, тай-құлыны тебіскен елдің жаз бойғы тепкісінен шаршап тартқан денесін ауырсынуы емес, жо-жоқ, олай емес, осы қызықтың өзінен мәңгілікке айрылып қалам ба деген сезікті әрі секемшіл ішқұсалық бардай.

Дарханның көңілі өзгеше мұңға беріліп, денесі өз-өзінен талмау тартты. Таңғы таза ауа да, жаңадан ыңырана көтеріліп келе жатқан күн шапағы да, бозала таңнан шырылдаған бозторғай үні мен шөп басына мөлдірей қонып жаудыраған шық моншақтар да жүдеу тартқан жүзін шырайландыра алған жоқ. Неге екені белгісіз, жүрегі сазды. Құлқын сәріде әрі аунап, бері аунап тіптен ұйықтай алмайтын болған соң орнынан атып тұрып кеткен де, ашқарыннан бір аяқ қымыз ішкен еді – қазіргі мазасыздығын содан көрді. Ұйқысынан қыбыр-жыбыр ояна бастаған ауылды етекке қалдырып төбе басына шықты.

Төбенің басынан сонау етекте жатқан ауылға қарағаныңда Жетіқарақшыдай шөміштене созылған киіз үйлер қазір тым айқын: кімнің кедей, кімнің бай екенін еркін ажыратып алар ажармен оқшауланады. Тасбұлақ деп аталар жылғалы өзектің өңіріндегі жағалай тігілген киіз үйлер осы төбеден – биіктен қараған көзге жағасына тана таққан қыздардың кеудесі іспетті әдемі көрініс беретін. Әсіресе, түн баласында тұрып қарасаңыз, жер ошақтағы оты жылт-жылт еткен үйлердің ақ отауы қайсы, қараша лашығы қайсы, ажыратуы қиын пошыммен жұлдызша жымыңдаушы еді; бір-бірімен таласа ойнақы қылықпен көз қысатын; белгісіздеу бір үмітпен, белгісіздеу бір жаққа ымдап шақырғандай. Ең жайлаудың сән-салтанаты әлі де болса бойында, дәл баяғыдай болмағанмен бала кездегі секілді думанға толы қызық, алаңсыз шаттыққа кенелген күйін көрген

Дархан ішінен нәзік бір сәуле жүгіріп, қуанған. Торқа киген шонжарлары да, шоқпыт киген шаруасы да бәз қалпында сықылдағанымен ертегідей бақырған байды, кемсінген кедейді көрген жоқ. Түнгі сауыққа саяқ тартып, тек сонадайдан телміре қарайтын жалғыз атты жігіттер жастар ойынының басы-қасында бел шешіп, білек түріп өздері жүр екен. Қайта ірі ақ сүйек үйдің ұл-қыздары алтыбақан басына қымсына-қымсына жақындайды. Не дегенмен де ежелгі оजारлық жоқ, мінездерінен жасқаншақтық байқалғандай. Заманның айналдырған аз жылда ат құйрығын теріске салып кеткеніне қайран қалған Дархан жаңа өкіметтің жайлаудағы жайы дәл қаладағыдай емес, қанатын кең жая алмағанын және аңғарған.

Төбе басынан шығып келе жатқан күнмен таласып отырған жігіт түндегі алтыбақан басындағы ойын-сауықты, наз күлкіні тағы да есіне алып, өз-өзінен жымыды. Теңгедей бұлтсыз түнгі аспан дәл төбеден соншалық мол сабырмен төніп тұр еді. Сол жұлдыздан моншақ тағынған саршатамыздың барқыт түннің төсіндегі әлгі сансыз жұлдыздар елбіреп, мәңгі қуақылығымен әлсіз бірақ аса қуатты сәуле шашар кірпікті жанарымен жаудырай елжіреп қараған; үлкен әңгіме, ұзақ ертегі тындағысы келгендей тың тындап, момақан жатқан жер жарықтық толып, әбден кемеліне келіп барып кеспірі кете бастаған айдын аспаннан саулаған нұрын еміп, көз жұма, көңілі балқи жусап жатыр. Жусаған жердің бейбіт те еркін тынысы, баяулаған жүрек соғысы – әлдебір қасіретті халді, сойқанды шайқасты іші сезе сазарып, зор шыдаммен тосқандай, не болмаса сол қанды қырғыннан шаршап келіп жығылып, көз шырымын алған батырдай ма-ау... иә, көз шырымын алғандай-ау... алғандай. Жер-ана расында да баласын емізген анадай иіп, бой-бойы балбырап мызғыған; самалды лепке – бейіштен соққан райыс желіндей самалға оранып түс көргендей түшіркене қалғыған. Жиегін тал көмкерген, бір созылып, бір иіріліп аққан өзеннің түнгі үні еркін: тандайын қаға тамсанып, осы елдің барша кәрі-жасына тақпақ айтып тақылдап жатқандай-ды. Осы тоғайлы өзектің көк майсалы, мал тұяғы аз тиген алаңқайына лаулата от жағып, серейтіп алтыбақан күрған; ай астындағы алтыбақан дәл осы қалпы мынау... бүгін болмаса ертең иесіздікке айнарлар кең өріс, бейбіт қоныстан аттап-бұттап қашып бара жатқан сырықтай ұзын сирақтар сынды.

Бүгін алтыбақан қызығын қыздырып жүрген Қамбар деген жігіт – Дарханның құрдасы, асық ойнап атысып, бір төсекте жатысыпөскен баладосы. Туу, итарқасықиян шаһардан шаршап-шалдығып келгенде, екі туып, бір қалғаны жоқ, осы Қамбарды қара тұтып келген. Обалы кәні, міне айдан асты, досының жан шатырашы өз үйі, өлең төсегіндей болып төрін босатқан жоқ, барын аузына тосты. Әйтеуір қырық күн ішінде ойдан орып, қырдан қырып, жоғын жонса да тауып, қарнын аш қылған емес. Мойыны ырғайдай болып, қу жанын сүйреп қаладан әрең келген Дарханға ептеп ет бітсе, осы ізгі көңіл, кең пейілден тараған мол шуақтың шапағаты еді. Кейін қызойнақ жасап, мұқым ауылдың тамам жастарын тайлы-тұяғын қалдырмай дүрліктіріп, қойдай иіріп алтыбақан басына айдап әкелгендегі ойы – тағы да Дарханның көбен тартқан көңілін көтеру, қоламталанып сөнуге айналған үміт отын үрлеп тұтандыру ниеті-тін. Ол, әлгі сөнуге айналған от не? Арманшыл азаматтың үмітке толы алғы күндерінен күдер үзуі ме; әлде бұрынғыдан да, бүгінгіге де немқұрайлы қарап, ешкімге, еш нәрсеге сенбеуден туған ішкі бір ұлы бұлқыныстың қанағатсыз да қағылез мінез көрсетуі шығар. Адам баласының, әсіресе, жас шағында мынау жалпақ жаһанға тоятсыз сезіммен қарауы, дүниедегі ең ауыр, ең сұмырай қиындықты тілек етіп, поруана көбелектей шыр айналып, шырғалап шықпауы неден екен? Дарханды қалаға сүйреп апарған ешкім жоқ, кәсіп іздеп қаңғырып кеткен өзі еді. Енді, міне, сол ақсап кеткен жағынан өлімтігін сүйретіп әрең-әрең қашып келіп отыр. Келсе... Дархан мен Қамбардың әкешесі алыстан қосышар ағайын, алыстап кетсе сағынатын, жақындаса қағышатын қарға тамырлы қазақтың бірінен ғана. Туыстықтан гөрі тағдырластық табыстырып, бірге көшіп, бірге қонып, жұбын жазбай қонсылас ғұмыр кешкен. Осы екі үй Омар байдың қазан көтерер тұтқышы секілді еді. Ғұмыр бойы отымен кіріп, күлімен шықты; ал, ел ала тайдай бүлініп, ақтар қашып, қызылдар қуып дүрлігіп жатқанда мыңғырған малы бар Омар да, сіңірі шыққан кедей Қамбардың үй-іші де тырп етпей жұртында қалып, тек Дарханның жалғыз атты әкесі арғы бетке жалғыз-ақ түнде ауып кетуі кісі күлерліктей иланымсыз жағдай еді. Неге? Әзірше жұмбақ. Бүкіл малтыкөл руы болып таңқалған оқыс оқиға. Анау бір күні Қамбар аш қарынға ішкен қымызға қызыңқырап отырып, осы жұмбақтың ұшығын

аңғартқандай еді. Досының жауар бұлттай түнерген қасқабағына қарады да әңгімесінің желісін басқа жаққа бұрып өкеткен.

Алтыбақан басы қызықты болды. Көрші іргелес ауылдың жастары да бір-бір атқа мініп, баяғының сал-серілеріндей бұлғақтап келіп қосылған. Түн даласында аспандағы айға тілін жалақтата созып лаулаған отты қоғамдай шулаған қыз-жігіттер шырқалған ән, сыңғырлаған күлкі, күбір-сыбыр әңгіме – бәрі-бәрі өз жарасымымен жаныңа шырақ жаққандай. Алтыбақанның бүгінгі сән-салтанаты ерекше жарасыммен, бұған дейінгі – жаздайғы думанды күндер мен дуасы мол түндердің ең ақырғы шырқап салар әніндей әрі мұңлы, әрі қуанышты, еркіндікті, еркін күліп-ойнауды аңсап шөліркеген көңілдің қайтып көре алмас қызығын соңғы рет тамашалап қалуға таласа-тармаса ұмтылғаны ма; бәлкім, шымқай жасыңданған жұмыр жайлаудың тамыз тұсы күренденіп, көп кешікпей келер күзге ұласар қоңыр мезгілін табиғатпен бірге еріккен ұл, қылықты қыздың да іші сезіп елендеп, өлім алдындағы ала-құйын сандырақ сәттей мәңгіріп күй кешуі ме, жастар мінезінде түсініксіздеу, уа ессіздеу еркелік бар. Жеңсік таппай желіккен көңілдің айдарынан жел есіп, көз көріп, құлақ естімеген ерлікті аңсағандай бөрлігіп жетіседі. Күні кешегі бұйығы дала, ақ пен қара секілді тең екіге бөлініп, халықты қанқақсатып келген екі бөлек тірлік, бір-бірін атып-шапқан, буындырып-бауыздаған қаныпезер жылдар – бәрі-бәрі саябырсып, үлкен бір сабырға ұласқандай. Келте болса да келісімді жарасым, жылқышының жусағанындай бейбіт қаперсіздік бар. Осынау тыныштықты, осы берекелі түнді аңсап, дүниені жайлаған даңғаза шу, атыс-шабыстан зэрезеп болған жас жүректің бір сәт дамыл тауып, алтыбақан басынан пана іздегені сынды еді. Бүгінгі кеште көңіл мастығына берілмеген, жаны жадырап, жүйке-жүйесі босамаған адам кемде-кем шығар-ау. Енді қайтіп әбігер-машақаты, әуре-сарсаңы індеткен мазасыз күндер мен ұры түндер қайтып келмейтіндей елірер еді. Елірмегенде қайтсін...

Алтыбақан басында кежегесі кейін тартып, еріне басып Дархан да жақындаған еді, Омарбайдың егіз қызын көріп қуанып қалды. Бағана Қамбар ку: – Омардың екі қызын да шақырдым, «әке-шешеміз жібермейді» деп қикандап еді, комсомолдық

жолмен шақырып тұрмын, они не имеет право жібермеуге, – деп зекідім деген. Расында да Қамбардың құқайынан сескенген шығар, барын киіп, бақанын қолына алып дегендей, бұлар да қаздай тізіліп келіп қалды әне. Екеуі бірдей болып киінген, бойлары да тең, алыстан қараған адам ажырата алмас ұқсастық бар; екеуінің үстінде де қос етек көйлек, кеудесі тар қынама бел камзол, бастарында үкісі үлпілдеген қатипа тақия; екеуінің құлағында үзбелі сырға; әсіресе, ақ ләйлөктен ісмер қол тіккен ұзын етек көйлектің жеңінің ұшы мен жағасына қатпарланған әдемі желбір салынған. Белі бүрмеленген жұқа көйлек ішіндегі егіз қыз қос аққу секілді мамырлай, жүріп емес, жүзіп келе жатқандай, топқа имене жақындады.

Әуелде өз көзіне өзі сенбеген Дархан аспаннан адам жауғандай селтиіп тұрып қалған. Сенбеген себебі—осыдан бес-алты-ақ жыл бұрын он екі, он үш жасар, тұлымы желпілдеп, шашбауы сылдырлаған Дүрия мен Гүлия, енді міне, атты кісі түсіп, жаяу кісі жатып қарайтын сұлу қыз болып бойжетіп үлгерген екен. Уақыт шіркіннің осыншалық тез өтерін Дархан енді ғана бағамданғандай еді... Енді ғана... Елге келгеннен бері бай үйінің маңқайған пошымын ғана көргені болмаса әлдекімдердей өтірік сәлем бергенсіп, қымыз дәметіп сұғанақтана қойған жоқ-ты. Ал, Омардың егіз қызы да әке зілінен қорқа ма, үйлерінен көп ұзап шықпайтын. Бүгін тек Қамбардың пысықтығы арқасында ғана амалсыздан сауық кешке келген секілді.

«Сұлу болып өскен екен» деп ойлады Дархан ішінен. Өзі үйме-жүйме топқа араласа қоймай шеткерірек тұр еді. Қаздай қалқып, бипаздай басып келе жатқан қос қызды бірінші болып көрді. Ай сәулесі аймалаған беттері жарқырап, бұрынғысынан да нұрлана түскендей; көктегі жұлдыз аспанның от көздері болса, Дүрия мен Гүлия жердің қос жанары-сынды жарқырап, адам баласының сұлу болмысын, құдіретті күшін танытып табиғат иеміздің ең бір аяулы баласы екенін айғақтағандай аймен, жұлдызбен таласа нұрланады. Қапелімде, иә оларды алғаш көргенде есінен ауғандай мең-зең тұрып қалған Дархан қыздардың қылымси берген сәлемін алған жоқ. Күн сәулесі түсіп, шағылыса жалтыраған шыныға қарағандай көзі қарығып, басын төмен салды. Мұнысы ынжықтық, не болмаса байдың ерке қыздарынан қымсынып ұялуы емес, жо-жоқ, талассыз

сұлулықты мүлдем мойындап бас июі, сол сұлулыққа тағзым етуі...

«Сайтандар-ай, шешесіне тартқан екен» – деді, әрине, ішінен. Қамбар үшін бәрібір секілді. Күнде қойнына қолын салып жүрген бозбаладай-ақ тарқылдап күліп, тайраңдай басып келді де, екеуінің де қолтығынан алды. Аузы жабылар емес.

– Қош келдіңіздер, қос аққу, – деп алтыбақанға қарай сүйреледі. Ептеп именіп, ұяла шегіншектеп еді, қоярда-қоймай жөнелдегіп қолтықтай жөнелді. Досының ебедейсіз қылығы Дарханға ә, дегенде ұнамады. Қайта жаңа ғана үп еткен самалдай қызғана сезім-түйсігімен аялап тұрған қимасын жұмалап әлдебір аждаһа жеп жатқандай шошына қорыққан. Ол жан жолдасы Қамбарды тұңғыш рет жек көрді...

– Ей, пролетариат, – деп дауыстады Қамбар білегіндегі қамшысын сарт еткізіп. – Не қып суырдың айғырындай секиіп қалдың. Жаныңның барында жақында бермен.

Бұдан әрі саяқтаудың реті жоғын білген Дархан артынан әлдекім итергендей боп от басына тақалды. Шаршы топтың ортасында өртекедей ойнақтап, тірі жанға бермей, алтыбақанның бүкіл тізгінін өзі алған Қамбар Гүлия мен Дүрияны сол жетелеген қалпы ызу-шудың ішіне араластырып жіберген. Енді құстай ұшып келді де ебедейсіздеу, мынау өзі жоқта қаулап өсіп кеткен жастарды жатырқағандай болып тұрған Дарханның қолынан алып балаша дедектете жөнелді. Досының аусар қылығына шамданған жоқ, мұрнын тескен тайлақтай елпілдеп ере берген.

– Оу, Гүлия, – деді Қамбар, – кел, ағаңмен алтыбақан теп. – Бұдан соң өзі аспанға шырқай ұшып тербетілген қыз бен жігітті сап беріп шапшаң ұстап тоқтатып алып, – Құмардан шықсандар алтыбақанды босатындар, – деп зекіді.

Гүлия жұмсақ басып келді де, сол төмен қараған күйі алтыбақанға отырды.

– Сен келесі басына жайғас, – деді Қамбар Дарханға. – Бұл қыз сені жеп қоймайды. Күні кеше ғана ашық-шашық жүгіріп ойнап жүрген бүлдіршіндей бала. Ал тербеттік, мықтап ұстандар. Бір, екі, үш...

– Байдың қызын соншалық әспенсіткені несі... – деген күңкілдер естіліп қалды.

– Әй, тыныш қана тұрыңдар, – деп одыраңдады Қамбар. Содан соң қолындағы қамшысын сарт еткізді де: – Бай болса, әкесі бай, қыздарының жазығы не, – деді.

Баяулап басталып ырғатыла-ырғатыла әуелеп бара жатқандарын алғашында қалт жібермей қадағалап-ақ еді Дархан. Ал дегенде айға қарсы отырған Гүлияның аппақ жүзін, тіпті ай сәулесі түсіп жалт-жұлт еткен жанарына шейін нұрлана толқығанын, аққудың көгілдіріндей болып қарсы алдында қонып отырған арудың жүрегі бір ысып, бір суығанына дейін сезіп, байқағандай. Аспанның алқара төсіне кезекпе-кезек лақтырылғанда қауырсындай қалықтаған Гүлия оқыс болып кетер ме деп шошынған. Бірақ қыз өзінен әрі мықты әрі мығым отырғанын аңдап, ұшпа көңілдің құмарлығында малтып рахаттанып еді. Енді дүниенің бәрі дөңгеленіп, шыр айналып жүре берді. Аспанға қарады: сап түзеген сансыз жұлдыздар жерошақтан атылған оттай ыршып-ыршып, орындарын ауыстырып балалық қылықпен асыр салып ойнағандай болды. Жерге қарап еді: анау лапылдай жанған жалын өздерімен қоса еріп оңды-солды тербетіледі. Кейде қара-барқынданған жер аунап түсіп аспанмен ауысып қалатын секілді; осылайша аспаны – жерге, жері – аспанға айналып шат-шадыман сезімде отырған Дархан бүгінгі айлы түн, бүгінгі алтыбақанның мәңгілік ғұмырын сұрады, жалбарына сұрады тәңірден. Қарсы алдына қарады: қауырсындай ағарандаған қыз алтыбақан екпінімен біресе астына түседі, біресе үстіне шығып, ұшып-қонып Дарханға ешқашан да ұстатпайтын көбелектей өзгеше қылық көрсетеді. Секіріп аспанға, секіріп жерге түскен от басындағы жастар жым-жылас жер жұтқандай жоқ, тек Дархан мен Гүлия ғана ақ қанатты періштедей көк төсінде қалықтайды. Енді екеуі де – алғашында бір-бірін тосырқаған қыз бен жігіт те тоқтамай, осылайша мәңгі тербетіліп өтуін тіледі.

Тоқтады. Расында тоқтатып тастады. Жұлдыздар ұшып аспанға қайта қонақтады, бұлар қарғып жерге түсті. Бәрі бәз-баяғы орнында. Әлгінде ғана тайдай тулап, құлын болып кісінеген жүректері сусып, суынып барып ол да жерге құлаған. Ендігі сәтте әлгінде ғана өздері құс болып ұшқан көк тәңірісінде Дүрия мен Қамбар қалықтап, әлгінде ғана өздері еншілеген бақытқа басқалар патшалық жасаған-ды. Бірақ Дархан оған өкінген жоқ. Өз жанынан әлі де ұзап кете қоймай, анау

алтыбақан аспандата лақтырған сындарын тағатсыз тосып, тықыршыған қыздан қуат алғандай жүрегі тағы да тарсылдап ала жөнелген.

«Құдай-ау, күні кеше ғана қаршадай қыз емес пе еді. Енді міне ай мен күндей жарқырап, тотықұстай таранып иықтас тұрғаны. Шынымен-ақ, – деп ойлады, – шынымен-ақ Омардың ерке қызына ғашық болып қалғаным ба?»

Гүлияның көңілінде де алай-дүлей дауыл басталған. Осынау алай-дүлей дауыл бүгін де, кеше де емес, тым-тым ертеде – жер жаралмас бұрын желемік болып басталып, енді міне ұлы құйынға ұласқандай-ау... Қашан еді? Қыз сәл қимылдағанда күміс теңгелер тізілген шолпысы сылдыр етіп, екеуін бірдей шошытып алды. Бір-біріне жалт қарады да, жанарлары түйісіп барып, төмен үңілді.

Қашан басталып еді, мұншалықты нәзік сезім, балапан сүйіспеншілік; баяғыда, баяғы өткен заманда, дінмұсылман аманда... ол кезде Гүлия он екі, он үш жаста ғана. Әкесінің малын бағып, отын жағып жүрген мынау қасында қақшиып тұрған еңгезердей мүсінді жігіт балаң, бала мұрты енді-енді тебіндеп келе жатқан уыздай жас еді. Онда Гүлияны сәбилік мінезбен қызық әуестік жендеп шұқылап ойнағысы келіп тұратын. Ат ерттеп бер, бота ұстап әкел деген сықылды ерке қылық, орынсыз жұмсаулар Омар мен бәйбішесінің айтағы, алып кел, барып келі әбден ерқашты қылған жігіттің жынына тиіп, діңкесін құртатын. Бір құм желі басында ойнақтап жүрген қысырдың тайын ұстап үйретіп бер, мінемін деп әлек салды емес пе. Ноқта киіп, құрық тимеген асауды Дархан бие-сауым қуып әрең ұстап, үйретем деп әуреленіп жүргенде бұл асау қара санын қан қақсатып оңдырмай-ақ тепкен. Ызаға булыққан бозбала Гүлияға:

– Басымды қатырмай кет өзін! – деп еді. Қыз жылап үйіне барғанда айдаһардай ысқырып ақ бәйбіше шыққан:

– Әй, қарғадай қызда не әкеңнің құны бар?! Сенсіз күнім қараң қалса да тайып тұр. Ендігәрі ондай бөтен мінез көрсетсең, айдап салам! – деп көкайылданып жер-жебір, жекен суына жетіп еді. Сонда Дархан бәйбішенің ылғи да аппақ сазандай болып, толықсып тұрар нұр дидарына шапшып шыққан зәрді көріп таң қалған. Әдемі әйелдің сөзіне ренжімеген, таң қалған – адамның дәл осылай, жалғыз сәтте-ақ, мүлдем танымастай болып өзге-

рерін алғаш рет көргенде бұл әлемде тіпті сұлулық, жақсылық атаулының барына күмән келтірген; сырты бүтін, іші түтін алдамшы бос дүние деп білген. Енді, міне, бәрі басқаша... Баяғы балалау шақтағы жоғалтып алған әдемі бір затын, асыл кимасын қайтадан тауып алғандай балқып иланды, тасып қуанды. Тәңірім-ау, бар екен ғой, бар екен... Сұлулықтың бұл жаһанда бар екенін дәлелдегендей Гүлия тұрды жанында күлімдеп. Күлімдеп дегеніміз өтіріктеу де болар, ол ботадай көзі мөлдіреп, аймен шағылысқан тұнық жанарының сақшысындай қаздиган кірпіктерін қамастыра көзін ашып-жұмып, әлденендей тәтті мұңға оранып тұр еді. Бойында жарасымды жасқаншақтық, нәзік үрейден туған діріл бар; өзінің бай қызы болып жаратылғанына қорлана ма, мынау ұлардай шулап, отты айналып шамандарша секіріп, бақсыдай билеп жүрген жастарды жатырқау бар.

Қамбардың саңқылдаған үні қайта шыққанда Дархан ұйқысынан оянғандай селк етіп барып жанына жалт қарап еді, Дүрия сіңлісінің құлағына әлденені сыбырлап, күміс табаққа түскен теңгедей сыңғырлай күліп тұр екен.

– Жолдастар! – деді Қамбар қамшысын сарт еткізіп. – Енді ақсүйек ойыны басталады. Содан соң, «Мыршалай-мыршым», «Бел-беу соқ»...

– Әй, Қамбар, – деп гүжілдеген дауыс естілді. Бұл өздерімен шамалас Бати деген палуан жігіт. Осы елде Батидың жыға алмас, итжығыс түсетін жалғыз-ақ адамы бар. Ол – Дархан болатын. Қызба мінезі жоқ, шаршы топтан шатынап шығып, одай-оспақ сайысқа түсе бермейтін уызынан салмақты, сабырлы Дарханның жауырыны әлі күнге жерге тиіп көрген жоқ-ты.

– Әй, Қамбар, – деп қайталады Бати. – Ақсүйекке әлі ерте-леу секілді. Баяғыдай бір басташы, жарықтығым. Аңырат домбыранды.

Осы сөзді кім айтар екен деп елендегендей ме Қамбар:

– Әкел домбыраны, – деп керги қолын созды. Бұдан соң жігіттердің бірі лып етіп ұсынған үкілі домбыраның құлақ күйін келтіріп тыңқылдатып біраз отырды да:

– Мыналарың домбыра емес көсеу, әкетіндер, – деді кірпиязданып. Екіншісін ұсынды, оны да қыржындап «үні ұрғашы иттей шәңкілдеп шығады» деп қайтарып тастады. Топ

ортада айналасын аузына қаратып, шіреп отырған Қамбардың орынсыз бәлденуі Батидың ит жынына тиді білем:

– Әй, Қамбар, кедейге қыз жақпайды деп, алты домбыраның бірде-біреуін менсінбейтін ұлы күйшілік саған қайдан дарып еді-ей, қолыңдағы қамшыңды шошандатпай соны шертсең де айт енді бірдеме, ішегіміз үзілетін болды ғой.

– Айтақтағанға үре беретін ауылдың ала төбеті емеспін. Састырма кісіні.

– Ой, өзің...– деп Бати де өжіректеп, омыраулап келе жатыр еді, олардың енді-енді өршігелі тұрған егесін:

– Ағай, – деген қыздың нәзік дауысы бастады. Бұл – Омардың егіз қызының біреуі Дүрия еді. Ол Гүлиядан гөрі батылдау, еркек атаулыға еркелегісі келіп тұратын тұрпатты қыз.

– Ағай, үйден өз домбырамды алдырып едім, осыны бір сынап көріңізші. Бәлкім, ұнатып қаларсыз, – деп қыз қазмойын, үкілеген әдемі домбыраны ұсына берді. Қыналған сұлу домбыраның шанағы ай сәулесіне шағылысып, жарқ етіп Қамбардың қолына қонды.

Жұрт тым-тырыс тына қалған. Қамбар әдетінше дыңғырлатып, құлақкүйін келтіргендей баптап алды да тобық жұтқандай томпайып маржандай тізілген жастарға айнала карап:

– Е, бәсе, – деді жадырап. – Домбыраның көкесі мынау екен. Өзінен-өзі сөйлеп тұр. – Домбыраның шанағын құлағына тосып тыңдаған болды.

– Иә, бісміллә, бастадым, Бұхар бабамыздың әруағы жебей гөр.

Айналасын жер тұтқан,
Айды батпас деменіз.
Айнала ішсе таусылмас,
Көл суалмас деменіз.
Кұрсағы құшақ байлардан,
Дәулет таймас деменіз.
Жарлыны жарлы деменіз,
Жарлы байға теңеліп,
Жайлауға көшпес деменіз.
Жалғызды – жалғыз деменіз,
Жалғыз көпке теңеліп,
Бір майданда соғысып,

Кегін алмас деменіз.

Қу таяқты кедейге

Дәулет бітпес деменіз, о-оу деменіз...

Жан-жақтан, тұс-тұстан «о пәле, аңыратты-ау, тусаң – ту», – деген сықылды желіктірме сөздер жамырай естіліп, Қамбардың арқасын одан әрі қоздыра түсті. Кеу-кеулеген дауыстар сап болып, енді ақсүйек ойынына кірісе берген кезде қаздаңдап басып Оспан келді. Жастардың шат-шадыман тасыған көңіл, құлынды-тайдай ойнаған келісті келбеттері ал дегенде елірткендей қызыға таңырқап, жалғыз көзін қадап қызғана қарап тұрды. Оспанның оң көзін осыдан он жыл бұрын басын ала қатты тартып жіберген Омардың қамшысы ағызып түсірген еді. Ағып түскен жанарын алақанына салып тұрып «тірі болып, жер басып жүрсем сенің екі көзіңді бірдей ойып алармын, Омар», – деп ант бергенін Дархан өз құлағымен естіген. Дүниені дүрілдетіп Совет өкіметі орнағанда алғашқылардың бірі болып осы Оспан да атқа мінген. Теңдік дегеннің не екенін түсінбей жатып-ақ дікең қағып Омарға жеткен. «Қаныңды ішем, көзімнің бояуын қайтарам» деп қанша рет қамшы үйірсе де, ежелден тісқақты, алды-артын қымтап, берік ұстайтын айлалы бай мізбақпаған. Қуғаны көптің мүддесі емес, жеке басының кегінен аса алмаған Оспанды жалғыз-ақ сөзбен буып, матап тастаған-ды.

– Әй, Оспан, – деп еді Омар. – Менің екі көзімді бірдей ойып, алсаң да, жоқ көзіңнің орнына сала алмассың. Үй болып, түтін түтетер шағың жетті, бойжетіп келе жатқан егіз қызым бар, тандағаның сенікі. – Жалғыз көзі жалтылдап шаруа қамымен кіріп-шығып жүрген байдың қыздарына сұқтана қараған ол жүрегін бір қара мысық тырнап өткендей болып: «Қалған көзімді садағасына берсем де мына Гүлияға үйлену керек», – деп ішінен берік байлам жасаған. Міне, сол уақыттан бері де зымырап талай жыл өтіп кетіпті-ау. Омарды ала қоятын әзірше құдай да, заң да жоқ секілді. Зәуре қолына осы ауылдың билігі тигенде мықынын таянып бай үйінің төрінде отырды; бірақ, ол өз ғұмырында жалғыз-ақ рет шыққан төріне тұрақтай алмай, тексіздік танытып, күн өткен сайын босаға тұсқа жылыстап, сырылып барады. Омар қызын бергенді қойып, қымыздың өзін әрең беретін кергіме кербездігіне қайта мінген; тізелеп тартып әкетер күш Оспанда жоқ әзірше. Бағана егіз қыз барын киіп,

жасанып алтыбақан басына кеткенін көзі шалып, енді міне алыстан орағытып, байқақтап келіп қалған беті.

– Түн ортасы болды, байекең іздеп қалған шығар, – деді ол Омардың шоқтанып тұрған қыздарын жанасалай. Тентек мінезді Дүрияның жауабы тік шықты.

– Сіздің неғып қимаңыз қыши қалды, әке-шешем елшілікке жіберді ме, әлде біздің үйге қолбалалыққа жалданып па едіңіз?

– Жоқ әншейін... түн ауып барады... – деп саскалақтай мінгірлеп шегіншектеп кетті.

– Ал, ақсүйекті бастадық, – деген Қамбар қолындағы ай нұрымен ағараңдаған жілікті басына көтерді, – көздеріңді жұмыңдар, лақтырамын.

Оспанға да керегі осы еді. Ерке қыздардан кеткен есесін алаңсыз жастардан алмақ болып, айғыр айғайға басты.

– Тоқтатындар, жын ойнақты! – Аспаннан естілгендей болған жарықшақ дауысты жылға-сайлар мен жұмыр жоталар қақпақылдап қайталай ма деп дәметіп еді, оспандар үнді жымжылас жұтып, тым-тырыс мелшиіп жата берген. Қарсы жақтан қарсылық күткен көңіл ол да жападан-жалғыз, сыңардан-сыңар масқара күйде жетім қалды. Осыншалық мелшиген үнсіздік енді Оспанның өзін шошытты. Томсарған жүзбен тесіле караған топқа тас лақтыруға болмасын білсе де шегінер жер жоқ еді. Екілене тағы айқайлады.

– Мұның бәрі ескіліктің қалдығы!

– Ненің қалдығы? – Қамбар өп-өтірік түсінбегенсіді.

– Феодалдың қалдығы, – деді Оспан шімірікпей. – Өзің комсомолсың, активсің, ал істеп жүрген ісің мынау. Осы жынойнақты ұйымдастырған сен, барлығына басыңмен жауап бересің, айтты деме арты қиын болады. Қане, бірің қалмай тараңдар! – Тағы да пәлендей қарсылық көре алмаған Оспан өркештене түсті. – Құдай ұйықтап жатқанда сайтан ойына келгенін істейді деп, үндемегенге үдей соғып барасындар, бәлем бір шыбықпен айдаймын сендерді.

Әлгіндегі көптен бері көре алмаған, бірақ іштей аңсап, сағынған айлы түн, алтыбақан тілекке аса риза бейкүнә алаңсыз көңілдегі жастар біртіндеп сусып, біріне-бірі білдірмей тарай бастаған. Топтың шетінегенін көрген соқыр Оспанның оспадарлығына шыдай алмады білем:

– Уай, айғырсың ба? Ұлттық ойынға тыйым салатын сен кім едің? – деп тебінді Қамбар.

– Менің кім екенімді әлі білмей жүр ме едің? Ендеше түсіндірейін. Құдай да емеспін, Құдайдан былай да емеспін. – Ырғала басып Қамбарға жақындады. – Мен – советпін. Үкіметтің оң көзімін...

– Үкіметтің оң көзі бола алмассың, – деді Қамбар қолындағы, жанынан жалғанда қалдырмайтын қамшысын сарт еткізіп. Оспан тағы да тақала түсті. Шатақ іздеген сыңайда, қаймығар да, жасқанар да емес. Өзінің мықтылығын, бұл елге билігі жүрер ірілігін көрсеткісі келеді.

– Неге? Неге оң көзі бола алмаймын, а, неге деймін?! – Дауысы шәңкілдеп оғаш шықты ма, әлі де тарамай, әлдебір қызық күткендей қылшиып тұрған жігіттердің кейбірі мырсымырсы күлді. Ал қыздар жағы алғашқы айғай естілгенде-ақ етектері жер сызып, ауылға беттеген.

– Неге дейсің бе, ендеше айтайын, тақуалап қоймадың ғой. Өйткені... сенің оң көзің жоқ... сондықтан өкіметтің сол көзі болмасаң, оң көзі бола алмайсың.

Оспан қақ маңдайдан ұрғандай сілейіп қалды да, есін тез жинап, жан-жағына жалтақ-жалтақ қарады, Құдайға шүкір Гүлия мен Дүрия кетіп қалған екен. Арыстан ашуына қайта басты.

– Әй, әкеңнің... кегінді, кем-кетігімді санап алайын деген екенсің, оң көзім болмаса сол көзім сау, жалғзымен-ақ екі дүниеде қос қолым жағанда кетер.

– Сенен келген кереметті мен де көріп алдым.

– Түйе мінген Құдайға бір табан жақын деген, ұстасам – уысымдасың, ашсам – алақанымдасың.

– Ендеше қалған көзіңді мен ағызып жіберейін, – деп қолындағы білемдеп ұстаған қамшысын енді көтере бергенде, бағанадан бері сөзге араласпай томаға-тұйық тұрған Дархан атылып кеп, сілтетпей, ұстап қалды. Ауылнай жасқанбады. Қарсылық білдіріп, Қамбардың қолына жармаспады да; жайын жүз, суық қайратпен қасқая қарсы қарап, шімірікпей шіреніп тұр еді. Айға бет берген дидарында дәл қазір қыбыр еткен тіршілік белгісі жоқ, өлім себелегендей үдірейіп, әрі жат, әрі кекті. Жалғыз болса да өте үлкен, ұялы жанары жарқырап обаның басына жанған шырақтай, қорқыныштылау сәуле шашады.

Әзірдегі қатын айғайына өзі де өкінгендей, іштей жасыған сынайда. Бірақ, бұған дейін есіне келмеген, өз мінезінен ерсі құлықтың ұшығын тапты, қапелімде тапты, оқыстан тапты. Тапты да таң қалды: «Құдай-ау, бастық болғанда бақырып бола ма, осы мен расында да неге айқайлаймын, ұлы істі үндемей тындырар деген баяғының шалдары қандай ақылды еді. Жожоқ, енді мен бүгінгі түннен бастап жердің бетімен емес, астыменен соғысайын».

Өз ойына өзі аса риза болып күліп жіберді. Ал, Дархан мен Қамбар аспаннан әлдекім түсіп, буындырып жатқандай сыздана қатып қалған. Оспанды есі ауысты деп ептеп жылыстап кеткен. Олардың қаттылығы да осында, – Оспанның нағыз есақылы жаңа ғана кірген еді. Енді ол өмірбақи қателеспейді, дауыс көтеріп дабырламайды, ақырын жүріп, анық басады; енді ол өмірбақи қатты жүрмейді, қарап тұрмайды... Мақсат тауына шығу үшін асығып алға түсудің түкке қажеті жоғын ұқты; өйткені, қыран болып қалықтаса оққа бірінші болып ұшарын біледі; енді ол – Оспан пәле-жаладан, құдайлық дертінен есен-сау жүрсе, тек қана жылан болып жорғалайды; арыстан болып айға шабудың да, арғымақ болып жер тартудың да, тіпті айдаһар болып ысқырудың да ендігі заманда қажеті жоғын, керексіздігін осы әзірде пайымдады. Иә, бұл дүниенің төрт бұрышын қара жердің асты мен үстін түгел көру үшін жалғыз жанар да жетеді... «Қайта бір-біріне сеніп қапы қалмайтын, мұрын болмаса бірін-бірі шұқыр екі көзден гөрі сыңары жақсы. Жалғыздық – әрі сақ, әрі мықтылық».

Оспан бүгінгі түнде бұдан былайғы ғұмырына ұлы жоспар жасап, ешбір дінге (идеяға), саясатқа қосылмайтын, тек өзіндік – Оспандық «мемлекет» құруға бел буды. Мынау әлемге бүкіл ел-жұрт екі көзбен қараса, Оспан бар болғаны жалғыз жанармен қарауға ант берді.

Түндегі ойын-сауық, жоғын тапқандай болған айлы түн, аспанға лақтырған алтыбақан – бәрі-бәрі адыра қалып, өр серпіген көңілі жүдеп, үйге қайтқан соң да Дарханның кірпігі айқаспай Гүлияны аңсаумен ояу жатты. Көзін жұмса болды екеуіне бірдей қос қанат біткендей, құс төресі шыдырау секілді аспанға ұшып барады-ай. Жұмған көзін қанша ашқысы келмесе де ашып шыдатпаған соң кірпігін оқыс көтеріп жіберетін. Дәл осы сәтте жаңа ғана ұшып жүрген екеуі оқ тигендей қанқақсап,

тұңғиыққа құлап түсіп, селк етіп шошына аһ ұрады. Бұған дейінгі бықсыңқыраған бұйығы тірлігіне шоқ тастаған қыз, оған деген тұнық сезім отқа айналып жан-дүниесін күйдіре бастаған. Қазір де сол, таң атқанша тұрткілеп маза бермеген ойдан қашып құтыла алмай, бұлдыр-бұлдыр мұнар арасына малып жүрген ақсақ киік халінде.

Күн әне, қаперсіз көтеріліп барады. Осы тұстан қарағанда мінгесіп-ұшқасып шығысқа қарай көш түзеген қалың қатпар жоталар, бұйрат төбелер біріне-бірі тізе қоса төбелесіп қалатындай, оқшау бітіммен созалаңдап, жарысып жатыр. Анау қалпында кедір-бұдыр әннің мәңгілікке қатып қалғанын немесе айбат жасаған дөңдердің енді қайтып тұра алмастай жығылған адамның бөксебас-тылығын елестетеді. Қанды сәуле шашқан күн сонау етектеп ауылды сипалап оятып еді, елең-алаңдағы тыныштықтың айдыны бұзылып, азан-қазан тіршілік басталды. Омар байдың жылқысы өрістен құлап, құрықтап қуған қолдан құтылмасын сезген-ау, еркін тыныстап, тойына жайылғанын білдіргендей пыр-пыр үн шығарып, жосыла сырғиды; мұхиттың алып бір бұйра толқындарына жан бітіп кеткендей сусиды. Үйден нөқта жібін алып шыққан бірлі-жарым әйел келіп, тығырықтанған жылқышы қаусырмалап құлын ұстап, енесіне қосақтауға кірісті.

Дарханның екі көзі осы бай үйін дүрбілеуде еді. Сарыла күткені, індете іздеген адамы әне, кең отаудың сырлы есігі ай-қара ашылды да ең әуелі Дүрия, соңын ала Гүлия шықты жарқ етіп. Осы эзірге ғана тұмантып, мұнарлана бастаған жанарындағы көк шарбыны әлдекім жалғыз-ақ жұлып тастағандай дүниенің толайымы аппақ нұрға бөленді. Әлгінде ғана ұйқы менен ояудың құрбанындай құрдымданған көңіл, боздаған жүрек әдемі бір әлдимен әнтек-әнтек дүрсілдеп, ұядан жаңа шыққан балапандай талпынып еді. Ауыл іргесіндегі төбеге атша мініп отырған адамды егіз қыз байқаған жоқ. Өйткені төбе күн жақта болатын. От бүріккен жарықтық күнге көз ұялып қарай алмаған. Бірін-бірі қолтықтаған күйі жерді басып, жағалауын тал-тоғай көмкерген сайлауға түсіп, жоқ болды. Далда іздеп, шыққа тиіп суланбас үшін шұбатылған етектерін сәл көтеріңкіреп аяндаған қыздарды жалынышпен қуалаған Дархан көз алдын торлаған мұнар-шелді қайтадан қабыздай бастаған соң, жасқана уқалады. Осылайша өз көзімен

өзі алысып, әуреге түсіп отырғанында сыңғырлаған үн келді құлағына. Тоғайдан шығып, бұлақтың тазалау жерін іздеп өрлеген қыздар күлген екен. Күле сөйлесіп, серпіле қалқыған екеуі Дарханның тура иек астына бүлкілдеп аққан бұлақтың жағасына алаңсыз жайғаса бастады. Аңсырап сағынған дүниесі бірде сағымға, бірде қол жетпес арманға айналып, қылқытып таң атқанша басын қатырып еді, міне тура алдында, қол созым тұста ғана қара шашын жайып жіберіп, қарына дейін түрген білегін жуады-ай. Судың мөп-мөлдiр маржан моншақтары бетiне, бiлегiне iлiнiп күн сәулесiмен шағылысып күмiстей жылтырайды. Бетi-қолдарын сырбаздап жуып, мына жайлаудың қос аққуындай қатар, бейбiт жүзген сұлулары мына өмiрде қайғы бар-ау, елiм бар-ау деп уайым қылмай, бейкүнә қылықпен қып-қызыл толқынның арасында асыр салып ойнаған көгiлдiрдей едi. Дархан осынау таңғажайып ертеқ сынды көрiнiстен көзiн ала алмай, ал көзiн алса мәңгiлiкке айрылып қалар жұбанышты сезiмде едi. Ол үшiн анау егiз қыз қазақ деген елдiң өткенiнде зәредей болса да бақыт, жақсылық болды десе, сол игiлiктiң ең соңғы ақырғы, иә, соңғы сарқыны, ендiгi қалған қос тамшы қоры секiлдi едi. Мұндай да қызық сезiм болады-ау, аса езiлiп сүйсiнген жоқ, секемi мол қасандау оймен қозданған сезiмiне сап-сап тiлеп, сабырдың суын септi. Өйткенi, Омар байдың егiз қызы жуынып емес, өмiр сапарына дайындалып бой жасап тұрғандай едi...

Дүрия қамзолының қалтасынан дөңгелек айна алып Гүлияға қаратып ұстап тұрды. Ақ жібектен қос етек жасап тіккен көйлегін тұтас жаба төгілген қара шаштың алды айрылып ашылды да, ар жағынан Гүлияның ай маңдайы көрінді. Көзін сүзе айнаға қарап, байыппен қос бұрымдап өре бастады. Саусағы саусағына жұқпай, ұшына дейін өріп барған бұрымына сылдырлатып шашбауын байлады да, арқасына асырып тастады. Бұдан соң жерден еңкейіп қамар белбеуін алып, белін қынай буынды. Көйлегін түзеп, торғындай толқыған жүзін саусағының басымен ғана майда сипап уқалады. Қыр желкесінде тышқан андыған мысықтай төбеге мініп отырған жігіттің алдындағы айнаға түскен сұлбасын жаңа ғана байқап: «ой, апа», – деп шошып, ыршып түскен.

– Не болды саған? – деді Дүрия түкке түсінбей. – Жылан шағып алды ма? – Гүлия үндеген жоқ. Сұрлана дірілдеп төбені

нұсқай берді. Жігітті енді Дүрия да байқап, сықылықтай күліп жіберді.

– Ой, ол Дархан ағаң ғой, – деді жайдары әрі назды қылықпен. Аспай да саспай күн салып жігітке тесіле қарады. Бұдан әрі шөккен түйедей шоңқайып отыра беруге болмайтын еді, ұяла орнынан тұрып, еріксіз төмен түсті. Аяғын санап басып, қыздардың жанына барды. Бұлқынған сезімді ақылға, ағалыққа жеңдіріп, мұрнының астынан ғана міңгірлеп есендесті. Аюдай адамзаттың ұзатылар қыздай ұяң мінезін қызықтағысы келді ме, ерке қылықты Дүрия есендіктен соң орталарында орнаған сәл үнсіздікті шаужайлап қалды.

– Дарханаға, – деп бір әңгімені енді бастай бергенде, білдірмей келіп, дәл құлағының түбінен әлдекім оқыстан айғай шыққандай селк етіп, өз-өзінен «ау» деді. Дүрия тағы күлді ал Гүлияда үн жоқ, екі беті нарттай қызара, тобық жұтқандай томпайып төмен қараған қалпында тұр.

– Төбе басына тас Құдай орнап қалған ба десек сіз екенсіз ғой, түү, жүрегімізді жарып жібере жаздадыңыз...

Дархан қапелімде жауап бере алмады. Сауалдасқысы келген, бірақ еркек іздеп, еріккен қыздың бетің-жүзің бар демей айтып тастар өр мінезін біліп дағдарды. «Жүр, үйге қайтайық», – деп Гүлия әпкесінің жеңінен тартты. (Дүрия Гүлиядан сәл бұрын туған. Дүниеге екінші болып келгендіктен де бір-бірін апалы-сіңлідей көруші еді). Өзінің тілін алмағанына өкпелегендей қабағын дірілдетіп, бұрынғыдан әрі иіле түсті. Қыздың томсарған, бірақ, құйын соғып өткендей алабұртқан жүзі дуылдап, әлденеден шошынғандай жүрегі кеудесін тепкілей жөнелді. Түнде ғана өзімен алтыбақан теуіп, екеуі бірігіп ұшқан жігіт – баяғыдай мойнына асылып еркелеп, «бас білмес асауды ұстап бер, үйретіп мінгіз» деп шәңкілдеп зерезеп қылып, соңынан томпаңдап еріп қалмайтын бозбаладан жерге кіре жаздағандай қысылғанына өзі де қайран қалды. Сіңілісіне түннен бері дарыған осы өзгеріс, туасы біткен сабырдың сабырсыздыққа ұласа бастағанын Дүрия да сезіп, елегізген. Содан соң аунақшып, ұйықтай алмай күйіп-жанған сыңарынан:

– Гүлім, саған не болды? Бұрын басың жастыққа тимей жатып қор ете түсуші едің, – деп сұрады.

– Өзім де білмеймін, – деді Гүлия терең күрсініп, – көзімді жұмсам болды биіктен құлап бара жатамын. Білмеймін...

– Білесің ғой, – деді апасы да күрсініп, – білесің, айтқын келмейді. Айтпағаның да жақсы.

Үнсіздік қайта орнағандай болған. Салақтаған екі қолын шауып тастамаса қоярға жер таппай тұрған жігіттің мол пішілген келісті келбетіне тіктеп, кемшілік іздегендей тыныш қараған Дүрия тағы да оқыс сұрақ тастады.

– Сізге тек үнсіздік қана жарасады екен, аға. Дегенмен, таң атпай төбе басына айдап шығарған қай Құдай. Әлде менің сіңілім секілді көзіңізді жұмсаңыз алтыбақаннан құлап бара жатасыз ба?

– Жоқ, – деді Дархан. Дауысы қарлығып, бөтен біреудің үніндей шықты. – Мен көзімді ашсам болды биіктен құлап бара жатам.

– Бәрібір, – деді Дүрия күлімсіреп, – ұшуы бір адамның құлауы да бір. Жіңішкелемей-ақ қойыңыз. Ұйқыңыз қашып, көз ілмегеніңіз түріңізден көрініп тұр. Кеше, – деді бұдан соң, сәл ойланып барып, – біз алтыбақан басында жүргенде Семейден ағайымыз келіпті.

– Қай ағаңыз? – деді Дархан елендеп.

– Бізде аға жалғыз-ақ. Еркін ағамызды айтамын... Сізді сұрады. «Ауырып кетіп еді, денсаулығы қалай?» дейді.

– Иә, иә, ол кісіні қалада көріп едім, бір-екі рет үйіне де барғанмын. Жай келген бе екен?

– Ол жағын білмедім. Алыстан келген азамат қой, өзіңіз барып сәлем берерсіз. Ал қош боп тұрыңыз. Жүр, Гүлия, қайтайық. Бүйтіп тұра берсем, екі кісінің, біреуін өлтіріп алармын, – деді де алға түсіп, маң-маң басып, мың бұрала мықынын ырғап жүре берді. Жерден бір нәрсе іздегендей басын салбыратқан қалпы Гүлия да соңынан ерген. Осы қалпында жасықтау ма деп ойлады Дархан.

Мынау Сағымжол мен Ақжайлау Тарбағатай жоталарының солтүстігіне қарай жайылып Арқаның ұлан даласына етектеп барып-барып ұласатын. Көкпекті тұсқа көсіле созылған құйқалы жер біртіндеп сарғайыңқы тартып, сағымға тұншыққан бел-белес, жота-қыраттың жапырақ жайған ағашы, бұтақ-қарағайы азайып көселене түсетін. Ал, Сағымжолдың оңтүстігі түрлене құлпырып, кең өріс, бейбіт қонысты Ақжайлауға білек

артатын. Баяғыда қалың сыбан елінің игі жақсылары жаз шыға осы Ақжайлауға асыға көшіп, жерге таласып, алакез боп қырық пышақ қырқысып жатушы еді. Совет өкіметі орнағалы осынау көк жон, майсалы беткей, шалғынды өзекте тек Омардың ғана ақтылы қой, арғымақты жылқылары қаптап өретін болды. Көрінген жерге күл төгетін баяғы заман емес, жасыл жайлау, өскелең өрістен барған сайын тарылып, қусырылған байлардың қай-қайсысы да Омарға тісі қайраулы. Қайраулы болатын себебі, жаңа өкімет орнағалы бері қасқыр ішік, құндыз тымақты шонжарлардың бәріне келіп жатқан зауал Омардың қылшығын да қисайтқан жоқ. Кеше қандай еді, бүгін де сондай, тіпті осы Кеңес өкіметі келгелі бұдан басқа байлар теперіш көріп, тепкіге ұшырап жатса, Омекең бұрынғысынан да өркештеніп, нығыздана түскендей еді, қаз-қалпында, итіне дейін дөңге шығып үреді... Жұрттың ұға алмай жүргені: бай мен кедей теңеседі деп ұрандап жеткен жаңа нышанның лапылдап жанбауы, анау Омар секілді түкірігі жерге түспей келген, шынжырбалақ, шұбар төстерді қызыл табан қылып айдап салмай, итжеккенге айдатпай, керісінше бұрынғыдан әрі кердендетіп, асығын алшысынан түсіріп қоюы жындарына тиіп, меселдерін қайтарған. Әсіресе, Омарды атарға оқтары жоқ қаймана халық, он жеті болысқа қараған. Мұрын-сыбан «жазымштан озмыш жоқ тағдырдың бұйрығы осы шығар» деп, бұрынғыша малын бақты, бұрынғыша отын жақты.

Қандай өкімет орнаса да тағынан таймай, талтаң-талтаң басып алшандаудың түпкі себебі де бар еді. Өзінің мұсылманша шала сауаты болғанымен Омар балаларын ерте оқытқан. Екі қыздан үлкені әрі маңдайға басқан жалғыз ұлы Еркінді Семейдегі училищеге оқуға беріп, оны бітірген соң Қазан университетінің заң факультетін тамамдаттырған. Егіз қызы да етек басты емес, Семей шаһарындағы қыздар училищесінен дәріс алған сауатты, қырдың қылымсыған қызынан гөрі көкірегі ояу, көзі ашық, қала бикештеріне ұқсайтын. Осы жаңа мінез, қалалық қасиет әсіресе, Дүрияға ерте дарып, жүріс-тұрысының еркекке тән еркін болуы, аздап болса да цивилизация көре қалғандығынан еді. Өмір мың рет өзгерсе де қара жердің өзіндей өз қалпында қалатын адамдар болады. Қаладағы оқу, айдарынан жел өскен желөкпе тірлік Гүлияға әсерін тигізе

қоймаған; тым көне, тіпті эпостық мінез-құлқының қаймағын да бұза алмады. Бұзғысы келмегені емес, бұзылмады...

Ақжайлаудың таңнан бастап абыр-сабыр әбігерге түсуі Омардың Семейдегі қаратаяқ ұлының келіп жату себебінен еді. Осы ауылдың Оспан бастаған қазіргі атқамінерлері мен ежелден осы үйдің есігін сағалап, ағалап, жағалап үйреніп қалған орташа дәулеттілер жығылып-сүрініп қызмет қылысып жүр. Мал сойылып, саба-саба қымыз қотарылып ұлы ырғынға батты. Үлкендер жағы Ерекеңе сәлем береміз деп сән түзеп, бай үйіне беттеп бара жатса, балалар босағадан сығалап асыр салып, қазан-ошақты аңдыған иттерді қуып маз. Сырттан қараған адам анау ас бергендей арпалысқан көріністі көріп тұрып, Ақжайлаудағы ат төбеліндей ауылға аспаннан екі аяғы салбырап құдай түсе қалғандай естанды халді бастан кешер еді. Осы ауылды алатайдай дүрліктірген хабарды таңертең бұлақ басында қыздардан естігенде пәлендей мән бермеген Дархан күн көтеріле өзі де еріксіз елеңдей бастады. Алғашында сәлем бергісі келмей аяғының басын қайқайтып біраз жатты да мұқым ел есі шыға аңдыздап, Омар үйінің табалдырығын тоздыратын болған соң, бұл да бұлдана аяңдаған. Кешігіп келгендіктен кезек тимей киіз үй сыртында торуылдап жүріп-жүріп, ақыры қолын бір сілтеп өзен жаққа беттеген. Бірақ жүрегін мысық тырнағандай удай ашыды. Сонау Семейден келген үлкен жолаушыны сылтауратып бай үйіне кіріп шықса, тым болмағанда Гүлияны тағы бір рет көрудің сәті түсер еді-ау. Амал не, ол ойын іске асыра алмады. Іске асыра алмаған соң салы суға кеткендей, бұлқына аққан бұлақты жағалап тоғайға сіңіп жоғалды.

Жол соғып, шаршап келген Еркін күн көтерілгенше құс төсекте әрі аунап, бері аунап маужырап жатып алды. Ту Семейден бері пәуеске арбаға мініп келген; солқылдақ жүрісі әбден ығыр қылса да әкесі отырған Ақжайлауға асығыс жетіп еді. Асығудың үлкен себебі барын әзірше өзі ғана біледі. Түн ортасы ауа ертоқымы мойнына кетіп шалдығып, суыт келген ұлын әкесі мазаламаған. Ұлын міне, жылға жуық көрмеп еді, бұрынғыдай емес, ұрты суалып, тостағандай екі көзі шүңірек тартып жүдеген екен. Есендіктен соң, бірер тостаған қымызды тамсанып отырып ішті де, ләм деместен есінеп-құсынап жатып қалды. Өншейінде жарқылдап, әзіл-қалжыңы қалмайтын ашық мінезді

ұлының томсарған жүз, томаға-тұйық қабарған түрін көріп, әлденеге мазасызданып елендеген еді. Осы түні Омар байдың бүкіл үй-іші болып көз ілмеген-ді. Қыздардыкі махаббат желігі болса, бәйбіше ұлының сынықтығынан сескеніп, кірпігі-кірпігіне айқаспай аналық жүрекпен уайым қылған. Қазір де Еркіннің тәтті тыныштығын күзеткендей, сәлем беруге келген ауыл адамдарын маңайлатпай, қыздарына тіккен үйге бұрып жіберіп отыр.

Семей уездік сотының, адвокаты Еркін Омарұлы Кенжин түстен кейін келімді-кетімді кісілермен сәлемдесіп, ақсақалдармен әңгіме құрды. Ескіше де, жаңаша да көп оқыған, ел аралап, көп тоқыған үлкен білімді, әлемдегі заң атаулыны жатқа білетін, жақ жоқ шешен, «жігітін қайсы десе, мынау» дерлік арқалы азамат еді. Шүкіршілік, әкесінің озбырлығы болмаса, ат жалын тартып міне сала алысқа оқу қуып кеткен ұлының жаманшылығын көрмеген ел құрмет, әрі медет тұтатын. Шүкір, жақсылығын да, жаманшыларын да көрген жоқ, айында-жылында ауылға ат басын бұрғанында қаздай тізіліп барып иіліп сәлем беретін, батыс пен шығыстың екі ортасында жер қайыстыра сыңсып жатқан сан түрлі халықтың бары мен жоғын түгендеп, айтар әңгімесін тыңдап, қазақтан осыншалық ғұлама ұл туғанына қуанып, тәубелеп қайтатын, осы жолғы сапарында, баяғыдағыша әлем туралы әңгімені судай сапырған жоқ. Әркіммен де әлді, әлсіз демей тең санап, жарқын жүзбен есендік-саулық сұрап болған соң, жіптелініп басталған әр әңгімені бұйдаламай, ебін тауып шорт қайырып отырды. Алыстан келген азаматтың көңіл қошы аздау жүзінде мазасыздық барын сезген ел адамдары бұрынғыша көп ереуілдей қойған жоқ; тек қаладан оқта-текте ұзын құлақпен жетіп жатқан жаңалықтың рас, өтірігін білмектей әуестік жеңіп, бірер сұрақ қойып үлгерісті. Көбінің көңілін күптеген жыл басынан бері даланы даңғазаға айналдырған «Түркісіб» деген шойын жол жайы. Осы шойын жолдың ауы мен бауын қазбалаған сұрақ Дарханның ай бойы құлақ етін жеп еді, енді міне дөкейдің өзі келіп, жаны тыныш қалатын болды.

Екіндіге таянғанда ел аяғы басылып Омар отауының маңында тірі жан қалмады. «Ерекең қаладан сырқаттанып келген екен, маза берсін» деген бәйбішенің әмірі баяғы өкімет орнамай тұрған кезіндегідей әмірлі естілді. Ешкім тырс етіп үн

қатқан жоқ, бет-бетіне тарай бастаған. Қыл аяғы осы ауылдың итіне дейін алысқа апарып байлап, алдына ас құйып бабын тапты.

Еркіннің осы жолғы суыт сапары тегін емес еді. Оның бұл асығыстығын әккі әке түнде-ақ сезіп, үлкен қауіп еткендей төр алдында төңкеріле түсіп жатты. Қалың Мұрын-сыбан ішіндегі аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермей келген Омардың он сегіз қанатты киіз үйі Аягөз өңірін ғана емес, түү Семей уезіндегі атқамінерлердің бәрі-бәрін таңдай қақтыра тамсантқан атақты отаулардың бірі. Оны байдың өзі де зор мақтан, үлкен бедел тұтатын. Жер басып жүрген соң, көптің бірі болып қойторы тірлік кешу Омар үшін намыс, дүниенің қоры болып сезілетін. Ежелден жаңалықшыл, оқ бойы озып отырар бәсеке, егеске жаны құмар мінезі қартайғанша қалмай, үзеңгілесінің алды болуды балаларына сабақ етіп, бойларына дарытып өсірді. Тіпті жас көзінде-ақ осы елдегі небір мыңғыртып мал айдаған шіріген байдың мынау деген бикештерін менсінбей, сонау Семейде мұсылман медресесінде дәріс алып жүрген жылдарда татар саудагерінің ай десе аузы, күн десе көзі бар маңдайға басқан жалғыз қызына құрық салған. Әкесі Кенже өзі айттырған қызға қарамай, іргелес отырған атақты шонжар, Абайдың өзімен дәмдес болған Көкебаймен кетістіргені үшін ұлының өзіншіл, өркөкіректігін өле-өлгенше кешірмей кетті бұл дүниеден. Не керек, Омардың ойы қара танымай кеткен қайран әкесінен гөрі озық шығып, алысты көре білді. Қайын атасымен жеңұшынан жалғаса, тізелесе қимылдап Семей уезіндегі болыс атаулының алдына түсті. Анау Абаймен дәмдес болған Көкебай секілді қылқұйрықтың амандығына мәз болып, сырты түк, іші бөк хайуанды алдына сап әрі айдап, бері айдап, ысқырығы жер жарып, құрбекер дөңайбат жасаған жоқ. Тіпті, ол секілді болыстыққа таласып, өлген адамды тіріге санап, тізімге кіргізіп абақтыға да қамалмады. Совет өкіметінің тықыр, сезілмей тұрып-ақ Қазан шаһарында оқып жүрген ұлынан бір зауалдың төнерін иіскеп білген де, малының тең жартысын қайын атасы арқылы Семейдің базарына өткізіп, пұлға, алтынға айналдырып жамбасына басып алған. Енді міне, сол өз көрегендігіне өзі риза болғандай, төбесінде төңкерілген шаңыраққа қарады. Ақ қозының жүнінен бастырып, күйген сүйектің күлімен бояған

он сегіз қанатты үйдің киізі ептеп сарғаяйын депті, сарғылттанайын депті. Торкөзден құрастырған керегенің күміс бастары да уықтың иінін әрең ұстап тұрғандай тозаңқы. Ал, уықтың шаңырақты саусағына сұғып алып тас қылып жібермей тұрған қарын күн бе, тебін бе, әбден ыстап, бір кездегі сән-салтанатын көсегендей ме-ау... Омар терең күрсінді де шаңырақтан көзін тайдырмай анау алақандай аспанды крестеп, айқыш-ұйқыш торланған күлдіреуішті көздеді. Аспан бүгін таза екен, кісінің көңіл-күйі хош емес, морыққан, қайдағы бір қара басқан күні көктің де шабытсыз кезде шалқалаған арудай өстіп мелшиє қарайтыны жаныңа тиеді. «Еркін неге асығып келді екен, әкесі өлгенді де естіртеді, айта салмай ма» – осы ойдың шылауымен аунап түсіп, біраз жатты да әлгіден бері ләм демей қолындағы қағазға шұқшиып отырған ұлына сұқтанды. «Сайтан, шешесіне тартқан көрікті-ақ» деп өз баласының келбетіне өзі сүйсінді.

Әшекейлеп боялған сықырлауық ептеп ашылып еді, қолында дөй тегене қымызы бар Рахия аттады табалдырықтан. Дөнен қымызға малтыған үйрек ожауды бұлғақтата келіп есіктен төрге дейін төсеген ақ киіздің шетін ала жайғасты. Осы үйдің жаңа түскен келініндей аса сыпайылықпен бір тізелей шоқиып отырып, қымызды сапыра бастады. Қимылы майда болса да құлағындағы шұжық сырғасы жарасымдылықпен тербеліп, үзіліп кетердей болып сәнмен ырғалады-ай. Күзге айналған соң Ақжайлаудың күні де сыз тартып, салқиндай бастаған, әмбе киіз үйдің ішіне күннің сәулесі түспей шытқылтым суығы бар. Төрдің сол жағында астына торқа көрпе салып, шынтағына құс жастық таяна бір жамбастап қағаз қарап жатқан Еркін тықтық жөтеліп барып тамағын кенеді. Әлі ешбіріне де қымыз құя қоймай құр сапырып қана отырған бәйбіше әдемі қара қасын кіреукелендіре ұлына қарады да, орнынан келіншектей инабаттылықпен лып етіп тұрып, адалбақанда ілулі тұрған тайжақты ішікті алды.

– Жеңіл-желпі жүріп кеудене суық тигізіп алыпсың-ау, ұлым.

Ішікті Еркіннің арқасына қымтай жауып, көлбіреп өз орнына қайтып барды. Қазақ қатындарындай емес, қалада өскен, жүріс-тұрысы еркін, күйеуінен көп имене қоймайтын Рахия ләм демей бүк түсіп жатқан Омарды ала көзімен ата:

– Толғағың қысқандай неғып иленіп жатырсың?! Алыстан арып-ашып келген баламен әңгімелесіп, қал-ахуалын сұрайды екен десе... бейшара.

Тағы да ешкім жақ ашпады. Жақ ашпаған соң сөзі далаға кеткен Рахия қолындағы ожауын тегененің шетіне ұра тастай беріп атып тұрды:

– Аузындағы маржаның төгіліп кетсе, ал мен кеттім! Қымызды өздерің құйып ішіндер... – Бәйбішесін есікке дейін жанарымен ұзатып салған Омар «қазақ қатындарын менсінбегендердің көрер күні осы» деді ішінен. Бұдан соң жосамен боялған керегені сипалап, көктердің түйіншек басына кигізген күміс шытырашты шұқылады. Бұл әлі мықты екен... Баянсыздығын уайымдағандай қабағын кіржитіп барып саусағымен сырт еткізіп шертіп қалды. Қақ төрдегі тұтылған кілемге ілінген селебе, он қара беріп жасатқан домбыра, анау алтын сағалы қанжар, күмістеген шиті мылтық, бәрі-бәрі көп жылдан бері қол тимей жетімсіреп тұрған. Омардың оқшантайы мен әшекейлі күміс кісенін тағынбағалы қашан? «Тақпа!» деп айтқан адам жоқ, жаңа заман орнап, құл-құтан, кедей-кепшік кердендегелі бері зауқы соқпаған. Енді, міне, сол қимас асыл заттарымен мүлдем қоштасқандай, мұңлы жанармен жабырқай зер салды. Төс қалтасынан алтын баулы сағатын алып, тамағын кенеп:

– Иә, ұлым, – деді кеудесін көтеріп. – Сөзді сен бастасаң мен қостаймын ба деп едім, тілің кесілгендей жақ ашпадың. Аман-сау келдің – қуандық, бірақ неге келгеніңді біле алмай, мүрит болып отырмын. Бұл сенің келгеніңді көпсінгенім емес, жөн-жосығыңды айтпай, бұралап жатып алғаныңа ыза болып тепсінгенім ғой.

Шешесі жауып кеткен тайжақты ішікті бүркене түсіп, шаршаңқы жанарымен әкесіне қарады. Бет пішінінде әкелік мейірімділіктен гөрі жатсыну бар екен. Қитығыңқырап, ішінде бүлк-бүлк қайнаған ашуын зорға деп іркіп тәк-тәкпен отырғандай. Әке ашуы тіпті де өзіне арналмағаны анық. Дегенмен, одан әрі қоздата түсуді жөн көрмеді білем, әдетінше көзілдірігін түзеп, тамағын кенеп сөз бастады.

– Әке, сіз бен біз үнсіз тілдесіп, айтпай түсінісіп отырған жоқпыз ба? Шешенің жөні бір басқа... Мынау ақ орда, – алтын қордаңызды қимай, қия алмай қиналасыз, амал не, түбі дүние

боқты қиясыз. Тұу Семейден алаөкпе болып амандық үшін ғана келмегенімді тағы сезесіз. Мынау қолымдағы қағаз, әке, сіздің енді қалған байлығыңыз, бұдан былайғы өмірлік серігіңіз, жолбасшы жолдасыңыз болады.

– Аллата ғаладан соң шимайы көп ала қағаздан қорқушы едім, ұлым. Амалым не...

– Ендеше маған жақындаңыз, – деді Еркін. Малдас құра жайғасып отырды да, қолындағы картаны төр алдына жайып салды.

– Ең әуелі айтар хабарым – сіз үшін қаралы... (Түйіліп барып, көзілдірігін ақ жібек орамалмен ықтияттап сүртті). Қазақ ССР Орталық Атқару Комитетінің ірі бай-манаптардың мал-мүлкін конфискуелеп, өздерін жер аудару қаулысы шықты... Сентябрьдің алғашқы күні-ақ өз күшіне енеді, яғни тәртілеу басталады.

– Сентябрьдің қыркүйек пе, ұлым? – деді Омар. Баласы жалт қарап еді, таң қалды. Әкесінің өңі сол қызылшырайлы қалпы түк өзгермеген, ертеке тындап отырғандай шырайын бермепті. Осыншалық саппастығына әрі сүйсінді, әрі «осының есі дұрыс па» дегендей қауіптенді. Жо-жоқ, әкесі бұл ойлағандай осал адам емес екен, беті бұлкі етпестен әр сөзді салмақтап, өзі екшеп пікірін қоса жарастырып отыр.

– Көшпелі аудандарда төрт жүзден астам, жартылай көшпелі ауданда – үш жүзден, ал отырықшы жерлерде жүз елуден асқан малы бар байлар, ханның, сұлтанның ұрпақтары конфискуеге түседі.

– Менің малым үш жүзден кем және менің жерім жартылай көшпеліге жатады, сонда...

– Сонда да түсесіз, сөзіңізді бөліп жібергенім үшін кешіріңіз, әке. «Менің жерім» деген ұғымыңыз да түбірімен қате.

– Менің қатемді түзейін деп келіп пе едің?! Омарды енді көр ғана түзетер, – даусы қаттырақ шығып, қомдана отырды. – Әзірейіл келсе де әзірмін.

– Жоқ, әке, сіз әсте де әзір емес екенсіз. Әзір кісі бұлай сөйлемес болар. Конфискуе туралы заңды мен шығарғандай ашуланасыз. Маған салса осы заңды шығарған адамның өзін заңға тартып жіберер едім, амал не, жалғызбын, әйтпесе көрмей, білмей отыр дейсіз бе? Әсіресе, маған түсінікті бәрі. Совет өкіметін нық орнатқан Лениннің өзі сол патшаның

заң-зәкүнін зерттей келе қатесін тауып, өзінің заңын ұсынды емес пе? Мен де сол Қазан университетінде Ленин оқыған факультетте оқыдым. Қайтейін, әке, ішім қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ. Алаш деп аңыздаған азаматтардың қай-қайсысы да шілдің боғындай пышырап кетті бүгінде.

Жер шұқығандай болып өзгеше бір қамықты пішінмен үнсіз отырып қалды. Одан кейін әлдене есіне түскендей мырс етіп күлді. Күлді де айтты:

– Баяғыда бір сорлы айтқан екен: «Жұлқынғанда қолымнан не келеді, еңкейгенде артымнан жел еседі» депті.

– Сенің шалбарыңның құйрығы жыртық емес, бүтін секілді еді, ұлым? – деді Омар сыңар езулеп, таудан да, тастан да қайтпай жағаласып, жанұшырып жүретін ер мінезді жалғыз ұлының мұншалық мүжіліп, салы суға кете омырылуы қытығына тиді білем, қырсықтана сұрады.

– Шалбары бүтіндердің емес, әке, шалбары жыртықтардың заманы бұл.

– Оны өзім де білем. Менің білмей отырғаным, кәмпіске деген заңды әбден бауыздауға тақағанда ғана естірткенің. Енді қалған бір жұмада не қайла, қандай тосқауыл жасап үлгіреміз?..

– Ол заңның шыққанына, біздің құлаққа тигеніне екі-үш-ақ күн болды, әке. Ести сала құс болып ұшқаным осы. Одан артық өл дейсіз бе? Жазықсыз күйдіресіз-ау тіпті кейде.

– Сенбеймін. Жаман күйеу қайынсақ деп, әтиің мен әниіңнің ыстық самсасын қиып кете алмадың ба деп күдіктенем. – Омар баласының ең босаң жерінен ұстадым-ау деп еді, өзінің де сіркесі су көтермей, түлен тұтып отырған Еркін шарт кетті. Өмірі бетіне келмеген әкенің орынсыз шымшылауы шымбайына батқан.

– Әти мен әни деген әнді сізден көп айтпаған шығармын... Менікі сол сіз бастап берген әннің қайырмасы ғана... соны қайталау ғана.

– Мен татардан қатын алсам – ол сенің шешен, Құдайға шүкір үш баланың анасы. Келінім секілді пұшпағы қанамаса да кердең қағып, кепиетсіз жүрген жоқ. Шүкір, біздің бәйбіше қазір қайдан шыққанын да ұмытып қалды. Мен болсам, сен құсап Ратима деген бізаяқтың үйіне кіріп алғаным тағы жоқ. «Қайындағы күйеуден қарғыбаулы тазы артық» деп айтқан

айналайын аталарым не деген әулие. Аттай бір жылдан бері ат басын бұрып отырғаның осы. Не ескіге, не жаңаға пайдаң жоқ, соншалық мол біліммен сандалып, далада қаласың ба деп қорқамын, ұлым.

Ойына не түскенін кім білсін Еркін үн-түнсіз әке сөзін қарымтасыз қалдырып шаңыраққа қарады. Бұл қылығы көлденең көзге су ішкен тауықты еске салғандай. Жалғыз ұлы мен екеуарадағы әңгіме ушыға жаздап барып байыз тапқанын және бітімге шақырған өзі емес, баласы екенін Омар енді аңдап, өзінің артық айтып қойғанын іштей мойындаған да еді.

«Қызық-ау, – деп ойлады Еркін ішінен, – қызық-ақ, шаңырақтың айқұш-ұйқыш күлдіреуіші христиандардың кресіне қандай ұқсайды». Осы оқыс ұқсастықты жаңа осы отырысында ғана байқағанына қайран қалды. Осы ой жеңген ол әкемен арадағы кикілжің әңгіме ұмытылғандай, бой-бойы босап сергігендей болды. Ұлының анау шыбықтары шабысқан шаңырақтан не іздеп отырғанын білмей, немесе ұлының көмейінде тұншығып жатқан сыры мен шынын деп баса алмай дал болды. Әуестік жендеп, өзі де жоғары қарап еді, көкпенбек аспанды төртке бөлген күлдіреуіштен өзге ештеңе көрмеді. Өзінің өрескел қылығын кеш, енді ғана түсінген Еркін меңірейіп төбеге қараған көзін төмен түсіріп жіберді. Жалт қараса, қызық, әкесі де шаңырақты арбап отыр екен. Үндеген жоқ, «не көрдің» деп сұрамады да. «Қарасын, – деді ішінен, – қарай берсін, қарап қалсын, қоштасқаны шығар».

– Әуеден не жаумайды, қара жер көтермейді... – деді Омар. Күрсініп таусыла айтты.

– Ол не дегеніңіз, әке? – деді Еркін. – Құдай салды, мен көндім дегеніңіз бе?

– Өгізім көзіңе айтам, мен сені соямын деп тұр-ау бұл советің. Қара мойын құлыңмын, қанды қолды ұрыңмын деп аяғына жығылғаннан өзге амалды көре алмай отырмын. Бәрі де бір Алланың жазуы да.

– Құдай жан алған емес, – деді Еркін көзілдірігін сұқ саусағымен көтеріп. Бұл – негізгі әңгіме енді ғана жүйесін тапты деген ыңғайы сынды. – Қайта адам бойына жан салған. Ал сол Алла тағала берген жанды жаһаннамға жіберетін адамдардың өздері. Баяғыдан қалған қазақтың бір аңыз сөзі бар екен.

– Алла дегенді ауызға алмаушы едің, Семейдің бас имамдығына сайланғаннан саумысың, – деп және қиқарлана қалды. Бірақ ұлының бүгінгі мінезіне таң қалып, мүлдем танымай отырғаны рас-ты. Тек онысын сездірмегенсіді. Дәл қазір анау төрдегі малдас құрып отырған жігіт күні кешегі қара қаттау киіп, қара таяқ ұстаған, Керенскийдің өзімен айтыстым деп мол пішіп, кесек турайтын өз ұлы Еркін емес, қойнындағы құранын ұрлатып алған шала сауатты қожа-молда десе иланатындай жатсынған сезімде. «Апыр-ай, – деді ішінен, – апыр-ай, кісі дегенің заманға қарай түлейді екен-ау». Осы кезде сықырлауық есік сыңсып ашылды да, ит қабатындай сып етіп Оспан ауылнай кіріп келді. Ежелгі әдетімен:

– Тайын ерткен танадай боп жарасып отырыстарыңыз-ой, пах-пах! – деді арсалаңдап.

Еркін күліп жіберді. Бай жақтырмай тыржың етті де:

– Албасты басып жүр ме, танада тай болушы ма еді... Қайдағыны оттайды екенсің! – деп зекіп тастады. Онысы ә дегенде бетін қайтармаса, мыжып отырып алар деген жымысқы ойы еді.

– Бәрібір емес пе, – деп ырсың қақты Оспан.

– Бәрібір болса ары тұр, жарқыным. Бір жылда бір-ақ рет көріп отырған ұлыммен сөйлесуге мұрша беріңдер.

– Ой, ақсақал-ай, өзімсініп келіп қалып едім, жарайды... жарайды... Ойбай-ау, жеңешемнің қымызы мөлдіреп сол қалпында тұр екен-ау. – Тостағанға толтырып қымыз құйып, басына төңкере салды да тілімен ернін бір жалап, жеңімен ауызын сүртті. – Ал аттанайын, ауданнан өкіл келді деп еді, Омеке, сіздіңүйге түсірсем қарсы емессіз бе?

– Мен бүгін Құдай келсе де қабылдай алмаймын. Анау кім еді әлгі... әлде бақсы, әлде жын...

– Қамбарды айтасыз ба, Омеке?

– Иә, сол сойқанның үйіне апарасың. Ақтеб болып, ауылды алағандай бүлдіріп жүр ғой.

– Ол итті орнынан түсірдім, аға, – деп жалп етіп қайта отыра кетті де, тағы да бір тостаған қымыз құйып алды: – Түү, таңдайымда бір жабысқақ шел бар еді, рахат болды-ау.

– Қалайша? – деді Омар елендеп.

– Сельсоветтің хатшылығына жарамайсың дедім, бойында

феодализмнің қалдығы бар дедім, аға. Ескілікті көкसेп, алтыбақан құрдың, ақ сүйек ойнадың дедім, аға... пиғылың жат, комсомол мүшесі деген атқа лайық емессің дедім аға. Сонымен... (тағы бір тостаған қымыз құйып сіміріп салды).

– Құры! – деді айғай салып Еркін. – Жоғалт көзіңді осы жерден. Қайран қазақтың ендігі қалған тұлғасы сен болсаң, ақырзаманның орнағаны да... – Қолы дір-дір етіп, өңі бозарып кеткен. Көзі қанға толып, ойы сарқылғандай өз санын өзі мытып-мытып жіберді.

– Үйбай-ау, Ереке-ау, бай болғанда бақырып бола ма деп, жазығым не, жер-жебіріме жететін?..

– Маза берші, жарқыным, алатыныңды ал да, маза берші.

– Ойбай-ау, Ереке-ау, мен әншейін сөздің сыралғысы...

– Ертең кел, – деді Оспаннан оңай-оспақ құтылмасын сезген соң, – өзім шақыртып алам.

– Әттең адвокаттығыңыз болып тұр ғой, әйтпесе, сізді мен шақыртып алар едім. Енді бұдан былай есігіңнен сығаласам атымды басқа қойыңыз, – деді де және бір тостаған қымызды шалқалап тұрып тартып жіберіп, сарт-сұрт шыға жөнелді.

– «Тоқым салғанға – тоқым сал, сырмақ салғанға – сырмақ сал», деп дүниеде бір кісінің бетіне келмей-ақ ел басқарып еді марқұм әкем, – деді Омар өзгеше қоңыр үнмен.

– Ал, менің әкем, – деді Еркін. – Сізді айтамын, «Осекеннің басына бір тал үкі тақсақ далаң қағып кетеді» деп мысқылдап отыратын.

– Дегенмен, ұлым, тарылып, ашуланшақ болып кеткен екенсің.

– «Домбырам-ай, шерте берсе ку тақтай болдырады-ай» деп айтатын тағы сіз. Менің жаным екеу емес, әке. Айтысқанмен айтыстық, алысқанмен алыстық, қазақ деп айғайладық, алаш деп ұран тастадық. Соңымыздан қылаяғы ит екеш, ит те ермеді. Ақыры міне, бұзауы өлген сиырдай тұлыпқа мөңіреп босқа қалдық. Жаңа өкіметке қазір керегім болғанмен, күні ертең-ақ жалаңаяқтары оқып, білім алған соң майын сығып алған бүйендей күресінге тастайды. Енді бұл қызыл деп келген қызылкөздерге дауа да, тосқауыл да жоқ! «Түркісіб, Түркісіб» деп жарғақ құлақтары жастыққа тимегендеріне жылға таяп қалды.

– Естігем, – деді ұлын мұқият тыңдап отырған Омар. – Көк-жасыл жайлау, көделі даланы көк түтіні будақтаған паровоз тапалайды деші.

– Тапалайды, әке, тапалайды. Ең сұмдығы сол – Құланды-дағы сіздің қыстақтың тура жүрегін басып өткелі тұр.

Омар елегізген аттай басын селтең еткізіп көтеріп қалды.

– Бекер шығар, – деді. Үні біртүрлі қарлығыңқырап бөтен шықты. – Баяғыдағы орыстар жасаған жоспарда олай емес еді ғой. Бекер шығар...

– Енді, әке, маған да сенуден қалдыңыз ба?

– Мен тіпті өзім де сенуден қалып барам, ұлым.

– Что же, – деді орысша араластырып Еркін. – Бәрі де заманның азғанына саяды, қазір мен де ешкімге иланудан қалдым. Кейде өз саусағымды өзім санап отырып соның бесеу екеніне, екі бесті қосқанда он екеніне күмәнданамын.

– Шойын жолдың Құландыны басып өтетіні рас болса, ойға оралудың өзі бекершілік шығар. Күзеу біткен соң, аз күн Ақшиға ықтырмалап алып көшем бе деп отырғанмын. Алдыңғы күні «қыстақтың жайын біліп қайт, қора-қопсы бүтін бе екен», деп Долдашты аттандырып жібергенмін.

– Ендеше, осы шаруақойлығыңыздың керегі жоқ боп тұр. Күзеу де болмайды, өйткені енді аз күнде малыңызды түп-түгел өкіметке санап бересіз.

– Немене, табалағаның ба? – деп шамданды Омар.

– Жоқ, әке, сөздің расы сол. Сіз бен бізге жалғыз-ақ жол қалды – арғы бетке өту.

Бай өз тізесіне өзі өшіккендей, жұдырығымен ұрғылап отырып қалды. Әке мен бала арасында сәл үнсіздік орнағандай еді, есік ашылып, бұл тығырықтан сәл де болса да сүйреп шығарғандай болды. Кірген Рахия бәйбіше екен. Бағанағы аудыны басылған, именіп келді де тегенеге үңілді.

– Е, қымызды ішіп отыр екенсіңдер ғой, – деді әлде қуанғаны, әлде сараңданғаны белгісіз үнмен.

– Ауыз да тиген жоқпыз. Оспан ғой сыңғыта ішіп, тегенені басына қопарып кеткен, – деді Омар.

– Ой, сол сүмелектің де сұғынбайтын жері жоқ екен. Тамағыңа тас тығылғыр, – деп ортайып қалған тегенені түбінде қалған қымызын шайқақтата ала жөнелді.

– Сонымен не істейміз, ұлым? – деді Омар әйелі шығып кеткен соң. Қайранға ұрынған қайықтай лаж таусылды-ау.

– Сіз бен менің арамыз қандай жақын болса соншалық алыс, әке. Алыс болатын себебі – сіз қамыңызды жейсіз, ал мені қинайтын – қаймана қазақтың болашағы, ертеңі қандай күйге ұшырар деген қауіпті ой. Мен осыны уайымдаймын.

– Ел қамын жеген Едігемін деші. – Бірақ бұл мысқылының орынсыздау шыққанын өзі де сезді д: – Мен малқор болсам, қара басымның ғана қамы емес еді ғой. Жақсы атаның аруағы жаман баланы қырық жыл асырайды деген. Бұл дүниеден кімдер өтпеген. Ерте ме, кеш пе ажалдың арбасына отыра қалсақ, мына саған, анау қос қызым – Дүрия мен Гүлия тарықпасын дегенім де. Қазақтар малды өзі үшін жинайды дегеннің аузы қисайсын. Қазақтар малды – өзгелер үшін бағып-қағып келген. Қане, сол сайын далада мыңғырып жатқан малдың аш-арықтар үшін, мынау жалаңаяқ, жалаң бас келген жанды өкімет үшін керексіз болып қалғаны, қане?! – деп әңгімесін жуасытқан болды.

– Оныңыз рас, әке, өте орынды сөз. Сіздерден тартып алған малды сіздерше бағып-қаға ала ма? Менің күмәнданатыным осы тұс... Әлде қолды болып, қызыл сирақ күйде күлге ауаған түйедей қасынып қалып қоя ма? Сіз бен бізді қойшы, күні ертең көздеріне күйік болмай күн көрер жолын табармыз.

– Сол жолынды айтшы, жарқыным, созбаламай. Түсейін де безейін. Алды-артыма қарамай зымырайын егіз қызым мен жаман кемпірімді ертіп алып. Ал, өзің бастайсың ба, ересің бе, жоқ-ау тіпті қалып қоясың ба, еркің білсін.

– Сізге жөн көрсету, сізді бастау қандай оңай болса, жұртқа жол көрсету сондай қиын, әке. Дәл қазір сізге ере алмайтыным рас.

– Ендеше, өз қотырымызды өзіміз қасиық. Мен де қамсыз емеспін. Айтпағың арғы бет болса, онда да менің жұртым бар. Не бүгін, не ертең сол арғы беттен Таңатар келіп қалар деп отырмын.

– Сіздің де есебіңіз түгел-ау, әке. Егер ертерек еуропалық білім алып, әлеуметтік мәселеге аралассаңыз, үлкен бір саяси қайраткер болып кетер едіңіз, – деді Омардың алыстан ойлайтын, кеңінен толғайтын ақылды қулығына еріксіз сүйсініп.

– Оқығандарды көріп отырмыз ғой... Жылқының ерінен жығылып қалайын деп отырып, енді бүлінген елді басқарудан,

орысқа жалданып, шошқа бағу анағұрлым жеңіл шығар. Ал, балам, арбасып болсақ, алдағы күннің қамын ойлайық.

Шаңырақтан қиғаштай түсіп тұрған күн Тарбағатай тауына қарай құлдап кеткен секілді. Киіз үйдің іші біртіндеп алакөлеңкелене бастаған; үй сыртынан маңыраған қой, боздаған бота, кісінеген құлын, тебіскен айғырдың үні еміс-еміс естіле бастады. Мал қайырып, бие сауғызып айқайлаған кісілердің даусы да бағанағыдай емес, айқын да, ажарлы шығады. Жайлау кешінің қоңыр тіршілігі біртін-біртін айшықтана түскендей. Даладағы салқындық енді ептеп үйге көшіп, намаздыгер, намазшам арасында алдарына жер шарының картасын дастарқанша жайып тастап күбірлесіп отырған әкелі-баланы да жауратқан сыңайда, иықтарына жамылған тайжақты ішікті қаусырытады. Шал мен ұлының өзгені қойып, өзін суқаны сүймей оңаша отырыстарын сезген бәйбіше қайтып қайрыла қойған жоқ. Дәл осы кеште үлкен бір шаруаны түйіндеп жатқандарын ойша топшылады да қонақасы қамымен жүрді. Ымырт үйіріліп, көз байланған соң, Омар жер таяна тұрды да, ұлы Семейден әкеліп берген білтелі шамды жақты. Үй іші ала көлеңке сәуле тінте бастады. Төрдегі керегеге тұтқан қалың кілем үстінде күмістен шегелеп, қасында алтын жалатқан қазақы ер ілулі тұр еді. Шамның жарығымен қоздап ол да қоса жанды.

– Міне, мынау жер шарының картасы, әке, – деді Еркін алдарындағы жайнамаздай жайылған картаның бетін сипап. – Бүкіл дүниежүзі осы тоқымдай ғана қағазға сыйып жатыр. Ал, біздер ұзындығы үш мың, көлденеңі екі мың шақырым ұлан-байтақ қазақ даласынан қонатын қоныс, жайлайтын өріс таба алмай отырмыз. Және бір сөзіңізде арғы бет жайын қозғап қалдыңыз. Әрине, жалғыз түнге жалын деп жым-жырт ауып кету сіз үшін түкке тұрмайтын шаруа екенін де білемін. Бірақ, дәл қазір ерте секілді. Сол конфискацияны үндемей қарсы алсаңыз қайтер еді, әке. Онан арғысын көре жатармыз...

– Қызылтабан қылып итжеккенге айдап салмай ма?! Артымда қалған егіз қызым мен бәйбішемді, көзіңе айтайын, сен асырай алмайсың. Ана айдаһар Ратимаң бір күн шыдатпайды.

– Жоқ, әке, сіз мені әлі де түсінбей отырсыз. Арғы беттен Таңатар, Құландыдан Долдаш келген соң бұл мәселені түпкілікті шешуге болады. Айталық кәмпіске қазір басталғанымен

қарашаға дейін ию-қиюымен созылады және ол науқан ең әуелі қалаға жақын болыстардан басталуы мүмкін. Қиыр жайлап, шет қонып кеткен жұрттың ойға, қыстаққа оралуын тосады, демек ит арқасы қияндағы Құландыға тек қыркүйекте орталатып барып әрең жетуі мүмкін. Осы тәуекел деп тас жұта кіргелі отырған ісімізді біржола түйіндеп, ертең еру болып бүрсігүні қалаға қайтамын. Сіздерге келер конфискация комиссиясын барәлімше кешіктіруге әркет жасармын. – Қызып ұзақ сөйлегендікі ме, Еркін сөзінің аяғын ентіккендей шаршаңқырап барып бітірді. Шамның өлімсіреген жарығына тесіле қарап отырған Омардың тостағандай ала көзі алаулап, «әр сәулені жанарына көшіріп алғандай боздап тұр еді.

– Тәргі деген итіңнің ерте қапқаны не, кеш қапқаны не бәрібір емес пе?! – деді сол шамға қадалған қалпын бұзбай, тек бар үмітім тағдырда қалды. Арғы беттің ыңғайын да, бастап барар жолды да тек сол Малтыкөлден шыққан есі бүтін жалғыз адам Таңатар біледі.

– Мұндағысы да осалмын деп жүрген жоқ. Большевиктер қатарына өтіп алған, – деді Еркін.

– Кімді айтасың?

– Таңатардың арғы бетке бармай қалған ұлы Дарханды айтамын. Таңертең өзін осы сіздің ауылдан көрдім. Сәлем беруге жарамай аяғының басын қайқайтып жатып алды, ененді ұрайынның...

– Ертістің үстіне көпірді жалғыз өзі салғандай шалқақтап жүргені рас. Осы үйге де басын сұққан жоқ. Әкесіне тартқан тәкаппар неме көрінеді. Өзі жарылысқа ұшырап, мәңгіріп қалған дей ме немене...

Еркін әкесіне жалт қарап еді, ештеңеден хабары жоқ қаперсіз отыр екен.

– Иә, ондай уақиғаның болғаны шын... Егер әкесі арғы беттен келсе екеуін жолықтырмауға мейлінше күш салыңыз. Әйтпесе, барлық жоспарды бүлдіруі мүмкін.

Сықырлауық ептеп ашылып, ар жағынан Гүлияның қолаң шашы көрінді; табалдырықтан оң аяғымен жұмсақ аттап өтті де, өте майда нәзік үнмен:

– Әниім тамақ әзір болғанын хабарла деді, рұқсат етсеңдер әкелсек, – деп төмен қарады.

– Аздап аялдай тұрсын, өзім айтармын, – деді Омар. Қыз есікті ептеп жауып, шығып кетті.

– Сонымен, әке, менің ойым мынадай: қазір сіз Тарбағатай сілемінің арғы бетке өтер ең бір өкпе тұсында, ұрымтал аузында отырсыз. Анау Ақшоқыға созған қолыңыз жетіп тұр. Ал, Ақшоқының ар жағын мен біле бермеймін, Таңатар келсе өзі түсіндіріп айтар. Менің білерім, әке, арғы бет әзірше тыныш. Гоминдан өкіметі тым арыда, одан жетіп ел басқаруға мүмкіндіктері жоқ және қытай халқы да екі ұдай артыс-тартыс кезеңін бастан кешуде. Үрімжіде тек ұйғырлар, дүнгендер, қазақтар жүр тайраңдап. Егер, Таңатар бүгін түн келсе – ертең, ертең келсе – арғы күні түнде малыңыздың тең жартысынан көбін арғы бетке айдатып жіберіңіз. Шекара дейтін, қайбір жетіскен шекара бар. Қытай қорғаны емес, қалың жылқы әр жерден шошайып жүрген бірер солдатты тапап, жермен-жексен қылып өте шықсын, қуғынға түскен жылқының екпіні өрттен бетер екенін білесіз. Құланды-дағы қыстағыңызға бар болғаны жүз тұяқ қой, екі-үш үйір жылқымен түсу ләзім және бұл шаруаны қанын шығармай соятын, жүнін шығармай жұлатындай етіп, ың-шыңсыз атқарып жіберу керек. Таңатар мен Долдаш малды айдап арғы бетке өтті-ау деген шақта «барымта» деп айғай шығарсаңыз, милиция шақырып арыз айтып, тау-тасты қаңғып іздесеңіз, сонда ғана соттың сойылынан аман қаласыз. Әрине, сізге арғы бетке қазір-ақ өтіп кетуге болар еді. Оған еш мүмкіндігіңіз жоқ қой. Біріншіден, ол жақтың ау-жайын біліп түйіп үлгірмегенсіз. Екіншіден, менің естуімше Семейде де біраз қазынаңыз бар, оны да ебін тауып жинап-теріп алу керек. Үшіншіден (шаңыраққа қарап ойланып қалды), үшіншіден, мені тосуыңыз керек. Совет өкіметіне сия алатын түрім жоқ. Сыйдырса да сия алмаспyn, әке. Егер ағымнан ақтарылсам, мен қытай жеріне де тұрақтай алмаспyn. Бізсіз-ақ егізден, сегізден күшіктеп, алақандай жерді адамға толтырып жіберген ел құмырсқаша быжынап, енді аз жылда түрегеп тұруға жер жетпей қала ма деп қорқамын.

– Сонда қайда барып күн көресің? – деп бағанадан мүлгіп, ұлының әңгімесіне құлақ салып отырған Омар оқыс сауал қойды.

– Мен... мен Қытай арқылы Тайландқа жетіп, сол жерден кемеге мініп, Қызыл теңіз арқылы өзіңіздің тірідей арма-

ныңыз болып кеткен Мекке-Мәдинені көрсем, одан әрі Осман империясына өтіп кетсем бе деген ой мазалап жүр. Қалайда түріктер өз қанымыз, түсінер, түсінісерміз. Ал, Түркияға дәл қазір құрлықпен баруға жол жоқ. Тіпті түріктерге сыймаған күннің өзінде іргесінде иек тіреп Ауғанстан жатыр. Онда да біраз қазақтар бар...

– Үй-ішінді қайтесің? – деді Омар.

– Үй-ішім деген немене, ол да бір ұя. Мен ұшсам басқасы келіп жұмыртқа салар, балапан басар. Етекке оралғы болар кішкентайымыз жоқ екені мәлім, қайта-қайта «тұяқсыз, ұрпақсыз қалдырасың-ау» деп құлақ етімді жей беретін өзіңізсіз. Ратиманың өзі де ере қоймас, жағулы оты, салулы төсегі бар, қысырдың тайындай бұлғақтаған әйел, менің кеткеніме қуанбаса қайғырмас. Арғы жаққа аман-есен өтсеңіз, мүмкін сізді де азғырып көрерміз. Меккеге барар одан басқа жол жоқ.

– Әттең, – деді Омар көзі лапылдап, – әттең-ай, сол Меккені жалғыз рет көріп жан-тапсырсақ не арман?! Екі қызым қолбайлау болып тұр ғой. Түріктерге қымыз сатып-ақ жан сақтар едім.

– Түркияға аман-есен жетсек аштан өліп, көштен қалмас едік. Әсіресе, орыс, араб, түркі, ағылшын тілін бес саусақтай білетін мен үшін суға жіберген балықтай жүзетін бостандық туар еді-ау, – деп, Еркін де бір сәт көзі жасаурап армандап кетті. – Бірақ, марксизм деген ілім сол Қытайды да, Тайландты да, Ауғанстан мен Түркияны да қамтып бара ма деп шошынамын. Бұл діннің Мұхаметтің исламын жолға тастап кетер қуаты бар-ау. Түбінде әлемді билейтін коммунистер болуы және мүмкін.

– Ендеше несіне жылы орнымыздан қозғаламыз. Қайда барсақ Қорқыттың көрі екен, көрінген жерге күл төге бергенше, өз елімізде ұлтан болмаймыз ба.

– Коммунистер билігі Қытай мен Түркияға кеңінен тарағанша біз де бұл дүниеден көшіп кетерміз. Оның бәрін уайымдай беріп қайтеміз. Әйтпесе, сол арғы бетте қазірдің өзінде большевиктер белең алуда. Сондықтан да, Қытай жері біз ұшып, тек Түркияға өтіп кетер көпір ғана болып қалмақ.

Омар ауыр ойға батқандай тағы да үнсіздікке берілді. Оның көз алдына боқшасын арқалап ел кезіп күн көрер Құлаша деген шал елестеді. Қолындағы асасын серпіп тастап, ауылдан-ауылға

ауысып, жанын сақтау үшін қаңғып келіп жүруші еді жазған. Өкшесі қиқайып кеткен ескі етігінің ұлтаны түсіп қалып, оны кендір жіппен шандып, таңып алатын да, әлдеқайда алысқа лағып бара жатар еді. Мынау жалғанда қайғы-қасірет, қуаныш-қызық барынан мақұрым, өлі мен тірінің, бар мен жоқтың, бай мен кедейдің аражігін ажыратпай бәріне тегіс сәлем беретін, бәрінен тегіс дәм тататын, ешкімнен қорықпады, ешкімге жағынып жарамсақтанбады, жағасына жабысар жауы, жанашыр дос, туыс дегеннен тұл қалған Құлаша мүсәпір тірлігін әлемдегі ең керемет деген өмірге айырбастамас еді. Сонда жетім шалды мүсіркеп астына ат мінгізіп, үстіне әдемі шапан жаппақ болған жомарттарға Құлаша сақалын саумалап отырып айтыпты:

Біздің ауыл Ақшиде,
Сіз жолаушы бұл үйде.
Кімге жолдас болады
Опа бермес сұм дүние,

Аспанның асты қуыс, дүние – бок,

ер жігітке қайда барса таң атар. Арғымаққа бергісіз аяғым бар, атқа міну не теңім. Бұл қазақтың табаны жерден екі елі көтерілсе, құдайын ұмытады. Қайғысыз қара суға семірген тыныштықтан артық бақыт бар ма?

Құлашаның «ғұламалығы» ол шақта жүрегін май басқан Омарға жындының сандырағындай естілген әрі өлердей жек көріп, бес бересі, алты аласысы болмаса да суқаны сүймеп еді. Қатынының қойнына барғандай өшігіп, бұл ауылға жолатпай қуған. Өлі есінде, Екірекейдегі құдаларынан қайтып келе жатқан жолында болар, Аякөз өзенінің жағасында беті-қолын жуып, демалып отырған Құлашаны жолықтырды. Ат үстінде тұрып берген байдың сәлемін алмай бажырайып бетіне қарады да алақанындағы мөп-мөлдір суды ұрттай берді. «Ей, қаңғыбас қақпас, – деді Омар шіреніп тұрып, – сәлемімді неге алмайсың?» Шал сонда да үндеген жоқ, өзеннің ағысын қызықтағандай жақ ашпастан отыра берген. Бұдан соң қымызға қызған бай қолындағы сары ала сапты қамшысын жерге әдейі түсіріп жіберді де:

– Қамшымды әпер! – деп жекіді. Құлаша отырған орнынан тырп етпеді, меңіреу адамдай алысқа, сонау көкжиекке қарады. Осы кезде аттан лып етіп түскен інісі Долдаш Омардың қамшысын әперді де:

– Қайтесіз дәруіш шалды әурелеп, қайбір жетісіп жүр, – деп ақылға шақырған.

– Мұрын-сыбанда Омардың сәлемін алмайтын түү Семей, сонау Өскеменнен бергі сыңсыған қалың найман ішінде Омарға сәлем бермейтін ұл туған жоқ! – деп, ақ шыт көйлегі шып-шып терге малынған Құлашаның арқасын ала қамшымен осып өтті. Шал сонда да қыңбады. Ауырсынған да жоқ. Үзеңгі бауын сегіз қабаттан тағып серпіген шонжардың қамшысы тулаққа тиген сабаудай болған да қойған.

Өлмелі шалдың қайратына қайран қалған Омар өз-өзінен тіксініп еді. Жүрегі мұздап, түбі келер бір жаманатты сезгендей іші сыздап сала берген, шүйкедей ғана қаңғыбас Құлашаның айналып соғар киесінен қатты қорыққан.

Ол кезде Омар бүгінгіден әлдеқайда жас, ортекедей орғып тұрған шағы еді. Өзінің өрескел ісін кеш, енді ғана аңғарып, бойынан жылан жорғалап өткендей тітіркеніп қалды.

– Ей, Омар – деген дәруіш шал қыран бүркіттей шаңқ етіп, – өлсең – көрінді көрсетпе. Әйтпесе, мынау тізең батқан сыбан молаңның басына күнде барып дәрет сындырады. Саған айтар ақылым сол... сол... сол... – Өлі күнге ызындап құлағында қақсап тұр. «Өлсең көрінді көрсетпе, өлсең көрінді көрсетпе...» Өзі де бірте-бірте... сол... сол – Құлашаға айналғанын сезбей қалыпты-ау. Сезбей... «Ол менен әлдеқайда мықты, бақытты ғұмыр кешкен екен-ау. Қазақтың далиған даласында мен қаңғырар жер жоқ, тілі де, діні де жат жұрттың «Құлашасы» болудан асқан сорлылық бар ма, тәйірі. «Жоқ! Жоқ!» деді ішінен бір үн. Ол үн Омарға қаңғыбас шалдың даусына ұқсаған.

– Ойыңызға не түсті? – деді Еркін әкесінің қызылы қашып, қуқылданған бетіне қарап. – Ажарыңыз сынық қой.

– Бұл дүниеде бүп-бүтін болып тұрған не бар дейсің? Бақыт деген құстың, егер бар болса, бір қанаты сынық па деймін. Күні кеше ғана «Омеке, Омеке» деп тізгініме оралып, тауығым болып шырқ айналып жүрген талайлар әлден сырт бере бастады. Ертең-ақ етегімнен тартып, ерінін шығармасына кім кепіл. Апыр-ай, – деді бай бұдан соң көкірегіндегі көкжалқак запыраннан арыла алмай, аса қиналған қажыспен аһ ұрып. – Апыр-ай, айналдырған алты-жеті жылда ғасырлар бойы қаймағы бұзылмай тұрған қайран ел астан-кестең боларын кім ойлаған, кім болжаған?

– Халық та сәби емес пе, әке. Шымшысақ жылайды, тербетсек қуанады. Боздағынан айрылған бозөкпе елде қайбір ақыл-ес қалды дейсіз. «Ура!» – дейді де ұра береді, ұрып алып ілгері тарта береді. Кімді ұрғанын, неге ұрғанын, қайда бара жатқандарын өздері де білмейді. Сен, соққан балық секілді халде. Алданар, қатты алданар...

– Қара жерге қар жауса қақ тұрушы ма еді, ұлым. Ал, түннің бір уағы болды, тысқа шығып бой жеңілдетіп қайт. Оған дейін шешеннің тамағы да дайын болар, – деді де Омар қолын таяна еңкейдеп, алпамсадай шомбал денесін әрең игергендей орнынан тұрды. Әңгіменің қызуымен байқамаған ба, Еркін малдас құрып отырған аяқтары ұйып қалған екен, шымырлап жанын шығарған соң, ауырсынып кешеуілдеп қалды. Уқалап, әрі-бері созып қанын тарқатты. Үйден әкесі шыға бере іле-шала шешесі кірді. Үйелеген малдай тыпырлап, тоңқандап орнынан тұра алмай жатқан баласын көріп, әлі де сынын бермеген әдемі қылықпен сынғырлай күлді.

– Ұлым-ау, екі жастың біріне келмей бөксебасты болып қалғаның ба?

– Жұрттың бәрін өзіңіздей көресіз-ау, әни. Адамды қартайтатын уақыт емес, уақиға секілді. Қазір отыз жеті жаста деп мені кім айта алар...

– Мен үшін тоқсанда болсаң да баласың, – деді Рахия ұлының мандайынан сүйіп. – Қолдарыңды жуып бір-ақ келіңдер. Кешкі асқа бөтеннен ешкімді шақыртқаным жоқ. Өзіміз болып оңаша отырғым келеді. Желдеген иттей танауын көтеріп, осы үйдің түтінін аңдып жүргендер көп-ақ. Қайсысының бабын табайық, асыңды ішіп, аяғыңа түкіріп отырады бұл қазақ...

– Мен де, әкем де сол қазақ, – деді Еркін әзілдей құшақтап.

Ақжайлаудың баркыт түні ұйып тұр екен. Тарбағатай тауының құншығысынан ыңырана көтерілген ай мұқым әлемді ақ сүт сәулеге орап, мәңгі жуас, жым-жырт мінезбен алқаракөкке баяу өрмелеп барады. Осынау далада байқала бермейтін ақ боз түн, жылқының жусағанындай мамыражай тыныштыққа, уыз тазалыққа батқан жайлау түні өзгеше бір бой жазған баладай күнәсіз, әрі аяулы үнмен әлдеқайда алысқа әлдилеп алып кеткісі келеді. Аса ырзалық пейілмен буалдыр да бұлдыр мұнарға сіңіп, мынау жүйке тоздырып, миыңды шірітер жарық дүниеден мүлдем қоштасып, қол

бұлғамай-ақ қоштасып, мәңгілікке адасып немесе мәңгілікке көз жұмып жаныңды жай таптырғың келеді. Өзін бұрынғыдан бөлекше сөзінген Еркін киіз үйден далаға шыққанда «ишай» деп бір рет тітіркеніп алды да, әлгіндегідей қияли сезіммен ай астында қарабарқынданып жатқан қалың қатпарлы жотақыраттарға беттеді. «Артыңа қайрылмай осы қалпыңда жүре берсең – жүре берсең, шіркін»,– деп ойлады. Жүре беруге болмайтынын, өмір-бақи жүре беру ешкімнің мандайына жазылмағанын және пайымдады. Жер, аспан, күн мен айдан, анау жымиғаны болмаса бойының жылуы жоқ жұлдыздардан өзге заттың мәңгілік еместігі есіне түсті. «Тіпті, осылардың өзі мәңгілік пе екен?» – деген сықылды пікір түйді. Дүниедегі не нәрсеге де күмән келтіру – осы айналдырған он жылдың нәтижесі-тін. Баяғыда әсте де олай емес-тұғын. Баяғыда әлемдегі барлық зат өз атымен аталатын, күні – күн, айды – ай, жерді – жер, жаманды – жаман, жақсыны – жақсы, байды – бай, кедейді – кедей деп білетін. Бұған дейін тек сондай нақты ұғым қалыптасқан. Бақса, мүлдем олай емес екен. Күн мен ай, жақсы мен жаман, бар мен жоқ, бай мен кедей ауыса береді екен. Бәрі бір-бірімен теңесе алады екен. Осы «екен» деген сөздің өзі Еркіннің аузына түссе төбе құйқасы шымырлайтын болды. Неге ғана мынау жаһандағы тіршіліктің бәрі-бәрі «екенге» айналып барады. «Возможно! Почему все возможно, а почему невозможного нет». Дауысым шығыңқырап кетті-ау, ешкім естіп қоймады ма екен деп (тағы да «екен») жан-жағына жалт қарады. Жерошақтағы оты жылтырап, түгін сасыған киіз үйлерден ұзаққырап кетіпті. Өрге қарай жүргендікі ме тынысы ауырлап, еңтігіп тұр. Бұлай жөн-жосықсыз өрмелей беруге болмайтыны енді ғана есіне түскен ол артына қарады. Ауыл жылт-жылт етіп анау етекте қалған. Ең әуелі көзге ұрған зат, ай астында оқшауланып маңқайып тұрған әкесінің ақ отауы болды. Мына қалпында томағалы бүркіттей томсарып, ішінде балапаны шайқалып жатқан жұмыртқадай ақ жұмыр болып айбындана көріністенеді. «Аз күнде шаңырағының күйреп ортасына түсерін білмейді-ау жазған»,– деп күбірледі Еркін. Бұған шейінгі орысқа да, қазаққа да дес бермей келген жүрегі ауырлап соғып, дертті күймен шаншығандай болды. Түнгі салқын ауа тоңазытқан денесін арқасына жамылған ішікпен қымтай түсіп, Ақжайлаудың ертеқсынды әдемі түнімен

коштасқандай көзіне жас ала күрсінді. Ол, қазақтың ат үсті өмірі, малын шұбырта айдап, көшіп-қонып жүретін бейқам тірлігі мен айрандай аптап, күбідей піскен ескілік дәстүрін жүрегі елжіреп, шыншыл көңілмен жақсы көруші еді, мейлі алыста жүрсін, жақында жүрсін сартап сағыныш, сағымды үмітпен ауық-ауық есіне алатын. Қазан университетінде оқып жүргенде, қолы қалт етіп босаса болды қос ішек домбырасын тыңқылдатып, осынау ақшағала киіз үй, осынау үйездеген үйірлі жылқы, ақтылы қой, маң-маң басқан сары атан, саққұлақ иттеріне дейін көз алдына елестетіп балқи еріп, ыңылдап ән айтатын. Өз жерін бар ділімен құлай сүйген жастың ешкімге, еш нәрсеге бағынбайтын ішкі жан сарайына қашап жазылған асыл мұраты, көңілінің бас білмес асау арғымағы, бөтен ұғымдарды мойындамайтын бірбеткей мінезі мен соқыр да болса таза махаббаты еді.

«Аллам-ау. Мейлі қайда, қай елде жүрсем де сонау әкем тіккен, ата-бабадан қалған киіз үйдің отын сөндірмесін, шаңырағын отқа күйдірмеспін, – деді ол әлденеге айыл тартып тас-түйін бекінгендей. Бұл күбірі өз-өзіне берген сертіндей – боз қасқаның қанымен ант-тасқыннан сыңар сүйем кем шыққан жоқ. – Уа, балалығымның базары болған Ақжайлау, күн жауғанда қойнымда, күн шыққанда мойнымда болар бойтұмарым-ау, қайда жүрсем де жебеп, қолдай гөр». Ерсілеу екенін сезсе де көңілі толқып, осы сөздерді айтып қалғаны рас еді. Мұның барлығы табиғат иеміздің алысқа ұзап, өз ұясын қайта тапқан баласын құрсағына салып аялап, қайта тудырғанына сайды. Ал, табиғат-ана үшін баласының жақсы-жаманы жоқ, бәрі бірдей. Осы тұрысында Еркін қазақтың ең бір арқалы азаматы ретінде сезінді, әрі өзі осы ұғымға құдайдай сенгендей самал саулаған омырауын аша түсіп, кеудесін шалқақ ұстады. Ол қазақты жақсы көру, жылына жалғыз рет келіп жылқы сойғызып, көкпар тартқызып, алтыбақан тебумен шектелмейтінін әсіресе, қырық масайып, қалаға артынып-тартынып қайтып кетумен дәлелденбейтін саналай алған жоқ-ты. Алыста жүрсең, биіктен карасаң бәрі жақсы, жайнаған өмір, сайраған құс, ал ішіне үңгі үңілсең маскара-ай, төбе шашың тік тұрар қайшылық быжынап жатыр-ау. Қазақ деген жұртына табынғанда, тек бейнесіне ғана ғашық болып, күңгей жағына ғана қыздырынып, әнін ғана тындап әсерленіп келген мырза жігіт анау Дархан,

Қамбарлардың халін түсіну үшін қайтадан лашықта туу керек екендігін және бағамдады ма, мұны ұғу үшін көз майын тауысып соншалық көп оқып, езу көпірте көп сөйлеудің түкке қажеті жоғын сараптай алмады.

– Ереке, жаурап қалған жоқсыз ба? – деген оқыс үн өз ойымен тұрған Еркінді шалқасынан түсіре жаздады. Сасқанынан «а» деді артына жалт қарап.

– Жайлау түні салқын ғой, тоңып қалған жоқсыз ба деймін.

– Е... Сен бе едің? – деді есін әзер жиғандай. – Түн баласында елбеңдеп неғып жүрсің?

– Иә, менмін, өзіммін ғой, Ереке, – деді Оспан мүләйімсіп. «Түн ішінде ербиіп неғып тұрсың?» деп сұрасам ғой өті жарылардай ашуланар еді деп ойлады ішінен.

– Бұл не жүріс... Түзге отырғаныма дейін аңдып, соңынан қалма деген нұсқауың бар ма еді? – деді Еркін, Оспанның сұғанақтығын жақтырмай. Жаны қалмай жарамсақтанып жүрсе де осы жігітті суқаны сүймейтін. Оң көзін ағызып, құныкер өз әкесі Омар болып қалғаннан бермен, тіпті бай үйінің табалдырығын тоздыруға айналды. Ақсақ иттің көңілі ар жақта деп, егіз қарындасының бірінен дәмелі көрінеді. «Дегенмен, – деп ойлады Еркін, – жылына бір қоғам өзгерсе де өзгермейтін, сіңісіп кете берер көңтері, көзқарастан, идея мен принциптен жұрдай осы іспетті әпербақан, жандайшаптардан сақтану керек-ау. Мұндай ақкөт торғайлар қандай өкіметті де ұшпаққа шығармас. Қандай да болмасын қоғам түбі осы типтес адамдарға қарсы күрес ашу керек. Біле білсе, бұлар бүкіл адамзаттың жауы».

Қаратаяқ жігіттің әлдебір ойға беріліп, үндемей қалуы Оспанды жат пиғылға жетелеген. «Оқымыстылардың бәрі оскырынып тұра ма, жоқ болмаса, шешесіне тартқан кербез ит пе... оқтау жұтқандай ошырайғаны несі. Үстіңнен домалақ арызды ысқыртып жіберсем Оспанның кім екенін таныр едің бәлем».

– Ереке, менің келгеніме едәуір мезгіл болды. Рахия әни (бүкіл ауыл осылай атайтын) жіберіп еді, тамақ суып қалды дейді. Келуін келсем де ауылмен қош-қош айтысқандай күбірлеп тұрған түріңізден сескеніп, дыбыс беруге батылым жетпеді.

«Осы соқыр иттің адамның ойын оқитын көріпкелдігі бар ма», – деп іштей сескеніп қалды.

– Үйлеріңізге алыстан жолаушы келгенге ұқсайды. Кермеде үсті-басы ақ көбік болып тер басқан ат байлаулы тұр. Біреу емес, бақандай екеу, – деді Оспан әлі де жауаптаспай шіреніп тұрған Еркінге қарап. «Атаңа нәлеттің айға шағылысқан жүзінің сұлуын-ай, анау жарқыраған көз бе, әлде шамшырақ па ойып жасап қойған?»

«Олар кімдер екен, – деп ойлады Еркін елегізіп. – Апырай, арғы беттен келген Таңатар болмасын, әлде ойдан оралған Долдаш па екен? Қой, тезірек барайын».

– Солар, – деді Оспан жанасалап.

– Соларың кім? – деді Еркін таңырқағандай. Ішіктің шана шалғайын жинаңқырап ұстай етекке құлады.

– Таңатар мен Долдаш болар.

«Астапыралла, жын ба, шайтан ба, бәтір-ау? Рас, адамның ойын білетін қызыл көз бәле болып жүрмесін. Әкеме ескертіп қою керек екен, сақ жүрсін, мынауың сау сиырдың жапасы болмай шықты».

– Долдаш десең жаны бар, ал осыдан бес жыл бұрын арғы бетке өтіп кеткен Таңатар деген жорамалына жөн болсын.

– Ол кісінің ел жайлауда отырғанда бір соғып кетер әдеті. Байғұс Дархан әкесінің ары өтіп, бері өтіп жүргенін білмейді-ау, – деді Оспан.

– Ендеше, ол бұдан былай білуге тиісті емес, – деді Еркін жанында желдей есіп келе жатқан жалғыз көзді жігіттің жеңінен тартып аялдап. Ол осы сынаптай толқып, жал-құйрығын ұстатпай лыпып тұрар Оспаннан сыр жасыру тіріде мүмкін еместігіне күмәні қалмаған. «Заман осынікі екен», – деп пікір түйген-ді.

– Осы ауылдағы ендігі естияр өзіңсің, Осеке, кейін бір ретін тауып кеңінен сөйлесерміз. Бағанағы ашумен айтылған айғайымды көңіліңе ауыр алған жоқсың ба? Шынымды айтсам, талағым тәре айрылып шаршап отыр едім.

– Жоға-ә, Құдай, несіне ренжимін! Өзім де уақытсыз уақытта барып қалғанымды артынан білдім. Менің де сізге ғана айтар өтінішім бар еді, Ереке. – «Япыр-ай, а, бұл кісі қас пен көздің арасында неден сескеніп аунап түсті», – соңғы сөзді ішінен айтты.

– Қолымнан келетін іс болса аянбаспын. «Ал енді бұл тас кенеше жабысты, мықты болсаң құтылып көр», – бұл сөзді бұл да ішінен айтты.

– Сіздің қолыңыздан зымырап бара жатқан поезды токтату да келетін шығар, – деп көпшікті мықтап қойды. Өз ғұмырында поезд дегеннің атын естігені болмаса, әлі көре қоймаған, әйтеуір айғырдай арқырап, түйеше боздаған жойқын мүлік деп естіген.

Ақжайлауды Омар енді біліп, ат жалын тартып мінгелі жайлап келеді. Жазғы қақтама ыстықта дүниенің бәрі-бәрі өртеніп кетейін деп тұрғанда шалқар қонысты, кең төскейлі болып, әр тұсы текшеленіп биіктеп, асымен таласқандай болып асқақтап кететін жонның алабөтен салқыны болушы еді. Малға от қайдан да табылар-ау, байды қызықтыратын Ақжайлаудың осы үзіліп-үзіліп майысып соғар ерке самалы-тын. Қазір тамыз тамамданып, күзге білек артқан мезгілде әлгі қылығы мол, жуас самалдың демі қатқылданып, бой мұздатар суық желге айналыпты. Ой жетегінде тұрып жаурағанын аңдамай қалған Еркін, оты жылтыраған үйлерге жақындаған сайын тісі сақылдап, өне бойын діріл билегенін сезіп осыншама жыраққа шығандап кеткеніне өзі де қайран қалып келе жатыр. Сонау өзекте ирек тастап, тоғай арасынан оқыстан көрініп қалған үзігі ай сәулесімен тіл табысып, беті айнадай жарқырап жатқан өзеннің балаша былдырлаған үні құлаққа еміс-еміс талып жетеді. Сол мың бұралып, бірде жіңішке сызық жасап, енді бірде айдындана етекке қаша аққан өзеншенің өнірінде, сол өзеннің жағасына қадаған күміс түймесіндей болып тізіліп ақшұбар ауыл жатыр. Жақындаған сайын ақ үйлер айбындап, қарашасы тұнжырап түн тыныштығына бой ұсына қалғыған. Ерте бастан сулы сылпын тамағын ішіп алып, жым-жырт жатып қалғандары да бар секілді. Осы сәтте өзеншенің арғы жағалауы тұстан лып етіп, жер мен көкті жап-жарық қылып, жалыны жыланның тіліндей сумаңдаған аумақты от көрінді. Алғашында шошынып қалған Еркін, соңында сүмендеп иттей еріп келе жатқан Оспанға бұрылып:

– Бұл не, Осеке, өрт емес пе? – деп сұрады.

– Атаңа нәлеттер-ай, тыйым салсам да тыңдамапты-ау, анау екі жынды – Қамбар мен Дарханды айтамын, бүгін де алтыбақан құрыпты. Солар жаққан от қой, Ереке.

– Жақсы екен... – деді ол күрсінгендей болып. – Қазақ дәстүрінің, ойын-күлкiсiнiң ең ақырғы қайырмасы секiлдi екен... Ұзақ айтылған әннiң соңғы әуенi ғой әуелетiп жатқан. Ойына келгендерiн iстесiн, әзiрше тие көрме, жарқыным. Ал ертең анау екi жiгiттi маған шақырып әкел, ақылдасар шаруа бар.

– Мақұл, Ереке, мақұл. Алдыма салып айдап келемiн. Кермедегi таң асып, суып тұрған қос ат бұларды көрiп елеңдеп, оқыранды. Еркiн киiз үйдiң есiгiн ашпай тұрып Оспанға айтты:

– Осеке, осы бастан келiсiп алайық, Дарханның осы жайлауда екенiн әкесiне айтпайсың. Ал, Дарханға Танатардың келгенiн сездiрмейсiң. Әке мен баланың табыспауын өз мойныңа ал.

– Мақұл, Ереке, мақұл. Тастай батырып, судай сiңiремiн ғой, – дедi шыбындаған аттай басын шұлғып.

«Заман осылардiкi, – дедi iшiнен. – Осы секiлдi дүмбiлез, дүбәрә қу жiгiттердыкi-ау».

– Ассалаумағалейкум, – деп табалдырықтан аттады. Тәрде жағалай отырғандар:

«Уағалекисаламын» айтып қопандап орындарынан қозғалып едi, Еркiн «отыра берiңiздер» деп, өзi барып қолдарын алып шықты. Қала рәсiмiн үйренiп қалған, тегiнде қандай жаңалық болмасын тiзгiн ұшынан қағып алар қыр қазақтары қауырласып алақандарын қалақ ағаштай қақайтып Еркiнге соза берген. Осы есендiктiң өзiн үлкен мәртебе көргендей көңiлдерi тоғайып, иықтарын қомдасты. Еркiннiң соңын ала кiрген Оспан да қолын шошайтып отырғандарға ұмтыла берiп едi, Долдаш: «Саған не жоқ, қысқа күнде қырық рет амандасып», – деп қағып жiбердi.

– Аманның артығы жоқ, – дедi ол саспай. Бұдан соң Долдаштың iргесiн ала «ары отыр» деп ығыстыра жайғасты.

Әкесiнiң оң иығын ала отырған Еркiн ер-тұрман iлiнген кiлемдi қанатқа шалқалай, жап-жалпақ арқасын тiреп төбедей болып отырған Танатардан көзiн ала алмай бiр сәт iркiлiп қалды да, өзi де қанығына жетiп, түйсiктеп бiтпеген жасқаншақ сезiмге бөлeндi. Жалғыз атты сiңiрi шыққан кедейдiң «осы үйде тiрi пенде бар-ау» деп көзiне iлмей, теңдерiне тәкаппар жүзбен төңкерiле қарап, маңғаз қимылмен манаурайды арысың... «Баяғының батырлары осындай-ақ болар», – деп ойлады Еркiн.

Содан соң ертеректе, бала кезінде уақиға сылаң етіп есіне оралды.

...Осы Оспанмен асыққа таласып, төбелесіп қалды. Шыбық тимес шынқ етер көкдолы. Оспан баж-бұж етіп жеті атасына түсіп қиянаттаған. Еркін серейтіп жығып салып, екі бүйірінен тепкілесе де тілін тартпай: «Сен Таңатардың баласысың, шатасасың»,—деп қайдағы-жайдағысын қопарып, ата-тегін тексеріп еді. Бұл сөз артынан байдың, құлағына жетіп, көкірегі қарс айрылып үш күн үйден иімікпей сұлап жатып алған. Жүрегіне шер боп батқан шерменде он жылдан соң жарылды. Ақыры ебін тауып Оспанның көзін ағызды. Таңатарды азғырып арғы бетке көшіріп жіберген. Ал, Рахия жұмған аузын ашқан жоқ, төркініне есен-сау табыс етейін деп бекінсе де мұқым Семейді бір шыбықпен айдап, аюдай ақырып отырған саудагер атадан сескенген. Тек, ішінде кесек мұзға айналып, бакилыққа қатқан кекті мұң кешірім таба алмай бұлқынып анда-санда тондыратын, шілденің ыстығында да қалтырататын-ай. Әлгі уақиға, терең қазып, тепкілеп көмген қасіретті уақиға келмеске кеткендей еді, енді міне, араға жылдар салып, Таңатармен бірге еріп келіп отыр. Жол ұрып шаршаған қалың сақал, қара мұртты алып адамның даладай жалпақ бетіне әкелі-балалы екеуі бірдей көз астынан ұрлана қарап еді, ол жайын жүз, суық қайратпен қалғыңқырап, жанарын ашып-жұмып кәперсіз отыр екен. Омар қызғана, Еркін қызыға үңіліп, үнсіз тілдескендей болды.

— Ақсақал, арғы беттің жаңалығын айтпадыңыз ғой, — деді Еркін, бұдан әрі тым-тырыс отырудың жөн-жосығы жоқ екенін сезгендей. Жарланып біткен қалың қабағын сілке көтеріп, көзін бағжаң еткізіп, ашып жіберген Таңатар, аузын түйенің табанындай алақанымен далдалай есінеп алды да, бет-аузын уыстай укалап ұйқысын ашты.

— Арғы бетте тыныштық, шырағым, — деді кеудесін көтере отырып. — Желісі үзіліп, желбауы қиылмаған мамыражай өмір. Құртын қайнатып, өресін жайып отырған қазақтар; саумал аңқыған, тұнығы шайқалмаған ескіліктеміз. Дұңған, ұйғыр, ілеуде бір қытайды көреміз. Ептеп баяғыда өтіп кеткен орыс көпестері де тұрады. Қашанға барарын кім білсін, әйтеуір қой үстінде бозторғай жұмыртқалап тұр ғой.

— Апыр-ай, ә, — деп тамсана таңдайын қақты Оспан.

– Ол жақтың өз Оспаны бар ғой, – деді Танатар босаған жақта тыпыршып отырған ауылнайға қарап, содан соң оған менсінбей иегін қағып:

– Төрелігің құтты болсын, шырақ! Атқа мініп, ел билігін қолға алыпсың, естіп жатырмыз.

– Үні қаншалықты қоңыр, байсалды болғанымен ұққан адамға ашутастай мысқыл барды. Дәу шалдың бұл ілтипатын кекесін деп түсінбеген Оспан екі езуі құлағына жетіп рахатқа багты.

– Рақмет, ақсақал, япыр-ай, сіздер де естіп қалғансыздар ма, жақсылық жатпайды екен-ау. Жаңа өкімет сеніп тапсырған соң талаптанып жүрміз, әйтеуір.

– Бұл жігіттің ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұр,– деді Долдаш насыбайын атып.

– Ауылдағының аузы сасық, деп бекер ғайбаттап келіппіз.– Омар қарқ-қарқ күлді. – Баптап салса барымтаға түспейтін азамат бар ма? Арқандаулы аттай ширғып, қыран құстай іштей түлеп жүріпті батырың. Жүген-құрықтан құтылған соң өзіңіздің ардакүрең жорғаңыздай майтаңдай жөнелді. Тек ұзағынан сүйіндірсін...

– Әумин, айтқаныңыз келсін, Ом-е-ке, – деп жетісті Оспан. Ауылнайдың астарлы сөзді түсінбейтін осыншалық аңғал, жетесіздігі Еркіннің бағанағы бір сескенісінің уытын қайтарғандай еді. Бірақ қулығына құрық болмайтын монтаны Оспанның сан қырының бірі ме деп тағы айныды.

– Ол жақтағы Оспан да екі аяқтыға жеңістік бермей тұр. Ғайыптан зулап келіп, Құдайдың ажалынан сақтаса түбінде өзін хан сайлайтын түрі бар. Алтайдың арыстаны секілді, бет алысы арынды,– деп еді, дәу шалдың бұл мақтауын осындағы Оспан ұнатпай қалды.

– «Ит жоқта шошқа үреді қорада» деген ғой, ақсақал. Егер әкім мынау отырған Омекең мен Ерекеңдер алқұлымдап сол арғы бетіңізге бір өтіп алса, сіз бөстірген Оспан бұл кісілердің қолына су құюға жарамай қалар еді.

Отырғандар оның беті бүлк етпей айтқан бұл сөзін естігенде төбелеріне жаумай жасын түскендей әрі-сәрі әсерде болды. «Айтқаным айнымай келді, – деп ойлады Еркін, – қалай-қалай орағытады. Біз емес, мұның өзі мазақ етіп отыр екен-ау, сақтану керек екен, сақтану...»

– Не нәрсеге де сақтық керек қой, ақсақал,– деп бір жамбастады Оспан.

Еркіннің есі шығып кетті. Рас шығып кетті білем, көзілдірігін қайта-қайта алып сүрте берді.

– Қазір заң жаман, біреу болмаса біреу сезіп қалса, жоғары жақ хабардар болып інімізге су құйып жүрмесін. «Бергі бетке өтсін» деген рұқсат қағазыңыз бар ма, ақсақал?

– Әй, суырдың айғырындай аңқитпаған неме! – деп ақырып жіберді дәу шал. – Мені тергейтін дәрежеге қашан жетіп едің?! Бай лақтырған сүйекке итпен қоса таласып жататын күшік, не маңырап отырсың?! Арғы бет, бергі бетті қойып, арғы дүние мен бергі дүниеде де мені қорқытатын адам жоқ! «Шабаннан – желмес, сараңнан – бермес туады» деген, әкең екі итке ас бөліп бере алмайтын ынжық еді, балта сабынан озар деймісің, тәңірім.

Үй іші дүр сілкінгендей болды. Ертеден, тым көп уақыттан бері саңқылдаған асқақ үнін ести алмай, маужырап тұрған әдемі ыдыс-аяқ салдырлап, ақ отаудың түңлігі желпінгендей дүмпиіп, айызы қанды-ау. Булыққан ашуын зорға-зорға ақылға жеңдірген дәу шал, кісесіндегі сары ала сапты пышағын суыра жаздап барып, сап-саппен мықынын таянды.

– Сабыр, сабыр сақтаңыздар, – деді Еркін құрақ ұшып. Бұл Оспанды аяғаны емес, жіңішкелеп басталған жуан жоспарды бүлдіріп алмаудың амалы-тын.

– Жоқ-ау, тіпті, осы үйдің абызы осы секілді. Босағадан аттағаннан бері ауызы өрге шыққан өгіздің көтеніндей бүлкілдеп бір тыным тапсашы.

Алқа-қотан отырған жұртты шарасыздықтан құтқарған Таңатардың соңғы сөзі болды. Мырс етіп бәйбіше бастады да қалғандары қағып алып ұзақ күлкіге басты. Ал, Оспан болса қыңған жоқ, ұялмады да, әсіресе қарқылдап, біресе шикылдап, маз боп күлген өзі болды.

– Япыр-ай, тіліңіз тотяйын-ау, Тәке. Қандай тауып айттыңыз... Қарағайдың қарсы біткен бұтағы едіңіз, өзгермепсіз дәушалым. Сізге дауа жоқ,– деді қарнын басып. – Түу, ішегім түйіліп қала жаздады-ау. Көптен бері Рахия жеңешемнің де көңілденіп, көсіле күлгенін көргенім осы...

– Әй, ит-ай, – деді Долдаш шыт орамалмен көзін сүртіп,

– саған да дауа жоқ екен ендеше. «Қыртты езген жеңеді, езгенді Құдайдан безген жеңеді» деген осы-ау.

Осы сәтте есік сықырлап ашылып, күң әйел самар астауға салған етті буын бұрқыратып дастарқанға қойды. Бүгін азанда сойылған тайдың төңкеріле аударылған жас қазысы, жал-жаясы мен кеңсірігі сара тілінген қазақы қойдың езуі ырсиған басы – әлде өтірік, әлде шын басталған көңілді қозғалысқа жарастық қосқандай ажар таныта келді.

Бата жасалып, жапатармағай асқа кірісті. Дәу шалдың Оспанға сілтенен жаздап, қынында қалған қайраулы пышағы жүзі жарқырап, қара қойдың басын жәукемдей жөнелді. Омар мен Еркін ет кескен жоқ, шуатылған қазы-қартаны Долдаш кершеулеген. Бір-екеуін дөңгелете ойып алып таңдайына тастап та жібереді.

– Осеке, сен де қарап отырма, – деді Омар кең пейіл танытып. – «Бұтақсыз ағаш июге жақсы, бұлтақсыз сөз күлуге жақсы» деуші еді атам қазақ. Аузын ашса жүрегі көрінген адал азаматсыз ғой, дәу шалдың ұрысқаны өзіңе майдай жақты білем.

Итаяққа аузы жетпей қыңсылаған байлаулы иттей, сілекейі шұбырып отырған Оспан «қатқанының басы» деп, шіренген байды ішінен келістіріп балағаттап алды да, туралып жатқан жамбасқа жабысты. Сөйлеп үйренген аузы бұл ретте де шыдам таба алмаған.

– Әлгі... Омеке деймін, сіз айта беретін атам қазақта мынандай бір сөз бар екен:

Ел арқанын көп тарттым,

Қане қолымның жарасы.

Ел бақырын көп астым,

Қане қолымның қарасы, – деген екен... Әбден дұрыс айтылған сөз, – деп өз уәжін өзі қуаттап, бісмілласын ұмытпай бір кесіп ет асады.

«Дегенмен мынауының түбі тесік тегене болды», – деп ойлады Таңатар. Тіпті, ішінен сүйсініп те қалған.

«Бәрібір іштен шалып отыр, – деп ойлады Еркін. – Атан ұрласа да айыбын мойнына алмайтын безбүйрек екенін кім білген. Дүниежүзіндегі бүкіл дипломатия мен мемлекеттің заңын жақсы білсем де, мына соқырды соттар статъя табылмас, әй табылмас. Дәл мына алаяқты жазалайтын заң жазылмайтын

да шығар-ау. Иә, адам жанын, жалбыршақ қарындай қатпарын ашар әдіс ойлап табылмайды-ау. Қайдан табылсын... Дегенмен, үлкен іске іріткі салмас үшін бұл зымиянды қалаға жөнелту керек екен».

Ет үстінде бөтен әңгіме болған жоқ. Әркім өз ойымен алысып, үнсіз отыр. Құрт қосқан жас сорпаны өз қолымен сораптай сапырып, суытып отырған Рахия сонау бір келмеске кеткен қызық дәурен, қылықты кешті сағынғандай, мұңды жанармен анау екі ұртын бұлтылдатып ет шайнаған дәу шалға жаудырап, әлсін-әлсін қараумен болды. Бәйбішесінің осы жарысын іштей ымдасқан әлсіз әрекетін Омар да байқап, лақса биенің ышқына оқыранғанымен үйірге түсіп жарытпайтынын еске алып, қызғанышын бұғалықтады. «Қағынан қағынып туған албастының жыны әлі басылған жоқ па, бәтір-ау», – деп тағы ойлады. Не дегенмен ажарын тоздырмаған Рахияның қарулы қол, қатқыл тізені ұмытпағаны, күні кешегідей бар қуатымен, өне бойын шарпып жадында сайрап жатқаны рас-ты. Омардың байлығына қызығып бақай есеппен бұл үйдің табалдырығын таза аттаса да сонау Семей қаласында бұлғақтап жүрген бек матур қыз Таңатарды алғаш көргенде жүрегіне шок түскендей аса бір қызығыспен, дәл бүгінгідей мөлдіреп қараған. Алғаш рет Омардың шабарманы, ауыл мен қала екі арадағы кірешісі болған, саудагер әрине, талай барған көрікті жігітті құлай ұнатты да. Амал не, сүйекке сінді әдет: дүниеқорлық, ашкөзділік, жемі бардың шырқ айналған тауығы болуға жаралған мінез өз дегенін істеп тынды... сүйгенін сүйекке айырбастап кетті. Шын ықылас білдіріп, аңсары ауса, әйелінің дегеніне көнбей осы Таңатарды етегінен ұстап өтуге батылы жетуші еді; жалындап басталған махаббатың күйеуінің көзіне шөп салумен дәлелдеген. Омар қалаға аттанған сайын қылымсып қыздай қылық көрсетіп, дәу жігіттің мойнына асылатын келіп. «Құнажын көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейдінін» кері болып, маза бермеген еркекетой қатынды тояттатып тынды. Рас, Таңатар Құдайдай сыйлаған замандасы Омарға обал жасағысы келген жоқ, тортасын айырған майдай толықсыған Рахия қыр соңынан қалмаған соң, еркектің намысына тиісе берген соң, Омардың әкесі Кенжеге кеткен әкесінің кегін ала алмаған соң адалдықтың ала жібін аттағаны рас. Рас, оны адамнан да, Құдайдан да жасыра алмас

еді. Бірақ, анау көзілдірігі жылтырап, қасы қиылып отырған бұйра шаш, аппақ сазандай Еркін менің ұлым-ау деген ой өліп, қайта тірілсе де қаперіне кірмес еді... Ол сырды Малтыкөл ішінде үш-ақ адам біледі: Омар, Рахия, содан соң Оспан-ау. Ал Еркіннің әлде де күмәні бар, көре алмаған елдің қаңқу сөзі шығар деп иланбаған. Әйтпесе, ұл таптыратын қуат әкесінде де жоқ емесін біледі.

Ет желініп, сорпа келгенде Еркін бас қатырар саясаткерлікті қойып, осындай бір адамзат арасында болатын ауыс-күйіс, дәлелденуі мүмкін емес, өзі көп қолданатын «интимдік» қарым-қатынас, адамгершілік қағидалар, отбасылық сырсандықты ақтарып отыр еді. Оспан соқыр оның ойын дәл тапқандай:

– Апыр-ау, адам адамға ұқсай береді екен-ау, – деп бықсытты. Сорпаны сораптай ұрттап балқып отырған былайғы жұрт елең етісті. – Осы Тәкеңнің ұлы Дархан мен анау қамшысын қанжығасынан тастамайтын Қамбар соққан егіз қозыдай еді. Кішкене кезімізде тамам бала ойнап жүріп, екеуін ауыстырып алатынбыз. Ол да бір дәурен-ау... Енді міне, отызға келіп, орда бұзатын жастамыз. Бітірген түгіміз жоқ. Қыртып ауылнай болғанға мәз болып жүрміз.

«Қамбарды көздеп, мені атты», – деді Еркін іштей арпалысып. Сорпа құйып орнықты отырған бәйбіше екі беті ду етіп «шәй қамдауды ескертемін» деп сылтауратып далаға шыға жөнелді. Соқырдың нені меңзегенін сезсе де сырбаз маңғаздығын бұзбаған Омар қолын сабырмен сүртіп:

– Қырыққа келгенше қыртып жүргенің рас, бірақ, бұл әңгіменің ұшығын ұстай алмадық қой, – деді. Арша істікті төс қалтасынан асықпай алып тісін шұқыды.

– Әншейін, балалық шағым есіме түсіп, – деп мәймөңкілеп, түлкі құйрыққа басты Оспан.

– Сенің есіңе естелік ет жегенде ғана түседі екен. – Бұл сөзді Еркін қанша салқынқанды айтқанымен зілін басуға шыдамы жетпеді. Ал дәу шалға бір-бірін астарлы сөзбен шымшылаған қысыр әңгіме әсер еткен жоқ, рақаттана кекіріп, керегеге арқасын қайта тіреді.

– Еркін шырақ, – деді бөренедей мойнын әрең бұрып, – қаладан шыққаныңа көп болды ма?

– Жоқ, ақсақал, еру болғаныма екінші түн. Кеше осы мезгілде келдік. Көп уақытым жолда қалды.

– Иә, Семей алып, – деді дәу шал, – баяғыда кіре тартып жүргенімде құр атпен шығып араға төрт қонып лау жалдап әрең жететінбіз. Бағанадан бері сұрайын деп отыр едім, біздің жаман ұлдан хабарың бар ма?

– Ертіс үстінде көпір салып жүргенін екі-үш рет көрдім. Ханға сәлем беретін сыңайын байқай алмадым-ау...

– Одан шығады, – деді Таңатар сүйсінгендей күліп, – бала кезден дала безер еді... Қайда жүрсе де аман жүрсін, түтінімді сөндірмесе, соған ризамын.

– Ол орыстан қатын алып, ата-енесінің қолында тұрады деп естідім. Сондықтан, Тәке, артық айтсам айыпқа бұйырмаңыз, Дархан шығаратын түтінге күмәнім бар, орыстікі ме, қазақтікі ме. Солай емес пе, Ереке, – деп ыржиып Еркінге қарады.

«Соқыр ит-ай, өзгені көздеп, тағы да мені атты-ау, жоқ, бұл жыланқұртты қалаға апарып көзін құрту керек екен».

– Қан өлмейді ғой, – деді дәу шал. – Қанның өлгені – жақсыдан оттың сөнгені ғой.

– Асылдың астары да асыл болса жарасар дегенім еді, ақсақал. Рас айтасыз, аман жүрсе болды, сізден қалған жалғыз тұяқ еді, көк көпірді бандылар жарып, үлкен шығын болды деп естіп едім...

– Әй, тағы нені бықсыттың! – дәу шал шаңқ ете қалды.

– Оттайды, – деді Еркін, – мен Дарханды көпір жарылған соң да екі-үш рет көрдім, ақсақал.

Бұдан әрі сөзбұйдаға салып Оспанмен тәжікелесіп отырудың, жөні жоғын білген Омар тыңдаушы қалпын бұзып, ыңырана ырғатылып алды да тамағын кенеді.

– Ал ағайын, түннің бір уағы болған шығар, ас қайырып, демалайық. Алыстан ат терлетіп келген жолаушылар бар, аяқ-қолын жазып, демін алсын. Оспан екеуміздің әңгімеміз мың бір түн секілді айтқан сайын балалап, жуыр маңда таусыла қоймас. Сен, – деді Оспанға қарап, – алтыбақан құрған жастарға бар. Әлгі біздің қыздар қызды-қыздымен қыр асып кетіп жүрмесін.

Аузы қышып отырған ауылнайдың ең осал жерін тапты білем. Анау «аллахуэкпар» деп бетін асығыс сипап орнынан атып тұрды.

– Мақұл, Омеке, мақұл. Алтыбақаншыл албастылардың көкесін көзіне көрсетіп, ортекедей ойнақтап қайтпасам бол-

мас, – деп шыға жөнелді. Жармалап жасалған есік сақ етіп жабылғанда:

– Уһ-уһ, – деді Еркін үлкен бір пәледен құтылғандай қуанып, – ішкенімізді – ірің, жегенімізді – желім қылды-ау өзі. Осыншалық көкезу, серкенің дауын атан өгізге сатып алар пәлекорлығын білсемші.

– Ол сондай, – деді Омар, – жыланның жусағанын білетін сұмның нағыз өзі. Әкесі, есі бар жұрт егін өсіріп жатқанда, ол құдайдың қу даласына тұз егіп, оны алажаздай суарып, ата-бабасының сүйегіне таңба болып еді.

– Ол жалғыз Оспаның әкесі ғана емес, исі Малтыкөл ежелден аңқаулығымен аты шыққан қожанасыр руы ғой, қайта бұл жігіт қияндағыны көзі шалатын қырағы ма деп қалдым, – деп дәу шал Омар сөзіне келіспейтінін аңғартты. – «Осы күннің баласы аласа туады, үлкендермен таласа туады» деп отырушы еді жарықтық Малтыкөл атамыз. Соның кері де. Ел ішінде бір тентек жүре берсінші.

Сырттан жалшы әйелге үлкен жез самауырды көтертіп, бағана шығып кеткен бәйбіше қайта кірді. Шадырағы жоқ керосин шамының, әлсіз жарығы есік ашылып-жабылған сайын бірде өртейтіндей болып өршеленіп, енді бірде өшетіндей болып өлімсіреп қыпышықтайды. Алакөлеңке сәуле киіз үй ішіндегі әр заттың ашық ажарын аша алмай, құр нобайын шұбарлап көрсетеді. Шам білтенің көмірленген басын қайшымен қиып, қайта тұтатқандай ғана лып жанған сымал болды. Осы жалпылдап жанған жалғыз шам үй-ішіне болымсыз күңгірт, жұқалтым қызғылт сәулесін таратқан сайын, түн баласындағы отырыстың өзін өзгеше бір қоңырлыққа, күбірлеп қана әңгіме айтар жуастыққа шақырғандай. Бірақ үнсіздікті араға салып барып, бір-бірін жолықтыруды тағатсыз тосқан, жеме-жемге келгенде сөзді неден бастарын білмей қаңтарылған үшеуі бірдей, үндемес ойнағандай бұл отырысымыз қай отырыс дегісі келіп, қозғалысқа көшті.

– Ұзын арқан, кең тұсаудың заманы емес. Бүгінде ымыртшының есінде, күзетшінің көзіндегі қияс шақ, Тәке, – деді Еркін нығыздана отырып. Үлкен арналы әңгіме бастарда өстетін әдеті.– Оспан оттаубайы талай уақытымызды ұрлады. Сондықтан, әр сөздің бас жібін жеке есіп, сөзбұйдаға салмай тоқ етерін айталық. Менің ең әуелгі білгім келіп отырғаны,

ақсақал, арғы беттен өріс, жанға қоныс табыла ма. Жаман айтпай жақсы жоқ, сіздің ізіңізді ала біз барсақ, қытайыңыздың қолтығына сияр ма едік?

– Түбі не боларын кім білсін, шырақ, қазір тыныш, – деді шал.

– Мұнда да қырып-жойып, өртеп-өлтіріп әкетіп бара жатқан ешкімді көре алмадым-ау.

– Мен де соны айтамын. Астымыздан су шыққан жоқ, «сен тимесең мен тимен бадырақ көз деп отыра берсек, осы советтің бізде әкесінің құны жоқ шығар», – деп сөзге енді бағанадан бері маужырап, қалғып-мүлгіп зауықсыз тыныш отырған Долдаш араласты. Қызу қанды, беті бар, жүзі бар демей турасын кесіп айтатын, асып бара жатқан байлығы, қанап, талап келген озбырлығы жоқ, өзімен өзі жүрген азамат еді. Омардың туған інісі бола тұрса да, ағасының көп-көп іс әрекеттерімен ымыраға келіп, келісе бермейтін. Өрт мінезді, батыр қылықты Долдаш осы бай үйімен іргелес отырады. Әйелі осы үйдің отымен кіріп, күлімен шығып қазан-ошағын ұстасып жүр.

– Совет өкіметі бізді, мені қойшы, өз қотырымды өзім қасып көтермін, – деді Еркін. – Мына екеуіңізді тайрандатып қоймайтын түрі бар. Осыдан үш күн бұрын бай-кулак, игі-жақсыларды тап ретінде жойып, мал-мүлкін конфискациялау жөнінде қарар шықты. Енді біраз күнде сізден де, әке, сізден де, Долдаш аға, қылқұйрық қалмайды, өздеріңізді жер аудартады. Мені туу ит өлген жерден асығыс келіп отырғаным – осы шаруа; сіздерге ескерту, қамсыз қалмасын, бір амалын ойлап тапсын деу еді. Сіздер келмей тұрған кезде әкеме осы жағдайдың егжей-тегжейін түсіндіріп айтып едім.

– Менің асып бара жатқан байлығым жоқ. Ірісінің өзі екі жүзден аспайды. Кәмпіскесі болмақ түгіл, көктен Құдай, жерден шұнай келсе де айылымды жимаймын, – деді Долдаш шақшасын етігінің басына қағып.

– Оп-оңай құтылып кетейін деген екенсіз, өкіметтің құрығы ұзын. – Еркінді долылық қысып, тістене сөйледі. – Конфискация туралы әлі ешбір хабарыңыз жоқ, оның тармақ, пункттерімен таныспай тұрып байбалам салуыңызға жол болсын. Егер өзіңіз білмейді екенсіз, онда өзгені тыңдаңыз, аға. Ол заңда былай деп атап көрсетілген: көшпелі аудандарда малы төрт жүзден асқан, ірі қараға шаққанда; ал жартылай көшпелі аудандарда малы жүз

елуден асқан адамдар яғни хандар мен сұлтандардың, ел билеген болыстардың ұрпақтары жатады. Біріншіден, сіздің малыңыз үш жүзге жуық, ал өзіңіздің Құландыдағы қонысыңыз Аягөзге қарайтындықтан жартылай көшпелі ауданға кіресіз. Екіншіден, сіздің әкеңіз, аға, яғни менің атам, жиырма жыл болыс болып аз рулы Мұрын-сыбанды қаққанда қанын, соққанда сөлін алған озбыр адам болған. Жасырып керегі не, мынау отырған менің әкем, болыс болған бес жылда тізесін батырмаған адам қалды ма, бұл өңірде. Кеше Аягөзге революция дүмпуі келіп, ақ пен қызыл қанды сотын ашқанда осы қойдай еріп, жылқыдай жусаған қаймана халық өкіметті көзіне жас алып қарсы алды. Көшпелі ел Тарбағатай тау қырандары деп аталған қызыл партизандарға қосылып кетті. Бұл ел, біле білсеңіз, дәл қазір де түтіп жер еді, тек советтің кеңсесінде қызмет істеп жүрген менен сескенеді. Енді, мынау тәри туралы заңды құлақтары шалды бар ғой, тігерге тұяқ қалдырмай пышақ үстінен үлестіріп әкетеді. Оған имандай илана беріңіздер.

Еркіннің қызып, бірінін артынан бірін түйдектете жосылтқан сөзіне дәу шал аса риза болды. Айтқандарының зәредей өтірігі жоқ, алғаш көрген адамға сыпайы, ұрда-жық мінезі жоқ, биязы жігіт болып өскенін бұрыннан да білетін. Бір сәт өз ұлы Дарханмен салыстырып көрген, шынында да түрлері болмаса, мінездері екі басқа секілді. Пішіндегі ұқсастық дегенде мұрындарының дөңестеу болып бітуі мен жарланып біткен қабақтары, қою қастары ғана еді. Ұзынқұлақ, қаңку сөз болмаса, мынау ерні-ерніне жұқпай сайрап отырған Еркінді дәл менің кіндігімнен деп ең салып, иемдене алмас еді. Рас, жаңадан келін болып түскен Рахияның құлпырған бір шағында көңіл жақындықтары болды, болғанмен де болыстың алдында ары таза, өз басына қауіп төніп, қайраны сарқылған соң сұлу әйелдің ырқына амалсыз көніп еді-ау. Онда қылшылдаған жас, әлі үйленбеген кезі-тін. Қаладан кіре тартып келе жатып, төркініне ере барған Рахияның сұрқия қылық, зәндемі айласы жендеп өзін әлдеқайда дәрменсіз, жыланның алдындағы көжектей бейшара сезінген. «Қатынға жолама қарасы жұғады» деген нақылдың керегін де, керегі жоғын да сол жолы жыға ұғып, зердесін мықтап түйіп еді. Мынау жалпақ жаһанда өзінің аз ба, көп пе өмірінде иісі ұрғашы атаулына сөз салғанды қойып, көз қиығыш салмастан, білектің күші, найзаның ұшына

ғана сеніп, ат үстінде құрбекер далақтап келген Таңатар алғаш рет осы Рахияны көргенде, әр күн сайын тірлігінің дәнін теріп жеп жүрген мынау өмірден жоғын тапқандай, барын жоғалтқандай мәңгірген күй кешіп әрі қуанды, әрі өкінді. Сұлу келіншектің өзінде көңілі барын біле тұрса да кашқалақтап, әлемнен жаңа ғана тапқан әдемі затын сындырып алармын деп жанұшыра қорыққан. Өзің құлай ұнатқан нәрсеге жақындаудың соншалықты қиындығын ол сол сапарда ұққан-ды. Төркініне баруды сылтауратып, қалаға Таңатармен бірге еріп кетуі, әрине, Омардың көңіліне күдік салған жоқ. Жымсымалықтан Таңатар да беймағұлым еді. Айдалада арбамен селкілдеп келе жатқанда, байдың жас әйелі сыр сандығының қақпағын ашып, ағынан ақтарылды. Өлердей сүйетінін, онсыз тұра алмайтынын, Омарға тек Танатарды күн құрғатпай көріп жүру үшін тигенін ыстық тілек, үмітті ниетпен жеткізген. Солқылдап жылап, мойнына асылды. Шашынан сипап жұбатқаны болмаса, одан әріге бара алмаған жігіт әккі келіншектің алдында тәжірибесіздігін танытты. Сонда сел болып аққан көздің жасын тыйып, долданған Рахия бұған «ынжықсың, жігіт емессің, қауқайған қаңбақсың» деп намысына тиді. Әлі есінде: «Егер, – деді келіншек, – айтқаныма көніп, айдағаныма жүрмесең, осыдан барған соң, Омарға айтып, бұл жерден қараңды мәңгіге батырамын, жол үстінде зорлады мына жаман құлық, қойныма қол салды деймін, білдің бе... Ендеше соны өзің істе...»

Ат жалын тартып мінгелі қатыннан мұндай зор күтіп көрмеген Таңатар сол күннен бастап бәйбішенің байлаулы бұқасы болды. Әрине, оған деген таза сезімі сол күні жолда қалың шилі далада келмеске кеткен, әлемде мұндай сұлу перизат жоқ деген пайымын, әлемде бұдан асқан мыстан әйел жоқ деген байламмен ауыстырды. Бұл пәледен құтылудың жалғыз жолы – үйлену шығар деп осы ауылдағы қойшының жалғыз қызы Жамалға қосылып еді. Рахияның өзі де Еркіннен соң араға біраз жыл салып егіз қыз тапты. Таңатар да ұлды болды, бәрібір үлде мен бүлдеге бөленген әйелдің желігі басылмай, желкесіне мініп алып еді, ұлы өсіп, ел қатарына қосылған соң арғы бетке өтіп кеткен. Оған Омар да себепкер болып, қуанбаса өкінген жоқ-ты. Ел құлағы елу емес, жүз болып тұрған мынау апай-тұпай заманда біреу болмаса біреу біліп, бетіне басар деп

сескенген. Міне, сол сандалбай жылдардан бері де талай су ағып, ағаш басы бүрлепті-ау...

Отырғандар әр нәрсенің басын шалып, көп талқылаған секілді: Құлағына күнгір-күнгір дауыстары естілгені болмаса, не айтып, не қойғандарын жыға ұққан жоқ.

– Тәке, қалғып отырсыз ба, шаршағансыз-ау, – дегенде «а» деп көзін ашты.

– Кеше түні бойы жол жүріп, ұйқым шала болып еді, – дей салды.

– Жуықта тәргі басталады, – деді Еркін. – Мынау азынаулақ малды ит пен құсқа жем қылғанша, жартысын арғы бетке сізден айдатып жіберсек дегенге бәтуаластық. Әкемнің жылқысы – сіздің жылқыңыз. Аман-есен арғы бетке алып өтсеңіз, таңдағанын мінесіз, таңдайыңызға татитын семізін ұстап соясыз, қолыңыздан ешкім қақпайды. Көп ұзамай балашағасын ертіп бұл кісі де барып қалар артыңыздан. Шекараға дейін Долдаш және тағы бір сенімді де сіңірлі жігітті тауып қосып береміз, айдасып барады. Арғы жағын дегеніңіз білсін.

– Мен қасыма жылқышы жігіт Батиды ертем ғой. Оның астына от жағып, терісін тірідей сыпырсаң да ешкімге жұмған ауызын ашып, сыр ашпайды, тек анау шекара жағы қалай екен? Қауіпті емес пе? – деді Долдаш.

– Мылтығы шошайып бес-алты солдат жүреді. Хабарасудың қай жыртқық-тесігіне тұлға болар дейсің. Мен бергі бетке тура үстерінен басып өттім, қаперсіз ұйықтап жатты. Тіпті, өздері қайнатып ішкен шәугімдеріндегі шайдан ұрттап, шөлімді бастым. Мұншалықты саппас болар ма.

– Ұйықтағаны жақсы – деді еркін күліп. – Жолбарыс ұйықтап жатқанда, мысық ойына келгенін істейді. Сіздің мекен еткен жеріңіз қалай, малға жайлы ма?

– Бағана айтпадым ба, кейінгісін кім білсін, қазір мал тұяғы тимей тусып жатқан жері мол, құйқалы. Ақшоқы арқылы арғы бетке жетеміз. Содан Хабарасудан алқұлымдап асып кетсек, алдымызда түгін тартса майы шығатын Ойжайлау және Балажайлау деген, көк майсалы шалғынынан құлынның сауыры көрінбейтін жасыл жазық жатады. Өнебойы саулаған бұлақ, қара жерін қазып қалсаң шұғынық, бек шығады, отқа көміп, сүтке пісіріп жей бер, әсте ашықтырмайды.

– Бұл әлгі, – деп қопандады Долдаш, – ерте бас жарып қыпқызыл гүлі бар, басы он күнде ұшып кететін өсімдік қой. Ол жарықтық осы Тарбағатайдың да әр жеріне үркіп-үркіп өседі.

– Иә, сол, – деді дәу шал. Кепешін алып басын сүртіп қайта киді. – «Ой, Ойжайлау, жаман қатын қол байлау» деп ән салып қалың қазағым жүр сонда. Ар жағында Қараүңгір деген ауыл бар. Оның жанынан күркіреп үлкен өзен ағады. Ал өкпе тұсында ана жылы қашып барған орыстардың поселкесі отыр. Ол жерді Қыз бейіті деп атайды. Содан әрі Шәуешек түсіп, Шәуешектен әрі шүлдірлеген қытайдың қойнына кіресің де кетесің. Өздері жеп қоймаса, ешкімге бере қоймас, қолына бір түссең.

– Онда бәрібір екен ғой, – деді Долдаш өкінгендей. – Көлден қашып, шөлге түсіп жүрмесек.

– Қайда барсаң Қорқыттың көрі екені рас, – деді Омар қабағын кере түйіп. – Баяғыда анау шығыстағы Алтай жағында Мәметек деген атақты адам болған екен. Орыстардың боданы болмаймын деп жүріп, жүз жігіті жер іздеп, қытай асырып жіберіпті. Он жыл өткен соң сол сайдың тасындай жүз жігіттің он шақтысы ғана оралған екен. Жер тауыпты, тіпті сол тапқан жеріне апарар картасын ала келген көрінеді. Ұмытпасам, тапқан жерлері Дайлант-ау деймін. Содан Мәметек би Қаратай деген бүтін бір елді келер жылында көшіріп әкетемін деп сайланып отырғанында аяқ астынан ауырып дүние салған екен.

– Апыр-ай, – деді Долдаш аузының суы құрып.

– Мүмкін емес, – деді Еркін көп оқып, көп білетініне сеніп.

– Қазақтардан ондай өнер шығады, – дәу шал. – Басқа келмесе де, қаңғу қазақтардың қолынан келеді, балам.

«Балам» деген оқыс сөзді естігенде Еркін селк ете түсті. Сөзікті елден бұрын секіреді дегендей жан-жағындағы жағалай жайғасқандарға жалт-жалт қарап еді, бәрі де маужыраңқырап, көздерін ашып-жұмып бейқам отыр екен. Әншейін, сөз сыралғысымен айтыла салған дәу шалдың «балам» дегеніне есі қалмай сасқалақтағанына жыны келді білем.

– Ақсақал, – деді үні қатқыл, ұрсатын адамдай бөтен шықты. – Бүгін еру болып, күні бойы демалып, ертең түнгі салқынмен атқа қонуға шамаңыз жете ме? Жігіттер жылқыны бүгін сонау Ақшоқыға дейін маңғыстатып апарады, ары қарай бір Құдай, сонан соң өзіңізге тапсырдық.

– Түн қатып, түсі қашып алты күн бойы аттан түспей, талай жортуылдарға шыдаған сартақым кәрі тарлан бұл. Кәрілігім не, Құдай-ау, Тәкеңдер әлі алпысқа келген жоқ. Тоқал алып, жас иіс иіскейгін бапты жаста, –деп Омар өз сөзіне өзі риза болғандай шалқалай отырды. Ыдыс-аяқжинастырып майтаңдай басып, жымын білдірмей көлбеңдеп жүрген Рахия шалына жақтырмай карап, теріс айнала беріп ернін шығарды. Дәу шал сол мизбақпаған қалпында шойыннан құйғандай жақ сүйегі оқта-текте бір бұлтылдап нақ төрде қасқаяды жайсаңың.

– Осы ауылдағы малыңның қақ жартысын мен айдап әкеліп беріп едім, – деді сол сом қалпын бұзбастан.

– Оның рас, Тәке, – деді Омар бай. – Ендеше сол өзің баққан, барымталап әкеліп көбейткен малыңды өзіңе қайтарайын деп отырмын.

– Тақымымдағы ардакүреңнен басқа қыл құйрықтыға жоламайтынымды біле тұра әдейі күйдірейін деп айтасың-ау, байеке, – деді Таңатар қоңырлап қана.

– Білем ғой, Тәке, бәрін де білем. Жылы бірге жолдасым болмасаң да, тай құлындай бірге өскен замандасымсың, «бес жас – бел құрдас» деген сол, дәу шалым. Сонау бір ел басына күн туған тар кезеңде Тарбағатай тауқырандары деген әпербақандардың қолынан өзің суырып алып едің. Екі дүниеде де сол жақсылығыңды ұмытпаймын, күні бүгін, «оққағарым» деп бес уақыт намазымнан қалдырмаймын. – Омар ақтарыла айтты. Шүленсіп, ешкімнің есесін жемейтін аса үлкен дархандықпен өз-өзінің мәрттігіне сүйсінгендей рахат сезіммен айтты. – Ақ пейілдің аты арып, тоны тозбайды деген, дәу шалым. Жағың түскенше жамандық көрме! Түү ит арқасы қияннан басын қауіпке тігіп сен болмасаң, қай екі туып, бір қалғаным іздеп келеді, – деп желдей есті. – Жүйрікке де біртомар, жаны патшалық қанша шыдас берер дейсің. Қайуана қазақты анау Оспан соқыр билеген соң не жорық. Әлі-ақ, әлі-ақ қиқулы дәурен, қызығы мол күндеріміз қайтіп туар. Біз болмасақ та, ей, Тәке, біздің ұрпақтарымыз көрер сол өмірді.

– Бізден кейін есі бар ұрпақ туады дегенге сенбеймін, әке, – деді Еркін шириғып.

– Мүмкін, ең бір есі жоқ ұрпақ біз болатын шығармыз, – деді ақсарлау Долдаш. Бұдан соң ол төрде сол малдас құрған қалпында былқ етпей қатып отырған дәу шалға ықылас білдірді.

«Апыр-ай, мына шалдың шыдамының берігі-ай, құйрығымызға шикан шыққандай екі жамбасқа кезек ауысып, қипақтап әрең отырмыз. Ал бұл болса, тас болып қатып қалған». – Тәке, менде де мал басы бар, құралақан емес екенімді білесіз, Омекеңмен жағаласып, қоспай-ақ қояйын, қайыруға қиын тиер. Ешкімнен ұрлап алғам жоқ, адал малым. Жалшы және ұстағаным жоқ, табан ет, маңдай терім. Көктен Құдай, жерден шұнай келсе де мықтаса жартысын алар, қалғанын қалдырар. Тіпті болмай бара жатса, Тәке, сізден арғы бетке асар жолдың жөн-жосығын сұрап қалайын, тықыр таянса жылқымды алдыма салып құйынменен өте шығайын.

– Сол өте шыққаның ақыл болар, – деді Еркін есіней керіліп, – Долдеке, сізден қыстақ жайынан қанығып, Құландыдағы қосшы, артель боламыз деп тырбанып жатқан жатақ тірлігін сұрамаппыз-ау.

– Ой, оның несін сұрайсың, шикі өкпе, ши борбай, сүзбебуаз желөкпе ел баяғы... қанды көген қарғадай улап-шулап жүрген. Омыкеңнің қыстағы дін аман, қорс етіп кіріп кетуге сақадай сай. Тәке, оу Тәке, ояу отырсыз ба? – деп дәу шалға бұрылып, – сіздің жер тамыңыз да жатыр-ау жарықтық, жер бауырлап...

– Әлі қирамаған-ау байғұс, жатсын... өз отымды өзім сөндіріп кеткендей болып едім... киесі ұрар да...

– Дарханыңыз бар ғой, Тәке. Өйтіп таусылмаңыз. Тіпті, сіз арғы бетке көшпегеннің өзінде бұл жақтағы жаңа өкімет құрығынан құтыла алмас едіңіз. Партизандарға оқ атқан тап жауы деп арбаға салып алып кетер еді, – деп Долдаш жұбатқан болды.

– Алланың әмірінен қашып құтыламыз ба, шырақ. Әуеден не жаумайды, қара жер не көтермейді. Шыдайсың, шыдайсың. Жалғыз ұлдың өлі-тірісін біле алмай, қайраңға қамалған кемедей болып отырған жоқпын ба?

– Тірі дедік қой, ақсақал, тірі.

Дәу шалдың орынсыз сарыуайымы Еркінді шаршатқанды.

– Тірі болмаған күннің өзінде де әкесін баласына ағасын інісіне айдап салып, айызы қанып отырған зауал шаққа обал-сұуабыңыз. Егер осындай кер заман болмаса, айрандай ұйыған қазақ өмірінің оты өшіп, қазаны қирар ма еді. Бұл дүниеде талай қатыгездіктер, жауыздықтар мен сатқындықтар болған,

бірақ халық, ұлт бір-біріне оқ атып, өзін-өзі бауыздаған масқаралықты оқыған да, естіген де емеспін. Жеңіске жетудің жолы осы, деп мұқым халықты қарулы көтеріліске шақыру деген не сұмдық?! Бұдан басқа да жолдары бар еді ғой. Енді міне, киіздей ұйысқан елді торғайдай тоздырды.

– Мүмкін, олардың да ойлағаны бар шығар... Әйтпесе, бәрі теріс, сен айтқандай құрбекершілік болса, тамам халық сондарынан еріп, оқ пен отқа түспес еді ғой, балам. – Таңатардың, бұл сөзі Еркінге тағы да ұнаған жоқ, «баладан садаға кет, – деді ол ішінен. – Әттең, оқыстан бір партизанның қанына ортақ болып амалсыз кетіп отырсың арғы бетке, әйтпесе нағыз қызылкөз большевиктің өзі болар едің».

– Жатып дем алыңдар, түннің бір уағы болды ғой, – деді бағанадан бері кіріп-шығып жүрген бәйбіше. – Ертең де күн бар, қалған-құтқанын сонда айтарсыңдар.

– Бәйбішенікі жөн, – деп Омар тонқаңдап тұра бастады. – Әй, Долдаш, бұрынырақ шығып болжашы, маңайда ешкім көрінбей ме екен, әсіресе, әлгі Қамбар деген сумақы тың тыңдап жүрмесін. Тәкеңнің жұрт көзіне түспегені жөн.

– Бүгін аңдимыз-ау, ертең күні бойы далаға шықпай қалай отырады, – деді Долдаш.

– Ертеңіні маған қалдыр. Тіпті Рахияның өзі-ақ жорғалаған тышқанды кіргізбес-ау бұл үйге.

– Тәкеңді үйге отырғызып, тосып алатындай-ақ айтасыз-ау, аға, – деп шыға жөнелді Долдаш.

– Өз жерімнің тұтқыны болдым ақыры. – Дәу шалда көңілсіздік бар еді. Бағанадан бергі әңгімеден көп жайдың мән-жайын байқаған. – Басқа-басқа, Кеңес өкіметінің кеңсесінде оң қолы болып үлкен қызмет жасап отырған Еркіннің өзі астынан су шығып, арғы бетке өтуді армандайды, арғы беті жетісіп тұрғандай... Түйені жел тербесе, ешкіні аспаннан көр деген осы...

Далаға шыққан. Сарыатамыздың ең соңғы жылымығын таудың түнгі салқыны айдап, қуып, етекке қарай әкетіп, бой қалтыратар салқындық үстемдік алған екен. Ай жарықтық та жарты кештене бастаған. Көп ұзамай өліара мезгіл, содан соң... тағы да жаңа ай туады. Желбегей жамылған шапанын қаусырына түсіп, үй айналғанда Таңатардың құлағына улап-шулап алтыбақан басынан қайтқан жастардың әрі көңілді,

әрі ессіздеу күлкісі шалынды. Баяғысы, өзінің де жас шағы, алаңсыз, бір күндік тоқтыққа семірген мәз-мәйрам күндері есіне түсті ме, ауыр күрсінді. Адам өмірінің бір қайырымға келмейтін қысқа күндей қысқалығына, адам өмірінің бірде құлдырап, бірде аспандап өтер баянсыздығына өкінгендей болды. Елудің бесеуіне жаңа келсе де, жалғыз-ақ түн қас-қағым сәтте жүз жылға бір-ақ қартайып кеткендей, өз-өзінен қорынып, жасына жетпей шау тартуы – көмбеге ілінбей жол ортада ақсап, жайылып қалған бәйге атынан айырмасы кәне? Бұл тіршілік атты жарысқа қатыспау керек шығар, қатысқан екенсің, екінің бірі – не өл, не бірінші болып кел...

Мынау жаңа өкіметтің небілген ойы бар, кімдерге бақ, кімдерге сор әкеледі, ол туралы Таңатар зердеге салып, салмақтап ой елегінен өткізбеген-ді. Жалғыз-ақ қателік жасады: Омарды көздеген мылтықты қағып жіберді. Ол мылтықтың иесі кім бағамдаған жоқ. Иесін қапқалы ұмтылған итке қарсы атылғаны үшін айыпты ма? Адал қызметім деп ұққаны ғой... Егер, менің орнымда Омар болса, сөйтер ме еді? Дәу шал осы сұрақ төңірегінде ешқашан ойланбапты-ау.

Алыстан, сонау Ақшоқы жақтан жылқы кісінеп еді, Таңатардың ардакүреңі оқыранды, үйірін сағынғаны шығар.

– Әй, Долдаш, – деген Омардың дауысы шықты. – Тәкеңнің атын жабулап тастандар, бұл жорғаны танымайтын кісі жоқ бұл өңірде.

«Апыр-ай, ардакүреңнен де, менен де қасиет кетейін деген екен, – деп күбірледі дәу шал. – Қай қазақ жақсыны жасырып ұстаушы еді». Бұл шақта әкелі-балалы Кенжиндер де өзара сырласып, үй сыртында шошайып көп тұрды. Қазіргі түннің салқынына да анау ұлардай шулап өрістен қайтқан мал секілді алтыбақаннан оралған қыз-қырқын, жігіт-желендердің дабыра үні бұл әлемде ештеңеде назарын аударып, елең қылмады. Кеуделерін кере дем алып бой жазғандай толқып, бір-бірін бе, мынау жаралғалы мекен болған Ақжайлауды ма, әлде ішкені алдында, ішпегені артында майды майға құйып сүрген дәуренін бе – әйтеуір қоң етін кесіп алғандай қиналыспен бұл дүниені қимағандары рас. Онысын жасқана жасырғанымен, тілсіз түсініп, ыммен ұғысқандай еді.

– Сақ бол, ұлым, – деді Омар сусылдай соққан салқын желге жонарқасын беріп, Еркінді денесімен қалқалай тұрып. – Егер

дәу шал ертең кешке дейін айнып қалмаса, малдың ең жалды, майлы дегендерін айдап әкетер, ол жағын өзіміз реттейміз. Тәргісін не болса да Құландыдағы қыстақта қарсы алармын. Өзіңнен хабар келгенше арғы бетке өтпеймін. Семейдегі азынаулақ тиынды өзің ала кел, сырты түк, іші боқ хайуан қолдың кірі секілді, келді-кетті, заманның пұлына жарамайды екен.

– Оны мен сізге әлдеқашан айтқанмын, әке. Мендегі үміттенген тиын-тебеннің көбі Николай мен Керенскийлердің ақшасы – патшалық Россиямен бірге құрыған... Ал, өз табысым совет ақшасы, шайлығымыздан да аспайды, асқан күннің өзінде, арғы бетке өткен соң от тамызуға да жарамайды.

– Сонда қалай, салт басымыз, сабау қамшымыз қалғаны ма?

Омар ұлынан дәл осындай жауап күтпеп еді, іші қара мысық тырнап алғандай шоршып түсті. Енді Еркін жел жақта, өзі ық жаққа көшкен.

– Малыңыз бар ғой. Он шақтысы қалса да қара басыңыздың қорегіне жетер, Таңатар жалғыз атымен-ақ жарты ғасыр жасады ғой. Сарыала сандықтың түбіне буып-түйіп тастаған асыл тастарыңыз бар секілді еді. Оның өзі Қап тауын асып кетсеңіз де әжетіңізге жарай береді. Алтын ғана мәңгілік.

Еріп бітуге айналған айдың бозамық сәулесі ала-көленкелеп, Еркіннің бет-пішінін айқын көрсетпей, қанша әккі болса да Омар ұлының сырын ұстай алмады. Бірақ, осы түннен бастап жан дүниесінде, былайғы аз ба, көп пе ғұмырында қыр соңынан қалмай серік болар қара мысық жүрегін тырналап, мияулай бастап еді... «Менің қаным емес екен, – деді қалшылдап. Күннің салқындығы шалдың өлердей ыза болған халін білдірмей жіберді. – Менің қаным болса...»

– Әке, жаурадыңыз ба, дірілдеп кеттіңіз ғой?

– Иә, иә, тоңғаным рас, – деді тісі сақылдап. – Мені қойшы, асарымды асадым, жасарымды жасадым, екі қозыма обалау. Телмеңдеп кімнің қолына қарайды, тек қана тоқшылық теңізінде жүзіп үйренген қос ақсу секілді еді, жоқшылыққа төзе алар ма, айналайындар.

– Сонда мені құрбандыққа шалғаныңыз ба, атымды аузыңызға алмадыңыз-ау... Қалжың ғой, әке. Сіздің кінәңіз не, тарихтан көрсін, мезгілсіз туған тағдырдан көрсін.

– Оларды тағдыр да емес, тарих та емес, менмін ғой тудырған... Қатты екенсің, ұлым, қатты екенсің.

– Жұмсақ едік, заман азғанына салды да, сарқ-сұрқ қайнатты. Ал, жас еттің қатты қайнағанда қасаң болып пісетінін білесің...

– Құдайым, басқа салғаны да. Еркек тоқты құрбандық демеймін, дәулетімнің тасып тұрған шағында қанаттыға қақтырмадым, тұмсықтыға шоқытырмадым, жаман әкенді ерттеп мініп, Меке-Мәдинеге барам десең де, міне менің арқам, өзегім өртеніп, дәрменім кеткенше құлдығыңмын. Ойлап тұрсам, қыздарымның жөні бір басқа – қанжығаға байлап жүрген жанторсық емес, жат-жұрттық. Мен жаққан отты өшірмесең болды, одан артық бақ-дәулет, одан озық үміт пен тілек те қалмады менде. Қайда жүрсең де сақ бол. Анау Оспан деген бұралқы иттен бүгін шошынайын дедім. Ертеңгі науқанды бұлдіріп жүрмесе...

Әкесінің адал көңілмен ақтарыла айтқан шыншыл сыры Еркінді толқытқандай болды. Осы шыны ма? – деп не нәрсеге болса да күмәнмен қарайтын адвокат, басқа-басқа, мынау қарсы алдында сақалын жел жұлмалап, жанын пидалап тұрған әкесіне сенуге керегін, сеніп қана қоймай, қолтығынан сүйеп, демеу керегін көкірегіне түйді. Қартайғанда адамда аса қауіпті қулық қалмасын, мүжіліп барып, таусылып қаларын алғаш рет ұқты-ау, әйтеуір.

– Сауысқан баласына «сақ бол, балапаным, екі шоқып, бір кара» дегенде балапан айтқан екен: «жоқ, әке мен бір шоқып, екі қараймын» деп. Ендеше, мені уайым қыла бермеңіз. Ал, Оспанның көп білетіні рас, туасы қулық сауып, жан сақтау маңдайына жазылған тесік өкпе адам, ондай жансыздар құрлықтың қай жеріне ексең де өсе беретін арам шөп секілді, әр қоғамда да өмір сүре алады. Орыстар оны «талантливый сыщик» дейді, иттің де иісшілі, ізшілі болмай ма, сіздердің де операцияларыңызға кесірін тигізбеу үшін ертең қалаға ала кетермін. Семейде шойын жолшылардың бір-екі айлық оқуы ашылған, жүрсін Түркісіптің түлегі болып. – Ол бұл сөзді кекесінмен айтты.

– Оның табылған ақыл, – деді Омар балаша қуанып, – көз көріп, құлақ естімейтін жаққа әкетші өзін.

Әке мен бала киіз үйге беттеді. Бағанағыдай емес, үйді-үйіне сіңіп жоқ болған алтыбақаншылардың үні өшкен. Қазан

асқан жерошақтағы сөнбей қалған жалғыз шоқ жел үрлеген сайын қызарып, жанайын деп жана алмай қызарақтап жатыр. Сол көрініске бір сәт қызықтағандай қарап қалған Еркін «Әке, жаққан отыңды сөндірме дейді, менің мынау шоқ секілді қызуым қайтып, көмірге айналып бара жатқанымды білмейді-ау, – деді ішінен... – Несі бар, қуа алма-дық, қашып көрейік».

* * *

...Алтыбақан басы кешегіден гөрі бүгін думанды бодды. Дікендеп бастарына әңгір таяқ ойнатар Оспанның төбесі көрінбеген соң әркім де өз өнерін ортаға салып, еркіндіктің ерке құсындай мұңсыз, қамсыз, айыздары қана ойнап, күліп еді. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, әсіресе соңғы бір-екі жылда, жайлауға Құланды жұртының бәрі-бәрі шыға бермейтін. Рахатын көріп үлгермесе де, өлдім дегенде қолдары жеткен бостандыққа масаттанғаны ма, Ақжайлауға айдап барып, семіртетін ақтылы қой, қыл құйрық жылқымыз жоқ, айналдырған екі-үш қараға ойдағы өріс те жетер деп қыстақтан көшпей, жаңа заманның тиіп-қашты қарекетіне мойынсұна бастаған. Малдың қыстайғы тебінінен айырып, Құландыны сарыжұрттап отырып алған мешел жұртқа істер айналысы жоқ Омар үнсіз көңдімге көшкен-ді. Заман осы қалпымен тыныш тұрса, қыстақты басқа – Қасқа асу жақтан салып, есірген елден іргесін аулақтау ниетінде жүрген. Қазіргі, мынау Ақжайлауды жайлап отырғандар – сол төрт түлігі ойдың шыбынына, өздері қапырығына шыдай алмай шөлдеп, шыбындай беретін байлар мен оның туыстары, орташа малы бар жандайшаптар, қымыз ішіп, бой жазуға келген біренсаран жігіт-желең, жаңа өкіметтің өкілдері ғана-тын. Бүгінгі алтыбақан басында Омардың малын баққан жігіттермен отын жаққан қыздардың біразы бар теңдік осыдан он жыл бұрын тисе де, мынау Құландыда жан сақтап кетер, басқадай кәсіп табылмаған соң амалсыз жүргендер. Қалаға жұмыс іздеп кеткен Дархан секілді жастардың өзі айналып келіп, қазығын табуда. Осылайша, байлардан ат құйрығын кесісе алмай, әрі-сәрі болып жүргендерінде тағы бір хабар тиген құлақтарына. «Түркісіб» деген шойын жол салынатын болыпты. Соған көп жұмысшылар керек екен. ойда қалған елдің бірсыпырасы «шойын жол ауылы іргесіне қашан келеді деп тосып отырамыз

ба, одан да өзіміз барып алып келейік» десіп, Шар жақтағы жер қазу, көпір салу, тас тасу жұмысына кетіп жатқан көрінеді. Осы дүрліктірген хабардың шын-өтірігін бүгін Дарханнан пысықтап сұрап біліскен. «Күзеуге түсе шойын жол салуға аттанайық», деп ұран тастап, айқұлақтанғандары да болды. Ал осы сахараның кеудесін басып, таптап келе жатқан темір жол өздерінің ғасырлар бойғы тағдырын түбірімен жойып жіберерін саналай алмаған. Бұл мәселе жөнінде бүкіл қазақтың оқығандары екіұдай айтыста. Екі қолға бір жұмыс деп алақандарына түкіріп отырған ел азаматтары үшін бәрі бір, қара жерді тесіп, ар жағына өтіп шығындар десе де сақадай сай, берік байламда еді.

Досының пысықтығы арқасында Дархан өңі түгіл, түсінде көрмеген бақытқа қолы жететін болды. Бүгін алтыбақан басына көп аялдаған жоқ, жастардың тұс-тұстан аңдыздаған сауалына жауап берді де, асығыс өзекке беттеді. Қамбардың айтуына қарағанда Омар байдың егіз қызы оларды бұлақ басында күтіп тұрмақ. Әлгінде досы: «Сен жүре бер, мен жастарды алдаусыратып біраздан соң артыңнан барамын», – деп құлағына сыбырлаған соң, етекке қарай дедек қағып келеді. Сүріне-қабына уәделі жеріне жетсе, жым-жырт. Үрке сусылдаған түн құсы мен жортып жүрген сасық күзен ғана... Ес-ақылын жиып, күйіп-жанған бетін бұлақ суына жуды. Бүлкілдеп аққан мөлдір бұлақ, сонау жазыққа түсіп, бауыры жазылғанда Аякөз деп аталар үлкен өзенге ұласар. Қазір бастау алар тұсы – арналы болмаса да тентек, ағысы қатты, мың бұралып Ақжайлауға еркелегендей былдырлап ағатын. Екі жағалауы қалың қайың аралас, тал-тоғай көмкеріп бүлінбеген, азбаған табиғи қалпын сақтап ұйысып-ақ тұр. Осы көріністің өзі қара тайға жарасқан қара терліктей көзге соншалықты көркем көрінетін. Енжайлаудың жайылым-шалғыны болмаса, адамдардың қолы ағашқа тие қоймаған дүлей қалпында. Үйездеген жылқы бойлап өскен шөбін қанша жапырса, ертеңінде қалпына қайтадан келер жайсаң, күз жақындаса да дымқылы кеппеген сыздау, уағына жетпей сарғайған бірен-саран жапырақтары болмаса, жасаң өңін бермеген күйінде тұрған ағаштардың арасы қараңғы, үрей туғызар қорқынышы бар. Өліара жақындап, ай қорғалай бастаған мезгілде тау арасындағы қайбір зат та анық ажарын таныта алмай қарауытып, бұландатып зәре ұшырар

дөңайбаттан еріксіз елегізесің. Кешегідей аспан ашық емес, қыркүйектің хабаршы бұлттары төңіректен әр-әр тұста баяу қалқып, барлау жасап жүзеді. Тоғай арасында ұлпа жеңіл бу бар еді. Түйе сойып жатсаң да далдалап, жасырып қалар осыншалық бейқам да бейбіт мекеннің жат көздің сұғынан сақтар сақшылығына қуанды Дархан. Дүрсілдеген жүрегі байыздап, қыздардың келу-келмеуіне күмәнданып тұғанда, тоғай сылдырлағандай болды; әне, іле-шала әлдекімдер күбірлегендей ме... «Солар... – деді Дархан, – а, Құдай, сәтін бере гөр», – тарбайған ағаш арасынан бұл тұрған алаңқайға екі адам шықты. Бастарына шәлі бүркеніп жапқан, ұзын етекті қыздар – Дүрия мен Гүлия екеніне күмәні қалмаған Дарханның жүрегі кеудесін тағы да балғалай жөнелген. Бейнебір мұның да жан-дүниесінде Түркісібтің темір жолын салып жатқандай. Әйтсе де, қалтыранқырап, қарсы жүріп барды да: «Есенсіздер ме?» деп өзі-өз болып алғаш рет ерлік жасады.

– Есенбіз, – деді жұлымыр Дүрия. – Жалғызсыз ғой. Астында аты жоқ, қамшысы бар досыңыз қайда?

– Ол қазір келеді. Алтыбақанның әуресімен кешігіп жүрген болар.

– Ол келгенше біз не істеуіміз керек? Екі қызға сіздің әліңіз жете қояр ма екен, – деп сыңғырлай күлген Дүрия басындағы бүркеншікті қайырып, иығына жаба салды. Бұл әзілге қапелінде жауап бере алмаған Дархан өзінің жуастығына ызасы келді. Осының бәрін Омар есігінде жүрген кедейшілдігінен, бай қызғанып бетіне келмей, төмен қарап қорланып өскен өгей өмірінен көріп, қатты қорланды. Семейде олай емес еді ғой. Көпір салуға келген еркек шора қыздарға қырғидай тиетін қалжыңбас пысықтығы қайда? Ішіндегі алай-түлей екі ұдайлы сөзін қамшылағандай болып, батылдана тіл қатты.

– Ер жігіттің қара күші екі асауды бірдей бұғалықтауға жеткенімен, қос аруды бірдей құшып, көңілін таба алмауы әбден мүмкін, Дүрияш, – деді шешенсініп. – Жалған сыпайыгершілік, жоқ болмаса өтірік имену емес, күні кеше ғана көз алдымда көлбеңдеп өскен бала едіңдер, енді міне солқылдап бойжеткен сіздерді көргенде аузыма жөні түзу сөз түспей, сасқалақтайтын болыппын.

– Е, бәсе, – деді Дүрия күле сөйлеп. – Бар өнеріңізді ішіңізге сақтап жүріпсіз-ау.

– Өнер деген қызыл тіл бола берсе, Оспанның алдына түсер жан жоқ бұл елде. Ендігі жастың өнері қызыл тіл безеу емес, көп біліп, көп оқуында болып барады.

– Ендеше біздің ағай, Ерекеннен асар адам жоқ па?

– Ол кісінің жөні бөлек. Білім бар да, оны іске жарату бар ғой.

– Сіздіңше... менің ағайым іске жарата алмай жүр ме? – деп Дүрия аздап шам шақырды. Осы кезде Гүлия «қойсаңшы» дегендей апасының жеңінен тартты.

– Ерекене төрелік айтар мен емес, – деп әңгімені ушықтырмай қайырды Дархан. Тоғай арасынан көкектің даусы естіліп еді, Дархан да қолын аузына апарып, сол құсша жауап қайтарды.

– Қарай гөр өздерін, – деді сүйсінген Дүрия, – бір-біріне берген белгілері әжептәуір. Бірақ, Дархан аға, күзді күні ол құс сайрамасқа керек еді ғой.

– Алжыған көкек қыста да шақыра береді. – Бағанадан жамылғысын алмай үнсіз тұрған Гүлия мырс етіп күліп жіберді.

– Олай болса сіздер, – деді Дүрия сайрандап, – сол мезгілсіз шақырар алжыған құс болғандарыңыз.

– Қалай десеңіз де, басымды изегеннен басқа амалым жоқ. Өйткені, сіздер Омекеннің қыздарысыздар...

– Әкемді бұл жерге араластырмаңыз, – деді Дүрия қабағын шытып.

– Мұным білместік болды, айналайын, айып етпе.

Тоғайсытырлап, Қамбаршықты. Қолындағы жатса-тұрсатас-тамайтын камшысын сарт еткізіп етігінің қонышына сала қалды да:

– Түу, әрең құтылдым-ау топалаң тигірлерден. Қайда барасың, деп қадалып болмайды. Тіпті, қамалап жібермей әуре қылды.

– Осы жын-ойнақты ойлап тапқан өзің едің, – деді Дүрия еркелей күліп. Үнінде өзімсіну бар.

– Осы жын-ойнақты ойлап таппасам, сендермен жолыға алар ма едік?

– Оның рас. Біз сен келгенше, біраз тәжікеге бардық. Дархан аға үндемегенге аузын бұған моты ма десем, бабы келсе бас бермей кететін көкперінің өзі екен.

– Ә, оның ондайы бар, бір бұлқынса, мол бұлқынатын батырдың дәл өзі. Осыдан түп-тура елу жыл бұрын туса, әкесі секілді барымташының өзі болар еді.

– Әкесі... – деп қалған Дүрия өз тілін өзі тістеп, ары қарай сөзін жалғастырмай жұтып қойды. Оның есіне баққан шешесінің «үйге келген кісілердің кім екендігі жайлы тістеріңнен шығармаңдар» деген қатты ескертуі түскен-тін.

– Немене айтқың келіп еді, Дүрия? – деді Дархан.

– Әкеңізді біздің үйден талай рет көріп едім, – деп жалтара жауап берді.

– Ой, ол кісі сендердікінен шықпайтын, – деді Қамбар.

– Ал не тұрыс, іске кіріспейміз бе?

– Қандай іске?– Қыздардың екеуі де елеңдесіп қалды.

– Менің Дүрияда аздаған шаруам, айтар сөзім бар еді, – деп қолтығынан демеді. – Соныдықтан екеуіңізді аз уақытқа қалдыра тұралық. Біз келгенше үндемес ойнап мелшиіп тұра бермеңдер тегінде.

– Олай болса, кеттік, – деді Дүрия. – Дархан ағаға қандай адамды да сеніп тастап кетуге болады. Зиянсыз кісі...

Екеуі жер сыза аяндап көзден таса болды. Өзен бойын қуалай шүйкедей созылған мамық тұман бірсін-бірсін қоюланып, қыз бен жігіттің оңаша кездесуін құпиялағандай қалыңдап, қымтаған. Сәл үнсіздіктен соң екеуі де тым-тырыс тұрыстарынан ұялғандай қимылдады. Дарханды көбінесе таңдайы тақылдаған Дүрияның мысы басушы еді, енді екеуден-екеу қалғанда бойына өзі де танданыс білдірер батылдық пайда болған.

Гүлияның жөні бір басқа. Күні кешеге дейін, еркек затын ұнату, әлдекімге көз сүзу, көрер таңды көзімен атқызып, дірілдеп, қалшылдап ғашық болу сезімінен жұрдай, тіпті осы ауылдың жыртаңқой бозбалаларының ешқайсысына да мойын бұрып көз қиығын салмаған, туысынан салмақты, сабырлы қыздың үнемі тұйыққа тірелгендей жұмбақты жүріс-тұрысы, өзгені қойып бірге туған Дүрияның өзін қайран қалдыратын. Сыңарын мәңгірген халден оятқысы келгендей, сан рет ғашықтық хиссаларын айтып, сезімін қыттықтамақ ниетте өзі жігіт болып аймалайтын. Тіпті, түні бойы маза бермеуші еді. Не қылық көрсетсе де селт етпей, түп-тұнық кара көздері мөлдіреп, терен, мәңгіге жібіместей ызасын келтіретін. Әбден

ызаға булыққан Дүрия себепсізден себепсіз жылайтын. Ал кеше кештен бергі көңіл-күйі басқаша. Ол өзінің он екіде бір гүлі ашылмаған қыз екенін алғаш рет Дарханмен алтыбақан тепкенде сезінді. Осынау алпамсадай сымбатты әрі өте ұяң жігіт жүрегіне жарылқаушы сәуле болып кіріп, былайғы ғұмырының дұғасына айналарын көкірегіне мықтап түйген. Айғайлап жар салып, жапан түзді жаңғыртып келер сүйдім-күйдім емес, басқаша... үнсіз ұғысып, тілсіз тілдесетін баянды махаббаттың сарқылмас жыры басталған еді. Алғашында оңай жасырын жолығулармен ғана шектелетіндей, бір-бірін көрсе құмардан шығатындай көрінген дүниенің азапты сапары алда, асуы да алда екенін бұлар да зерделеменген, жан сезімінде қоздаған ыштықтық ендіктілер, шаршатар, тек шыдам керек, шыдам! Құйын болып тиген дерттен сауығу үшін кете кездесулерден гөрі ұзақ сонар жүріс керегін білді ме? Бәрібір менмұндалап, бүкіл болмыс-ажарынан атқылап тұрған сүйіспеншіліктерін әуре болып, бекерден-бекер жасқана жасырады.

– Гүлия, қалқам, – деді Дархан қыздың нәзік саусақтарын ұстап. Қайсысының қолдары дірілдеп тұрғаны белгісіз еді. Саусақтары жанаса бере, екеуінің де өне бойынан тітір жүгіріп, жасын ұрғандай естанды күй кешті. Бірақ қыз ұяла төмен қарағаны болмаса қарсылық білдірген жоқ. – Мен сенімен мың жылдан бері осылай қол ұстасып қатар тұрған секілдімін.

– Тағы да мың жыл тұрасыз ба, аға? – деді Гүлия.

– Менің бұйрығымда болса шыдар едім. Тіпті, дәл осылай қатып қалуға да көнер едім.

– Жер басып жүрген соң, тұрғаннан гөрі ертеңгі атар таң, шығар күнге ұмтылған мақсұт-ау, аға.

– «Жоқ-жоқ, – деп ойлады Дархан қуанып, – бұл мен ойлағандай ынжық қыз емес, есіктегі басымды төрге сүйрер батыр, бар қуатын бойына үнсіз жинап жүрген тасқайнат секілді. Мұндай адамдармен қол ұстассаң ештеңе де қорқынышты емес, ештеңе де...

– Мен сізді, – «сеннен» сізге көшкенін өзі де байқамай қалды, – мен сізді...

– Мен де сізді, аға... – деп жігіттің кең кеудесіне маңдайын тіреп жылап жіберді. Жер бетіндегі адамның бәр-бәрі қайғыдан жылап, қуаныштан күле бермейді екен. Ару қыздың қазіргі көз жасын түсіндіру қиын еді.. Басына бүркеген шәлі-жапқышы

сусып желкесіне қайырылып қалды. Қыздың аздап дым шалған қолаң шашынан сипап, үнсіз бауырына баса елжіреп тұрған Дархан, мынау ию-кию жалғанда өзімнен бақытты адам жоқ деп ойлады. Бұдан әрі сөзбұйдаға салудың да, аш ішектей шұбатылтан әңгіме, әзілмен түсінісудің де, алақанына қонған құтты құсын орынсыз аймалап еркелету де – бәрінің түкке қажеті жоғын білді, осы қалпында өмір бойы тұрып қалуды армандады. Қозғалса, епетейсіз қылық көрсетсе – әзірде ғана тоңазыған, қабыршықтана бастаған ұлы достық, маздаған махаббаттары күл-талқан болары рас-ты, быт-шыт болуы мүмкін еді.

– Менде сенен басқа тірі жан, жанашыр ағайын жоғын білемісің, қалқам, – деді Дархан көзіне жас алып. – Тірі жетім болып, жұртта қалған күшіктей жүдеп-жадап жүргенде сені таптым. Тез табылған нәрсе, тез жоғалады деуші еді, ондай жамағаттың бетін ары қылсын. Тәңірім, ұзағынан сүйіндіргей, ұзағынан.

«Ұзағынан сүйіндіргей, тәңірием», – деп Гүлия да күбірледі. Сырт көзге жалғыз адамдай жабысып тұрған қыз бен жігіт желікті сезімнің желкенін түсіріп, жүз жыл бірге тұрып, жүз көрісіп үйренген қариялардай ақыл мен сабырға жеңдірген. Біссімілэсында тұла бойларын өрттей шарпыған ыстық ынтықтық, тұңғыш қосылған екі жастың басынан өтер майда діріл, жалынды құштарлық – мынау мезгілдің өзіндей жуас, әрі мұңлылау... Ол екеуі осы түнде бір бүтінге айналып, ересек тартқандарын сезді ме, көре алмаса құлындай тұра алмайтын жігіт пен қыздың ынтызарлығы қайда? Қайда, күні кешегі жанын жегідей жеген, ертеулі атқа мінгендей ереуілдеген сағыныш, әлден сырыжұрт болып қалғаны ма? Кеуделеріндегі жұдырықтай ғана жүрек – ол да дәл кешегі, алтыбақан басындағы тайбурыл болып шаппай, баяу жүріс, байырқалаған салмақпен әлсіз һәм аздап қорқыныш шақыра соғады. Тосыннан келген осыншалық дертті халіне қайран қалғандай екеуі де бір-біріне білдірмей аздап алыстап кетті. Неге өйтті? Ұзақ жолды бастамай жатып, аяқтағаны ма? Суық сезімге салынып әлден-ақ суысқаны ма? Мүбәдә осының бар-барлығы шын ұғысқан жастың күлді-көмеш күлкі, сыбыр-сыбырсыз-ақ өмір атты ұлы мұхитқа белді бекем буып, өздері

асықпай жасаған қайыққа бірге мініп тас-түйін қатар жүзіп шығуы еді.

Мүжіле-мүжіле таусылуға айналған ай балдыр тұманның арасынан тұтыла бозамықтанып бірде көрінсе, бірде көрінбей жасырынбақ ойнайды. Қазан түбіндегі өри бастаған тоңмайдай мүсінсізденген әлгі қылықты ай мамық мұнардың арасынан себездеп, ертек сынды ғажап көрініспен көңілге мәңгі тыныштық орнатқандай болады. Осы тұс әлемі секілді ақ мұнар арасында адасып келіп табысқан, айрылмастай болып қауышқан қыз бен жігіт тіпті де бұл дүниелік емес, арғы дүниеде, тек өздері ғана еститін әуенсіз ән тындап, намазға – махаббат намазына ұйығандай ұйқылы-оюу... Бар мен жоқ, өлі мен тірі, қуаныш пен қайғыға кезек жүгіріп шаршап, жалқы сәт көз шырымын алғандай, әлде алмағандай...

Тұманытқан ақмұнар дүниенің бір шетінде Қамбар мен Дүрия да адасып жүр еді. Еркіндік өздеріне тиген екеуі ал дегеннен-ақ құшақтарын айқастыра ұзақ сүйіскен; құмарлық дендеп, тоятсыз сезіммен аймаласқан. Жердің сыздығы мен күннің салқындығына өлердей өкініп, әттең... бір-бірін соқыр адамдай аласұра си-палаған еді. Бұдан бұрын да талай рет кездесіп, беттері ашылған Дүрия мен Қамбар тым-тырыс дүниені даңғараға бөлеп шулатқысы, етегін сүйреткен тұманды түннің ақ толқын көйлегін дал-дұлын шығарып жыртқысы келген.

– Екеуміздің бұл қылығымызды сезсе әке-шешен не айтар еді? – деді Қамбар қыздың дым шалған шашын сипап.

– Әкемді білмеймін, – деді Дүрия жуас үнмен. Әншейінде, ойнақтап тұрар ерке қыз салмақты да сабырлы мінезге көшіпті. Осы тасуы қайтып, асауы басылған өзендей момақан тазалық өзіне тіпті жарасады екен. – Ал, анам естісе, шашын жұлып, жер сабалап ашуланар еді.

– Иә, шешенің мінезі шатақ, бірақ екеуміздің қосылуымызға көлденең болар тосқауыл жоқ қазір. Өкіметтің заңы біздерді қолдайды. Сын сағаты басына түсіп, соңғы сөзді өзің айтар болған сәтте антыңнан айныма, жаным.

– Тек, асықпайық, – деді Дүрия – Сен мені асықтырма, айтқаным айтқан – мен сендікпін. Сендік болмайтындай нем қалып еді...

– Ырғалып-жырғалуды уақыт көтермейді ғой, Дүрия.

– Дегенмен дәл қазір емес, ауылға көшіп түскен соң, шешімімді айтармын. Ол күнге де көп қалған жоқ.

– Қайтеміз, жылаймыз да шыдаймыз. Бірақ, кешеуілдете бергенің аландатады... Қайдам, сәулем, түйе тұсағанның екі ойы бардың кері болып жүрмесе...

– Сабыр түбі сары алтын деген, асығыстық сайтанның ісі. Сенің етегіңнен ұстап өтуге жазған шығар, сезіктенбей-ақ қой.

– Сен ақылды тентексің, жаным. ... Үлде мен бүлдеге оранып өскен басыңа қиын іс туса өкінбейсің бе? Бірде бар, бірде жоқ өмірдің талқысына түскенде көзіңе қамшы тиген ботадай боздап, мені кінәлап жүрмесең, маған одан артық бақыттың керегі не.

– Маңдайымнан көрем де. Не бақ, не сор, сені жазықтағанда әуеден шұға жаумас, жер басып тірі жүрген соң, тойып тамақ ішіп, бүтін киім кигеннің несі айып. Қандай қазақ босағаға байланған байлық пен атақты бастан тепкен екен. Мал екеш, мал да қуарған тақырдан отты шалғынға қашпай ма. Семіздікті көтеріп, жоқшылыққа төзе білгенде ғана адам аңсаған мұратына жетеді білем. Бірақ, сол мұрат деген не өзі, бар ма, бар болса қандай? Менің ұға бермесім – осы ғана, басқасы... таңның атуы мен күннің батуы арасындағы күнделікті тіршіліктің көп-көп күйбені ғой; біреу ерте, біреу жай тұрар, біреу ерте, біреу жай ұйықтар... айырмасы қане?..

Күні кеше ғана төбесіндегі үкісі бұлғандап, наздана күліп, масаттана шалқып жүрген тәкаппар қыздан дәл осындай көнелі сөз, терең пайым, ой мен мұңға толы толғаныс күтпеген Қамбар не дерін білмей қайран қызылшыл, жылтырағанға құмар нәсіпшіл сезіммен ғана жақсы көріп, кембағал бағалап келген екен. Ол өзін дәл қазір осы тұрысында соншалықты қор, алысты болжай алмайтын көрбала сезінді. Мынау құшағында әзірге ғана ырқына көніп, өзімен бірге күйіп-жанған, былқ-сылқ қылық көрсеткен қыз барған сайын биіктеп, мұны төмен қалдырып, жалғыздан-жалғыз самғап ұшып бара жатты. Қуып жете алмайтындай, мәңгіге айрылып қалатындай аса қорқынышты көрінді оған. Өнебойын біртіндеп қауіп жеңіп, сабақ білмейтін шәкірттей мүсәпір күйге түскен-ді.

– Неге үндемей қалдың? – деді Дүрия қалада қарап. – Әлде әлсіздік көрсетіп алдым ба?

– Жо-жок, – деді сасқалақтаған Қамбар. – Әлсіздікті мен көрсетіп тұрмын. Сен алыстап барарсың менен.

– Адам жақындау үшін де әуелі алыстауы керек шығар. Семейдегі әйелдер училищесінде оқып жүргенде бір мұғаліміміз айтушы еді: «Жақсы көрген дүниеге жанаса берсең қадірі кетеді», – деп. Десе де сенен алыстағанда барар жерім, қонар тұғырым қайсы. Кейде осылайша қиялдап, сандырақтап кетерім рас. Екі аяқ жүруге жаралған, өмір-бақида да ұша алармыз ба? Тіпті, ұшқан күннің өзінде қайта айналып сен жайған торға қонармын. Мен оны сеземін. Жетекте – жетектей алсаң, ердім соңыңнан.

– Сенің соңыңнан мен ерсем деймін, Дүрияш... Әлгі Семейдегі мұғалімдерің еркек пе, әйел ме?

– Қауіптенбей-ақ қой, – деді күліп. – Ол жиырмасыншы жылы түрмеге қамалыпты. Алаш болып аласталып кетсе керек.

– Қара танитын ғана қауқарымыз бар, ендеше менің ұстазым өзің боларсың.

– Ол қолдан келеді енді. Бірақ, сен тілімді ала қойсаң... Тәртіпсіз, кержалқау оқушы болатын түрің бар-ау.

– Әйтеуір молдалар секілді көзіме көк шыбын үйметеліп шыбыртқылап сабамасаң болды.

– Талапты қаттырақ қойған кезде сен мені таяққа жығып жүресің бе деп қорқамын. Екі сөздің біріне келмей жұдырығын ала жүгірер әдет қазақ жігіттерінің ұлттық өзгешелігі...

– Қатын сабау, мәңгілікке хош-хошын айтқан шығар.

Екеуі де бір-біріне еркелей күліп, ауылға қарай аяңдады. Дүниені меңдеген тыныштықты анда-санда иесіне жағына үрген иттің еріншек маңқылы тесіп өтеді. Құмыққан түннің ауыр демалысы қорғасындай басқан тұманнан булыққандай сырылдаған дімкәс дем шығарады. Сырылдаған үн – бұлақтың кеңірдегінен шығып, қой бауыздағандай қырылға айнала ма қалай? Олар өзектен өрлеп қырға шыққанда ғана барып білді, мақталанған тұман тек тоғай ішін ғана жайлаған екен. Кеуде жағы ашық, сұрмұнарланып сұлық жатыр. Алыстан, тым алыстан, алқаланған Тарбағатай жоталарының солтүстік батысынан зіркілдеген, дүниені дүр сілкінткен дүмпу естіледі. Сұлама даланы жаңғыртып, зыңылдап жеткен сілкініс, асықпай

жер сыза аяндаған қыз-жігітті селк еткізді. Қапелімде жер сілкінді ме деп ойлап қалған олар, қалт тұрып, тағы да құлақ түрді.

– Тағы да соғыс басталған-ау, – деді Дүрия шошынып.

– Соғыс емес, – деді Қамбар. – Түркісіб деген шойын жол салынбақ. Тас қопарып, жол түсер жерді аршып жатқан шығар.

– Жеті түнде ме?

– Күн-түн деген жоқ олар үшін. Дарханның айтуына қарағанда кезектесіп істеп, тәулік бойы дамыл таппайтын көрінеді. Енді міне, Шарға да жақындап қалғаны ғой.

– Онда тым жақын келген екен, – деді Дүрия.

– Енді біраз күнде сол Шар өзені үстіне көпір салу үшін Дархан да аттанады. Ол өзі атақты көпірші болып алған көрінеді.

– Ол кісі тағы да кетеді деші, – қыз өкіне күрсінгендей мұңая қалды. – Біртүрлі қызық жігіт. Келбеті қандай келісті, бірақ мінезі сәби секілді. Ол кетіп қалса, Гүлияға обал да. Өлердей ғашық екенін білемін, уайымдап жүреді-ау байғұс қыз.

– Иә, ол мықты жігіт, – деді Қамбар ішкі қызғанышын әрең басып. – Шойын жол салуға мені де азғырды. Сен қалай ойлайсың, Дүрия, барайын ба?

– Жас емессің ғой қызға ақыл салатын. Азу тісі шыққан жігітсің, өзің біл.

Жапанды жаңғыртқан дүмпу тағы да естілді. Жайлауда бейқам отырған ауылдың тамам иті жер тарпып, жарыса ұзақ үрді... Осы түні Ақжайлауда отырған мұқым ел тынышсыз ұйықтады.

Олардың, яғни Дархан мен Гүлияның қаперінде еш нәрсе жоқ еді. Түткен жүндей болып шудаланған тұманды жамылыға, осы алғашқы онаша күйлерін өздерінен де қызғанғандай, тұңғыық ойға беріліп, ұзақ тұрды. Жанындағы енгезердей жігіттің жаңағы бір сөзінде «жалғызбын» дегені жанашыр тілегені емес, сынарын іздегені, қол ұстасып қатар жүрер құрбысын тапқанына еңіреп қуанғаны екенін Гүлия да сезген. Өйтпесе аяқ-қолы бүтін, тепсе темір үзетін өндірдей азаматқа жалғыздық деген не тәйірі. Қайтаылықдан иттей топырлағаннан, арландай айбатпен жападан-жалғыз жортқанның өзі озық-ау. Өзінің мықтылығына сенген хас батырлар ғана осылай

жеке-дара шығып, қара үзіп оқшау лагады. Саяқ жүрген адам әрқашанда сақ келеді, – сенетін серігі жоқ.

– Жалғыздық Құдайға ғана жарасады, – деді қыз өз ойына өзі қарсы келіп. – Кісі болып жаратылған соң, жан жолдассыз бола ма? Онда ол алысқа ұша алмайды, бір қанаты жоқ құс секілді.

– Екінші қанатым жоқ болғандықтан да сені іздеп таптым, – деді Дархан қыздың тауып айтқан мүбәрәк сөзіне тәнтілікпен. – Анттаспай-ақ қоялық, дегенмен бұдан былай кездесе аламыз ба, жоқ па бір бұйрық білер. Аюдай ақырған әке-шешен бар, қолында қайласынан басқа түгі жоқ, сіңірі шыққан жұмысшыға сені кимас, қарсыласар, әңгіменің түйіні шыр айналып өзіңе тірелгендей болса, айнып кетпейтін сертінді естігім келеді, қалқам. Айып болмаса «мен сендікпін» деген бір ауыз сөзінді естіп тоқ көңілде берік байламмен аттансам ба деп едім.

– Сонда... сіз бір жаққа жүрмексіз бе? – Қыз елеңдей сұрады.

– Иә, қалқам, ертең дәм тартса Шар жағына кетсем деген ой бар. Ризамын елге, жаз бойы өз үйім, өлең төсегімдей жаттым, аунап-қунап демалдым. Малмен бірге менің де жілігіме май жүгіріп, қоңайып, ет алдым, – деді күліп. – Енді судың да сұрауы бар, өз кәсібімді өзім іздеймін. Тіпті, мынандай тұрған заманда қол қусарып, елге еркелеп жатып алу азаматтың атына лайық емес.

– Шарда кіміңіз бар еді?

– Екі туып бір қалғаным жоқ, Гүлия. Жол жүрген адамға жолдас әрқашан да табылады. «Түркісіб» деген темір жол сол Шарға келіп тірелген көрінеді. Енді біраз күнде өзеннің үстіне көпір салу жұмысы басталмақ. Ал, көпір салу – менің кәсібім. Дәм тартып... Иә, дәм-тұзымыз жарасқандай болса, пролетариаттың, қолында қайласынан басқа байлығы жоқ жұмысшының қосағы боласың. Егер сондай күн туса, күн туса деппін-ау, басыңа мен айтқандай қиын іс түссе шыдар ма едің, қалқам?..

– Адамның бар бақыты тек байлық болса, оны да бір кісідей көрдік, аға. Қап тауын асып, мойныңызға қоржын іліп кетсеңіз де біргемін сізбен. Маған керегі дүние-мүлік емес, сіз, ендеше бүгін ертіп кетсеңіз де әзірмін.

– Ризамын, – деді Дархан жүрек толқынан баса алмай. – Бәсе, бір бардың – бір жоқтығы, бір аштың – бір тоқтығы бар деуші еді. Атар таңымның алда екеніне сенуші едім, үміт жібін үзбей сарыла іздеуші едім, таптым. Шарға барып орналасып алған соң мүлдем алып кетуге келем...

– Әкемдер енді біраз күнде күзеуге түседі. Сол кезде келіңіз. Оған дейін бұл құпиямызды тірі жан білмейтін болсын, аға. Әсіресе, анау Оспан деген ауылнайымыздың құлағына тисе маза жоқ.

– Ол иттің өзі сенен дәмелі ме? – деді Дархан. «Ит» дегенді қыжылмен айтып қалса да өз дөрекілігіне қатты қысылды.

– Әкемнің ол кісінің оң көзіне мені айырбастаймын деген уәдесі бар көрінеді.

– Омекең ондай ұсақ айырбастың адамы емес, алдап жүрген ғой.

– Не дегенмен, сол кісіден қорқамын, аға.

– Қорғаның мен, қорықпай-ақ қой. Қолынан келген кереметті көріп алдық.

Осы сәтте әлемнің әйнегін сындырардай болып дүмпу естілді. Қыз селк етіп, шошына Дарханның қойнына қалай кіріп кеткенін байқамай қалды. Қырғидан үріккен балапандай бүлкілдеп жүрек тұсына жабыса қорғалаған Гүлияны бауырына басқан жігіт сасқан жоқты. Ол үшін бұл дүмпу әбден құлағы үйренген, сиырдың мөңірегеніндей ғана жәй жарылыс еді.

– Қорықпа, – деді қыздың арқасында шұбатылған бұрымын жинастыра ұстап, Түркісібішлер Шарға келген екен. Дәрі қойып тас қопарып жатыр. Ондайдың талайын көргенбіз. Бұл дүмпу.

– Қайдам, – деді дірілдеп қыз. Жерді жара бергеннің несі жақсы дейсіз. Мен тіпті у-шудың қайсыбіріне де үйрене алмаймын-ау деймін, аға. Семейде оқыған бір жылда жынданып кете жаздап едім. Маған осы тұман басқан жым-жырт түн, әнмен бөлген аспанға ұшыратын алтыбақан, жайлауға шұбатыла көшкен ел, шұрқырап жатқан мал, мынау жұлдызды аспан, анау бүлкілдеп аққан бұлақ, міне осылар ұнайды, аға. Тезек теріп жүрсем де осылардың ортасында жүрсем деймін, аға...

Қыз булығы жылап тұр еді. Сәбилік... әлі лайланбаған таза сезімге беріліп, әлде, айтқандарының бәрін, әлгі оқыстан естіген дүмпу күл-паршасын шығара бүлдіріп тастағандай

өксіді. Ертекті дүниемен мүлдем хош айтысып, асығыс ағысқа түсіп, ағып бара жатқандай жанұшыру бар еді. Құшағында өксігін баса алмай боздаған Гүлияны жұбатар сөз таппаған Дархан:

– Қой, қалқам, қой, – деп қасаң алақанымен ебедейсіз сипалай берді.

– Біз тіпті де сен айтқан қалада тұрмаймыз. Біз Құландыдан ешқайда көшпейміз де.

– Мал ұстаймыз ба? – деді қыз солқылдап. Дархан еріксіз күліп жіберді.

– Ол жағын білмеймін. Әйтсе де, бірер қараға рұқсат етер.

– Ендеше, әкемнен ақсақ құлынды сұрап аламыз, – деді балалық қылықпен.

– Қайдағы ақсақ құлын?

– Жылқыда оң жақ артқы аяғы шолақ құла құлын бар, көктемде жаңа ғана туып, шаранаға оранып аяқтанбай жатқанында енесімен екі жыл құлындамай бедеу жүрген бие таласып, аяғын басып кеткен, әлі бекімеген шеміршек сүйек шорт үзіліпті. Мал болмайды бауыздап тастау керек деп әкем сан рет оқталғанында мен көнбедім. Аядым жас нәрестені. Сол сынған жіліншектен оташы шал шорт кесіп, қанжапырақ тартып орап тастаған, жас қой, тез бітті... Содан бері бір аяғы жерге тимей салақтап қалған, үш аяғымен шойқаңдап жүреді. Сондай аянышты, алғашында қарауға дәтім бармады. Ақырын жүрсе кібіртіктеп құлап кетердей баса алмайды екен. Ал қызып алғанда секіріп-секіріп шапқылай жөнеледі. Бірақ сүмек болып терлейді байғұс, жүргенінен жатқаны көп.

– Расында да обал екен. Өйтіп қинағанша бауыздағаны озық еді. Мен тіпті осы жасыма дейін, малдың арасында өсем де бір аяғы шолақ, ақсақ құлын көрмеппін-ау. Тіпті ала жаздай осындамын ғой, көзіме түскен жоқ.

– Желі басына жылқышылар тек сауын биелерді ғана қуып келеді, қайдан көресіз, – деді Гүлия. – Анда-санда өріске өзім барып, ит-құстан аман ба екен деп өлі-тірісін біліп қайтамын. Әзір аман, есейіп алыпты. Ақсақ аяғы суалған да екінші бүгін саны сондай толық, мықты.

– Әрине ғой, – деп құптады әңгімеге еліге түскен жігіт. – Оспанның да жалғыз көзі жақсы көреді.

Онан соң екеуі де мәз болып күлді. Кездесуге шыққаннан бері рахаттана күліп, көңілдеріндегі қоламталанған шоқты көсегендері-тін.

– Ендеше, – деді Дархан. – Әкеңнен алған жалғыз жасауың осы ақсақ құлын болсын.

– Өзім де одан артық дүние дәметпеймін.

– Әкең тым сараң адам емес. Бірақ, құла құлынды берсе де, батасын бермес.

Айналаны шарбылаған мамық тұман дым бүркіп тоңазытқандай. Құлаққа ұрған танадай тыныштықтың ендігі қалған бүлдірушісі бұлақ қана: өзінен басқа әнші жоғына мәз болып, сылдыр-сылдыр үн шығарады. Бұлардан бөлініп кеткен қыз бен жігіттен хабар жоқ. Тағы да жаңғырық естіліп, дүние дірілдеп барып басылды. Әлдеқайда, алыста соғыс болып, күркіреп зеңбірек атылып жатқандай. Мұнарта тұншыққан тау жақтан жайлаудың мақпал түнін қоңыраулата жылқының кісінегені естілді.

Жер-көкті солқылдатқан жарылысты хайуан да сезіп елегізеді білем.

– Пай-пай, пай, жарасып тұруларын-ой, – деген дауыс екеуін бірдей селк еткізді. Өзімізден басқа тірі жан жоқ деп қаперсіз тұрғандарында жер астынан шыққандай болып естілген үнге жалт қарасқан. Жансыздай жарбайып тоғай арасынан шыққан Оспан екен, жүректері орындарына түскендей болды.

– Қайда жүр десем, тоғай арасына тығылып алып, ғашықтық сырын шертіп тұр екен ғой, – деді мысқыл аралас кекесін үнмен. Бұдан соң өзі алшаңдай басып келді де үн-түнсіз Дарханды ықтай қалшылдаған Гүлияның білегінен тартты. – Жүр, әкең шақырып жатыр, әдейі іздетіп жіберді. Ал сен найсаппен кейін есептесем.

– Тіліңді тарта сөйле, ауылнай, – деді Дархан. Оспанның қапсыра ұстаған қолынан құтыла алмай тартыншақтаған қызға қыр көрсеткісі келді ме, жалғыз-ақ қағып еді, шығып кетті. – Қолыңды сұмаңдата берме, Осеке, айрылып қаларсың.

– Қашаннан бері қамқоршы бола қалғансың. Байдың асын байғұс қызғанады деп, жалғыз-ақ түнде жар қылып алтандай кердендейсің ғой, – деді Оспан Дарханға шамасы жетпейтінін білсе де тілін тартпай. Оп-оңай беріле салуға, оп-оңай жеңіле салуға қыз алдында намыс қылып, не болса да тайынбай

жағаласып өлмек. Гүлияны жанындай жақсы көретіні рас-ты. Үстінен күс ұшырмай қызғанатын. Адамдық ет жүрегімен елжіреп, осынау тотыдайын таралған қара көз, қолаң шаш қызды арман ететін. Омар бай бір көзін ағызып жіберсе де кегін қумай, ыңғайына көшкен, Гүлияға деген адал махаббаты үшін өзін-өзі құрбандыққа шалуы, сүйген қызына өзін-өзі садақалауы еді. Бұған дейін иемденіп, зор дәмеғып келген арман қызын әлдекім аймалап тұрғанын көргенде, әттең, кірерге тесік, атарға оқ таппады. Содан соң жігіттің Дархан екеніне көзі жетіп, жармаса кетсем, жазым қылар деген қауіппен тілін безей келген беті еді.

– Бұл қыз менің боданым. Көзімді беріп алған құныкер қызым. Сулы жерде асып, сусыз жерде қуырып жесем де қолымнан қақпаймын деген әкесі.

– Барымтаға қарымта деп жетектетіп жіберер мал ма екен? Әлде әйел заты сүйгеніне қосылады деген Ленин декретін білмеуші ме едің. Өзің осы ауылдың кеңесісің, қалтаңда үкіметтің мөрі бар, айтқаным айтқан, жан керек болса енді бұдан былай Гүлияға қарап мөңрегенінді қой, білдің бе! – Дархан өз қадетіне жат мінезбен булығып барып ашуын зорға басты.

– Күшейіп тұрсың ғой. Кімді-кім жеңерін ертеңгі күн көрсетер. Ендігі жауым – сенсің, Таңатардың қаңғыбас ұлы, сенсің! Қанжығада көріселік!

– Ағалар!– деді Гүлия қоңыр дауыспен. – Менің бір басымды дауға салсаңдар, жігіттіктеріңізге сын. Анығын естігілеріңіз келсе, мен ескінің етекбастылығына да, жанның қошаметіне де көне қоймаспын. Маңдайыма кімді жазды, жүрегім кімді қалайды соның соңынан еремін. Оспан аға, сіз ренжімеңіз, қарақан басыңызды бір кісідей сыйлаймын, сүрінгенде сүйеу тұтар жанашырым, ағайым деп медет етуден басқа айтарым жоқ. Бекер әурелеп қайтейін, мен Дархан ағаны сүйемін. Алдымнан жеті басты айдаһар шықса да осы кісіге сөзған қолымды кесе алмас. Шешімім – осы! Сіздерді сүзістіріп қойып тұра берудің жөні жоқ шығар. Мен кетейін. Әйел арашашы болып, соқталдай екі жігітті бітімге шақырып тұруы жараспас.

Асықпай аяңдап қаздай қалқыған қалпында тоғайды мендеген тұманға сіңіп жоқ болды. Текетірескен екі жігіт не істерге білмей, аңтарылған күйі қалды.

Бағанағы жер мен көкті шайқаған дүмпу тағы да естілді. Тіпті жақындап, сәурдің бұлтындай төңіректен іргеге келді. Табан астынан жарылғандай қатты естіліп еді. Оспан шошына құлақ түрді. Ал, Дархан сасқан жоқ.

Ертеңінде Еркін пәуескеге қос ат жегіп, Семейге қайта аттанды. Асығыс аттанды. Делбесін Оспанға ұстатып суыт жолға шыққан. Бүгін кешегіден гөрі аспан ала шабыр, терістіктен ескен суық желі бар еді. Өліара жақындап, күн райының бұзылу қаупі тақап келе жатқан. Бұрынғы жылдардағыдай емес, жарықтық табиғатта да өзгеше өзгеріс бар, қысы барған сайын, ұзарып, жазы жаңбырлы болмай ашық өткенімен, екі-үш рет бұршақ соғып, таудың шалғынын жалғыз-ақ күнде жапырып кеткен. Биыл қыстың да ерте түсетін сынайы аңғарылады. Ағаш жапырағы уағына жетпей мінтеліп, шөп ерте қуарған. Шіркін, құстар да жауын-шашынға ұрынып қалмау қаупімен, бір күйсіздікті сезгендей, балапанын ерте баулып, әне ала бұлты аспанда қиқулап сап түзеп, бой жасап жүргендей.

Пәуескеде шананың қымтана үнсіз қалқалап, көк жүзіне телмірген Еркін сүйірлеп ұшқан тырнарлар тырауына құлақ салады. «Күз, – деді күбірлеп, – күз...» Көзімен сол бейбіт ұшқан, Балқаш жағынан тізіле күншығысқа ағылған тырнарлар керуенін барлап, арпалысқан ойын байырқалатты. Әсіресе, соңғы кезде адвокаттың көңілі ел көшкендей құлазып, жоқтан өзгеге елегізе беретін. Үлкен орда – өскен ұясында еру болған екі күн Еркінді төтенше бір іске үлкен тәуекелмен бастағандайтын. Шынында да арғы бетке аласапыран жылдары өтпей қисайып жатып алған әкесі, ел аяғы басылғандай мезгілде құйысқан, өмілдірігін салып «арғы бет» деп адырап отыруы әрі қуантатын, әрі қайран қалдырған. Елмен көрген ұлы той, туған жерден бір күрек топырақ бұйырса болды деп тыртысып отырып алса қайтер еді. Иә, Еркін онда да өлмес. Салт басы шу қарақұйрық деп тарта бермес пе еді. Ел үшін еңіреп туған ұлмын деп сезінетін Еркіннің бүкіл қазақ деген жұрттың тағдырына араласпақ арманы адыра қалғаны ма. Алаштың азаматтары болып, халқымыздың ақ туын жеке көтереміз деп бозқасқаның қанымен анттасқан күндер қайда? Быт-шыт, бөрінің боғы, бөкеннің сирағы болып ту-талақайышықты, шілдің боғындай пышырлады. Атақтысы абақтыға түсті, белгісіздеуі міне, бас сауғалап жүр. «Ойбай, жаздық, жаңылдық» деп Кеңес

өкіметінің аяғына бас ұрып кешірім сұрап, сандалып кеткендері қаншама. «Ұрып-ұрып саймен жүргенше, ұрғызып-ұрғызып қырмен жүрейік», – деген принципке көшкен бәрі де... «Иә, деп күрсінді Еркін шайқалған қос доңғалақты арбаның жақтау темірінен ұстап. Әлгіндегі сүйірлеп ұшқан тырналар үні семген, көзден де, көңілден де шеттеп кеткенге ұқсайды. Түйе өркештенген адырлар бітіп, алдарынан далиып кең жазық ашылды. Даланың өңі қуқыл тартып, мәңгілікке тілі кесілгендей томағатұйық жатыр. Бетеге бурылданып, көде сарғыш тартқан құла жон, адырлар артта қалған соң арбаның жүрісі жеңілдеп, солқылдақ жүрісі майда ырғамға айналған. Адвокат аспанға қайтадан көз салғанда әлгінде ғана тырналары қиқулаған көк төсінде қарғалар жүр еді қалбақтай ұшып...

– Иә, – деді Еркін қабағы кіреукелендіріп. – Бұл елге келген лаңның ылдиы ғана, өрі алда».

– Ереке, маған бірнәрсе дедіңіз бе? – Оспан шүңірек көзін қатарында ойға беріліп отырған адвокатқа қадады.

«Кәпірдің жанары қандай суық еді» деді ішінен.

– Жоқ-а, әншейін өзім ғой. Абайдың өлеңдерін жатқа оқып отырмын.

– Абай деген кім, Ереке, болыс болған біреу ме? – Оспанның кешелігі жынына тиді білем.

– Жоқ, шырағым, – деді мысқылмен.

Оспан қос қаракерді шаужайлап.

– Айласы ма, ақылы ма, әлде байлығы ма, әйтеуір бір нәрсесі жетпеген ғой. Әйтпесе, астында ақсақ аты жоқ мына біздер білдей ауылнаймыз. Әйт шу, жануар! – деп қолындағы шыбыртқышпен қос қаракерді сауырлап сабалады. Оқыс тиген соққыдан сасып, жұлқа тартып жөнелгенде бейқам отырған Еркін арбаның арқалығына жауырынын оңдырмай әнейімен ұрды. Басындағы қара қалпағы ұша беріп еді, оны әрең басып қалған.

– Ақырын, пәтшағар, ақырын айда! – деді Еркін зілмен. – Қайын-жұртыңа асығып барамысың.

– Қайын-жұртымнан қашып барамын. – «Әй, бір тақырға отырғыздым-ау мардымсыған қаратаяқты» деп қосып қойды ішінен. Адвокат қанын ішіне тартып үндемей құтылды. «Тапаншамен атып салып, таспен бастырып кетейін бе» деген жаман ниет жылт етті де жоқ болды. Оның есіне тапаншасын

дәу шалға сыйлағаны түскен. Мұндай сүмелек иттің бабын қаладан да табуға болушы еді, бірақ, бұл Еркін үшін ата жау емес, ауылдың жуындыға семірген қайқы құйрық төбеті секілді. Осының өзін кейбір іске ептеп пайдалану жөн шығар», – деп бір түйді.

Жол ұзақ, өте ұзақ. Дала далиған, тым-тым кең еді. «Кендігінен не пайда, аяғыңды етігін қысса егер, не пайда?» Арбаның ырғағы тағы да қайдағы-жайдағы өткен-кеткенге итермелеп көзін жұмды. Жанарында жамырап тұрған мұқым көрініс жым-жылас жоғалып, қара түнекке айналғанмен сол қап-қара тұңғықтың ортасынан, Құдайдың күдіреті, Оспанның бейнесі жарқырап өшпей-ақ қойғаны. Еркін таң қалды: «Тегінде, қазақтың түбіне осындай жігіттер жетер» деп ойлады. Мұндайлық шаш ал десе бас алатын қасапшы жігіттерді азды-көпті ғұмырында талай рет көргенді. Олармен мәмлеге келіп, ақылды іс бітірем деудің мүмкін еместігіне көзі әбден жеткен. Жан жолдасын жалғыз атым насыбайға сатып кету оп-оңай еді. Жанары суырып ашығандай болған соң, қамасқан ұзын кірпіктерін қайта көтерді. Тау етегінің тастақты жолы бітіп, ыдғай ақселеуі желкілдеген жазада басталған екен. Оң мен солдан анда-санда әлі де қыр сондарынан қалмай ереуілдеген төбелер қапталдасады. Сол сұламаланған бедерсіз далаға сұғынған сайын көкжиек қашып, жердің дидары сұрғылттана түседі. Тамыздың аяғы нәсерсіз құрғақ еді, қылаяғы шидің түбіндегі селкеу-сілкеу жасылтым алқа да қуқылданған.

«Биыл күз ерте түседі-ау», – деп ойлады Еркін.

– Биыл күз ерте келеді, – деді Оспан саңырау адам бардай саңқылдай сөйлеп. – Талай-талай қанды сойқандар алда, – деді бұдан соң Оспан. – Ұлу жылы бітісімен ысылдап жылан жылы келеді, ал жылқы жылымыз содан соң... Ереке, осы сіздің жылыңыз не?

– Мешін.

– Менікі доңыз, – деді Оспан, әңгімеге айналып делбе босаңсыған соң, қос қаракер де бірқалапты жұмсақ аяңға басқан екен. Құлақтарының түбі мен қолтық тұсы, әбзелдерді асты ғана терлеген аттар елден шыққалы онша қатты жүріс көрген жоқты. Жалғыз көзінің қиығын иықтас отырған адвокатқа тастап еді, әлде бір жанын кемірген ойдың шырмауына шатасып шыға алмай түнеріп, тура қарсы алдыға арбалғандай

қадалып қалған қабағында кірбің бар. «Сөнбейтін шаланы құйрығына байлаған-ау», – деп жорамалдады Оспан. Содан соң сапарласымен сұхбаттасып жарытпайтынын білді де, өз басының арманын аралап кеткен.

Көзі қайта-қайта жасаурай берген соң көзілдірігін алып жанарын сүртті Еркін. Көзі барған сайын нұры тайғандай сәл бір жел, не болмаса суық, болымсыз жарыққа өстіп өз-өзінен жылап, сулана беретін. Осы қыр қазақтарында сирек кездесетін мүкістігін көп оқыған кітаптан көруші еді. Семейдегі жебірей дәрігер жолдасы айтып отыратын: қиыр жайлап, шет қонып, мал қараған қазақтардың көзі көреген болады. Өйткені олар үнемі ат үстінде, таза ауада жүреді. Аспан мен көкжиектен алысты болжайды. Күнделікті табиғи тіршілігінің өзі жанарын дем алдыруға жаратылған. Сондықтан да, бұл халықта көз сырқаты өте сирек ұшырасады. «Иә, қазақтар бірінің көзін бірі шұқып шығармаса, аурудан кете қоймас». Осылайша таусылмас жолға шыққанында ойды мүжігеннен басқа ермек қыларың жоқ. Әңгіме айтысып, білім салыстырып дискуссия ұйымдастыратын мықты үзеңгілесің болса тағы бір сәрі. Оспанның түрі болса мынау сасық құлықты жебей сауғаннан басқа қолынан келері жоқ.

Талантты юрист, жетелі адвокат Еркін Кенжин дума мүшесі болып думандатпаса да, талай-талай додалы айтыстарға қатысып, өз қатарынан қалмайтын. Үлкен білімге қоса тағдыр сыйлаған шешендігі бар, небір аузы алты қарыс адамдардың аузын аштырмай сілікпесін шығарған. Бәрі баяғының садағасы...

Алғаш Совет өкіметінің сыбысы шыққанда осы ұлы дүмпу әсіресе Еркінді үлкен ойға қалдырып еді. Өзін әрқашан демократиялық бағыттағы, жәбір көрушілердің қамқорымыз деп есептейтін ол, жекелеген адамның мұң-мұқтажы, мақсат-мүддесі хақында бас қатырып ойлаған емес. Ондай жекелеген адамның тағдырында ілуде бола беретін айырмашылықтар бүкіл халықтың рухани, мәдени жағынан өсіп-өркендеуіне, ұлттық сапаның дамуына ешбір қатысы жоқ, бөлек, назар аудармайтын кішкентай дүниелер деп есептейтін. Еркіннің ұғымында: қанша рет революция жасалып, қоғамдық формация қаншалықты ауысса да бай, кедей деген салыстырмалардың жойылуы тіпті мүмкін емес нәрселер.

Оспанға қарап еді, мұрнынан ыңылдап әлдебір әнді айтып кәперсіз отыр екен. «Бұл қу, – деп ойлады Еркін, – байығысы келмейді деймісің, тек байи алмай жүр-ау».

– Табиғатта тасбақа деген жәндік бар, – деді Оспан, есіне не түскені белгісіз мырс етіп күлді.

– Иә, бар екені рас, – деді Еркін елендеп. – Не айтпақ едің?

– Сол тасбақа бейшара бармақтай басын жасыру үшін тоғыз қабат тас сауыт киеді. Тіпті сол қорғаштаған басының түкке керегі жоғын білмей киеді-ау тас сауытты. Сол жәндік іспетті, өзің дәрменсіздігің бүркеу үшін қағаздан тон киетіндер бар... Неге керек екен...

«...Мынау тағы да мені меңзеді, – деп ойлады Еркін. – Жо-жоқ, бұл осал жау емес».

Ұшы-қиыры жоқ көсілген дала бедірейіп, беті бұлк етпей жатыр. Ол мынау ішінде не жатқаны беймәлім жұмбақты дала мен Оспан арасынан бір ұқсастық тапқандай өз-өзінен күңірене күрсінді. Бұдан соң тағы да баяғыдағысына оралды.

...Алғаш рет жаңа заманның жобасы жасала бастаған кезде қазақтың оқыған жігіттерімен бірге, Еркін де қатты елендеп, үлкен бір өзгеріс күткендей еді. Революция бұратана аталып келген халықтар үшін не әкелді? Россияда жасалған ұлы төңкерістің әлі де болса мешеулеу келе жатқан, капитализм сатысынан етпеген аз ұлттарға қаншалықты керегі бар тақылетті дау-дамайға бел шешіп араласқандардың бірі-тін. Әлі есінде, Семейдегі өткен беделді бір мәжілісте жылдар бойына жегідей жеп келген жан күйзелісін түнде ұйқы, күндіз күлкі бермей мазалаған ойын ортаға салып, ағыл-тегіл ақтарылып еді-ау. Онда көтерілген мәселе қазақ елін советтендіру мен қазақ даласында жүргізілетін аграрлық реформа жайы болатын.

«Қазақтар үшін ешбір реформаның қажеті жоқ, – деп пікірін тура айтқан. – Өйткені, бұл даланың ғасырлар бойына қалыптасқан моральдық, тұрмыстық, салттық, этникалық, психологиялық сипаттарды бірден күйретіп, талқандап тастаумен пара-пар шаралар бұл. Мұндай төтенше реформаларға қазақ елі тарихи және рухани жағынан әлі дайын емес, яғни әлеуметтік қайшылықтары мен таптық сана-сезімдері пісіп-жетілген жоқ».

Осымен бар әңгіме тәмамдалғандай еді. Бірақ, Кежиннің беделі күн өткен сайын әлсіреп, айтқан пікірі күйреді...

Мұны алғашқыдай қолпаштамады, елеп-ескеріп губерниялық жиналыстарға шақырмайтын болды. Толқын шығарып тастаған жағалаудағы салынды ағаштай ұмтылып, қаңсып қаларын сезгенде, ішкі қарсылығы ісініп, жазылмас жараға айналған. Бар қолынан келгені, өзі іспетті жаңа заманға өкпелі азаматтармен тіл табысып, астыртын қимылға көшкен. Сол, әлсіз болса да әрекеттің бірі – Ертіс үстінде салынған көпірді қопару болды. Амал не, ол қастандықтарынан да пәлендей ештеңе өндіре алмады.

«Елім» деп еңіреген Кенжиннің, әсіресе шымбайына батқаны жуықта шыққан конфискация туралы қарар еді. Шірене тартылған шыдамның ішегі тарс етіп үзілгені де дәл осы бауыздау тұстан тиген жадалық. «Құдай-ау, былай істеуге болмайды ғой, – деп ертоқымын бауырына алып, таң атқанша тулаған. – Бояушы-бояушы дегенге сақалын бояғандары неткені. Байдың малы дегеніміз – ол да мемлекеттің меншігі ғой. Қашан алсаң да қашар ма. Бәрін жиып-теріп бір күнде айдап алды делік. Оған шын жаны ашып, бас-көз болатындай бұл қазақтың сана-сезімі өсті ме? Сен салар да мен салар деп жалғыз-ақ қыста қырып алмасына кім кепіл. Одан да салық түрінде бірте-бірте алмас па еді. Айталық әркімнің мал санына қарай: он малы бардан бір бас, жүзінен – он, мыңынан жүз бас салық салып отыру арқылы байсалды түрде жүзеге асырса. Соншалықты мол малды жалғыз-ақ күнде жинап алғанда оны қалай бақпақ? Шаруашылықты шашыратпай ұйымдастыра алатын маман – кадрлары жоқ. Тіпті, ойлап қараған адамға әрбір бай өз малының иесі ғана емес, соның аман-есен болуын ұйымдастыратын басшы да. «Менің қимама неге қышиды осы», – деп сабасына түссе де, әкесінің мыңғырған малының тоз-тоз болып босып бара жатқаны көз алдынан кетпей-ақ қойғаны; құлындардың шыңғырғаны көз алдынан кетпей-ақ қойғаны.

Енді міне, енді әне... сол қызғыштай қорғаштаған даласы жетесіз ұлына мәңгілікке өкпелеген анадай, беті бүлк етпестен сыздана сұрланып жатқаны.

«Мені дала түсінбеген шығар, – деп ойлады Еркін. – Әлде мен даланы түсінбедім бе екен?»

– Екеуі де, – деген Оспанның сөзі селк еткізді. «Апыр-ау, мынаның көріпкелдігі бар ма?»

– Аттың екеуі де болдырайын деді, Ереке, не істейміз? Жақын маңайда бел суытатын ел де жоқ-ау.

– Қас қарая Шарға жетеміз, – деді Кенжин ішіктің ішінде бүлкілдеп, тірі екенін білдіргендей. – Оған дейін шыдас берер, қатты жүрген жоқпыз ғой.

– Тоқжарау емес, көптен бері делбе көрмей көбеңсіп кеткен бе, майы еріп қатты шаршады. Жол жүретінді білгенде қамау терін де алып қоймаған екен.

Ат айдаушының шаруақойлығына сүйсінген Еркін:

– Оны ескерер пысық адам қайдан табылсын? – деп қомданыңқырап қоқайып отырды. Күн еңкейген сайын жел беті күшейіп, қойын-қонышты қуалай бастаған. Ақ көбік болып терлеген қос қарекер құтырына жұлқып тартқан әпігі басылып, бағанағыдай емес. Оспанның бишігінен де қорықпай сал бөксе аяңға басқан. Ұшқан құс, жүгірген аң жоқ, тырналар әлдеқашан ұшып кеткен. Оқта-текте жалпылдап, қарқылдап қарсы алар құстың қоры – қарға мен селтең-селтең етіп шықылықтап отырар құстың сағы – сауысқан да мүлдемге қырылып қалғандай зым-зия. Еркін қайран қалды.

– Апыр-ау, бұл елдің аң-құсына дейін Түркісібке жұмысқа түсіп кеткеннен сау ма? – деді Оспанға естірте.

– Ол да мүмкін, Ереке. Жан-жануар адамның айналасына үйірсек болады, іздеп отырғаныңыз қарға мен сауысқан болса ол жазғандар әрине, қыбырлаған кісілерден жемтік дәметіп, Шар жағына ауысып кеткен рас шығар. Мынау азынаған ен далада не әкесінің басы бар. Ал, киік пен түлкі кешегі дүмпуінен үркіп, дәу шалдың соңынан арғы бетке өтіп кетті ме деп сезіктенем.

– Ендеше, сол арғы беттен атып жейтін шығармыз, – деді Еркін әзірге жадырағандай болған қабағын қарс жауып.

– Атып жейтіндер ол жақтан да табылар. Құмырсқадай қаптаған шүршіттер бірінің егін бірі жейді деуші еді бұрынғылар... Әңгімені бұдан әрі желілеуге екеуінің де зауқы соқпады да үнсіз отырды. Оспан бағана бастаған әнін мұрнынан қайта ыңылдады. Қос қаракердің тұяқ дүрсілі, қос дөңгелекті арбаның шиқылы, Оспанның жөн-жосықсыз ыңылы, – бәрі-бәрі жүйкесін одан әрі жұқартқан Еркін дүниенің бәрі-бәрінен түңілген сыңайда түйіліп отыра берген. Шыдады. Шыдап көрді. Шыдамады да...

– Әй, әнші, – деді Оспанға, – зорығып өлсе де атты айдаңқыра.

– Күп, таксыр! – Қолына шошайта ұстаған бишігін бұлғап-бұлғап, кібіртіктеп келе жатқан аттарды шықпырт тигендей сауырлата жөнелді.

– Атаңа нәлеттің малы...

– «Ит-ай, – деп ойлады Еркін, – тағы да тілі тиді-ау».

– Жол ұзақ. Дала кең. Қайда барсаң – қазақтар, қайда бұрылсаң – қазақ жері. Бірақ осының түгелі Кенжин үшін соншалықты жанына жат, тәніне салқын сезілді. Осыншалық қалың ел, қайран жерінен бір күрек топырақ бұйырмасына өкіне ме, әлде көзінен бұлбұлдай ұшып, келмеске кете барған – бал дәурен базарлы күндерін сағына ма, кім білсін, әйтеуір түнсіз құрдымға мойнына тас байлағандай шым батып бара жатқанда: жандәрмен бар даусымен айғайлағысы, әлдекімді дауыстап шақырғысы келеді. Үні шықпады, таскерен дүние, тасқа айналған адамдар, құлақкесті тыныштық. «Жаңа өкіметтің жағасына жармасқанша, аяғына жығылып, сауға-сауғаласам сойылын соғар білдей қызметкері болар ма едім-ау», – деген ой дәміл-дәміл жылтындап мазалап жүргенді. Бірақ кеш еді. Артқа қайрылар жол жоқ та еді. Осы сәтте бозаңдала енді шоқаттанып, бөртек төбешіктерге ұласа бастаған. Осы сәтте сол жыбырлаған төбешіктің бірінен қалбаңдаған кісінің сұлбасы көрінді де қол бұлғап айғайлағандай болды.

– Қайт! Кейін қайт! Өлесің!

Сонау төбенің басында бас киімін алып айғайлап тұрған адамның даусын жел қағып, бұларға естіртпеді. Алыстан карағанда оның қайт деген сөзі қол бұлғап, бері кел дегені сықылданған. Еркіннің ең соңғы естігені, ат айдап отырған Оспанның: «Әкеңнің аузын не оттап тұр» деген былапыт сөзі болды да, мұқым әлем қақ айрылып, дүние шырқ айналып қоя берді. Тура іргеден естілген ғаламат дүмпуден шошыған аттар жалт бұрылып ала қашқанда Оспан арбадан қарғып түсіп қалды да бөксесі кептелген пәуескеден Еркін ұмтылып тұрам дегенше оқтай зымырған арба аударылып қалған еді. Одан арғысын білмейді. Құлағында ғаламат дүмпу. Бақилыққа қатқан жаңғырық. Қанша жатқанын білмейді, есін жиып,

көзін ашқанда қазбауыр бұлттары қарап бастаған аспанды, өзіне үңіле қараған қазақтардың сол аспан түстес жүздерін көрді. Көзін қайта жұмды, бәрібір соларды көрді: көзін қайта ашты – бәрібір соларды көрді, көргісі келмеді – көрді. Содан соң тұңғыш рет адал өліммен өлгісі, бас қатырып, кеңірдек жыртыспайтын ақ тілеулі арғы дүниеге аттанғысы келді. Өле алмады, құлағындағы қатып қалған жаңғырық тарс етіп жарылғанда естігені:

– Ойбай-ау, мынау Ерекең ғой, – деген жылы сөз болды. «Жоқ, – деп ойлады ол, – қадірім кете қойған жоқ екен».

– Құдай-ай, Ерекеден айрылып қара басып қала жаздадық-ау сүйегі сау ма екен? – Шырылдаған Оспанның сөзін естімеді. Талықсып, ес-ақылынан қайтадан адасып, сандырақтай бастаған. Дүниені тағы да тыныштық меңдеді.

Шарға келіп қалған теміржолшылар қойған қопарылыстың үстіне андаусыз түсіп қалған адвокат Еркін Кенжинді жұмысшылар дереу Семейдегі ауруханаға жөнелтті. Оспан ере кеткен. Қандай ойы болғанын кім білсін: «Ерекеңнен айрылып қала жаздадық-ау», – деп безілдеп, басын сүйей еріп кеткен әйтеуір.

Бұл шақта ел-елде тәргі науқаны басталып, қазақ даласын советтендіру жұмысы қызу жүріп жатты.

Өліараның қою қараңғылығы, желді жанбырмен басталған қыркүйек айы жайлауда жаз бойы масайрап отырған елдің тынышын алып, буынын-түйініп ойға асығыс көше бастаған күйі тайып, оты таусылған соң, тау басында омалып отыра беруді Омар бай да жөн көрмеді. Жалғыз ұлының жарақаттанып ауруханада жатқанын естігенде қатты күйзеліп еді. Қарайғанда не қалды, қамыс қалды дегендей, ендігі медеті, сүйеніші құйрық-жалынан мүлдем айрылғандай аһ ұрған әкелік сезіммен көзіне жас алып, бес уақ намазынан қалдырмай тілеуін тіледі. Барып қайтуға дәл қазір шамасының жоқтығына қапаланған.

Әттең баяғы заман болса... Ал, баяғы заманы Таңатар қуып кеткен жылқымен бірге арғы бетте жусап жатқанын білді ме екен... Жылайсың, жылайсың да шыдайсың, Омар...

ЕКІНШІ САЛА

Бүгінде:

Өрістен азан-қазан қайтқан малмен бірге Дархан да Кеңгірден төмен құлады. Таласып батып бара жатқан күнмен ойнап, алтын нұрға шомылған ауыл балалары «Рачок ата келеді» деп алақайлап, қарсы жүгіреді де қаз-қатар тізіліп, «ассалаумағалейкүм» десіп жамырай амандасады. Шаруа қамымен жүрген ауыл адамдары бұған назар аударған жоқ. Қойын қоралап, сиырын сауып, биесін тұсап әуре-сарсаң. Сонау бір жылдары қасқа құлыннан айрылғаннан бері оған мал біткен емес. Әсіресе, жаз шыға қиын. Таңдай шіркінді жабысқақ шөл басып шыдатпайтын. Ондайда ұят-намысты жиып қойып, ауылдастарының бие байлап отырғандарына қыдырып қымыз ішетін. Кеңгірдің моласы жанына жерленген әйелі – Гүлияға мазар тұрғызу қамына кіріскеннен бермен «Дәкең жынданған шығар» деп қырық үйден тыйым салғандай боп, үрке қарасқан елдің есігін ашқанды қойды. Ауыл арасында «Дарханды салқын шалған екен, байғұс Дүрия көп қарғап еді» деген сықылды сыпсың өсек тарағалы күндіз далаға шығудан, азаматтармен әңгімелесуден қалған. Өзіне үлкен ермек тауып алған соң әншейінде тасбақаша жылжымайтын уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай жүрді. Дегенмен тапа-тал түсте ел ішінде жүріп жалғызсырау, бірге өсіп, біте қайнаған жұрттан аласталу жанға батпайды емес. Кей күндері өзінің адамдардан тым алыстап, адасып қалғанын қатты аза тұта уайым ететін. «Пұшық мұрнын, пысық ісін жасырмайды» деген, қанша қашқалақтағанымен қартайып – арты ұзын, алды қысқа ғұмыры қалғанда кісікіік болып суына беруі қалған көңіл, шыққан жанның кебі емес, бұл жалғанның жаманы мен жақсысын сабақтамай, баяғыдай келіп таңдап алған ендігі тағдырының көрбілте соқпағы-тын. Бірақ, кім ұғып, кімдер ұқпайтын ішкі сырын, іш пікірін былайғы жұрт түсінбей, бекер ғайбаттап жүр-ау деген ой да сүмендеп қалмайтын.

Ешқайда бұрылмастан тоқал тамына кірді де, беті-қолын суық сумен шайып, жерошаққа от жақты. Үш болтты темір мосыға күйе-күйе шәйнекті су құйып іліп жатқанында көрші үйдің қара ұлы келді:

– Ата, сізге шай ішсін дейді әкем. – От тиген қу тезекті ұртын томпайта үрлеген қалпы.

– Әкең жұмыстан келіп пе еді? – деді.

– Иә.

– Ендеше қазір барамын.

– Тез келіңіз, етті түсіріп жатыр, – деп шынын айтқан қара бала жүгіре жөнелді.

Шәйді көршісінің үйінен ішетін болған соң, шәйнекті оттан алып тастады.

Көршісі расында да етті түсіріп, тосып отыр екен. Дархан келгенде:

– Ақсақал, төрге шығыңыз, – деп қалбалақтап орын берісті. Бөтен кісі жоқ, өздері ғана, қоңыр кеште төре табақ етті қаумалай орталарына алысқан. Кеңсірігі сара тілінген қара қойдың басы ырсиып Дарханға тартылды.

– Ақсақал, өзіңіздің өрістен талай қайырып келген ақсақ қара қойды алып соқтық, «Ақсақ қой жатып семіреді» деген емес пе, ішті екен. Бұйырған ғой, басын мүжісін деп әдейі шақырттым. Осы Құландыда өзіңізден басқа бас тартар шал да қалмады. Сақалы бар демесең көбісі шарап ішеді, дұрыстап бата жасап, ықылас білдіре алмайды, – деді үй иесі, қырықтан асқан денелі кісі. Ежелден тақуа, сөз десе құрттай қуалап қоймайтын, тағы да шұбырта самбырлай жөнелді. – Баяғыда атамыз қазақ «жалғыз бие саудырған құпай ісі, жалғыз үйді қондырған қатын ісі» деген екен. Келініңіздің мінезі тік, сізден өзге ағайынмен араласқысы келмейді. «Ауыл үй қонайық, бірақ аяқ-табақ араластырмайық» дейтін нағыз көкбезердің өзі, – деп жанында отырған әйелінің арқасынан қағып, өзіміне қаркылдап күлді.

Буы бұрқыраған бастың оң құлағын кесіп, өзін ет жеуге шақырған қара ұлға берді де жәукемдеп турап, дастарханды қуалай қаз-қатар отырғандарға үлкен-кіші демей ауыз тигізді.

– Құландыға көшіп келгендеріңе де көп уақыт бола қойған жоқ қой, араласа қоятын, – деді Дархан қоңыр үніне салып, әдеттегі асықпай, байыппен сөйлер мақамымен. – Сыралғы емес. Жаңадан келген нәшәндік разьездің есігіне ергенек, қазанына қақпақ болам дер жарамсақ ағайын табылар әлі.

«Нәшәндік» рахаттанып тағы күлді. Сонан соң шалдың тауып айтқан сөзінен қалайда бір тұтам артылтқысы келді ме,

әйтеуір, ұртындағы жадағы Дархан асатқан күйқаны асығыс шайнап, аузын сұртті.

– Рас айтасыз, ақсақал. Ел сырын мен де ала алмай жатырмын. Атам қазақ «жалғыз ағаш үй болмайды, жалғыз жігіт би болмайды» деген емес пе, халықтан асып хан тауып асар дейсіз бе, аяқтан хәл, бастан қадір кеткенше – өкімет сеніп тапсырған қызметке адал болармын, ет жеңіз, жеп кесіңіз, – деп аюдай алақанын ағаш табаққа апара беріп еді, мұқым етті жауып қалды.

Шал Солтанның алты алашты басқарып отырғандай қомақтап сөйлеген сөзін ептеп мысқылмен тыңдағандай болып еді, бірақ не дегенмен «тілді жігіт» деп ойлады ішінен.

– Ақсақал, адал астың үстінде отырсыз ғой, шыныңызды айтыңызшы, менен бұрынғы начальник екі итке ас бөліп бере алмайтын ынжық, әрі қорқау еді деп естідім. Сол рас па? – деді.

Дархан ә дегенде не дерін білмеді. Сонсоң ішінен мұны не себептен сұрап отыр деген күдікті ой келді. Ежелгі сақтығы жалтақ жауапқа бұйдалап әкеткен.

– Қайдан білейін, қарағым, «халық – қалт айтпайды» деген, тегі рас та.

– Бәсе, мен де солай-ау деп едім, – деп кәдімгідей қуанып қалды.

«Осы неме мақтаншақ болып жүрмегей» деп ойлады тағы да. Ет желініп, сорпа келген тұста ретін тауып нәшәндік тағы бір сауал тастады.

– Ақсақал, атам қазақ «жамандық аяқ астында, жақсылық ағаш басында» деген екен. Тауып айтқан. Қырықжыл осы Құланды разьезінің отымен кіріп, күлімен шығыпсыз. Сол еңбегіңізді бағалап не бір медаль, не бір құрмет грамотасын бермеуін немен ақтауға болар еді. Әрине, сый-құрмет жолда жатқан жоқ, түсінемін. Мына жаман ініңіз Құрмет белгісі орденін алғанда Айғыржал разьезінің жұмысшылары тайлы-таяғы қалмай қырылып қала жаздаған. Мүмкін қызғанған шығар, ел емес пе; мүмкін қызыққан шығар, әйтеуір, үлкен бір ұлыстың ұлы күні болып еді. Адам дегенің сол құрметті алғаннан кейін іштей бір түлеп, өсіп қалғандай елден еңсесі биік жүреді екен. (Ойланып барып сөзін қайта жалғастырды.) Әлде қрушение жасап алдыңыз ба?

Әңгімеге пәлендей ықыласы болмай, зауықсыз манаурап отырған Дархан:

– Құдайдан жасырмағанды адамнан жасырамын ба, ондай оқыс оқиға ешқашан болған жоқ, – дей салды. Нәшәндік «ым-м» деп ыңырана ойланып қалды.

– Сонда неге? Түсінбеймін... Баяғыда, – деді сонан соң үшінші кесе сорпаны ішіп. – Менің бала кезімде әкем айтып отырушы еді. Аякөз бен Семейдің екі ортасында үлкен бір крушение болды деп естімедіңіз бе?

– Жоқ, естімедім. Қай қирауды айтып тауысамыз. – Дастарханнан ысырыла отырды. Екеуі де тоңтеріс үндемей қалды. «Шай ішесіздер ме?» деген әйеліне шаңқ ете жекіп тастады.

– Қай қазақ тамақты сұрап беруші еді?

Көршісінің бас терісі не себепті тырыса қалғанын түсінбеді шал. Көңіліне дақ түсіргендей көлденең сөз айтып алдым ба деп қуыстанып, өз жауабын ойша пысықтап еді, бөтен пікір табылмады. Ендігі отырысты артық санады да:

– Рұқсат болса мен қайтайын, – деп қамданды. Нәшәндік сол қабағынан қар жауған қалпы:

– Өзіңіз біліңіз, – деді.

Жатқанмен ұйқысы келмейтінін білді. Мезгілінде түшіркеніп ұйықтай алмағалы, көзіне ине тіреп қойғандай төбеге қарап бақырайып жатқалы қашан. Дархан мұны кәрілікке жорыды. Қаңтардың қақаған аязында темір жол бойымен жаяу келе-келе қалғып кететін жастық шақ өте шыққалы қашан?.. Оның есіне сонау Түркісібтің тұңғыш шпалын қалаған көне күндер мен қарт жылдар елестеді. Тіпті, соншалық алыстап қалғандай болған оқиғадай-ау. Әйтеуір, Шолпан жұлдызы туғанша көзі ілінбейтін болған соң баяғыдағы отыз-қырық жыл таптаған жолына түсіп Аякөзге қарай жаяу беттеді. Егер Дарханның қырық жыл обходчик ретінде ары-бері жүріп өткен сегіз шақырым жолын есептеп шығарса жер шарын аралап келуге жақындар. Анау күні көршісінің қара ұлы айтып еді:

– Ата, сіз қырық жылда екі жүз елу, тіпті үш мың километр жол жүріпсіз. – Одан артық болмаса кем емес екенін сезетін Дархан.

Күндізгі аптаптың беті қайтып, ептеп салқындаған. Меңіреу даланы тағы да меңзең тыныштық басты. Даланың кешкі самалы қоңырлап есіп, қоңырқай түс барған сайын қоюланып

барады. Қызыл інірдегі ауылдың базары шыға бәсеңсіп, байыздаған салмақты күйге көшкен еді. Шағын ауылдың даңғара, айқай-дабыры айқын білініп, шаһардағыдан гөрі алыстан естіліп улап-шулап жатқандай болушы еді. Қырдан шұбыра құлаған мал біртіндеп жусап, ел орынға отырған сәттің жұмсақ та момақан тыныш шағы еді. Осы бір беймезгіл уақыттың жалғыз кінәлісі болған Дархан шал таза аспанды қол шатыр ғып, тұнық көктегі жаудырай қараған от көзді жұлдыздармен сыр шертіскендей күбір-күбір, аяндап келеді. Әр шпалы баспалдық секілді, жалғыз жаяуды түн түндігінде анау ым қағып, сиқырлай жымындаған жұлдызға сатылап өрлетіп бара жатқандай. Қазір поезд өте қояр мезгіл емес. Екі-үш сағат толас табырын бұрыннан-ақ жатқа білетін шал, қарақошқылдана бастаған қара жерден әңгіме күткендей, белгісіз бір үмітпен алға ентелейді. Сазарған даланың беті бұлк етпей, бағанағы жұтаңдау болса да көзқашты етпейтін айнала – айдала ептеп қорқыныш ұялатты. Күндізгі ыстықтың зәрі қайтқан соң рельс те аз-аздап суынғандай.

Құмарлық мастығы әбден жендеген, жұмыс істемесе жыбырлап тұра алмайтын қол мен аяқ Дарханды бет алды қаңғытып, шпал санатып баратыны рас еді. Осындайда ойға әуелі оралары баяғы кезең... Енді бәрі ертекке, немесе қолы бос, ас ішіп, аяқ босатар шалдардың еріккенде айтар ермегіне айналды. Қолында қатталып, шоттатқан документің, не омырауыңда сылдырлаған белгің болмаса тірі жанды сендіріп көр! «Бәрі бекер, құр мақтан» дейді. Ер екенінді білейін, сендіріп көрші...

...Түркісіб атты шойын жол қазақ сахарасын басып өтер болғанда Дархан уыздай жас жігіт еді. Құрылыс жұмысы Семейге жақындағанда Ертіс өзенінің үстінен көпір салу қиындығы тұрды. Су астындағы жұмысқа жан шыдай алмай жатқанда, төрт ай бойы табаны таймай, ауыр-ауыр бағандарды орнатысқан да осы Дархан шал. Ертістің үстінен өтер көпірдің үш бағаны егер жерге үш миллиметр кірсе бас инженер Соболевтен бастап қара жұмысшы Дархан да жазаланатын болды. Оны да қойшы, төрт ай су астында еткен еңбек зая кетіп, байқау паровозы өткенде сыр берсе қайтпек? Басын қатерге тігіп істеген жұмыстың ақыры қайырын беріп, сол Дархан өз қолымен құйған тас бағандар әлі күнге миземей тұр. Сонсоң

бұларды Шарға апарып тағы да көпір салдырды. Міне, осынау мазасыз ауыр күндерден бастап мұның жұмысшылық еңбек жолы – өмірбаяны басталды.

Ұзыннан-ұзақ созылған, ащы ішектей шұбатылып тым алысқа сүйрелеп кете беретін темір жолды қуалап келе жатқан Дәкең ой иін тіресіп, лықсып үймелеген сайын жүрісін шапшандата түсті.

Есіне әлдене түскендей, Дархан қалт тұрып қалды. Маңайды өлім тыныштығындай зор тыныштық басқан. Күн қыздырып, қаңсытқан рельстен майдың иісі шығады. Қаракөк аспандағы жұлдыздар бір-біріне от лақтырып ойнап жүр. Өте шалғайдан жылтырап сәуле көрінді. – Құландының сықсима шамдары болуға керек. Жалпақ даланы шым-шымдап иесіздік билеп, салқын пішінмен түнеріп жатыр. Заржақ шегіртке мен шекшектің толассыз шырылы ғана тылсым тіршіліктің мазаңы – ендігі қожасына айналып, бар билікті қолына алғаны-ай. Осы бейуақ күй көңілге күрсініс шақырып, жұқалаң мұң қабыздатады. Жетпіске келіп, сонау шақтағы дауылпаз сезімнің қанаты талып, жүрек отының қоламталанған тұсында кей адам ойдың ғана мазағына ұшырайды білем. Есіне әлдене түсіп, қарақұстан ұрғандай қалт тұрып қалған Дархан бір нәрсені үйіне ұмыт қалдырған кісідей ізінше кері бұрылды.

Оны кері бұрған ой 1930 жылдың күзінде болған оқыс оқиға еді.

Дархан өз үйіне бұрылмай, бірден Солтанның есігін қақты. Жатып қалған-ау, көпке дейін есікті ешкім ашпады. Енді кетейін деп тұрғанда арта жағынан қақырыныш-түкірініп, күңкілдеп сөйлеген көршісі келді.

– Ақсақал, – деді әдетінше, – түнде есікті ұрған жаман ырым деуші еді, бірақ сіз бен біз қазақтың қай ырым-жырымын біліп жатырмыз. Үрерге иті, сығарға биті жоқ жалаңтөс біз...

– Өзің қайдан келесің?

– Халқымды қарауылдап жүрмін. Әйтеуір, ел ағасы болып сайланған соң, мынау жылқыдай жусаған жұрттың тауығының аяғы сынса да мен жауап берем. Сиырының бұзауы теріс келсе де ертең «Ай қарадың ба?» деп менен сұрайды жоғарғы жақ. Өзіңіздің есіңізге кешігіп түскен бұйымтайыңыз не?

– Осыдан екі ай бұрын, шырағым, сенің алдында орнынан алынған нәшәндік разьезге арыз жаздырып едім. Арыз болғанда

біреудің үстінен емес, Алла сақтасын, аумалы-төкпелі заманда жоғалтып алған баламды іздеген құлақтандыру, содан әлі жауап жоқ. Енді әлгі «Лениншіл жас» деген газетке жазсам деп едім. Тегінде, сол газеттің беті арқылы іздеу салғандар табысып, сүйіншісін алып жатады білем.

– Ым-м, – деді Солтан. – Ақсақал, ол оңай ғой. Бірақ, сізге өтініш жазып берген адам бес-он күннен соң орнынан алынып қалады екен, сонан шошынамын. – Өзі тауып айтқан уәжіне рахаттана күлді. – Қане, жүріңіз үйге.

– Рақмет, шырағым. «Ақпейілдің аты арып, тоны тозбайды» деген осы.

Дархан түн ішінде өтінішін орындаған жаңа көршісіне шын риза болды.

Баяғыда қандай еді... баяғыда...

* * *

Баяғыда:

...Күз жаңбырлы басталды. Өліарада аспаннан қоныс таппай, онды-солды андыздай жүрген бұлттар қоғамдаса келе үн-түнсіз сілбіреп тұрар ұры нөсерге ұласқан. Ала жаздай кенезесі кеуіп, жалғыз тамшы тамбай тандырланған сараң көктің көбесі сөгіліп кеткендей толассыз сорғалауы күзеуге жаңадан ғана келіп қонған Омардың зықысын әбден алып еді. Не өкіметті, не құдайды қарғарын білмей салы суға кеткен бай, әсіресе, соңғы он күнде желқом қажаған түйедей шөгіп барады. Әншейінде жер жыласа жылмайтын маңғаз адам, маң төбеттей маңқылдап, өз үй-ішінің де, осы есіктен әлі де тізгін үзді кете алмай шырғалып жүрген малшы-жалшыларының да жарғақ құлағын жастыққа тигізбей есін шығарып бітті. Ұрынарға қара табылмай тұлан тұтқан Омардың қызымырлығы таз ашуын тарыдан аладының кері секілді еді...

Жылдағыдай әр адамның қолына қараған бір-бір қайшы беріп, түгелдей күзем қырқуға жұмылдырмай, отыз шақты ғана қойдың өлі жүнін қапқа тығып алып, тыңқып отыр. Неге екені белгісіз, Құландыдағы қыстағына да ат ізін салған жоқ. Ертең ақыр заман келетіндей-ақ қадетіне жат жайбарақаттық, өз мінезіне өгей берекесіздік бар, әншейінде шаруасын дөңгелетіп бір нәрсесі кешеулетіп бітпей жатса апшысы қуырылып, жер-көкті аядай қылып жүретін Омардың осыншалық өлім сәтін

күткен сарыжамбас сырқат адамдай дүниені алымсынбауы, немкетті қәперсіздігі былайғы жұртты таңқалдырмай қойған жоқ. Түркісібшілер Шарға жақындап, жұмыс көлігі мен ішім-жемдікке мал сатып алады екен, деген сөз құлағына тие сала, оншақты жылқы, елу тұяқ қойды Батидың алдына салып айдаттырып жіберген. Алмағайып дүниенің осылайша қас-қабағын андып, қандай бір төтенше зауалға сақадай сай буынып-түйініп отырған Омекеннің сауысқандай сақтығы Рахия бәйбішесіне ұнаған жоқ-ты. Күйеуінің әлденендей тәуекел іске бел бұғанын, құйысқан көтеріп, ер-тоқымын сайлап, іштен тынып жүретінін жүрегі сезетін. Сезетін де қадалып сұрай бермейтін. Өзінің де тым қамсыз емес екендігін жарты ғасырдай қойнында жатқан байына сездірмеуге тырысатын. Ал, егіз қыздың жөні бір басқа еді. Махаббат машақатымен әуресарсаңға түскен қыздар әке-шешесінің бір-бірінен жасыра, қызғана жасаған дайындығынан мүлде бейхабар.

Жайлаудағы келте кештегі қысқа сырластықтан соң, Қамбар Құландыға, ал Дархан Шардағы шойын жол жұмысына аттанған. Содан бергі жарты айда екеуінен де хабар-ошар жоқ, тым-тырыс. Егіз қызды мазалап жүрген жай, осы сүйген жігіттерінің жалғыз ауыз сәлемге жарамай, тастай батып, тырс етпей үн-түнсіз жатып алуы еді. Ендегі үміт айлы түн, алтыбақан басында байласқан сөз, берген серт, алданып үлгермеген сезімнің көңілдерінде қалған уылжыған әсері, оттай ыстық еріннің қайта-қайта тамсандыра берер табы ғана. Күздің сұп-суық жаңбырлы түндерінде қалың көрпенің астында қойындасып жатқан егіз қыз күбір-күбір ұзақ сырласатын. Гүлия жанары жасқа толып үнсіз егілетін, ал Дүрия Қамбардың керіліп жатып алғанына шыдай алмай, бұлқан-талқан ашуланатын.

– Өзім ыстықтап, күйіп-жанып әрең жатсам, кісіге жабыспай арырақ ысырылшы, – деді бар ызасын Гүлиядан алғысы келгендей.

– Мен емес өзің ғой тас қып құшақтап алған, – деп Гүлия әрі аунап кетті. Үнінде екпелегені бар.

– Оңбаған екен, – деді Дүрия булығып. – Кедейдің кербездігінен сақтан деуші еді. Күнімізді сол екі жалшыға қаратқан Құдайға не дауа.

– Сен оларды ғайбаттама, Дүрия, бізді байлап-матап,

қайтсең де осыларға тиесің деп зорлап қосып отырған ешкім жоқ. Мүлдем келмей кетсе де Дарханды ұмыта алмас едім.

– Дархандай жігіт болса...

– Қамбарды қалаған өзің емес пе едің? Қалай-қалай сөйлейсің?

– Ашудан айтылған ағат сөз, – деп көкейіндегі келіп-ақ қалған сырдың арнасын бұзып жіберді.

– Гүлия.

– Ау.

– Сен Дарханды шын жақсы көресің бе? Қамбар екеуіміз сендерді телігендей әрең жолықтырып ек, ақыры мынандай жазылмас дертке ұшырадыңдар. Егер біз себепкер болмасак бір-бірінді сүймес пе едіңдер?

– Жоқ, – деді Гүлия күрсініп, – мен ол кісіні кішкентай көзімнен жақсы көретінмін... «Шын сүйесің бе?» деп сұрадың-ау, біздің арамызда одан да тереңірек, мықтырақ болып тамыр жайған бір нәрсе бар. Ал, ол нәрсе тек сүйісумен, тіпті үйленумен де аяқталмайтын сияқты.

– Ол не сонда? – деді Дүрия шыдамсызданып. Гүлияға қайта жақындап құшақтай алғанын өзі де байқамай қалды. – Қосылып қойып па едіңдер?..

Сыңарының соншалықты аңқау, баладай аңғалдығына Гүлия сықылықтап күлді.

– Құдай сақтасын, – деді күлкісін әрең тыйып. – Онымен де бітпейтін дүние ол.

– Түү, жұмбақтамай айтсаңшы енді.

– Не айтатыны бар, егер өзім де білмесем.

– Жынданған шығарсың. – Қайтадан ысырылып, бөлек жатты.

Киіз үйдің іші көзге түрткісіз көрінбейтін қараңғы. Сырттан сыбыр-сыбыр әлдебір әңгіме айтқандай жаңбырдың сыртылы естіледі. Бүкіл әлем тек тыңдағандай тыныштық құшағында тұншығып жатыр. Ауырлық, албастыдай еңсені басар ауырлық сөзіледі. Егіз қыздың ысынып-суыған денесі сол ауырлықты елең құрлы көрген жоқ. Өлгі бір әңгімеден соң әрқайсысы өз қиялымен әуре болып үнсіз жатқан.

– Дүрия, – деді Гүлия қараңғылық пен тыныштықтың момақан құсын үркітіп алатындай бәсең дауыспен.

– Ау.

– Ұйықтап қалған жоқсың ба?
– Қойшы өзін, ұйықтап қалса, ау деймін бе?
– Кеше көрген түсімді айтайын ба?
– Айтсаң айт, – деді есіней.
– Түсімде қасқа құлынның аяғы бітіп кеткен екен...
– Қайдағы құлын?
– Әлгі артқы аяғы шолақ құлын ше.
– Е, жаңа есіме түсті ғой. Ол әлі тірі ме? Бауыздап тастаған шығар деп жүрсем.

– Тірі, тірі! – деді Гүлия жан дауысы шыға.
– Тірі болса айта бер енді. Түн ішінде айғайлағаның не.
– Сол жирен қасқа құлынның аяғы жазылып, арғымақ болып айға қарап кісінеп тұр екен. Мен оны Дархан ағаға ұстап бер, мінейін деп жалынам. Ол кісі айтады: «Ұстауға болмайды, бұғалықтан жаңа босағанда қайтадан бұғалықтасақ обал. Ер салған ат еркіндігінен айрылады», деп көнбейді. «Егер қасқа құлынды ұстап үйретіп бермесеңіз мен сізді сүймеймін, мүлдем ұмытыңыз», – деп қасарысамын. «Жарайды ендеше» деп Дархан аға жер тарпып, кісінеген құлынға шалма лақтырады. Асау екен, құлағынан басып тұқыртып жүгендейді. Үстіне өзімнің күмістеген ерімді салады. Менің қолтығымнан алып демеп мінгізеді, желмен жарысып шапқыламақ болып қамшы көтерсем де қасқа құлын орнынан әрең қозғалып жүре алсашы. Байғұс ақсап қалған екен. «Мен саған айттым ғой, ер салсам еркіндігінен айырылады, ақсақтық тек адам мен итке ғана жарасады» деді. Дархан аға зекіп ұрсады, мен жылаймын, шошынып ояна келсем жастығым су, ағыл-тегіл жылап жатыр екенмін. Дүрия, ау Дүрия, түсімді жорышы.

Дүрияның мұрны пысылдап әлдеқашан ұйықтап қалған. «Қалай ғана тез ұйықтайды» деп ойлады Гүлия. Содан соң өзі де кірпіктерін айқастырып көріп еді, көзінің еті удай ашып жұма алмады. Далада толасыз сыбырлаған жаңбыр төпемесе бәсеңсімеген сықылды. Жер-көкте нөсерден өзге тырс еткен тіршілік белгісі жоқ, бәрі-бәрі қырылып қалғандай қорқынышты.

«Дархан аға, тоңып жүрсіз-ау, – деп күбірледі Гүлия, – тоңып, жалғызсырап жүрсіз-ау, азаматым».

...Омардың көңілі күпті еді. Жылда осы мезгілде Бұландыдағы қыстағына шөп тасытып, жанталасып жүретін бай биыл

тұяқ серіппей, күзеу басынан ұзап ешқайда шыққан жоқ; тіпті шыққан күннің өзінде ұшы-қиырын өлшеп көрмеген жалпақ далада барар жер, басар тауы қалмаған-ды. Ендігі медет тұтар бары үміт пен тілек ұлынан хабар алу; ұлынан сыбыс естілсе болды арғы бетке ағызып өте шығу. Омекеңнің осыншалық күйзеліп, жер ортасы көктөбеде қалып, сең соққандай сенделуінің себебі сол – екі жақтан да хабар-ошар ала алмай ошарылуы еді. Мынау дүниеде Омар атты кісі барын мүлдем ұмытқандай, әлгі кәмпіске деген кесапат та кешігіп алды. Адам деген қызық, ептеп ішпысты болған бай сол кәмпескені тез келсе екен деп жол тосқаны бар. Міне, бүгін ары аунап, бері аунап өз үйінен құйрық басар жер, көңіліне медет қылар жұбаныш таба алмаған Омар атқа қонды. Ондағы ойы, ойдағы елдің хал-жайын білу, жаңа қоныстың ау-жайын түйіп, тың тыңдау. Кеше Долдаш барып келген. Бірақ, ол соққан інісі жарытып еш нәрсе айтпаған.

Қазан айы жақындап күн суына түскен. Ат үстінде келе жатқан Омар бірыңғай жел етіне қарсы жүретін болған соң жылы киініп шығып еді, соның өзінде өңменінен соққан күздің ызғары өтіп кетіп жатты. Ат үстінде үнемі шалқақ отыратын Омар әлде сол сумандаған суықтан қорғана ма, әлде сүйегі жұқарып қарттық жеңіп, ашутастай уайым еңсесін баса ма, бір уыс болып бүрісіп отыр. Кеспірден айрылған кең дала төсінде жорғалаған жалғыз қоңыздай болып қарауытып батысқа бет түзеген... Әншейінде нөкерсіз қия баспайтын байекең бүгін тіпті, інісі Долдашты да ертпей жападан-жалғаз шықты жолға. Бұл ат жалын тартып мінгелі алғаш рет бір өзі ғана, тек өзі ғана сапар шегуі еді. Ұлардай шулап, бақадай бақылдаған алашұбар топқа, соңынан тазы иттей сүмендеп еріп қалмайтын жандайшапқа үйреніп қалған көпшіл көңіл, думаншыл пейіл енді міне, сол үйірді, сол қаумалай қолпаштап қарқ-қарқ күлетін үзеңгілестерін сағынғандай алаңдайды; мынау тондана бастаған даладан әлдекімді көз сата сарыла іздейді; өнебойын қорқыныш билеп алағызлады; өз-өзіне, қуыстанып болымсыздан сескеніп, жан-жағына жалтақ қарап еді, тек қана дала, тоңмінез томсарған дала ғана... Неге екені белгісіз, осы думбілез даланың бір жерінен тымағы шошайып Құлаша шыға келетіндей, шыға келіп мұны тұра қуатындай; «Жазанды Құдайберсін, Омар» деп жер сабалап

қарғап, немесе тілін шығарып мазактап сақ-сақ күлетіндей... Желге қарсы қараған жанарын жас басып, дүниенің бәрі бұлдырап сала берді. «Құдай өзің кеше гөр, жаратқаныңды» деп үгілеп барып, жеңімен көзінен жылып аққан суды сұртті. Бұлдыр дүние сонда да айыға қойған жоқ, шарбыланған күйінде қалды. Жүріп емес, жағалауына мың жылда да жетпес, бетін көбік қаптаған мұхиттың бетімен жүзіп келе жатқандай сезінді. Сол дала-мұхиттың арғы бір тұсынан қыбырлаған мал көрінді. Жақындағанда бір-ақ таныды, ендігі қалған бес-алты үйірлі жылқыны бағып қу медиен далада ербендеп жүрген Бати екен. Астындағы атын тебіне жақындап байға сәлем берді.

– Ассалаумағалейкум.

– Уағалейкумсалам.

Бұдан соң екеуі де не айтарын білмей қадала қарасқан. Жылқышы жігіттің тікенек-тікенек жезденген беті сұп-суық, сол жез беттің шеке тұсында орналасқан қос жанар қос ұңғы мылтықтың аузындай өзгеше қорқынышты, аласы үлкен қарашығы қатып қалған секілді ызғар шашып қозғалмайды. Шойыннан құйғандай шомбар денені ауырсына ма, астындағы құлақасқа шайқалақтап әрең тұрғандай. Бай қарсы алдындағы жылқышының сом тұлғасын тұңғыш рет көргендей сәл қызықтай қарап қалған еді. Ендігі сәтте осы қылығын жасырғысы келді ме, өз-өзінен қақырынды. Омардың соңғы кезде кеудесі сырылдап, тамағы жиі-жиі жыбырлап, екі кеудесінен қысатын болып жүр. Жал-жая жеп, сапырып сары қымыз ішіп отырса да демікпе ауруына ұшыраған. Азды-көпті сүрген өмірінде басы ауырып, балтыры сыздап көрмеген, кірпияз сері адамның аяқ астынан ауырғаны қиын болады екен. Бір жағынан уайым жеп, екінші жағынан ауру мендеген Омар айналдырған алты-жеті күннің ішінде ұрт еті босап жүдеп қалған екен. Оны көптен бері жолықпаған Бати да байқаған, байқаса да «ақсақал жүдеусіз ғой» деп айтпады. Жылқышы жігіттің әсіресе таңданғаны – байдың баяғыдай амандықтан бұрын малды түгендей жөнелетін әдетіне баспай немкетті көңілмен өзіне тесіле қарап, ойланып қалғаны-тын. «Жоқ, бұл баяғы байкең емес, өзгерген, көп өзгерген» деп ойлады ішінен. Омардың алғашқы сауалы да оқыс болды.

– Шырағым, жасың нешеде, осы сенің?

– Отыздамын, ақсақал.

- Үйленген жоқсың ғой. Неге?
- Неге екенін менен гөрі өзіңіз білесіз ғой.
- Ә, солай екен-ау, – деп басын изектетті. – Солай екен-ау.

Бірақ саған жасаған жамандығым жоқ еді.

«Жасаған жақсылығыңыз да жоқ еді», – деп айта жаздап, өз-өзін ұстап қалды:

– Ақсақал, сіз бен біздің кімнің есесі кімге кетті деп кінәраттасатын жеріміз бұл емес шығар. Құла түзде жепе-жекке шақырғандай ырым бастап қайтеміз. Жалғыз жабағыңызды ит-құсқа қалдырмай, мұз төсеніп, қар жамылып келгенім рас. Сол еңбегіме астымдағы құлақасқаны қисаңыз, соған да ризамын.

«Қалай, қалай сөйлейді, – деді ішінен Омар. – Қалай ғана байқамай келгенмін. Астына ат, аузына ас тимей қор болып, үйірге түсе алмай жүреді екен-ау жазғандар. Іштей тынып, «сен айттың мен көндіммен» күн көріп, көрінбей күн кешкендер қолына билік тисе шетінен шешен, кез келгені көсем болып шыға келеді екен-ау».

– Анау алдыңда жатқан жылқының бәрі сенікі, – деді Омар үркердей үйіріліп, азайып-ақ қалған жылқыны қамшысымен сілтей көрсетіп, – маған да осы астымдағы атымды қиса болды.

– Мұныңыз не, ақсақал, ойыныңыз ба, әлде шыныңыз ба?

– Шыным. Енді аз күнде осының бәрін сендерге бөліп, таратып береді.

Үнемі мал соңында жүріп, елдің көп-көп жаңалығынан қағаберіс қалатын Бати байдың сөзіне сенбеді. Дегенмен көңіліне күдік ұялады. Омардың ел кезгендей жалғыз жүрісі, жүдеп-жадаған кеспірі, жуаси сөйлеген сөзі – үлкен бір зауалдың тақалғанын аңдатқандай еді. Қазбалап сұрамаса да ептеп сезді, сезді де кеше ғана аюдай ақырып, тірі жанға дес бермейтін Омекеңді аяды, шын аяды. Осы кісіні үнемі бір шырқау биіктен көріп келген; үнемі ақ дегені алғыс, қара дегені – қарғыс болып, өмірдің бар үзірін жебей сауған атақты байды осыншалық мүсәпір халде кездестірем деп ойлады ма. «Байға тай мінсе де жарасады» дегендердің аузы қисайсын. Бай тек қана бай болып туып, бай болып өлуі керек-ау. Әйтпесе, жараспайды екен, мүлдем келіспейді екен...

– Осы жылқының ішінен таңдағаныңды ұстап мін, – деп қадап айтты шүленсіген бай. – Еңбек – сенікі. Күні ертең

кәмпіскеге түскенде мынау Малтыкөлдің шиесідей шулаған өңшең арамтамақ аш-арықтары ту-талақайын шығарар. Менің шөбімді шауып, отынымды жарыға берген солардай-ақ жеңдерін түріп, пышақтарын сайлап кірісер... Жылқыны сен емес, солар баққандай-ақ жетектеп кетер... Айтып-айтпай не керек, дүниенің боқ екенін, қолдың кірі екенін білдік пе, жарқыным?! Енді міне, салт басты, сабау қамшылы сенің бас бостандығыңа, тіпті қызыл сирақ кедейлігіңе қызыға қарап тұрғаным.

Байдың толқи айтқан сөзі шындап әсер етті ме, көңілі босап жанарына жас үйірілді. Жұбату айтып, басынан сипар бала емес, алпамсадай ақсақал, бір елдің төбедей төңкерілген атақты адамы. Әбден жасыған, дүниенің бәріне қол сілтеп, түңіліп дала кезіп, қарсақ боп жүрген қожайынның бабын таба алмай қатты қысылды. Не дер мұндайда. Қандайлық жол нұсқап, ақыл берер. Өмірбақи да ешкімге ақыл айтып, көшелісіп көрмеген жылқышы жігіт құрығымен жер шұқылап төмен қарады. Мейлі аш жүрсін, жалаңаш жүрсін – әйтеуір осы Омардың малын бағып жанын сақтады ғой. Тіршілігінің дәнін осы Омекеннің малынан терді. Өзі су ішкен құдыққа түкірсе азаматтығына лайық па. Азаматтың мықтылығы – аттан құлағанды сойылдап, жеңілген иттей желкелеу емес, қайта жауың болса да жаралы жатқанында қансыратпай қол ұшын беруде емес пе. Ендеше, Омарды табалып, шоқ-шоқтың астына алып, дәл қазір қолындағы қатып-семген сойылмен қақ бастан салып өтсе кім қолынан алар, қайта жаңа заң осы Батидың мінезін қуаттамай ма, қорғамай ма. Жоқ, Бати ондай көргенсіз қылыққа бара алмайды. Бара алмайтын себебі – бұл қарнын ашыртқанмен, қадірін қашырмаған қазақ. Байдың жазығы – бай болғаны ғана емес, елге көрсеткен қысастығында ғой. Ал Бати бұл кісіден құдайшылығын айтса, екі өкпесінен тепкілеген соншалықты азабы мол теперіш көрген жоқ. Анау жылы қалың қар жауып, қатты боран соққан жұтшылықта бір айғыр үйірінен айрылып, зымзия жоғалтып алғанда да айылын жимап еді. Бай атаулының бәрі озбыр, қатыгез еместігіне алғаш рет көзі сонда жеткен, сол уақыттан бері ішіне сәуле жүгірген.

– Пейілідізге рақмет, ақсақал, – деді тілге келіп. – Құла ат бұйырса да Құдайға шүкір деймін. Қайда бет алдыңыз?

– Құландыдағы қыстақты көріп қайтпақ едім.

– Ой, онда бармай-ақ қойыңыз, – деді Бати. – Үйіңіздің астан-кестеңін шығарып, темір-терсекке толтырып тастапты. Шойын жол салатындардың жатақ үйі болатын көрінеді.

– Солай ма еді... – Қанын ішіне тартқандай сұрлана сілейіп қалған Омар сол жақ кеудесін баса жел шайқаған бәйтеректей теңселіп кетті. Жүрегі шаншып, басы айналса да сыр білдірмеді, не аттан аумады. Мелшиген қалпы көзін жұмып, қайрандап қалған шабақтай ауаны қарпи ауыр дем алған.

– Ақсақал, не болды сізге? – деп сүйемекке жақындаған Батига керек емес дегендей қолын сермеп ишара жасады. Бұдан соң сәл есін жинағандай шекесін үнсіз ысқылап тұрды да, тік жаға көйлегінің түймесін ағытты. «Бекер-ақ айттым, – деп өкінді жылқышы. – Өз көзімен көргені дұрыс еді. Оқыс хабар болды-ау. Бірақ, осыншалық ес-ақылдан айрылатындай ауыр сөз болатынын білді ме. Тірі малға емес, балшықтан құйған төрт қабырғалы тамға қабырғасы қайысатындай суық хабар естіртем деп ойлады ма.

– Аттан түсейікші, – деді бай қамданып. – Анау тастың ығына аздап демалайық.

Екеуі де аттан түсіп, жетелей аяндап, сыртын қына басқан үлкен шұбар тастың қалқасына барды. Шылбырды білектеріне іле қатарласа жайғасты. Алғашында сөзді қайсысы бастарын білмей аз-маз іркіліп қалды. Тастың далдасы шынында да ысылдай соққан суық желдің бетін қайтарып, түбінде отырғандарға қалқан боларлық қауқары бар. Жел өтіне артын бере, құйрықтары желмен желбіреген тамам жылқы күзгі даланың қуаң тартып, қураған шөбін тістелеп қаперсіз жайылып жүр. Әріректе Қызылегіз деп аталар төбенің косөркеш айыр төбесі қарауытады. Дәл жанында тізелес сонау Қызылегізге кадала қараған жылқышының тікенектенген без беті бүлк етпестен жағына жабысып қалған. Омар бай көз қиығымен Батидың қорасан дағы бар әлпетін шолып, анау боз даламен салыстыра келіп, үлкен ұқсастық тапты... «Мықты, қайратты, – деген сөз оралды көкейіне. – Бірақ... Не бірақ? Қатыгез, қатты болуы керек. Оны қазір сынап көрейін». Жүрегін әлгіндей ат үстінде пайда болған уытты біз піскілей жөнелді. Тағы да қойнына қолын тығып уқалады. Екі тізесі серейіп ұйып қалған екен, аяғын жазып көсіле отырды. Астарындағы көк тастың ызғары өтіп, бір жамбастап, құйрығына сыздауық шыққандай

тыныштық таппаған. Жайсыз жайғасқанын сезген Бати атып тұрып атының ерін алып, тоқымын төседі.

– Рахмет, – деді бай. Бұл – Батидың жиырма жылда естіген алғашқы алқа сөзі еді, кәдімгідей адамдық көңілмен қуанды.

– Осындай жігіт екенсің-ау, – деді бай да жұмбақтау ризалықпен.

– Иә, баяғыдан осындаймын, ақсақал, – деді жылқышы.

– Рас, осындай екенсің, байқасамшы...

– Сіздер биіктесіз ғой, кішкентай адамдар көздеріңзге іліне бермейді.

– Ол рас, шырағым. Көп дүниені көре бермейді екенбіз. Биікте жүргендерге көріну үшін, өздерің де биіктеуге құлшынууды білмейсіңдер, мал баққанның бәрі мал болып кетсін деп қай пайғамбар айтқан екен. Аузына алты алашты қаратқан Біржан сал мен Ақан сері де сіңірі шыққан жалғыз атты кедей емес пе еді. Баяғыда аяғына кілем төсеп, қарсы алайық деп арнайы адам жіберіп шақырғанда біздің ауылға бұрылмай анау Шыңғыстаудағы Құнанбайдың еліне кеткен. Оны былай қойғанда қарадан хан болған Қисық ше...

– Олардың жөні бір басқа, – деді Бати күрсініп. – Құдай берген өнер мен пысықтық бар. Жұрттың бәрі Біржан мен Хан Қисық болып кетсе сіздің жылқыңызды кім бағар еді, ақсақал?

Омар жалт қарады. Ақсұр тартқан бетінен бір түйір қан тайдай шауып өтті де, кеңкілдеп күлді-ай.

– Оның да жөн-ау, мал бағатын адам қай-қай заманға керек-ау. Менің қайран қалып отырғаным, сенің де сау сиырдың боғы емес, ақылды азамат екенің. Жылқы баққан жиырма жылда қалай ғана жұмған аузыңды ашпай келдің?

– Басқа түссе баспақшыл деген емес пе, ақсақал. Сол жиырма жылда жалғыз рет бүгінгідей жақын келіп сәлемімді алып, аттан түсіп, әңгімелессеңіз, талантымды ертерек таныр едіңіз. Адамның жаманы бар ма, тек түсінбейміз, не болмаса бағаламаймыз. Төменде жүргендердің бәрі ынжық, ақымақ көрінетіні де содан да. Әйтпесе, астына арғымақ мінгізіп, аузына сөз салса, бұл жұрттың қайсысы, кімнен кімі артық дейсіз. Тууы бір адамның, өлуі де бір.

Омар ойланып қалды. Зерделілік тек қана оқыған, қолында билігі, қотанында малы бар әлділерде ғана болуы керектігіне имандай сеніп, есікте жүрген құл-құтандарға пысықырып та

қарамаған қарақан басы әңкі-тәңкі, ауыр соққыға ұшырағандай әрі-сәрі. Кедей-кепшіктен шыққандарды ішінен тек Таңатарды ғана таңдап, кісі деп санасып, тіпті сол дәу шалдан жеңіліс тапқанында, ол ерекше жаратылған ілуде бір туар жойқын күштің иесі деп қана білетін еді. Бақса, ондайлық оқшау бітістер көп екен-ау. Сол Таңатардан мына жылқышы жігіттің қай жері кем. Сөз десе – сөз, күш десе – күші бар тасқұдай. Қалай-қалай орағытады десеңізші. Сонда деймін-ау, Оспан ку қайдан жаратылған. Жоқ, кедейдің де бәрі бірдей емес, олардың да Оспаны мен Батиы, ақылдысы мен алаяқ сұмы бар. Жаңа өкімет сонда осылардың қайсысын жарылқайды екен. Қайсысын?..

– Биылғы қыс қатты болайын деп тұр-ау, – деген қаңылтыр бет жігіттің кодыр дауысы ойын бөлді.

– Енді маған бәрібір, – деді Омар маңдайын ысқылап отырған күйі. – Даланың бетін саудыраған қаңқа басқан ақсүйек жұт болса да бәрібір қынбаймын.

– Елге қиын болады ғой.

– Ел қалды ма бүгінде, бөрінің боғы, бөкеннің сирағы болып тозып кетпеді ме бет-бетіне.

– Олай деменіз, ақсақал, көпке топырақ шашу ерлікке саймаса керек. Елдің аты – ел. Еңіресең де, еркелесең де бәрібір есігінен кете алмайсың. Су ағады, тас қалады...

– Топырақ шашайын деген жоқ едім, өздері емес пе көзіме құм құйған.

– Әйтсе де тарылмаңыз, ондай шолақ мінез сізге жараспайды, Омеке.

«Апыр-ай – деп ойлады Омар, – мына жігітті баяғыда баулып, шабармандыққа алу керек екен-ау. Енді бәрі кеш».

– Жарығым, мен саған үлкен іс тапсырайын деп отырмын. Бәлкім, бұл саған айтар ақырғы сырым, ақтық сөзім, азаматтығына артар соңғы сенімім шығар...

– Алғашқысы да осы ғой.

– Оның рас. Қарсы болмассың.

– Атып кел, шауып келден өзгесін айта беріңіз. Ондай жаналарлыққа жаным әуелден қас, суқаным сүймеуші еді.

– Құдай сақтасын, ініме кіре алмай жүріп, құйрығыма қалжуыр байлап нем бар. Тыңда, жарығым, менің қазіргі жүрісім – желдиірмен-сынды. Қашан, қай жақтан жел соғады деп

капалағым арбайып тұрғаным. Баяғыда ақ, қызыл болып дүрбелеңге түскен қиқулы заманда босқан елмен бірге жалғыз түнді жамылып арғы бетке ауып кетсем, көшетін көлік таба алмай омалып қалғаным жоқ. Елмен көрген ұлы той деп жылы орнымды суытпай отыра бердім. Енді, міне, жаңа өкіметтің жағасына жармаспасам да, қуғын-сүргінге ұшыраған бейшара түрім осы. Халықтың маңдайындағы мең секілді едім, көзге шыққан сүйел болдым. Сен тимесең, мен тименің заманы емес екен бұл. Екіншісі: не арғы бетке, не бергі бетке – екі жағалаудың біріне шықпасаң, ағыс айдап алып кететін түрі бар. Бар сенгенім жалғыз ұлым, маңдайға басқан Еркінім болса өз басымен әуре, екі кештің арасында арбадан құлап төсек тартып жатыр. Көзімнің қарашығындай екі қызымның ертеңгі тағдыры ғана қинайтын. Әйтпесе, мен деген немене, басын кескен қу молақпын, асарымды асадым, жасарымды жасадым. Төрт құбыласы тең жалғанды жалпағынан басқандар мың жасар болса, мен жасар едім. Дұрыс айтасың, шырақ, тууы бір пенденің елуі де бір екен. Өмір ауылынан кейбіреулер бұраланы ұзақ азапты жолмен барады, ал енді біреулер қысқа да қызықты даңғыл жолмен барады. Бірақ, шыққан жері де, баратын жері де біреу ғой. Ол – өмір мен өлім сапары. Қалған қарекетің – алдамшы дүние, бекершілік, иә-иә, бәрі де бекершілік.

Көзінің асты жыбырлап сұғына сөйлеген Омар жерден асықпай екі тас алды да ақырындап бір-біріне ұра бастады. Өлсіздеу шықылдаған үннен өзгенің бәрі жым-жырт болғандай еді. Анау етекте өскен топ-топ шилердің басын жел жұлмалап, сыңсыған мұңлы әні талып естіледі. Жүдеулік мендеген айдала көктемдегі өлі жүні түспеген көтерем сиырдай кеспірсіз еді. Қазан айының осы ұсқынсыз басталуы көп күттірмей келер қыстың қаһарын танытар алғашқы хабаршылары реуіштес. Бұдан бұрынғы жылдарда маужырап тұрар мейірімді күні бар қоңыр күздің биылғы сыңайы үрейлі, зрезеп қылар мазасыз. Бұрнағы күні жауған қара нөсердің арты ери жауған жылбысқа қарға айналғанда Бати жаман ырымға жорып ішін тартып қалған-ды. Осыдан он жыл бұрынғы күз дәл осылай сылбыран басталғанда қыстың беті қатты болып, Омар байдың бір айғырлы үйірлі жылқысын қырып алып еді.

Омекеңнің тым арыдан орағытып не айтқысы, қандай бұйымтай тапсырғысы келгенін бағамдай алмай әуре болды.

Әңгіменің соңын тосуға шыдам жасаған. Ал байекең айтар ойын ал дегенде тарқатпай қазықбаулап асығар емес.

– Бекершілік емей немене, мен айдаған мыңғырған мал, мен шайнаған қазы-қарта, жал-жая қайда? Бәрі де әр бұтаның түбінде қиға айналып, адыра қалды. Қатықсыз қара көжені талшық еткен құл-құтан, жалшы-малшылар озды бүгінде. Тіпті, озбайтын да шығар-ау, бірақ біздерден гөрі уайымсыз, біздерден гөрі батылырақ бара алады арғы дүниеге. Оларға атқа мінуден гөрі аттан құлау әлдеқайда оңайырақ. Өйткені олар біздерден гөрі қара жерге бір табан жақын екен. Әлгінде сен, жарығым, «сіз тым қол жетпейтін биікте ұшып жүрдіңіз» дедің-ау ұмытпасам.

– Иә, айтқаным рас.

– Ендеше сол биікке ұшқанның биіктен құлауы да оңай әрі қауіпті: не өліп түседі, не жанып түседі.

Алақанына салып аударыстырып отырған тасты да бір-біріне шақылдатып от шығарардай ұра бастады. Үнемі бір төр алдында дөңкііп отыратын, үнемі бір ат үстінде күмпііп келе жатар Омарды еш нәрсені парықтамайтын пасық, ішіне тезек толтырған қап секілді кеуек адам деп ойлаушы еді, қателескен екен. Тегін адам таз бола ма, ақылсыз, ақымақ адам бай бола алмайды. Бүгінгі күздің суық та сұрқайы күнінде бай мен жылқышы бір-бірінің көңіл сарайына кіріп, осы оңашада отырыстарында ғана шындап танып, бағалағандай, тіпті ұлы жаңалық ашқандай таң-тамаша болысты. Дегенмен, төрткүл дүниедегі жаңалықтардың не ерте, не кеш жасалатынындай бұл екеуінің де бір-бірін танып, білуі тым уақсыздау емес пе?

– Дүниенің қызық атты қызыл түлкісі жеткізбей кетті, енді өзіміз қашып көретін шығармыз.

– Дұрыстап сайланып, жеткізбейтіндей боп қашудың өзі – өнер ғой, ақсақал, – деп Бати әңгімеге араласты. – Не қуа алмадық, не қаша алмадық, озбадық та қалмадық, өгізаяң тірліктің соңында тентіреп жүргеніміз.

– Сенің күнің енді туды, Бати шырақ, енді туды.

– Қандай күн туса да жылқы бағудан асқан өнер қолымнан келмес-ау.

– Сен бағатын жылқы қалмас. Бірақ, осы жарықтықты бағып, мінген адамның мұратқа жеткенін және көргенім жоқ. Саған айтар ақылым, құрығыңды тізеңе салып сындыр да,

қолыңа балға мен қайла ал. Өне, сонда ғана бүгінгі заманның көрігін баса аласың. Күн – балғашыларға ауып барады.

– Жоқ, ақсақал, менен ұсташы шықпайды, темір-терсекке о бастан-ақ жаным қарсы еді. Малмен бірге тудық, сол малмен бірге өлеміз. Жылқы жарықтық жаңа өкіметке де керек шығар.

– Әй қайдам, – деп Омар қабағын түйіп басын шайқады. – Ал, шырақ, күн еңкейіп қалған-ау, негізгі шаруаға көшелік. Менің саған тапсырар аманатым: Құландыдағы үйімде жасырған азын-аулақ дәулетім бар еді, дәулет дегенде немене, тыққыштаған қағаз ақша, бірер түйір жылтырауық асыл тас. Сол қазынаның да құны кетіп барады-ау. Қазекем «арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен» деп бекер айтпаса керек. Соның жайы қинап отыр мені. Өзім көзге түсіп қалармын, сен барып алып қайт. Жан адамға сездірмесің, төргі үйдің астынан қазған жертөле шұңқыр бар еді, терезе жақ іргеден сана да бесінші тақтайды қопар. Темір қобдидың ішінде ораулы жатыр: Түркісібшілердің қайласы әзірше оған жете қоймаған шығар.

– Мақұл, ақсақал, – деп келісімін кесіп айтты. – Соншалықты ауырсынатындай үлкен іс емес екен, әкеліп берейін.

– Әп бәрекелді, тусаң ту, менікі де сол суға кеткен тал қармайдының кебі ғой. Өзіңнен басқа сенерім қалмай барады.

– Қармаған талыңыздың мықтылығына сене беріңіз.

– Мың жаса, ер екенсің, шырағым!

Осы сәтте бір-біріне ықтай тұрған аттар құлағын тіге елеңдеп, батысқа қарап оқыранды. Тағалы аттың тасқа шақшұқ тиген дүбірі естілді. Екеуі де орындарынан атып тұрғанда тура қыр желкелеріне төне мінбелеп келіп қалған төрт-бес атты жолаушыларды көрді. Түстеп танығандары Оспан ғана. Жалғыз көзі жалтылдап, оқшырая қарап тұрды да:

– Іздеп шыққан байымызды өзі жол торып жүр екен ғой. Мәледес, – деді Семейде болған бір айлық оқудың бекер кетпегенін танытқысы келгендей орысшасын араластырып.

– Оқу өтіп кеткен бе, сәлем неге бермейсің? – деді Омар сұрланып.

– Сәлем алып үйреніп қалған құлағың қышып тұр-ау, пәмешік. Енді сен бересің сәлемді. Қане, үшке дейін санаймын, «ассалаумағалейкүм, Осеке» деп қолыңды қусыр. Бір! – Тапаншасын суырып Омарды көздеп, үңірейте ұстап ақырды. – Екі!

– Қойыңыз, ондай әпербақандықты! – деді былғары киімді қара қазақ. – Ақсақал, атыңызға мініңіз де алға түсіңіз, малдарыңызды конфискулеуге шыққан комиссия мүшелеріміз.

– Жөн-жөн, қош келіпсіндер, қарағым. Іздегендерің мен емес, мал болса оған да тәуба. Өне, жүр ғой жануарлар жайылып. Алдарыңа салып түгел айдап кетіндер.

– Әй, әкеңнің... – деді Оспан оқшантайына қайта жарма-сып. Бірақ бұл ретте жалаңдатып қабынан суырып алған жоқ. – Сен өйтіп түлкібұлаңға салма, білдің бе, анау жатқан жылқыларыңның бестен бірі ғана, қалғаны арғы бетте. Дабай, қолын артына қайыра байлап тастау керек бұл иттің. Әйтпесе қашып кетуі ғажап емес.

– Асықпа, – деді қара былғарыдан пенжак киген жігіт. – Саған салса табанда атып тастағың келіп, шошаңдап тұрсың-ау. Кеңес өкіметінің заңында сұраусыз, сотсыз адам ату жоқ.

– Жау болса да ма? – деді Оспан оскырынып.

– Иә, жау болса да тергемей, тексермей тұрып жазалауға хақымыз жоқ.

– Қойдық онда, – деп ығыса мүләйімсіді.

– Сен кімсің? – деді былғары киген өкіл Батиға.

– Омекеңнің жылқышысымын.

– Әкеңнің... – деп қалды Оспан. – Баймен ауыз жаласа қалғанын. Мұны да байлап алу керек.

– Әй, Оспан! – деді күркіреген ажарлы үнмен, Батидың ұйықтаңқырап қалған арыстан ашуы ояна бастаған еді, өзін-өзі әрең ұстады. – Тілінді тарта сөйле, мені байлау, басқаны білмеймін, дәл сенің қолыңнан келмес.

– Қойдық ендеше, қойдық, – Оспанның, лыпылдап, құйрығын ұстатпайтын сынаптай мінезіне тұрғандардың бәрі таңқалды. «Омар байдың жасырған малын менен өзге ешкім тауып бере алмайды», – деп қояр да қоймай сұранған соң бағана ертіп шығып еді, енді, міне, суырдың айғырындай берекелерін алатынын кеш сезінген өкіл алая бір қарады да:

– Сен араласа берме, жігітім, бұл жерде бастық мына – мен. Ал, сен болсаң, комиссияның бір мүшесі ғанасың, оның өзінде де өзіңнің сұрауың бойынша ертіп шықтым, – деп қадап айтты.

– Мақұл. Білем ғой. Мен қойдым. Айып етпеңіз.

– Аты-жөнің кім? – деп былғарылы жігіт жылқышыға қайта қарады.

– Бати.

– Батиханның, тұқымымын деші...

– Қайдан білейін, әйтеуір әкеміз солай деп қойған соң.

– Жаман иттің атын Бөрібасар қояды, – деп тағы да қағытып қалған Оспанға жылқышы жігіт арыстандай атылып барды да, көзді ашып-жұмғанша аттың үстінен жалғыз-ақ ырғап жұлып алды. «Мынау қайтеді-ей, құтырғаннан сау ма», – деп бажылдаған Оспанды өкіл жігіт әрең арашалап алды.

– Әй, жігітім, – деп жекіді, – комиссия мүшесіне қол көтергенің үшін сотталасың.

– Ит талаған терідей илектегенше сол сотына жіберші, – деді түтігіп.

– Ол күн қашпас, ал қазір ана жылқыларды ауылға қарай айда. Атыңызға мініңіз, ақсақал. Конфискацияға түсетін тек малыңыз ғана емес, үй-мүлкіңіз де.

– Қыздарыңыз да, – деп қалды Оспан атына қайта қонып алған соң күшіне мініп.

– Сен осы жерден кері қайт, үлкен істі бүлдіретін түрің бар, – деді былғары киген жігіт Оспанға.

– Қайта алмаспыз. Мені сіз ертіп шыққан жоқсыз. Исполкомның шешімі бойынша келе жатырмын. Ендеше, тәртіп аяқталмай қайта алмаспыз.

Өкіл жігіт сөзден тосылғандай сәл үнсіз қалды да:

– Ал, кеттік, – деп астындағы бұқпа қара атын тебініп қалып, жортақтата түсті алға. Кейіндеп қалған Омар Батиға жанаса жақындап:

– Жылқыны айдап апара сала әлгі шаруаны тәмамдап қайт, – деп сыбырлап үлгерді. Дал осы кезде сауысқаннан сақ Оспан да бұларға сезіктене тақалып еді. Ендігі сәтте Омармен үзеңгі қағыстыра қатарласып ауылға бет түзеген. Сондарында мылтық асынған екі-үш жігіт, олар да үнсіз ере жөнелді.

Бұл шақта күздің бозамықтанған күні ұясына қонып, қазанның қаражелі үдей түсіпеді. Суық Тәртілеу комиссиясының өкілдері екі үйге бөлініп түсті. Кеш болып, ымырт жабылып кеткен соң конфискелеу науқанын ертеңге қалдырған. Оспан сақтықты бұл жерде де көрсетіп, Омар менен Долдаштың үйіне түнемей, жалшы-малшылардың біріне ат басын тіреген. Ешбір

ымыраға келмейтін қаттылығы былғары киімді жігітті аздап сескендірген-ді. Аудан арнайы қосып берген соң, амалсыз санасатын болды. Түнде аттарды арқандап отқа қоярда Оспан тағы бір қырағылық танытып, «байлардың беті жаман, сенуге болмайды. Күзет қоялық», – деп ұсыныс жасап, онысын өткізе алмады. Алыстан жол соғып шаршап келген милиционерлер ыңғай білдірмеген; «Кісі танитыным рас болса, осылар ешқайда бармайды, өз жауапкершілігіме аламын», – деп, бастап келген бастық жігіт көнбеді. Әйтсе де, күдікшіл көңілмен Омарды бай деген жоқ, соның үйіне түнеп шығуға тәуекел жасаған. Бірақ Оспан өкілдің бұл әрекетіне де шамасы келгенше қарсылық жасап бақты. Жанын жай таптырмай жүрген Гүлияны қолға түсіру жайы болса, осы ретте мықтап қимылдан қалмақ ойы және бар. Осындай жеке басының жымсыма есебімен құйрығы қоныс таппай бір кіріп, бір шығып сенделіп жүріп алды. Содан ақыры үлкен үміт жеңдеп ел орынға отырған, абыр-сабыр басылған әредікте бие сауатын қатпа қара қатынды жіберіп қызды шақыртты. Гүлияның келгісі келмеп еді, Дүрия: «Әкеме зияны тиіп жүрер, жеп қоймас сені, бар» – деп ұрысқан соң сатуға жетелегендей тартыншақтап қараша үйге кірді. Төр алдында жалғыз көзі май шаммен шағылысып жамбастай жатқан Оспан, әуелі көрсеткен қыры ма, әлде шынымен сасып қалды ма, жалма-жан тапаншасын суырып ап алдына қойды. Қатпа қара әйел Гүлияны тастай беріп ойбайлап тұра қашты. Осекең тырқылдап күліп, басын қақшандата көтерді де:

– Бикеш, отырыңыз, ұялмаңыз, – деп қызға орын нұсқады. Есік көзінде селтиіп тұра беруге Гүлияның да зауқы жоқ еді, кіре беріс он жақтағы аузын бүрістіре бұған сабаның түбіне бір тізерлей иіліп, төмен қарап жайғасты.

– Жүдеп қалыпсың, Гүлия, – деді үнін мейлінше жұмсартып.

– Сізді сағынғаным шығар, аға... – деді қыз көзін жерден көтермеген қалпы. Бұл сөзді мазақ деп ұқпаған Оспан кәдімгідей қутың қаға қуанып, жымиды.

– Мен де, мен де санамен сарғая сағындым, – деп салды. – Көзімнің құнын даулап жүргенім жоқ әкеңнен. Сенің бір ауыз ықыласты жылы сөзің үшін сонау ит арқасы қиян алыстан, ат арылтып іздеп келген бетім. Сұлу қызды жақсы көруге менің де правом бар ғой. Осы жаңа өкіметті осындай әділ праволары үшін орнатпадық па.

– Әрине, – деді Гүлия бетін шұңқырайта жымыып. – Жолыңызға қарай-қарай менің де көзім төрт болды. Алты алаштан, тіпті бүкіл малтыкөл руынан сақинадай таңдап алғаным сізсіз...

Оспанның екі езуі екі құлағына жете мәз болды. Бір жамбастай жылжып қызға қарай жақындай түсті.

– Екі дүниеде де ризамын саған, Гүлайым. Қайта туғандай болдым-ау. – Үні толқып, дірілдеп шықты.

– Ол үшін мен де қайта тууым керек-ау, ағасы. – Оспан қыздың астарлы сөзін тағы да түсінбей қалды. Ынтықшыл көңілдің жел тұрмай желіккен көбік нәпсісі меңдеп, Гүлияның талдырмаш білегінен қыса ұстады. Именген әлсіз қарсылықпен қолын әрең ажыратып алған қыз кейін ысырыла отырды да:

– Аңқау екенсіз, ойын мен шынның арасын ажыратпадыңыз. Мен тірідей сіздің үйдің табалдырығын аттай алмаспын, аға. Дәл қазір атып тастасаңыз да көне алмаспын ырқыңызға, сүйгенім бар, – деді аққұба беті дуылдап.

Оспанның соқыр көзі бағжаң етіп, жанарынан шоқ ыршып түскендей болды. Мұриттенгенін енді ғана сезіп, өз деміне өзі тұншығып, қылғына ашуланды. Бірақ өрескел қылық көрсеткен жоқ. Тапаншанын жанына тоңқаңдай еңбектеп қайтып барды. Оған осы екі кездей ғана арақашықтықты соншалықты ұзақ жүрелеп жүріп өткендей өзін шаршаңқы сөзініп, аһ ұра күрсінді, өкпесі өше ауырлап дем алды, өз тілін өзі шайнап жұтып қойғандай үндемеді.

– Сіз ренжімеңіз, шыным да, сырым да осы, ағасы. «Дархан» деп соққан жүрегім бөтен біреуге алаңдамақ емес. Сол кісі мені мәңгі ұмытпастай етіп сиқырлап қойғандай. Бұл жайды сізге сонау алтыбақан басында сездірген де едім.

– Ол енді қайтып қайырылмай қойса қ... қ... қайтесіз, – деді тілге әрең келген, Оспан. Оңбай қапаланған көңілі әлі де орныға қоймаған-ау. Сөзін үзіп-үзіп кекештеніп зорға айтқанды.

– Бәрібір тосамын. Қара жер қойнына алғанша күтермін.

– Қара жер емес, мына мен, мен қойныма аламын! – деп жындана ақырды. Қатты шошынған Гүлия орнынан атып тұрып, ор қояндай зыта жөнелген.

Аузынан ақ көбік ата айқайлаған Оспанның аю талағандай қорқынышты үнінен үріккен екі милиционер жігіт «что, не болды» деп есіктен ентелеп кіріп еді, оларды «кетіндер, кетіндер» деп ізінше айдап шығып жалғыз қалды. Жалғыз қалған соң төрдегі қырық жамау көнетоз сырмаққа етпетінен сұлап түсіп, жас балаша солқылдап ағыл-тегіл жылады-ай. «Ұят-ай» деп айтар, жұбатар тірі адам жоқ, ботадай боздады, өксіп-өксіп еңіреді байғұс. Сүйгеніне қосылу үшін заманды мың рет аударып, төңкерсе де, қой үстіне бозторғай ұялаған қоғам орнатсақ да, көңіл жарастығы, жүрек туыстығы болмаған жерде бәрібір күштеп байлап, матасақ да болмайтын баянсыздығына налыды. Бұл өмірде Оспан үшін ата жау күштілер, беделділер мен атағы аспандағандар ғана емес, сұлулар мен көріктілер екенін көкейіне тағы-тағы таңбалай түсті. Өзінен бедел-бағы екі елі асқандарды иттің етіндей жек көретін өшпенділік оты лапылдап, өз бармағын өзі шайнап ашуланғаны соншалық, тізерлей отырып, екі алақанын көкке жайып қарғанып-сілене жөнелген:

– О Құдай, бармысың, жоқпысың. Бар болсаң мені неге қор қылып жараттың. Ей, Алла тағала, не көрік бермедің, не алшайта киер бөрік бермедің, кәріңе ұшырайтындай не жазып едім, жазығым жан сақтаудың амалын іздегенім бе? Елге күлкі, дұшпанға таба қылмай алсаң еді. Желдей есіп, тасың өрге домалап тұрмаған соң, жер басып жүргеніңнен не пайда? Бүйтіп көзге түрткі, сұлуларға күлкі болғанша өлейін-ай, мен үшін тап жауы – бөріктілер ғана емес, көріктілер.

Тапаншасын оқтап, шықшытына тіреп тұрды да:

– Жоқ! – деді саңқ етіп. Аядай қараша үйдің ішінде толғақ қысқандай теңселе жүрді. – Мұным ерлікке де, еркектікке де жатпас. Күресіп көрейін әлде де.

Ол абзал өліммен өле алмайтынын сезді де, әрі өзі кетсе мұқым қаймана қазақ қараң қалып, жер бетін көңілсіздік басатындай, үлкен ұрысқа аттанардай ширақ та сергек. Жалпақ жаһандағы сұлулық пен ізгілік атаулыға кектенген. Идея, саясат, әлеуметтен тысқары жеке басының мұң-қайғысы, болымсыз қуанышы үшін тау мен тастан қайтпайтын жігермен орнынан шапшаң тұрған Оспан дүниежүзіндегі ең қауіпті жаулардың бірі секілді еді. Бірақ, ол өзі әсте де адамзаттың жауымын деп ойлаған жоқ және жалғыз емес, кең дүниенің әр бұрышында

жақсылықтың, жаназасын оқуға құштар, өзі сияқты жандардың көп екенін саналай алмады. Өйткені, ондай ішінде ит күшіктеп жататын адамдар бір-біріне қосылмай, жарғанаттай түн жамылып жеке-дара майданға шығатын. Сондықтан да не жеңбей, не жеңілмей мәңгібақи өмір сүре бермек. Әлемдегі ең қауіпті жау – осылар екенін адамзаттың өздері де бәлкім, ұға бермейді-ау.

«Адамзаттың жауы» есікті ептеп ашып, түн түнегіне сіңіп жоқ болды. Қайда аттанды? Ешкім білмейді!

Бұл түні Гүлия да төсегіне жете жығылып жылаған, тұңғыш рет екі көзі бұлаудай болып егіле еңіреген. Дүрия қанша айналып-толғанып жұбатса да уанбады. Сүйген жігітін сағына қыстыққан жүрегін көз жасымен армансыз жуып тазартты. Қызық, тарқамас құмарлықпен рахаттана жылағаны несі. Сүйгенін іздеп зарлаған көлеңкесіз көңілін, міне, алғаш рет наланың бұлты басты. Айығар ма? Кең дүниенің біртін-біртін тарыла бастағанының бастамасы ғана еді. Еліктің лағындай еркелеп, табиғатананың сыршылдығынан өзге мәңгілік күйді білмеген, айлы түн, ашық аспан – жылқының жусағанындай тыныш өмірге ғашық қыздың қоғамдық апалас-төпелестен еш хабары жоқ, күнәдан пәк, азанда жауған ақшақардай ар тазалығын сақтаған; сырлы аяққа су құйып тұндырғандай мөлдірлік пен бар жақсылықты, бар махаббат пен бақытты ертеңінен күткен; шашын он күн тарап, бес күн өретін кербездік енді бүгінгі кештен бастап келмеске кеткендей; Гүлия-қыз үшін зұлматтың қияпат жолы – бүгіннен басталғандай ма. Кім білсін... «Ертеңгі күнін, не болар екен, қарағым-ай?» деп басынан сипар шын жанашыр іздеп, құлындаған көңілі көктемгі қардай көбесі сөгіліп, ереді-ай... ағыл-тегіл; мұндайлық нәзік жанды, мамық сезімді, егіннің жаңа шыққан көгінде қазақы қызды тек қана үкілі тақиясы бұлғақтап, дүрия көйлегі желбіреп, батқан күннің шапағына шомылып, қыр асып бара жатқанын ғана көріп ақтық рет қол бұлғап қалғың келер. Мүмкін қазақ үшін ең ақырғы Ақжүніс, ең ақырғы Баян, ең ақырғы Жібек – осы ма деп соңынан қимай қарап, қимас тілекпен шығарып салармыз; алысқа тартқан әйкерім, сені қайтарып алар күш қайда, қайда...

– Көп жылаудың басы ғана бұл, – деді Дүрия. – Жыласаң жылашы. Мауқың басылар. Оспан соқырдан мен де қорқамын. Сені алмай тыншымас.

– Қайдағыны айтпашы, – деп жалынды өксігін баса алмаған Гүлия. – Одан өлген артық.

– Қазіргі заң да, заман да Оспанның жағында. Кімге үйленем, кімді айдатамын десе қолынан ешкім қақдайды.

– Асқанға да тосқан. Оның үстінен қарайтын да біреу бар шығар.

– Қарға қарғаның көзін шұқымайды, – деді Дүрия. – Ертеңгі күні лақтай бақыртып алдына өңгертіп ала жөнелсе, қой деп айтар есі бүтін азамат тауып алшы бұл ауылдан. Бәрі де қоян жүрек қорқақ болып біткен. Дарханың жанында болса да Оспанға түк істей алмас еді. Соқырдың қолында күшті билігі бар.

– Қазір билік пен білектің әмірі жүрмейді. Әркім өз сүйгеніне қосылу үшін орнаған большевиктер үкіметі, – деп қасарыса дауласты Гүлия. Бағанағыдай емес, тас-түйін бекініп алғандай.

– Әлгі қайлашы жігіттің саяси сауатыңды ашып үлгеріпті ғой, – деген Дүрияның сөзін елеместен қарына орамал іліп, қолына жез құман ұстап үйден шыға жөнелді. – Мұның да беті ашыла бастады, – деп күрсінді Дүрия. – Беті ашылмаған не қалды?!

Ауыл активтерін шақырып алған қара былғары киімді жігіттің бұйрығы қысқа болды: «Жан-жақтағы елге, ертең конфискациялау басталады, байлардың малы, үй-мүлкі бөліске түспек, арзан бағаға мал сатып алам дегендер болса келсін», – деген хабарды сүйіншілей айғайлап, жан-жаққа тасыртұсыр шапқылап жатты. Сонау бір шел Шардағы, ана жақтағы Құландыда шойын жол төсеп жүрген жұмысшыларға да кісі жіберткен. Ал, өзі қорыққан да үріккен жоқ, Омардың үйінде қонақасысын жеп, қымызын ішіп, ертеңгі бастамақ науқанның барлық мәселесін ашықтан-ашық шешіп, кәперсіз отырған.

Өкіл жігіттің бүкпесіз, жымсымасыз жалаңтөс қылығы Омарға бір есептен ұнап та қалып еді. Кетарысы жоқ, жатсынып, жатырқамаған көңілмен барын аузына тосты. Мал сойды, күздің бесті қымызын да аямады, келімді-кетімді кісілердің бәріне ағыл-тегіл құйды-ай. Аста-төк мол тамақтың қысымдап, шым-шымдап келген саран аузы сөгіліп, ит басына іркіт төгілгендей думанды кеш болды. Осы түнде бұл үйге бас сұқпаған тек Оспан ғана еді. Екі-үш рет арнайы адам жібертіп

іздеттіріп еді, ешқайдан таба алмады, жер жұтқандай жым-жылас жоғалған.

Омар байдың емен-жарқын мінезі, ашық көңілі былғары киімді жігітке де қалтқысыз ұнаған-ды. Жазығы – шонжар екендігі ғана. Әйтпесе, көпті көрген, көпті білетін көшелі адам секілді. Шарт та шұрт мінезі жоқ, алыстан ойлайтын, сығалап өлшеп, сырбаздап пішетін манғаздықты байқады. Ақылсыз адамның байып, дәулет жиып, сол мол дүниені шашау шығармай ұқсата білуі екі талай екеніне көзі жете түскендей болды. Төр алдына қатарласа малдас құрып отырған Омардың әлі де әжім әдіптей қоймаған келбетті жүзіне қарап отырып, сал-мақ пен сабырға лайық дидардан екінің біріне біте бермес, адамның пысын басар, дуалы қуат барын аңғарды.

Алғашында екі жақтан да әңгіме болған жоқ, әр нәрсенің жөнін біліскен сұрақ-жауаппен ғана қысқа тілдескен. Қымызға қызған соң бой жылынып, көз үйренісе келе ептеп түсініскендей-тін, бірақ ішкі сырын, көзқарастың дейміз бе, таптық дейміз бе-ау, өз мақсұттарын аша қойған жоқ, сынасқан салқындықпен жай ғана сөйлесіп отырды. Мықтылықты екеуі де сезіскен, енді сақтық қана керек болып қалыпты.

– Сіздерден басқа байлардың көбі түрмеде, конфискеленіп біткендері жер аударылып кеткен, – деді былғары киімді жігіт темекісін тұтатып.

– Білемін, – деді қымыз ұсынып. – Игілік пен өлімнің ерте-кеші бар ма, мен дайындалғалы көп болды, кешігіп келген өздерің.

«Осы шыны ма» дегендей бетіне қарап еді, аппақ сазандай сәулелі жүзі сәл сазарғаны болмаса, нұрын тайдырмаған.

– Сізді конфискелеу үшін Семейден рұқсат керек болды. Беделді юрист Еркін Кенжинмен бір ауыз тілдеспей бас салуға жасқандық.

– Заңды шығарып отырған сендер емес екендерінді білемін, егер әмірді орындамасандар күндерің менен де төмен. Түрмеге елден бұрын қамалар едіңдер.

Жігіт күлді. Оқу-тоқуы жоқ байдың көрегендігіне, ақырын айтса да шымшылап астарлап айтатын шеберлігіне тіпті тәнті болды.

– Бұйрықты орындамауға хақымыз жоқ екені рас. Дегенмен бұл жоғары жақтың жорамалымен істеген ағаттығы емес,

ақсақал, өкіметті өз қолына алған кедейлердің талабы, Совет өкіметі орнаған он жылда бұрынғы бай-манаптар байып алмаса, дәулеті сарқыла қойған жоқ еді. Біраз еркелетті, енді өкпелеріңіз жоқ шығар.

– Өкпелейміз деп өкіметтің құзырына қарсы келгендердің сүйегіне қына шығып қалғалы қашан. Аман-есен отырғандар мына мен секілді қол қусырып, басын игендері ғана. Алым-салықтың қандай түрі болсын өтедік. Егін салығы деді – бердім, сиыр салығы деді – тайпалған жорғаны орыстың көтерем өгізіне айырбастадым. Біресе қолымнан, біресе жолымнан алмаған дүниесі қалды ма, сонда да ғайбаттап тіл тигізіп көргенім жоқ.

– Жылқыңыздың көбін арғы бетке айдаттырып жіберді деген не сөз, ақсақал? Бағана біз көрген малдың саны тіпті аз секілді.

– Ол қасқыр тұмсықты тіміскілеген Оспанның шығарып жүрген оттаубайы. – Омар алғаш рет тістене өз мінезіне жат сөз айтып қалған. – Қырық күн шілде, сарша тамызда үстінен құс ұшырмай бағып-қаққан адал малымды шүршіттің аш-арығын асырау үшін садақа қылады дейсің бе, қарағым. Одан да тістің суын сорған өз елім, өз ағайыныма бұйырғаны адал емес пе.

– Бәсе, – деді желпініп өкіл жігіт. – Сіз ондай кесірлікке бармайды-ау деп ойлап едім.

– Рас, малымның саны аз. Бұрынғы жер қайыстырар жылқымның қазір жартысы да жоқ, оны жасырмаймын. Көбін анау жылдары ақтар мен қызылдар бірін-бірі қуып жүргенде айдап кеткен. Қалғанын осы Малтыкөлдегі ағайындарға тараттым. Ал төрт-бес айғыр үйір жылқым жаз жайлауда отырғанда ит-құс пен барымтаға ұшырады. Қазақта басқа тыйылса да осы барымтаның тиылмайтынына көзім сол жолы жетті. Қызыл көрсе бөршай сілекейі шұбырып бөрлігетін қазақтың қай ұрлығын айтайын...

Үйге кіріп-шығып ас қамымен жүрген Рахия бәйбіше бір әредікте:

– Біздің ұлдан не хабарыңыз бар? – деп сұрады.

– Ол кісі ауруханадан әлі шыққан жоқ деп естідім.

– Осының бәрі Оспанның кесірі, – деді бәйбіше тұлан тұтып.

– Шыбын жанымызды сауғалап отырған жалғыз баламыздан айрылып қала жаздадық. – Бырсыңдап, жібек шылауышымен көзін сүртіп жылады.

– Оқыс болса быламыққа да тіс сынады деген, босамаңыз, әлі-ақ сауығып келер, – деп уатар сөз айтты өкіл. Осы кезде үйге секіре ойнақтап кірген Дүрия төрде отырған жігітке көзі түсіп, арбалғандай аз аялдап тұрды да шешесінің құлағына әлденені сыбырлап қайта шығып кетті. Былғары киімді жігіттің де назары бөлініп, жүрегі аунап қалып еді, ол сөзімін жасырғысы келді ме:

– Ақсақал, егер түрмеге қамамай жер аударсақ, қай жақты қалар едіңіз, – деген оқыс сауал тастады. Бай соншалық бір әдемі жымыспен:

– Жердің жаманы бар ма, шырағым, адамның басы Алланың добы деген, нұсқаған жағына кетеміз де тентіреп, – деп жүрісінен танбайтын маң-маңгер қалпын бұзбастан жауабын қайырды.

– Сен қайда кетсең онда кет, мен екі қызымды алып, Семейдегі төркін жұртыма барам, – деді бәйбіше.

– Отыз жыл кісінесіп өтіп едің, қолыма кісен түспей-ақ жеріп шыға келдің бе?! – Омардың даусы зілді. Бәйбішесі ыққан жоқ, сүйекке сіңген адуын мінөзі билеп-төстеп ала жөнелер өктемдігіне басып, үйде қонақ барын ұмытып кетті білем, екіленіп екі иығынана демалып, шаптыға жөнелді. Омардың басы істі болу тықыры таянып, Еркін келіп кеткеннен бері іштей бекінген байлауын айтып салды.

– Отыз жыл қас-қабағыңа қарадым, отыз жыл үйіңнің шып-шырғасын шығармай ұстадым. Малмен жусап, малмен өріп, өзімнід де мал болып кеткенімді кеш сездім. Сырты түк, іші боқ хайуан жолдас емес, жалғыз-ақ жұттық, сатқанын сатып, сойғанын сойып пұлға айналдырып қалаға көшелік, бұл жер мекен болмайды, деп қақсағалы он жыл өтті, оқтау жұтқандай кекірейіп тыңдадың ба. Енді міне қылбұрау тақымыда түскенде де ақылың кірмей алжып отырсың. Көз көріп, құлақ естімеген жерге сенің соңыңнан салпақтар жайым жоқ. Кетсең – өзің кет. Қыздарымды қаңғырта алмаймын, оқысын, бағы ашылсын. Тірі болсаң іздеп табарсың. Айтарым осы.

Омар жер шұқығандай болып, екі беті қабара отырып қалды. Қандай уәж айтар. Бірыдғайдан осынікі де жөн секілді. Қаңғырмай қалаға барғаны да дұрыс-ау, деп ойлады.

– Шешей, – деді өкіл жігіт, – сіздердің үй-ішілік дау-шарла-рыңызға араласу әбестік мен үшін. Алайда, байларды

жер аударғанда олардың семьясы да қағыс қалмай бірге көшіріледі.

– Біздің кінәміз не? Айыбымыз – қатыны болғанымыз ба? Әкесі үшін баласы күйгенді қайдан көріп едің? Ендеше, Еркінді де мойнына қоржын іліп қосақтап айдаңдар, – деп шаптықты. Былғары киген жігіт сөзден тосылып қалған. – Қарағым, иман жүзді бала екенсің, түсі игіден түңілме деуші еді, маған жасаған жақсылығың болсын, бас бостандығымызды бер. Ертең екі қызымды алып, қаладағы төркініме аттанайын. Далаға тастамас. Ал, мынау шалды сулы жерде асып, сусыз жерде қуырып жесеңдер де өздерің біліңдер.

– Тағы да көкайылдығыңа бастың ба, – деп күңк етті Омар. Құр бекерге дауыс көтеріп, дауласудан әбден зәтте болғандай үні жуас шықты.

– Қолыңмен істегенді мойныңмен көтер. Одан зорғысын айтпай тұрғанда...

– Айт! – деді қажыған Омар. – Айтып қал, албасты. Өкіметтің құрығы емес, сенің құбылма құйын мінезіңнен қорқушы едім... Қайтейін... мына жігіт рұқсатын берсе бара бер, мен қарсы емеспін, сенен құтылғанымға қуанбасам, өкінер жайым жоқ... Осы күнді баяғыдан армандағандай да едім... Қос қызым болмаса... Сені ошағыма тас қылам ба?..

– Менің қарсылығым жоқ, – деп шешімін лезде шешіп айтты өкіл жігіт. – Мықтаса сөгіс берер, жұмыстан қуар.

– Өркенің өссін, балам, мың жаса. Өзің бір бек мәрт жігіт екенсің. Қымыз ішпей отырсың ғой, ішсеңші. Тамақ та дайын болып қалды, – деп бәйек болған Рахия екі бетіне қан ойнап, қалжаланғандай жадырап шыға келді. «Кәпір, мына қақпас енді бір байға тимей тыншымас» деген ойға күнәлі болса да барған Омар ішігін жамылып сыртқа шықты.

Ысқырына соққан күзгі жел үдей түскен. Әр үйдің түндігін сабалап, желбауын тартқылап құтырына соғады. Үй айнала бергенінде ербең еткен әлдекімнің сұлбасы көрінгендей болды. Әрі-бері елегізе тың тыңдап еді, ешкімді болжай алмады. Түзге таман ұзай бергенде «ақсақал» деп ақырын ғана үн берген соң тағы да аялдады.

– Ақсақал, бұл менмін ғой, жылқышымын. – Өзіне әбден тақалғанда ғана жыға таныды. – Әлгі тапсырмаңызды орындап едім...

– Қоя тұр, – деді бай сасқалақтап, – әзірше сенде болсын.
– Мұның маған түкке де қажеті жоқ, Омеке. Мә алыңыз.
– Жо-жоқ қоя тұр, шырағым.
– Қайда қоя тұрамын. – Қолы дірілден шүберекке ораған түйіншекті иесіне қарап тықпалай берді. – Алып кел дедіңіз, міне, тапсырмаңызды адал орындадым. Жылқылар ұзап кетер қайтайын, ақсақал.

– Мұны қоятын жер қазір менде жоқ, жарығым Бати. Ертең үйдің астан-кестенін шығарғанда бәрібір тауып алады. Мойныңа алған іс екен, біржола тындыр. Арғы бетке асар асуда бетше бұғының суретін салған шұбар тас бар, соның шырғанақ өскен үңгіріне тығып таста, еңбегінді жемеспін.

– Тық десеңіз тығайын, ақсақал, бірақ бір тиыныңызды алмаймын. Егер еңбегімді сатсам, жылқыңыздың тура қақ жартысы менікі еді.

– Білем, білем, жарығым, – деді бай дірілдеп. Әлде тоңазығаны, әлде қорыққаны ма...

– Ал, сау болыңыз, – деп қараңғыға сіңіп жоқ болды Бати. «Бүгінде бәрі мықты, шетінен шешен болып шыға келді-ау.

Күбірлей сөйлеп дәрет алды да, сол жақ кеудесін уқалап үйге қайта беттеді.

Қызылегіз өңірінде тағы бір таң атты. Бұл бұрынды-соңды қалың сыбан, мағай, малтыкөл руы көрмеген ерекше таң еді. «Жеті атасынан бері түкірігі жерге түспей, ақтылы қой, мыңғырған жылқы, маңғыстаған түйесінде есен жоқ, кердеңдеген Кенжениннің Омары жер аударылып, мал-мүлкі ел-жұртқа бөлініп беріледі екен; бір атты бір сомға сатып алуға болады екен; қалы кілем, ыдыс-аяқ, үй жиһаздарын қылдай етіп таратып береді екен», деген хабар еңбектеген жас, еңкейген кәріні дүр сілкінткендей болды. Ел болған соң «сол керек, сауап болды» деп табалағандар да, «обал болды-ау, зәруершілдік көрмеген кісіге қиын тиеді-ау» деп жаны ашығандар да табылды. Күн шықпай ойдан-қырдан аттылы, жаяулы ел қарағұрым болып қаптады дерсің. Көбін әуестік жеңдеп, есік-терезеден сығалап аңдығаны Омардың үй-іші, баққаны өсек-аяң, алып қашты сөз болды. Әсіресе, Оспан төре аса қатулы еді, келген елді қойдай иіріп, тәртіпке шақырып, басалқы болып жүрген жалғыз өзі. Былғары пенжакты жігіт Омар үйінен әзірге шыға қойған жоқ. Түні бойы ызім-қайым жоғалған Оспанның таң құланиектене қайдан салаң ете түскенін жан адам білмеді.

Осы кезде оң-түстен айрылған Бати да келді шапқылап. Астындағы құлақасқа ақ көбігі шығып терлеген, танауы пырылдап, екі өкпесі солқылдап ентіге демалады. Аттан қарғып түсіп, Омардың үйіне тура беттеп, оны жолдан Оспан бөгеп қалды.

– Қайда асықтың, батыр-еке, жау куды ма?

– Боз айғырдың үйірінен айрылып қалдым.

– Бекер! – деп шәңк етті Оспан. Қолы сумаң етіп тапаншасына таяп барып қалды. Әдеті осы.

– Жердің жарығына түсіп кетті ме, көкке ұшып кетті ме білмеймін. Из-түзсіз жоқ, кеше кешке дін аман еді.

– Өзің, өзің құрттың! – деп айғайлады Оспан. – Өзіңнен басқа ешкім емес.

Даладағы шаң-шұң дауысты естіп, өкіл жігіт және Омарлар тобы шықты. Байды көрген Бати ұмтыла түсті:

– Қара басты, Омеке, қара басты мені. Он бес жыл шашау шығармаған жылқыдан жалғыз-ақ түнде айрылып қалдым.

– Қаншасы жоқ? – деді Омар немкеттілеу.

– Боз айғырдың үйірі.

– Табылар, қайда кетер дейсің, – деп киіз үйге қайта бұрыла беріп еді, оны Оспан тоқтатты:

– Ым-жымдарың бір, ұры өздеріңсіңдер. Кеше анау көктастың түбінде шүңкілдесіп отырғандарында-ақ ішім бір палені сезген еді.

– Әй, Оспан, күнәға батырма нақақтан-нақақ. Өз малымды өзім ұрлап не басыма күн туды. Егер ондай теріс ниетім болса ала жаздай етегіме намаз оқығаным жоқ, қыл құйрық қалдырмай көзін құртар едім.

– Сен кәрі иттің қулығына найза бойламайды Әттең, бар билік менің қолымда емес, егер менің қолымда болса, шыныңды шыңғыртып тұрып айттырар едім.

– Әй, Оспан! – деп саңк етіп қалды Бати. – Үлкен кісіге тигізбе тілінді.

– Қашаннан бері Омардың жетелеген тазы иті бола қалып едің.

– Қора күзетіп, көрінгенге абалар иттік сеннен қалған қу соқыр. Маған күлер артың жоқ! – деді Бати тілін тартпай. Тірі жаннан қорку-үркүді білмейтін момын да қайсар жігіт қапелімде «атайын да құртайын» деп бажылдап, әдетінше тапаншасына жармасқан Оспаннан сескенді. Тапаншасы шошайып өзіне

көзделгенде де саспаған қалпы, мамырлай басып қарсы жүрді. Не шүріппені басарын, не болмаса тұра қашарын білмей сасқалақтаған Оспан жалғыз көзі жыпылықтап, көткеншегі бар аттай шегіншектегенін өзі де байқамады білем. Былғары киген жігіт қолынан қаруын жұлып алғанда ғана әзірде жұтып қойған тілін әрең тауып алғандай быдықтап:

– Сенінде сырың белгілі, – деді бастығына.

– Сенен келген зауалды көріп алдым. Бір емес, екі емес қоразданып болмадың ғой. Аудандық комитеттің рұқсатынсыз, сотсыз, прокурорсыз кісі атуға праваң жоқ, қайтқанша саған қару ұстатуға болмайды екен. Егескен адамның бәрін қыра берсең адам қалмас.

– Ал қойдық. Сіздікі жөн. Менен бір қателік кетті. Жаздық, жаңылдық. Енді қайтейін, тілі мірдің оғындай.

– Жігітім, – деді Батиға, – сенікі де жөн дей алмаймын. Конфискелеу комиссиясының мүшелеріне тіл тигізуге, қол жұмсауға қақыңыз жоқ, ол үшін жауапқа тартыласыз.

– Әзірше менің өз құқым өзімде. Намысыма шапқанның қай-қайсысымен де қарсыласып өлемін.

– Жә, жігіттер, – деді Омар оң қолын көтеріп. Баяғысы есіне түсті ме, аспандай қарап, абыздана шіреніп басу айтты. – Жоғалған мал жоғалды. Несіне кеңірдектесесіңдер. Ендігі барына қуат берсін деп бастандар. Едірендеп келіп қалған екен, мынау елді көп күттірмендер енді.

Жиналған топ Омарға аңтарыла қарады.

Мысқылды сөздің астарын кейбіреулер ұқты, кейбіреу ұқпады. Ұқпағандары «есіл ерім-ай» деп қимас көңілмен көздеріне жас алды. Өкпеге қиса да, өлімге қимайтындай...

– Омекен бұрынғыдай емес жүдеп қалған екен.

– Мал ашуы – жан ашуы емес пе.

– Қаладағы ұлы үлкен төре деуші еді, неғып рұқсатын берді екен.

– Ой, оның өзі де түрмеге қамалған көрінеді.

– Анау тері жарғақ кигені бастықтары білем.

– Оспаның да осал емес, одыраңдауын қарашы.

– Малды түгел бөліске салар ма екен, мініс атын қалдыратын шығар.

– Мойынсеріктің соқасына жегетін көлік жоқ еді, жақсы болды-ау.

Қоғамдаса иіріліп, екеу-үшеуден сыбырласқан халықтың осы тақылетті әңгімесін өкіл жігіттің:

– Ал, бастайық! – деп саңқ еткен үні жымдай қылды.

– Әй, Бати, сен жылқыны қайырып тұр. Бес-алты жігіт ұстап бұғалықтап маған жетелеп әкеле берсін.

Ертіп келген милиционер жігіттің бірі теректен ойып жасаған дәу келіні домалатып келді де төңкерді. Енді былғары киген бастық сол келінің үстіне шығып тұрды. Сұмдықты көргісі келмеген Омар үйіне қайта кіріп, ал кебістің басын іле шыққан Рахия бәйбіше айызы қанғандай рақаттана күлімсіреп жақындаған. Отау үйлерінен Омардың егіз қызы да үркектей шығып еді. Шешесін жанасалай, қолын оңды-солды сермеп саңқылдаған келбетті жігітке көздерінің астымен қарай береді. Бұл іспен Оспан айналыспады. Ол екінші бір жақта Долдаштың малын тырқыратып қуып әуре.

– Әй, нәшәндік, – деді Долдаш сақ-сақ етіп. – Менің малым кәмпіскеге жатпайды. Барлығын қосқанда жүз қаралы, адал малым, жалшы да, жылқышы да ұстағаным жоқ, өз еңбегім – өз несібем, айт анауыңа. Талапайын доғарсын.

– Конфиске – ортақ, – деді өкіл. – Кімнің бағып-қаққанын бұл жерде тергеп жатпаймыз. Малыңыз ортаға түсу керек.

– Құдай-ау, жүзге де толмайды дедім ғой. Мен орта шаруамын.

– Болмайды, ағасы, қандай шаруа болсаңыз да, малыңыз қазынаныкі. Мына тұрған артель мүшелеріне арзан бағамен сатамыз.

– Бұларың зорлық.

– Сіздің елге істегеніңіз зомбылық емес пе? Қаншама адамның маңдай тер, табан етін жедіңіз.

– Әй, нәшәндік, босқа күйдірме, білдің бе, бір лағымды қаңыртқан болсам, сұра мына жұрттан, құдайшышығын айтсын. Егер сен ойлағандай шіріген бай болсам, тінті үйімді, жалба-жұлба сырмақ пен жалғыз сабадан өзге дүние тапсаң, «түу қара бет!» деп бетіме түкір. Бұтыма кигенім тері шалбар, кеудемде сырған шапан, кедейден қай жерім артық.

– Байғұс, жарғақ құлағы жастыққа тимей мал соңында жүріп тойып тамақ ішпегені, бүтін киім кимегені рас, – деді таяғына сүйенген жалбағай тұмақты арса-арса шал.

– Оған біз кінәлі емеспіз, өзінің қараулығы. Конфискеден босата алмаймын! – деп кесіп айтты өкіл.

– Қатал екен, – деді Гүлия көзі жаудырап.

– Қатал болса да әдемі, – деді Дүрия сүйсініп. Сонымен Омар мен Долдашты тәртілеу екі жерде жүріп жатты. Алдына ойнақтатып алып келген жылқыны: «Бес сом, он сом, он бес сом қане кім алады, артық баға қосатындар бар ма?», – деп дауыстап жамбасына шыжғырып таңба басып жөнелтіп жатты. Не бір үстінен су төгілмес жорғалар, жаясы жайындай құлынды биелерді арзан бағаға алып, мәз болып жетелеп бет-бетіне тарап жатқан жаяулар ойда-жоқта олжаға кенеліп, «айналайын Совет өкіметі» деп алып барады.

Күн түстен ауғанда Омардың бар малы таусылып, ең соңында ақсақ құлынын ерткен жирен бие қалды. Дәл осы тұста «ағатайлап» жүгірген Гүлия өкіл жігіттің алдына барған.

– Ағатай-ай, ақсақ құлынға тимеңізші. Менікі еді, қалдырыңызшы! – деп зар еңіреді. Алғашында сасыңқырап қалған жігіт аяқ астынан шыға келген қыздың сұлулығына көзі қарыққандай сілейіп тұрып қалған. Кеше түнде көрген қызға қаншалықты ұқсағанымен, ол емес, одан гөрі шашы әлдеқайда ұзын, әлдеқайда көрікті екеніне көзі жетті. «Апыр-ау, мұндайда періште адам жаратылады екен-ау. Омар байдың жылқысы ғана емес, қыздары да керемет екен» деп шын көңілімен ризалыққа кенелді.

– Ағатай-ай, аясаңызшы, ақсақ құлын менікі еді, менікі еді... – өрімталдай жас қыздың шырқыраған даусын жаңа ғана естігендей, «ал, айналайын, ала ғой» деді бәйек болып.

– Бати аға, құлынды алып қалыңызшы, – деді енді жылқышыға жалынып.

– Өзі жарымжан, енесінен айрылған соң қалай күн көреді, қалқам.

– Енесімен алсын, – деді былғары киген жігіт үлкен бір тәуекелді мәрттікпен. Ол өзін осыншама бос, боркемік санап көрген жоқ еді. Азамат соғысының от-жалынында шыңдалған, талай-талай қан сасыған қырғынды көрген, атқан, атысқан, сан рет ауыр жараланған, оң жақ шекесіндегі тағалы ат тепкендей тыртық сол сойқанды жылдардан қалған белгі. Бірақ, оның бәрі түк емес екен, әлемдегі ең сұлу қыздың жас кемтар құлынды аяп, зар еңіреп, зар жұтқан мұңлы да көркем келбеті көз алдында мәңгілікке қатып қалғандай, «ағатайлаған» үні құлағында бакилыққа сіңіп қалғандай дел-сал күй кешті.

– Есімің кім, қарағым? – деді.

– Гүлия.

– Тотыдай екенсің, қарындасым, бағың ашылсын.

– Рақмет, ағатай. Жақсылығыңызды ұмытпаспыз. Қатал екен деп ғайбат сөз айтып едім, қайтып алдым.

– Қатал емес едік, қатал болдық, – деді күліп. – Артық кеткен жерім болса айып етпессің, бәрі де жұмыс бабы, заман талабы.

– Түсінем ғой, ағасы, түсінем.

Шойнаңдап басқан ай маңдай құлын Гүлияны танып оқырана иіскеледі. Қыз кеңсірігінен сипап, жал-құйрығына жабысқан ошағанды жұлып алып тастап тұр. «Жарасады екен, – деп ойлады өкіл жігіт қызыға қарап. – Екеуі де табиғаттың еркесі ғой. Оспанның мені қаралауына тағы бір себеп табылды. Не болса да көріп алдым, қайтейін».

Оспан мен Долдаштың айғайласқан дауысы әдемі әсеріне қасақана тас лақтырғандай болды.

Тәргілеу енді Омардың ордасына ауысты. Бай бұған да қарсылық жасаған жоқ, тек Рахия ғана қалы кілем, торғын-торқамен тыстаған көрпе-жастық, күмістеген ер-тоқымдарды бір-бірлеп шығарып тізімдей бастағанда жан дауысы шыға жылады. Өзінің иіс-қоңысы сіңген, тірнектеп жиған-тергенін тал түсте талапайлап жатқаны тоқшылықтың майында үйректей жүзген, қаздай қалқыған бәйбіше үшін ақырзамандай азалы көрінді. Қолынан келер дәрмені жоқ, әр затқа бір жабысып, шашын жайып, бетін тырнап қарғап-сілеп жүр.

«Осымыз артық емес пе өзі? – деп ойлады былғарылы жігіт.

– Кейбір байларға үш-төрт рет жүргізілген конфиске Омарға жалғыз рет келіп отыр, оның өзінде кешіріммен қарап, құлынды биесін қайтарды, әйелі мен екі қызының бас бостандығын берді, осы қылығы үшін аудан алдында жауап берерін біледі. Мен де адаммын ғой, ет жүрегім, азаматтық борышым бар, шаш ал десе бас алатын әпербақандыққа ұлы көсемнің өзі де үзілді-кесілді қарсы болатын. Орыс интеллигенциясы мен офицерлерінің қаншасына кешіріммен қарап, сенім артты».

Милиционер жігіт үйдегі сарыала сандықты ақтарып алтын табақ, асыл тасты алқа-жүзіктерді ботырата шығарып жатқанда осындай ойда тұрған еді. Көз алдындағы жарқыраған байлыққа назар аударып, мүлік-дүние екен деп алымсымбаған.

– «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деп бұрынғылар бекер айтпаған, – деген Омардың даусы қияндап кеткен қиялын атып түсірген-ді.

– Не дедіңіз?

– Баяғыда осы малтыкөл елінде Құлаша атты дәруіш шал бар еді, сол жарықтық өлгенінше аузынан тастамайтын ән бар еді, Асасын сермеп:

Сіздің ауыл Ақшиде,
Біз жолаушы бұл үйде,
Кімге жолдас болады,
Опасы жоқ сұм дүние,
Аспанның асты қуыс, дүние – бок.

Ер жігітке қайда барса таң атар, – деп өлеңдетіп, кара жолды шаңдатып жортып бара жататын. Соның жел қуған қаңбақтай күйіне күлуші едім, енді міне, шырағым, қызығып отырғаным.

– Дұрыс айтқан, – деді өкіл жігіт. – Терең шал екен, тірі ме?

– Өлген, – деді Омар күрсініп. – Өлген, бірақ күні кешегідей тірі, оның тереңдігі де осында шығар.

– Мен сізге қайран қаламын, – деді жігіт байдың жанына жүрелей отырып, – осыншама мол байлықты тәргілеп, суыртпақ жібіңізге дейін тізімге іліндіргенде қабағыңызды шытпадыңыз. Адам нанғысыз салқын қандылық қайдан жүкқан?

– Құлашадан, – деді Омар. Содан соң: – Әй, бәйбіше, әкел жаңа өлгендей өз шашыңды өзің жұлғанша сусын бер, жігіттер шөлдеген шығар. Қымыз құйған саба кәмпіскелене қойған жоқ қой әйтеуір. Қорына дейін қопарып, сарқып құйып әкел. Енді бұл ауылда желі тартылып бие сауылмас, армансыз бір ішейікші жарықтықты.

Рахия бәйбіше отыз жылдан астам отасқан күйеуінің, ең ақырғы тапсырмасын қалтқысыз орындады. Бағанағыдай емес жылау-сықтауды азайтып, көңдімге көшкендей. Ол ертеңгі қалаға тартар жол қамына кесірі тимес үшін жасаған қулықсымағы еді.

– Долдаш байғұстың дауысы қаттырақ шыға берді-ау, – деді Омар қымызды сыңғыта ішіп. – Соқырдың қолына түспе, саңыраудың астына түспе деген сол... Өзі де бір малын екеу етем деп өз жанын өзі жеген соры ашылмаған бейшара еді, Оспанға бұйыруын қарашы! Қаққанда қанын, соққанда сөлін алып жатқан шығар.

– Оспан да заңнан аспас, ақсақал.

– Әй қайдам, бала кезінде елге қыдырып келген адам болса, атының айылын түгел босатып қоятын, не болмаса аттарының құйрығына байқатпай түбі түскен шелек, қауға, қатып қалған тері байлап ауылды алатайдай бүлдіретін қусоққанның нағыз өзі еді. Теңдік тек өзіне ғана тигендей тепсініп-ақ жүр. Алғаш селсәбет болғанда үш күн аттан түспей теңселгені әлі есімде.

Былғары киімді жігіт үндеген жоқ. Құптап не құптамағаны белгісіз бейжайлықпен шаңыраққа қарады. «Биік екен, – деді ішінен. – Бұзуы да қиынға түсер». Мұндай әшекейленген киіз үйді тек есейіп, революция ісіне араласқанда ғана көрді. Өзі Семей қаласындағы жүкші қазақтың семьясында дүниеге келді де, Ертіс бойын жағалай қоныстанған қалың жатақ ауылында өсті. Әкесі Көкпекті жағындағы бір болыстың ұлын таяққа жығып, қашып келген сіңірі шыққан кедей әрі момын кісі еді. Пароходқа жүк тиеп жүріп суға кетіп өлді. Жастайынан жетім қалған бала татар көпесіне жалға тұрған. Сол саудагер татар Рахия бәйбішенің әкесі екенін білген жоқ. Күйеуге тым ерте тиіп кеткен, тіпті көрмеген де еді. Ал Омардың анда-санда қатынап жүретінін көзі шалғаны бар, кешеден бері сұрайын деп қанша оқталса да реті болмаған соң, өткен-кеткенді қазбалап қайтемін деп жабулы қазанды жабуымен қалдырған. Енді, міне, есіне еріксіз тағы оралды.

– Ақсақал, – деді малдас құрып, ең соңғы тізімге алынбай қалған от киіздің үстінде отырған шалға: – Семей шаһарындағы саудагер, әрі имам болған Ғабдолламен жекжаттығыңыз жоқ па? Сол үйден көрген кісім секілдісіз?

– Ол шал – қайынатам. Мен де сені шырамытып, кешеден бері сұраудың ретін таппай отыр едім.

– Мен ол үйде екі жылдай жалдап тұрдым. Сауатымды сол үйден ашқанмын.

– Ескіше, жаңаша ағып тұрған адам еді-ау. Қартайып барып, Құдайдың ажалынан өлді. Ұлдары да осал емес.

– Иә, шежіре кісі болатын.

– Біздің бәйбішенің қалаға кетем-кетем деп қиғылық салып отырғаны да сол бауырларына арқа сүйегені ғой.

– Ол кісінің қайтыс болғанын естімеген едім, иманды болсын, – деді өкіл жігіт.

Сол жақ іргедегі керіскедей болып жиналған жүкті тізімдеп болып, қозының жүнінен жұмсақтап басқан ақ киізге келгенде Омар орнынан тұрды.

– Әй, шырағым, – деді милиционерге. – Оған тиме. Өлгенде астыма төсесін деп әдейі бастырған ақырет киіз ғой. Оның сендерге керегі болмас. Бұл үйден маған қалдырған жалғыз нәрселерің сол болғай. Тастап кетіңдер.

– Қалдырыңдар, – деді былғары киген жігіт. – Тағы да қандай өтінішіңіз бар?

– Ғұмырым аз қалды ма, көп қалды ма білмеймін, шырағым. Әйтеуір атар таңым, көрер қызығым алдымда емес, артымда қалғанын сеземін. Адамның өмірі ақша қарға басқан ізің іспетті. Бүгін бар, ертең жоқ – күн қыза еріп кетеді екен. Саған ризамын, шырақ, қорқытып, үркітіп, бас-көзге сабалап берекемізді алсаң да – шыдар едік. Сен өйтпедің. Ойлап келсем, кемпірімнің кешегі сөзі ақыл екен. Өзімді итжеккенге айдасаң да еріктерің.

– Сізді Ақтөбе жағына жер аударар, ал Долдаш ініңіз әлі жас, оны Беломор-Канал деген құрылысқа жөнелтетін шығар, – деп Омардың сөзін бөлді.

– Мейлі, мені қойшы, қарадан хан болған Хан Қисық та бұл дүниеден өткен, байлықты баз кешкен Көкебай да итше ұлып қалды. Өтінерім, анау екі қызым мен бәйбішеге ертең өзің қайырып беріп отырған жирен биеге пәуеске жегіп, Гүлияның ақсақ құлынын ертіп қалаға аттандыру ғана. Рұқсатыңды бер, мен үшін күймесін, жаңа заман десе жандары қалмайды қарақтарымның. Сүйген жігіттері де батырақ, осы ауылдың арыстандай азаматтары.

Өкіл жігіттің көзі тұманданып айықты. Бір-бірінен өтетін ай мен күндей жарасқан егіз аруды танымайтын, өмірі көрмеген жігіттерден қызғанады. «Қандай қазақтың асығы алшысынан түсіп тұр екен», – деген іштарлық билеген бойын.

– Ойнағынан айрылған оларға да оңай емес, қиын тиеді білемін. Барсын, бағы ашылсын, – деді шал.

– Ондай батаны балаңызға бағана мен де бергенмін, – деді өкіл жігіт. Жүзі сынық, әлденеге өкінгендей ме...

– Бәрекелді, жорытқанда жолың болсын.

– Айтқаныңыз келсін, ақсақал, – деп үйден шығып кетті. Омар «нені бүлдіріп алдым» дегендей әрі-сәрі күйде отырды да ақырет киізді шиыршықтап бүктей бастады.

Байдан алынған мүлік тай-тай болып буылып іргеде жатты. Ақшам жамырап, көз байланған екінді уақытта Омар жылқышы жігітті шақырып алып көп сыбырласты.

Шалдың жылы-жылы сөзі, ақылды әңгімесі былғары киген жігіттің көкейінде әбден қалған. Бақылау, күзет қоймай күні бойы малмен алысып шаршаған милиционерді қосалқы үйге қайтарып жіберді де, өзі киізі мен сырмағын сыпырып алған төрге бір жамбастан, керегеге басын сүйеп мызғып жатқан-ды. Тіпті, Омардың кіріп-шыққанын санап, ізін бағып аңдуды көргенсіздік санаған өкіл шын көңлімен сеніп еді. Қыр қазақтарының қай қулығын әшкерелеп тауысады. Сиырдың жалбыршақ қарны секілді бұқпа, қалтарысы қисапсыз, бір жынынан арылтсаң, екінші жыны мұңкіп шығып жатар мінезіне сыралғы емес, қалада өскен жігіт тіпті тіл тістеп, сан соға өкінерін, осы осалдығы үшін оңбай таяқ жерін қаперіне алмады. Сал боп болдырған денесі босап, түшіркене көз ілдіріп еді. Ұйқы – арсыз, күлкі – қорсыз деген сол...

«Жылы-жылы сөйлесең жылан да інінен шығады» деген аталы сөз Омар байды өмірбойғы ұраны, мойнынан тастамас тұмары-сынды, тағы бір тығырнақтан арашалап алып қалайын деп тұр.

Ел орынға отырып, абыр-сабыр басылған соң Батиды шақырып алған. Біртоға, айтқанынан қайтпайтын еңгезердей жігітті аусарлығын ақырғы рет пайдаланып қалуға бел байлады. Батыр, аңқау, ергүдік жылқышы Омардың басына түскен ауыртпалыққа қабырғасы қайысып, пенделік ізетпен жаны ашығандай. Иесінің бұл жолғы тілегін де орындауды міндетім, қысылғанда қол ұшын берер парызым деп ұқты.

– Бати шырағым, – деді көзі жіпсіп кемсендеген бай. Жігітке Омар жермен-жексен болып, шау болып мүлдем шөгіп кеткендей аянышты көрінді. Кеудесін қайта-қайта дамылсыз уқалай береді. Баспа ауруынан тұрғандай үні қарлығыңқырап, бөтен естіледі. – Маған бұл елде орын жоқ енді. «Өлсең бейітіңе жеті рет түзге отырар» деп еді Құлаша шал. Сүйегімді орыстың жерінде де, бергі беті – қазақ даласында қалдырғым келмейді. Тіріде түтіп жегелі тұрған қазақ көрімде тыныш жатқызар деймісің, жатқызбас. – Ешкім жоқ па дегендей қауіптеніп, жан-жағын шолып әңгімесін жалғады. – Неге екенін білмеймін, екі жұма болды жүрегім шанша береді. Бұрын-соңды аурудың

қай ел екенін білмей, көбенденің кеткен шыбын жаным шыдас берер түрі жоқ. Таңатар дәумен ара ағайын едіңдер, шырағым, оның да жақсылығы бір кісідей өткен. Ол мені арғы бетте күтіп отыр. Сен қайдан тапсаң да жүріске мықты ат тап. Ел-жұрттың алдында арбаға байланып, айдалып кеткенше қашып құтыламын. Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді деуші еді, арғы бетке өткізіп жібер, қарағым. Қалағаныңды ал да құтқар мені мына пәледен.

– Ақсақал, маған түгіңіздің керегі жоқ деп айтпадым ба кеше. Бар байлығым – бас бостандығым. Сізді ғана емес, тамам жылқыдан айрылған соң өзім қоса тәргіленгендеймін. Жануарларды үйірлеп бағып, шұрқырата қайырудан үлкен ләззат, дәтке қуат алғандай болушы едім, енді міне, құрыққа мініп, қу бас мүжіп қалғанымыз. Жаңадан құрылып жатқан артельдің он шақты малы өздерінен де артылмайды, маған сеніп тапсырар дейсіз бе. Төрт түліктің быт-шытын шығармай-ақ жайып жүре берсем, керегін бір-бірлеп санап алмас па еді. Өкетті әне, бір-бір теңгеге сатып алып, ертең-ақ сойғанын сойып, сатқанын сатып, көзін құртады. Содан соң талап алар бай, таласып мінер қыл құйрығы жоқ шойын жолды кеміре ме? Мен, ақсақал, осы жайға қанық емеспін. Нәумез болып жүргенім де сол. Маған (даусы қаттырақ шығып кетті) бағатын мал керек, ақсақал, мал!

– Көңіл жүйрік, алыстан ойлайтын зерек екенсің, балам. Менің де, Еркінімнің де шыж-пыж болып жүргені осы ғой. Сен қуаттап отырсың, әттең енді бес-алты жылдан соң битін сығып, қанын жалап аш-жалаңаш отырғандарын қайта айналып келіп көрер ме едім.

– Табалар ма едіңіз?

– Жоқ, табаламас едім. Өз елім, өз жұртым ғой, мүсіркеп аяп едім. Аяп тұрып айтар едім: ата жауың мен ғана едім, малым емес еді, деп... Сонымен ат табатын болсаң қазір аттанып кетейік.

– Ат табу қолдан келер. Өзіңіздің бозжорғаңызды әкеліп алдыңызға тартамын.

– Күзет жоқ па? Көзге түсіп қалып жүрмейік. Бұлардың ішіндегі ең сағы Оспан соқыр.

– Ол жым-жылас, кештен бері көре алмадым.

– Әй, сол иттің жүрісі бекер емес, мен үй-ішіммен қоштаса берейін, сен тез орал, күтемін.

Жылқышыны былайырақ шығарып салып, қыздарының отау үйіне кіріп еді, бәйбішесі де осында екен. Су тиген торғайдай әр бұрышта бүрісіп, кетеуі кете сүртііп отыр. Әкесі келгенде Гүлия мен Дүрия именіп, ысырылып орын бергендей болды. Рахия қабағын ашпаған қалпы ертеңгі жол қамына дайындалғаны ма, теріс қарап түйіншектерін түйе берген.

– Мен сендермен қоштасқалы келдім. – Омар мәймөңкелемей турасын бірақ айтты. Ешкім үндеген жоқ. – Жаман-жақсы болсын отыз жылдан аса бірге өмір сүрдік, бәйбіше, үш баланың анасысың. Бәрімізде екі аяқты пендеміз, қателескен, қатты кеткен кезім болса кеш. Сенің көп-көп қылығыңды мен де кешіргенмін...

Екі қыз сыңсып жылады.

Рахия басын көтеріп, шалының бетіне тура қарады.

– Жүріп өткен отыз жылғы жол екіге айрылайын деп тұр ғой, әйелдікпен жасаған қателігім болса арғы бетке де, арғы дүниеге де ала кетпе өзіңмен. Адамға ақыл алпыс жасында келеді деуші еді, сенің арқанда тайраңдадық, тайпалған жорға міндік, майды майға құйдық. Дәл осылай қоштасам деген үш ұйықтасам ойымда болды ма? Қайтейін...

Бәйбіше жібек орамалымен бетін басып жылады, өксігі қаттырақ шыға бастаған соң Омар басу айтып, маңдайларынан алма-кезек сүйді.

– Әкеден тірідей айрылу, әрине, қиын екенін білемін, айналайындар. Қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқыттырмай, он сегізге толтырдым. Көл жағалай біткен көкшіл құрақтай қос қарағым, қош болындар енді, шыбын жаным сендердің жолыңа сауға еді, қал-қадірім қалмады. Ендігі медет сендердің амандықтарыңды екі дүниеден бірдей Алладан тілеп өту ғана. Ертең Оспан соқыр алдына салып айдап бара жатса, әкелерің үшін тірідей көрге кемілу емес пе, ал мен екі рет өлгім келмейді.

Қарқарадай қасқайып етінен ет кесіп алсаң қан шықпайтын Омардың мол пішілген ақшыл беті жыбырлап, иегі кемсендеді. Алғаш рет, әлде мүмкін ақырғы рет, көңілі босап, сақалы тұштаңдап көзіне жас алды. Күйеуінің қарағайдың қарсы біткен бұтағындай қайсарлығы мен туған әкесін оққа байлап беруден тайынбайтын ежелден білетін Рахия бәйбіше шошына ұмтылып жанына барды.

– Әй, Омеке, босама балаларды шошытып. Саздауға біткен сапы ағаш едің ғой, не көрінді әйелдер құсап. – Қыздары да ұлардай шулап, әкелеп келіп мойнына оралып еді, Омар еңсесін тез көтеріп, көзінің жасын тыйды.

– Өлетініме көрінген шығар, – деді ауыр күрсініп.

– Жаман сөз айтпа, әтиі, айтпа, әкесі. Ер емес пе едің, бек мықты болуың керек. Жаның тірі болса бір хабарыңды берерсің. Еркінге не сәлем айтайын?

– Арғы беттен тосамын деп айтты де. Оның да құйрығына шала байланған-ау, жым-жырт жатып алды. Тек аман болғай, ауырады деп еді. Бұл бір біздің тұқымда болмаған сергелден уақытқа тап келдік қой. Алланың әмірі шығар, сене алмай, сендіруге жан таба алмай аттанып барамын. Адамға дәйім жақсылық қайдан дарысын...

Осы мезетте ергенек ашылып, үйге Бати кірді. Бәрі үрке қарап қалған. Омар ғана орнынан үш ұмтылып әрең тұрып, желбегей жамылған ішігін киіп, белін буа бастады.

– Ат дайын, ақсақал, – деді жігіт есік көзінен озбай. – Аттанайық.

– Ендеше мен де әзірмін, азаматым. – Бәйбішесі мен қыздары жапатармағай тұрып Омарға жабысты. Олармен бір-бірлеп құшақтасып, беттерінен сүйіп қоштасты. Бойына алабөтен ширақтық біткендей сергек.

– Мына жігіттің аты – Бати, – деді сонан соң, – естерінде болсын, әкем жасамаған жақсылық жасады. Өтеуін сендер өтемесендер менің қолымнан келетін емес. Ал, Алла тағала жар болсын. Қаладағы қайын-жұрттың өлісіне иман, тірісіне сәлем айтыңдар. – Артына қайтып қайырылмастан сарт-сұрт шыға жөнелді. Отау үйде ботадай боздап қыздары мен бәйбішесі қалды.

Түн айсыз, аспан бұлтты – қараңғы еді. Құлақ етінді жеп ызындай соққан сайқал жел ғана дүниенің билігін өз қолына алғандай ырбандап, қойны-қоншыңа кіреді. Бөтен дыбыс жоқ, әлдебір алып күш кеудесінде жаны бардың барлығын тұншықтырып тастағандай. Жер-ошақтың оты сөнген, су құйып өз қолдарымен өшірген... желден қорыққаны болар; бай үйінің оты таңнан бері жағылған жоқ, жағылмайды да... Өз отын өзі өшірген...

Жылқышы жігіт алдына кесекөлденеңдей тартқан бозжорғаның ер-тұрманы сайлы екен. Ұстап, тексеріп көріп еді, айылы мықты, құйысқан берік, риза болды. «Адал жігіт. Азапты көп тартарсың» деді ішінен. Бұдан соң, қолтығына қыса келген ақ киізді үш бүктеп астына салды, «біссімлла» деп атқа қонды. Ауыл шетіне дейін өгізаяңмен барды да, әудем жер қашықтаған соң аттарына қамшы басты. Қашып барады... Қайда? Біраз сілтеп алған соң, Омар тізгінін тартып, артына қарады.

– Мен қашып бара жатқаным жоқ, туған жер! – деді дауыстап. – Сендер қуып барасыңдар. Ата-баба жерінен екі құлаш көр бұйырмағанына өкінем, қош! «Бозжорға, жорғаңа бас, алдыңда ел жоқ», – деп әндете айқайлап, тақымын қысып қалды. Үзеңгілес келе жатқан Бати ақсақал есінен ауысып кетті ме деп шошыған.

Екі жолаушы таң атқанша суыт жүріп, жер бетіне жарық түсе асудың етегіне ілінді. Аттары ұзақ та қатты жүріске шыдамай, сауырынға қаспақ қатып, кібіртіктей бастаған. Бати «Көлік болдырып қалды, аздап шалдырып алайық», – деп еді, «Не болса да жиһаз жасырған бұғылы тасқа жетіп жығылайық», – деп көнбеді бай. Артта қуғыншы жоғына да сене алмаған; әсіресе, тіміскілеп жеті қат жердің астындағыны сезетін Оспаннан қауіптеніп келеді.

Өлдім-талдым дегенде бұғылы тасқа жетті. Жол сыпыра қияға айналып, тау биіктеген сайын жүріс өнбеген. Бұл бір жер науаны, қуыс-қуысы, жасырынбақ тасы, ұры сайы мол Тарбағатай сілемінің шұрайлы пұшпағы-тын. Тарбағатай жоталарының әсіресе жоталанып, шоқтығы өскен, еңсесі көтерілген шырқау тұсы осы. Арғы бет тепсеңге ұласып кетер малға жайлы, қонысы кең – жерұйық деп көп естіген. Сол сөздің растығын құптағандай, алдарынан сойдақ-сойдақ қарағай-шыршалар шығып, бұта-қараған ептеп жапырағынан айрылып сидаңдаған терек, ақ балтырлы қайыңдар ұшыраса бастады. Алыстан қарағанда әлгі қарағай-шыршалары асудан асып түсіп келе жатқан сап түзеген солдаттар сынды. Қос жолаушы бұғының суреті қашалған тасқа тарбаяқтап жаяу көтерілді. Аттар етектегі ағашқа байланып, құрай басын шалуға тұмсықтары жетпей, жер тартып тықыршыды. Омар қартайып қалғанына дәл осы қияға өрмелегенде көзі жеткендей еді. Ентігіп, үлпершек майы аузына тығылып, алқына демалып

эрең шықты. Маңдайынан сорғалаған терді жеңімен сүртіп әуре болды. Жылқышы жігіт сезгенде жоқ, алқынбады да, біз қайда келдік осы дегендей жан-жағын шолып тұр. Қырат-ойпаттың барлығын қырау қабыршықтары басқан, жұқалаң қар жауып қалғандай ағарып сұлу көрінеді. Желдің беті қайтқанмен ауада ызғар бар. Қараңдаған адамды қарғалар қарқылдап, тым жақыннан сауысқан шықылықтайды. Бұта-бұтаны қорғалап бүріскен торғайлар әлсіз шырылдап, тағатсыз ұшып-қонып жем іздейді бейшаралар. Айнала суық – өлім құшағына кіргендей бой ұрғандай суық тартады. Осынау қарап тұрып жалғызсырап жылағың келер тау көрінісі сананың саздау тартқан нәзік қылын шертіп, өгейсітеді екен. Жүрегінің мұң шалып, күннің нұры, айдың сәулесін сағынасың. Бұл жер Батиға таныс, жылқы қарап сан рет келген. Ол шақта осындай жат көңілмен жатырқап қарамаған-ды. Көзге жыл ұшырап көрінетін бетінде бұдыры жоқ сайын дала, көле жота, бел-белестер әбден көзқашты қылып келгенде, жүндес таудан сая тапқандай рахаттана дем алатын. Қазір олай емес, мүлдем жанға жат, тәнге салқын.

Шалға қарап еді, тастың қуысына қол жүгіртіп Бати тыққан түйіншекті өзі-ақ тауып алып отыр екен. Жасқанып қалмасын деп жанарын тайдырып әкетті. «Жо-жоқ, бұлармен бірге туыссаң да қатар өмір сүруге болмайды екен» деп ойлады. Тағы да көзін дүрбілеп алысқа қараған... Сонау асудың тас камалында бір үйір жылқыны енді ғана байқап, таң қалды.

– Ақсақал, – деді қуана дауыстап. Кеше жоғалған боз айғырдың үйірі, әне, тас камалда қамаулы тұр.

– Қане, қане? – деп бай орнынан ұшып түрегелді. Бати нұсқаған жақа күнсала қадала қарап барып, балаша мәз болды.

– Бұйырған екен жануарлар, жақсы болды, арғы бетке айдап өтем. Құдай біледі, Оспан-ау ұрлап әкеп жасырған. Науқанның ыстық-суығы саябырсыған соң иемденіп алмақ қой. Боқты, сен соқыр итке сымбал да жоқ, өзім айдап өтемін.

– Апыр-ай, – деп жағасын ұстады Бати. – «Қабан шошқа өлгелі жатса да қорс еткенін қоймайды» деуші еді, қандай дәл айтылған сөз. Омар түйіншекті қойнына тығып:

– Ал кеттік! – дей беріп, аяқ жағын «алла-алла» деп айтуға да, айтпауға да шамасы келмей жүрегін басқан күйі тәлтіректтей берді.

– Не болды, ақсақал? – деп ұмтылған жігіт сүйеп үлгергенше, шоғыр-шоғыр тарғылданған тастың үстіне шөккен нардай шөке құлады. Аспан аунап жерге түскендей, жер аспанға атып шығып кеткендей астан-кестен болған дүниенің ортасында қақпақылға айналып, қауырсындай қалқыды. Омар өзі өз болғалы ес-түсінен айрылып, кескен теректей құлаған жоқ еді. Төтеден келген, оңдырмай тиген кесел атандай адамды кірпік қаққанша алып ұрды. Бір ысып, бір суыған қан, баяулап соққан жүрек, мұздай бастаған аяқ-қол, енді қайтіп икемге келуі мүмкін емес дене – бәрі-бәрі жарық әлеммен қоштасар алдында жанталасып сыңар сәт болса да өмір әнін шырқап қалғысы келгендей, өмір нұрын ақырғы рет таусап қалғысы келгендей, ей... ей... бәрібір үнсіздік, құлаққа ұрған танадай тыныштық, мәңгілік толастыққа жетелеген өлім атты суық та ыстық абзал Ана бірте-бірте жақындай берді; әне қолын созып, қойнын ашты. Омар жанұшыра ышқынып, шегінгісі, атып тұрып алды-артына қарамай қашқысы келді-ақ. Амал не, елден қашсаң да өлімнен қашып құтыла алмайды екенсің, тырп етуге дәрмені жоқ, суынып барады.

Жылқышы жігіт басын сүйеп, кеудесіне құлағын тосып еді, көкірегінде сырыл бар екен. Ендігі сәтте сол сырыл біртіндеп жоғарылап, кеңірдек тұсына өрлей берген; иманын айтып, кебірсіген ерні жыбырлап қана жатты. «Енді мал болудан қалды» деп ойлады Бати. Бірақ, Омардың бұл қиналысы оны қорқыта алмады.

Жалпақ жаһанды белшесінен басып, құр аттай желіп келген Омар бай өлім сапарына дайын емес еді. Бар ғұмырын базармен өткізген бақытты адамдардың жарық дүниеден қайтуы соншалықты қорқынышты боларын Батидың тұңғыш рет көруі. Егер Омардың орнында өзі болса, дәл осылай ышқынбасын сезді, сезді де:

– Ақсақал, елге не айтасыз? – деп сұрады.

Омар үндеген жоқ. Көзін ептеп ашып, тілге келді. Өлім-ана жақындап келіп аңдығандай, мұның жанында аялдап тұрған. Көзін баяулап ашқанда қайтып туғандай нәрестелік хал кешті. Күн шығып, тау-тас алтын шуаққа шомылған; жарықтық аспан өте аласа тартып, тура төбесінен төніп тұр. Баяғыда заңғар секілді еді-ау. Қош, қошын айтар ақырғы сәтінде жер бетіндегі барлық заттың қол созым тұсқа жақындау сырын

ұға алмады. Шыр етіп осынау жалғанға келгеннен бергі алпыс бес жыл жасаған күнәсінен ақталғысы, кешірім өтініп арылғысы келді-ақ, бірақ кеш еді, бәріміз де кешірімді кеш сұрайтынымыз сықылды... Адам тек жаңа туған кезінде: содан соң тек өлер сәтінде ғана бар күнәһарлықтан таза, ақ, адал сезімнің айдынында жүзе алады екен-ау. Білсекші, бірақ... иә бірақ... Көктен көзін алмай жатқан Омардың қарашығы қатып қалған секілді еді, әлгі құрықпен түртер тұстан ғана телміре төнген аспан шыр айнала бастады. Шалдың тілі жас балаша былдырлап қайта шықты.

– Дүние өтеріңді шыл айналдың, шыл айналдың... – иегін қағып, ымдап Батиды шақырды. Қаны қашып, көгере дірілдеген саусақтарын әрең қимылдатып, соншалықты қорлықпен қолын қойнына тықты. Кеуде тұсында томпайған түйіншекті ала алмай көп әуреленген соң, Бати көмектесті.

– Ал, – деді сыбырлап Омар. – Сен ал, келегі болал... – Жышқышы жігіт басын шайқады. – Бекел алмадың, бекел... талай өкінеңсің...

– Керек емес, – деді Бати. – Енді маған еш нәрсенің керегі жоқ. Осыған дейін керек еді...

– Құлаша да алмаған, – деп жанарын қайта жұмды. Жанарын қайта жұмғанда қап-қара түнектің ар жағыннан асасын сермеп, аяндай бара жатқан ақ киімді Құлаша дәруішті көрді, айғайлап шақырғысы келіп еді, үні шықпады. Соңынан ерейі деп ұмтылып, қозғала алмады. Көзін қайта ашты: сол аспан, сол күн, сол тау, сол адал да аңқау жылқышы жігіт. «Осылар ғана мәңгілік шығар, тек осылар...»

– Кең дүние маған тарылды, дауысы баяғыша анық естілген соң тәуір болып кетер деген үмітпен басын көтере түсті. – Егер көре қалсаң Еркініме айт, жаққан отымызды сөндірмесің; Алла тағаладан, сонан соң жамиғи пайғамбарларға шапиғы келтіріп, әулиелерден медет-мұрап тілеп, ғайып ерен, қырық шілтенге аманаттарым – жалғыз ұлымның амандығы. Мен қазір өлем, ат байлаған ақ теректің түбіне терең тепкілеп, көм. Менің осында жерленгенімді тек Еркінге ғана айтарсың. Ал саған, жарығым, мың да бір рахмет, жалғыз өзіңнен ғана топырақ бұйыратын болды. Заман сенікі, бар, бар өзің бармасаң, керегіңді алмасаң, заман саған келмейді. Соңғы айтарым: жау... мен емес. Ендігі жау – Оспан, содан сақтаныңдар... р... р...

Тілін жұтып қойғандай болды. Қарашығы қатып қалды, мәңгілікке қатып қалды.

Қарғалар қалбақтап ұшып, сауысқан шықылықтады. Бати «ақсақал, ақсақал» деп дыбыстады. Амал не, Кенженің ұлы Омар оның бірін де естіген жоқ. Ол енді ешнәрсе естімейді. Жақын маңдағы ауылдан күрек тауып әкелген Бати бұл елдің ең соңғы байын ақтеректің түбіне жерледі. Ақырет киізге орап, көрге түсіріп, «Қул-қул Алласын» үш қайырып бетін сипады. Артында қалған ақырғы байлығы – шүберекке түйілген алтын-күміс ақшасын басына жастап, қабырды топырақпен толтырды. Бетін дөңестеген жоқ, ел көзіне елеусіз болсын дегені шығар, қына басқан тастың екеу-үшеуін аунатып әкеліп, үстіне қойып кетті. Бұл көрден тұрып кетпесін деген қаупі емес еді. Арғы бет пен бергі беттің екі ортасындағы дүбәрә да елсіз йен жерде жерленген Омар осылайша өз иманын өзі айтып өлді, жаназасыз көміліп, мәңгілікке көз жұмды. Мыңғыртып айдаған мал асудың екі жағында әлдекімдердің қолында қалды шұрқырап.

Тас қорада қамалған боз айғырдың үйірін айдап, Құландыға бет алған Батидың алдында әлі басталмаған, әлі тапталмаған ұзақ жол, көсіле құлазып кең дала жатты. Шар жағында шойын жол салып, жер қопарған дүмпу еміс-еміс естіледі. Қатқақтана бастаған күзгі даланың қақ тұнған жонарқасы дірілдейді.

Осы күні кешке алғаш рет биылғы жылдың қырбақ қары жауған. Биыл тым ерте жауды.

Жер-дүние аппақ...

* * *

Өз түсінен өзі шошып оянған былғары киімді жігіттің әуелгі іздегені Омар болса, жер жұтып, аспанға ұшып кеткендей үйден де, түзден де таппады. Ұйқыдан көздері домбығып кеткен милиционерлер білмеген, көрмеген болып шықты. Өкіл жігіт оңбай алданғанын білді және қуғыншы шығарған жоқ, бекер боларын сезді. Пәленің үлкені алда, үлкен қателік жібергенін ойлап іштен тынған.

Ал, Оспан болса мойнына қара тақта ілген Долдашты сүйрелеп әкеліп, аю атып алғандай әкілене сұрады.

– Омар қайда?

– Қашып кетіпті.

– Қашырып жіберген шығарсыз...

Терісіне сыймай ашуланып тұрған бастық айғай салды.

– Қысқарт! Мені тергейтін сен емессің.

– Маған бәрібір, – деді Оспан саспай. – Өзіңіз жауап берерсіз. Мен мына інісін аман-есен жеткізсем болғаны.

– Жеткіз, – деді өкіл жігіт түнеріп. – Бірақ анау мойнындағы кара тақтаны алып таста.

– Ал деп бұйырсаңыз алайын. Бұл итке кара тақта қарғыбаудай жарасып тұр еді.

– Әттең, басым аман оралмайды-ау, – деп тістенді Долдаш шөкелеп отырған күйі айбаттанып. – Кара басым егер есен-сау оралса, әуелгі жауым сенсің, сенсің, Оспан. Сендей сұрқиямен қатар өмір сүріп, жаңа өкіметті жандандырам дегендерде ес жоқ. Сендей жауызбен қатар өмір сүргенше қарсы қарап тұрып атысу керек. Сол әлдеқайда жеңіл болар еді.

– Оттапсың. Қайтып оралғаныңша, ешкінің құйрығы – көкке, түйенікі – жерге жетер.

– Оны бір Құдай біледі. Дүние – кезек. Асқанға бір тосқан шығар. Әй Мұрат, – деп айқайлады сонадай жерде екі көзі бұлаудай жылап тұрған ұлын шақырып. – Өкең арманда кетіп барады. Егер тірі болып ержетсең, мына соқыр иттен кегімді ал. Бұл кекті ұлыңның ұлына, қызыңның қызына жеткіз.

– Ха-ха-ха, – деп Оспан екі санын сабалап күлді. – Кек алатын кісің мына тұрған күшік болса, басына бақанмен бір салғаннан қалмас. Рас айтасың, сен астың, мен тостым. Енді міне, шынжырлаулы иттей үріп отырғаның.

Киіз үйден екі қызын ертіп Рахия бәйбіше шықты.

– Міне, осылардан сұрау керек Омардың қайда кеткенін – деді Оспан, ендігі сәтте үйден шыққан қыздарға алара қарап. – Егер шындырын айтпаса қосақтап айдап кетеміз, немесе...

– Сұрамасаң да айтайын мен саған. – Бәйбіше ырғала басып келіп, Долдаштың арқан батқан білегінен ұстады. – Қайным ағаң айтты: қамықпасын, қашам деп әрекеттенбесін, – деді. Кенжеден қалған екі ұл едік, біреуіміз арғы бетте жүрсек, біріміз бергі бетте қалайық, жазасы ауыр емес, үш-төрт жылда босатар деді. Сендерге айтарым да осы. Омар түнде анау таудан асып кеткен. Енді оны жалғанда ұстай алмайсыңдар.

– Кіммен қашты, атты қайдан алды? – деп сұрады өкіл. Бәйбіше жылқышы жігітті ұстап бергісі келмеді.

– Арғы беттен Таңатар құрдасы келіп алып кетті.

– Өтірік! – деп ысылдады Оспан. – Дәу шалдың Қытайдан өтіп келуі мүмкін емес. Құс болып ұшса да үлгерер алмайды.

– Таңатар құстан ұшқыр, арыстаннан алғыр. Оның кім екенін білмеуші ме едің?

Айғай-ұйғай десе елендеп тұрар ел жиналып-ақ қалған екен.

– Ой, одан шығады. Дәу шал Құдай да емес, Құдайдан былай да емес – деп даурықты.

– Қайным, ант ұрған анасының қойнын ашады деуші еді, қатты сөйлеп, қаматып тастасаң да сенікі жөн емес деп айта алмаймын. Омардың қылығын ақтайтын қарсы дауым және жоқ. Саған қиын тиерін білемін, – деді өкіл жігітке жақындап. – Ер жігіт екі сөйлемейді деуші еді, кеше бас бостандығымызды беріп едің, рұқсат болса қалаға аттанайын. Керек болып қалсақ, тауып аларсыңдар. Ғабдолла деген саудагер шалдың қара мекенін білмейтін адам жоқ Семейде. Біз сол үйде боламыз.

– Бара беріңіз, – деді былғары киген жігіт қабағын ашпаған қалпы. – Аттана беріңіз.

– Бұл – заңсыздық! – деп бажете қалды Оспан. – Бай-қулақтың өзін қашырып, семьясын босатып жіберу кәмпеске туралы қарарды жүзеге асырмау деген сөз.

– Әй Оспан, – деді бастық. – Семейде оқыған жиырма күнде бүкіл заңды жаттап үлгергендей лепірме. Егер біле білсең, сенің істеп жүргенің де бассыздық... «Асыра сілтеу болмасын, ашатұяқ қалмасын» деп қоқақтайтындар – олар да халықтың жауы. Кешеден бері істеген қылығыңның бәрі қылмыс. Конфискация туралы заңды елді қорқытпай-үркітпей, байбаламға салмай байсалды түрде жүзеге асыруды партия бізден талап етіп отыр. Рас, Омар байдан айрылып қалдым, ол кінәмды мойындаймын және Совет өкіметі алдында жауап берем. Кәметке толғаннан бастап революция жеңісі үшін жан-тәнімді арнадым. Жарақаттанбаған жерім жоқ, мынау маңдайдағы тыртық бандиттер салған белгі. Енді келіп, көлденеңнен қосылған көк атты келімсек сенен ығар жайым жоқ. Естісін, білсін мына халық, шаш ал десе бас алатын әумесер әлдекім емес, көрмегенді көріп, көн тулақты сүйреп өскен өздері секілді кедей екенімді, Совет өкіметін өз қолыммен орнатысқан большевик екенімді. Ал сен болсаң партия қатарына әлі кірген жоқсың, жаңа өкіметтің ішкі, сыртқы саясатынан да хабарың шамалы. Енді келіп шалқаясың.

– Мына жігіт шешен екен, – деп сыбырлады Дүрия.
– Ақылды да, – деді Гүлия.
– Жирен биеге арба жегіп аттандырып жібер, – деді милиционерге.

– Жол-жосығын білесіздер ғой, апа, – деп сұрап еді, Рахия:
– Білеміз, білеміз, – деп құрақ ұшты. Пәуескеге мінер алдында Рахия Долдашқа бұрылып:

– Қош, қайным, – деді. – Қайда жүрсең де аман жүр. Қыздар ағасымен құшақтасып қимай қоштасты да, амалсыздан арбаға мінді.

Айдала. Сусылдап соққан күзгі жел – ақсақ құлынын ертіп, арба сүйреген мама биені шу-шулеген әйел мен бір-біріне тоңған торғайдай жабысып, бүріскен егіз қыз Семейді бағытқа алып жолға шықты. Анау алдарында ирелеңдей қашып, солтүстік көкжиекке сіңіп кеткен жалғыз аяқ соқпақпен Рахияның өз тізгінін өзі алып, арбакешсіз, ермек қылар еркексіз алғаш рет жүруі осы. Басқа түссе баспақшыл деген осы да, шойнаңдап, ілби ерген құлын алыстап қалса оқырана артына қарап, жирен бие жүрмей тұрып алады. Шықпыртып жіберер азаматтың қарулы қолы жоқ, әспенсіген көлікті айдай алмай әуреге түсті. Долданып, қасқыр жегір деген лағынет сөзді қанша боратқанымен, құлағын қайшылаған хайуан тыңдамады. «Қырау, қыраулап» құлынды шақыра-шақыра тамағы қарлықты. Дүрия мен Гүлияның ой-қиялы алыста, сонау қыраттың ар жағында тас қопарып, көпір салып, арпалысып жүрген Дархан мен Қамбарды іздеп отырған. Екеуі де үнсіз.

– Тілеуіңді бергір өкіл жігіт болмағанда, Оспан соқыр сойылға жығып, екеуіңді бірдей қатындыққа алар еді, – деді Рахия.

– Қойыңызшы, әни, қайдағыны айтпай.

– Қайдағы емес, бұл – шындық. Анау өкілдей асыл жігіт сендерге бұйырушы ма еді. Енді бұдан былай жаңа өкіметтің осы секілді атқа мінерлерінің етегінен ұстау керек, – деп Дүрияға дүрсе қоя берді. Қыздар шешесімен қарсыласқан жоқ. Ертеңгі күндері белгісіздеу, әлі өше қоймаған болымсыз үміт, болашағын ойлаудан гөрі өткенін еске алуы басым, таңдайда қалған тәтті әсер тамсандыра берді, әлдилей берді, ұшығын ұстатпайтын ұзақ жол жетелеп, туған жер, өскен елден ұзай берді, ұзай берді. Енді қайтіп орала ма, оралмай ма

ол жағы тұманды, әйтеуір, алдарынан ашық аспанды күндер, алтыбақанды түндер күтіп тұрғандай – тесіле қарайды. Бұл жолмен баяғыда, Семейдегі қыздар педучилищесін тәмамдап елге қайтарда Гүлия мен Дүрияны Қамбар алып өткен. Сонда екі жас тұңғыш рет сырласып, айрылмастай табысып еді. Иә, ол да бір дәурен екен-ау. Әкесінің бозжорғасы жайтандап жортқанда арбаның солқылын, жолдың ұзақтығын сезбей де қалып еді. Қайран сол күндер, тек елес қана, елес... Дүрия осы жасына келгенше көрген азапты сапары, ауыр мұңы... егер созыла берсе төзімі жетер ме?

Жүріс мандымады, түс ауа жирен бие де, өздері де қажыды. Ақсақ құлын қара терге шомылып, жүруден қалды.

– Текке әуре қылмай байлап кету керек еді, – деді Дүрия ыза болып.

– Онда мен де қалар едім.

– Алты мың жылқыдан алғаның ақсақ құлын болса, екеуіңді де ен далаға тастап кетемін, – деді Рахия.

– Оған да көнейін, әни, ашуланбашы, – Гүлия бұл сөзді шын көңілімен айтты.

Осы кезде арттарынан аттың дүбірі естіліп еді, жирен бие кісінеді.

– Біреу келе жатыр, әни.

– Көзім бар, көріп отырмын.

– Кім екен?

– Құғыншы болмасын.

– Кім болса да тосайық. Жүрісі қатты екен. – Гүлия шошына айқайлады.

– Басы жоқ бітеу.

– Астафралла, жын ба, шайтан ба...

Ағызып келе жатқан құлақ-мұрны жоқ бітеу бас адам арбаның қасына келіп, атын әрең байырқалатты. Басына жаңа сойған қойдың қарнын кептеп киіп, тек көзін ғана жылтырата ойып тіліп қойған. Қыздар шыңғырып жіберді. Рахия да «біссимилла, біссимилла» деп арбаға жығыла берген. Астындағы сүмек болып терлеген ат шиыршық атып, ауыздығымен алысып тоқтамаған соқ қарғып түсіп, жетелеп жаяу жақындады. Бәйбіше талып жатыр. Екі көзін тас қылып басқан қыздарға бір істеген айласы жер-көкті аядай қылып шыңғыру. Басына қарын кептеген адам қарғып арбаға шықты да қынынан кездігін жалт

еткізіп суырып алып, Гүлияның аппақ әдемі бетін айғыздай сара тіліп жіберген. Оң жақ беті ұшындағы тарыдай меңді баса тіліп жіберген сызықтан шып-шып қан шығып, иегіне ақ торғын тамағына қарай асығыс ағып барады. Қарын басты адам атына шапшаң мініп, кейін қарай қайта шапты.

– Ойбай өлтірді, Гүлияны бауыздап кетті, – деп ботадай боздаған Дүрия ес-түссіз сұлық жатқан шешесін жұлқылай бергеннен басқа ештеңе жасай алмады. Алақанымен бетін басқан Гүлияның саусақ-саусағының арасынан қан сорғалап, қызыл-жоса боп өңіріне тамшылады. Қайсысына ұмтыларын білмей безектеген Дүрия құр бекер жылаудан басқа қолынан келер дәрмен жоқ, өз шашын өзі жұлып жанталасқан.

– Мені қой, – деді Гүлия қарақаттай көзі қанталап ауырсынған да, ойбайлаған да жоқ, салқын сазарып, удай ашып жанын шығара ауырған бетін жібек орамалымен сұрткіштеп. – Әниімнің бетіне су бүрік.

– Суды қайдан аламын, ойбай-ау.

– Ендеше жанторсықтағы қымызды бүрік, – деді зекіп. Қос доңғалақты пәуескенің қобдиынан торсықты алып, аузынан ұрттап бүрке берді. Ет қызуымен бетінен қан сауғалаған Гүлияны да ұшықтап өтіп еді. Рахия қатты шошынып қалса керек, көзін ашты. Көзін ашқанда көргені – қызының қанжоса беті, екінші қызының былаудай болып жылаған көзі.

– Не болды? – деді ернін әрең жыбырлатып.

– Гүлияның бетін тіліп кетті.

– Құдай-ай, көрсетерің көп екен-ау. Кім екен?

– Кім деріңіз бар ма, кісі ғой, әйтеуір... Таныдым, атын атап керегі не? Оның тасқайнат шыдамдылығы Рахияны қайран қалдырды. Басын көтеріп торсықтың аузынан сусын жұтты. Маңдайынан жел өтпесін деп, жіңішкелей бүктеп таңған шағын орамалымен алып Гүлияның қанын сұртті, қымызбен жуды, бірақ тоқтар емес.

– Қансырап өлетін болдың-ау, ботам. Енді не істедік?

– Киіз күйдіріп басайық, – деді Дүрия. – Мен сіріңке ала шыққанмын.

Рахия бешпетінің қалтасынан кішкентай кездік алып, қорапқа төселген киіздің шетінен бір кесіп ұсынды. Шырпыны әрі үрлеп, тұтана қоймаған соң Дүрия қойнынан жайдақ-сойдақ жазуы бар үш бүктелген шұбар ала қағаз шығарды.

– Бұл не? – деді шешесі.

– Қамбар жазған хат еді.

– Тұтат ендеше. – Гүлияның қарсылығына қарамастан хатты жағып барып, киізге от тигізді. Бықсып, түтіндеп жана қоймады. Әйткенмен, дәтке қуат жасап, жараға басып еді, құрбекер күйлегештегені болмаса саулаған қанды тыйып жарытпады.

– Қалай, ауыра ма? – деді Дүрия көзінің жасын көл ғылып.

– Ауырады ғой, ауырады.

– Жақын маңда ел жоқ. Бетпақтанған далада бетімен ұлыған жел өтінде ағамыздың құны қалғандай қалай ғана мекен етіп, жан сақтап келгенбіз. Бәйбіше қазақ сахарасының қаталдығын алғаш рет сезінді.

– Бәрі де әкеміздің арқасы екен ғой, – деді Гүлия қабағын шытып.

– Тағы да бір атты көрінді, – деді Дүрия елегізіп. – Бағанағы кісі болмасын.

– Айда атты, ойбай! – деп бажылдап делбеге жармасқан шешесін Гүлия тоқтатты.

– Бәрібір қашып құтыла алмаймыз, келсін, – деді өжеттеніп, – келіп көрсін. Оның бетін мен тілейін, кездігінді берші, әни.

– Жоқ, оған ұқсамайды, басқа біреу... Ой, Дархан ғой... Дархан аға ғой. – Дүрия арбадан түсе алдынан жүгірді.

– Сезіп еді жүрегім, бәсе неғып кешікті деп едім.

– Гүлияның бота көзінен енді ғана быршып шыққан жас жарыса ағып, қанға қосылып былғанды. Жо-жоқ, ауырсынып емес, қуаныштан жылады. Атылып арбаға шыққан Дарханның алып кеудесіне басын қойып армансыз бір еңіреді, мауқын баса алмай ұзақ солқылдады. Қой деп айтуға ешкімнің де батылы бармаған.

– Ағатай-ай, аттың терін аяйтындай не жазып едім сізге, жазығым – жақсы көргенім бе? Енді міне... Енді менде сізге қарар бет қалмады... Менде бет жоқ, Дархан аға...

– Маған бетің емес, өзің керексің, Гүлайым. Айтшы, кім, қай оңбаған сенің ақ дидарынды аямай тілгілеген. Қуып жетіп қуырдақ жасайын, тау асып кетсе де іздеп табайын, айтшы.

Қалш-қалш етіп тісін қайраған Дархан алғаш рет ашудың асауына мықтап тұрып мініп еді, ешқайсысы да танымаған

болып шықты. Гүлия неше рет оқталып айтқысы-ақ келген, бірақ көрдім бе, көрмедім бе дегендей сүйген жігітінен айрылып қалам ба деп қауіптенген-ді.

– Танымай қалдық, – деді бәйбіше. – Басына қойдың қарнын кептеп алыпты. Албастыдай біреу. Түгел бауыздап кетпегеніне тәубе, тәубе!

Жел ызындай соғып тұр. Ақсақ құлын тырайып жатып қалған.

Шардағы көпір салу жұмысы аяқталып, әредік болған соң Гүлияны іздеп шыққан Дархан сүйген қызын мұндай қансыраған халде көрем деп ойлаған жоқ-ты. Кеше аттанып кетейін деп оқталғанда, аяқ артар көлік таппай бүгін ілдалдамен әрең шығып еді. Шаппай желген көңілмен аңыратып келе жатқанында мынандай оқиғаға душар болды. Кім екен? Әзірше жұмбақ. Гүлия біледі, бірақ айтпайды, Дархан үшін айтпайды.

– Гүлияны қансыратпай аттың басын Шарға бұрайық, – деді Дархан. – Күн кешкірмей баракқа барып түненіздер, ертең ерте шығарып салармын. Ал, Гүлия менімен қалады, мүлдем қалады.

– Мен оған көне алмаймын, – деп Рахия ыршып түсті. – Тірідей шалымнан айрылдым, ендігі қалған екі қызымның бірін қаңғыртпаймын.

– Қаңғыртпайсыз, апа, ұзатасыз.

– Дәмеңнің зорын, алпыс мың жылқыға айырбастамайтын баламды қайла ұстаған қайыршыға беріп...

– Әни деймін, азаматтың басын қорламаңыз, – деген Дүрияға:

– Сенің де сырың белгілі, Қамбар деп жүргенің ол да бір диуана, – деді.

– Бүгінде қайыршы жоқ, апа, одан құтылғанымызға он жыл болған. – Дарханның мейлінше сыпайы сөйлеуге тырысқан әрекетін бәрібір тістене сөйлеген ашуы білдіріп қойды. – Қамбар қазір Семейде, сонпартшколдың оқуына кеткен.

Дүрия елендей құлақ түріп, кәдімгідей қуанып қалды.

– Маған десе Меккеге молданың школына кетсін. Бұрынғылар бекер айтпаған: «бақсыны байым бар деме, бұқаны малым бар деме» деп.

– Әни, – деді Гүлия ауырсына жарасын басып. – Бетіңізге келіп көрген жоқ едім, көргенсіз деп қарғама, батаңды бер, мен бұл кісіні ұнатамын, ендігі қалған аз ба, көп пе өмірімде Дархан ағаның етегінен ұстап өтемін.

– Бермеймін батамды, емшек сүтімді көкке сауамын, қарғаймын.

– Бермесеңіз де кетемін. Қайтейін енді...

– Құдай-ай, қыз асырадым десем, қысырақ баққан екенмін-ау.

– Апа, – деді Дархан: «Екі бай құда болса, арасында тайпалған жорға жүреді, екі кедей құда болса, арасында бұлттындаған дорба жүреді, егер бір бай, бір кедей құда болса қыржындасып зорға жүреді», – деп отырушы еді Омар ақсақал. Қазір соның бірі де жүрмейді жоралғыға, екі жастың махаббаты ғана жүреді.

– Сен де әкеңе тартқан тақуа екенсің. Айда атты! Гүлияның жарасы жазылсын, содан соң көрерміз.

Жолға шықты, бет алыстары – Шарда жатқан түркісібшілер жатағы. Дүрия салт атқа мінді де, делбені Дархан ұстады.

Ақсақ құлын ілби еріп қалмай келеді байғұс.

Ойы онға, санасы санға бөлініп келе жатқан Рахия бәйбішені қинаған Дарханның соқа басы, қайласынан өзге байлығы жоқ қу кедейлігі емес еді. Оны қойшы, жас өспей ме, жарлы байымай ма, заман осылардыкі, әлі-ақ қарағайдай қаратаяқ болып шыға келер. Бәйбішені мазалаған ой – дәу шал Таңатармен арада болған аз жылдық тән дәмдестігі, көңіл жарастығы. Рас, Гүлия Омардың өз кіндігінен туған баласы, оған құдай куә, әкесімен көңілдес бола тұрып, мандайға басқан қызын сол Дәу шалдың ұлына қалай ғана қатындыққа бере алады?..

– Құдай-ай, көрмегенім көп екен-ау, – деп күрсінді. – Сол қабағым тарта береді, тағы да қандай зауал күтіп тұр. Омар бір пәлеге ұшырады ма?»

Аспан бұлтты, жер қаракүрең болған соң ба, күн батып, қараңғылық ерте түсті. Азанда жауған аз-маз қырбақ еріп таусылғалы қашан. Белеске шыққанда алдарынан жарқырап Шардың самаладай шамдары көрінді.

– Қандай әдемі, – деді Гүлия арбадан еңсесін көтеріп. – Бейнебір жердегі жұлдыздар секілді. Ол не, Дархан аға?

- Түркісібішілер жаққан от.
- Күндіз де дәл осылай жарқырап, сөнбей тұра ма?
- Сөнбеуі – сөнбейді, бірақ дәл осылай жарқырамайды.
- Жарқырамаса да жанып тұрса екен.
- Жанып тұрады, қалқам. Ол отты енді ешкім де өшірмек емес, қазір жылынамыз сол отқа.
- Олай болса атты айдай түсіңізші, тез жетейік. Жоқ, қатты айдамайық, ақсақ құлынға обал болар.
- Ақсақ құлын ерткен жолаушы алысқа барар дейсің бе, – деді Рахия екіұштылау. – Баяғыда Еркінжаным да дәл осы жерде арбадан ауып, мертігіп еді... Қорқамын...
- Қорықпаңыз, апа, енді ешкімнің де арбасы аумайды. Өйткені, бұл жермен бұдан былай атарба емес, отарба жүретін болады.
- Шырағым, сол отарбаң, тезірек аунап қала ма деп қорқамын-ау... Жүрісі қатты ғой кәпірдің. Ал алысқа барар адам ешқашан да асығыс жүрмеуі керек.
- Есесіне барар жерімізге тез жетеміз ғой, апа.
- Тез жетсең – тез қайтасың...
- Арбамен қоян алатын жайбасар заман емес бұл, асығу керек!
- Асығыстық сайтанның ісі, шырағым. Қызымды өлтіріп алмасаң болды...
- Апа, бұл бізге берген батаңыз ба?
- Иә, батам. Бақтарың ашылсын. Бірақ асықпаңдар, қазаққа ат пен арба да жетер. Отарбаны қайтесіңдер.
- Алғашқы поезға мен мінемін, – деді Гүлия көзі жайнап. Шешесі үндеген жоқ.
- Түркісібішілер жаққан от бірте-бірте жақындай берді. Ақсақ құлын әрең еріп келеді. Қараңғылық қоюлана түсті.

ҮШІНШІ САЛА

Бүгінде:

...Кеңгірдің жотасындағы моланың құрылысы күн шыға қайта басталды. Елең-алаңнан тұрып келсе де жұмысы маңдымады. Ерте келгендегі мақсаты – күн қызғанша, таңғы салқынмен тәмамдап тастау-тын. Алғашында қолына шырт түкіріп, қызу-ақ кіріскен. Осы қарқынмен кірпішін екі-үш айналдыра қалап шығар ма еді. Қас қылғандай, бүгін Дүрия да ерте тұрыпты. Қызметінен қалып, асыққандай дорбасын аркалап Кеңгірдің биігіне өрмелеп келе жатты... Дархан оны көргенде тыржың етіп теріс қарады. Әйелдің онда тіпті де шаруасы болған жоқ.

– Қамбар, сен мұнда отыр, – деп елес адамға жанынан орын берді.

– Әй, қақбас, – деді молашыға саңқ етіп, – көмер көбейсін. – Сонсоң қарқылдап екі мықынын таянған қалпы шек-сілесі қатып күлді. Күлкісін пышақ кескендей тыйды да: – Бейшара, сенің күнің менен де сорлы-ау, – деді. Дорбасын шешіп ішінен бір шөлмек суды алып тығынын тістеп жұлып тастап, қалтасынан алған қырлы стаканға лықылдата құйды.

– Кел, Қамбар, сенің аман-есен оралғаның үшін ішіп қоялық. Ана қақбас бәрібір, ораза ұстағандай ұрттамайды, – деп қағып салды.

Дархан бұл шақта моланың арғы қабырғасын айналып барып, демалып отырған. Жынды әйелдің сандырағын естігісі келмеді. Дүрия суды және толтыра құйды. Сонан соң:

– Қамбар-ау, Қамбар, сен түнде теріс қарап жатып алғаның не? Жаныма келе ме деп көп тостым. Сағынбапсың, жаным. Сағынсаң сөйтер ме едің? Отыз жыл бойы Алла Тағаладан «мың бір пәле, жүз бір қатерден сақта» деп тілеуіңді тіледім. Ал сен... теріс қарап жаттың-ай-й...

Сыңсып жылады.

– Мен не көрмеді дейсің, ей, Қамбар, алдыңдағы арақты неге ішпейсің? Кел, алып қоялық (соғыстырды да өзі ішіп салды). Сен секілді мен де соғыстым ғой. Бес жыл емес, мен отыз жыл соғыстым. Кіммен дейсің бе? Елмен, қала берді өзіммен өзім майдандастым. Мені ешкім жеңе алмады. Тек анау мола салып жүрген қақбас қана қорғанымды бұзған...

Әйел көзінің жасын етегімен сүртті де, босаған шөлмегін дорбасына салып орнынан тұрды.

– Жүр, Қамбар, үйге барып шай қойып ішейік. Түстен кейін пенсиямды береді, – деп әлдекімді қолтықтағандай қаздаңдай басып жөнелді.

Дархан ауыр жүктен азаттанғандай харекетіне қайта кірісті.

Дүрияның есінен ауысуына өзін ешқашан да кінәлі санап көрген жоқ. Сондықтан да жұмысын алаңсыз істей берген. Тек, сай-сүйегін сырқыратар сөзі жаман албастының...

Әттең жалған, Дүрия қыз кезінде даланың қырмызы гүліндей емес пе еді?!

«...Жалғыз Дүрия ғана ма еді қырдың қырмызы гүліндей. Жер қандай еді сол бір жазда... Аңқау да адал, жас балаша саусағын жайып, болашағына талпынып, тәй-тәй басып өспеді ме. Кісі деген қартайған сайын өткенін неге ғана көксей береді екен. Бүгінгінің бәрі ішіне қонбай, ертеде ертекті ғұмыр кешкендей аңсайды. Өзі де біліп, сезе бермейтін ғажап дүниені сағынады, сағына жүріп жарық әлеммен бақиға қоштасарын байқамай қалады-ай... Адам дегенің сол, анау мөңіреп өтіп баратқан поездағы жолаушы, біреуі мінеді, біреуі түседі, әркімнің өз разъезді бар-ды».

«...Құдай ақылымнан адастырмай алса екен».

Түс ауғанша мардымды жұмыс болмады. Әр ойдың басын бір нысаналап дел-сал отырды. Кеңгір бабасының моласын айналып жүрді, ішіне кіріп шақырайған күннің ыстығынан қорғалады.

Моланың, ішіне кіргенде аса қызық сезімді басынан кешті. Баяғыда жанынан жай өткенде жүрегі тарсылдап қолқасына тығылушы еді, қазір әкесінің үйінде отырғандай рахатты хал биледі бойын. Дүниенің бар шуынан қағаберіс, мақшар сәтіндей әрі қорқынышты, әрі әдемі, жанына саумал боп құйылар, шаршаған жалғыз да жетім жүрегінді әлдилеп тербетер самал ескендей. Кеңгірдің үзіліп-үзіліп соғар аптап желі моланың ішіне үйіріле суып кіріп, жалын шарпып, ысып-суынған денеңе шипа нәрін сепкендей болады. Кейде әлгі Кеңгірдің үзіліп соғар ыстық желі сыбызғылы күй салса, кейде иесіздіктен жүдеу тартқан мүрдехананың даңғарасын кеулеп, үілдеп мұңды шермен сыңсығандай үн келеді құлаққа. Дархан дәл осылай мол

ләззатты әсердің жетегіне еріп, өлім сапарына аттанып Гүлияның жанына барғысы-ақ келді. Тағдыр соққысын көп көрген көне шал, еркелікпен жылаған күндерімен ат құйрығын кесісе алмай, тоңған, әрі тойынған жылын қия алмай қиналды... Осылайша өлі мен тірінің екі ортасында есеңгірей балқып отырғанында моланың сыртынан:

– Ақсақал, қайдасыз? – деген дауыс естілді. Дархан оқыс үннен селкетіп, көңілдің рахат көлінде жүзген шүрегейін үркітіп жіберген «қай әкеннің аузын ұрайын» дегендей тысқа атып шығып еді, Солтан екен. Ол да «астапыралла, астапыралла» деп жағасын ұстап шошынып шалқалай берді.

– Апыр-ай, ақсақал-ай, Кеңгір бабам тіріліп кеткен екен десем, сіз бе едіңіз? – Солтанның өңі құп-қу, қаны қашып тұр.

– Иә, менмін, – деді шал. – Кеңгір бабаң тірілсе де біздің мына сықпытымызды көріп, біраз танданып тұрар еді.

Екеуі де күліп барып лай тиіп былғанбаған тақырлау таза жерге шошайыса отырды. Солтанның семіздеу ірі денесі быршып терлеп, көйлегінің арқасы, екі қолтығы суланыпты. Қырдың басында шыбын аз, әйтпесе мың, миллион шыбын-шіркей қаптап талап жеп қоярдай. Ойдан осында қашып келуінің себебі де сол жан сая іздеп шыққаны секілді, шалда арнайы шаруасы жоқтай. Омырауын желпіп отырып сөз бастады. Даусы әдеттегідей қоңырланып шықпады, ауыр денемен жоғары өрлегендей демігуінен бе, әлде жаңағы моладан атып шыққан Дарханнан шындап шошып қалғандықтан ба, жарқаштанып отыр.

– Ақсақал, тамыр дәрі ішкендей жалғыз жортасыз, жалғыз отырасыз, жалғыз жүресіз... Неге деймін өзімнен? Неге? Бұл фәни жалғанда «неге?» деген сұрақтың бәріне жауап таба аласың ба? Сондықтан да «негелеп» өте шығамыз. Бірер сағаттай поездан толас болған соң өзіңізбен әңгіме-дүкен құрайын деп келген бетім.

Сөзі бұрынғыдан гөрі бәсең, баяғыдай о жар емес, мұндылау.

– Құландыға көшіп келгеніме біраз уақыт болды, шынмды айтсам сөз қадірін білер, ұғынар, түсінер деген жалғыз адам таныдым. Әрине, жұмысшыға шешендік жараспас та. Елу жылға жетпей елдіктен айрылғанымыз ба? Мен де ес біліп, етек жапқалы осы шойын жолмен алысып келемін. Құдайға

шүкір, дәстүрлі салт-сана, ескілік әңгіме, қисынды сөзден жаңылғаным жоқ. Әкем Төленнің көп-көп қателігі болды. Менен үлкен ұлы кісіден қашып, соғысқа жасы жетпей кеткенін де білемін. Оны өзіңіз де білесіз... Мен сол қателікті қайталамауға тырыстым. Арман-мақсатым, ұшар биігім, қонар тұғырым бұдан әлдеқайда шоқтықты сықылды еді, қатты жүрмей, қарап тұрмай кешер тірліктен қаншалық қашқалақтасам да тізгінін үзіп кете алмадым, ақсақал...

Ойлана Қызылегіздің емшектенген қыратына қарады... Қалтасынан темекісін алып көзін жіпсіте отырып асықпай тұтатты. Дархан жанына келген разъезд бастығына таңданыспен, жаналық ашқандай тамсана қарады; көлденең сөз жүгіртіп жүйелі әңгімесін бұзған жоқ, іштей ризашылықпен басын шұлғы тыңдады. Қанша қатыбастанғанымен, көңіл шіркін осындай бір оқыста айтылар көшелі әңгімені құлындап іздегендей екен. Бұл күнде жұмысшының көбі туралау сөйлейтін; бригадир, мастер дегендерің дауыстап жұмсағандайтын. Бақса бәріне үрке қарап, күйе жағуға болмайтынын көкейіне түйді.

– Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме деген ғой, ақсақал. – Темекісін құшырлана сорып, көзін сығырайта айдалаға қараған қалпы әңгімесінің ұшын әрмен жалғастырды. – Алғашында тапқаның ит, арқасын бит жеп жүрген қытымыр, жападан жалғыз қалған қикар да қу шалсың-ау деп, тосырқағаным рас-ты; ел-жұрттан өмірбаяныңызға қаныға жоғымды тапқандай, барымды бағаламағандай өкіне қуанғаным тағы рас-ты. Мың бір жасаған Лұқпан хәкім де ажалдың амалын таба алмады... Мұның бәрін жіптелеп отырған себебім, мынау Кеңгір батырдың моласын қызғану, сіздің бір игілікті іс жасап жүргеніңізге қызығу еді, ақсақал. Шынында да тірі жүрген екі аяқты, жұмыр басты пенденің қай-қайсысын да ойлантар, тіпті кейінге сабақ болар әдемі бастама екен. Қожа Ахмет Яссауидің мазарын да қайта жаңартты деп естіп едім. Тәңірім-ау, түбі мәңгі мекен етер жерімізді от оттап, су ішіп жүрген шағымызда қамдап, жылы да жайлы ұя салып алудың не сөкеттігі бар. Біреудің атағы, біреудің байлығы, немесе жазған кітап, салған суреті мұра. Анау, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидің мазарына дүниежүзі таңырқамай ма?.. Құдай-ау, күні ертең біздердің артымызда шашы желкесін жапқан ұл мен қыздан өзге не қалмақ... Не қалмақ?! Ақсақал егер кірпішіңіз

жетіспесе мен көмектесемін. Мынау Кеңгір бабамның жанында жер томпайтып қана жатқан жұбайыңыз Гүлияның басына қызыл кірпіштен қалап, мұрдехана тұрғызбақ ойыңыз қандай керемет. Міне, елу жыл өшпеген махаббаттың айғағы. Тіпті, кеңірек жасап, жанына өзіңіздің де жатпақ ойыңыз – не деген құдіреттілік, а?!

– Інішек, тым-тым түңіле сөйледің-ау. Құдайға шүкір, біздің артымызда көп дүние қалады. Қазіргі жастардың бәрі ақылды, – деді Дархан.

Келесі сәтте екеуі оңаша, ләм деместен Кеңгірдің мұрдеханасына таласа зер салды. Шалғайдан қараған адам осы екеуін Қызылегіздің азып-тозған мүсәпірлеу көлеңкесі деп ойлар, қазқатар шошайып отырған.

– Сіз кімді болсын үндемей жеңесіз-ау, ақсақал, мен бір сағат оттағанда жақ ашпадыңыз, – деп сағатына қарап, кететін ыңғай танытты.

– Олай деп дәркүмән келтірме, інішек. Мен сені тыңдадым. Жөн айтасың, ақырет үшін де игілікті іс істеу керек. Жазмыштан озмыш жоқ, жақсылық та, жамандық та өз мезгілінде. Бұл әлемге жарық берер күн мен ай да өз мезгілі жеткенде тұтылады. Сондайлық мұнарлы күн туса, бұл жалған жарық дүниеден күнәсіз аттанудың қамы да. Гүлияның аруағы риза болса, маған бұл дүниеден одан артық үзірдің керегі не. Алатын құдай, осы игілікті ісімді бітірген соң, алып-ақ кетсін. Жаным арымның садағасы.

Солтан:

– Рас айтасыз, ақсақал, рас айтасыз. Бірақ, Гүлия шешеміз осыдан қырық жыл бұрын қайтқан екен, содан бері үйленбей өтуіңіздің сырын бүкіл Құландыда бір адам білмейді екен, – деп шалдың жаңағы сөзін, шалбарының артқы қалтасынан май сіңген қағаз, қарындашын алып ықтияттап жазып қойды.

– Ал, ақсақал, поезд келіп қалар, мен аттанайын. – Ықылассыздау орнынан тұрды. – Кешке шайды біздің үйден ішерсіз. Ендігі әңгімені сізден тыңдайтын боламыз.

– Рахмет, шырағым.

Ауылға қарап ендендеп аяндап бара жатқан азамат Дарханның көз алдына сонау жылдары поездан қалып қойған жетім баланың ержеткеніндей елестеді. «Әкесіне тартпағаны қандай жақсы болған... – деп ойлады ішінен, – әкесі Төленнің қылмағаны бар ма еді...»

Осы ауылға көшіп келген азын-аулақ уақыттың ішінде осынау жігіттің мінез-құлқын қостай алмай-ақ қойды Дархан. Іш пікірін, не ойлағанын ешкімге сездірмейді екен. Ұрсысып та, таласып та, шәуілдеп шаужайға жармасып та жатпайды. Не бар, не жоқ деп кесіп айтпай, «ым...м» деп кілт бұрылады да үйіне кіріп кетеді... Сонан соң сол үндемеген қалпы біртіндеп есесін қайтара бастайды. «Бәлкім айлалы ит дабырламай, жер қазып саңқылдап үрмей үндемей қабар да...»

Шал уәделі уақытта келді. Ол келмес бұрын Солтанның сегізінші класта оқитын қара ұлы әкесінен сөгіс алып үлгерді. «Қазақ ССР-і тарихының» баяғыда жазылған кітабын оқып отырды да, қолын шошайтып кәдімгі шешендердей сөйлеп ала жөнелді.

– Енді бір ғасырдан кейін архитектуралық ескерткіштерді қорғау қоғамы Дархан ақсақалдың, яғни Дәкеңнің салып жатқан моласын тізімге алып, бас сүйегін зерттейтін болады... және...

– Тәйт әрі! – деп зекіді әкесі. – Ірігеннің аузынан шіріген сөз шығады. Дархан саған ойыншық па? Тірі адам туралы ондай ғайбат сөз айта ма екен...

– Тірі болса өлмейтін адам бар ма? – деп қара бала далаға тұра қашты. Қайтып тамаққа де келмеді.

– Осы күннің баласы аласа туады, үлкендермен таласа туады деген осы. Суырдың айғырындай шақылдап, әбден бетке шапшиды, бара-бара... Нағашы жұртына тартқан ынжық.

Нәшәндік ашуын Дархан келгенше баса алмады.

– Жаздыгүні ет тұра ма, ақсақал, шыбынға талатып, сасытып-борсытқанша асып жеп алайық деп.

– Ол да ақыл, ойда жүргенше, бойда жүрсін. Тойған жеріме тоғыз келіп, мен де ұялғанды қойдым.

– «Келген қонақ тоқты жей ме, маңайдағы жоқты жей ме», деген екен атам қазақ. Жұмыстан кеш келдім, үйге кіргенім осы әзірде.

Тамақ ішіліп болған сон тіс шұқысып бір шынтақтай жатты.

– Ал, ақсақал, – деді, – уәде құдай сөзі, бастаңыз.

– Көргенімді айтайын ба, естігенімді айтайын ба?

– Естіген есте тұра бермейді, көргенді көйітіңіз... Шал түйіле ойланып барып, әңгімесін желіледі.

– Баяғыда, осы Құландыда алғаш обходчик болған жылы қызық оқиға болды. Қызық дегенде әңгіменің әуенімен айтып отырмын, әйтпесе мен үшін азап еді... Сонымен аласапыран жылдың бір қысы болатын. Құландының жалап тұрған аязы қысқанда, жаныңды қоярға жер таппайсың. Күн суық, қарын аш деп жатып алуға бола ма. Рельс шегелейтін болат, балға, күрек пен гайка бұрайтын кілттерімді алып жолға шықтым. Өзің де білесің, жолға шықпас бұрын, обходчиктің жұмыс графигін станция нәшәндігі бекітіп береді. Әйтеуір номер танитын білімім бар, бригадирдің үйіндегі журналға шатты-бұтты шимайлап қолымды қойып, панарды қолға алып, түнгі жорыққа аттандым. Әуелгі үш шақырымда-ақ қараңғы түсті. Темір жол бойындағы көзіме түскен ағаш болса тазалап, асықпай тексеріп келемін. Кәрәсінмен жанатын қол шамның білтесі нашар еді, бықсып қарауытып, қайта-қайта сөне береді. Негізінде рельстің әуелгі бір жағын, сонан соң межелі сегіз шақырымнан соң бұрылып, екінші жағын ықтияттап қарау керек болады. Күннің суығы мен шамның өлеусіреген жарығына сенбей бірден екі рельсті тексеріп жүрісім өнбеді. Далада қырық градус суық, алақаншықтана боран басталды. Әсіресе рельстің гарнизіндегі қызылтамақтағы сынық түнде айнаға жақсы түспейді. Күпті деген тұсты қолмен сипап көруге тура келеді. Суықтан әбден ширап, мұздап тұрған темірді ұстай алғаныңда саусағыңды қарып түсіреді-ау. Ол уақта немене «ТИП-ША» деген рельстің көлденеңі жіңішке, сағатына қырық-елу шақырымнан аса алмайтын, доңғалақ әп-сәтте тайқып шығып, оқыс көп болатын. Қазір ғой 43 типті рельстер қалай шапқыласаң да қауіпсіз – рахат. Сөйтіп, жербауырлағандай болып келе жатқанымда Құландыдан ары жетінші шақырымда рельстің гарнизінен сынық таптым. Поездың қашан өтер уақытынан хабарым жоқ, менің міндетім қандай поезд болмасын апатқа ұшыратпау, ал сынықты қалпына келтіру менің қолымнан келмейді, тіпті оған хақым да жоқ. Не істеу керек?

Поезд келер жолға әлгі сынықтан алысырақ битар қойдым. Рачок-сырнайымды әрі-бері озандатып тартып көріп едім, боран разъезд жақтан соқты да, бәлкім естіртпеді білем. Сасқалақтайын дедім. Өйткені кейбір машинистер битардың атылғанына қарамай «ештеңе етпес» деп өте шығатыны барды. Үстімдегі киім жеңіл, қыстың ұзақ түніне шыдай алам

ба? Жел гулеп соғып, ұйтқып ойнаған боран атты кісінің өзін алып ұратындай үдей түсті. Аяғың тайып құлап түссең бас салып сабалап, ақ түтегімен көміп тастардай ашулы. Көк пен жерді тұтастырып шекара қалдырмай біріктіріп жіберген. Тіпті кейбірі бұраң қағып, билеп мойнына асылып, қойны-қонышыңа кіріп мұздатып ес-ақылыңды алады. Шпалдарды ұйлыққан қар басып, рельспен теңестіріп жіберген. Өлгіде тапқан сызат-сыпықтан айрылып қалмайын деп тас қылып белбеумен шандып байлап, боран етіне арқамды беріп бүк түсе бүрісіп отырдым. Битар атылмай қалса қайтемін деп тағы шошынып. Тіпті тоңып болмаған соң әрі-бері жүгіріп жылынған болдым. Боранның басылатын түрі жоқ, бұрынғысынан да құтырып шабына соқты. Жұтып жіберердей жалғанған, тұлан тұтып долданған, екі иығын жұлып жеп айдаһарша ысқырған... Әзірше екі жақтан да паровоздың дыбысы білінбейді. Менің ес-ақылым: сынық заводтың жіберген брагы ма, әлде жаңадан түскен бе? Енді қайсысы болса да бәрібір еді. Қол-аяғым шым-шымдап мұздай бастады. Қолшамның кәресіні таусылып, өшіп тынды. Қалтамды қарманып сіріңке іздеп зорға дегенде тауып тұтатпақ болып едім, жаға алмадым. Тарта-тарта шырпысы таусылып, қорабын лақтырып тастадым. Айқайлап бір боқтадым да орнымнан қарғып тұрып селкілдеп биледім келіп, биледім... билеп жүрмін... бұл менің өз өмірімдегі алғашқы да, ақырғы биім шығар-ай...

Бұл болат жол деген жарықтық үстінен жайлы да жұмсақ поездбен өткен адамға оп-оңай. Ұзыннан-ұзақ салған қос темір сызық секілді. Арқа етіміз – арша, борбай етіміз – борша болып қайла-күрекпен; өгіз, түйе жегіп, қала берді қоларбамен құмтас тартып салған мындаған шақырымдық Түркісібтің игілігін тауды тіліп, тасты бұзып ащы тері тамшылаған біздер емес, өзге жұрт, кейінгі ұрпақ көріп отыр. Біздер, кәрі түркісібшілер ұлы жойқын іс тындырғанымызды ғана осылайша, ауызша мақтан етер едік. Әйтпеген күнде осынау жер шарын орап жатқан шойын жолмен анау тұрған Алматыға барып көрдік пе, тәйірі. Сайып келгенде, біздердің міндет жолмен жүру емес, жолды салумен ғана шектелді. Жазған-ау, тіпті қаншама құлшынып, арыз жазып бас ұрсақ та дүниені жалмаған соғысқа да жібермей алып қалды емес пе. Өттең қолыма мылтық алып, жауға атой салып өткен күнді армандаған сәтім де көп

болды-ау жазған. Иә, теміржолшылардың бар қолынан келгені – манданта шеру тартқан вагондардың уақытында бүлінбей жетуін қамтамасыз ету. Біз ол міндетті мүлтіксіз атқарып едік. Иә, шырағым, ұлы жеңісте түркісібішілердің де ұланғайыр үлесі бар. Орден, медальдарын саудыратып соғыстан қайтқан солдаттар қаншама менсінбей қарағанымен, қолымыздағы теміржолдың қызыл жалаушасын бес жыл бойы біз де бір сәт босаң ұстап көрген жоқпыз. Аялдамаға кеп тоқтаған поездан түсіп, сусын іздеген кей жолаушы, күні бүгінге дейін өзі мініп келе жатқан поездың амандығын тексеруге май-май болып тұра жүгірген теміржолшыға менсінбей жиіркене қарайтынын несіне жасырайық. Тәңірім, олар жарылқаушы ие, ұзақ сапардағы сақтаушы Құдайы екенін неге ғана ұқпайды екен. Айталық қаңтардың қырық градус суығында қылдай ғана сызықты күзетіп отырған мен қолды бір сілтеп, тартып кетсем, маған сеніп алаңсыз зымыраған поездың тағдыры не болар еді.

Осы кезде үйдің есігі сыңсып қайта ашылып, әлгінде шыға қашқан қара ұл кірді жасқаншақтай. Әкесі жаққа ептеп көз қырымен қарады да, әңгіменің әуеніне түсіп, қаперсіз отырғанын көрген соң ақырын баспалап барып, шешесінің иық жағына жантая кетті.

– Ақсақал, сіз өзіңізді толғантқан ащы шындықты айтып отырсыз, – деді Солтан қомданып. – Оның ешқандай сәкеттігі жоқ, мәселен, теміржолшыларды мәдени-тұрмыстық қамту жағы өте төмен ғой. Мен өткен жылы Прибалтика мен Украина, Белоруссия жағын аралап қайттым. Ойбой, ондағы жасалған жағдаймен бізді мүлдем салыстыруға келмейді. Бәрі автоматтандырылған, тіпті біздегідей «жетім-жесір» разъездер жоқтың қасы. Ал станциялардағы аппақ шағаладай үйлерді көргенде қалып-ақ қойғың келеді, шіркін. Қалай Қазақстанның территориясына кірсең, әр он сегіз шақырымда үркіп-үркіп орналасқан қотыр тамдар мен жалғыз құдық, жайылып жүрген көп есектен басыңыз айналады. Ақсақал, әңгімеңізді бөліп жібердім білем, айып етпеңіз.

– Осының басы-қасында жүрген нәшәндіктерге де байланысты-ау көп дүние, – деді шал.

– Ой, ақсақал-ай, айта-айта жиып-теріп алған азын-аулақ абыройдан айырылды. Сонымен сіз қырық градус аязда карниздегі жарықшақты күзетіп, билеп жүрсіз.

– Қайбір жетіскеннен дейсіз... Бәрі де өлмеудің, өлтірмеудің қамы да. Адам әбден тоңғанда ұйқысы келгендей маужырап бүк түсіп жата бергісі келеді екен. Қалтырап, жаураған денен қанша жылы жерді аңсап аласұрғанмен, удай ашып шыбын жаныңды шырқыратқанымен, жаны кетіп үйреніп алады екен. Мен екі үлкен башпайымнан бастап, үси бастағанымды сезіп тұрсам да, істерге лаж жоқ, шоршып-шоршып шаршадым. Үскірік одан сайын қыр көрсете мазақтап, аласұрып, қаһарлана түседі. Аяқ-қолдан әл де, жан да кете бастағандай болған соң, темір жолдың дәл үстіне қардан үй жасап, жатып алғым келді. Бірақ қасаттанбаған қар сусып, желмен ұшып әлек салды. Қырсыққанда екі жақтан да бірде-бір поезд келмеді. Енді мені өлім қаупі иектей бастаған еді. Мұндайда кісінің ойына қайдағы келеді. Менің есімнен үйімде қалған Мұрат шықпады. Ұлым біресе ақ боранның арасында адасып, мені айқайлап шақырғандай болады, енді біресе жаныма келіп: «Тұр, тұр, аға, тұр» деп жұлқылап қолымнан тартып оятады екен деймін. Қар кебініне оранып, зор тыныштық құшағына алып, гуілдеген әуен әлдилеп ұйықтата берді... Қандай рахат тыныштық! Жаныма Гүлия келгендей, мені сипалап, аймалағандай, рахат!

Мені ертеңінде қар көмген мола ішінен, қатып үсіп жатқан жерімнен тауып алыпты. Қолма-қол Аягөзге... одан әрі Семейдегі ауруханаға жөнелтіп, әйтеуір шыбын жанымды аман алып қалған екен. Сонда башпайларымның бәрі үсіп түсіп қалыпты, – деп Дархан екі етігін сыпыра шешіп тастағанда саусақтардан жұрдай топ-тоқал тұқыл табан шолтаң ете түсті. Солтанның бағанадан бері аузынан су ағып сүйсіне әңгіме тыңдап отырған әйелі мен баласы селк етісіп, ішін тарта көздерін тайдырып әкетті. Солтан қабағын қарс жауып, дым сызбаған, бар болғаны: «Ым-м, да-а» деді басын шайқап. Шамды шырқ айналып қонақ таппаған сайтан көбелектің жеңіл сыбдырынан бөтен дыбыссыз – құлаққа ұрған танадай тыныштық ұйыды.

Құландыны солқылдатып тағы бір поезд өте шықты...

Сол поездың ішінде Оспан кетіп бара жатқандай сезілді Дарханға...

Дархан ұйқысының келмегеніне қарамастан кешегідей жолға шықпады. Көршісінің үйінде суыртпақтала басталып, қайыруға келмей қалған тайтері сырдың бір пұшпағы уқаланғандай болып еді; өз үйі өлен төсегіне келген соң да сол

оқиғаның әсерінен айыға алмады. Көмейіне түйенің тобығы кептеліп қалғандай қанша жұтқынып жөткірінсе де, не ары, не бері жоқ қылғындырып тұр; қылғындырып тұрған әсте тобық емес, орны толмас өкініш-тін, ішқұсаға айналған уайымның – келмеске кеткен – мәңгіге сөніп тынған арманның әлдеқашан бітіп, қара қотырланып қалған жарасы қайта қанағаны еді, сыздатып қайта ауырғаны еді, қаншалық кең болса, соншама тар әлемнің бейшара да бейкүнә дәрменсіз көп пендесінің бірі боп жаралғанына әрі өкініп, әрі қуанып, аласапыран күйге ұшырады; кісі дегенің жазған-ау, қартайған сайын, қайғы ойлап өмірге құштар келетіні не, кісі дегенің асарын асап, жасарын жасағанына қарамастан, Құдайдан тағы бір ғұмыр сұрап жалбарынарын, жан ұшыра өлгісі келмей өз-өзінен қорқып, қорқақ тартарын немен түсіндіруге болар; адам өмірі де парасат майданы іспетті-ау, санасыз өмірден салдарлы өлім жақсы деп, қаншалық өзіңді ұлы сапарға тас-түйін дайындағаныңмен, қылша мойныңа ажалдың қыл арқаны оралар мүйнетте қалай-қалай шыңғырар едік... Сексенге келдің – селкілдемей өле сал дегенге кім келісер...

Құландыны солқылдатып, бір поезд өте шықты.

Осы поездың ішінде Оспан да кетіп бара жатқандай сезілді...

Баяғыда қандай еді... баяғыда...

* * *

Баяғыда:

...Жылан жылының қысы қатты басталды. Әуелі қарлы жаңбырмен сабалап алды да, арты көктайғаққа ұласты. Көксоқ-таланған жердің бетін алғашқы қырбақ қар бүркеп тастағанда асты тоң, беті безерген дала мал мен адамның күйісін әбден кетірген. Сонау қарашадан басталған суық жел бір аптадай толас тауып еді, кешеден бері атына қайта мініп, жұқалау жауған қарды сай-сай, бұта-қарағанның түбіне айдап тастаған. Жалаңаштанған дөнес, қыраттар суықтан осылып-осылып айрылып, ырсиып жатыр.

Құландыдағы аз ғана жатақ ауылы бұл күнде молайып, қара-құра көбейген үлкен қарбалас үстінде. Түркістан-Сібір магистралі осы Омар қыстағының үстін басып өтетіндіктен мұнда әзірше, артель ұйымдасқан жоқ. Станцияға айналады

екен, деген қауесет сөз тараған. Күзде тамам байды кәмпескелеп, қанталауға түскенде шүлен алып, бірер қаралы болып қалған ауыл, кылышын сүйретіп келген қыстан соның күшімен шығып кетпек ниетте. Қыстық мал азығын дайындап әдеттенбеген кедей-жатақ қазақ ауылдарының көпшілігі-ақ өлгенде көрген тұяқты малды соғымдыққа жығып алған; көресіні көктем шыға көрерін, тек бір күннің амандығын медет тұтар бейқам ел үшін уайым болмады, қарынның қазір тоқтығына мәз. Бұл өңірдегі іргелі-іргелі бай – Омар мен Көкебай, Долдаш секілді орта шаруадан тартып алған малдан жаз шыға тұқымдық қалмау қаупін ешқайсысы да бағамдамады.

Дүркіреп басталған шойын жол құрылысы Құландыға келгенде аяғына жем түскендей шабандап қалған. Күннің суықтығы, жердің қаттылығы, техника күшінің тапшылығы келесі жылы толық аяқталуға тиісті ұлы жұмыстың жандануына үлкен кедергі болды. Оның үстіне тек адам қолымен атқарылатын ұлан-ғайыр шаруаны шаужайлап әкелер жұмысшы күші жетіспеген. Осы себепті, жан-жақтағы ауылдан кісі жинап, қазақтарды қолына қайла ұстауға шақырған үгіт-насихат қызу жүріп жатты. Сонау Семейден шойын жол жұмысының қарқынын тексеру үшін арнайы өкілдер келмек екен деген хабар тарады.

Шардағы көпір толық аяқталып, топырақ үю, рельс төсеу секілді науқанға кіріскенде Дархан Құландыдағы әкеден қалған қара мекенге біржола көшіп баруға бел байлады. Жұмысшы күші онда да керек және станция орнаса түпкілікті тұрып қалуына мүмкін. Ал шойын жол бойында кәсіп табылады. Жұмысшы жолда старшын басын құрап шай ауыз тигізіп, тойдың ырымын жасаған сон Гүлия да бұдан былай Дарханмен өткізер өмірінің ыстық-суығына үйрене бастаған. Рас, алғашында қиындау тиді. Үнемі үлде мен бұлдеге оранып өскен шырпы басын сындырып көрмеген ерке қыз қайла арқалаған, жер қазып, тас қопарып арпалысқан халықты, қарын тойып тамақ ішпеген қонторғай тірлікті, жұмыстан шаршап келіп, жамбасы тиген жерге жата кетер күйсіздікті көріп, жаны ашыған. Бірақ, бірде-бір адамның бойынан талығуды немесе қабақ шытып ренжу, жалығуды сезе алмады. Шындық үшін, өз ісінің әділдігі мен баяндылығы үшін жанталасқан орыс, қазақ жұмысшыларының шыдам, төзімінің шексіздігі қайран қалдырды.

Ақдидарын айғыздап түскен жара қылып шапқандай тыртық болып біткен-ді. Жауыздықпен сілтенген пышақ теңдессіз сұлулық пен Гүлияның ашық ажарын жасытып, шырақтай жанған жанардың отын сөндіре алмапты.

Ақсақ құлынды ертіп ауылға келгенде жұрт жатырмамай, жатсынбай қарсы алды. Әкесінің көзін көріп қалған біренсаран шал, замандас жігіттер қайта айналып қазығын тапқан Дарханға шын пейілден ризашылық білдірген. Талай жылдан бері түтін шықпай, есік-терезесі бекітіліп қалған Дәу шалдың отын сөндірмей, қара мекенін тапқанын жөн десті. Оның үстіне анау-мынау емес, Омар байдың ерке қызын ала келгені үлкен ерлік, кез келгеннің қолынан келмес азаматтық санаған.

Дарханды мұнда да қыруар істер күтіп тұр еді. Ең әуелі қаңсып: өрмекшінің торы, тышқанның ініне айналған тоқал тамды қалпына келтіруге кірісті. Балшық илеу, оны аяқпен басу, ағаш қалыпқа кірпіш құю жұмысына әбден төселіп алған жігіт, айналдырған аз-ақ күнде ұядай үй жасап алды. Жердің тоңдығы, топырақтың қаттылығы біраз әурелеп еді, ауылдастары асар жасап, көмекке келді. Тіршіліктің осындай таусылмас бәкір-шүкір шаруасына Гүлия да көндіге бастаған. Ақ саусақ едім, біреудің ерке қызы едім деп қол қусырып қарап отырған жоқ, күйеуі ұстаған заттың екінші басына ұмтылып, қосамжарлана безектеп қалмады.

Дегенмен, танадай жарқыраған жанарының түбінде мәңгілікке тұнып қалған ауыр мұнның шөгіндісі бар еді. Сергиін-ақ, серпілейін-ақ деп қанша көңілденгенімен, көңілдегі бір кесек мұз ерімеді, тіпті Дарханға деген қалтқысыз сүйіспеншілігі, ерінің өзіне деген адал махаббаты қанша күн болып жарқырағанымен жібіте алмады. Еңсені басқан осы бір жұқалаң мұң, өзі де әлі білмейтін белгісіз күдік соңынан итше еріп қалмағанына қамығатын. Көзі күліп, ажары ашық-жарқын болса да жан-дүниесі зілдей, бір нәрсе білеуленіп жібермейтін. Кейбір түндері машахат түс көріп, ұйқысынан шошып оянатын, қайтіп көзі ілінбей, көрер таңды көзімен атқызушы еді. Соңғы кезде Дарханды мазалап жүрген ой, сүйіп қосылған жарының жанын қинаған, ауық-ауық есеңгірете беретін әлгі тыншу бермес хал-жайы еді.

Бүгін кешке сулы-сылпың тамақтанып, үй суық болған соң ерте жатып қалды. Екеуі де көпке дейін ұйықтаған жоқ.

Алғашында әр нәрсенің басын бір шалып, күбір-сыбыр әңгімелесіп жатты. Аспан ашық, ай толған кез. Кішкентай терезеден саулап түскен ай сәулесі аядай тамның төрт бұрышына дейін жалаңаштап айқын көрсетеді. Сыртта бөтен дыбыс жоқ. Күннің суықтығы түнгі жұмысты тоқтатып тастаған. Құландыда қалған Омардың маң төбеті ғана оқта-текте ұлып, кісінің зәресін ұшырады. Ұйлыққан он шақты иттен жалғыз өзі қалғанына ызаланады білем.

Бағана өзіміздің үйге барып едім, Жолдыаяқ мені танып еркеледі. Ертіп келіп ас құйдым, – деді Гүлия күйеуіне тығыла түсіп. – Дүрия екеуміздің бөлмеміз жұмысшылардың кеңсесіне айналыпты. Екі аяғын айқастырып Оспан отыр екен, көре алмадым, қорықтым.

– Кімнен? – деді шашынан сипап.

– Оспаннан. Ол немене, бастық па?

– Бастық, – деді Дархан нәумез үнмен. – Құланды учаскесінде шойын жол құрылысының бригадирі.

– Сіз сол кісінің қарамағындасыз ғой...

– Иә, қарамағындамын. Атарға оғы жоқ, қолынан келері тағы жоқ, бұзауы теріс келген сиырдай ыңыранып-ақ жүр. Қайламды тартып ала алмайды ғой.

– Сіз одан сақтаныңыз.

– Гүлия жаным, «сіз» дегеніңізді қашан қоясың, осы. Құдай қосқан қосағыңмын, арамызда он жастай ғана алшақтық бар.

– Бақанмен ұрғандай «сен» деп айтуға аузым бармайды, қинамаңыз.

Бүлкілдеп бүйірінде жатқан Гүлияны аймалап, көзден өпті:

– Қандай әдептісің, Гүлім. Өзіңнен басқа кімім бар менің, кімім?

– Менің де ешкімім жоқ сізден басқа. Күндіз мойнымнан, түнде қойнымнан тастамас тұмарым да, дұғам да сіз, Дархан аға. Дүниедегі бар байлықты, бар қызықты сіздің төбеңізге қойдым. Сіздің жолыңызға шыбын жаным садаға. Бірақ...

– Не бірақ?

– Бірақ қорқамын, сіз үшін қорқамын. Тым күштісіз. Еңсеңізді иіп, сызылып сәлем бере алмайсыз.

– Ешкімге де жалпақтап, жағымсып көрген емеспін.

– Қазір білектің күші, найзаның ұшына сенер, шын ерлік сынасар уақыт па, аға. Олай болса Оспан емес, мына сіз бастық болар едіңіз.

– Сонда қалай, қулық-сұмдық сауып көрінгенге бас ұрып күн көруім, ел басқаруым керек пе, Гүлия? – Таңғала сұрады.

– Жоқ, мені түсінбедіңіз. Сізге мен Оспан бол демеймін, оның бетін ары қылсын. Ол – лағынет адам ғой, бірақ ер-азамат қолынан келіп тұрғанда қоншынан басса артық болар ма еді. Ел билеу екінің бірінің қолынан келмейді ғой.

– Мен де сені түсінбедім, – деді Дархан реніш білдіріп. – Әсіресе бүгін ұға алмай жатырмын. Мен жұмысшымын, қайлашымын. Одан артық мансаптың да, атақ-дәреженің де керегі жоқ.

– Ендеше, сізді мен де түсінбедім. Бөтен ойламаңыз, құмырсқа теріп, қайыр тілеп кетсек те, етегіңізден екі елі айырылмастай болып ұстағанмын. Өлмесем құтыла алмайсыз. Бұл жалғанда сізге айырбастар адам туған жоқ. Менің айтайын дегенім басқа еді... Ешкім де қолына құрық пен қайла ұстап туған жоқ, әр істің өз мақсаты, өз биігі бар емес пе. Өзіңізден әлдеқайда төмен, қолыңызға су құюға жарамайтын адам күні ертең қоқиланып, арқаңызға ерттеп мініп алса, көрінген жұмысқа жұмсап күл төктіріп қорлап, қуа берсе – бұдан өткен қорлық бар ма, аға? Оспан бір айлық оқуға барып келді – бригадир болды. Қамбар досыңыз оқып жатыр, күні ертең – айдарынан жел есіп ол келеді. Сонда... сонда солардың барлығынан мықты, әлдеқайда құдіреті сіз әлгілердің қарамағында жұмыс істеп, қайда қуса – сонда шапқылай бересіз бе?.. Мені айыпқа бұйырмаңыз, аға, мұны айтқан себебім, қара басымның қамы емес, ішіп-жеп үйреніп қалған бай қызының еркелігі, еріккендік де емес, өзім пір тұтқан адамды самғау биіктен көру, әркімнің тақымына бір түсер торшолаққа баламай алысқа шабар арғымақ санаудан еді.

– Мені аспаннан іздеме, – деді Дархан күрсініп. – Жер бетінен жер қазып, жол салып жүргендердің арасынан ізде.

– Сіз маған ренжімеңіз, аға, – деп майда еркелікпен ақ білегін Дарханның мойнына салды. – Мен сізді қара жердің бетінде жолықтырдым, ендеше астынан да іздеп табармын. Бірақ, кейін... кейін өкінесіз бе деп ойлаймын.

Дархан үндеген жоқ. Жарының жұмсақ қылығы, ыстық демі қанша қытықтағанымен ақтарыла айтқан сөзінде көп шындық бары ойын онға бөле берді. Алыстан болжап, алды-артын бағамдап отырар зерделілігін сонау алтыбақан құрған айлы түнде түстеп, таныған-ды. «Кейін өкінерсіз-ау» дегені құлағында қалып, еш нәрсе естіртпей, еш нәрсе ойлатпай жатыр. Рас, Семейдегі рабфакқа өзін жіберген орнын Қамбарға беріп, қалып қойды. Оның әлі күнге түсіне алмай жүргені – пролетариатқа атақ-мансап керек пе, жоқ па; жұмысшы деген халық, тек қолынан балғасы мен қайласын тастамайтын, екі аяқ, екі қолына ғана сенген қарапайым адамдар емес пе? Ендеше, осы кәсіптің игілігінен басқа қандай рахат, қуаныш бар. Өкімет өздерінікі, олай болса билік те, басқару да жұмысшының өз қолында ғой. Жұмысшыны да басқаратын білікті мамандар керегін ойлаған жоқ. Күрекке жапа, екі қолға бір жұмыс қайдан да, қашан да табылар деген көзқарасына өзгеріс кірмеген қалпы ұйқылы-ояу жата берді.

– Үндемей қалдыңыз ғой, ұйықтап кеттіңіз бе? – деген Гүлияның сөзіне:

– Ұйықтағам жоқпын, – деп жауап берді. – Ертең Семейден өкіл келіп жиналыс ашатын көрінеді.

– Не айтады екен?

– Шойын жол жұмысына кісілер жинайды.

– Мен де барсам қайтеді?

– Өзің біл.

Алакөлеңкеленген тамдағы ай сәулесі біртіндей жылжып барады. Суық. Төсеніштен басқатүгі жоқ, қаңқайған қабырғалар; жан-жағынан қамалаған аласа тамның босаға жақ бұрышында балшықтан соққан үсті темір тәпене пеш бар еді, оты сөніп, көз шырымын алғандай. Мұрны пысылдап, қыбырсыз қалғанына қарағанда Дархан ұйықтаса керек, Гүлия ұмтылып барып, ар жақ іргесін қымтап жауып қойды. Былтырдан бері өсіріп жіберген қара бұйра шашы ғана көрпенің шетінен қобырап шығып жатыр. Маңдайы уақыты жетпей ептеп қасқаланайын деген. Еңкейіп барып ақырын ерінін тигізіп еді, сұп-суық екен. Гүлия алақанымен басын жылытқансымақ болды. Тұрып пешке от жағайын деп бір ойлады; Дархан оянып кетер деген қауіппен жата берген. Тамға қоржындай салған жаппа қорада қамалған ақсақ құлынның алдына салған шөпті бырт-бырт жегені еміс-

еміс естіледі. Әлі де болса қара үзіп кетпеген қара тышқан тыныш түннің ішінде сылдырлатып тамақ іздеп жортады білем. «Күндіз біз таппағанда, түнде сен байғұс та бармысың», – деп ойлады Гүлия. – Кекірек атып тойып жүргенде де мүйізіміз шыққан жоқ еді. Қайта осы ашқұрсақ өмірдің өзі жақсы. Көзіне ине тіреп қойғандай ілінбейтін болған соң әкесін ойлады. Аттанар алдындағы екі қызының мандайынан алма-кезек сүйіп, көңілі босап жылағаны кеше ғана еді ғой. Енді есіне түсіп жатса содан бері жүз жыл өтіп кеткендей. «Қайран әкем, қайда жүр екенсің?»

Көргеге көмілген қолын ақырындап суырып алды да алақанымен өз бетін сипады. Тыртық тым терең, әрі ұзын сықылданды. «Бетің тіліңгір» деп қарғаған кім екен? – деп күбірледі. – Жазығым жоқ еді ғой. Жазығым – жарық дүниеге сусарлығым ба, жазығым – жақсы болып жаратылғаным ба? Білем ғой, білем кімнің аямай салған жарасы екенін, бірақ сол жараның жүрегіме де түскені қалай? Неге мен өз-өзімнен құса болып, мұңға бата беремін. Аңсарым ауған адам, міне, қасымда жатыр. Сонда да бір нәрсе мазалай береді. Әлденеден сескеніп елендеймін. Бүгін болмаса ертең, әлгі басына қойдың қарнын кептеген адам келіп алып кететіндей. Құдай-ай, құрсақ көтерсем екен, Дарханымды жалғыз қалдырмай кіндігін жалғасам екен... Басқасының бәрі бекершілік, бәрі бекершілік, өтпелі дүние... Жаққан отың сөнбесе одан артық баянды ғұмыр бар ма? Міне, қара тамның мұржасынан будақтап түтін шығарып Дархан отыр. Таңатар атамыз екі дүниеде де риза шығар. Ал менің әке-шешем жүз жылқыны байлап-матап беріп салдырған анау кең сарайдай боз үйі ше... Ол үйде енді Оспанның ғана түтіні шығып, темір-терсектің қоймасына айналды ғой. Еркін ағам қайда жүр екен? Ол енді әкемнің түтінін шығара алмайды-ау. Өйткені ол от жақпайтын үйде...»

Терезеден түскен ай сәулесі қиялай сусып есікке жылыстады. суық бұрынғыдан қатая түскен. Дәл үстінен жанасалай өткен ай нұрын үрлеп еді, будақтаған өз демінің көлеңкесін көрді. «Шойын жол – деді ішінен. – Қандай екенсің сен. Әзірше жарыса созылған қос сызық темір ғанасын – паровозынды көрген жоқпын, түйеше боздап, танауынан бу шығарады дейді. Семейге дейін көзді ашып-жұмғанша жетіп баратын көрінеді. Эттең, сол отарбаға мініп әниіме төркіндеп барар ма едім». Осынау

киялмен жатқан Гүлияның көзі біртіндеп жұмыла берді. Көзі жұмылғаны сол еді, шым-шытырық түс көрді: «Дархан екеуі отарбаны жүргізіп келе жатыр екен дейді. Керілген дала. Дала бетін қаптаған қызылды-жасылды гүл. Кілемдей құлпырады. Шойын жолдың үстінен оқтай зымыраған отарбаны аттылы, түйелі қазақтар қызықтап қарап, қол бұлғап жарыса шауып шығарып салады. Сол топтың ортасында әкесі, Долдаш ағасы, Дүрия, Қамбарлар да бар дейді. Жаңа ғана қасында паровозды жүргізіп отырған Дарханға еркелей қарап, құшақтай беріп еді, басына қойдың қарнын кептеген баяғы жат адамға айналып кетті. Шыңғыра шошып оянганында Дархан «не болды, не болды» деп атып тұрды.

– Түү, түсім екен ғой, – деді Гүлия дірілдеп. – Түсім болғаны қандай жақсы.

– Шошып ояның ғой, не көрдің?

– Ақсақ құлынды қасқыр қамап жүр екен, – деп өтірік айта салды.

– Түсінде қорықсаң, өңінде қуанасың, – деді Дархан. – Тондың ба, үй суып кетіпті, от жақсақ қайтеді?

– Отын аз.

– Табылар. Енді бұдан былай көмір жағамыз, ол бір таусылмайтын отын.

– Таусылмайтын отын болушы ма еді? – деді Гүлия. – Жақсақ – жағайық.

Ертеңінде күн ашық болды. Ауада шытқылтың аяз бар. Күннің көзі құлақтанып, қыстың ырқы мен ақпанның суығына көнгендей еді. Ауыл-ауылға шабарман жіберіп жинаған қазақтар Құландыға қарай жаяу-жалпылы ағылып жатты. Омар байдың алты бөлмелі қыстағы қызылды-жасылды болып безендірілген. Ұзын қызыл матаға Түркістан-Сібір магистралі құрылысын уағыздаған ұрандар жазылыпты. Бүгін өтер жиынның айғайшысы Оспан сынды. Баяғыда Омар өліп, жылқышы жігіт қосаққа алып келген бозжорғаны тартып мінген ол ойды-қырды шауып дамыл таппай жүр. Ел жатса да енекем жатпайтын пысықтық мұндай ұлан-асыр ұйымдастыру жұмысына ол кезде ауадай қажет еді. Білікті маман, оқыған азаматқа әлі де болса зәру ел үшін Оспанның көп-көп әпербақан қылығы, дыз етпе ашуы керек әрі жарасып та тұратын. Заман, уақыт талабы осылай шығар деп ұғатын-ды. Ал, бригадирдің

жарғақ құлағы жастыққа тимей өз қызметін адал атқарып жүргені рас-ты. Әне, жан-жақтан жиналған тонды, шапанды, тымақтарды ошырайған қыр қазақтарын қойдай иіріп, кеңсенің алдына алып келді.

Ел-жұрт жиналды-ау деген кезде тоқал тамдарынан Дархан мен Гүлия да шығып еді. Оспан бұларды көрсе де байқамаған болып қастарынан ағызып өте шықты. Өздері бұрылмаса, тапап өтердей болып тым жақын өтті. Астындағы ауыздығымен алысқан бозжорғаны Гүлия ә дегеннен-ақ танып еді, ұзап кеткенше артынан қарап қалған.

– Әкемнің бозжорғасы, – деді өңі қуқылданып. – Қайдан алды екен?

– Кәмпіске кезінде алған шығар, – деді Дархан мән бермей.

– Жоқ, онда алған жоқ, әкем арғы бетке осы атты мініп кеткен.

– Сонда қалай?.. – Ар жағын айта алмаған Дархан тамағына тас тығылғандай тұрып қалды.

– Білмеймін, – деді Гүлия дегбірі қашып. – Білмеймін... Мүмкін өлтіріп... – жылап жіберді.

– Қой жылама, тұсап жіберген кезде қашып келген шығар, аяқты мал тұра ма? Әсіресе, жылқы малы жершіл келеді, баяғыда әкемнің қарақасқасы күншілік жерден қашып келген.

– Оны білетін бір адам бар. Содан сұрауға болар еді. Әкемді арғы бетке өткізіп жіберген сол кісі. Атын айтсам ұстап бермейсіз бе? – деді көзінің жасын сүртіп.

– Одан басқа қиянаты жоқ, таза жігіт болса тісімнен шығармаймын. Осында ма өзі, мән-жайын сұралық.

– Көптен бері көрген емеспін. Ол – жылқышы, аты – Бати. – Тауып алып, анығын білейін, өзіміздің жұрағат, шынын айтар.

Суық күнде ұшып-жығылып шулап тұрған топтың алдына шыққан Оспан айғай салды.

– Жаназаға жиналғандай қалғып-мүлгімей көңілді тұрындар, түге.

– Тойға да жиналғанымыз жоқ, айтарыңды тез айт, – деп дауыс-тады әлдекім.

– Соны айтамын-ау. Үсіп өлейік деп тұрсақ, күл дегені несі, қытықта ендеше.

– Әй, тіл мен жақтарына сүйенген кержалқау қазақтар-ай, сендерді үйретіп болғанша ақыр заман туар.

– Сен қазақ емей, кім едің? – деген жуан дауыс тағы шықты. – Іріткі салып тұрған кім десем, ә сен бе едің? – деп Оспан көп ішінен еңсесі еңгезердей болып бөлек шыққан Батиды таныды. – Түрмеде екен десем, осында екенсің-ау... Қай ауылда қашып жүргеніңді таппай арманда қалып едім, өзің келгенің жақсы болды. «Өлетін бала көрге жүгіреді» деген сол.

Асудың алқымындағы тас қораға қамаған жылқыны аңдап, былғары киген жігітке әкеліп тапсырғаннан бері Батиды атарға оғы жоқ болып жүргені рас еді. Қапысын тауып, қамауға алмақ болғанда зым-зия жоғалып кеткен. Енді міне, Құдай айдап өзі іздеп келіп тұр. Тоқта бәлем, Оспанмен ойнағанның от басқаны жалғыз сен емессің»

– Келгенің жақсы, – деді екіленіп. – Кеңес өкіметінің кешірімі мол. Сен кедей жігітсің. Көп жыл Омар байдың жылқысын бақтың, кегіңді алдың. Арғы бетке қашқан тап жауын бауыздап өлтіріп, астындағы бозжорға атын маған әкеліп берген бе едің? Айыбыңды жеңілдетеді.

Шеткерірек тұрған Гүлия «аһ» деп бетін басты. Қасындағы кейбір қазақтың танығандары мүсіркей қарап, кейбірі көңіл айтысып жатты. Дархан қанша жұбатса да жұбанбай өксіді:

– Сезіп едім, біліп едім тірі емесін. Қайран әкем...

Аякөз жақтағы күре жолдан қарлы тозаң көтеріліп қос атқа шана жеккен жолаушы көрінді.

– Келе жатыр, келе жатыр! – деп дабырлаған дауыс Гүлияның жылауын басып жіберді. Шана іргеге келіп тоқтап, одан үш адам түсті. Екеуі қазақ, біреуі орыс секілді. Әуелі кеңсеге кіріп аз-маз аялдады да қайта шықты. Оспан әрқайсысына қол беріп амандасып, құрақ ұшып қаздандап жүр. Қаладан келген өкілдердің қайсыбірі таныс еді, ұзын бойлы орыс – бәрінің бастығы сықылды, қалғандары соның аузын бағуда. Ал шолақ тонның өңірін ашып тастаған орта бойлы, қара мұртты жігіт күзде байларды кәмпескелеуге келген былғары киімді өкіл екенін Оспан әуеліде-ақ жазбай таныған. Танығанда «мынау әлі түрмеге түспепті-ау» деп ойлап үлгерді. Өзіне салқын амандасқанын да сезіп қалған-ды. Мұның аттан түспей, аттандап жүргеніне былғары киген жігіт те қайран болды. Жұрт жым-жырт. Осы жым-жырттықты былғары киген және

сол киімін тастамаған жігіт бұзды. Дарханның танып тұрғаны ұзын бойлы көзілдірікті орыс.

– Жолдастар! – деді былғары киген жігіт оң қолын көтеріп – Ең әуелі мен сіздерге қаладан, яғни Семейден келген өкілді, Түркістан-Сібір жол құрылысы солтүстік басқармасының мүшесі Александр Александрович Соболев жолдасты таныстырып өтейін. Ал, мына кісі Аякөз аудандық партия комитетінің хатшысы, – деп келесі аласа бойлы тығыршықтай қазақты нұсқады. – Өздеріңіз де біліп, естулеріңіз бар шығар, жолдас Ақназаров осы кісі. Ал мен сіздер жаққа былтыр күзде келгенмін. Байдан тартып берген мал қыстан шығатын түрі бар ма?

– Сізді танимыз ғой.

«Былғары киген жігіт» десе жетіп жатыр.

– Сіз алып берген малды соғымға сойып жеп алдық.

– Келесі жылы қалай болады екен, тәркіге салар бай қалмады, – деген дауыстар тұс-тұстан жамырап ауыздарынан бу атқан қазақтар қозғалақтасып қалды.

Негізгі мәселеге көшелік, – деді Соболев құлағына сыбырлап.

– Ал, жолдастар, сонымен ат терлетіп алыстан келу себебімізді өздеріңіз де сезіп тұрған шығарсыздар. Әуелгі сөзді Александр Александровичке береміз, қарсылықтарыңыз жоқ па?

– Жоқ! Жоқ!

– Айтсын, ту Семейден келді ғой, – деген дауыстар естілді.

– Олай болса тыңдаңыздар.

– Жолдастар! – деді Соболев қырауланған көзілдірігін құрғатып. Халық тым-тырыс. Еңгезердей орыстың сөзін қазақша бастағаны естерін тандырып тастады. Бұл жерге талай орыс келген, бірақ бірде-біреуінің қазақша сөйлегенін көріп, естімеген еді. «Татар болмасын» деп күмәнданғандар да табылды. Соболевың қазақ орыс ауылында қазақ балаларымен ойнап өскенін қайдан білсін.

– Жолдастар, СССР Еңбек және Қорғаныс Советінің Түркістан-Сібір темір жолын салу туралы қабылдаған шешіміне тура бір жыл болды. Бұл жолдың басты мақсаты – СА жолдарын Ташкент Орынбор магистралімен, ал Қазақстанды Сібір, Орта Азия аудандарымен жалғастыру, сайып келгенде, кең байтақ қазақ сахарасына жаңа заманның күре тамырын соқтыру.

– Мынауың орыс емес, – деді бір шал күдікпен. – Қалай-қалай сайрайды. Құдайға хақ орыс емес...

– Мырзалар, тынышталыңыз, – деп қалды Оспан, шалдың сөзін ешкім елемесе де пысықсынып.

– Елсіз немесе жартылай елсіз жерлерді басып өтетін шойын жолға Совет өкіметі екі жүз миллион сомдай қаржы бөлген, – деді Сомлен сөзін одан әрі жалғастырып. – РСФСР Халық Комиссарларының шешімі бойынша Түркісіб жұмысына жәрдемдесу комитеті құрылғанын білесіздер. Мұндай комитет губерниялық және уездік атқару комитеттерінің жанынан да құрылып отыр. Мен болсам, губерниялық жәрдемдесу комитетінің өкілімін, ал мына жігіт – былғары киген жігіт жолдас уездік жәрдемдесуден келді, – деп өз-өзінен жымия күліп жанындағы мұртты өкілге.

– Тоқ етерін айтыңызшы, тоңып кеттік, – деп дауыстағандарға: – Тоқ етерін дейсіздер ме? – деді Соболев қыраулана беретін көзілдірігін алып. – Партияның социалистік индустрияландыруға бағытталған ұлы жоспарын жүзеге асыру жолындағы шындықты, шың сара жолында кездесетін көптеген проблемаларды жалғыз ауыз сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, жолдастар.

– Айтыңыз, айтыңыз, – деген дауыстар шықты. Бүгінде кеңсеге айналған Омар бай үйінің басқышы биік еді. Онда тұрған өкілдер де біртабан еңселі көрінді. Бір қолын қалтасына салып, қазықтай қазқайып тұрған былғары киімді жігіт топ арасынан әлі де қымбат киімі тоза қоймаған Гүлияны көзі шалды. «Апыр-ау, бұл қайдан жүр, – деген ой келді. Семейге өз қолымнан аттандырып жіберіп едім ғой». Ол Гүлияны танадай жарқыраған жанарынан танып еді. Ал, түбіт шәліні тұмшалап сондықтан бетіндегі тыртықты байқаған жоқ. Осылайша өз ойымен өзі болып жиналыстың жалпы ауанынан шығыңқырап кетіп еді, құлағына Александр Александровичтің мүдірмей айтқан сөзі сарт-сарт соғылғанымен ұзын-ырғасын ұқса да талдап тармақтап жатпады. Алдында армандай болған қыз тұр. Бірақ жалғыз емес: «Анау жігіт кім болды екен?» Оны Гүлия да жазбай танып өздеріне үлкен көмегі тигенін әлі өксігін баса алмай кемсеңдеп күйеуіне сыбырлап айтады.

– Жергілікті халықтан, яғни, қазақтардан өз жұмысшысын, құрылысшысын маман кадр даярлайтын уақыт жетті, жолдастар, – деді Соболев сөзін одан әрі жалғап. – Ондай мамандар

даярлайтын курстар Алматы мен Семейден ашылды. Барамын деп талап білдірген жолдастар қазірден бастап тізімге тіркеліп, ертең-ақ қалаға аттанып кетулері керек. Мұнымен қатар «қабылдау пункттердің беделін күшейтіп, ел-елге шығып, темір жол құрылысына бүгін жиналысқа келмей қалған азаматтарды үгіттеу керек. Қане, іштеріңізде маманданған жұмысшылар бар ма?

– Бұлардың арасында жоқ, – деп жауап берді Оспан.

– Неге жоқ, мен бармын! – деп дауыстады Дархан. Бригадир жалғыз көзін ежірейтіп қитықтана қалды.

– Үлкен кісінің сөзін бөлме. Күрек ұстағандардың барлығы кадр емес, осы тұрған қазақтың боқ күремегені жоқ.

– Сенің де сырың белгілі, – деді Дархан, Гүлия жеңінен тартып еді тыңдай қоймады. – Қаранғы елге арамза бастық болғаннан басқа бітіргенің шамалы. Атқа мінгеннің жөні осы екен деп, малдан құрық, адамнан сырық түсірмей әбден сілікпесін шығардың. Аузымды қышытпа.

– Әй, Таңатардың тірі жетімі, – деп еселесе беріп еді, «қоя тұрыңыз» деді былғарылы жігіт. Сәл тосылып қалған Соболев:

– Мен сізді бір жерден көрген секілдімін, – деді Дарханға жылы ұшырая қарап.

– Осыдан сегіз ай бұрын Ертіс үстінде көпір саламыз деп сіз бен біз қопарылыстың астында қалғанбыз.

– Иә, иә... қалай ғана қара басып танымай қалдым? Дархан қара күштің атасы, орыс-қазақты таңқалдырған қара нар! – деп басқыштан түсіп қарсы жүрді. Енді екеуі кәдімгі ескі достардай төстерін түйістіре құшақтасып амандасты. Алқақотан тұрған жұрт ысырыла жол беріп, антарыла қарап қалған. Оспанда ес жоқ. Басқа басқа, мынау Дархан дәл осылай көз алдында биіктеп кетер деп ойлаған жоқ. Сықырлаған аязда маңдайынан ып-ыстық тер шығып, суық сорған арық бетіне жабысқан бес-алты қыл өз-өзінен үрпиіп, тосын жағдайды олар да жатырқағандай дірілдеді. Қипақтап бір орнында тағат таппай өп-өтірік жөтелді.

– Жұрт күтіп қалды ғой ана кісіні, – деп сыбырлады жанындағы ауданнан келген ескі таныс хатшыға. Ол үндеген жоқ, былғары киген жігіт бағанағы «Гүлияның күйеуі осы болмасын» деген ойын нығыздай түсіп, күдікті көңілмен

қарады. Қыз күлімсіреп тұр екен. «Осы жігіт, деді ішінен, келбетті екен». Содан соң өзі танысып үлгермеген жұмысшы жігіттің маңдайдағы бағын қызғанғысы келмеді ме, күзде берген бата сөзін қайталады. «Бағы ашылсын, аяулы жан еді». Губерниядан келген өкіл Дарханның арқасынан қағып, қазірде мінбеге айналған басқыш-сатыға алып жүрді.

– Жолдастар, негізгі мәселеден ауытқып кеткеніме кешірім сұраймын. Дархан Таңатарұлы екеуіміз ескі доспыз, көпірде болған жарылыстан соң жым-жырт жоғалып кетіп еді, өлі-тірісінен хабар ала алмай көп іздедім. Ал, бұл болса ауылында тығылып, әлеуләйін салып жүр. Ертіс үстіне салынған дәу көпірдің тағандарын су астына орнатқан қара нар – осы. Қайран қаламын, кірпігі ғана қимылдап ауруханаға түсіп еді, тірі қалыпсың, жарқыным.

– Жолдас, Саша, – деп баяғысына басты Дархан. Өзімсініп әдейі еркелеп айтты. – Қырық жыл қырғында тек ажалды ғана өледі деген, Түркісібтің дәмі жібермеді.

– Әй, тарланым-ай, өзгермепсің, міне нағыз жұмысшы деп сені айт, Питерліктерден бір де кем емес. Артынан сөйлесерміз...

Дархан Оспанның жанына барып тұрды. Анау сәл ығысып орын бергендей болды. Соболев сөзін әрмен жалғастырды.

– Сонымен, жолдастар, біздің алдымызда ұлы міндеттер тұр. Түркісіб темір жол құрылысына жәрдемдесу Комитетінің председателі Тұрар Рысқұлов жолдас пен Солтүстік құрылыс басқармасының бастығы Владимир Сергеевич Шатов жолдас сіздерге зор сенім арттырып отыр. Енді екі жылда қазақ сахарасының күре тамырына айнарлар теміржол құрылысын аяқтау міндеті тұр алда. Мұндай іске дүниежүзі прогресшіл еңбекшілері көмектесуде. Әйткенмен қазақтың маманданған өз кадрлары керек. Алматы мен Семейде ашылған курсқа жазылыңыздар! Әрине, зорлау жоқ, өз ырықтарыңызбен.

– Шырағым, қазаққа бергісіз бала екенсің, – деді жалбағай тымақты бір шал асықпай басып өкілдерге жақындап. – Айтқандарыңның бәрі көңілге қонады. Қазаққа енді жетпеген отарба еді, оны да көретін күн туар. Сонда деймін-ау... Сол түйеше боздаған темір арбаға мініп қайда барамыз? Анау қырдың астындағы айында бір қатынар ағайынға шолақ торым да шыдас берер. Қалада ас беріп, асар жасап жатса да шаруам шамалы.

– Әй шал, – деп қалды мұндайда аузы қышып, тұра алмайтын Оспан. – Халық жаурап кетті, қысқартып айт.

– Құйысқанға қыстырылма. Астындағы бозжорғаның буы шығар ширыққаның. Сен білгенді – мен де білем. Жол салып жатқан жолдастарға көмек деп жалғыз байталымды сойып тастадым. Күніге құрғатпай сусындарын жеткізіп берем, әйтеуір күнді күнді-күнге, таңды-таңға ұрып мұрнымыздан шаншылып жүрміз. Өкілдер қаладан күнде келмейді, сенің түрің болса мынау, дікендеп аттан түспей айкайлағанды ғана білесің. Түсінбегенімізді сұрап алғанның несі айып, несі шам? Расында да осы отарбаға мініп қайда барады жұрт, өз басым үйде отырғым келеді, өз отымның басында өлгім келеді.

Топ көңілді, қозғалып күліп жатыр. Жауап қайыруға өкілден қаймығып, қаны қайнаған Оспан «Сен шалдың сақалын талдап жұлармын, тұра тұр бәлем» деп тісін қайрады.

– Сіз бармасаңыз, сіздің балаларыңыз, ұрпақтарыңыз барады, – деп еді былғарлы жігіт:

– Олар қайда барады, от басын тастап қайда барады деймін-ау?! – деп шалың шатақ шығара бастады.

– Отарбаға мініп сендер бармасаң, сол отарбаға мініп басқалар келер. – Уездік партия комитетінің хатшысы алғаш рет сөзге араласты. – Ұйқыдан жаңа оянған қазақ даласы үшін темір жолдың қаншалықы маңызы барын еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін білмей ме. Ақсақал сіздің сұрағыңызды ұға алмадым. «Қайда барамыз?» деген сұрау бола ма екен. Социализмді толық орнатып, коммунизмге барамыз!

– Ендеше мен ұқтым, шырағым. Ар жағын айтпай-ақ қойыңдар. Біз бармасақ та басқалар келеді екен отарбаға мініп.

– Сіздер де барасыздар, неге бармайсыздар... өзгелер де келеді. Қысқасы, үлкен өмір, байтақ елмен араласамыз. Цивилизацияға жетеді, жас Совет өкіметінің қанаты қатая түседі, деді хатшы қиқар шалдан құтылғысы келгендей. Әңгімені жымия тыңдап тұрған Соболев тамағын кенеп қол көтере жұрттың дабырын басқысы келді.

– Жолдастар! Тынышталыңыздар. Күннің суығы болса мынау. Айтысуға уақыт тар. Темір жол құрылысының Солтүстік басқармасы рельс төсеу жұмысын 1927 жылдың он бесінші июлінде бастаса, ал Иванов басқарған Оңтүстік басқарма сол жылдың ноябрь айының аяқ шенінде іске кірісті. Екі жақтың түйісер

тұсы Айнабұлақ станциясы болып белгіленіп отыр. Өздеріңіз де естіген шығарсыздар, Оңтүстік басқарма бізді жарысқа шақырады. Рельс төсеу қарқынын шапшаңдатып, Айнабұлаққа қайткенде де бірінші болып жету керек. Ол үшін сіздер шойын жол құрылысына бір кісідей атсалысуларыңыз сұралады. Әрине, көмектеспей отырған жоқсыздар, оған рахмет. Әлде де болса жеткіліксіз.

– Айнабұлаққа алғашқы болып жеткендерге берер бәйгесі бар ма? – деді қарағайдың қабығына бояған қызыл тонының жағасынан әрең қылтиып көрініп тұрған арық қазақ.

– ВКП(б) Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлар Советі тауды тіліп, тасты жарып жапан далаға жан бітіргеніміз үшін алғыс айтады, – деді Соболев салмақты қалпын бұзбай. Одан әрі езбелеп, соза беруді артық санады ма: – Ендігі үміт, ендігі сенім – мына тұрған сіздер. Іске сәт, жолдастар! – деп жиналысты тұжырымдады. Басқыштың үстінде тұрған былғары киген жігіт, Дархандар бастаған топ қол шапалақтап қалып еді, ығы-жығы болып буы бұрқырап тұрғап күпілі, тонды, сырма шапанды қазақтар теріден тіккен қолғаптарын ұрғылап іліп ала жөнелді. Далада ашық аспан астында аязды күні өткен мәжіліс аяқталып, абыр-дабыр көбейді.

– Қане, жолдастар, курсқа жазылам дегендеріңіз кеңсеге кіріңіздер де, қалғандарыңыз ертең қайла, күректеріңізді алып жұмысқа кірісіңіздер, – деді. Жұрттың кейбірі тарап, азын-аулағы тізімге тіркеліп, оқуға аттану үшін саулап ішке кіре бастады. Ең қызығы, ой мен қырдан қазақтар осы жиынды күтіп жүргендей жұмыла кіріскені рас еді. Совет өкіметінің ұлы саясатын түсінгендері де, түсінбей әншейін кәсіп іздеп жан сақтау деп ұққандары да жамырап, шойын жол құрылысына ұмтылды. Әсіресе, осында ұзыннан-ұзақ созылып, Семей қаласынан басталып Аякөзді баса оңтүстікке қос ішек тартқан алып домбырадай рельс маңына көбірек үйірсектеп, өз жолын, өз бақытын, өз кәсібін іздеген шаруа баққан қазақ жігіттері атты-жаяулы ағылып жатты. Әрбір сегіз-он шақырымға орнаған шағын разъездің барлығы бір жағынан малын бағып, екінші жағынан шойын жол жұмысын қолға алған елдің ендігі тіршілігіне, ертеңгі тағдыр мекеніне айналды. Қайла, күректен өзге түгі жоқ, нарком тарапынан бөлінер бір жапырақ нанға қарап, телміріп отыру мүмкін емес еді. Елден әкелген төрт

түліктің, тұқым қорын үзбей, өзін-өзі асырап, жұмыла жұмыс істеді. Сахарада қалыптасқан қазақ пролетариатының таңба басты айырмашылығы да – осында; күнделікті ішіп-жемін өкіметтен дәметпей өздері тауып, жұмысшылық пенен жеке шаруашылықты егіз ұстауында еді. Мұның өзі әлі де болса етек-жеңін жинап кете алмаған, материалдық игілігі тым қораш жас совет елінің шапшаң өркендеуіне көп көмегін тигізді.

ЖиналысаяқталғансоңСоболевДарханменқайтаамандасты. Қазіргі қарекетін, үй-жайын қазбалап, молынан қанықты. Елден бөлініп оқшаулау қалған қайғылы Гүлияны қастарына шақырып танысты. Былғары киген жігіт те жақындап келіп Гүлиямен есендесіп, көңіл айтты. Дарханмен қол алысып, біліскен. Сонау қарашада көргендей емес Омардың қызы көп өзгергенін сезді. Әсіресе, оң жақ бетіндегі тыртықты көріп, өз бетін жаралағандай іштей толқып, жанашыр көңілмен аяп еді. Тарихын сұрап, ескі жараның аузын тырнағысы келмеді.

– Қазақ пролетариатына сен секілді мықты жігіттер керек, – деді Соболев Дарханға. – Тек қара күшің ғана емес, басқаға бас алқы болар шеберлілік, ақыл-кеңес те қажет. Ол үшін білім алып, сауаттана түспесе болмайды. Бүгінгі қайла мен арба күні ертең алып техникаға айналса, ат құлағында ойнағандай шырқ үйіретін білікті маманға зәруленеміз. Ендеше сауатсыз адам – соқыр адаммен бірдей. Менің саған айтар ақылым, Алматыға оқуға жіберейін, білім алып қайт. Балаларың әзірге жоқ, салт басты екенсіңдер. Келін қарсы болмас.

– Мен өзім де осы ақылды айтып жүр едім, – деді Гүлия. – Көнбейді. Енді сіздің тіліңізді алатын шығар.

–АлександрАлександрович,–депсөзгеараластыАқназаров. – Құланды жол участогіне де тәжірибелі жұмысшылар керек. Дархан Түркісібтің басын өзі бастаған екен, енді аяқтауға қатыссын, білгенін өзгеге үйретсін.

– Менің ойымша Оспанның орнына бригадир тағайындау керек. Коммунистік партияның шыңдалған мүшесі, ал біздің қазіргі бригадиріміз ВКП(б)-ның қатарында жоқ, ұйымдас-тырушылық қабілеті болғанымен, саяси сауаты, идеялық көзқарасына күмәнім бар.

– Оспан жөнінде ауданның пікірі жақсы, – деді хатшы. – Жол құрылысы басқармасындағы жігіттердің де көңілі дүзік, – деді Соболев. – Онда істейтін кейбір жігіттермен Семейдің

курсында бірге болған көрінеді. Елге шыққан бір сапарда орнынан алып тастау қиянат болар. Өз басым жете білмейтін жігіт, ал Ақназаров жолдас қолдайды. Әпербақандау екені рас та шығар. Бірақ, ондай қызуқанды, айғайшы адамдар артықтық жасамайды. Кейін, ойы мен білімі толысқан байсалды әрі жұмысты тиянақты атқаратын кадрлар даярлап алған соң, өз-өзінен жағалауға шығып қалады. Сондықтан да Дарханды не Семейге, не Алматыға оқуға жіберу жөн болар. Өзі шешсін.

– Шарда көпір салып жүргенімде Семейдің рабфагына жіберген. Орныма досым Қамбар Қалқаманұлын ұсынып, бармай қалып едім. Келініңіздің білімі бар, қыздар училищесін бітірген, сауатымды осы кісіден ашармын.

– Солай ма? – деп сүйсіне қарады ұялы жанарын жасырған Гүлияға. – Ендеше бұл ауылда жаңадан ашылатын мектепке сабақ беру керек. Ертеңнен бастап қызметке кірісе берсін. Қырдағы қазақ халқын сауаттандыру кезек күттірмейтін номер бірінші проблема. Приказ беріледі. Сіз қарсы болмасаңыз, – деп Ақназаровқа қарады. Анау басын изеді. – Ал, Қаранар, өзің не істейсің?

– Қайламды қайрай берем де...

– Қайла қайда қашар дейсің.

– Александр Александрович, маған бірой келіп тұр, – деді былғары киген мұртты жігіт. – Құланды жол құрылысының осы участоктегі рельс төсеу жұмысын бүтіндей Дарханға тапсырып, Оспанды Аякөздегі ашылғалы жатқан станцияға алып кетсек қайтеді?..

– Оспанды Құландыдан қууға асыға бердің-ау, – деп күлді Соболев. – Әзірше істей тұрсын. Уездік басқармамен ақылдасып көрерміз. Хатшы не дейді екен?

– Мен осында қалдырғанды жөн көрер едім.

– Ол жігітпен байларды конфискациялау кезінде аз күн дәмдес, істес болғаным бар-ды. Бүлдіре ме деп қорқамын, – деді былғары киген жігіт.

– Түзелер. Рельсті толық төсеп біткен соң, Құландыға да начальник станция керек болар. Дарханның кандидатурасын сол кезде ұсынарысың. Ал, қазір рельс төсеу жұмысының мастери ретінде приказ беру керек.

Кеңседен Оспан шықты.

– Сыртта тұрып тоңып қалған жоқсыздар ма? Қүн суытып кетті.

– Жолға шығалық. Алда әлі Айғыржал участогында жолға құм-тас төгіп жатқан жұмысшылар бар, соларға соға кету керек, – деді былғарылы жігіт.

– Аттанайық, – деді Соболев.

– Шәй ішіп кетпейсіздер ме, біздің жаман лашығымызды көріңіздер, – деді Дархан. Оспан да құрақ ұшты.

– Апырай, асығыс болдыңыздар-ау, бір малдың басын жеп, түстеніп дегендей...

– Алдыменен Айнабұлаққа аман-есен жетіп алайық. Тойдың көкесін содан соң көрсетеміз, – деп шанаға беттеді Соболев.

– Ал, жолдастар, сау болыңыздар.

– Сау болыңыз.

Қос қарагер Айғыржалды бетке алып ағыза жөнелді.

Әлемдегі жұмыс атаулының ең ауыры жер қазып, тоң қопарып топырақ үю, сақылдаған сары аязда қолыңды қарып түсер зілдей рельсті кетеріп, кеспелтектей кесіп, май жағып тастаған дөңбектерді көтеру екенін қыр қазақтары тұңғыш рет сезінгендей болды. Солтүстіктен Орта Азияға дейін созылып жатқан ұзыннан-ұзақ шойын жол сілемінде «адамның жаны сатылып» соның кезегінде тұрғандай қыбырлап жүрген жұмысшылар ұлы істің таңғажайып шеруін құрап арпалысады. Техника атаулы жоқтың қасы. Тек қана қол арба сүйреп, қайла ұстаған жұпыны киімді, бетін суық сорған, тойып тамақ ішіп, бел жазып, дем алуды әлдеқашан ұмытқан алба-жұлба орыстар, қазақтар... Оқта-текте мойны сорайған түйелер мен аш-арық аттар ұшырасады. Төсінде қара шегірткедей қаптаған адамдардың мазасыздығына налығандай жер жарықтық көндімге көшіп, жым-жырт жатыр. Жауған қарды сонау күзде басталған құбыланың желі айдап сай-сайға апарып жасырып тастаған. Дөңестеу жер, ши-шидің түбі қасатқа толып, жазық даладан еңсесі ит жондайып есе түскен темір жол бойын әлсін-әлсін қармен нығарлап әлекке салады. Айналанып алған аспан аласа төніп, қабағын қарс жауып, дүниедегі бар пәлекетті төндіргісі келгендей, – не жаумай, не жадырамай қоқан локқы жасағанына неше күн, – елдің де, жердің де берекесін алып болды. Наурыз айы жақындаса да күннің райы бұзық. Өліара тынымсыз өткен. Жылан жылының соңғы күндері жер бетінде қыбырлаған жан-жануар, адамзаттың бар-барлығына қиын тиіп, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер уағы таянып-ақ тұр. – Жылқы жылы әлі алда... Ертең, бүрсігүні басталар...

Жауған қарға қоныс таптырмай айдаған соң тыржалаңаштанған даланың қазіргі сықпыты алашабыр, жарылып-жарылып тісі ақсиып көрініп жатыр. Сахара өлгендей, мәңгілікке көзін жұмғандай еді. Осынау марқұмданған сахараның кеудесіне жан салып, бойына қан жүгіртіп, тамыр тартып жүрген түркісібшілер, олар да бір ұлы оташылар іспеттес. Өкілдер келіп қайтқаннан бергі қырық күнде, топырақ үю аяқталып, бірыңғай рельс төсеу жұмысына кіріскен Дархан адам танымастай болып жүдеп еді. Ат арыса тулақ, ер арыса – аруақ, деген сөзді растағандай, жазды күні жайлауда жинаған қоңы тайып, жалғыз-ақ айда сылынып түсті. «Ет көтермейді екенсіз, Дархан», деп әзілдеген Гүлияға: – «Сенің де жүрегіңді май басып тұрғаны белгілі», – деп әйелінің соңғы кезде екі ұрты суалып, көз аясы үлкейе түскенін есіне салғам. Жүдеулік өзінен гөрі Гүлияға, тіпті жараспайды екен. Дөңгеленген ақ дидары ұзындап, пышақ тиген тыртығы терең тартқандай көзге бірден ұрады. Оқтау білек, жұмыр мойны сорайып, ептеп төс сүйегі де көрініп қалған. Әйтсе де, шырадай жанып тұратын қос жанар тағынан таймаған. Сол қос жанардағы жасырын мұң, көлеңкеленіп көзінің алдына көгіс бітейін деген бе? Алақайыңа салып салалап қана отырар әдемі сүйрік саусақтары шыт-шыт жарылып, қасаң тартқан. Көсеудей қара емес, әйтсе де тотығып үлкейген. Құландыдан ашылған бастауыш мектепке сабақ береді. Жоқтан барды құрап, ертенгі асын асығыс іше, әкесінің бір бөлмесіне орналасқан мектепке зыр жүгірер еді.

Бұл мектептің Гүлия үшін қиындығы мен қуанышы бірдей. Күні кеше ғана өзі боташа ойнақтап өскен бөлме, енді міне жат, мүлдем бөтен. Үзбей жағар отын жоқ, іші азынаған суық. Сабақ беріп тұрып ауық-ауық ойға беріліп, меңірейіп тұрып қалатын. Ондай сәтте үркердей үйіріліп, үрнийсіп отырған оқушылар мұғалима апайына тандана қарап, қашан сабағын жалғастырғанша тым-тырыс отыратын. Әкесінің төсегі тұрған бұрыш тұсында бүкіл қанатты тұтас алған әдемі кілем болушы еді. Әне шешесінің төсегі, оның да қабырғасында үлкен кілем бар болатын. Жүк аяқ пен абажадай сандық қойылатын бұрышта бір құшақ отын жатыр. Омар бай қала көріп, мәдеиеттің дәмін татып қалған. Рахияның бұйыруымен өз бөлмелерін жаңаша жинайтын. Осы соңғы жылдары биік столға тамақ ішетінді шығарған. Әкесі алғашында әумезкөңілмен «ағаш атта

отырғандай жегенің батпайды екен», – деп жақтырмай жүрді. Ал, Гүлия мен Дүрия үшін жерге жалп ете түспей, аса еңселі, биіктен ішкен тамағы әлдеқайда дәмді көрінетін. Иә, бұл үйді салуға әкесінің қаншама қаржысы кетті десеңізші. Осы арадан тым алыс та емес, Георгиевка деген орыс-қазақ поселкесінен ағаш шеберін жалдап, екі жыл салдырды. Сол бір төрт орысты Гүлия да көрген. Ішінде қаздың балапанындай үрпек сары жігіті бар еді. Мұны көрсе болды адал көңілмен ыржия күліп, сап-сары кірпіктері жыпылықтап ала жөнелетін. Ұялғаны. Дүрия бозбаланың осы қалтқысыз ұялысын сұлулыққа деген құштар көңілін ермек қылып мазақтай беруші еді. «Орыспен сүйіскен қандай болады екен, көрейінші» деп жан алқымнан алғанда жанын қоярға жер таппай қашқалақтаушы еді, байғұс бала.

Онда киімдері қазіргідей ме еді. Үлде мен бұлдеге бөленіп, күніге біреуін ауыстыратын. Киім тігу, кір жуу дегеннің не екенін білмей бұла өсті. Осы үйдің отымен кіріп, күлімен шығатын жалшы әйелдермен жағаласып, әншейін ермек үшін оймақ алып кесте тіккендері болмаса, шырпы басын сындырған жоқ. Не кием, не ішем демеді. Бәрі де әкесінің арқасы екен. Еркеліктеп тым ерте айрылған Гүлия енді қараса, жалғыз үйлі жанның шаруасы үшін қаншалықты қыруар еңбек жұмсалады құдай-ау. Қыс ішінде алты бөлмелі үйге от жағып, күл шығаратын. Он уақ суға барып, тамақ істейтін қайыс қара әйелдің бетіне бір рет те күле қарап, адам ретінде әңгімелесіп көріп пе еді. Көз алдында көлбеңдеп шүгіргеннен өзге еш нәрсе қалмаған, атын да, түрін де ұмытып қалыпты. Алғаш оқу басталғанда сұңғақ бойлы, арық болса да ажары таймаған қайратты әйел қара домалақ баласын жетелеп келіп:

– Гүлия, мені ұмытқан жоқсың ба? – деді өзімсініп.

– Танымадым, апай, – деді мінді кісідей міңгірлеп. – Көрген кісім секілдісіз, жүзіңіз таныс.

– Шешең Рахияның омырауынан сүт шықпай, шыққан күннің өзінде егіз қызды жарытпай сені мен көбірек емізіп едім. Ол да бір дәурен (күрсінді), енді міне дүние шыр айналды. Еңбегімді даулап келіп отырған жоқпын, мынау ең кенже ұлым еді, тым болмағанда осы оқып жетсін, әліпті танысын деп алып келдім алдыңа. Өзгесі қайла ұстап кәсібін Түркісібтен іздеп кетті.

– Айып етпеңіз, апа, – деді Гүлия қысылып. – Тойған адамға тонының қайда қалғаны есеп емес қой. Ұмытыңқырап қалыппын, есіме жаңа түсті. Сіздің еңбегіңіздің өтеуін жалғыз өзім өтей алмаспын да, ал қолымнан келгенін аямаспын. Шамам жеткенше білгенімді үйретейін балаңызға... басқа не айтайын...

– Түсінем, айналайын, кішкене күніңнен ақылды едің. Бетіндегі тыртық жоқ еді ғой. Екі аяқты пендеде сенен асып туар сұлу қыз жоқ шығар-ау, деп ойлаушы едім, сен де өзгеріпсің...

– Сіз сұрамаңыз, мен айтпайын, апай. Тағдырдың толқынына қарсы жүзе аламыз ба.

– Сен мені, қызым, апай деме, шешей де. Жаман-жақсы болса да емшек сүтімді емдің.

– Мақұл, шешей, баланы қалдырып кетіңіз.

Әне, сол күн әйелдің қара ұлы алдындағы қағазға шұқшия еңкейіп Гүлия тақтаға жазған, «Түркісіб, пролетариат, Октябрь революциясы, Совет өкіметі» деген сөздерді иректете көшіріп отыр.

Келесі бөлмеден, бұрын Дүрия екеуінің меншігіндегі бөлмеден Оспан бригадирдің шаңқылдаған ащы даусы шығады. Гүлия өз-өзінен селк ете түсті. «Апыр-ай, осы кісіден өлердей қорқатыным несі екен».

Қаладан өкілдер келіп, олардың ішіндегі орысы Дарханды танитын және өте сыйлайтын болып шыққан соң бригадирдің әпігі басылғандай еді. Өзінің бар сенері Ақназаров болса, ол Соболевтің жанында кім? Бұрынғыдай жоқтан-өзгеге ит көрген ешкі көзденбей, салмақпен қарап, сабыр сақтауды үйренгендей еді. Боларға да, болмасқа да шаптығып шыға келер тыз етпе ұрда-жық мінезіне көп өзгеріс енген. Дархан мен Гүлияны көрсе өз-өзінен жұлынып, сақылдап шыға келер жыны басылып, жалғыз көзін жалт еткізіп бір қарайды да басын изеп, үндемей ете шығады. Жұмыс бабымен ғана тілдесіп, онда да мұрнына су жетпей алашапқын болып жүргені. Семейден келген өкіл үйге кірмей, есік алдында Дарханды оңашалап алып, көп сейлескені ептеп сақтандырайын деген. Дөңайбат жасағаны болмаса, тумысынан қорқақ адам Дарханды Соболевтің «тайнигі» емес пе деген қауіпке итермелегенде, сен тимесең мен тименге көшкен-ді. Дегенмен, ішінде қазандай қайнап жатқан кек, оның астында майдай жанған өшпенділік оты сөнер емес.

Уақыт зымырап еткен сайын жанын қара-күрттай жеп бітті. Ең қиыны, өмірде бір-ақ рет сүйген адамының дәл іргесінде бұлбұлдай сайрап, балаларға сабақ түсіндіріп сыңғырлаған даусын күн-күн сайын естуі еді. Кей күндері кеңсенің есігін тарс жауып алып, Гүлияның үнін тыңдап мұңға батып оңаша отыратын. Сол бір жұмсақ та қоңыр үн құлағының түбінде жатса да, тұрса да кетпей күбірлейтін де тұратын. Екі құлағын басып алады, бәрібір естиді. Содан соң ашу-ызасын басқадан алып, айғайға басатын.

Бір күні Гүлия кезекті сабағын аяқтап, қайтуға жиналып тұр еді, жұмсақ басып Оспан кірді. Ол кіріп келгенде мұғалима қолындағы оқулығын түсіріп алды. Қол-аяғы дірілдеп, еденде жатқан кітапты алуға дәті жетпей сілейіп тұрып қалған. Оспанның бұрынғы есерсоқтығы жоқ, жаутаңдап Гүлияға қарай береді. Жерде жатқан кітапты ептен көтеріп, столдың шетіне қойды. Қипақтап көкейіндегісін айта алмай аялдап еді, Гүлия кетуге ыңғайланды.

– Гүлия, сәл бөгеле тұршы, – деді сабақ білмейтін оқушыдай қыбыжықтап.

– Не айтайын деп едіңіз? – Гүлияның даусы тік шықты.

– Дүниеде менен сорлы адам бар ма? Обалым әкенде де, өз әке-шешемде де емес, Құдайда. Сені сүйгенім айып, кінә деп есептесең, көзімді бұл жерден жоғалтайын, бірақ... екі дүниеде сені ұмыта алмаймын, Гүлия. Не істеуім керек, өзің айт?

– Мен сізге жауабымды әлдеқашан айтқанмын, Оспан аға. Қайтала десеңіз, қайталаймын. Менің де жазығым жоқ. Айыбым басқа адамды ұнатқаным ба? Қолыңыздан келсе туған қарындасыңыздай сыйласып қана өтіңіз. Ал, қолыңыздан келмесе, онда еркіңіз білсін, мен не дейін. Жалғыз жүрегімді екіге бөле алмаймын.

– Кетейікші, Гүлия, кетейікші мынау қарғыс атқан жерден. Қырым ба, Қытай ма, мейлі қайда баста десең сонда апарайын. Алақаныма салып аялап өтейін. Байлық керек пе, атақ керек пе орындайын тілегіңді. Тек ықыласыңды бер. Сенен басқа қыз таба алмай жүргенім жоқ. Мұқым Малтыкелдің қыз-келіншегің маңдайынан шертіп жүріп таңдар едім, қайтейін, сен барсың жер бетінде. Сен өлмей, не болмаса өзім өлмей, өз жанымда өмір жоқ. – Тізерлей отырып Гүлияның етегіне оралған.

– Жо-жоқ! – деді Гүлия жылан көргендей шошына зэрзап болып. – Айтпаңыз. Ұмытыңыз. Мәңгілікке. Жер бетінде Дархан бар. – Есіктен шыға қашты. Оспан отырған жерінен белі кеткендей көпке дейін тұра алмады. Ең ақырғы үмітінен айрылды. Анау Дарханның өлімін тілегеннен басқа амалы жоқ еді. Бұл әлемде оның жалғыз-ақ жауы бар. Енді сонымен айқасады. Бірақ, Гүлияның көзінен өшпенділік отын көрді ғой, итпісің, кісімісің деп елемейтін жиіркеніш көрді ғой. Олай болса көз алдында көлбеңдетпей осының өзін арғы дүниеге аттандырып жіберсе қайтер еді. Тәңірім-ау, әлемдегі жалғыз ғана бақытынан айрылмай ма? Тоса тұру керек... Шыдау керек... Шыда-шыда, Оспан. Мүмкін райынан қайтар...

Міне, тағы да құлағының түбінен саңқылдап сабақ түсіндіріп тұр. Сол үнді естігісі келмей, алдына келген жұмысшыға жазықсыз айғайлап ұрысты.

Балаларды ертерек босатып, үйге келгенде өз көзіне өзі сенбеді. Нақ төрде обадай болып Бати отыр. Алдына алған жеті-сегіз жасар бала бар. Түнеукүні жиналыста бір көріп қалған жылқышы жігітті күйеуі екеуі ауылды айнала іздеп таппаған. Әкесін осы Бати өлтіріп, астындағы бозжорғаны аударып алды деп айып таққанда, шын осы жігіт пе дегендей әрі-сәрі ойда қалған. Бірақ әкесінің өлгеніне де, Оспанның оспағына да сенбеп еді. Енді міне, Құдай айдағандай өзі келіп отыр. Тізесінде шоқиып отырған бала «әкпе, әкпе» деп Гүлияға тұра ұмтылды. Енді ғана шырамытты. Ағасы Долдаштың кенже ұлы – Мұрат еді. Гүлия мен бала мауықтарын баса алмай ұзақ көрісті.

– Құлыным-ау, бауырым-ау, қайдан жүрсің? Тірі екенсің ғой, өңім бе, түсім бе? – Айналып-толғанып сау тамтығын қалдырмай сүйіп, жылап жүр.

– Өңің, Гүлия қалқам. Өңің, – деді Бати.

– Мұны қайдан таптыңыз, Бати аға, қалғандары қайда?

– Қалғандарын қайдан білейін, қарағым, қаңғып жүр де... Елдің айтуына қарағанда Долдаш ағаң Беломор-Канал деген жақта жұмыс істеп жүрген көрінеді. Ақсуат жағындағы төркініне көшкен жеңген Мұраттан адасып қалса керек. Содан ол ел кезіп, әр үйдің есігінен бір сығалап адасқан Мұратты тәргі басталған Қызылегіздегі ескі жұрттан тауып алдым. Дегенмен, зерек өзі. Қаңғылестеп солай қарай безектеп бара жатқанында

қуып жеттім. Ұстатпай көп әуреледі, әбден тоңған, жүдеген. Қалай тірі қалғанына таңым бар.

Көзі бақырайып, әркімге бір жаутандаған бала үндеген жоқ. Әпкесінің құшағынан босай, бұрышқа барып бүрісіп отырды. Пешке от жағып, үстіке шәугімге су құйып шай қойған Гүлия Мұраттан әр нәрсені сұрастырып еді, жасықтанып жауап бермеді. Әбден кісікіік болып тосырқап қалса керек.

– Дархан жұмыста ма? – деді Бати.

– Ол әбден қасқарайғанда келеді. Өзіңіз не істеп жүрсіз, аға?

– Баяғыда бұл елде Құлаша деген қаңғыбас шал болушы еді, ол кезде сен кішкентайсың, білмейтін шығарсың. Соның күні – менікі. Бағатын жылқы болмаған соң әр ауылға бір түнеп, ел кезіп, аш бөрідей босып жүрген хал.

– Темір жолға жұмысқа тұрмайсыз ба?

– Аштан өлсем де қолыма қайла алмаспын деген антым бар еді, қалқам. Осы кәсіпті неге екенін білмеймін, суканым сүймейді, жер қазсам, өз көрімді өзім қазғандай боламын да тұрамын. Әйтеуір, шүкіршілік, аяқ артарым бар, ел үстінен күн көріп, әркімнің жоғын тауып жүріп жатқан.

– Сізге ақыл үйреткенім емес, жігіт ағасы болдыңыз, бір жерге тұрақтап түгін түтетпейсіз бе?

– Оның рас. Жалғыз жүріп үйренген адам жылы үй, жәйлі төсектіңқадірінбілеме. Жылқыменбіргеөріп, біргежусапүйренген саяқтық әбден далабезер ғып жаман үйреткен-ау, көппен бірге араласып, ағайынға жақындасам айып салатындай қорқақ соғамын.

– Жақын жүрсе тістесіп, алыста болса кісінесетін әдет қай-қай қазаққа тән, аға. Елмен көрген ұлы той емес пе, бұл күнде жақын іздемесеңіз жан сақтауға қиын.

– Өзім де осы жайында Дарханнан кеңес сұрайын, әңгімелесеің деп келіп едім.

Есік ашылып, аядай үйге буда-буда суық ала Дархан кірді.

– Міне, өзі де келді, – деп қуанып қалды Гүлия.

– Үйде қонақ бар, балалы болдық, Дәке.

Тәрде малдас құрып, төбедей болып отырған Батиды көріп сәлем берді.

– Ассаламағалейкүм!

– Уағалейкүмсәлем, Дархан. Қазақша амандықты ұмыт-папсың.

– Неге ұмытайық, – деді Дархан сырт киімдерін шешіп. – Амандықтан арылсақ, адам болғанымыз қайсы. Жыл құсындай жалт етіп бір көрінесің де, ызым-қайым жоқ боласың. Бірге өсіп, біте қайнасқан замандас едік, тұрақ-мекенінді, жөн-жосығыңды айтпайсың, қайдан келдің, қайда жүрсің? – Дарханның шұбыртпа сұрағына күле жауап берді. Гүлия дастарқан жая бастады. Пешке маздатып от жаққан соң, шағын там әп-сәтте қыж-қыж қайнап жылынған. Бірақ, осы іргедегі пештің жылуы қандай шапшаң болса, суынуы да сондай тез.

– Келмей жатып тергедің-ау, досым. Бұл не, жауап алу ма?

– Сенен жауап алуға жарамаған шығармын, – деді қолын жуып тұрып. Алакөлеңке үйдің бұрышында бір уыс болып қоянның көжегіндей әркімге жаутандап дым сызбай отырған бала тықылдап жөтеліп еді, оны Дархан жаңа байқап, таңтамаша болды. Әлгінде әйелінің «балалы болдық» деген сөзіне мән бермеді ме, әлде естімеді ме, көргені осы. – Бәрекелді, Бати батыр, үйленген жоқ деуші еді, балаң бар екен ғой. Шайға шақыр, ұл ма, әлде қыз ба?

– Долдаш ағаның кенжесі – Мұрат. Адасып жүрген жерінен тауып алыпты, – деп Гүлия жылқышыдан бұрын жауап берді. – Келе ғой, айналайын, қарның ашқан шығар.

Бұрыштағы бала құйрығымен жылыстап дастарханға жақындай бастады. Бағанағыдай емес, қол-аяғы жылып, еті үйреніп қалғандай. Қарнының ашқаны рас екен, екі көзі әпкесі тураған күлшені тесіп, жұтқынып әрең отыр. Осыны сезген Гүлия бір үзіп әпере беріп еді, шапшаң ұмтылып қақшып алып апыл-ғұпыл асай бастады.

– Аанада жиналыстан соң сені іздеп таппадық, – деді Дархан қонағына шай әперіп. – Сұрайтын сөз бар еді.

– Төренің құшағынан босай қоймас, – деп аттанып кеткенмін. Оспан лағнеттің көзіне түссем де уысына түскім келмеді. Әрі-бері аялдасам, шынымен-ақ айдатып жіберері сөзсіз еді. Не сұрарынды білем, бозжорғаның жайы ғой...

– Иә, сол, аға... Оспан сөзінің рас, өтірігі еді. Әкемді арғы бетке алып кеткен сіз едіңіз, бір хабарын біле ме деп...

Жылқышы жігіттің екі көзі Гүлияның бетін тіліп түскен тыртықта. Сұрайын, сұрайын деп қанша оқталса да батпады. Өзі айтар деп тосқан. Бірақ ол туралы сөз болмады. Шыдамы жетпеді ме:

– Қалқам, бетіңе не болды? – деп қарсы сұрақ қойып әңгіменің желісін басқа жаққа бұрды.

– Қалаға қайтып бара жатқанымызда басына қарын қаптаған атты кісі тіліп кетті, – деді мұңайып. Осы сауалдан қашып бетін тұмшалап жүруші еді, бәрібір көріп қояды. Пышақпен тіліп кеткенде ауырсынбаған беті, жұрттың тесіле қарағаны мен «не болды» деген сауалынан сыздайтын. Бүркеңкіреп қоймай, ашық қалғанына өзі де өкінді.

– Кім екенін білмей отырмыз, – деді Дархан. – Кім екенін білсем, жеті қат жер астына сіңіп кетсе де сүйреп шығар едім, әттең. Үлгере алмадым, мен барғанша қашып кетіпті.

– Жүрегі тастан жаратылған жауыз ғой. Әйтпесе мұндай бетке қонған шанды сұртуге именбей ме...

Тамаққа тыңқия тойып, бойы жылынған Мұрат қалғып-мүлгіп маужырай бастаған соң Гүлия сол отырған жеріне төсек салып жатқызды. Дархан май шамды жағып, бағанағы сауалына қайта оралған.

– Сонымен Оспан бозжорғаны қайдан алды деп ойлайсың?

– Тәргі кезінде Омекеңнің бүкіл жылқысы сол соқырдың билігіне көшті ғой.

– Десең де бозжорғаны Омекеңнің өзі мініп қашпап па еді...

– Ол рас.

– Ендеше Оспанның тақымында жүргені қалай? – Дарханның бастырмалатып қонған сұрағы китығына тиді білем.

– Бірге істейсіндер, күнде көріп жүрсін, өзінен сұрамадың ба? – деді Бати.

– Өзінің не дегенін мен ғана емес, бүкіл ел естіген.

– Естісе, несіне қазбалайсың! – жылқышының даусы қаттырақ шықты.

– Бұл қай қырың. Мойындағаның ба?! – Дархан да ажырая бастаған соң екі жігіт шекісіп қалар деген Гүлия әңгімеге араласты.

– Қойыңыздар.

– Қоятын түгі жоқ, қорқа-қорқа батыр болдық. Әкеңді өлтірген осы! – Жарының бетіне алғаш рет тік қарағаны еді.

– Ал мен өлтірдім, қылатыныңды қылып ал. О несі ей, асын беріп отырып, асты-үстімді қазғаны. Мені айыптайтын сен емессің, сот бар, өкімет бар. Онда да ұстай алатын болса... Тіпті

айыптағанның өзінде байдан кегін алды, қашқынды өлтірді деп ағартып жіберер еді.

– Менің өз сотым – өзімде. Тырп етіп көрші!

– Әкіреңдеме. Алты алашта сенімен итжығыс түсетін тек мен ғана екені есінде шығар.

– Қойыңыздар... – деді Гүлия араға түсіп. – Әкемді өлтірген сіз емессіз, сенбеймін.

– Қайла ұстап, қарағайдай азамат болды ма десем, алды-артын ойламайтын қатын ашуың қалмаған-ау, Дархан. Біле білсең, Омекеңді өзім қашырып, өзім өлтіретіндей не басыма күн туды. Гүлия қалқам, жүрегінді жаралап айтпайын-ақ деп едім, амалым таусылып отыр. Өз-өзіне берік бол, әкең енді жоқ, арғы бетке өте алмай екі ортада жан тапсырған. Соңғы кезде жүрегі шаншып жүруші еді ғой, шыдамады марқұм.

Гүлия бетін басып солқылдап жылап жіберді. Уатқан ешкім болған жоқ.

– Қайран әкем, ит-құсқа жем болып көмусіз қалдың-ау. Қайтіп бізге жоқ екенінді қоштасқаныңнан сезіп едім, қайтейін ұл боп тумаған соң... бірге аттанар едім соныңнан, тым болмағанда ел-жұртыңнан бір күрек топырақ бұйырмады-ау.

– Ел-жұртынан топырақ бұйырмау үшін қашып еді ол кісі...

– Сайрап отырған кісінің аяқ астынан... әй, Бати-ай, адал көңіліңе сенбесек, қалай айғақтай аласың?..

Дарханның әлде де дәркүмән келтіре сөйлегені еді Батиға батқаны. Омар үшін қолынан келгенін аяған жоқ. Қарақан басын қауіпке тікті. Егер бар болса бір Құдайдың өзі куә. Қарғанып, ант-су ішіп ақталғысы да келмейді.

– Мен не дейін сендерге, Омекеңнің арғы дүниеге тек маған ғана риза болып аттанғанын медет тұтам. Бар жазығы малының көптігі. дәулетінің тасып, тасының өрге домалап тұрғаны ғана еді. Әйтпесе, жеке басының зияны жоқ, өлім түгілі, өкпеге қиятын кісі емес еді жарықтық. Дүние көздің құрты емес пе, жақсыны да, жаманды да жолдан тайдырған. Жарық дүниемен қоштасар сәтінде қойнына тыққан аз-маз байлығын маған ал деп өтінді. Алмадым. Ер жігіттің еркін жүргенінен артық байлық бар ма, тәйірі. Ақша-пұлдың тұтқыны болғанша ат үстінде жүріп-ақ өз кәсібімді тапқым келеді. Асудың бөктеріндегі қос теректің түбіне Омекеңді түйіншегін кеудесіне қойып, ақірет

киізіне орап, қу-қуалламды үш қайырып жерледім. Марқұм киелі кісі еді ғой, кәмпіскенің дүмпуін құлағы шалысымен-ақ көзі тірісінде моллаға өз жаназасын өзі шығартып қойған екен. Онысын маған айтпады. Көзі жұмылғанша Еркін мырзаның тілеуін тілеп аттанды.

Гүлия солқылдап жылаумен болды. Оны қой деп уатқан ешкім болмады. Май шамның елеусіреген жарығы қоңырқай тартқан үйді қайғы-налаға толтырғандай өлеусіреп жанады. Төрде малдас құрып отырған қос азамат ауыр да оңаша ойға беріліп, әлгінде ғана орнаған мұңлы тыныштықты бұзуға дәті жетпей, шамның әлсіз сәулесіне қадалып қалған. Адасып табылған бала мұрны пысылдап кәперсіз ұйықтап жатыр. Далада боран басталған сыңайы байқалады. Ұйтқып соққан үілі сарын шақырып, кішкентай терезені қар ұшқындары сабалайды. Осы сырттағы желдің ызыңы, үйдегі Гүлияның сыңсуына боздаған түйенің дауысы қосылып арғы бетке жете алмай жан тапсырған Омарды жоқтап тұрғандәй еді. Еңсесін езген ауыр халден серпілгісі келді ме Дархан:

– Байғұс, ботасы өлген іңген ғой, – деді елендеп. – Күні бойы рельс пен шпал тасығанда жағы бір сембей боздайды да жүреді.

– Мал да адам секілді балажан, – деді Бати. – Тор бие ақсақ құлынды ала жаздай соңынан бір елі тастамай ертіп жүрді ғой. Бейшара кейде қалып шөптің арасында жатып қалған құлынының жанынан шырғалап шықпай, тұмсығымен түртіп оятып піскелеп, мекіреніп тұратын.

– Ақсақ құлын біздің үйде, – деді Дархан.

– А, солай ма еді? – деп таңырқай сұрады жылқышы. – Гүлия жақсы көруші еді, өзімен бірге ала келген екен ғой.

– Төркінінен келген жалғыз жасау сол құлын болды.

– Бати аға, – деді Гүлия көзінің жасын жаулығының ұшымен сүртіп. – Әкемнің жатқан жерін көргім келеді, мүмкін болса апарсаңыз.

– Қыстың көзі қырау, қалқам. Қазір сонау ит арқасы киян күншілік жерге бару қиындыққа соғар өзіңе. Мен қазір дайынмын. Жер аяғы кеңіп, қарағай басы бүрлеген соң ертіп апарамын.

– Иә, күн жылынсын, оған да алыс қалған жоқ қой, – деп Дархан қуаттады. – Өлмеген құлға көктем де шығар.

– Қазір емес, әрине. Көктем шықсын, ауыл ақсақалдарын жиып, құран берейін, ескіліктің адамы ғой.

– Бер, айналайын, шейіт болғандардың бәрі тірілерден дұға дәметеді деуші еді.

Ісқырына соққан боранның әсері үйде де білініп, онсыз да шабандай жанған май шамды жыпылық атты.

Жел кеулеп, бөлме суына бастаған соң Гүлия пештің отын үстеп қойды. Ыдыс-аяқты жиып, күнделікті тіршіліктің ағымына түскенде әке қазасы орыны толмаса да бір сәтке ұмытылып, тағдырмен табысудың қамына кірісті. Жер басып жыбырлап жүрген пенденің бірде бар, бірде жоқ – талқысына түспейтін адам бар ма. Гүлия осының екеуін де көрді, жиырмаға толық толмаған жасында, қуаныш пен қайғының дәмін қатар татып, жүз жылға қартайғандай парасат майданының қай-қайсысын қарсы алар, бел буар белсенділікті үйренді. Торға қамап ұстап, сұлулығы мен сайрағанын қызықтар тоты құс емес, жұмыр басты, ет жүректі адам болып жаратылған соң, дүниенің ыстығы мен суығына көндігу азабына төзіп, алға ұмтылу керегін ұқты. Құбылмалы құбылыстың ұшқан құс, жүтірген аңын тіршілікке құмар ғылып жаратқан табиғаттың толассыз соққан жүрек дүрсілін тыңдап, қайғысыз қара суға семірген мамырстан өмірден артық бақыттың жоқ екенін сезді. Бірде әдемі, бірде сұрықай әлемнің ет пен сүйектен жаратылған титімдей ғана мүшесі болып, қан тамырың соғып тұрғанда аспандан ұшып өтуді армандаған адамның биіктеуінен де жер бауырлап, еңбектеуі көп екенін білді. «Еңбек» деген сөздің мән-мағынасы, сәбидің алғаш рет талаптанып, еңбектегенінде жатқанын енді ғана бағамдап, күйеуінің күректей алақанынан құдіретті күш көргендей шүкіршілік жасаған.

Түннің едәуір уағы болып, жатуға ыңғайланғанда Бати:

– Мұратты қайтеміз? Егер ауырсынсаңдар алып кетейін, жалғыз жүргенше ес болсын, – деп еді Гүлия кәдімгідей безектеп кейіс білдірді.

– Жақсылығыңызды жағымыз түскенше ұмытпаспыз, аға, – деді ақтарыла сөйлеп. – Бір тұқымнан мынау бір ғасыр мекен болған Құландыда жалғыз өзім қалып, құлазығандай өгейси беруші едім. Мұраттың ендігі тағдырын маған тапсырыңыз. Құдай айдап келген шығар, көзімнің тірісінде балалар үйіне тапсырып, жетімсіретпеспін.

– Байдың баласы деп қудалай берер. Оспан секілді әпербақандар аз дейсін бе. Дархан, сен өзіңнің атыңа жаздырып ал, – деп ақыл қосты Бати.

– Өзім де соны ойлап отырмын. Енді ертеңнен бастап Мұрат Дарханұлы болады, – деп, қол-аяғын бауырына алып ұйықтап жатқан баланы қымтап жауып қойды.

– Саған айтар әңгімем бар еді, – деді Бати, екеуі арасында орнаған реніштің тұманы сәл сейілген соң. – Қайлауда алтыбақан кұрып асыр салып жүргенінде арғы беттен әкең келіп Омекеңнің үйінде жатқан еді. Сенің ауылда екеніңді білген жоқ, ал білгендер айтпаған. Омекеңнің алты айғыр үйір жылқысын Асуға дейін мен айдасып барып едім, жарықтық Омекең бес жылғысын бұрын ойлаушы еді-ау. Арғы бетке аман-есен жетіп, сол жылқылардың қызығын көрем деп тапқан айласы ғой. Бұйырмады. Шекарадан өткелі тұрып айтып еді әкең: «Дарханды көрсең сәлем айт. Екі оттың ортасында қалып, ұлымды жанымда ұстай алмадым, кешірсін, туған жерден бір күрек топырақ бұйырмай ары өтіп, бері өтіп – екі кемеңің құйрығына жармасып қақпағыл болып қалған менің тағдырымды қайталамасын. Жолын дұрыс тапты, енді жөнін де табар. Әйтеуір, жаққан отын сөндірмесе одан артық бақ, дәулет жоқ», деп еді. Қойнынан алып мына бір шақпақ тасты берді. «Жапан түзде жүріп тоңғанымда, не болмаса ашыққанымда от тұтатып жылынып, ет қақтап жеуші едім», – деп саған берді. Міне, сол аманатты енді өзіңе тапсырайын, мойнымда қарыз болмасын.

Жылқышы жігіт ұсынған шақпақ тасты алақанына салып салмақтап отырған Дархан әкесінің нені меңзеп, нені аманаттағанын көкірегіне түйді.

– Сіз қазір аттанбақшысыз ба, аға? – деді Гүлия. – Боран болса мынау, түннің ортасында қайда барасыз асығып?

– Қайда барарымды өзім де білмеймін, қалқам. Қайда жүргенім ғана аян. Қазақ даласы – адастырмас, қазақ арасы – алжастырмас. Күннің суығы, боранның ұлуы үйренген жауым, жалғыз жортқандағы жолдастарым. Менің қорқарым табиғаттың дүлей күші емес, ондай күш өзімде де бар, менің қорқарым ел ішінің ысқаяғы, өсек-аяғы. Оспан секілді пысықтары ертең осы үйден аттанғанымды көрсе кесірім сендерге тиер. Аттанайын. Ал жазғытұрым қайта айналып соғармын. Уәде – Құдай сөзі.

Әкеңнің қабірін көрсетіп қайтармын. Сау болындар. Екеуіңнің өміріңе қызығамын, бірақ қызғанбаймын.

«Апырай, әкем де аттанар алдында дәл осылай егіліп қоштасып еді. Аман жүрсе екен азамат», – деп күбірледі Гүлия көңілі іріп. Соңғы кезде көңілі жоқтан өзгеге босай беретінін және ойлады.

Қарақасқа атына үзенгіге аяғын тигізбей жалғыз-ақ секіріп мінген Бати ұйтқып соққан ақ түтек боранның арасына сіңіп жоқ болды. Оралар ма екен? Оралатын шығар...

Түске дейін соққан боран жол салушыларға кесапатын тигізді. Мардымды жұмыс болған жоқ. Әсіресе, рельс төсеушілер барын киіп, бақанын қолға алып шығып еді, бет қаратпай қар бүркіп сабалағанда жандарын қоярға жер таппай баспаналарына қайта қашып тығылған. Баспана дегенде Құландыдағы біртіндеп отырықшылыққа айналған ескі там, жер кепе, айналасын қар тұтқан қараша киіз үй. Басқа қалалардан көмекке келген әр ұлттың өкілдері, тәжірибелі жұмысшы мамандар Омар байдың қыстағында үш бөлмесіне нар төсеп сол үйде жатады. Жергілікті қазақтар ауыл-ауылдан қатынап, ертеңді-кеш қыр асып, жаяу-жалпылы құндыздай шұбап бара жатар еді. Кейбір ағайын-туғаны, тамыр-танысы барлар Құландының тоқал тамдарынан шығып, қайда ұйықтап, не ішіп жүргендері белгісіз әйтеуір уағынан қалмай жұмысқа келер еді. Қыр жайлап, шет қонып, жаздай қымыз ішіп, бағлан жеп нағыз қол жұмысына түспеген қазақы жігіттер ә дегенде көбеңсіп, төтеден келген ауыр жұмысқа көндіге алмай жүрді. Тиіп-қашып төбе көрсеткен болып, қосақ арасында тек жүргендері де бар. Кейбірі қолын бір сілттеп артельге кіріп, «көрмегенім шойын жол болсын» деп сырғақсып кеткен. Әйткенмен де кеңдігін, осы еңбекті ерттеп мінген табанды қазақ жұмысшылары даланың завод, фабрикасы жоқ салқар төсінде-ақ қалыптаса бастаған. Дархан-сынды жалпақ табан, құрыш білектілер шойын жол бойындағы ұсақ развездерде түкпілікті ірге теуіп, өмірімнің күре тамыры болды деп кешпей де қонбай, бар қарекетін қайладан тапқан.

Бүгін үдей соққан боранға қарамай қасарысып көріп еді, табиғаттың мылқау күшіне қарсы келе алмаған соң, толастағанынша жұмысты қоя тұрған. Көкжиекті жалмап-жұтып, ақ көбінге оранып сұлаған қайран даланың апшысын

қуырған жынды боран сап болғанда әр үйдің есігінен інінен шыққан суырдай әркім-әркім сығалай бастады. Қылтиған бастардың қайсыбірі меңірейіп шойын жолға қарады. Кешегі арқандай шұбатылған жолдың сорабы бітеліп, қоянжонданып жатыр. Енді сол шойын жолды қымтап тастаған қасат қарды тазалау үшін күрек, саймандарын сайлап сабылған жұмысшылардың қарасы молая түсті. Дархан да осылардың арасында. Үлкен ағаш күректі иығына салып солай қарай беттеп барады. Кеңсе жақтан Оспанның төбесі көрінді. Үстінде кімнен алғаны белгісіз қасқыр ішік, басында құндыз бөрік, бейнебір Омар бай көрден тіріліп келгендей алыстан тым оғаш көрінеді. Сонадайдан қарағанда шонжар тұқымынан тәргіге ілінбей аман қалған жұрнағы іспетті. Атасында көрмегенді ботасында көрген Оспан аз күндік семіздікті көтере алмағандай ырғалып, ата қаздай қаздаңдай басады. Оны көрген жұрттың бәрі таң қалды. Ылғи да бір малақайын баса киіп, екі білегі сарайып дірдектеп жүретін Оспан бой жасағандай, үлде мен бүлдеге оранып шығуы қай қыры, анау асыл киімдерді қайдан алды? Бәрі де жұмбақ еді. Ауыл ортасында жалғыз құдықтан су алғалы шыққан Гүлия ғана бригадирдің үстіндегі Долдаш ағасының ішігін таныды. «Жазған осы киімдерін үстіне іле алмай-ақ кетті-ау».

Осы кезде бір қызық уақиға болды. Атандар мен іңгендердің барлығы көлік жұмысына жегіліп, ыңған тайлақ, боталардың арасында қалған бұл ауылдың нөқта, жіп көрмей тағы болып кеткен жалғыз бурасы аузынан ақкөбік ағып, үілдеп Қызылегіз жақтағы жотадан қылаң берген. Алғашында ешкім мән бермей өз қаракетімен әуре еді. Наурыздың басын ала жарап, жынын шашып жынданатын бура талай сойқанды бастайтын. Бұрынырақта мұндай жынын шақырар бураларды тас қылып байлап тастайтын. Әйтпесе көзіне не көрінсе соны қуып, шайнап, тізесімен езгілеп тапап өлтіретін-ді. Ақбас бураның алғаш рет бос жүруі әмбесінде іңгеннің бәрінен айрылып, шамданып буырқанған кесапатты шағы еді. Жер қазып, жол төсеген жұрттың хайуанменен ісі болмады. Ақбас бураның әсіресе биылғы жылы қысастайып, шабынуының өзіндік себеп-салдары бар-ды. Кеше ғана тілерсек тістесіп, бұла боп ескен тобынан бір-ақ күнде көз жазып, айырылып қалғанын кеш, осы наурыз басталғанда ғана шындап ұққандай

құтырына бастаған. Өткенің сол өкініші жоқ өтпелі өткенінің қимас қым-қуыт шақтарын іздеп, шудасын жел қағып маң-маң басқан Ақбас бура үлпілдек үміттің жетегінде бұлыңғыр сапар шекті. Хайуан екеш хайуан да аңсап сағына алады-ау... Тек, анау темір жолдың бойында қараңдап, құмырсқаша қыбырлап жүрген екі аяқтылар ұға бермейді. Кеңгірдің жотасына шығып, жауын мүжіп, уақыт қажаған көне мазарды иіскелеп біраз аялдады. Бұл тұстан қарағанда етектегі ел аяғының астында қалады. Ақбас бура туған ауылын көптен бері көрген жоқ еді, қар басып, томпайып-томпайып, анасы атылып қалған қаздың жұмыртқасындай бұйығы жатыр екен. Ой-қырдың бәріне құрықтай мойнын созып, үздіге қарап боздады. Ауыздан ақ көбік ақты. Дала мелшиіп, мәңгілік ұйқыға кетіп, сарыңсыз жатыр. Итше ұлыған алақаншық боран жаңа ғана толас тауып, сан болған. Шабынған бура аппақ буалдыр дүниеде өз ағайын-жұрағатын іздеді, көз қарықтырып ұзақ іздеді, таппады. Жүк арта-арта әбден ығыр болып, мылжа-мылжасын шығарып тастаған атан мен іңгендер шөгіп-шөгіп жатыр еді, көзіне түсе қоймады. Осы кезде үйден шығып, аюдай қорбандап, шойын жолдың қарын аршып жүрген тамам жұмысшыларға беттеген жұп-жұмыр пәлені көрді. Көрді де шам шақыра долданып, бұл әлемнің бар билігін өзі алғандай өжеттікпен буырқанды. Аузынан ақ көбік пен будақ-будақ бу атқылап, сол қорбандаған домалақ пәлені қарауылға ала тұра безді. Қасқыр ма, адам ба бәрібір сазайын тарттырмақ ниетте тайраңдап бастап, тапырақтай шапқылаған көзінен жас саулап, артына ақ боранды үйіріп шапқылаған.

Төбенің басынан қосаяқтап құлдыраған бураны алғаш байқаған Дархан еді. Сасқалақтап қалды. Құтырған түйені талай көргені бар. Дәл қазір анау андыздаған бураға істер еш қайлалары жоқ-ты. Осы үркердей үйірілген жұмысшыларды түгел таптап, кеудесімен қағып мыжғылап тастауы оп-оңай. Атып өлтіретін мылтықтары жоқ. Мұндайда не істеу керек? Ауылды бетке алғаны анық. Ең қолынан келгені: «Бура, жынданған бура шапты! Сақтаныңдар! – деп саңқылдап жұртқа ескертумен болды. Оқтай зулап келе жатқан бурадан қорықпаған адам қалмады. Кейбірі ауылға қарай тырағайлап жөнелген. Оспан делдиіп қарап тұрды да, кеңсеге қарай безді. Өне, сып етіп кіріп кетті, есіктен сығалап тұр. Екі шелек суды есік көзіне

қоя берген Гүлия ақбас бураның ағып келе жатқанын жаңа байқады. Малды ауылда өскен ол құтырынған бура бойында жаны бардың бәрін шайнап, езіп тастайтынын бұрыннан білетін. Үй-үйге тығылып жан сақтамаса қашан айдалаға лағып кеткенше тыныштық жоқ. Оның әсіресе шошынғаны, анау жолдың бойында үріккен қойдай үйме-жүйме болып ес-ақылдан айрыла шошынған жұмысшылардың шарасыздығы, астында ат, қолдарында қаруы жоқ дәрменсіздігі еді. Ал олардың ішінде Дархан да бар. Күректерін көлденең ұстап, не болса да тосып алмақ тәуекел байқалады. Осы кезде Гүлия кеңсенің бұрышында байлаулы тұрған әкесінің бозжорғасын көрді. Ойланбастан тұра ұмтылып шапшаң шешіп, лып етіп қарғып мінді де жұлдыздай аққан Ақбас бураның алдынан шықты кескестеп. Түйеге керегі де осы еді. Туралап барып бозжорғаға қамшыны басып-басып жіберіп көлденеңдей шапқылағанда аузынан көбігі бұрқыраған бура қуа жөнелді. Ауылға шапқан алпауытты әлдеқайда бұрып әкетті.

– Ол кім?

– Кім де болса ер екен.

– Жаулығы желбіреген әйел, – деп шулаған жұмысшылар ілгерілі-кейін зулаған аттылы адамға көз жазбай қарап тұр. Бозжорғаға мінген әйелді Дархан ғана таныды. Танығанымен істер айла жоқ, әбден жарап ширыққан ызалы түйені жаяу қуатын емес, бар сенгені бозжорға, «жеткізбей кетсе екен» деп күбірлейді. Тақымын қыса құстай ұшқан Гүлияның да тілегені осы – астындағы аттың төрт тұяғы ғана. Әкеден қалған бозжорғаның шабысы перен, қолтығын сөге жөнелген. Ә дегенде қасат қарды омбылап текіректеп қалған ат жел ұшырып, жалаңаштап тастаған қатқакқа тұяғы ілінуі мұң, сілтеді-ай дерсің жануар. Үстінде отырған қазымыр бригадир емес, нәзік жанды әйел екенін сезгендей, сол әйелдің басына төнген қауіптен құтылу керегін білгендей жер танабын қуыра зымырады. Тұяғынан ұшқан жентек-жентек қар аралас топырақ бұршақша жауып, бурадан оқ бойы озып-ақ кетіп еді. Гүлия артына енді бір қарағанда арқан бойы жақындап қалғанын байқады. Атына қамшыны қайта басты. Тағы да қара үзіп кетпесе екі аралықтың тым жақын қалғанын сезген. Екі көзінен парлап аққан жасты жеңінін ұшымен сүртейін деп қанша оқталса да тізгінге қарысып қалған қолдарын жаза

алмады. Бозжорға болдыруы мүмкін, бірақ бура райынан қайтар емес. Ауылдан ұзаққырап кеткен сәтте жол бойындағы жұмысшылар да тым-тырақай бөзіп баспаналарына қашып тығылған. Бұдан әрі төзуге шыдамы жетпеген Дархан қолына үлкен сойыл ұстап, қорада шөп жеп тұрған көп тырақының біріне мініп әлгілердің артынан қоқырақтап шығып еді. Әбден жүк тартып екі қапталы саталақтанған торшолақ мың салса бір баспайтын шабан екен, құйрығын шыжбындатып әрі-бері шегіншектеп алды да шоқырақтап жөнелді. Қызылегізді бетке алып бірін-бірі қуып кеткен хайуан мен Гүлия төбеден асып зым-зия жоғалған. Қабыршықтанған қар бетіне ойылып түскен іздері ғана сайрап жатыр.

Бозжорға болдырайын деді. Ақбас бура өкшелей қуып қалар емес. «Өлген жерім осы шығар» деп ойлады Гүлия. Басына қауіп төнгенде адамның ойына қай-қайдағы келеді екен. «Егер мен өлсем Дархан басқа біреуге үйленер ме екен». Енді ол әлгінде Кеңгірдің мазарына бұрылмай жанынан зулап өте шыққанына өкінді. Бозжорғаны бос қоя беріп, қарғып түсіп ішіне кіріп кету керек еді. Арқасындағы адамнан айрылған жылқының қашып құтылуы сөзсіз. Кері оралуға кеш болды. Қайта қайырылса Ақбас бура қарсы алдынан шығады. Ие істеу керек? «Шаршамашы, бозжорға, шалдықпашы, атар таңым алда еді ғой; тым болмағанда паровозды көріп, үстіне бір шығып жан тапсырсам арман не... шаршамашы, бозжорғам, шалдықпашы... көрер қызығым алда еді... ең болмағанда Дарханымды жалғыз қалдырмай, сәби тауып берейін, кіндігі үзіліп қала ма...»

Қадау-қадау ши басқан дала жүйткіп келіп бозжорғаның бауырына кіріп жатыр, кіріп жатыр. Үстінде қаршығадай қонып отырған Гүлия сол қырбақтанып көз қарықтырар даладан өзге дүниені көріп те, сезіп те келе жатқан жоқ. Осы кезде анау бір дөңестің үстінен жалғыз атты жолаушы шоқытып шыға келді. Оның кім екенін білмесе де бозжорғаның басын солай қарай жалт бұрып еді, екпіндей жетіп қалған бура ағып өтіп, қайта қайрылғанша ұзаққырап кеткен. Жалғыз атты жолаушы да бұларды көріп көлденеңдей шапты. Гүлия жалғыз емес екеніне есі шыға қуанды.

Боран басылған соң қансонар қуып, түлкі қағуға шыққан Бати бозжорғаны шабысынан таныса да, үстіндегі жаулығы ағараңдаған әйелді әбден жақындағанша шырамыта алмады.

Ендігі ойы Ақбас бурадан екеулеп жүріп құтылу. Жынын шашқан құтырық түнеден тірідей босанып шығу мүмкін еместігін сезген жылқышы қанжығасынан бір елі тастамай байлап жүретін қыл арқанды асығыс шешіп, шиыршықтап ұстады. Аттың екі рет аттағанын жалғыз-ақ қарғитын бура шудасы желбіреп тура жанынан өте бергенде өкпе тұсынан келігін қатарласа шауып қолына ыңғайлап ұстаған шалманы көздеп тұрып лақтырып, бір ұшын тақымына орап ала қойған. Өлген-тірілгеніңе қарамай шаптыға шапқан Ақбастың мойнына сарт етіп іліпген арқан қайта буындыра түскенімен екпінін баса алмай мұрттай ұшты. Тақымына арқан оралған Батидың батырлығы түкке аспаған. Арыстанша атылып келе жатқан алып түйенің күші мұны да ат үстінен жұлып алып допша домалатты. Ә дегенде хайуан да, адам да тоң жерге тонқалаң аса құлап ауырсына жатып қалған. Ғажабы, адамнан түйе бұрын тұрды. Тұрды да керіскедей аузын жалмандата өз жынын өзі шайнап, астыңғы ернін салпита уілдеп ақ көбігін ағызды-ай. Содан соң анадай тұста итше бұралып жатқан Батиға тап берді. Не істерін білмей сасқалақтаған жігіт мойнына асынған мылтығын іздеп еді, таппады. Құлаған кезде өзінен бұрын ұшып кетсе керек. Жалма-жан пышағына жармасты. Мойнына түскен қыл арқанды сүйретіп маң-маң басқан Ақбас тіпті асығар емес, жаяу қалған жауының енді қайтып қашып құтылмасын білгендей омыраулап келеді. Жылқышының жүрегі аузына тығыла алғаш рет қорыққаны осы шығар-ау, кездігін кезеп «айт! шөк-шөк!» – деп айбаттана ақырды. Көзі қанталап әбден шабынған бура алдында адам түгіл аю тұрса да сасар емес; аузын арандай ашып бақырып, қарпи тістеп шайнап тастамақ. Олай бұлтарып, бұлай бұлтарып маңайлатпаған Бати аяғын бура қағып құлағанын өзі де байқамап еді. Қайта тұрамын дегенше дәл екі қарасаннан Ақбастың шөкелеген қос тізесі басып тырп еткізбеді. Алпамсадай түйе шапшаң шөгіп езгілеп, екі тізесін ырғап жынын шашқылады. Басы мен екі қолы бос қалғанына қуанған Бати сармойын пышақпен түйенің қолтығынан сұққылай берді, сұққылай берді...

Қашықтап кеткен Гүлия қайта айналып келгенде бураның да, Батидың да жанарлары жылтырап, бір нүктеге қадала қатып үнсіз жатыр еді... Аттан домалап түсіп, ағатайлап ұмтылды. Бура қауіпсіз, мойыны иір-иір болып ақ көбік аққан басы оң

қапталға қылжиып қалған. Қолтығынан саулап аққан қып-қызыл қаннан бу шығады. Жылқышы да қыбыр етпеді. Бар қуатын жинаған Гүлия шидем шекпенінің омырауын ағытып жіберіп, күн тимей ағарған алып кеудеге құлағын тосып еді, әлсіз дүрсіл естігендей болды. Тамырын ұстады – сұп-суық екен... Түйені аударып астынан суырып алуға дәрмен жоқ. Өркешінен ұстап тартқылады. Мизете алмады. Сонан соң өлі түйенің мойнындағы арқанды ағытып, шалмалап бозжорғаның омырауына байлап шу дей қалғанда ғана Ақбас бура былқ етіп қабырғасына құлап түскен.

Түйенің қанына малшынған Батидың денесі де бурадан кем емес, соншалық ауыр көрінді Гүлияға. Арыстан азаматты алдына алып сұлатып салып, жылаудан өзге қолдан келер қайран жоқ дағдарыста отырған. Түйенің қанталаған үлкен көзі жұмылмай, қорғасын бұлт туырлықтай тұтастырған аспанға қадалған қалпы мәңгілікке қатып қалған-ды. Аспанның суреті түскен қимылсыз жанардан жып-жылы жас ағып жатты... Таза да тәкаппар жас... Аппақ қардың бетінде ұйыған қанға қарауға Гүлияның дәті шыдамады. Лайсаңға айналған осыншалық мол әрі қап-қара қанды тұңғыш рет керуі еді, жүрегі лоблыды. Алақанына салып бас бармағымен басып отырған Батидың сіңірмен жарысып білеулене біткен тамырына жан жүгіріп, бүлкілдеп соға жөнелді ме қалай? Соға бастады!

«Ағатай-ай, тірі екенсіз ғой. Кеудеңіздегі шыбын жан шырқырап жатыр екен-ау».

Осы шақта астындағы торшолақты сабалап тепең қаққан Дархан да келіп жетіп еді. Астындағы тырақының мардымсыз жүрісі әбден жанына тиген ол қарғып түсіп, сонадайдан жаяу жүгіре басып ұмтылған. Ес-түссіз жатқан жылқышыны емес, шоқайып жігіттің басын сүйеп жылаған Гүлияны бас салды.

– Тірі екенсің ғой, Гүләйім. Құдай сақтаған екен ғой.

– Құдай емес сақтаған, Бати аға!

– Ер екен. Бойында жаны бар ма өзінің? – Ол да ашықтау қалған кеудесіне құлағын тосты: – Тірі, талықсып кеткен секілді. – Шүберектенген бет сол жыбырлап, ашылып барып жұмылған көзі қозғалғандай болды, кірпігі қимылдап сәл ауырлап жатты да жанарын ашты. Әншейінде байқамайды екен, жылқышы жігіт соншалықты келбетті, азаматың қайсы десе, мынау дейтіндей сұлу... енді ғана, жаны қиналған минутта ғана

қалқып бетінен көрінді. Қабағын шытып барып «уһ» деп ауыр дем алды.

– Бати аға, қай жеріңіз ауырады? Мені танысыз ба? – деді Гүлия қасқайған аппақ маңдайына алақанын басып. Дархан бетіне қар суын сығып тамызды.

– Алақаның қандай ыстық еді, қалқам, – деді кеберсіген ернін әрең қозғап. Содан соң қозғалайын деп әрекет жасап еді, ышқынып барып көзін қайта жұмды.

– Денесінде сынық бар. Ауылға жеткізу керек. Көзін жалмажан ашқан Бати басын шайқады:

– Керек емес, – деді тілге келіп. – Керек емес.

– Олай деменіз, аға. Құландыға жегкізсек онда орыс дәрігері бар, емдейді, жазылып кетесіз. Сіз керексіз бізге, керексіз! – Гүлияның көзінен тағы жас бұршақтады.

– Ержігіт аттан жығылмай жертанымайды деген, Бати. Сауығарсың, ауылға апарайық, – деді Дархан.

– Құландыға емес, – деп басын шайқады. – Ақшидегі артельге барайын шамам жетсе. Кеудемді көтеріндерші.

Екеулеп жүріп еңсесін көтеріп еді, шытқынып қатты ауырсынды.

– Сынық бұғанада, – деді кеберсіген ернін қанын шығара тістелеп. – Дархан, анау қыл арқанмен кеудетұсымды мықтап тұрып таңып тасташы. Аяғым ештеңе етпес, сіңірім созылып қалған секілді, қасқа құлындай қауқарым бар шығар.

Дархан жылқышының белінен жоғары қарай шыр айналдыра иығынан айқастыра шандып матай бастады.

– Қаттырақ, – деді Бати тістеніп. – Қаттырақ ора! – Байлау аяқталған соң басын көтеріп отырды да: «Мок-мок» деп анадай жерде бірінің сауырын бірі қасып жаны кіріп, шұрқырасып тұрған қара қасқасын шақырды. Оқыранып жанына келген аты иесін иіскеп еді, Бати «жат, жат» деп әмір берген. Кәдімгідей шөкелеп барып, тұра іргесіне тақала жатты. Аттан осыншалық ақылдылықты күтпеген Дархан мен Гүлия таң-тамаша.

– Ал енді, Дархан, мені мінгізіп жібер. Ақшиге ептеп-септеп өзім де жетермін.

– Жок, болмайды, біз де ере барамыз, – деген сөзді екеуі бірдей жарыса айтты. Қара қасқа үстімдегі ием құлап қалар дегендей жайлап тұрғанда Бати да сау аяғын үзеңгіге салып, бұғанасы сынбаған жақтағы қолымен тізгінді ұстады.

– Әй, Дархан, мылтығымды иығыма іле салшы, – деді.

– Апырай, Батеке-ай, бізді серік қылсаң етті. Жолда бірдеңеге ұшырап, – дей берген Дарханның сөзін бөліп жіберді. Ат үстіне шыққан соң аруақтанып, мерейленіп қалды ма, даусы қар үстінде жатқандағыдай емес саңқылдап шыққан.

– Бірдеңеге жалғыз-ақ рет ұшырайтын адаммын мен. Өуре болмаңдар. Егер артымнан ерсендер өкпелеймін, қайтіп көрмеймін беттеріңді. Мені қойшы, Ақшидегі оташы шал жазады ғой, Құландыда қалған ақырғы бураға обал болды, тұқымы жақсы еді хайуанның. Бауыздап таста, Дархан. Арам өлген жоқ, қаны шыққан, етін жеткізіп алыңдар. Жұмысшыларыңа бір апта азық етерсің. Құтырған бураны қамшымен қақ басқа бір салып етпетінен түсірген бұл елде сенің әкең Таңатар ғана еді. Мен пышақ жұмсадым, осалдығым да. Ал, қош аман болыңдар. Гүлия қалқам, ептеп тәуір болсам отызқырық күнде қайтасоғып, тілегіңді орындармын, – деп қара қасқаны тебініп қалып шоқыта жөнелді. Артынан қарап қалған Дархан мен Гүлия жылқышы жігіттің тіп-тік болып иіні иілмей сау желе жөнелгеніне қайран қалды.

«Япыр-ай, бір адамның бойына осыншалық күш-қуат қайдан дариды екен», – деп ойлады Дархан.

«Жігіттің нарқасқасы едің, аға, аман бол, аман бол», – деп күбірледі Гүлия.

Осы оқиғадан кейін зымырап талай уақыт өтті. Наурыз, көкектің айы суалып, мамырдың көгі қаулай бастаған шақ. Жарықтық көктем адамзат, жан-жануардың кем-кетігін толтырып, өлмелі нәрсенің бәріне жан салғандай жайната құлпыртып жіберер құдіреті бар-ау. Қыстың, әсіресе, биыл сұлап жатып алған ұятсыз қыстың қомағай қонағынан құтылып, кеудесін көтерген дала, әне ол да алжасылданған шөптен көйлек киіп төркініне баратын қыздай жетіседі. Күні кешеге шейін бораны қасқырша ұлып, қары қапалақтап жауған қыстың зияны мен пайдасы бірдей болды. Ойпат-ойпаттың бәрі көлшікке айналып, шолақ сай біткен құйын-перен тасыды. Ой-қырдан құлдырап қағып, бұлақ ақты саулап. Қар суына тоғайған Ащысу, Аякөз секілді арналы өзендердің сағасы өткел бермей, жайылған су тіпті Шарға салған жаңа көпірдің деңгейіне дейін көтерілген. Жердің дымқылдығы, кенет жылыған күн – осының бәрі көктің ерте шығып, мамыр

айы орталамай тұрып-ақ сайын даланы майсап бөлеп жіберіп еді. Тескей-тескей, жота-қыратта бәйшешек гүлдеп, сайлау, қолаттарда көкек гүлі бас жарды. Еңірекей, Бесшоқы, Ақши, Жарма секілді жаңадан ұйымдастырылып, қаз тұра бастаған артельдің қыстан, қыстайғы соғымнан аман қалған арық-тұрық бірлі-жарым малдары ербиіп қырға шықты. Әсіресе, құйрығы саталақтанған тоқты-торымның аузы үркіп-үркіп тез шығып, тез ұшатын тарлауға тиген соң жілігіне май жүгірген. Кеш келген көктемге көп нәрсе ілінбей арманда кетті. Ал ілді-алдалап аман-есен ілінгені күншуақтап, өмір жырын айтуға көптің бірі боп қатысқанына мәз.

Аякөз өзенінің жылдағыдан әлдеқайда қатты тасуы, әсіресе, өзеннің өргі ағысында мекендеген елдің әңгімесіне айналды. Шапағынан асып, жағалауға жайылып кет-кен топан су иін тірей қоныс тепкен біраз жұрттың тынышын алып, берекесін кашырды. Екі ернеуін жұлып жеп, ақ көбіктенген аққұла өзен, өңірге қадаған түймедей орналасқан елдің тоқал тамдарын тып-типыл алып кеткен. Жағалауға жырттып сепкен артельдің ұлтарактай-ұлтарактай егін алқабын жаңа кектеген жас қалпымен шайып әкетті. Баспанасыз қалған диқандар қырға қашып шығып, бас сауғалаған. Төбе-төбенің басында бестек, қомшаларын үйіп қойып, шоқайып, қарайып отырған қазақтар төтеден келген табиғат апатына көрсетер қарсылықтары жоқ, жетімсіреп, тағдырдың тәлкегіне ұшырағандай қапалы еді. Осы кезде Түркісіб құрылысында жүрген жұмысшылар қолұшын берді. Ақши артелінің баспанасыз қалған жұртына жүздеген қайлашы ұйымдасып келді де, екі-ақ күнде балшықтан соғып там тұрғызды. Осы істің басы-қасында жүрген Дархан әкесінің моласын көріп қайтуға шыққан Гүлияға ере алмады. Аяқ артар ат тауып берді де өзі өзен апатынан зардап шеккен ауылға аттанған. Бұл көмекті жолшылар жұмыстан сәл қалт еткен бос уақытта жасап жүр.

Гүлияның қуанышында шек жоқ. Тағы да бір туысы қайтып оралды. Егіздің сыңары, Дүрияны қалада рабфакта оқып жүрген Қамбар алып қашып келіп еді. Шешесі мен ағайын-туғанының қарсылығына қарамай, салт басты, сабау қамшылы жігіттің етегінен ұстап кете барған. Үш жылдық советтік партия мектебін толық аяқтамай, еліне қайтып оралған Қамбар Ақши ауылдық Советінің председателі болып сайланды да, Дүрия мектепке

орналасқан. Баяғы Ақжайлаудағы қыз-жігіттер үйірлерін қайта тауып, мәре-сәре қуанған-ды. Қамшысын сартылдатып қолынан тастамай, ұшып-қонып жүрер жан досының ертерек қайтып келуі Дарханның төбесін көкке жеткізгендей болды. Ақылдасып кеңесер, сыбырласып сырласар жан таба алмай, адасқан қазша қаңқылдап, жалғыз жүргенде бала жастан телі ескен Қамбардың қасында болғанын шыншыл көңілмен көксеуші еді. Жылқы екеш жылқы да жануар кісінесіп, сауырын қасысар қосағын іздемей ме... мерейі өсіп, кәдімгідей мәз болып жасап қалды.

Күн көтеріле атқа қонған үш жолаушы желе аяндап сыдырта тартып келеді. Күн шайдай ашық, теңгедей бұлты жоқ көктемгі аспан заңғар тартып, қысты күнгіден әлдеқайда биіктеп кеткендей. Көк пен жер біртұтастанып, жігі ажырамай қалыңдық ойнағандай қойындасып алған. Сол Көк тәңірі мен Жер-ананың жұбайлығынан өмір деген ұл жаралғандай. Көгі жегілген даланың қазіргі қалпы нілденген аспанның жерге саулап түскен бейнесі іспетті. Жазанданып басталған тактайдай тегіс дала бірте-бірте қайқаңға ұласып, алдарынан төбелер, түбі көгеріп, сабағы әлі де сарғайыңқы тартып тұрған шилі адырлар көріністене бастады. Күзеуде отырған былтырғы жұрттың тұсына ілінгенде Гүлияның көңіліне жабырқау бір сезім пайда болды. Бағанағыдан бері екілене аяндап, аттарын сипай қамшылап келе жатқан қос жүргінші, тізгін тежеп қайта-қайта артта қала берген Гүлияны тосады. Батидың өңі сынық, батырға лайық сом тұлға солыңқырап, жақ сүйегі шодырайып шығып тұр. Аясы үлкен көзі баяғысындай жалт-жұлт етпей, неге болсын оймен, мұңмен жүдеу қарайды. Мінез-құлқы, қимыл-әрекеттерінде шаршау бар. Келіншектердің әр сұрағына қысқа ғана жауап қатқаны болмаса, өздігінен шешіліп сөйлемей томаға-тұйық келеді. Ақбас бурамен арадағы сойқанды шайқастан оңбай сынған бұғана сүйегі шодыр біткен, аяғын да аздап сылти басады. Оташының мықтылығынан ғана шыбын жаны аман қалғандай. Сол кеткеннен қайтып Құландыға жоламаған, қарада бой, қарда ізімді көрсетпейін-ақ деп еді, Гүлияға берген уәдесін бұза алмай, міне амалсыз ертіп келеді. Баяғыдағы өр кеуде, ә десе, мә деп тұратын арыстан ашу бүгінде жоқ, сары аурудан сары жамбас болып жаңа ғана тұрғандай тұла бойы дел-сал, ұйқылы-ояу ілбіп, терісіне ілініп жүре берер

ынжықтық билеген. Таудан да, тастан да қайтпас суық қайрат, жайын жүз жылқышының болмысындағы жылт еткеннің бәр-бәрін Ақбас бура тапап, мыжып, құртып тастағандай, немесе өзімен бірге арғы дүниеге мәңгілікке ала кеткендей еді. Көзін жұмса болды, аузынан ақ көбігі аққан бура өзіне қарсы қарап шабынып тұрады, көзі ілінсе болды жер бетінде жосылған мың-миллион жылқылар айға қарай кісінеп жер тарпып тұрады. «Жазған-ай!» деп аһ ұрып жанарын уқалап қарғып тұрып кетер еді.

– Қазір не істеп жүрсіз, аға? – деген Дүрияның даусы ұй-қысынан теуіп оятқандай болды. Үзеңгілес, тепең қағып келе жатқан Омардың екінші қызы Гүлиядай емес тентек, кәперсіздеу ме деп ойлаған. Қаладан шашын қырқып, жаңаша киініп шабыттанып оралған секілді. Бұрыннан да ашық-жарқын еді, қазір тіпті таңдайы тақылдап құлпырып алған. Атқа сидам, әрі нық отырады, бұтында шалбар, тар тігілген жеңіл желбегейді теуіп, тебіне біткен омырауы ат желген сайын әдемі солқылдап, қадала қараған кісінің делебесін қоздырып, қытығын келтіреді. Бірақ, Бати осы өзгерістің бірін де көріп, сезіп келе жатпаған таскерең сыңай танытады.

– Тарбағатай артеліндегі он шақты малды бағушы едім. Ыңғай жылқы емес, сиыр, қой-ешкісі аралас болған соң, одан да безіп шықтым, қалқам. Енді міне, барар жер, басар тауым жоқ қаңғылестеп жүргенім.

– Шойын жолға жұмысқа тұрмадыңыз ба?

– Құдай сақтасын, көрмегенім темір жол болсын деп ант бергенмін.

– Оныңыз мүлдем қате, – деп кесіп айтты Дүрия. Көзі күлімдеп Батидың өне бойын тінте қарады. Мынау үзеңгілес келе жатқан аңқау да адал жігітті мазақ еткендей. – Бүкіл ел сол жол үшін жанталасып, ендігі тағдырын сол жолға тапсырып отырғанда қашаған жылқыдай лақпалығыңызды дұрыс дей алмаймын. Менің ағайым да «Түркісіб» десе төбе шашы тік тұрып ұшынып қалатын. Түсінбеймін сіздерге.

– Ағаңызды білмеймін, мен қайла ұстап жұмысшы болуға емес, құрық ұстап жылқышы болуға жаралған адаммын. Ал өз кәсібімді жақсы көру – анау жаңа кәсіпті жек көруім емес. Салғысы келген адам сала берсін жолын.

– Өзгерте салу қиын ба? Ешкім де іштен жылқышы да, жұмысшы да болып тумайды ғой, аға.

– Қиын, өте қиын, қарағым, – деді Бати күрсініп. – Туатыны да рас... Көрінген жерге күл төге беретіндер көп, олар мінезсіздер. Ондайлар қайсыбір жұмысты да қарық қылып істемес.

– Қызық екен, – деді Дүрия. Бірақ, өзі ойланып қалды.

– Ерекең қазір қайда?

– Семейде ғой. Қызметінде.

– Көп болды көргенім жоқ, әкесінің өлер алдында айтқан аманаты бар еді, мойнымда қарыз болып жүр, бұл жаққа келмей ме?

– Білмедім, аға, бұрынғыдай емес, ашылып ештеңе айта бермейді. Менің Қамбарға тұрмысқа шыққаныма қарсы болды. Тегімізді тентіреп жүрген қайдағы бір қаңғыбасқа былғаттың дейді.

– Өз тегінің кім екенін біле ме екен... – деп айтып қалды да Еркін мырзаның ата-бабасын қазбалау қыз бала алдында ұят екенін ұғып, сөзінің соңын бұрып әкетті. – Қамбар жақсы жігіт. Сері ғой ол, сері... бақтарың ашылсын.

– Айтқаныңыз келсін, аға.

Осы кезде кейіндеп келе жатқан Гүлияға екеуі бірдей елең етіп жалт қарап еді, атының басын тежеп, үнсіз қалшып тұр екен. Қайта қайрылып қасына барғанда ботадай боздап жылаған Гүлияны көрді.

– Не болды саған, Гүлия? – деп қапталдаса келіп қалтасынан алған орамалымен көзінің жасын сүртті. Дүрияның бәйек болып жасаған қамқорлығын мүлдем көрмегендей, білмегендей жанарынан саулаған жас аттың жалын жуып, көпке дейін уана алмады.

Қой, қарағым, босама, – деді Бати келіншектің жылау себебін түсінбей.

– Есімде ме, Дүрия, – деді Гүлия өксіп. – Қалай ғана ұмыта қалдың? Менің бетімді осы тұста тіліп жіберіп еді ғой.

– Ұмытып қалыппын. Кешір, сіңлім, кешір. Дарханыңа бәрібір қосылдың ғой, ештеңе етпес.

– Ештеңе етпес, қалқам, жүрелік ерте күнді кеш қылмай. Барар жер әлі алыс.

Күн тастөбеге көтерілгенде былтыр күзеуде отырған ескі жұрттың үстінен басып өтті. Омардың киіз үйі тігілген жерге

әлі де болса шөп шыға қоймай, сақинадай дөңгеленіп сарғайып жатыр екен.

– Аттан түсейік, Дүрия, – деді Гүлия. – Әкемізді ең ақырғы рет осы жерде көріп едік, осы жұртта келмес сапарға шығарып салып едік.

Үшеуі де жаяулап, атадан қалған қонысқа тағзым жасап үйсіз жүрді. Әр тұста ескіден қалған, тозығы жетіп қаңсып, тот басқан мүліктер жайрап жатыр: түбі тесілген қазан, бір сирағы сынған үш бұтты ошақ, жарық астау, суырылмай қалып қойған адалбақан, ат байлайтын мама ағаш, шұжығы үзілген ескі қомыт, кеуіп қалған сүйек-саяқ, итке ас құятын итаяқ, жүн-жұрқа, қираған бесік, желі байлаған қазықтар – бәрі-бәрі қыстап, қар астында жатып, есен-сау көктемге ілініпті. Бұл жерде де ел болғанын, мәре-сәре өмір болғанын, будақтап түтін шығып, қазан асылғанын, дүниеге сәби келіп, ұлыжіңгір шілдехана, ұлан-асыр той болғанын айғақтайтын көненің көздері әне, жетімсіреп жатыр. Осы мезетте былтырғыдан қалған жіліктің басын қажалап, етпетінен жатқан иттен жетекке алған үш ат бірдей қорс етіп үркіп, тізгіндерін тартып қалды. Дүрия көлігінен қапелімде айрылып қалып еді, Бати атына қарғып мініп қуа жөнелді. Алдындағы сүйекті тастай беріп, тұра ұмтылған иттен енді олар да шошына шыңғырып жіберді. Маңқасқа төбет қабуға ұмтылмаған екен. Құйрығын бұлғап тастап қыңсылай еркеледі. Өлі жүні әлі түспей сабалақтанған, өте жүдеу.

– Оу, мынау біздің ит қой. Бөрібасар ғой, – деп қуана айғайлап жіберді Гүлия. – Құдайым-ау, бұл қайдан жүр.

– Түу, құтырған ит екен деп зәрем қалмады ғой, – деді Дүрия әлі де аптығын баса алмай.

– Ит екеш ит те ескі жұртқа оралған екен. Иесін іздейді-ау. – Қыңсылай еркелеп, етегіне сүйкенген Бөрібасардың басынан сипады.

– Қалай ғана аштан өліп қалмаған.

– Ит аштан өлмейді, Дүрия, ол адам емес. Дүзден тышқан ұстап, өлексе жеп өз азығын табады.

Қаша жөнелген құлагерді жетелеп Бати да жетіп еді, Бөрібасар екеуі бірін-бірі таныды.

– Қысты күні аң аулай жүріп алыстан сан рет көріп едім. Саяқсып жоламаған. Ауылдың қаңғыбас кей итінің біріне

жорығанмын. Екеуміздің тірлігіміз бірдей екен, – деді Бати. – Биылғы жылдан аман шықтық. Ендігісін Алла білсін. Ал аттанайық, айналайындар. Бөрібасар енді бұдан былай өзі де еріп қалмас.

Бөрібасар расында да құйрығын қайқайтып, аса бір риза қылықпен жолаушылардан бір елі қалмай еріп келеді.

Сағымжол жайлауының оңтүстік батысын жанасалай өтіп, асудың етегіне ілінгенде күн екіндіге еңкейген. Жайлаудағы жұртқа бұрылалық деп екі келіншек қанша қолқаласа да, Бати қасқарайып кетеді деп көнбеген. Сабалақ қарағайлар мен бүршік жара бастаған қайынды сайлардан, тал көмкөріп, қар суына тоғайып сылдырап аққан бұлақтардан өтті. Тағы бір белестен асып, тау беткейіне тырмысқанда алдарынан атқа мініп, мылтық асынған шекарашы жігіттер жолықты: Екі жігіттің бірі қазақ екен, тілге келді, түсіндіріп айтқан соң рұқсатын берді. Бірақ, «біз аңдып жүреміз, арғы бетке өтіп кетпендер, ондай әрекет білінсе атып тастаймыз», – деп және ескертті.

– Арғы бетке өлігімді апарса да жер астымен қайта қашып келермін, – деп қалжыңдаған Бати.

– Әне, Ақшоқы деген атақты тау, – деді Бати қамшысымен нұсқап. – Сол шоқының бауырында өскен көктеректің түбінде Омекең жатыр. Көлікті ойға қалдырып жаяу бармасақ болмайды. Тым қия. Атты бостан-босқа шалдықтырып аламыз.

Батыс беткейін батар күннің алауы шапақтап қанқызылданған Ақшоқыға Гүлия мен Дүрия қатарласа қарады. Жақпар тас, мүкті бұталар, тастың жарығына өскен шынар ағаштар өртеніп жатқандай алау тартып, қарағайдың қабығын қайнатып жаққандай балқиды. Қос теректің орта белінде тұрған батар күннің сәулесі біртіндеп жоғары өрлеп, ептеп жел тербеп шайқаған ұшар басына ілінгенде үш жолаушы да ентіге жетіп еді. Орталарында жүрегі алқынып жүре алмаған тек Гүлия ғана болды. Екі жағынан қолтықтап сүйрегендей болып әрең-ақ шығарды тау бауырындағы теректі текшеге.

– Астапралла! – деп дауыстап жіберді Бати. Былтыр күзде ғана теректің түбіне жерлеп, тас қалап, томпайтып кеткен Омардың бейіті ашылып, топырағы шашылып жатыр. Өз көзіне өзі сенбеді. Дүрия мен Гүлия да шошынып қалған еді, қарай алмай теріс айналып кетті де солқылдап жылай бастады.

– Кім екен, аруақтың бетін ашқан? Имансыздар-ай! – деп тісін қайрап күбірлеген Бати мүрденің шетінде үйіліп қалған топырақ, тастарды үңгірге жандәрмен құлата берді...

Шұңқырдың беті тегістелгенде ғана екі жерде шоқайып ботадай боздап отырған келіншектерге:

– Көз жасымен қайтып келер дүние жоқ, қарақтарым. Шамаларың жетсе көмектесіндер, тас тасып Омекеңнің моласын тұрғызайық, – деді. Бөрібасар Омар байдың қабірін иіскелеп, иіскелеп алды да жер тырмалап ұзақ ұлыды. Дүрия «өзіңе көрінсін, жаман ырым бастағаны несі» деп тас дәлдеп қуып еді, анадай жерге қаша барып шоқиып отырды да тағы ұлыды.

– Тиме, – деді Бати. – Ұлысын, иесін жоқтағаны ғой.

– Қайран әкем-ау, Бөрібасар да сенің мұнда жатқаныңды сезеді... – деп Гүлия өксіп-өксіп қайта еңреді.

Бұл беткейде не көп, тау басынан домалап түскен қойтастар көп. Кейбірі жұмыр, кейбірі айрылған шақпақ-шақпақ тасты мейлінше тегістеп жинап, Омар байдың бейітін қалпына келтіргенде сүт пісірім уақыт өтіп еді. Жылқышы жігіт өзі білетін дұғасын оқыды. Омардың қос қызы беттерін сипап, әке рухына тәуап етті. Қайта айналып етекте қалған аттарға келгенде бағанағы шекарашы жігіттер де қыдып тұр екен. Аңдып жүрген жүргіншілердің аман-есен қайтып оралғанына олар да қуанысып қалған-ды.

– Бұл кімнің бейіті? – деп сұрады қазақ жігіті.

– Мына екі қыздың әкесі, – деді Бати. – Бізден бұрын осы қабірге келген адамды байқамадыңыздар ма?

– Менің көзіме түскен жоқ. – Содан соң жанындағы орыс жігітінен бір нәрсені сұрап анықтап алды. – Мына жігіт айтады, осыдан бір апта бұрын бір кісі келген көрінеді. Жөн сұраймын деп айғайлап шақырған екен, атына қамшы басып жеткізбей кетіпті.

– Қап, әттеген-ай, – деп өкінді Бати. Шекарашылармен қоштасып жолға қайта шыққанда қас қарайып, көз байланған еді. Көпке дейін ләм демей үнсіз аяңдады. Әркім өз ойын малталап, оңаша келеді. Осы бір кілкіген үнсіздікті Батидың жуан даусы бұзды.

– Омекеңнің ескіше-жаңаша мол ақшасы, аздаған асыл заттары болған. Әуелі өлер алдында маған «сен ал, керегі болар»

деп көп қолқаласа да алған жоқ едім, өзімен бірге көмгенмін. Кім де болса соны сезіп білген, білген де қазып алып кеткен.

– Қандай айуандық, итше тіміскілеген жауыз екен, – деді Дүрия.

– Ақылдылардың айуандығында шек бар ма, қалқам. Ол да бір түпсіз тұңғиық, қарасаң, қарап тұрып ойласаң басың айналады.

Түн жамылып, түсі қашып келе жатқан үш жолаушы Құландыны бетке алып қаттырақ аяңға басты. Әлі де салқындықтан құлантаза арыла алмаған көктемнің күні көзге түртсе көрінбейтін қараңғы. Ай туған жоқ.

– Шаршаған жоқсыңдар ма, шырақтарым? – деп сұрады Бати.

– Шаршағанмен ат шалдырар жеріміз жоқ, аға, – деді Дүрия. – Бұл күнде ауыл арасы алыстап кетті ғой. Баяғыдай асықтай бытырап жатар мал, жер ошақтағы оты жылтырап, күмпілдете саба пісіп отырар ел жоқ... бәрі бірігіп бір жерге жиналып артель болып кеткен.

– Иә, ауыл арасы алыстап кеткені рас.

– Ауыл арасы алыстаған сайын ағайынның арасы да суысып, бір-біріне жат болып кете ме деймін.

– Ағайынның алыстан сағынысқаны дұрыс қой, – деді Дүрия.

Сар желіп келе жатқан үш жолаушы ішектері шұрылдап, ептеп қарындарының ашқандарын сезді. Егер жылқышы жігіт болмаса, әлдеқашан адасып-ақ кететін түрлері бар екен. Бірде көсіліп, бірде өркештеніп, айдаһарша ирелендеп қашып, зықынды шығарар алдамшы жолдың сорабы тіпті қолыңа шырақ ұстап іздесең де көрінер түрі жоқ, марқасқалана тартқан Батиға ілесіп зорға келеді екі келіншек. Қара сандары талып, арқасы ұйып, белдері сыздағанда ауып қала жаздайды, ердің қасынан қапсыра ұстап әрең отыр. Атсоқты болғандары соншама, қарғып түсіп, қара жерге етпетінен жата қалуға әзір. Алғашқы болып сыр берген Дүрия.

– Аға, шаршадық.

– Сезіп келемін, қалқам.

– Енді не істейміз?

– Амал жоқ, аяндай береміз.

– Ендеше әңгіме айтыңыз, жол қысқарсын.

– Не айтайын сендерге. Көргенімді ме, естігенімді ме...

– Сіз көргенді біз де көрдік қой, аға, естігеніңіз, – деп Гүлия жолға шыққалы алғаш рет тілге келді. Әңгімеге еріксіз араласты. Бағанағыдан бері көз алдында көлеңдеп тұрып алған бет топырағы ашылып, үңірейіп, аңырайып қалған әке бейіті жоғалып, ендігі сәтте Дарханды ойлай бастап еді. «Шаршап келіп, тамақ істеп ішуге де мұршасы келмей ұйықтап қалған шығар-ау». Жалығуды білмейтін, жапы сірне қара нардай қасқайған күйеуі жайлы ойлау, оның әр қылық, әрекетін еске алу Гүлия үшін рахат дүниесі. Қара күшінен өзге түгі жоқ Дарханды осыншалық адамдық ет-жүрекпен құлай сүйіп, соның құрмалдығы болам деп ойлап па еді. Екеуарасын мәңгілік матап-байлаған қандай күш, қандай құдірет? Ойлап қараса, сүйдім-күйдім деп, зар еңіреп өтер ғашықтық емес, жоқ-жоқ, одан әлдеқайда биік, қасиетті де қастерлі ұғым. Кез келгеннің басында бола бермес, болмыстың өзі қазылап, таразылап барып сыйға тартқан ұлы күш, қисапсыз қасиет, маңдайға біткен талант. Гүлия осыған шүкіршілік ететін. Иен далада көзге түртсе көрінбес қараңғыда қараңдап келе жатып та тек Дарханды ойлады. «Ұзағынан сүйіндірсін, – деді күбірлеп. – Ұзағынан сүйіндірсін».

Өлгінде «әңгіме айтыңызшы, аға» деген сөзден соң арада орнаған сәл үнсіздікті Батидың қоңырлап бастаған даусы бұзды.

– Қазір Үркер жерге түскен мезгіл, – деп алқаракөк аспанға қарады. – Бұл жөнінде ел аузында мынандай әңгіме бар: Үркер жерге түскен кезінде, мамырдың аяғы мен маусымның басында жер көктейді. Жерге түскен Үркер жер астынан көк шөпті айдап шығарып жатады екен. Үркер неғұрлым көп жатса, солғұрлым жан-жануарға жайлы, жыл жақсы болады. Жылқы, түйе, сиыр, қой Үркерді жерден шығармай басып тұрмақшы болып келіседі. Өз кезегі келген ешкі шошаңдап тұрғанда Үркер тұяғын жарып аспанға шығып кетіпті. Егер ешкінің ұшқалақтығы болмаса, Үркер үнемі жерде жатып, шалғыны шалқыған мәңгілік жаз болып тұрады екен...

– Ешкіңіз маған ұқсайды екен, – деп күлді Дүрия.

– Біз қазір Барлы өзенінің аяққы ағысынан өтеміз, – деді Бати атының басын ірке түсіп. – Бағана, күндіз басқа төте жолмен келгенбіз. Қараңғыда адасып кетпес үшін айналма

жолға әдейі келіп түскенмін. Адасып кетпеспіз де, соқпақ қия, шақпақ тастар тұяғын тағаламаған атқа ауыр тиетін болды. Әйтеуір түні бойы жүретін болған соң асықпай осы алыс жолды таңдадым.

– Бәсе, күндіз мұндай жермен жүрмеген секілді едік. Ағамыз адастырып, алып қашып бара ма деп сезіктенемін. – Дүрияның жеңіл қалжыңын Гүлия жаратпады. Әке моласынан ат шаптырым ұзамай жатып уайым-қайғысыз самбырлап сөйлегені қытығына тиді. Бірақ, бетін қайтарған жоқ. Тағы да Дарханды ойлаған. «Мұратты құшақтап, аштан-аш ұйықтап қалды-ау».

– Алып қашу қолымнан келер болса қырыққа келгенше қыртып бойдақ жүрер ме едім, қалқам.

– Қолыңыздан келеді ғой, аға, тек таңдаған қызыңыз жоқ болғаны да...

– Бар еді, – деп күрсінді Бати, – бар еді, алыста емес еді... Оның ықыласы болмаған соң әуре болып керегі не?

– Қайдам әйтеуір, Оспан аға екеуіңіз үйленбеуге бәстескендей-ақ, салт жүрсіздер.

– Ол екеуімізден айырма көре алмағаның-ау, Дүрия... Ол да рас шығар. Әрекетіміз, мінез-құлқымыз басқа болғанымен, созған қол, көздеген адамымыз бір екендіктен де ұқсатып келесің бе...

Гүлия селк ете түсті. «Кұдай-ау, мынау кісі қалай-қалай қиғаштайды». Өне бойы дірілдеп, қысты күні суға түсіп кеткендей, қалшылдаған суық қорқыныш биледі. Өз құлағына өзі сенбей, Батидың соңғы сөзін іштей пысықтады. «Созған қол, көздеген адамымыз біреу... Ұят-ай... Бұл кісі осыншалық жұмбақтап, толқып сөйлемеуші еді ғой. Бекер, барлығы жалған, жол қысқарту үшін айтыла салған сандырақ. Қазанның ішінен құрт шықты деген сол... сол. Сонда кімге сену керек?.. Ешкімге де, ешкімге де...» Оның көз алдына етегіне жабысып еңбектеп, жаман болса да әйтеуір өз жүрегі болған соң жайып салған Оспан елестеді. «Ешкімге де... ешкімге де...» – деп тез-тез қайталап, астындағы ілби аяңдаған атты шаужайлай тебініп, ана екеуінен оза берді.

«Бекер айттым, – деп ойлады Бати. – Байқамай білдіріп алдым, не деген сезімтал еді. Енді онымен осылай үнсіз қатар жүрудің өзі арманға айналар. Бірақ менің жазығым не?»

Жазығым... егер шыдамды адамға сый-сияпат берер болса менен өткен бақытты жан табылмас та еді. Шыдамды адамнан сорлы жоғын енді білдім».

Қырыққа келгенше қатын алмай, тентіреп жүрген жылқышы жігіттің ой құрығын қайда тастағанын Дүрия да аңдады. Бірақ қазбалап, «ол кім» деп сұраған жоқ. Өзінен оза туған сіңлісінің артықша бақытын күндемеді де. Дегенмен, әйелдік қызғаныш жүрегін шабақтап, ішін тырналағандай-ды. Қызғаныш иті қыңсылап болмаған соң:

– Аға, әңгіме айтыңыз! – деді саңқ етіп. Даусы біртүрлі дөрекі шықты. Тіпті, қәперсіз аяндай келе жатқан аттар да оқыс естілген үнге селк етіп, құлағын тігіп қалып еді.

– Айтайын, – деді Бати тығырықтан құтылғанына қуанып. – Әлгінде Барлы өзенінің төмен ағысынан өтеміз дедім-ау бір сөзімде.

– Иә, айтқансыз! – деді Дүрия зіркілдеп.

– Ендеше сол өзеннің жоғарғы жағын – Биесимас, Балтақара деп атайды.

– Естігенмін.

– Естісең сол жақты әкең Омардың қандыбалақ бақталасы әрі қандыкөйлек кәрі досы – Көкебай жайлаған. Жарықтық он сегіз мың жылқы айдаған атақты бай еді. Бар малын ортаға салып, қыстағында тісінің суын сорып әлі күнге тірі отыр. Арғы бетке өткен жоқ, бергі бетке алжыған шалдың керегі не. Тоқсанға келген шағында жер аударып береке таппасын білді ме жаңа өкімет тиіспеді ғой. Тіпті, ептеп алжи бастапты. Былтыр кәмпіске кезінде осы кісіні Оспан тәргілепті.

– Ол соқырдың да жүрмейтін жері жоқ екен. – Дүрияның ойда-жоқта туған қыжылы әлі де басылмаған сыңайда. Әр сөзі түйеден түскендей, сызылу, сыныксудан ада, ұрысқақ естіліп келеді. Бати оған мән берген жоқ.

– Сол Оспан әкірендеп ат ойнатқанда: «Шіркін, Осағасы, ел боларынды білсем, тұқымыңды баяғыда құртып жіберер едім, керуен кері кетерде ақсақ түйе көш бастайды, саған қараған ел оңбас, оңбас», – деп таяғына сүйеніп, ешбір қарсылықсыз тұра беріпті. Ал, Оспанды түп-тұқиянымен құртып жіберер күш Көкебайда бар еді-ау баяғыда... Атақты ақын Абаймен дәмдес болған ол шал кезінде бүкіл Семей дуанын аузына қаратқан ірі кісі деседі.

– Менің әкемнен де мықты болған ба?

– Иә, мықты болған, қалқам... Жас кезінде алысып алжыңқыраған шалды алып жығармын деп күш сынасып көрген. Оңайшылықпенен берілмейтінін білген соң Көкебайдың қолтығына өзі барып кіріп еді, жарықтық. Сол Көкебай... айдай әлемді аузына қаратқан шонжар енді әне... өзінің баласындай Омекеңді алдына салып, құзда қалған құзғындай тірі отыр мәлкілдеп.

– Құдай алмаған соң қайтеді енді.

– Оның рас, Дүрия. Атыңды айдай түс. Гүлия ұзап кетті ғой. Жол білмеуші еді...

Бұлар бастырмалата желіп қуып жеткенде Гүлия ат басын іркіп, енді бірте-бірте кейіндей қалды. Үзеңгі қағыстыра қатар жүргісі келмегені де. Оңаша жалғыз жүргіншілікті тілеп келе жатқанын ана екеуі де сезді ме, аялдамай оза берді. Гүлияда жалғыз-ақ ой бар: «Дархан тамақ ішпей ұйықтап қалды-ау».

– Баяғыда, – деді Бати қоңыр үнмен, – осы қаракерей елінде Қисық хан деген би өмір сүріпті. Ол өзі Орта жүздің ең соңғы ханы – қарадан шыққан хан, жақ жоқ шешен, алмастай өткір адам болыпты. Оның хан сайланған тарихы да қызық. Алдымыздағы Барлы өзенінің басында бір төбені жастанып ол да жатыр... Иә, бірді айтып, бірге кеттім-ау, сол Қисық хан жас көзінде Байыстан өрген он жеті болыс Мұрынсыбанның сөз ұстап, дау-шарға араласқан қарапайым биі ғана болыпты. Қалың қаракерейдің бір жігіті Арқа жақтағы арғыннан қыз алып қашып, соңынан түре қуған азаматтар қолға түсіріп, ұрып өлтіріпті. Содан екі рудан қырық бір би жиналып үлкен мәжіліс құрады. Оған Қисық та қатысқан екен. Үш күн айтысқан билер жігіттің құнын бес жүз жылқыға кескен екен. Осы төрелікке риза болып, бітімге келген билер өре түрегеле берген кезде бағанадан жақ ашпай отырған Қисық орнынан атып тұрады. Өзі де келбетті, қатар тұрған кісісінен басы озық көрінетін жігіттің сұлтаны екен. «Ерімді тауып бер! – деп айғай салыпты. – Тура сондай біреудің аяулы ұлын алып кел алдыма, өз қолымнан өлтіремін, әйтпесе адам құнын малмен өтеуге келіспейміз. Ал әкелмесең, тұрысатын жеріңді айт. Білектің күші, найзаның ұшымен сөйлесеміз». Алқа-қотан отырғандар аңтарылып қалады. Амал жоқ, біреудің жалғызын шырылдатып алдына алып келгенде: «Арғын, найман бәріміз бір атаның

баласы едік, қанды қанмен жуар жаулыққа бармайық. Өлген артынан өлтіре берсек Орта жүзде азамат қала ма, кешірдім», – дегенде қаптаған ел, қырық би: «билігіңнен айналайын, – деп ақ киізге орап, хан көтереді. Міне, осы күннен бастап Қисық хан аталады. Осы күннен бастап «қырық би бір жақ, Қисық би бір жақ» деген сөз тарайды.

– Оны неге айттыңыз, аға? – деп Дүрия оқыс сауал қойды есінеп.

– Оны айтқаным, біріншіден, өз қолқанды орындап, әңгіме айтып жол қысқартқаным; екіншіден, ел мен жердің тарихынан хабардар болсын дегенім; үшіншіден, өзім ұнатқан қызды алып қашсам, айыбымды кешер Қисық би секілді зерделі адамның қалмағанын, сондықтан жазықсыз жапа шегерімді ескерту еді.

– Түсінікті.

– Ал енді түсінікті болса Барлы өзеніне де келіп жеттік. Маған қатарласыңдар, тізгіндеріңді бері әкеліңдер. Өздерің ердің қасынан мықтап ұстап, көздеріңді жұмыңдар.

– Неге, аға?

– Түнде судан өткен қорқынышты болады.

– Биссімілла, су иесі Сүлеймен, жар бола гөр, – деп екі келіншекті ық жағына алып, өткелге түсе берді. Көктемгі еріген қар суымен тоғайған өзеннің ағыны қатты екен. Ә дегенде аттары тәлтіректеп қалды. Қабырғадан келіп ұрған ағысты гүрпілдете кешіп, кеудесімен қақ жара қасарысқан аттар кей кезде тағасыз табанға тиген малта тастардан тайғанақтап сүріне жаздап барып қалады. Ондай сәтте Дүрия жанұшыра шыңғырып жібереді. Гүлия тіпті көзін де жұмған жоқ еді. Беті қарауытып, тұлан тұтқан судың бетінен өлімнің асығыс ағысын көргендей болды, көрсе де қорыққан жоқ. Қайта мынау мың-миллион жыланның қаз-қатар қозғалғанындай суси шулаған тірі ағыс қас-қағымда қағып әкетсе қайда апарарын, қай жерге соғарын соншалық салқынқандылықпен ойлады. Қап-қара шашын жайып, жүздеген әйелдің жоқтауындай дауыс салып, өлім үйіріп аранын ашқан судың екінің бірі байқамас қорқыныштылау сұлулығына қайран қалды. Қауіпті, бірақ әдемі құбылыс. Арғы жағаға өтіп шыққанда өгіздей өкірген өзеннің әп-сәтте таусылып қалғанына өкінгендей, әлгіндегі қызық әсерді тағы бір қайталауды көксегендей...

– Уй, Аллам-ай, зәрем қалмады-ау, – деп Дүрия ес-ақылын жинады.

– Иә, аман-есен өттік әйтеуір, екеуіңнен қапияда айрылып қалсам, Дархан мен Қамбарға не бетімді айтам деп қорқып едім.

– Сіздің де қорқатын кезіңіз болады екен-ау, аға, – Дүрия еркелей айтты.

– Сайтан, не болмаса періште емеспіз, батырға да жан керек.

– Мен сізге бір сауал қойсам ба деп едім, аға?

– Айта ғой.

– Өміріңізде пір тұтатын нәрсе бар ма?

– Бар ғой, қалқам, бар. Неге болмасын...

– Ендеше айтыңызшы, – деп тақылдады Дүрия. Гүлия тағы да үнсіз ілесіп келеді.

– Адалдық... – Дүрия күліп жіберді. – Неге күлдің, қалқам?

– Сіздің аңқаулығыңызға, ағатай. Адалдық деген әртүрлі ғой. Адам адалдыққа емес, қайта адалдық адамға қызмет етпей ме? Сол адалдықты керек жеріне пайдалана алсаңыз ғана мұратқа жетесіз.

– Адалдықтың керексіз жері бар ма еді?..

– Бар, ағатай, бар. Айталық, бір адамды құлай сүйдіңіз делік... – Гүлия тағы да елең етіп, атының басын тарта берді. Тапырақтап, судан өткен соң ширағандай еліте аяндаған аты әлсіз тартылған тізгінге дес бермей, ауыздығымен алысып еді, Гүлия қаттырақ тежеп, жүрісінен жаңылдырды.

– Сүйген адамыңызға қосылу үшін әрекет жасамау, яғни күреспедің өзі – қорқақтық қой. Ал сіз сол қорқақтығыңызды жанұшыра жасырып, адалдықпен алмастырғыңыз келеді. Қай қазақ сүйген қызын алып қашпап еді...

– Сүю екі түрлі. Біреу құшағын жұмсаса, енді біреулер пышағын жұмсайды...

– Қиналған сәтінде кісі не істемейді. Бірақ, сүю сіз айтқандай екі түрлі емес, бір-ақ түрлі. Сүюдің аты – сүю. Осы қазір мені алып қашар ма едіңіз, мен келістім делік...

– Жок.

– Ал, Гүлияны ше?

– Қайдағыны қазбалай бердің-ау, қалқам. Осынша пысықтықты қайдан үйреніп жүрсің. Қаладан ба?

– Қаладан десем де болар. Ауылда жүргенде де ойымды айтып салар өжеттігім бар еді. Бықсытып ішке сақтағанша, ақтара салсаң, бойың жеңілдеп таза жүресің. Әрине, өкінерімді де білемін, бірақ айта алмай ішке сақтау да қиын. Қайтеміз, әкеміз Гүлия екеуімізді екі түрлі ғылып жаратты. Ол менен гөрі сұлу, бірақ тұйық. Мен оған қарағанда өңсіздеумін, бірақ ашық-жарқынмын. Сіз... Гүлияны ұнатасыз, тіпті өлердей ғашықсыз...

– Қой, олай деме, Құдай сақтасын. Күнәға қалма. – Бати сасқалақтап қалды.

– Мен емес, күнәға бататын, сүйген адамыңызға сүйемін деп айта алмай, азамат басыңызды қорлаған, өз сезіміңізді өзіңіз тұтқындаған мына сіз күнәлі. Артық айтсам айып етпеңіз, аға, қауқайған денеңіз болмаса, ынжықсыз. Өткелден аман өтіп алған соң айтқаным емес, өз бақытынан өзі безінген сіздей қорқақты көрсемші жер бетінен. Егер сіз қазір Гүлияны алып қашсаңыз мен түк қарсылық білдірмес ем. Қайта, міне жігіт, міне нағыз ер деп қуанар едім, қоштар едім. Ал, Дархан мықты болса қуып жетіп, іздеп тауып, жекпе-жекте сізден қайта тартып алсын; арпалыспай, айтыс-тартыссыз алған дүниенің несі қызық, аға. Менің Қамбарға қосылуыма үй-ішім соншалық қарсылық көрсетіп, жанта-ласпағанында мүмкін, сонау Семейден салулы төсек, даяр тамақтан қашып келмес едім.

– Ырықсыз алған адамнан не қайыр, не үміт, шырағым. Ол әншейін қойным құр жатпасынның кері, – деп, әлсіз қарсылық көрсетті Бати. Бүгін ол осынау қаршадай келіншекті мүлдем танымай келеді. Бұл ойлағандай жеңілтек, көзсіз көбелек секілді ұшып-қонған ұшқалақ көрінбейді. Бағанадан бері қызбалана айтқанмен түп та-мыры тереңде жатқан сөзі тым негізсіз де емес-ау деген ойға жүгінді жылқышы жігіт. Өз бақыты үшін ерлікке барудың айыбы не?

– Менің шешем Рахия әкемді менсінбегенін, әкесінен қорыққаннан тигенін білесіз бе?

– Білем ғой, қалқам, білемін. Бірақ оның ақыры не болды?

– Бәсе не болды? Біз болдық, яғни Еркін және мені мен Гүлия болды. Үйренісе келе бір бүтін қимас жандар болды.

– Дегенмен Рахия бәйбіше... – деп үлкен сырдың ұшығын аңғартып қалды да өткенді қазып жас жүрегіне жара салғысы

келмеді. Таңатармен арада болған хикаяны айтпай іркіп қалған. Ал, бұл сырды Омардың екі қызы білмеуші еді.

– Иә, айта беріңіз, менің шешем... – деп ежетекірекке алған соң, әңгіменің ақырын насырға шаптырмай:

– Сенің шешең егер Омекеңді қимаса, арғы бетке бірге қашар еді ғой, – деп бұрып әкетті.

– Ол біз үшін бергі бетте қалды және әкемнің ықыласымен қалды. Бірге тұрмақ болғанымен, бірге өлу жоқ, бәрібір Хабар-асуынан жылап-еңіреп қайтып оралар еді. Солай, аға, алдымен әрекет жасау керек, адалдық атып алар аң емес, ешқайда қашпас. Гүлияға қолқа салу қазір тым кеш екенін де білемін, бірақ, аға, ер жігіт болып жаратылған соң жалғыз рет тәуекел жасап жан тапсырғанға не жетсін. «Адам үш күннен соң көрге де үйренеді» дейді бұрынғылар. Табалдырықтан аттаған соң қай қазақтың қызы үйіне оралып еді. Үлкен қателік жібергенсіз, аға, енді міне, анау бүлкектеп еріп келе жатқан Бөрібасар секілді...

– Жетер, шырағым! – деді Бати Дүрияның соңғы сөзіне шыдай алмай шатынап. – Кеш екенін, кеше екенімді біле тұра несіне миымды шұқи бересің!

Дүрия сықылықтап күлді.

– Міне, міне, ағатай, сізге осы мінез жарасады. Ұрсыңыз! Құдай үшін ұрсыңызшы, арқамнан қамшымен салып жіберіңізші...

«Мынау әйел емес сайтан шығар, – деп ойлады Бати. – Шыр етіп жерге түскенінен бастап білуші едім, оным бекер болды. Бұлар өсіп, мен өшіп барады екенмін. Ой, заман ақырдың балалары-ай. Аттың басын қайда бұрсаң да алдыңнан шығып, алды-артты орап тұрсындар-ау».

Осы шақта шығыс ағараң тартып, сібірлеп таң атып келе жатыр еді. Таң алдындағы салқын ауада бұлаңытқан жеңіл бу бар. Жер бетін қайта жайылып, аққабыршықтаған шық тебіндеп өскен мәстек көкті қымтап тастаған. Дала бедері айқындалып, аспандағы мың сан ұсақ жұлдыздарды әлдекім бір-бірлеп теріп таусыла бастаған. Жүргіншілердің көлігі түні бойғы тынымсыз жүріске қанша бел талдырғанымен, елге жақындағанын сезді ме, жануар, таңғы сергек аяңға басады. Ал, жолаушылар әбден шаршап еді. Шаршағаны соншама, аттың үстінде бекерден-бекер қатқайып отырғаны болмаса, құр сұлдері – қол да, аяқ та, бүкіл он екі мүше өздерінікі емес, салдырап бос қалғандай.

Бос қалған дене ғана ма екен, ойлары да: таң аппақ ағарып, күн шыққанша ұрысқандай жақ ашпады. Дүрия ептеп қалғи бастаған соң Бати қатарласа жүріп, басын иығына сүйеп сак келе жатқан. Ал, Гүлия міз бақпады. Бағанағы аяулы ағасының жанына тиер сөзінен соң қайтып тіл қатпай өзімен-өзі болып, қашандау тартып жатсынғандай-тын. «Қатты екен, – деп ойлаған Бати. – Тым қатал». Ертеден, тым ертеден дерт болып жабысқан адал махаббатын дізгіндеп, көңіл торынан шығармай қамап ұстап келген-ді. Осы сапарда байқамай айтып қалған екен, бір кезде оның шыбын жанын арашалап, ал, өзі Гүлия үшін мертігіп, Ақбас бураның астында қалған ағасын «мені неге сүйесіз» деп жазғырса ақылсыздығы емей немене... Жо-жо-жоқ, сүйеге әркімнің де хақысы бар. Аюдай азамат, жаны жайсаң Батиды қойып, соқыр Оспан да өлердегі сөзін айтты ғой. Ендеше, жылқышы жігіттің жуас та мәңгілік махаббатын сезінудің, өз аузынан естудің өзі әйел заты үшін үлкен мерей-ау... «Дархан біліп қойса... ұят-ай... ұят-ай... түк те ұят-намысы жоқ дегендей болды ішінен бір мүлдем бөтен дауыс. Қайта мақтан тұтып, қуануы керек. Әлемдегі ең сұлу қыздың өзіне бұйырғанына шүкіршілік етуі керек. Әне, жұлдызы оңынан туған жігіт деп соны айт».

Бозторғай шырылдап, күн шықты. Күн бұрынғыдай емес, асығыс шыққандай болды... Көкті көмкеріп жатқан шық күннің сәулесіне шағылысып, көз қарықтыра жарқырайды. Жер беті сорпаланып, маңдайы жіпсігендей буға оранды. Ат тұяғының астында шұбатыла иіріліп, жер бауырлана жыл-жыған мамық тұман арасындағы қауырсындай қалқыған адамдар алыстан қарағанда аспанда ұшып, бұлт көшіп бара жатқандай әдемі көріністенетін. Күн қыза әлгі мамық бу жоғалып, көкжалқындыған төбе-қыраттар жалаңаш қалды. Ендігі сәтте, бұларды жетелеген соқпақ суыртпақтала сайлауға түсіп, жылып аққан жылғасы бар, тал-бұтасы ербиген өзекті құлдалата сүйреледі. Тал басы байыған, бүршіктері күшіктеп жапырақтана бастаған, табиғаттың алашабыр шағы.

Жолаушылар Қызылегіздің өкпе тұсына келіп, ат басын бір-ақ ірікті. Қанша бой алдырып шаршаса да ауылға жақындаған соң екі әйел өздерін сергек ұстауға тырысты. Керісінше, Батидың көңілі пәс, сынған бұғанасы сыздап мазасын кетіріп, таң шапағы сорған жүзінде бозарған жүдеулік бар.

– Дүние күйіп кетсе де аттан түсіп демалайықшы. Құланды қол созым қалды ғой, – деп Дүрия қамдана бастап еді, білегінен ұстай алған Бати рұқсатын берген жоқ.

– Аттан түспендер, егер түссендер қайтып міне алмайсыңдар. Ал, қарындастарым, – деді бұдан соң мұң ұялаған алақандай көзімен қимай қинала қарап: – Мен міндетімнен құтылдым. Сендерді білмеймін, Омекеңнің аруағы риза шығар. Енді қоштасалық.

– Неге, аға, ауылға жүріп шай ішіп, демалмайсыз ба? – деді Дүрия жанары жаудырап.

– Рахмет, қалқам. Мен енді қайтып Құландыға ат ізін салмаспын. Өз көңілім қалған жоқ, өзгенің көңіліне дақ салдым ба деп қорқамын. Гүлия шырағым, туған ағандай болып едім, артық айтсам кеш. Аға-қарындас қалпымызда қалайық. Дарханға менен сәлем айт, маңдайдағы бармақтай бақытын ардақтай білсін де... Бұл дүниеге енді сендей адам туар, тумас, бірақ «қазақтың қызы қайсы» десе «міне» деп көрсетер асыл жанды алақанға салып, жібек перденің артына ұстап жасырып өтсе де артық болмас еді. Амал не, өмір бар жерде көмір бар... ластап, бүлдіріп, не болмаса ерте айрылып қаламыз ба деп шошынамын... Қош, Дүрияжан, сен де аман жүр. Аман жүрсең – заман сенікі. Сіңісіп кетесің ғой. Қош!

Атының басын шұғыл бұрды да, құйын-перен шапқылай жөнелді: Артына қайтып қайрылған жоқ. Мәңгілікке өкпелеп, көкжиекке сіңіп кеткендей, көзден әп-сәтте ғайып болды.

Екі келіншектің көзінде жас бар еді...

Жүріс өтіп кетті ме Гүлия сал болып, үш күн бойы тұра алмай төсек тартып жатты. Сабакқа да бара алмаған. Дархан күні бойы жұмыста, жарғақ құлағы жастыққа тимей, ертемен кетіп, қас қарая әрең келеді. От жағып, шай қойып құрақ ұшып жүрген жалғыз Мұрат қана. Аз уақытта бауыр басып, осы үйдің өз баласындай сіңісіп кеткен-ді. Дарханды – әке, Гүлияны – шеше деп еркелейді. Өмірдің тауқыметіне жастай ұрынған бала пысық, ширақ болып өсе бастады. Ол келгеннен бері аласа тамның шаңырағы биіктегендей, аядай үйді бір жылы нұр ұялағандай еді. Жұмыстан шаршап оралған Дархан алдынан тұра жүгірген Мұратты бауырына басып, бір жасап қалатын. Балалы үй базар деген-ау, айқасы кепкен моладай жымжырттықтан арылып, ұлар-шу, ду-ду күлкі шанағынан асып

төгіліп жататын. Қазір де Гүлияның айналасынан шырғалап шықпай жүгіріп жүр.

- Мұратжан, үй суып кетпесін от жағып қой.
- Мұрат, әкеңе шай қой.
- Мұрат, маған сусын әкеліп берші...
- Мұрат, ақсақ құлынды болжап кел, ұзап кетпесін.

Міне, осы тақылетті тапсырмаларды тізгін ұшынан қағып алып, тырағайлай женеледі. Баланың істегені біліне ме тәйірі, айтпесе осы үйдің бүкіл шаруасы осының мойнында. Әсіресе, Гүлия жатып қалғаннан бері тыным жоқ. Түнде жығылып-ұрынып аузы аңқайып ұйқыға кететін.

Мұрат келгеннен бері ақсақ құлынның да жаны кіргендей еді. Қайдан тауып әкелері белгісіз, алдын жем-шөпке толтырып тастайтын. Мезгілінде суарады. Жал-құйрығын тарап, кекілін өріп, малсақ бала әуре болып жүргені. Құлынға құлын қосылып, Дарханның жаман лашығы байып қалғандай-тын.

Дархан жұмысынан оралғанда маздап от жанып, пеш үстінде қақпағы билеп шай қайнап тұр еді. Мұрат «әкем келді» деп бас салды.

– Құлыншағым, – деді, жерден тік көтеріп алып, бетінен сүйді.

– Түү, мұртың бетімді қытықтап жіберді ғой.

– Енді қайтейін, балам, сақал-мұртты күзеп сәнденіп отырап уақыт бар ма.

– Мен алып берейін бе, әке.

– Пейіліңнен айналдым. – Баланы жерге түсіріп Гүлияның жанына жантайды. – Бәйбіше, Мұрат келгелі еркелеп алдың ғой. Ақбас бурамен жарысқанда қыңбап едің, күншілік жолға шыдай алмай мұрттай ұшқаның не?

– Біртәулік ат үстінде жүргеннен, бір ай жер қазған әлдеқайда оңай шығар-ау. – Езу тарта күлді. Ерінің қырдың көгіндей қаулап өсіп кеткен сақалынан ептеп қана сипады, – қатты ғой өзі. Енді біраз күнде орыстың попына ұқсап кетерсің.

– Не болса ол болсын, қоя берсем деймін, қайда барар екен.

– Онда аузыңды таба алмай қаласың ғой, әке, – деді дастарқан жасап жүрген Мұрат.

– Қой, онда аштан өлер жайым жоқ, қырып тастармын. Вагон-үйде жатқан орыс жігіттерінде ұстара бар, ертең жылмақтай болып жасарып келгенде танымай қаларсыңдар.

- Екеумізге енді жасару қайда... – деді Гүлия.
- Қарттықтың ауылы да тақап тұрған жоқ. Мен қырыққа, сен отызға толған жоқсың.
- Адам уақыттан қартаймайды, Дархан, уақиғадан қартайды.
- Оның да рас. Бүгінгі зобалаң қашанға созылар дейсің. Біздің ауылда да ұлыжіңгір той болар. Шойын жол бітсін, Мұратымыз ер жетсін.
- Мен құлынды қораға қамап келейін, – деп Мұрат шыға жөнелді.
- Ақылды бала, – деді Дархан сүйсініп. – Әкесі Долдаш та қолды-аяққа тұрмайтын шапшаң, қағылез адам еді, тартқан екен.
- Мұратта ес болмағанда қайтер едік.
- Аспан ала бұлтты екен, ертең жанбыр жауады-ау деймін, – деп қайта кірді Мұрат. – Шай ішелік, суып қалар. Лапылдатып жаға берер отын жоқ, қоры азайып қалды.
- Кішкентай ғана ақсақалым менің, әкеңе қолыңнан шай құйып бер. Отынды уайымдамай-ақ қой, өлмеген құлға жаз келді ғой, тезек теріп жағармыз.
- Бұл күнде тезек те азайып барады, – деді Дархан.
- Әке, – деді Мұрат шай үстінде. – Жанбыр жауса да жұмыс істейсіндер ме?
- Істейміз, ұлым.
- Егер шелектеп құйып тұрса ше?
- Сонда да істей береміз.
- Неге асығасыңдар?
- Дархан кеңкілдеп күлді:
- Темір жолды тез, әрі мерзімінен бұрын бітіру үшін асығамыз.
- Асықпас үшін бұл жолды баяғыда бастау керек еді, әке.
- Бастатпады ғой.
- Кім?
- Кім дерің бар ма. Патша, бай-кулактар...
- Сонда қалай, Омар атам да қарсы болғаны ма?
- Дархан ойланып қалды. Оның орнына Гүлия жауап берді.
- Ол кісі қарсы болған жоқ. Патша салғысы келмеген ғой.
- Итке темір не керек деген шығар.

– Қазақ даласында темір жолдың жұрнағы бұрын да болған. Баяғыда 1905 жылдарда ма екен... Ағылшын миссионерлері алмалы-салмалы темір жол салып, Жезқазған жақтан алтын-күміс тасыған көрінеді, Түркістан-Сібір темір жолының жобасы бұрын да жасалған. Бірақ іске асыра алмады. Тіпті, олардың жобасы мүлдем қате, жергілікті ел мен жердің жағдайын ескермеген қықы-шойқы екен. Совет инженерлері қайта жасаған көрінеді.

Ертіс үстіне көпірді олар енді мың жылда да сала алмас еді.

– Сіздер қалай салдыңыздар, әке?

– Біз бе, біз бір-ақ айда апай-топайын шығардық. Сенім мен ықылас біріккен жерде аса алмайтын асу бар ма, ұлым. Тек өз ісіңнің әділдігін, кімге, не үшін керектігін ұғу ләзім. «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас» дегендердің аузы қисайсын. Бір жылдан соң көрерсіңдер. Құландының үстінен түтіні будақтап поездар ағылып жатады.

– Мені мінгізесің бе, әке?

– Елдің алды болып сен мінесің, ұлым. Шешең үшеуіміз жеке бір вагонға отырып Семейге барамыз, Аякөзді басып Алматыға аттанамыз. Жайлы да жұмсақ нарда отырып дәл осылай шай ішеміз. Енді бұдан былай Гүлияның денесі сал болып ауырмайды, өйткені мінгеніміз жүрісі қатты ат емес, поезд... маған десе он апта сапар шексең де қара тырнағың сыздамайды.

– Қандай рахат, – деді Мұрат көзі жайнап. – Шіркін, сол күн ертерек туса екен.

– Сондықтан да жаздың жаңбыры, қыстың боранына қарамай жұмыс істейміз, ұлым.

– Мен де көмектесейін де.

– Сен әлі жассың, бұғанаң қатқан жоқ.

– Төсектеріңді салып жатыңдар, поездға дәл қазір мініп кететіндей айқұлақтандыңдар-ау. Ғұмыр берсін де... Кімнің мініп, кімнің мінбесін уақыт көрсетер.

– Енді... Гүлияжан-ау, өзіміз табан ет, маңдай термен салған жолдың игілігін көре алмайтындай не қара басыпты.

– Бұйырса көрерсіз, бұйырмаса көрмессіз, жол кесіп, бал ашуға бола ма. Ең әуелі бітсін де... күнәлі болып қайтеміз.

– Бұйырмаса да мінеміз, иә, Мұрат.

– Мінеміз! – деді бала аса уыздай таза сеніммен. – Сіздей болып өскенде сол поезды мен жүргіземін.

– Иә, сен жүргізесің, ұлым. Сен жүргізу үшін салып жатырмыз.

Гүлия күрсінгендей болды.

Ертеңінде расында да жаңбыр жауды, әрі ұзақ жауды. Мұндай сылбыраң күндерде шпал төсеуге болмайды. Итжондап үйген құм-тасты қаншалықты тегістеп, келсап ағашпен түйгіштесең де жаңбырлы күндері су шайып, аласарып қалатын. Ал, оқтай атылып келе жатқан рельстің жалғанда да бір жері еңкіш, екінші тұсы еңселі болуы мүмкін емес-ті. Ондай қиқы-шойқы жолмен арба болмаса, паровоз жарықтық ақсақ аттай аттап баса алмас еді. Шойын жолдың осы бір кірпияздығы әсіресе, нөсерлі күндерде қолбайлау болатын. Сондықтан, бүгін Дархан бастаған рельсшілер түгелдей дерлік топырақ, қиыршық тас тасып, жол биіктету жұмысына көмекке аттанған. Ол Құландыдан бес-алты шақырым алыста, Аякөзге қарай қашандап кеткен тұста болған соң, сорғалаған жаңбырға қарамай күрек, қайлаларын арқалап, қол арбаларын сүйреп жаяу тартты.

Жер лайсаң. Ұзыннан-ұзақ созылған жол сілемінің өнбойын қуалаған қоқырлар мен босап түсіп қалған топырақ жаңбыр суына тиіп қойбатпақтанып, ілгері басқан аяғынды кері кетіреді. Оның үстіне мойныңнан сорғалаған су, қойны-қонышыңды қуалап, зықыңды шығарады. Аспанның түбі тесіліп кеткен секілді. Көктемнің алғашқы жаңбыры жолшылардың берекесін қашырғанмен кенезесі кеуіп, шөліккеп жатқан даланың таңдайын жібітті.

Дархан бастаған бригада жолдың жонарқасын көтеріп жүрген халыққа келіп қосылғанда өне бойларының сау-тамтығы қалмай сүңгілесе су болды. Жуық маңда баспана жоқ, тіпті болған күннің өзінде ешкіге ұқсап, қорғалап тұрар уақыт қайда. Жапа-тармағай жер қазып, қопарып, қол арба, зембілдермен қиыршық тас тасуға кірісті.

Осы Дархан бастаған топтың ішінде Ақай атты қушықеш, өзі сөзуар шал бар еді. Алпысты алқымдаған шынашақтай шал Түркісібтің дүмпуі естілгеннен күрегін арқалап келіп жұмысқа тұрған. Кемпірі ертеректе өліп, бала-шаға жоқ қара басы қалған соң, шойын жолдан кәсібін тауып, жанын сақтап

жүрген жайы бар. Қолымен бірге аузы қоса қимылдайтын, адам болып шаршауды, құйрық басып демалуды білмейтін мазасыз шал қайда жүрмесін айналасында қыран-топан күлкі, қызу еңбек маздап тұрушы еді. Қазір де зембілдің бір жағына жабысып, екінші басындағы еңгезердей мұртты жігіт Қадырды дедектетіп жүр. Тау төбе ғылып үйіп алған қиыршық тастарды жол үйіндісінің үстіне тасып төгіп, дамылсыз қимыл үстінде. Қары талып, аздап тізе бүгіп демалуға ыңғайланған мықты жігітке айғайды салады.

– Өгіздей болып екі күрек топырақ көтере алмайсың ғой. Айда кеттік!

– Кішкене демалайықшы. Аға, алақаным ұйып қалды.

– Өй, алақаныңды сенің... Мына мен құсап зембілдің екі сабына жіп тағып мойныңа іліп ал. Сонда қолыңа күш түспейді, пәтшағар.

– Мынандай құйып тұрған жаңбырда жіпті қайдан іздеп табайын.

– Белбеуіңді тағып көр.

– Ышқырымды қайтемін.

– Шалбарыңды шешіп таста бәрібір пайдасыз, текке су мен батпаққа былғап қайтесің.

– Сіз де қайдағыны айтасыз-ау, ішінде лыпам жоқ еді... – деп күлді Қадыр атты қара мұртты жігіт.

– Іштанның қажеті не? Бұл жерде ұрғашылар жоқ. Өңкей өзің секілді өгіздер.

– Анау... мейшайт болар... шешпей-ақ қояйын, ақсақал.

– Өй, мен қыртпын ба десем менен өткен сен қырт екенсің.

Айда кеттік, қысыр әңгімеге уақыт жоқ.

Аяқтарына кигендері: көнетоз қисық табан, шоқай өкше әр түрлі етік. Бірен-саран орыс жұмысшыларының қайсыбірінде бәтіңке. Сары балшықпен араласқан батпаққа батып тайғанақтап, сүрініп-жығылып, ат боп жегіліп қол арба сүйреп жүр. Балшық желім болып жабысқанда аяғыңды аттап басудың өзі азап. Бірақ, ауа райының қолайсыздығы, жердің лайсаңдығын сылтауратып қол қусырып қарап отырған ешкім жоқ. Баяғыда... қыс кезінде Семейден өкіл келіп, темір жолға жұмысшы жинағанда осы Ақай шал біраз қыңыр-қисық сұрақтарды әдейі төпелетіп еді. «Бұл жолды салып біткен соң қайда барамыз?» – деп қадалып Соболевтің жаналқымына жармасқан. Енді

міне, сол шалың маңдай алды жұмысшы болып тас тасып, топырақ үйіп жүр. Шынында да, бұл қарияның поезға мініп қыдырар алыста жатқан ағайын-туғаны жоқ, жалғыз басты кісі. Тағдырынан қашып құтылар ма, елмен бірге ерінбей еңбектеніп жүр.

Үсті-үстіне әкеліп төгіп жатқан қиыршық тастарды жаймалап тегістеп тұрған Дархан сақалынан су сорғалап, кеңірдек тамырлары адырайып кеткен Ақай шалдың қапшағай шапшандығына қайран қалды. «Не деген жаны темірден жаратылған адам. Егер әр қазақ осы Ақай шалдай қимылдап, жұмыс істесе Түркісібіті биыл-ақ бітіріп тастар едік-ау...»

Жер қайсы, көк қайсы айыру мүмкін емес, қойындасып бұлт-көрпенің астына тығылып алған. Жолшылардың сілікпесі шықты. Су өтіп әбден талыққан. Шексіздікке созылған жолдың бойын қуалай қыбырлап жүрген жүздеген жұмысшылардың бірде-біреуі күрек-қайласын жерге тастаған жоқ, мәңгілік қозғалыспен құмырсқаша қыбырлап, ұлы жолдың бойына қаны мен терін төкті, аямай төкті.

Түркістан-Сібір темір жолын салуға қатысқан жұмысшылардың тең жартысынан көбі қазақтар еді. Ғасырлар бойы ұйқыда келген, ұмыт өмір кешкен ұшы-қиырсыз даланың төсінен күре тамыр тартып, қан жүгіртерін, үлкен өмірмен жалғасарын шынайы сезген өлермендік бар. Ас ішіп, аяқ босатуды ғана білетін еріншек қазақ атанған елдің осыншалық көмпістігі, қара жұмысқа да қаражон мықтылығы жалғыз Ақай шалдан-ақ аңғарып алуға болар. Даласы қандай кең болса, терісі де сондай кең жылқымінезді ағайын айғай шықса, ұран тастаса елендеп тұрар жаңалыққа құмарлығы осы ретте игілігін тағы бір танытты. Алып техниканың қуаты жетпес жойқын құрылысты білектің күші, жүректің түктілігімен-ақ бастап кеткен. Енді міне, өзгені қойып, табиғаттың мылқау күшіне де дес бермей қасқая тартып жүргені.

Зембілге үйген ұсақ тастарды мықшия көтеріп келген Ақай шал тура Дарханның алдына жетті де, етпетінен құлады. Алғашында зембілдің екінші: сабын ұстаған Қадыр да жолды тегістеп тұрған Дархан да қыңыр шалдың тағы бір қалжыңы шығар деп мән бермеп еді.

– Үндемейікші, қанша жатар екен, – деді қара мұртты жігіт күліп. Бірақ, Ақай басын қайтып көтерген жоқ.

Әлденені іші сезгендей Дархан ұмтылып барып аунатып қалғанда, шалдың балшыққа батқан жансыз денесі былқ етіп шалқалап жатты. Төпелеп жауған жаңбыр, топырақ жабысып былғанған шалдың бір уыс бетін әп-сәтте тазалап жуып тастады.

– Ақа, сізге не болды? – деп екі жігіт қатар ұмтылып, басын көтергенде өздеріне тура қарап, бақшия адырайған нұрсыз жанардан шошынғандай қолдарынан түсіріп алып еді. Осы сәтте айдаладағы жұмысшылар жамырай жиналып, абыр-сабыр көбейіп бара жатты. Шалдың кеудесін қайта көтерген Дархан сабаудай жіңішке тарамыс жіліншіктегі білеуленіп барып сола бастаған тамырды басып көрді де, алайған көзді алақанымен жаба салды.

– Ақаңнан айрылдык, – деді. Мұртты жігіт «қайран атам-ай» деп дауыс қойып, бас салғанда барып қазақтар жағы бетін сипап, орыс жұмысшылары бас киімін шешті.

Нөсер құйып тұр. Белгілі бір үзігі ғана жалқы сәтке тоқталғанымен темір жолдың тұла бойындағы қызу қарбалас толастаған жоқ.

Алыстан ой бауырымдап келер, аза тұтып, ақыретке орап арулап жерлер ағайыны жоқ, томаршадай жетім шалды ертеңге қалдырмай бүгін жерлеу қамына кірісті. Әркімдер ауылға апарып, ата-бабасы жатқан қалың бейітке көмелік деп еді, Дархан көнбеді. Темір жол бойынан қағаберісте шошақ бар еді, сыпыра жазықтың шоқпар тиіп ісініп кеткен маңдайы секілді төбе алыстан менмұңдалап оқшау көрінетін. Шүйкедей шалды Дарханның қарамағындағы жиырма шақты жігіт солай қарай ала жөнелгенде бүкіл жол үстіндегі жұмысшылар қолдарындағы қайла-күрек, құрал-санмандарын көтеріп, қайғыға ортақтастықтарын білдірді. Нөсердің беті қайтар емес, үдей түскен. Құландыға түйемен кеткен жігіт алдына ескіше оқыған молданы өңгеріп жеткенде Ақай ақсақалдың мәңгілік мекені қазылып, ақырғы сапар із сақадай сай тұрған. Жер қазып әбден төселіп алған азаматтар моланы әп-сәтте даярлап үлгерді. Дауыс салып жоқтар артында қалған адамы жоқ, тек тоқтамай жауған жаңбыр ғана табиғаттың көз жасындай Ақай шалды арулап, жуып-шайып тазалады-ай... Үсті малмандай су болған молда түйені шөгерер-шөгерместен қарғып түсіп, алды-артына қарамай құранын зәукілдете жөнелген. Өліктің аты-

жөнін сұраған жоқ, жаназаны кімге бағыштап оқып жатқаны белгісіз... Нөсер толастар емес.

Жас қабірді алқақотан қаумалап тұрған жігіттер молдамен бірге беттерін сипап, сүйекті сусытып түсіре бастағанда Құланды жақтан бозжорғамен ағызып Оспан да келіп еді. Ауыздығымен алысқан аттан түскенде жоқ, сыңар көзімен қадала қарап айғай салды:

– Қисық ханды жерлеп жатқандай қара тұтқандарың не? Жеңді білектей шалды көмуге екі-ақ жігіт жетпес пе еді. Қайтындар, тоқтатпаңдар жұмысты!

– Әй, Оспан, – деді Дархан зығырданы қайнап. – Кет жаныңның барында, әйтпесе саған да көр қазуға қинала қоймас мына тұрған жігіттер.

– Бұл немене, бунт па? Көрерміз, кімді-кім көмерін. – Бозжорғаны шұғыл бұрып, жолшыларға қарай құйын-перен шапқылай жөнелді.

Темір жолдың шығысындағы жалғыз төбенің басында қарайып жалғыз мола қалды. Ол – Ақай шалдың мәңгілік мекені. Бұл өңірде тіс шұқырлық ағаш жоқ болған соң қолының таңбасы қалған жан жолдасы күрегін басына сайғақ қылып шанышты да жым-жырт аяндап келе жатты жұмысшылар. Бәрінің көкейін бір-ақ ой мазалаған; бәрінің жүрегінде дақ қалды; бәрінің қаупі жалғыз-ақ – егер біз өлсек те осылай жерленеміз-ау...

Жанбыр құйып тұр...

Дархан осы күні су өтті ме, әлде суық тиді ме қатты ауырды. Ыстығы көтеріліп, екі өкпесі қысқанда демалудың өзі күшке айналды. Кешке осы ауылға кеңес болып орналасқан жан досы Қамбар мен Дүрия келіп көңілін сұрады. Қанша өкімет болдым дегенмен, Қамбардың аусар мінезі қалмаған, есіктен сөйлей кірді. Бұзаутіс қамшысы қонышында жүр салақтап.

– Баяғыдан осал едің. Ақайдың артынан аттанайын деп жатсың ба, жаназанды өзім шығарамын. Қорықпа, ақырет те табылар...

– Қайдағыны айтпашы, Қамбар, – деп Гүлия кейіп қалды.

– Бұл өлмейді, – деді қамшысын сарт еткізіп. – Көпір салып жүргенде қопарылыс болып, аспанға он метр ұшып барып қайта түскенде де өлмеген. Құдайға сәлем беріп қайтып жерге оралған әзірше осы ғана.

– Сен де қайдағыны қазбалайсың-ау, Қамбар, – деді булыққан жөтелін әрең басқан Дархан. – Семейге барып ақыл жинап келді ме десем, барынан айрылып қайтқан екенсің ғой.

– Әне, бұл екеуінің дауы бітпейді, – деп Дүрия Мұратты ертіп тысқа шығып кетті. Гүлия болса шай қамымен әуре болып жүр.

– Оспан сенің үстіңнен арыз жазып әкелді, – деді Қамбар қамшысын бұлғақтатып отырып.

– Иә, тағы да не бүлдіріппін?

– Ақай шалды әдейі өлтіріп, байкот жариялаған дейді.

– Әдейісі қалай?

– Шал тура сенің табаныңның астында жан тәсілімін беріпті ғой. Тіпті, өмірінде «Алла, белім» деп ауырмаған екен.

– Соған сен сендің бе?

– Сенейін, сенбейін, алдыма арыз түскен соң тексеруім керек қой.

– Тексер, – деді Дархан қабағын шытып. – Бірақ, жол құрылысындағы жұмысшылар сенің советіңе қарамайды ғой. Біз Семейдің, яғни солтүстік жол басқармасына ғана бағынамыз.

– Жоқ, шырағым, кеңес – қайда да кеңес. Өкімет – біреу, заң – жалғыз. Ол жұмысшыға да, артеліңе де ортақ.

– Е, солай де... Ендеше қашан қамайсың түрмеңе?

– Жә, жетті, былжырама. Қайтер екен десем, өтің жарылғалы барады ғой. Оспан соқырдың арызын жыртып қолына ұстаттым. Ешқандай қисынсыз, доказательствосы жоқ, бақай есеп, ескінің кегін куу дедім. Семейге жазам, екеуіңнің де көзіңді құртамын, бажалар, – деп бажылдап кетті әйтеуір. Өтген, әлдеқашан-ақ табанын жалтырату керек еді, бір мықты тірек бар ол итті ұстап тұрған. Жұмысын да жаман істемейді. Қарғайын десең жалғзың, қарғамайын десең – жалмауызың.

– Иә, – деп ойланып қалды Дархан. – Жұмысын жаман істемейтіні рас. Бәрінен бұрын бір айлық оқуын бұлдай береді.

– Сол бір айлық курсқа сен барып келуің керек еді.

– Мен бұл ақылды баяғыда айтқанмын, – деді дастарқан жасап жүрген Гүлия.

– Иә, тоқу емес, өтірік болса да оқып алу керек болып тұрған кезең ғой... Енді кеш...

– Ешқандай кеш емес, барып кел, – деді Қамбар қамшысын сарт еткізіп.

- Мен білім алып оралғанша Түркісіб аяқталар.
- Түркісіб ешқашан аяқталмайды, жарқыным. Түркісіб енді ғана басталды. Күні ертең Құланды станцияға айналса, соның начандігі болып тағайындалар едің.
- Ой-бо-ой, қашпаған сиырдың уызынан дәмәттiрдiң-ау. Төрелiктi сендерге бердiм, мен – қарапайым жұмысшымын.
- Жарқыным! – деп ұша түрегелдi Қамбар. – Пролетариат көсемдерiнiң көпшiлiгi-ақ қарапайым жұмысшылар болатын. Бірақ, қай-қайсысыныңдағы мықты білімі бар болатын.

ТӨРТІНШІ САЛА

Бүгінде:

...Қыркүйектің аяғында Дарханның Гүлияға тұрғызып жүрген мазары екі метрге таяу биіктеді және ұшар басын күмбездеуге жетпей кірпіші де тақа таусылған.

Өзен-көлден жүрдай, құдыққа телмірткен қуаң даланың күзі қайбір жетіскен; білте-білте болып болымсыз шыққан селеу шөп әлдеқашан қурап, сояу-сояу сасырдың қурайы желмен ызындап, кісінің қай-қайдағысын қозғап қаяулы үн шертеді. Алқам-салқам жайрап жатқан даланың осынау кеспірі ақсорпасы шыға терлеген аттың ішпегі секілді қақтанып, қабыршыққа айналған. Әр жерде үрке шыққан шидің түбіндегі көгерген алшынды қой мүжіп отап, оның тек сидіған құр сабағы тұр. Жәй тұрған жоқ, жел желіп өткен сайын сыңсып үзіліп-үзіліп ән салады. Бейқам даланың шынында да көзқашты қылар өлердей жүдеу көзі еді. «Не күздің бір айын ал, не қыстың бір айын ал, әйтпесе мені ал, Құдай» – деп қарғанар елдің жай-күйін дәл осындайда қабырғаң қайысып түсінгендей боласың. Дегенмен осы сұрықсыз көріністің өзінде адам баласының көнбіс, ит-жандылығын бейнелейтін, үлкен полотнолы сурет іспетті ойшыл тереңдік бар еді. Қазан айына ауысқан апақ-сапақ мезгілдің жауын-шашыны көбейіп, далиған тыржалаңаш даланы сұп-суық нөсеріне шомылдырғандай еді. Толассыз жауған жаңбыр елдің де берекесін алған. Толассыз жауған жаңбыр суы саңлауыт жерге іркіліп, жасаңдап ептеп қайтадан көктей бастаған; төрт түлік әлгі жылға, ойпаңдағы көгерген алшынды қуалай оттап мәз. Ал, аш бөрідей жалаң-

даған аңызак желдің өті жыбыр-қыбыр тірлік қуып жүрген жұрттың тозаңын шығарып, жақ түгін үрпитіп, ернін жарып жалақ қылды.

Шал үшін бұл үйренген, әбден зэрзап етер көнтулак көрініс. Оны мазалаған ауа райының қолайсыздығы емес-ті, оны қинап жүрген әйелінің моласы басына салып жүрген мазарды күмбездеп көтеруге кірпішті қалайша тезірек жеткіземін деген сықылды ойдың арадай анталауы. Әулие-әмбиелерден де, әлдекімдерден де медет сұрап жалбарыну әдетінде жоқ Дархан, іштей тынып көп жүрді. Оның тығырыққа тірелген халін көршісі, яғни нәшәндік әлдеқашан сезген. «Көмектесемін, ақсақал» деген сөз аузынан қалай шыққанына өкінгендей сыр-ғақсып, бұрынғыдай емес, Дарханға жоламайды.

«Қар жаумай тұрып мүрдехананы қалай да бітіру керек, – деді Дархан, – биылғы қыстан қалам ба, қалмаймын ба, оны бір тағдыр біледі; жаман айтпай жақсы жоқ, көзім жұмыла қалғандай болса, қай екі туып бір қалғаным мазардың қалғанын қалап, бітірер дейсің».

Осы ой меңдеуімен түс ауа Кеңгірге беттеді. Оның ең әуелі болжағаны: қабырғадан артылып, шаңырағына жетпейтін болған соң үйіп қойған елу шақты кірпіштің орнында жоқ, жым-жылас жоғалғаны-тын. Жер жұтқандай сынық кірпіш қалмаған. Жүрегі су ете түсті. «Кірпіші құрысын-ау, ырымға жаман емес пе... ырымға жаман. Тірі кезімде ұрлап тасып жатыр, өлген соң кімге тұлға болады».

Іші мұздап сала берді. Жүз жылға қартайғандай аса қажып, шойырыла отыра кетті де «уһ» деп даусын шығара күрсінді. Сонан соң Кеңгір батырдың қарқарадай қасқайып миземей тұрған тұлғасына қызғана қарады. Ол сонда адамның тірі кезіндегі беделі, құрметі, атақ-даңққа қандай дәрежеде болса, бұл пәниден қоштасқан соң да, сол биігінде қалып қоярын алғаш рет бағамдады. Әсіресе, қазіргі таңда дұрыс өлу үшін дұрыс өмір сүру керегін, етектеп емес – жо-жоқ, аспандап өмір сүру керегін ұқты. Тұңғыш рет өзі өлгенде неше кісі жиналарын санады: «Біреу, екеу, үшеу, он... жиырма...» осылайша ерні жыбырлап қайта-қайта нысықтап санаса да жиырмадан асыра алмай дал болды. Таң қалды. Тіпті таң қалған жоқ, шыншыл көңілден жүрегі лүпілдеп ышқынды. Қандай қорқынышты өлім!

«Құдай-ау, дәл осындай бейшара жан ба едім? Ұрпақсыз шаба беріппін-ау. Кім үшін өмір сүргенмін, бұдан отыз бес жыл бұрын суыққа ұшып өле салсам да бәрібір екен-ау, ә. Иә, иә, бәрібір екен! Ылғи жұмыс бабымен ғана үш жүз мың шақырым жол жүріппін; сонда қайда барамын, қандай ұшпаққа шығамын деп салпылдап жүре бергенмін. Бәрі халық үшін! Жұрт асар асуын, шығар биігін, тіпті ертең жатар жерін алдынала жоспарлап алады. Ал мен ше? Вагон секілді үстіме не тиеді, соны сүйреп безілдедім-ай, зырладым-ай – қалай сүйресе солай... Иә, рельс – өмір... вагон – адам... сен осындай екенсің-ау...»

Қарт жұмысшының әлгі ойын құптағандай таңдайы тақылдап тағы бір поезд өтті асығыс...

«Осы поездың ішінде Оспан да кетіп бара жатуы мүмкін-ау...

«Таңдайын қағып, тамсанып өте шықтық осылай». «Онда не істеуім керек еді?».

«Жығылған соң аударғаныңды ұрамын», деген екен бір білгіш. Өкінгенмен айналып келмейтін дүниені жоқтап бас қатырмайын, – деп орнынан тұрды.

Көкжиекке сіңе алмай қызылшеке болып ұялған күн күзгі өңірдің абыройын жапқандай, алтын алауға бөлеп, өзгеше көркем сипат бергендей еді. Күзгі аспанды торлаған бұлт қызыл сәулеге тойынып сендей теңселеді. Далаға шарбыланған алқызыл жалын тарап, торғынша толқиды, кейде күзгі дала жанып жатқан секілді көрініс береді-ай. Құландының қотыр тамдары, пай-пай... олар да жезбен қапталғандай, нұрлана шағылысып; жаратылысына бітпеген сұлулыққа масайып жетіседі, әне. Байып батар күннің соңғы бояуы Кеңгір батыр мазары мен Дарханды қоса қандап, көлеңкелерін он есе зор етіп созған.

Іңір кештегі у-шуы даңғазаланған ауылдан, қызметінен кешіккендей, үкідей ұшып Дүрия келе жатты. Ол өрлегенде, өзі құлдап кетуге ыңғай танытқан Дархан әлдене есіне түскендей қолын артына ұстаған қалыпта қарсы алды. Тал бойында тарыдай мін жоқ, наурыздың ақша қарындай таза келіншекті аямай-ақ соншалық қор еткен табиғатты қарғады да.

– Ей, қақбас, – деді Дүрия жүрелей отыра кетіп. – Әлі тірі жүрмісің? Мен де есенмін. Екеуімізді алмаған Құдайдың тамағы тоқ екен.

Кенеп дорбаны апыл-ғұпыл шешті де ішінен бір шөлмек «суды» алып, екі стаканға толтыра құйды.

– Әй, Қамбар, сен нағып тізеңді бүкпей секиіп тұрсың, – деді белгісіз елес-біреуді қолынан тартып. – Ана обходчик қақбасты құдай отыруға жазбаған. Ол әлі түрегеп жүріп өледі.

Қанша өзін-өзі тоқтатқанымен Дархан тіксініп қалды. Сасқанынан әйелдің жанына дүрс етіп отыра кетті.

– Кел, Қамбар, сенің қырық жыл болған қырғыннан аман оралғаныңның құрметіне алып қоялық, – деп өзі ішіп салды. – Құдай-ау, баяғыда екеуіміз алғаш үйленген жылы, есінде ме, Қамбар, ішіп-ішіп, қызып ұйықтап қалғанымыз. Содан сені ертеңде соғысқа алып кетті де... баласыз қалдық. – Дүрия жанындағы елес-адамға еркелегендей өзіне қарай тартты; аймалап, ауаны сипалады. – Түу, Қамбар, шашың ағарып кетіпті ғой. Ана қақбастың басында бір тал ақ жоқ, – деп Дарханға ала көзімен ата қарап қойды. – Темір жолда істейтін жұмысшының көбі қалып жатқанда, сені айт-үйтке қаратпай ала жөнелгеніне күні бүгінге дейін миым жетпейді. Мен қалдым бейбақ болып бедеу күйімде, сен кеттің артыңа жалтақ-жалтақ қарап.

Әйел шөлмектегі судың қалғанын өзінің ыдысына сарқып құйып алды.

– Кел, Қамбар, сенің есен-сау оралғаның үшін алып қоялық. Айып етпе, мен сені адал күте алмадым. Ол арман емес, жаным, бар арман азаматтың аман қалғаны... Мен бақыттымын, Қамбар, бақыттымын... – Дүрияның сұрланған берекесіз бетіне қуанышты сәуле жүгіріп, жиегі қызарып, мағынасыз қарайтын көзінде от ойнады. Шын бақытқа, мол бір шаттыққа кенелгендей риза көңілмен еңіреп жылады, әдемі жылады. Содан кейін елес боп қайтып оралған жарына, ағыл-тегіл отыз жыл бойы көрген-білген өмірін баян етті.

Дархан әйелдің әңгімесін одан әрі тыңдаған жоқ. Тыңдағысы келді-ақ, құлағына кірмеді. Дүние таскерек болғандай соншалықты ауыр да азапты тыныштық орнады. Ал, Дүрия жазған салдырлай қолын сермеп әңгімесін айтып отыр, айтып отыр. Анда-санда күліп қояды, анда-санда жылап алады. Ал Дархан еш нәрсе естіген жоқ. Әйелдің ерні ғана жыбырлағандай. Өне, жүк тиеген тағы бір состав өтті – ол да үн-түнсіз өтті... Құлақтан айрылдым деп ойлады. Оның көз алдында мынау жынды әйелдің күйеуін әскерге аттандырып тұрған арманды сәтінен басқа көрініс қалмады.

...Дәл осындай нұр-сәуле жамыраған уақыт болатын; дәл осындай күздің қоңыр салқын, күндізі шуақты, түні ызғарлы мезгілі болатын, дәл осындай... бәрі осындай секілді еді; тек Дүрия ғана басқаша, мұқым ауылдың аузының суын құртқан ерке келіншек еді, үстінде қызыл ала ішкөйлек, басында қызыл ала орамал, поезд жүріп кеткен соң артынан тұра қуған, көп жүгіргені – ұзақ жүгіргені... сонан соң тұра қалып қол бұлғап: «Қамбар-ау, жаным, тез орал», – деп бар даусымен айғайлағаны, содан соң... етпетінен құлағаны – бәрі-бәрі кешегідей көз алдында. Қамбар сол күнгі ең соңғы поездға мініп кеткен. Сонда Дарханға анау паровоз дүниедегі бар жақсылықты ғана емес, дүниедегі бар жамандықты қоса әкеліп жатқандай сезілген; тотыдайын таранған Дүрия орамалын бұлған: «Қамбар-ау, жаным, тез орал», – деп айқайлаған, көп айқайлаған... айқайлаған...

Шалдың құлағы тарс етіп осы айқайдан ашылып кеткендей болды. Әйел шынында да:

– «Қамбар-ау, жаным, тез орал», – деп жаулығын бұлғап дауыстап тұр екен. Жарқыштанған тарғыл үн баяғыдағы үнпаз дауыс емес, мүлдем жат, қорқынышты шықты.

Осы кезде Қеңгірдің жотасына қарай Солтанның қара ұлы айқайлап жүгіріп, тырмысып келе жатты. Қолында хат.

– Кімнен? – деді Дархан сасқалақтап. – Маған хат жазатын ешкім жоқ еді ғой.

– Білмеймін, ата, әйтеуір адресінде сіздің аты-жөніңіз жазылған.

– Оқышы, шырағым. – Сегізінші класта оқитын қара ұл сыртқы конвертінен бастап зуылдата жөнелді.

«Семей облысы, Аягөз ауданы, Құланды ауылы, Танатаров Дарханға. Аса құрметті ақсақал! Қуаттысыз ба? Әрине сіз мені танымайсыз да, білмейсіз. Бұған дейін мен де өмірде сіздей атамның барын білмеуші едім. Білетінмін, бірақ өлі-тіріңізден хабарым жоқ еді. Мүмкін сенерсіз, мүмкін сенбессіз, мен сіздің немереңізбін, ақсақал... «Лениншіл жас» деген газетті оқып отырып менің әкем Мұратты іздеген хабарландыруыңызды оқыдым. Сізге қиын болса да айтайын, әкем яғни, сіздің ұлыңыз – Мұрат Дарханов 1942 жылы Сталинград түбінде қаза тапты. Оның жаңа ғана еңбектеп жүрген маған қалдырған аманаты, қайткен күнде де сізді тауып алу еді. Міне енді сол әкемнің

өтініші орындалды! Осы хат қолыңызға тиер-тиместен өзім барып қалармын, ақсақал...

Сәлеммен, немереңіз – Жалғас.

25. IX. 1975 жж.

Дархан хат оқылып болған соң да көзін жұмып сұлқ отырып қалды. Жүзінен не қуаныштың, не өкініштің табы байқалмай қабарып, мүлгіп қара ұлға қолын созды:

– Өкелші хатты. – Қара ұл ұсынған хатты аударыстырып қарады.

– Қай жерден шыққан екен, печатын байқашы, қарағым. – Қара ұл әрі-бері іздеп белгі таппады да:

– Ата, Аягөз деген жазудан өзге ештеңе көре алмадым, – деді.

– Жарайды, ұлым, рахмет, сүйіншіңді беремін, – деді де хатты қойнына салып, орнынан тұрды.

Баяғыда қалай еді?... баяғыда...

Баяғыда:

...1930 жылдың қысы қатты болды. Сақылдаған сары аязға қарамастан жан алып, жан бере еңбек еткеп түркісібшілер, ұлы жолдың сорабын салып та үлгерген еді. Жердің тоңы, күннің суықтығы, киімінің жырттығы мен тамақтың қораштығы қайнаған жігер, тасыған қуат тегеурініне төтеп бере алмай, дәрменсіздік танытты. Адам айтса нанғысыз қиындықтар, енді-енді ғана қалыптасып, қайратын көрсете бастаған қазақ жұмысшыларының алдында тізесін бүкті. Жүз жылда, бәлкім мың жылда жалғыз-ақ рет қайталанар ерліктің асқан, үлгісі көрсетілді. Егер, тарих-ананың кәрі жүрегіне алтын әріппен жазылар ертекке бергісіз ерлікті – жүз адам жасаса да, бәлкім мың адам жасаса да – Дархан сол құрыш білек ерлердің бірі ғана, ең қарапайымы ғана... Ендеше ол жасаған ерлік пен көрген қорлық сандаған қазақ жұмысшы жігіттеріне бірдей ортақ, көптің бірі болғандықтан, әзірше ешкім білмейді. Кейін де есімі есте қалмас... Мүмкін, кім білсін, бес жыл өтер, елу жыл өтер, Дархансынды марқасқа азаматтарын әнге қосар, аңыз қылып, келер ұрпаққа жеткізер... Анау, Ақай шал жатқан төбенің басына ақ тастай қашап алып ескерткіш орнатар. Осы тұстан өткен әр поезд сәл аялдай, бүкіл жолаушы жұмсақ та жылы вагоннан түсіп, төбе басынді жер томпайтқан шалдың

мүрдесінс тәуәп етер, басына гүл шоқтарын қояр... «Жасасын Түркісібтің боздақтары!» – деп ұран тастар, көздеріне жас алып, шойын жолдың ұзына бойын раушанға көмкерер... Құдай-ау, сол бақытты күнді көрген де, көрмеген де арманда екен-ау; тіпті еске алып, қиялдаудың өзі қандай рахат еді, қандай сүйіншілі еді...

...Бұл жол – болашақ жолы.

Бұл жол – бақыт жолы.

Дала төсіне шірей тартылған қос рельс – қазақы домбыраның қос ішегі сынды: тарта бер заман күйін, шерте бер айызың қанғанша аңыратып, ғұмырың жетсе. Әр шпал – әр перне сықылды.– Қараңызшы қандай ұқсастық. Қазекемнің он саусағы, енді темір жол бойымен ойнайды; көр де тұр, үстінен су төгілмес жорғаға мінгендей тайпаңдатар-ай. Күніміз туғаны осы, ағайын, қуан, шаттан, енді бірер айда – Түркісібтің бойымен әндетіп поезд өтер. Ең алғашқы жолаушы – Дархан, сөз жоқ осы шомбал қара жігіт болады...

«Ең бірінші поездға өзім мінемін!»

Ойының аяғын дауыстап жіберді ме, іргесінде жатқан Гүлия оянып кетті.

– Не дедіңіз, Дархан?

– Ә-ә, сен ұйықтаған жоқ па едің... Ең алғашқы жолаушы өзім боламын деймін.

– Қиял да бір – қылшылбыр, қатты лақтырсаң өз мойныңа оралады.

– Апыр-ай, Гүлия-ай, ертеңгі күніңе сенбей-ақ қойдың-ау.

– Ол сенбегендік емес, Дәке, сақтық қана. Бәрін дәм біледі.

Уақыт көрсетер.

– Құдай-ау, сол уақыт туған жоқ па енді...

– Қайдам, – деді Гүлия күрсініп. – Әзірше әкеміздің жаман лашығында жатырмыз ғой. Бекер қиялдан қайтесіз. Одан да анау ұлыңыз тоңып қалмасын, соны қымтап жауып қой. Отын да тақа таусылды, қайта былтыр осы уақытта аздап қоры бар еді.

– Жоқтан өзгені уайымдап қайтеміз. Ертең ертерек тұрып тал қиып әкелермін.

– Қу тезексіз жас талдың жануы да қиын. Үрлеген сайын пысылдап, бықсып кісінің есін шығарады. Көк-ала түтіннен көз ашпаймыз.

– Көппен көрген ұлы той, Гүлім. Осы қысты ептеп-септеп артқа тастасақ, ар жағы...

– Ар жағында не болады? – деп күйеуінің сөзін бөлді. – Былтыр да осылай деп едіңіз. Қартайғаныңызға көрінсін.

– Қартайғаным да рас.

Тоқал там дәл баяғыша азынап тұр. Аузы күйелеш-күйелеш мәстек пештің оты әлдеқашан, қызыл іңірден сөніп қалған. Дархан мен Гүлия дәл былтырғыдай ағаш нардың үстінде, қатар әңгімелесіп жатыр. Қабырғаның төбемен түйіскен тұсы көкаязданып сырт-сырт тамшылайды. Ай жарық. Сол жарық айдың сүт сәулесі жұпыны үйдің алакөлеңке қабырғасына сурет салып, өзгеше қиялғажайып күйге бөлейді. Расында да бәрі баяғыдай: әр зат, әр адам өз орнында. Ай екеш жарықтық ай да аядай терезеден қысыла сыздықтап, өз жолымен – бұдан мың жыл бұрынғы жолмен жылыстайды. Өзгерген не сонда? Адамдардың санасы ма? Бәрібір өткен жылдағыдай: Гүлияда күдік аралас мұң бар, Дарханда әзірше белгісіз, бірақ соншалықты батыл арман бар, үзілмейтін үміт, ертеңге деген сенім бар. Дегенмен, бұл үйге де ұлы жаңалық жақындап келе жатқаны рас-ты.

– Дәке, – деді Гүлия назбен еркелей. Ерінің бауырына тығыла жатты.

– Оу.

– Мен сізге бір нәрсе айтсам деп едім.

– Айта ғой... айт.

– Көктем туа жаңадан үй қалап алайық. Әлекедей жаланған жұмысшы достарыңыз бар, көптеп-көмектеп бір айда тұрғызар едік.

– Ой, Гүлім-ай, сен де жоқтан басқаны айтады екенсің. Үй салатын уақыт па қазір? Алдымен Түркісібті тамамдап алайық та, содан соң көрерміз. Далада жатқан жоқпыз ғой.

– Түркісіб бір айда бітер деп едіңіз ғой...

– Жол біткенмен, жұмыс таусылар ма?

– Жұмыс көрге кіргенше таусылмас. Басына баспана жасап алмасын деген заң жоқ шығар.

– Ондай заңның жоғы рас. Бірақ, өкіметтің қыруар жұмысын тастап, қара басының қамын ойлап кетсін деген заң және жоқ.

– Сонда қалай? – Гүлияның даусы қаттырақ шығып кетті. – Не өздері салып бермесе, не өзіміз салып алмасак, осы суырдың ініндей жер кепеде көзіміз іріндеп тұра береміз бе?

Дархан жауап берген жоқ. Төбеге қарап ойланып жатты.

– Ауырырақ сұрақ болса, үндемей құтылатындарыңыз-ай, осы.

– Сұрақ ауыр емес, жұмыс ауыр болып тұр ғой.

– Дәке, – деді Гүлия күйеуінің кеудесіне басын қойып. – Осымен екі рет қолқа арттым – екеуіне де көнбедіңіз. – Үшіншісін айтармын, айтпаспын, бірақ екі дүниеде де есіңізде болсын, жылдар өтер, заман озар, ажар тозар, сол кезде өзіңізді өзіңіз кінәлап өкінерсіз-ау, әлі. Табалая маған күнә, ел-жұрттың алдында күлкіге ұшырарсыз.

– Қойшы, – деді Дархан мән бермей. – Қайдағы күлкі. Мен тіпті, айнама, алғашқы өтінішінді де тас есімнен шығарып алыппын.

– Әлде тұңғыш рет қайда, қашан кездескеніміз де жадыңызда жоқ шығар.

– Ой, ол өлсем де көз алдымда тірі күйінде қалады. Ай қорғалаған шақ. Жайлау. Алтыбақан... Содан соң... тұман тұншықтырған тоғай. Сылдырап аққан өзен. Шырылдаған торғай үні. Шашы төгілген сұлу қыз.

– Рахмет, шүкір, ұмытпаған екенсіз. Осыған да тәубе. Ал, алғашқы тілегім – оқу болатын.

Дархан күліп жіберді:

– Құдай-ай, соны да өтініш деп... Мен үшін сенен асқан мұғалім жоқ. – Жанында жып-жылы болып жатқан жарының шашынан, содан соң бетінен сипады. Қайла қатайтып, ағаштанып қалған алақаны жанарына тигенде селк етіп тіксініп қалып еді. – Көзінде жас бар ғой. Қой, қалқам, жаман ырым бастама. Әлде, маған тұрмысқа шыққаныңа өкініп жатырсың ба? Шешеңмен бірге Семейге еріп кетсең оқыған, мәдениетті, көзілдірігі, қара таяғы бар, төрт құбыласы тең қызметкер жігіттің етегінен ұстар ма едің...

– Қойыңызшы... – деді Гүлия тұңғыш рет ашуланып. Үні сонда да нәзіктігі мен жұмсақтығын бұзғысы жоқ. – Қарақан басыңызға үйдің керегі не? Тек күні ертең, аман жүрсе Мұратымыз ер жетер... ер жетер жарығым... содан соң... содан... мен екіқабатпын. Дәке... соны да сезбегенсіз бе? – Күйеуінің есіктей кеудесіне бетін басып, жылап жіберді.

– Тәңірім-ау, не дедің? – Басын қақшаң еткізіп алды. – Қай-талашы, не дедің? Ақсарбас! Сенейін бе, сенбейін бе құлағыма... – Дірілдеп кетті. Адамның қуанғаны мен қорыққаны бірдей деген осы-ау, Дарханның жүрегі тайдай тулап ала жөнелген.

– Рас, – деді әйелі көзінің жасын сүртіп. – Бес ай болды. Қыстың көзі қырауда үнемі оранып, шымқанып жүрген соң байқамағансыз ғой. Тіпті, сіз үйленген соң менің жүзіме, тал бойыма тіктеп қараған емессіз. Сүйінші сұрауды жөн көрмедім. Қазір де айтпас едім, әншейін амалсыз... Иә, сіз көп нәрсені байқамайсыз. Өйткені сіз шойын жолдан өзге нәрсені көрмейсіз... ә дегенде айтуға жасқандым да. Әуелі «керегі жоқ, бала бағуға жұмыстан қол тимейді», – деп бетімді қайтарып ұрысарға жорыдым.

– Қатты айттың-ау, – деп төсекке қайтадан сылқ құлап түсті. Алғашында расында өзін-өзі есі ауып кеткендей сезінді. Дәл қазір төрткүл дүниенің төрт бұрышында Дарханнан бақытты адам жоқ еді, қосылғандарыңа біраз уақыт болса да аяғы ауырламай сыбай-салтаң жүріп алған келіншегінен, оның себебін сұрауға дәті жетпеген. Үнемі болмағанмен, андасанда, иә, басы ауырып, балтыры сыздағандай болғанда, өзінің құйрық-жалсыз жалғыздығы есіне түсіп, іштей мүжіліп, жүдеп жүруші еді. Қашан көрсең қара жермен алысып танауына су жетпей безектеген Дархан былай тағы жұртқа еш нәрсені парықтамайтын, шөк десе шөгетін, өк десе жүретін көлік малындай көрінуі хақ еді. Бекерден-бекер Қара нар аталған жоқ. Енді міне сол... жаны қасанданып кеткен Қара нар төбесі көкке жеткенше қуанып жатыр. Тосыннан естілген сүйіншілі сөз ақылынан адастырғандай, жанарын ащы жас келіп, көпке дейін мелшиіп талықсып жатты.

– Неге үндемейсіз, ерім? – деп еркелей мойнына асылған әйелінің шашынан иіскеп, қыса құшақтады. Ақырын, – деп назданды Гүлия, – күш жұмсамаңыз, баламызды мыжып тастайсыз.

– Өлмейді енді, Дархан өлмейді! – деп балаша мээ болып насаттанды. – Оқудыңда, қызметтіңде әкесінің аузын ұрайын, үйтұрғызамын. Мұрын-сыбаның өңі түгіл, түсіне кірмеген үй қалаймын кірпіштен. Содан соң... балаларымды ата қаздай шұбатып, маң-маң басып, жайқалып келе жатамын. Ұлым ер

жетеді. Әкесі үшін, шешесі үшін, тіпті үрім-бұтақ, зәузат – ата-бабасы үшін сол оқиды. Жиырма жылдық мектеп бар ма екен, жетелеп апарып соған тапсыратын.

– Үйбай-ау, әкесі-ау, сабыр сақтасаңызшы, құрсақта жатқан жылбысқаны ұлға жорып, ертең мектепке жетелеп кеткелі бөстірдіңіз-ау. «Ағыңның басы бітіп жорғасы қалып па» деген екен баяғыда біреу. Тәубе деңіз. Ұзағынан сүйіндірсін деңіз.

– Тәубе, тәубе. Қыз болса да мешайты жоқ. – Екеуі бірдей жарасымды қылықпен жарыса күлді.

– Орысша білетін жалғыз-ақ сөзіңіз бар-ау, отағасы...

– Неге? Много знаю. Қалада жұмыс істедім емес пе. Орыс жігіттерінен достарым көп болды. Айталық темір жолға байланысты сөздерге судаймын. – Біраз үнсіз жатты да: – Гуля, – деді әйеліне бұрылып, тамағын жыбырлатқан жөтелді кеңірдегін кенеп әрең басты. – Бойыңа бала біткенін осыған дейін шыдап, қалай айтпай жүрдің?

– Алғашында өзім де сенбедім. Соңынан екіқабат болған әйелдің алды-арты бір өзімдей-ақ, жар салғанды ыңғайсыз көрдім. Қазір де бекер айттым-ау деп өкініп жатырмын, Дәке. Не нәрсеге де көзбен көріп, қолмен ұстаған соң қуану керек қой.

– Сендей сақ адамды көрсемші, бәтір. Ойпырай десеңші, сендегі төзімділікті, байсалдылық пен сабырлықты, тіпті ақыл-ойды маған берсе ғой.

– Оның бәрін сізге жиып-теріп бергенде мен не істеймін, – деп күлді Гүлия. – Жынды әйелмен қанша сұлу болса да бір күн тұра алмассыз. Үй барған сайын суып барады. – Тітіркеніп, Дарханға тығыла түсті.

– Даладан тезек әкеліп жағайын ба?

– Әуре болмай-ақ қойыңыз. Жанымда сіз жатқанда маздап тұрған оттың қажеті қанша. Ақсақ құлынды болжап келемін десеңіз, қарсылық жоқ.

– Ой, оны жау алар дейсің бе? Жазда аздап болса да шөп шауып алғанымыз қандай жақсы болған. Қоңы жақсы.

– Есіңізде ме, ерім, пішен оруға барғанда Мұрат үшеуміздің асыр салып, жас балаша еліріп ойнағанымыз. Менің әлі көз алдымда.

– Жаздың сол бір жайма-шуақ жазира шағы менің жадымда жатыр ғой.

– Әйтеуір өзіңіз өз болып ерлік жасап, бас бостандығыңызды екі күнге сұрап алып едіңіз. Тіпті, түү Аягөзден былғары киімді өкіл келмегенде, сізге екі күндік демалыс бұйырмас еді.

– Қой, қалқам, мені соншалық айтақтағанға үріп, айдағанға жүретін сорлы санама. Біле білсең, өз басымның еркіндігі – өзімде. Тек ар-ожданым алдында ғана тізе бұге аламын.

– Сіз – батырсыз, ерсіз, білем. Бірақ, кейде тәуекелдігіңіз жете бермейді, аға...

– Тек, ағасы несі...

– Баяғым есіме түсіп кетті, арысым. – Гүлияның көңілі бүгінгі түн алау-жалау еді. Алақоңыр үйдің жүдеу тартып, суық сорған тіршіліктері қанша жетім де, егей дүниеге сүйрегенімен көңілдерінде маздап от жанады. Ішінде жып-жылы болып нәресте жатса, бұл өмірдің сүренсіз кеспірі, тағдырдың аш бүргедей талауы түкке тұрғысыз екен-ау. – Көктемде жаңбыр мол жауып, көк тез жетілді, шөп қалың шықты ғой. Ақсақ құлынды жетелеп, Мұрат үшеуіміз қырға шықтық. Аспан көкпеңбек. Гүлдер қандай көп еді... Көздің жауын алады. Ертеде, қыз кезімізде әкемдер Ақжайлауға көшіп шыққанда Дүрия екеуіміз елдің алды болып жетуге асығатынбыз. Ол кезде немене... астымызда тайпалған жорға, байдың оң жақтағы бұлғақтаған ерке қызымыз. Сіз есіме салмағанда үкілі тақия мен қос етек көйлегімді сол жолы кимес едім. Тіпті, ағаш сандықта кегіс тартып, жетімсіреп жатқанын ұмытып та кетіппін. Бір кезде шашын он күн тарап, бес күн өрген кербез қыз болғанымды ел қайдан білсін... Сонда қыр қызғалдағына араласып, бір отырып, бір тұрып гүл теріп жүрген маған сіз де, Мұрат та, тіпті ақсақ құлын да таңырқай қарап қалыпсыздар, ұялғанымнан бетімді басып, шөкелеп қызғалдақ арасына жасырына қалдым.

– Рас, керемет сұлу болып көріндің, – деді Дархан аймалап. – Бейне бір хор қызындай көркем едің.

– Қазір ше?

– Одан ары сұлусың.

– Сөзімді бөлмеңізші, – деп жарасымды өкпелеген болды. – Содан... сіз шөп шаптыңыз. Ақсақ құлын кәперсіз жайылып жүрді. Мұрат екеуіміз сайға түсіп, су әкеліп шай қоюға кеттік. Бұлақтың жағасына жете бергенімізде топталып өскен тал сыбдыр ете қалғандай болды. Алғашқыда қоян шығар деп мән бермедік. Еңкейіп су ала бергенімде, Мұрат «ананы қара» деп

айғайлап жіберді. Ол нұсқаған жаққа қарасам, бұлақты ерлеп алба-жұлба киінген адам кетіп барады екен. Құдды баяғыдағы кезбе шал Құлаша секілді.

– Қой, ол кісі баяғыда өліп қалған, – деді Дархан сенбей.

– Сөзімді бөлмеңіші, білем ғой өліп қалғанын. Бірақ сол кісіден аумайды-ау, аумайды. Иығына артқан қоржыны, қолына ұстаған асасы бар еңгезердей адам. Бізге жалт қарағанда байқадым, сақалы қаулап өсіп кеткен. Біртүрлі қорқынышты. Мұраттентек қой, менің қой, деп тыйым салғаныматыңдамастан: – Әй, шал, мұнда неғып жүрсің? – деп айғай салды. Ол естісе де естімеген болып, жауап қатпады. Артынан көрдік, бұлақтың жағасына от жағып, тамақ пісіріп жеген жерошақтың орнында шоғы жайнап жатыр. Жел соқса өрт кетер деп, су құйып біз сөндірдік.

– Ол кім болды екен? – деп Дархан елендеп қалды. – Маған неге айтпадыңдар?

– Абыр-сабырмен ұмытып кетіппіз, – деді Гүлия әңгімесінің ауанын өзгертіп, – түнде далаға қондық қой, есіңізде ме?

– Есімде, бәрі есімде, жаным, айта бер.

– Бойымда бала бар деген соң, тіпті жақсы көріп кеттіңіз-ау, Дәке... Иә, түнгі аспан қандай сұлу еді. Жұлдыздар қол созым тұсқа жақындап, соншалықты мол болып көрініп еді. Мұрат екеуіміз санап әуре болдық. Құстың сайрағаны, шілделіктің шырылы мен өзен жағасындағы құрбақаның шұрылы тым жақыннан естіліп тұрды. Мен қанша ерке болып өскеніммен, қыз кезімде далаға қонбаған екенмін. Сонда ғана байқадым, далада – қалың гүлдің арасында түнеген адам, өмірге қайта келгендей жасарып, қайтып қартаймастай шуаққа шомылады екен. Мен сол күннен бастап бұған дейін бүкіл ауыртпалықты артқа тастап, еңсені зіл болып басқан бар уайым-қайғыдан мүлдем құлан-таза арылғанымды білдім. Бетімнің тыртығы бітіп, жазылып кеткендей болды. Сол түні мен... ағымнан жарылсам... сізбен жаңа қосылғандай аса қызғылықты халді бастан кештім. Есіңізде ме, ұят та болса айтайын, Мұратты жалғыз тастап бөлек жаттық қой. – Күліп, бетін Дарханның кеудесіне басты.

– Енді... ол есімде болмағанда...

– Сіз қалжыңға айналдырмаңыз. Сол түні бойыма бала біткен екен-ау. Далаға... баяғыда... осыдан екі-үш жыл бұрын түнеу керек екен-ау, оны қайдан білейік.

– Оны қайдан білейік, – деп Дархан да қайта-лады.

Үй суық. Бұрыштан аққан тамшы тырстырс етіп, ерлі-зайыптылардың енді қанша жасайтындарын санап тұрғандай еді. Одан өзге ызың еткен дыбыссыз, салқын сазарған айлы түн. Анда-санда бұрышта бүк түсіп жатқан Мұраттың ұйқысырап күбірлегені білінеді. Есік көзінде жатқан ит шәу етіп үрді, үрді де қыңсылап барып тына қалды.

– Бөрібасар да ұйқысырады білем, түсіне қасқыр кіріп жүрген шығар, – деді Дархан.

– Кешке ас құймап едім, қарны ашып тоңып жатыр-ау байғұс.

Әйелінің көптеп көңілденгені осы еді, баяғыдан бері көкейінде жүрген сауалды қойғысы келген Дархан, сан рет оқталса да батылы бармады. Қорыққаны емес, онсыз да үлбіреп тұрған шарбы көңіліне дақ түсіріп алам ба деп сескенген. Бүгін Гүлияны тұңғыш рет бақытты күйінде көрді. Қатты қуанғанда бұрынғы тұйықтығы бытырап, ашық-жарқын сөйлемпаз болып кетеді екен. Қыздай қосылған жарының жан-дүниесінде, сонау бір ай астында алтыбақан құрған мезетте тұтанған жарық сәуле қайтадан лапылдап, енді сол жарық сәуле өзіне де от тастағанын сезді. Бұл әлемде сұлулық пен тазалық деген ұғым, түсінік бар болса, сол қасиетті дүниенің нақ осы қотыр тамнан тарап, жер бетінде өсіп-өрбитіндей нұрға толып тұр еді бұл үй. Күн қанша суық болғанымен өмірдің осыншалық ыстықтығына қуанды. Тәңірім-ау, бақыт дегеніміз осы ғой. Иә, иә, осы! Осы екені рас болса несіне әуре болып, басқа жақтан – болашақтан іздейміз. Бақыт құсы ғұмыр жалғанда да өздігінен ұшып келмейді, егер бақыт керек болса оны іздеп табу, не батылдық жасап бару керек екен-ау. Сол киелі санарда шаршарсың, шалдығарсың, амалың қайсы, темір таяқ тебен инедей болғанша іздемеске лажың жоқ. Біреулер жетеді, біреулер жетіп жығылады, жете алмай жығылатындар қаншама?.. Ал, өз бақытын өзгеге үлестіріп беріп, өмір бойы азап шегетіндерді бақытты жан деп атай алар ма едік?..

– Мен ол кісінің кім екенін білемін, – деді Гүлия кенеттен. Шалқасынан аунап түсіп жатты. Дархан ұқпай қалса керек:

– Қай кісіні? – деп сұрады.

– Жазды күні бұлақ басында көрген жұмбақ адамды.

– Білсең айтшы, ол кім?

– Ол ма, ол – Бати аға.

– Қой, мүмкін емес, – деп сенбеді Дархан. – Ақши жақта жылқы бағып жүр деп естігенмін.

– Демек бақпағаны. Дәл өзі, жазбай танығанмын. Қалай картайып кеткен. Әлде сақал-мұртын өсіріп жібергендікі ме... Қайдам, Құлаша шалдан аумайды әйтеуір.

– Бекер. Бати ондай дәруіштікке баратын жігіт емес. Тепсе темір үзетін азаматты ондай қаңғыбас, жаман атқа қимаймын.

– Ол жамандық па екен? Қайта мықты адамның жер-көкке симаған ермінезділігі, қайтпас қайсарлығы, өз еркіндігін қимай жүрген бірбеткейлігі ғой.

– Сенің түсінігің қызық екен, Гүлия. Ел кезіп сауғалап, ит талағандай алба-жұлба диуана болып кеткеннің бәрі ержүректілік болса, онда екеуміз де кеттік мойнымызға қоржын іліп.

– Құлаша шал ше? Өзіңіз мақтай беретін кезбе шал ше?

– Құлаша – қыдыр адам. Жарықтық оған бәрі жарасатын. Өйткені ол Құлаша болып туған, сүйекке сіңген әдемі мінез еді. Сондықтан да енді ол ешқашан қайталанбайды, қайтып жүз жылда тумайды. Қаңғыбастың бәрі қыдыр қонған кісі емес. Ал, сен көрген жұмбақ адам Бати болса, сандалған екен байғұс, жасына жетпей алжыған екен...

– Жоқ, ол байғұс емес... Тек жақсылық жасауға, адамның ала жібін аттамауға жаралған иманына берік жігіт.

– Жақсылығына рахмет. Ер мойнында қыл арқан шірімес. Бірақ, дәруіш болып кетуі – миыма қонбайды. Елмен көрген ұлы той. Бері тарт десе ары тартатын ондай кикарлық, қыңыр мінез кімге дәрі қазір. Келсін, жұмыс істесін, үйлі-баранды болып түгін түтетсін. Не өмірге, не өлімге пайдасы жоқ дүбәрә адамдардың күні бұдан он жыл бұрын өткен. Түсінбеймін, не қыл дейді сонда.

– Ендеше ол кісі сізге түсінбейді.

– Қоялық дауласқанды. Қаңғырса – қаңғыра берсін, біздің неміз кетіп барады. Ақылымызды айтқанбыз көнбеді, өзі білсін...

– Иә, – деп ауыр күрсінді Гүлия, – біздің неміз кетіп барады...

Бұдан соң екеуі де үндемей, әрқайсысы өз ойымен оңаша жатты. Үй суық. Бөрібасар қайтып үрген жоқ. Ай сәулесі

еденнен көтеріліп, қабырғаға өрлей барады. Жым-жырт тыныштық. Сол жым-жырт тыныштықтың ар жағынан әлдекім сығалап тұрғандай біртүрлі үрей билейді. Қазіргі халдің, қазіргі тықырсыз тыныштықтың өзі қатал да қайрымсыз ызғарға шыдас бермей үсіп өлгендей еді. Мұндай сәтте адам баласы қайтпас алыс сапарға аттанардай тұла бойын діріл билеп әрі қорқады, әрі рахаттанады. Осы қорқыныштан туған рахат арғы дүниеге лажсыз аттанатынын алдынала сезген, соған мойынсұнған пенде екеш пенденің өтіріктен-өтірік батылданған жалған әрекетін мазақ ете елестетерін, жер бетіндегі өтірік атаулы адамның өзін-өзі алдауынан өрбитінін ұғудың өзі қандай ұлылық. «Өлімнен қорықпаймыз», – деп жігерленеміз, көсегемізде жоқты көсеумен қамшылап, мұрнымыз қанағанша алға ұмтыламыз. Осы тырақай батылдығымыздың өзі – жалғандық қой. Монданақтай жер шарында айтысып-тартысып, атысып-шабысып жанталаса шапқылай, бір-бірінен озбаққа, бір-бірін жеңбекке ниет қылған екі аяқтылар таупиығы кең табиғатқа аса керек пе, әлде мүлдем керегі жоқ па – сана сарабына салса ғой шіркін...

Үй суық. Өйткені дала суық. Қорынып барып қорылға басқан Дархан өте бір ғажап түс көрді. Құлан жортпас құлазыған қазақтың кең-байтақ даласы екен дейді. Ұшқан құс, жүгірген аң жоқ, қу медиенде жападан-жалғыз дымы құрып шаршап келе жатыр. Осылайша жаяу-жалпылы, арып-ашып жолға шыққанына мың жылдан асқан сияқты. Бір ұрттам су жоқ, талшық етер ас жоқ, тек өзі, бір ғана өзі... Құдайдың төтеден келген ажалы қайда? Дәл осындайда ол «кісі» де сараңдық жасайды-ау. Өлмеген соң өзегі тала ілгері жылжыды. Екі аяғы жүруден қалған, тасбақаша тырмысты. Әйтеуір, алға – алдында айдын шалқар көл, қымызын сапырған асқаралы ел бардай өлермендікпен ұмтылады. Осылайша жалғызсырап, осылайша қыбыр еткен жәндік, ербең етер аң іздеп нейбетке лаққан Дарханда жалғыз-ақ арман бар еді! Адамды көру! Мейлі досы, мейлі қасы болсын, сол... мың жыл бойы іздеп таба алмаған адамды бас салып құшақтап, ағыл-тегіл жылап мауқын басса, содан соң... өліп-ақ кетпес пе. Тағы да алға жылжыды. Тәңірім-ау, ананы қара! Сонау жалпақ сахараның үстінде, дәл өзі секілді қарама-қарсы жылжып тағы бір адам келеді. Қазақ секілді. Екеуі де бір-біріне қарсы еңбектейді. Екеуі де қуаныштан көз

жастарын көлдетті-ау. Тура тұмсық тұсына келгенде барып таныды. Анау – Оспан, мынау өзі – Дархан. Оспан айтты: «Жол бер, әкеңнің аузын ұрайын!» Дархан да қасарысты: «Жоқ, сен жол бер, әкеңнің аузын ұрайын!» Көпке дейін текетіресіп сүзісіп, бірі қалай қарай бұрылса, екіншісі солай бұрылып, әбден дымдары құрып шаршады. Ұлан-байтақ даланың бетіне симай, бұрылып жол беруге қимай жан тапсырады жазғандар...

«Ары жат, ары таман жатшы», – деп ұйқысыраған дауыстан Гүлия да оянып сыбдырын білдірмей ақырын тұрды да, Мұраттың қасына барып қисайды.

Үй суық. Азынап тұр. Дала мәңгілік мұз құрсауына оранғандай...

– Түнде менің қасымнан кетіп қалғаның не? – деді Дархан ертеңгілік шай үстінде.

– Өзіңіз «ары жат» деп қуып жібердіңіз ғой. Үй салқын болғанмен сүмек болып терлеп, әлдене деп сөйлеп жатыр екенсіз.

– Ой, қайдағы-жайдағы түс көріп... Оспанмен сүзісіп жүрмін бе-ау...

Гүлия сықылықтап күлді:

– Қайсыңыз жеңдіңіздер?

– Екеуміз де жеңісе алмай жан тапсырдық.

– Жүз жасайсыздар, – деді Гүлия бетіндегі күлкі табы сөнбеген қалпы. – Мұрат, ау Мұрат, шай ішіп болсаң құлынына шөп сала ғой, айналайын.

– Қазір, апа. – Пысық бала тез киініп, лып етіп далаға шығып кетті. Іргедегі пештің оты сырт-сырт жанады. Түндегі құлазып тартқан үй ішінде ептеп жан бітіп, ерлі-зайыптылардың бозарған бетіне қан жүгірген. Ыстық шайдың өзі кісінің ішек-қарнын жып-жылы болып аралап өткенде бойын сергіп, денен ширап сала бересің. Балшық тамның жоғарғы жағын бу жайлап, қыс бойы дымданып мысық емшектене тамшы ағатын төбесі буалдырлап көрінбей қалған.

– Мені қайдам, – деді Дархан аузына салған күлшесін шайнандап. – Оспанның құзғын секілді ұзақ жасауы мүмкін.

– Қызық, менің түсіме Бати аға кірді. – Гүлия бұл сөзді айтуын айтса да қызарақтап төмен қарады. – Кеше кешке әңгіме қылып, есімізге алғандікі ме... Тура есік көзінде ақсақ

құлынды ерттеп тұр екен деймін... Сондай әдемі, баяғының батырларыңша киінген: басында дулыға, үстінде темір сауыт, қолында шашақты найза. «Кел Гүлия, алдыма мін, мен сені алып қашамын», – деген сөзін айтуға батпай іркіп қалған-ды. Бетінің екі ұшы дуылдап барып, қолындағы кәрлен кесесін түсіріп алды. Әйелінің ішкі толқынысына мән беріп, күдік алған жоқ Дархан.

– Егер ұлды болсақ, атын Бати қоялық, – деді адал да аңқау шыншыл көңілмен.

– Алдымен сол күнге есен-сау жетелік те, әкесі. – Осы кезде шокпытпен қапталған аласа есік сарт ашылған, ар жағынан аузы-мұрнынан бу атқылаған Мұраттың басы қылтиған. Ит қабатындай табалдырықтан шапшаң аттап:

– Жоқ, – деді жыламсырап. Алғашында түсінбей қалған ерлі-зайыпты:

– Не жоқ? Не жоқ? – деп жарыса сұраған.

– Құлын жоқ!

– Не дейді, Құдайым! – Қолындағы шай құйған кесені дастарханға ақтара лақтырып, есікке қарай тұра ұмтылған Дарханның соңын ала, етегіне сүріне-мүріне Гүлия да безектеді.

Жаппа қорада: ақсақ құлынның терісі мен тісі ақсиган басы, сіңірі салақтап үш сирағы ғана жатыр... Қыл аяғы боқ-жынын ақтара салып, ішек-қарнына шейін түгендеп алып кеткен екен. Кім болса да жүрек жұтқан тым әккі, тісқаққан ұрыға қолды болған, тындырған шаруасында мін жоқ сайтанның.

Олар «құлын» атын қалдырмаған жабағының қанға боялған басын құшақтап Гүлия мен Мұрат солқылдап ұзақ жылады.

– Біліп едім, бір сұмдықтың боларын ішім сезіп еді...

– Білсең неге күзетіп шықпадың? Бәрібір мал болмайды, аш отырған жұмысшыларға сойып берелік, ыстық сорпа ішіп, жүректері жалғансын деп қанша рет қақсадым. Тым болмағанда сауабы тиер еді. Енді келіп: ...«біліп едім, сезіп едім», – деп шашыңды жұлып ойбайлайсың. Атаңның аузын ұрайын, кім болса да асықпай, қорықпай өз соғымындай-ақ бақшалап сойған екен.

Өзі өз болғалы Гүлияның күйеуінен естіген ауыр сөзі осы еді. Қасы дірілдеп тіксініп қалды да жасын тыйа қойды. Бетінен алып қарсыласқан жоқ. Көз жасын жаулығының ұшымен сұртті де қорадан үн-түнсіз шығып кетті. Ашумен

айтқан сөзін кері қайтарып алуға дәрмені жоқ Дархан, ендігі сәтте қан сасыған иен қорада жалғыз қалғанын білді. Бірақ, осынау жалғыздық оның бойын тез жинатты да, даладағы көпшілікке жеткісі келді. Қорада көңмен араласа былығып жатқан қан-жынды күрекпен тазалады да, бір бұрышына ақсақ құлынның бас терісін жер қазып көміп тастап тысқа шықты. Қараңғылау қорадан жарыққа бірден шыққандыкі ме, күн сәулесімен шағылысып шағырмақтанған ақша қарға қарай алмай, көзі қарыға жасаурап аз-кем аялдады. Шағын ауыл таңғы тірлігін бастаған. Иығына кұрал-саймандарын артқан жұмысшылар маң-маң басып қар кешіп, темір жолға қарай асықпай шулап барады. Әр тамның, анау жұмысшылар жатқан барактың мұржасынан жұлындай көтеріліп, түгін будақтайды. Кеңсенің бұрышында Омар байдың, бүгінде Оспан бригадирдің бозжорғасы буы бұрқырап, үстіне қырау, танауына сүңгі қатып, таңасып қаңтарулы тұр. Шана жеккен екен, қатты жүрістен соң шешпей суытып қойғанқа ұқсайды. Болар іс – болды, істер лаж жоқ, өзін тұңғыш рет дәрменсіз, қолынан түк келмейтін ынжық сезінген Дархан желдегендей қалтиып тура берудің ретін таппай кеңсеге қарай еріксіз беттеген.

Қамбар жалғыз отыр екен. Суық жайлаған даңғарадай бөлмеде жаураған алақанын уқалап әуре-сарсаң.. Алдындағы сия қатып қалған, үрлеп демімен еріткен болады.

– Төрлет, қазақ пролетариаты, – деді тісін ақсита күліп.
– Неғып ертелетіп жүрсің, астыңнан су шықты ма?

– Одан да сұмдығы болды.

– Қой, оттама!

– Ақсақ құлынды ұры сойып әкетіпті.

– Бір асым ет те қалдырмаған ба?

– Жок.

– Қап әттеген-ай, ә. – Қамшысын жұлып алды да сарт еткізді. – Жүрегiнiң түгi бар екен.

– Кім болса да қанды қол әккі біреу. Із-түзсіз жымын білдірмеген.

– Ит үрмеді ме? Бірақ, Гүлия сұлудың қойнына бір кірген соң аспан құлап жерге түсіп кетсе де сезбессің.

– Бір рет шәу еткендей болып еді, парық қылған жоқпыз. Бөрібасар адамға алдырмайтын сақ ит қой. Арсылдап үрмегеніне қарағанда, танитын ұры. Демек алыста емес, осы маңайдағы біреу.

– Ей, сен менен көріп отырғаннан саумысың. Пәлеңнен аулақ.

– Сен де қайдағыны былшылдайды екенсің. Селсебетсің ғой, қандай көмек берер деп келдім.

– Іздеу салайық. Ауданнан милиция шақыртайық. Басқа не істейміз...

– Ауданнан мелиса келіп, ұрыны ұстап бергенше түйенің құйрығы жерге, ешкінікі көкке жетер.

– Сөзді қой, мә қағаз-қалам, арыз жаз.

– Жазбайтын мұз болып қатып қалған сиясауытыңды жалаңдатпай ары тартшы.

– Енді не қыл дейсің...

– Еш нәрсе қылмай-ақ қой. Ақсақ құлынның күйігі емес жаныма батып отырғаны...

– Енді не ойбай, баспалап отырғаның?! Бұзауы теріс келген сиырдай ыңыранбай турасын айтшы, батыр-еке.

– Турасын айтсам, ашу үстінде Гүлияға тілім тиді.

– Ой, Құдай-ай, қатынына қарсы келмейтін қай қазақтың еркегін көріп едің. Өзіміз сабамасақ та сыбап аламыз. Әй, бірақ, Гүлияның мінезі ауыр еді. Сырты түк, іші хайуанға бола бекер-ақ ренжіткен екенсің.

– Өзім де соған қиналып отырмын. Енді қайттым... Оның үстіне аяғы ауыр...

– Моладес, Қара нарым! Жігіт екенсің.

– Енді кім деп едің?..

– Қоймай жүріп буаз қылғаныңды айтамын да. Ал, сен әйеліңнен кешірім сұра, аяғына жығыл. Сәби үшін кешер.

– Кім білсін... Көңілінде қалады ғой.

Осы кезде есік ашылып, қалың бумен араласа Оспан кірді.

– О-о, бажалар шүйіркелесіп отыр екен ғой. Білмеп едім... Дархан, сенің бригадаң жұмысқа бағана кетіп еді, өзің осында ма едің, – деп алыстан орағыта оспақтады.

– Осеке, біздің ат төбеліндей аз ауылымызда ұры бар көрінеді, – деді Қамбар қамшысын ербеңдетіп отырып.

– Енді ел болған соң ұры-қарысыз бола ма, ауыл шағын болғанмен жүздеген жұмысшы бар. Жайшылық па?

– Дарханның ақсақ тайын сойып әкетіпті.

– Дұрыс істеген, – деді Оспан айызы қанғандай және ол сезімін жасырған жоқ. – Жұмысшыларға сойып берейік деп сан

рет азғырғанбыз. Көнбеген. Қызғанғаны қызыл итке жем болды деші... Обал-ай... Мен таңертең Ақши жақтан оралдым. Жолшыларға сойыс іздеп ауыл-ауылды адақтап, екі-үш күннен бері сауын айтқандай сандалып жүрмін. Бір үйдегі бар малын сата ма, табылмады. Күн батып, қас қарайып кеткен соң Ақшиге түнедім де ертелетіп жолға шықтым. Құландыдан Тарбағатайға өрлеген салт аттыны көзім шалды. Мені байқап қалды ма, атына қамшы басып шоқырақтай жөнелді. Қанжығасы комақты көрінді. Дәу де болса сол суық қолдың нағыз өзі. Жо-жоқ, ұры бұл ауылдыкі емес, сырттан келген, кім екенін жүрегім сезеді...

– Кімнен күдіктенесің? – деп бажалар жарыса сұрады.

– Һм... Бати қаңғыбас... Қолыма түспей түрмеден қашып жүргеніне екі жыл болды. Ешбір мекен тұрағы жоқ, не елге жоламайды, не ешқайда жұмыс істемейді. Сонда деймін-ау. – Оспан сұқ саусағын шошайтып ойланған болды. – Сонда ол қалай күн көріп жүр? Аю емес табанының майын сорып жата беретін. Аң-құстың еті қашанғы тамақ болады, тіпті сол аң-құсыңның өзі азайып, жер қопарған дүмпуден үрке ауып кеткен жоқ па.

– Жаны бар сөз, – деп Қамбар күмәнсіз қолдады. – Осекеңнің болжамы қисынға келеді.

– Батиды мен ондай сұғанақтыққа қимаймын, – деді Дархан. Оспан миығынан күлді. Күлді де жалғыз көзін сығырайта қарап:

– Өзің біл, – деді. – Бірақ естерінде болсын, сол қаңғыбас ит байқамасандар күндердің күнінде қатындарыңды ұрлап әкетуі мүмкін.

Қамбар қамшысын сарт еткізді. Ала көзімен ата қарағаны болмаса Дархан ашу шақырған жоқ.

– Әй, сен де қара аспанды төндіріп тұрады екенсің. Сақ болмасаң өзінді сойып әкетіп жүрмесін, – деп мұқатып еді, Қамбардың сөзін елең құрлы көрмеген Оспан:

– Кімді кім соярын уақыт көрсетер. Өздеріңе де обал жоқ, сол итпен тым-тым ауыз жаласып кетіп едіңдер. Мен білемін, бәрін білемін, – деп самарқау қимылмен орнынан тұрды. – Былтыр көктемде әйелдеріңді екі атқа мінгізіп желіктіріп, Хабарасуына ертіп жібергендеріңді де білемін. – Есікті қаптыра жауып шыға жөнелді.

– Расында бәрін біледі, – деп мойындаған Қамбар желкесін қасыды. Ал, Дархан қара құсынан гүрзімен ұрғандай мелшиіп отыр... «Алдымды орай берді-ау, – деді ішінен. – Қопарып тастайтын күші болмағанмен, тістелейтін тісі мықты. Айды аспаннан келтірем десе де айласы жетеді мұның. Күресетін емес, атысатын емес, қалай ғана жеңуге болар». Оның миын жыбырлатқан мазасыз ойын Қамбардың:

– Бұл тірідей алдырмайды бізге, – деп, өз ойынан дәл түскен сөзі бөліп жіберді. – Мұны жеңу үшін Оспан болып қайта туу керек, не болмаса Оспанға қарсы салар тағы бір Оспан керек. Өкінішке орай, ондай Оспан ауылдан табылмас. Жоқ, мыжымалық. Дүрияның шайы суып қалды, сол жерде ақылдасып шешерміз.

– Рахмет. Мен үйге қайтамын.

– Өзің біл. Бірақ Гүлиядан міндетті түрде кешірім сұра. Кешке біз де барып татуластыру шайын ішіп қайтармыз. Байғұс Дүрия егіздің сыңары – сіңлісінің екі қабат екенін естігенде қуаныштан жүрегі жарылып кетеді-ау. – Қамшысын сарт ұрып, пимасының қонышына тыға салды. – Ертең ауданға жүремін. Қыруар жұмыс бар. Құландыда мектеп ашып, сендерді сауаттандырмасақ, қазақ жұмысшыларының тең жартысынан астамы қара танымайды.

– Бұл істі басқа ауыл баяғыда қолға алмап па еді? – деп Дархан орнынан тұрды.

– Біздің жағдайымыз өзгеше. Мен хатшылық ететін кеңестің қарамағында артель мүшелері ғана емес, жұмысшылар да бар. Ал, шаруалардың сауатын ашып жатқанын өзің білесің... Түркісібшілердің қауырт жұмысы енді-енді ғана саябыр тауып келеді. Демек осы ауылда тұрақты жұмысқа қалады-ау дегендердің басын қосып мектепке тартуға жаңа ғана жағдай туды. Сенің ептеген саңылауың бар, бұйырса төртінші кластың оқушысы боласың.

– Оныға да ризамын, Мұраттармен үшіншіге отырғызып қойсаң қайтер едім...

Бірін-бірі арқаға қаға далаға шықты. Бозжорға жегілген қанатты қара шанаға шалқалай отырған Оспан жолшыларға қарай ағызып барады екен...

– Заман осыныкі болып тұр-ау, – деді Дархан иегімен нұсқап. – Күні ертең Түркісіб аяқталып, Құланды станцияға айналғанда тұңғыш начальнигіміз осы болмасына кім кепіл.

– Болдырмау үшін күресу керек. Баяғыда... Еркін ертіп кеткенде-ақ күдіктеніп едім. Теміржолшының курсың тамамдаған арнаулы білімі бар. Оқу десе ат-тонын ала қашқан мына саған, әрине бастық сол болады. Басқа кімің бар. Өз обалың – өзіңе...

– Бұл не, табалағаның ба? – деп Дархан бажасына кейіс білдірді.

– Табалағаным емес, ескерткенім.

Күн нұры қар қиыршықтарымен сүйісіп, қылмындап, көз қарықтырар әдемі бір қылықпен ойнайды. Аспан айнадай ашық еді...

Биылғы көктем әдемі басталды. Наурыздың ортасында-ақ қар кетіп, жер кепті. Құстар әлі келген жоқ. Наурыздың құсы, көктем хабаршысы – ұзаққарға ғана қалбалақтап, әр үйдің күресініне, жер тамның төбесіне ұшып-қонып жүр. Қыстан көтерім болып, құйымшағы сорайып әрең шыққан бірлі-екілі сиырлардың өлі жүні түспеген, қыр арқасына сауысқан қонып, шоқып отыр; ол сауысқанды ауылдың үруді ұмытып қалған ынжық иттері аңдып жатыр. Осы қыстан әбден ығыры шыққан ел табиғаттың бұл пейіліне риза көңілмен тіршіліктің қамына кіріскен. Түркістан-Сібір темір жол құрылысының жұмысы Құланды ауылынан әлдеқайда алыстап, Айнабұлаққа біртабан жақындап қалып еді. Бұл ауылдағы күні кеше ғана қайнап жатқан еңбек, абыр-сабыр адамдары сап болып тынышталған. Іргеден өтіп, сонау оңтүстікке созылып кете барған рельс бойымен жүк тасыған кішкентай паровоздар өтеді анда-санда. Ойдағы-қырдағы қазақтар үшін осы екі-үш қорап сүйреткен кішкентай паровоздың өзі таңсық, аттысы түсіп, жаяулысы жатып қарап таңырқап, таңдай қағады. Осыдан екі-үш-ақ жыл бұрын Омар байдың мыңғырған жылқысы үйездеп, желісі тартылып жатқан дала төсі мүлдем өзгерген: ілгерілі-кейін жосыған жолаушылар мен жұмысшылар, ұзын-ұзын рельс, жарамсыз шпал, тас, топырақтың үйінділері мен қазылған үңгірлер. Дүниені өзгертудің осыншалық оңай екенін білмей келген қыр қазақтары көндім-көндімді көңілмен бастарын шайқап, таң-тамаша қалумен жүр. Дегенмен, ел еңсесін әлі де көтеріп кете қойған жоқ-ты. Бірде жетіп, бірде жетпей қалатын киер киім, ішер астың тапшылығы – көп-көп іске қолбайлау жасады. Азын-аулақ мал ұстап, шаруалық кәсібін

тастамаған Құланды жұрты нарком тарапынан берілер там-тұм ақшаға сатып алары жоқ ілда-алда тірлік – шаруалық пен жұмысшылықты қатар ұстап жанын сақтады. Азаматтары әкеліп тастаған жапырақ-жапырақ ақша жұмсалар жерін таппай, әр үйдің сандығында үйіліп жатты. Аягөздің базарына барса бір тоқтысы мың сомның үстіне бір-ақ секірген қымбатшылық. Ақыры салы суға кетіп, қайтып оралатын да құйымшағы сорайған жалғыз сиырының амандығын тілейтін. Әсіресе, ата-бабасында жұмысшы болып көрмеген қыр қазақтары үшін малдан бірден қол үзіп кету аса қиынға соқты. Уақытша туған қиындыққа шыдамай, қырдағы ауылға көшіп, жаңадан құрылып жатқан колхозға кіргендері де болды. Дегенмен, түпкілікті теміржолшы болып қалған қазақтар молшылық еді.

Рельс ұзарған сайын Дарханның да үйге келуі сиреді. Жұмыс орны қашық болған соң, аяқ талдырып сонау көз көрінбейтін алыстан жаяу салпақтамай, вагон-үйде жұмысшылардың арасына жата кететін. Тек аптасына жалғыз рет қатынап, үйішінің амандығын ғана біліп қайтатын. Онда да бір күн түнеп, елең-алаңнан тұрып кері жаяу тартатын. Күйеуін осы азапты жүрістен құтқарғысы келді ме Гүлия оған: «Екі-үш жұмада бір-ақ рет кел өз күнімізді өзіміз көреміз», – деп Құдайдың зарын қылды. Әйелінің аяғы ауырлаған сайын елегізе ме «мақұл» деп келіссе де келесі аптада есіктен кіріп келе жатады. «Жүрек құрғыр шыдамайды да»... Бұл – Дарханның әйеліне айтар жауабы еді.

Екі кештің арасында, кешелер ғана өз қолымен төсеген шойын жолдың бойымен шпал санағандай аяндап келе жатқан Дархан сан түрлі ойға батушы еді. Былтыр қандай еді мынау жер, биыл қандай?.. Әр аттамға бір төселген көлденең шпал Дарханға таныс, өз қолымен қалаған, өз қолымен темір қазығын қаққан, өз қолымен рельс пен рельсті жалғар қапсырманьың бұрандасын бекіткен. Иә, бәрін өз қолымен... Енді міне, дауыл мен жаңбырға қарамай жанталасқан қиындық атаулының үстін көлденең басып, айналайын шойын жол жатыр. Тұрған тұсыңнан қарағанда оқтай атылып, көкжиекке сіңіп кеткен баспалдақ жол – болашағыңа апарар саты іспетті, көзге ыстық, кеңілге жақын. Енді біраз күнде осынау темір баспалдақтың үстімен таңдайын қағып тарсылдап, көк ала поездар зымырар. Енді аз күннен соң, мынау Дархандар салған Түркісібтің

бойымен оңтүстік пен солтүстікке, батыстан шығысқа сандаған ұлттың өкілдері қолтықтасып ән салып, вагон-вагонның есік-терезесінен қол бұлғап зулап бара жатар... Қандай керемет десеңізші! Шынымен-ақ, осы табанымның астындағы шойын жолды мен, жоқ-жоқ мен ғана емес, біз – қазақтар салдық па?! Құдай-ау, біріге алсақ, анығында біріктіре алса, біздің де қолымыздан ұлы істер келеді екен-ау. Бәсе, бәсе, кең-байтақ даладан ұлтарактай жер бермей ұстап тұрған ел, табан тірер жол сала алмаса несіне жұрт, несіне ұлт. Ал көрейікші бір игілігін... Көрелік!

Ой қаузап тауыса алмаған Дархан енді шалқыған көңілін басар ешнәрсе таппаған соң, шпал санауға кірісті. Біреу, екеу, үшеу, төртеу... жүз... мың... екі мың... мұны да санап бітіру мүмкін емес екен, қайта-қайта жаңыла береді. Ауылдың төбесі көрінгенде сам жамырап, әр үйдің терезесінен білте шамның әлсіз жарығы сықсиган. Әсіресе, сонадайдан көзге ұрары – паровоздардың су құйып алуы үшін жасалған алып құдық, оның үстіне кірпіштен өрген мұнара еді. Сол мұнарадан да еңселі, төбе басында тұрған соң ба, шоқтығы асып тұрған Кеңгір батырдың мазары. Дарханның есіне әлдене түскендей он жағына жалт қарағанда қораштау ғана төбешіктің нобайын көрді. Сол төбешіктің басына былтыр дәл осы мезгілде, жаңбырлы күні жерлеген Ақай шалдың моласы көріне ме деп тесіле үніліп еді, жермен-жексен болып тегістеліп қалған ба, байқай алмады. Содан соң, жолдан бұрылып әдейі іздеп барып еді, ешқайда көшіп кеткен жоқ, томпайып қана жатыр екен марқұм. Жаңбыр мен қар мүжіп, аздап аласартыпты. Сол кезде өз қолымен шаншыған күрек орнында, Дархан осыған да қуанды. «Қолым тисе ең әуелі сіздің басыңызды үйлеймін, Ақа, жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, жарықтығым, кейінгі ұрпақ сіз сіңірген еңбекті ұмытпас», – деп күбірлеп бетін сипады.

Тоқал тамының кіп-кішкентай терезесінен сықсиган сәуле көргенде Дарханның қуанышында шек болмады, ол үшін дүние-жүзінде бұдан асқан, бұдан жарық шам жоқ та шығар-ау. Шошытпайын дегендей, сықырлауық есікті жайлап ашса да әбден тозығы жеткен дүние бәрібір әндетіп қоя берді. Мұны жөндеп жаңадан салуға қолы тимей жүр-ау. Төр алдында шай-суын ішіп отырған Гүлия мен Мұрат жалт қарады да жүздері жайнап сала берді. Мұрат:

– Әкем келді, айттым ғой келеді деп. – Атып тұрып мойнына асыла кетті. Үйдің іші мәре-сәре қуанышқа толды. Сырттан тыңдаған адам болса бұл үйелменде ұлы жіңгір той болып жатқанға жорыр еді.

– Несіне келдіңіз жаяу салпақтап, бүйте берсеңіз, бір айда бір етік тоздырарсыз, – деді Гүлия.

– Әкем қазір «жүрек құрғыр шыдар ма» деп айтады. – Мұраттың сөзіне бәрі күлді.

– Рас, шыдамадым. Тіпті алыстап кетіппіз. Енді Түркісібіті Айнабұлаққа түйістіріп бір-ақ оралармыз. Сонымен жол бітеді. Сонан соң салған жолымызды пәле-қаладан тору ғана қалады.

– Мен колхозға көшеміз бе деп ойласам, – деді Мұрат мұрнын тартып.

– Ешқайда көшпейміз, ұлым. Осы қалғанымыз қалған.

– Қамбар мен Дүрия Ақшиге кететін болыпты. Біздегі – жаңалық осы. Кіріп шығар ағайын жоқ, тағы да жалғыз қалатын болдық, – деді Гүлия. Жүзіне мұдның қозбауыр бұлты ілінгендей сынық.

– Неге көшеді екен?

– Кеңес болып сол ауылға ауысыпты.

– Мұнда кім келмек?

– Олар кеткен соң кім келсе де бәрібір емес пе. Әлде станция құрылса сельсовет болмайтын шығар. Ит неге үрді, Мұрат, далаға шығып болжашы.

Мұрат орнынан тұра берем дегенше, үйге төбесі көк тіреген еңгезердей шал кірді. Ә дегенде ешқайсысы да жыға танымаған.

– Ассалаумағалейкүм, балалар!

– Уағалейкүмсәлем, ақсақал. Сәлемші болсаңыз төрге шығыңыз.

– Рахмет, ұлым. – Сыртқы киімдерін шешіп, төр алдына барып малдас құрып отырғанда ғана шырамытты Дархан. Өзін-өзі ұстай алман қол-аяғы дірілдеп, аузына жөні түзу сөз түспей сасқалақтады.

– Иә, дені-қарларың сау ма, шырақтарым. Жап-жақсы үй болыпсыңдар, күтты болсын, – деп жан-жағына тіміскілей көп қарады. Бұл кісіні бір жерде көргенін, бірақ қашан, қайдан көргенін есіне түсіре алмай әуре болып отырған Гүлия шай

құйып ұсына бергені сол еді, Дарханның қарлыққан үнін естіп қолын тартып әкетті.

– Сіз... ұмытпасам... менің әкем – Таңатар боларсыз.

– Ұмытпапсың, ұлым. Оған да шүкіршілік. Рас, мен сенің әкеңмін.

– Астапыралла! – деді Гүлия көзі тас төбесінен шығып.

– Қорықпа, Гүлия шырағым, әуелгіде сені мен де танымай қалдым, – деп беті аздап қорасанданған Гүлияға қадала қарады.

– Әкеңнің иман байлығын беріп, артынан жарылқасын, бәрін естіп жүрміз, ел құлағы елу емес пе. Арнайы келіп көңіл айтуға жол ұзақ, тергеуші көп, алты-жеті жылдан бері ұлымды көріп отырғаным осы. Бұл да өзгеріпті. Өзгермеген не қалды бұл жақта...

Дархан үндеген жоқ. Маңдайынан шыпылдап сұп-суық тер шыққанын сезді. Тілі кесілгендей бір сөз тауып айта алмағанына жыны келді. Әлде, анау таудай болып жалғыз өзі төрге симай отырған туған әкенің – алты жыл жоғалып табылған әкенің мысы басты ма?.. «Туған әке! Алты жылдан бері жалқы сәт есіне алып, іздемегені қалай? Адам өлгенді де өгейсітпейді, құран беріп, құрбандық шалып жатпай ма? Туған әке! Сен... осындай екенсің ғой. Жо-жоқ... ұмытқан екенмін. Қайта бұл кісі ұмытпапты, кеш болса да іздеп келді ғой, енді қайтсін...»

«Туған ұлым, сен осындай екенсің ғой... Жасыңа жетпей қартайғаныңа қарағанда, сүйегің боркемік, жарлаудың топырағындай жұмсақ болар. Әлде, жұмысың ауыр ма екен? Желқом қажаған түйедей шөгіп қалғаны қалай? Баяғыда екі иығыңа екі кісі мінгендей шомбал едің, жауырының жерге тимеген палуан едің ғой, ұлым, тәңірім-ау, не болып кеткенсің? Батидың түрі болса анау... алба-жұлба, ағаштың арасынан шыға келгенде астымдағы атым үрікті. Не боп барады дүние... Қаңғытып, бергі бетке тастап кеткен өзім кінәлімін бе? Менде басқа амал жоқ еді ғой».

– Шайларыңыз суып қалды, – деген Гүлияның нәзік ескертуі әкелі-балалы екі еркектің құлағына аю ақырғандай қатты естілді. Қамалаған түлей ойдың ортасынан алып шыққан да осы оқыс естілген сөз еді. Арада аз тыныштық орнап барып, алғашқы сұхбаттың бұйдасын Таңатар ұстаған.

– Мынау кімнің баласы? – деп көзіне ұйқы тығылып Дарханға сүйеніп отырған Мұратты иегімен нұсқады.

– Біздің ұлымыз. – Әке бастаған әңгіменің жетегіне ере қоймайтын сыңайын танытқаны бұл. Күйеуі үшін Гүлия ұялды білем, келін атаулының қайын ата алдында сүйреңдемейтін сыпайы әдетімен жанарын төмен салған күйі:

– Долдаш ағаның кенжесі ғой, адасып жүрген жерінен тауып алғанбыз, – деді.

– Е, е, шырағым-ай, асылдан қалған тұяқ екенсің ғой. Жөн-жөн... әйтеуір қайда барсаң да бір-бірінен адасып жүрген ел, – деп кеудесін керіктей керіп, күрсінді де әдетінше шалқалап барып, шаңыраққа қарады. Бұл үйде дөңгеленіп аспан көрініп, ар жағынан жұлдызы жымыңдап тұрар шаңырақ жоқ екенін жанары саталақ-саталақ аласа төбеге тіреліп қалғанда ғана байқап, көзін шапшаң тайдырып әкетті. Әкесінің не ойлағанын сезініп үлгерген Дархан:

– Сол... өзіңіз айтқан аманатты орындап, өзіңіздің қара мекеніңізде отыңызды өшірмей тұрып жатырмыз, – деді.

– Көріп отырмын, – деді шал. Оның есіне «ұлыма сәлем айт, мен жаққан отты сөндірмесін» деген өз сөзі түсті.

– Шойын жолдың бітетін түрі бар ма? Әлде осы беттеріңмен Түркияға дейін соза бересіңдер ме?

– Енді бір айда бітіреміз, әке. Созыла бермейді. Оңтүстіктен қарама-қарсы салынып келе жатқан жол бар, соған барып түйіседі.

– Жөн-жөн... Ащы ішектей шуатып-ақ тастаған екенсіңдер. Түбі қайырлы болсын. Мойындарыңа жылан болып оралмаса...

– Әке! – деді шатынап. – Арғы беттен мені мұқату үшін келмеген шығарсыз?

– Тегін айтамын да... Өкіріп-бақырып келе жатқан қара айғыр басып кетіп жүрмесін, байқандар дегенім ғой...

– Өйтіп бопсаламаңыз. Бұл елге бүкіл жаңалықты да, жақсылықты да сол қара айғыр сүйреп әкеледі.

– Қойыңыз, Дәке, – деп қалды Гүлия, ұлының әкесімен тайталасқанын бұрынды-соңды көрмеген инабатпен, бетінен оты шыға күйеуі үшін өлердей ұялды.

– Ұлым, тік айтатын бопсың.

– Біз пролетариатпыз. Сипақтатпай турасын айтамыз.

– Турасын айтқан жақсы, балам, бірақ... турап айтқан жаман. Заман өзгергенмен, әдет, әдеп өзгермес болар.

– Мінез өзгереді екен, әке. Әдет-ғұрып, салт-сана да өзгереді екен, әке. Ескісі өледі екен, әке, жаңасы келеді екен, әке...

– Енді ғана білдім...

Басын төмен түсіріп алып, селк етіп оянып отырған Мұратқа:

– Төсегінді салып жата ғой, – деп сыбырлады Гүлия.

Өзі сыбдырын білдірмей ыдыс-аяқты жинастыра бастады.

– Зәуімен алты жылда бір келгенде мал сойып, алдыңызға бас тарту лайық еді, жоқтық жомарттың қолын байлап отыр. Айыпқа бұйырмаңыз, бұл үйде темір-терсектен өзге түк жоқ. Ал сізден енші қалмаған, әке... Бәрін арғы бетке алдыңызға салып айдап кеткенсіз.

Шал мырс етіп күлді. Күлді де алақандай ұялы көзін жалт еткізіп:

– Былжырама! – деді. Ақырын, ақырын болса да зор зілмен айтты. – Жалғыз атымнан басқа байлығым жоғын біле тұра әдейі күйдіріп отырсың-ау. Сенің де менен озған жерің шамалы екен. Қаршадайыңнан көк темірмен алысып едің, темір де жат ендеше. Кімнен көресің. Тұқымымызға шыр бітіп көрген жоқ, балта сабынан оза ма. Енді мың рет заман өзгерсе де осы таз-тақыр күйіміздің өзгергенін көрейін. Дәулет маңдайға бітеді, баққанға бітпейді. Кері кетірем десе кез келген күні алдындағы малыңды, бойыңдағы жаныңды қанжығасына байлап алып жүре береді. Өзіңнің мал таба алмаған осалдығыңды менен көрейін деп пе едің, онесі-ай!

– Ақырын сөйлеңіз, әке. Саңырау ешкім жоқ бұл үйде. Келінііздің ай-күні жетіп отыр, шошытып аларсыз.

– Қойсаңызшы, – деп қалды Гүлия, бірақ оның әйелдік әлсіз үнін екі еркек елең құрлы көрмеді.

– Біле білсең, мұның да әдепсіздік. Көрмейтін көзім соқыр емес, шүкіршілік. Қай қазақ атасына келінінің ішін саусақпен шұқып көрсетуші еді. Жұмысшы-жұмысшы дегенге әкеңе жұдырық жұмсауың ғана қалыпты ғой. Таяқ жемей тұрғанда тезірек аттанғаным жөн болар.

– Мен де соны ойлап отырмын.

– Қойыңызшы, тайталаспай, – деді Гүлия жыламсырап.

– Келінімнен садаға кет, есіктегі басыңды төрге сүйреп, от басының берекесі болып отырған осы Гүлия-ау, әйтпесе мына шошқа мінезіңмен қайда барып сиясың.

– Балта сабынан озбайды деп жаңа өзіңіз айтқансыз. Ендеше, сізге тартқаным да, әке... Жеміс ағашынан асып түсе ала ма.

– Осы күннің баласы аласа туады, әкесімен таласа туады деген осы шығар.

– Ағынан жарылсам мен сізге өкпелімін. Асылық жасап, асырып айтып отырғаным жылдар бойы жанымды қинаған өкпе-наздың лықсып шығуы шығар.

– Білем.

– Білсеңіз де айтайын, рас, тіліңізді алмадым. Шешем өлген соң Семейге жұмыс іздеп кеттім. Бірақ, өлімге, келмеске кеткен жоқ едім. Мен қайтып оралғанша арғы бетке ауып кетіпсіз. Неге? Өзіңіз айтқандай жалғыз атыңыздан басқа байлығыңыз жоқ, астыңыздан су шыққандай тұра қаштыңыз. Неден үріктіңіз? Он сегіз мың жылқы айдаған Көкебай да әне Барлының басында тірі отыр. Білем, жаңа өкіметтің алдында аздаған қателігіңіз болды, онда да жеке бастың намысы емес, өзгенің сойылын соқтыңыз. Қара жер хабар бермесін, атам болса да әділін айтайын, Омардың айтқанына жүрдіңіз, айтақтағанына үрдіңіз. Тіпті, сол Омар жарықтық та сізбен бірге емес, алдыңғы жылы ғана кәмпіскеде бар малынан айрылған соң амалсыз қашты емес пе. Тымағыңыздың бауын тас қып байлап елден бұрын тұра безетіндей не көрінді? Советтің заңы әділ, айыбыңыз болған күннің өзінде не кешіретер еді, не ұзағанда екі-үш жылға жер аударар еді. Туған жердің тұтқыны болудың өзі қазіргі мәңгілік түрмеңізден озық емес пе, әке? Құмырсқа теріп жесеңіз де өз еліңізде неге жүрмедіңіз? Ендігі сықпытыңыз мынау: түн жамылып ары өтіп, түн жамылып бері өтіп өз-өзіңізді тұтқындап, қартайған шағыңызда екі оттың арасында қалғаныңыз. Егер түптің түбінде сол моп-момақан болып, монтанысып жатқан арғы бетіңізден тықыр таянса қайтер едіңіз, қайда барып күн көрер едіңіз?.. Мені қинайтыны осы жайт. Сөйте тұра маған «түтінімді сөндірмесін» деп көлденең көк аттыдан сәлем жолдайсыз. Жоқ, жоқ, әке, мен сіз сөндірген түтінді қайта тұтатып отырмын, сіз сөндірген отты қайтадан жағып отырмын. Мейлі аш жүрейін, мейлі жалаңаш жүрейін, осы қарамекеннен, мынау бұйығы жатқан Күландыдан арқан бойы ұзамаспын. Мыңғырған мал, жүйрік ат, құмай тазы, сал-серілік, ат үстіндегі

ұры-қарылық, барымта-сарымтаның – бәр-бәрінің де бес тиынға қарегі жоқ. Өз ошағымның отын өшірмей, туған жердің ұлтанына жарап ұл өсірсем, қыз өсірсем, балаларыма білім беріп оқытсам – одан асқан бақыттың қажеті шамалы. Бүгінде торқа киген де барады тойға, тон киген де барады тойға...

Күйеуіне қосылғалы осыншалық ұзақ әрі шешен сөйлегенін көрмеген, өз құлағымен естімеген Гүлия сүйсіне қызықтап тұрып қалып еді, Дархан сөзін аяқтағанда ғана есін жиып, атасына именіп теріс қарады. Ұлының екпіндете айтқан сөзін үндемей, әдетінше май шамға те-сіле қараған Таңатар көпке дейін таскерек күйде меңірейіп отырып қалған. Өмірі ешкімнен естімеген сөзін ұлы айтты. «Әкем» деп еркелеп айтқан жоқ, тайсалмас батылдықпен тура қарап отырып, көкейіндегі көбіктеніп келіп жағаға ұрған толқымалы сырын ақтарды дерсің. «Жо-жоқ, мен ойлағандай боркемік емес екен, қалай-қалай сілтейді. Өмір көрген, көп нәрсені парықтап үлгерген көшелілік бар. Не дегенмен де ондырмай сүріндірді».

– Көкейіндегі көгендеулі жатқан ойынды маңыратпай бұршағын ағытып жібергеніңе ризамын, балам, міне осылай айту керек. Ал, әкелік парызымның бәрінен құтылдым деп айта алмаймын, – деді шал қоңырлап бастап. – Бірақ, ол кезде оң-солыңды танып, ақылың толыспаған әлі жас едің. Көп дүниенің астарын ашып, әдібін сөгіп түсіне бермедің. Тіпті, қазір де қанша жақсы айтқаныңмен бір жамбастап кетіп отырсың. Ол – менің ғана қателігім емес еді ғой, заман қандай, заң қандай еді...

– Оны да білем, – деп Дархан әкесінің сөзін бөліп жіберді. Гүлия тағы да қабағын шытып қалған. Туған баласының әке алдында сүйрендеп, сөзуар бола бергені көңіліне қонған жоқ. «Кес-кестемей-ақ сөздің соңын тоспай ма». – Заман деген ол да бір шексіз мұхит, ұлан-байтақ ұғым, мол бітімді кесек дүние. Сондықтан оның ептеген қателігі бола береді. Ал жекелеген адамның қателігі тек оның жеке басында ғана қалады. Уақыттан да, қоғамнан да көруі бекер, өз кемшіндігін өзгеге аударар жалған әрекет; аяғын етігі қысқанға бар әлемді қиянаттайтын бая-шай әлсіздік.

– Осыншалық қызыл сөзді қайдан үйрендің? – деп әкесі оқыс сауал қойды.

– Бұл айтқандарым қызыл сөз емес, әке. Алты жылдық жұмысшы өмірімде қалыптасқан саяси көзқарасым.

– «Көзқарас» деген не? Мойның ырғайдай, битің торғайдай болып, барар жер, басар тауың жоқ, жұртта қалған күшіктен айдалада қыңсылап ұлып қалсаң көрер едің «көзқарастың» не екенін.

– Көзқарас дегеніміз, әке, өз мақсатың, ел қамың үшін күресу, өз ісіңнің әділдігін дәлелдеу.

– Немене, сонда мен әділдік, шындық дегеннің төркінін түсінбейтін миғұла, кеше ме екенмін?! Біле білсең, әркімнің өз шындығы бар. Арғы бетке сол шыңғырған шындығымды бауыздатпау үшін кеттім емес пе?

– Халықтан бөлініп қалдыңыз. Қара басыңыздың сауғасынан аса алмадыңыз.

– Уай, «халық, халық» деп қақсап болмадың ғой. – Шал шок шайнағандай қалшылдап ашуына қайта басты. – «Арқада қыс жақсы болса, арқар ауып несі бар», деген екен баяғыда біреу. Арғы бетке өткеннің бәрі халық емес те, осында қалғанның бәрі данышпан бола қалғанына қайранмын. Біз де ел-жұртпыз. Жақсы қазақтың бәрі бергі бетте, жамандары арғы бетке кеткен секілді. Жоқ, шырағым, кеткеннің бәрі келімсек емес, бекер ғайбаттама. Бошалап кетсек, күндердің күні болғанда боталап қайтармыз. Тарбағатай жарықтық біз үшін көк өгіз секілді, ары аунасақ арғы бетке, бері аунасақ бергі бетке өтеміз. Мына мен секілді «Қызылтас қырғынына» қатыссаң, су болып аққан қанды, допша домалаған басты көрсең білер едің, мақсат деген не, көзқарас дегеннің не екенін; сезер едің сонда, бұл дүниенің кеңдігі мен тарлығын, аштығы мен тоқтығын. Ақ пен қараны айыру үшін ауызбен орақ ормайды, ұлым, сол ақ пен қараға араласады. Жалғанда адам бір қателеспесін де, жалғыз рет аяғыңды тас қағып қалса, өмір бойы сүріншек болып оңбай өтесің. Рас, мен ондайлық етпеттеп құлар үлкен қателікке ұрынғаным жоқ, осы соқпақты өзім таңдап алдым. Өйтпейінше болмайтын еді. Сен біле бермейтін көп-көп сыр бар, бәлкім, кейін естірсің де... Менің бұл жүрісім біреуге ұнар, біреуге ұнамас. Өзім үшін нағыз дұрыстығына көзім баяғыда жеткен. Ер үстінде ұйықтамасам, атқа мініп нем бар еді. Сеніменен қатар жүріп өтуге жазбапты. Жол екіге айрылды. Сен таңдаған соқпақпен жүргім келмеді, мен таңдаған сүрлеумен

сенің жүргің келмеді. Өйткені бөлтірік бөрінің артынан ақылдылығынан ермейтінін білдің. Сонда не істеу керек еді? Жүрекке әмір жүре ме? Мына салып жатқан шойын жолың секілді төсей салатын оп-оңай нәрсе емес ол, жоқ болмаса, неге менің ізіме түспедің, мен салған шойын жолға мінбедің деп қай-қайсымызды да кінәлауға болар ма еді.

– Дегенмен, сіз жол... – дей беріп еді.

– Сөзді бөлмей сабыр сақта, – деді шал көзі от шашып. Алпысқа жетсе де қайратты, келбеті сарқылмаған екен. Жартастағы бүркіттей айбынды отыр. – Сені іздеп, ту Семейге баратын хал жоқ еді ол шақта. Жебе жетпейтін жерге семсер сілтегім келмеді. Жарылыс болып, жарақаттанып қалғаныңды да, одан сауығып шыққаныңды да ел-жұрттан, әсіресе Еркін мырзадан естіп біліп отырдым, – деп Гүлияға қарады. – Кәмпеске басталатын жылдың жазында Ақжайлауға келіп қайтқанмын. Сол кезде Еркін мырза да қаладан келіп, демалып жатыр екен. Сенің бүкіл хабарыңды сол айтты.

– Міне қызық, – деп таңдана иығын көтерді Дархан. – Ол кезде мен де Ақжайлауда Қамбардың үйінде жатқанмын. Сіздің төбенізді де көрген жоқпыз.

– Алдаған екен ғой мұндарлар. Мен түнде келіп, түн жамылып қайта қайттым. Сенің елде екенінді ешбірі айтпап еді. Тіпті, тәңірім-ау, Оспанға не көрінді. Ұры иттей жылтындап сан рет кіріп-шығып еді ғой. Ұлың осында деп айта салса, дәл бүгінгідей қазымырланып, бір-бірімізден жауап алғандай асты-үстімізді қазыспас едік.

– Біз алтыбақан басында жүргенбіз, әке. Оспан маған да жұмған аузын ашпаған. Бәрі жабылып, сіз бен бізді алдағысы келген ғой.

– Алдап қана қойса бір сәрі, адастырып жіберді-ау. Ей, Аллам-ай, сене алмай, сенісерге адам таба алмай мантирап өте шығар ма екенбіз бұл жалғаннан. Шабуын тапса, шарға ұстаған балта едік, қайтейін... – Шал ауыр күрсінді.

Түн ортасынан ауған шақ болса да орындарынан тапжылмай әңгімелескен әке мен бала ендігі сәтте кінәласуды қойып, екі жақтағы қазіргі жағдайды сұраса бастап еді. Шаптан тіреп жатып алмай тәйтіктігі жұмсарған Дархан әкесінің әр сұрағына ілтипатпен жауап беріп, кішілік, ізгілік сақтады. Әуелгідегі қаттылық келе-келе екі жақты ұғынысқа ұласқан. Гүлия да

көңілденіп сала берді. Атасы мен күйеуінің қас-қабағына қарап, суып қалған шайды екі-үш рет қайнатып әкелді, аяғым ауыр деп бәлсінбеді, зыр жүгіріп, ежелгі пысықтығын тағы бір танытып еді. Таңатардың қайран қалып отырғаны да осы – келінінің аяқ-қолының жеңілдігі, үй шаруасын дөңгелетіп әкетер қылаптығы-тын. Кешегі қара тырнағына шаң жұқтырмай тотықұстай таранып өскен бай қызының тағдырға тез көндіккен көмпістігі таңырқатқан. «Келінім қой сорпасындай татымды екен» деп іштей қуанып та отыр. Дегенмен, шалдың көңіліне ілінген бір шөкім бұлт та бар еді, оны ұлы да, анау қарақат көз келіні де білмейді. Дәу ата аталған Таңатардың тағы бір білгісі келгені Гүлияның оң бетіндегі тыртық болатын. Бала кезі, тіпті бойжете бастаған шағы көз алдында, онда аппақ сазандай таза еді-ау беті. Сұрауға батпады. «Обал-ақ болған екен». Дәу шалдың қуанғаны – асығы алшысынан түскен атақты Омар байдың үріп ауызға салғандай ең көркем қызын ұлы Дарханның қатындыққа алғаны еді. Дәу шалдың қиналғаны – келіні Гүлияның шешесімен екеуарада болған хикая. Енді, міне, ашынасы болған әйелдің қызына ұлы үйленіп отыр. Өмір деген қызық-ау, дарияда жүзген кемедей бұлаңдатып апарып, соқпайтын жаағалауы жоқ, бір шатқалаң шақтарда Рахия бәйбіше: «Күдайдан жасырмағанды сенен несіне жасырайын Еркін сенің кіндігіңнен», – дегенде төбесінен жаумай жасын түскендей болып еді. Әрине, сенбеді. Бірақ кейбір оңаша қалған сәттерінде ұры ойға баратын. Келе-келе оғанда еті үйренді. Тіпті, сол оқыған көзілдірікті, қара таяқты суқаны сүймейді. Бар тілеуі, бар үміті көзін ашып көрген, аузын ашып сүйген жалғыз ұлы Дархан еді ғой. Тұмысынан балаға суық па-ау, дала безіп, аттан түспей, салт өскен Таңатар, енді пайғамбар жасына келіп ұлғайғанда ойлап қараса, үнемі түн қатып, түсі қашып, жүрген жылдарына көңіл көк дөненін жүгіртіп қараса, Дарханды жалғыз рет те «ұлым» деп маңдайынан сүйіп, мауқын баспапты. Соңымнан ерген қарам, артымда қалған тұяқ деп еш нәрсеге баулымаған, әкелік парызын өтемеген екен-ау. Ал, ұлы жыланның баласы секілді өз күнін өзі көріп ержеткен екен. Дарханның мұны көргенде тосырқап, жатбауыр тарта берер осқырынды мінезі сол әкелік тәрбиені аз көргеннен болар, бәлкім. Үнемі өзгенің жыртысын жыртып, сойылын сойып бар саналы ғұмырын сарп еткен

салт атты шал, өзінің жолын ұлының да қайталап жүргенін әкелік сезімталдықпен аңғарып еді. «Мен жалғыз кісіге, ал бұл көп кісіге қызмет етуде. Айырмашылығымыз қайсы? Мен ашулансам ат құйрығын кесісіп «Ойхой дүние серуен, адам бір көшкен керуен», деп қолымды бір-ақ сілтеп кетіп қалуға хақым бар еді, ашу шақырсам қарсы келіп, қамшы көтеруге құқым бар еді. Ал бұл байлаулы иттей шырғалап, қарғыбауына шырматылып қалмас па екен?»

– Ұлым, жүрші далаға шығып қайтайық, – деді, Танатар бір шынтақтай тұрып. – Келін шырағым, сен бізге қарама, жата бер.

Бұлар тысқа шыққанда ай қорғалап қалған екен. Жер беті алакөбен тартып, шабдырланып жатты. Құлаққа ұрған танадай тыныштық, ауыл адамдары әлдеқашан терең ұйқыға аттанған секілді. Қораның бұрышында байлаулы тұрған ардакүрең ат иесін көргенде тықыршып, оқыранды. Дәу шал қақырынып, түкірніп барды да қораның түбінде қарайып жатқан қоржынға қол созды.

– Балам, – деді соңынан елпектей еріп келген Дарханға. – Бергі беттің жай-жағдаятынан хабар алып тұрамыз. Бұл жақта қазір қиыншылық деген соң атан қойды бауыздап, дегдігеніне қарамастан дегбірім қалмай асығыс аттанып кетіп едім. Құдайға шүкір, мал басы бар. Ол жақта Омар байдың өзіне бұйырмаған он айғырлы жылқысын мен бағып жүрмін. Ойжайлаудан Балажайлауға дейінгі жерді мекендеген ісі қазақтардың әзірше мал басы түгел, ішім-жемнен таршылық көрген жоқ. Кейін не боларын бір Құдайдың өзі білер. Бірақ қулығына найза бойламайтын жүнге еліне сенім бар ма, бүгін дос, ертең – жау. Жалғыз күнгі мамырстан тірлікке риза болып, отбасының амандығына тәубалап тұрып жатырмыз. Әкеңнің қолынан келген көмегі осы, аз күн болса да талшық етесіндер. Көп алып шығуға жер аяғы алыс, бөктеріп жүруге қиын. Келіннің де аяғы ауыр екен, аман-есен босанса сорпаларсың. Мә, – деп қаптағы бір қойдың сұрпы етін былқ еткізіп ұлының алдына тастай салды. Дархан күлді. Неге күлгенін өзі де байқаған жоқ. Әйтеуір жын соққан адамдай даусын шығара күліп жіберді.

– Рахмет, әке, пейіліңе, қамқорлығыңа ризамын. Өкінішке орай бұл етті мен ала алмаймын. Көмекті тым кеш бердіңіз. Таңғы нәсіп тәңірден деген, аштан өле қоймаспыз.

– Неге? Адал малымның еті ғой.

– Бірақ біз үшін арам, күні ертең исін мүңкітіп асып жеп отырсам, мұқым Кұланды «қайдан алдың» деп ұлардай шуламай ма. Сонда, арғы бетке қашып кеткен әкем әкеліп берді десем, ел болып менің бетіме түкірмей ме. Сонда жегенім желкемнен шығып, кірерге жердің тесігін таппай, қарабет болмаймын ба. Рас, білдірмей қуырып, дабырламай асып жеу қолдан келер, бірақ бәрібір тамағыма тас тығылғандай арымның алдында ұятқа қалар едім. Сізді түсінемін, әке, қараторғай да балапанына жем тасиды. Біз үшін бәрібір ұрлықтың еті, өңешімізден өтер ме. Егер арғы бетке алып қайтуды ауырсынсаңыз, жолай соғып анау Оспан үйінің қашасына іліп кетіңіз, мұндай оңай олжаны иемденуге сол шебер.

Дәу шал түтіге түйіліп ойланып қалды. «Қайсар екен, – деді ішінен. – Осы қайсарлығынан талай-талай қасірет табар. Қанша іргесін аулақ салғанымен менің жолымды, менің мінезімді қайталар деп қорқамын. Әй, ауыр болар, жолы қандай ауыр болар екен. Бұл дүниенің өзі бір тек тазалық қана емес, ара-тұра арамдықта жасау керегін мына мен секілді алпыстан асқанда ғана ұғынып, өкінер, иә, талай өкінер. Не дейін, бас білмейтін шу асаудай аспанға секіріп тұр!»

– Сіз маған ренжіп қалған жоқсыз ба, әке?

– Жоқ, ұлым, ренжіген жоқпын. Меселдемнің қайтқаны да рас. Бұл сапарда ұққаным – нағыз балшебек екенсің. Мен де баяғыдан балшебек едім, тек қызыл кінешкем ғана болмаған.

– Түсінбедім, әке?

– Балшебекдегенім – қарақылдық ақжарар әділдік дегенім ғой. Қайда жүрсең де аман жүр, не дейін саған, мененді сенің үйіңе қайтып кірмеймін, кірерге бетім жоқ. Өзіңді көрдім, көңілім көншіді, жер басып жыбырлап жүр екенсің. Жаққан отымды өшірмепсің, ризамын, – деп ұзақ жүріс тілегендей құтырынып жер тарпыған ардакүреңнің шылбырын шеше бастады.

– Әке, етті ұмытпаңыз. Бұл қораның түбінде қалса ертең пәле болар, – деді Дархан.

– Ұмытып бара жатыр екенмін ғой, – деп қоржынды жалғыз-ақ іліп ердің артына арта салды. – Бати кезіксе соған беріп кетермін. Тау-тасты кезіп жүрген бейбақтың ішегі бір майлансын.

– Әй қайдам, ол кісі де алмас.

– Ендеше Хабарасуына қалдырамын. Ит-құстың жемтігіне жарар. Үйге келген ырысты кепиетсіп тепсең, киесі ауыр болады деуші еді, – деп атқа қонды. – Ал, ұлым, қоштасалық. Енді бір-бірімізді көреміз бе, көрмейміз бе бір Алланың бұйрығы.

– Аттан түсіңіз, әке. Қатар жаяулап Кеңгірдің биігіне дейін шығарып салайын.

Ендігі сәтте Кеңгірдің сонаудайдан қарауытқан мазарын бетке ала әкелі-балалы жаяулап келе жатты. Көпке дейін жақ ашпай үнсіз аяндады. Мүрдехананың дәл тұсына тақалғанда аялдап, бір-біріне танымайтын адамдай тесіле қарады. Әкеден тірідей айрылу Дарханға оңай тиіп тұрған жоқ, жүрегі қысылып, жігіт ағасы болған шақта ағыл-тегіл жылағысы келді. Ал, ұлымен тірідей мәңгілікке қоштасу Таңатарға да азалы болды. Қимады, қиналды. Амалы таусылып, сүйек-сүйегі сырқырады-ай, буын-буыны қалтырады-ай... Тағдырдың ыстық-суығына, жауыны мен дауылына белін бермеген, жартастағы шынардай қасарыса қасқайған Таңатар өзін соншалық сорлы сезініп, жалғыз-ақ түнде шал болып шөгіп кеткендей еді. Ол – қарттық деген иттің оңдырмай қапқанын осы қазір ғана байқады. Ғұмырының көбі өтіп, азы қалғанын, жалпағынан басқан жалғанның жағасына жан ұшырып қанша жармасқанымен, басқа бір теуіп, қиңсылатып тастап кетерін қалай ғана бағамдамаған. Дәу шал тұңғыш рет өзін де, арғы бетті де, бұған дейін өзін-өзі алдап келген қарабасының бостандығын да өлердей жек көрді.

Бәрін талақ етіп осы жақта қалып қойсам ба деген эзезіл ой бір рет жылт етті де мүлдем өшіп тынды.

– Мен... үйленген едім, ұлым... бес жастан асқан қарындасың бар. Аты – Қарлығаш, – деді күмілжіңкіреп.

– Онда мықты екенсіз, әке. – Жас балаша жаутандап қарсы алдында тұрған қапсағай денелі әкесін аяғаны ма: – әйтеуір тірі болыңызшы, – деп қапсыра құшақтай алды. Өзінен аласалау баласын баурына басқан Таңатардың кәрі беті жыбырлап, жанарына жас іркілді. Дарханның да кеңсірігі ашып, қолқасына тобықтай өксік тұрып қалған еді – мәңгілікке қатып қалғандай еді... Екеуінің құшақтары ажырамай, тілсіз түсінісіп біраз тұрды. Бұдан соң ұлының қарулы қолын итергендей болып сытылып шыққан Дәу шал шиыршық атқан ардакүреңге баяғыша қарғып мінбек болып еді, үш ұмтылып барып, ұлы қолтығынан демеген соң, белі кеткендей сүйретіле ер үстіне әрең ілінді:

– Қош, ұлым! Тұлпар түбін табады да. Қош! – деп құйын-перен шапқылай жөнелді. Бағыты – арғы бет. Көктемнің барқыт түніне сіңіп, тасыр-тұсыр аттанып кеткен әкесінің соңынан ат тұяғының дүрсілі толастағанша қарап қалған Дархан:

– Аман-есен жетсе екен, – деп еді. – Ол жақта да шиеттей баласы бар...

Жалғыз-ақ түнде жай оғындай жалт етіп жоқ болған әкесін осы сәттен бастап көп-көп сағынарын сезді. Енді аз күнде өзі де әке болғалы тұр ғой. Енді аз күнде...

Дәу шалдың түн жамылып келіп, тізгін ұшымен ізінше кері қайтып кеткенін тірі жан білген жоқ. Жеті қат жер астындағыны тың тындап білетін Оспан да сезбей қалып еді. Егер ол байқаса Дарханның басынан құрық түсірмесі хақ. Осынау жаяу жүріп аттыға сәлем бермейтін қарабұжырдың көзі жоғалмай, армандай аяулысына қолы жетудің мүмкін еместігіне күмәні қалмаған. Күніне бес уақыт Құдайдан өтініп тілейді. Қырсыққанда күннен-күнге жетіліп, бой бермей омыраулап барады. Қастандық та жасағысы келді. Бірақ, әншейінде жердің жыртығын жамайтын Оспан, соның ретін таппай-ақ қойғаны... Жарма мен Аягез өңіріндегі қыз-келіншектің маңдайынан шертіп жүріп тандап үйленуге құзыры жетіп тұр. Амал не, Гүлияға деген құмарлығы бұрынғыдан ары өршімесе өшпеді. Ай артынан ай, жыл артынап жыл жылжыған сайын, көрер таңды көзімен атырар еді. Ғашықтық махаббат дегеннің шын мәнін, құдіреттілігін парықтаған емес. Әйтеуір, әлемде өзі құлай сүйген, айнымастай болып ұнатқан адамын қолға түсірмей тынбайтын бетбақтық ұлы қайсарлыққа ұласып, тышқан аңдыған мысықтай, табандай баспалап, ыңғайлы сәтін күтіп, айналсоқтап жүріп алды. Бұрынғыдай емес, бақталасына албаты өшіккенінен де түк шықпасын білген соң, «Пілдей алып болсаң да орнына жұмса күшінді» дейтін ескілікті сөзді көкірегіне мықтап түйген ол кейінгі кезде сыпайы сыйластыққа көшті. Оспанның бұлай өзгеруіне Дархан да аң-таң: «Есейген соң ес кірейін дегені шығар», – деп қиыратқымай емен-жарқын сөйлесе бастаған.

Осылай сергелдеңмен жүрген Оспан өлердей сүйген қызы, қазірде өзгенің келіншегі Гүлияның жүкті екенін алғаш рет көргенде тауы оңбай шағылды. Бар үміті ертеңнен емексіп дәмепер арманы, Гүлияның екі жылдай бала көтермеген

бедеулігі болса, әнеки, ол да быт-шыт болды. «Апыр-ай, Дархан ит қара күшінен басқа түгі жоқ егіз екен десем, еркек екен ғой, – деп тісін от шығара қайрағаннан басқа қолынан келері жоқ шарасыздықпен өз саусағын өзі шайнап, сонда да ұмыта алмады, сонда да күдер үзбеді. Адам баласының бәріне дарымас табандылық пен шыдамның шет-шегі жоқ екенін дәлелдеді. Дұшпаны ғана жамандасын, Оспанның қажыр-қайраты Дарханнан бірде осал емес еді.

– Халыққа хабарлайық, ертең митингі болады, – деді алдында қарсы қарап отырған Дарханға. – Сен енді жұмысқа қайтып бармайтын болдың. Осы Құландыда қалып дорожный мастер боласың.

– Бұл жаңалық екен. Жиналысқа кімдер келеді дейді.

– Ана жылғы үстінен тері бешпетін тастамайтын мықтының өзі.

Дархан қуанып қалды.

– Оның мықты екені рас, – деді саусағын сыртылдатып.

– Екеуміздің алдымызда қыруар жұмыс тұр, Дәке. Бір-бірімізді түсінбеушіліктен алакөз болғанымыз рас. Ер шекіспей, бекіспейді деуші еді бұрынғылар, кінә сенде де, менде де емес, уақыттың өзінде, ол шақта біреуді-біреу біліп болды ма. Ойлап отырсам, екеумізге не жетпей қырғи-қабақ болдық. Түсінбеймін. Сіңірі шыққан кедейміз бе – кедейміз, біз ауылда тай құлындай тебісіп бірге өстік пе – бірге өстік. Тіпті, түбін қуа берсек, бір ағайынның баласымыз. Арғы атамыз – Байыс, бергі атамыз – Мұрын. Одан жақынырағын қуаласақ бәріміз бір Малтыкөлден тарадық. Құдай-ау, тіпті жеті ата емес, үш-төрт-ақ ата. Жас кезімізде жарыса айтатын мына бір ауыз өлең есінде ме, Дархан?

– Өлең көп қой, қайсыбірі есімде қалды дейсің.

– Он жерден миғұла болсаң да ұмытатын өлең емес қой, – деп тақпақтай жөнелді:

Малтыкөл ағам аты тұз салатын,

Түлкіге томаға алмай күс салатын,

Саулығын қошқарым деп күйек байлап,

Қошқарын қорасына бос салатын, – а-ха-ха-ха, иә Дәке, біз сол Қожанасыр секілді аңқау шал – Малтыкөлдің ұрпағымыз.

– Сен де қайдағыны ұмытпайсың-ау, – деп, бағанадан ырық бермей қанша шікірейіп отырса да мырс етіп күліп жібер-

ді. Оспанның тапқырлығына емес, тақуалығына сүйсінді. Осекеңнің өзге жұрттан ерекшелігі де, естіп білгенін ешқашанда ұмытпайды, айы-күні, сәті, сағатына дейін сарнап отырар миының мықтылығында-тын. Әлдебір әңгіме бастасаң болды «ой, анау ғой» деп ар жағын өзі іліп әкетер еді.

– Құландының күллі тағдыры енді екеуіміздің қолымызда. Өнбес дауды өспес бала ғана қуады деген. Баяғы бая-шая өмірді ұмытып бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, халықтың қамын ойлайық, Қаранар,— деп иығымен үлкен жауапкершілік сезінгендей қомданып қойды.

– Жеке басыңа жасаған жаулығым жоғын білесің, Оспан. Оскырып белең алған жылқыдай қашқақтап келген өзіңсің. Бізге жасаған қиянатың жоқ, сүттен ақ, судан тазасың деп және айта алмаймын. Бірақ, «сөзінді ұққанға атаңның құнын кеш» деген аталы пәтуә бекер айтылмаған шығар. Жүрер жол, жетер жер біреу болған соң мүйіздеспей, жолдастық көңілмен қатар аттанайық десең, қарсы емеспін.

– Өткеннің тамырына балта шаптық, құрысын! Міне, достық қолым! – Сүйрік саусақтары Дарханның жалпақ алақанына сүңгіп шықты. – Уһ, кеудем жеңілдеп, көңілім ашылып сала берді ғой. Албасты басқандай еңсем бір көтерілмей-ақ қойып еді, – деп жалғыз көзі жалтылдап, аса ризалықпен ұмтылып барып, Дарханның арқасынан құшақтады.

Митингіге Құланды ауылының тайлы-тұяғы қалмай жиналды. Баяғыдағы қыс кезіндегідей керенау емес, бұл күнде жұрт жиі-жиі болып тұрар жиналыстарға әбден еті үйренген, құлақтарына тисе болды ащылаған қойдай сау ете қалатын. Бұрынғы Омар байдың үйі бүгінде кеңсе мен мектепке айналған. Үйдің алды халыққа лықа толды. Орталарында ақ жаулықты әйел, таяғына сүйенген қария, итімен алысып, ойнаған балалар да бар.

Былғары киген жігітті алғаш көргенде шұқыраса табысқан Дарханның ең әуелі сұрағаны ескі досы Соболевтің хал-жағдайы еді. Сол кісі айтты деген нұсқауларды естігені болмаса, өзін көптен бері көрген жоқ.

– Ол кісі есен-сау. Қазір Семейде. Солтүстік темір жол басқармасы бастығының орынбасары, – деді жиналыс өткізуге келген өкіл жігіт. Бұрынғыдай емес, толысып, тікірейген қара шашының әр талын ақ шала бастаған екен. – Гүлия құрбымыз қалай, есен-сау жүріп жатыр ма?

– Аманшылық, – деді Дархан жай ғана. Жігіттің тіпті есіміне дейін ұмытпай дәл айтқанына таң қалды.

– Дәкеңнің үйінде көп ұзамай ұлан-асыр той болады, – деді Оспан қарап тұрмай. – Келініңіз бола ма, құрбыңыз бола ма, ол жағын білмеймін, сіз бен біз жас сұрасқан жоқпыз ғой, аяғы ауыр, айы-күніне жетіп отыр.

– Арты қайырлы болсын, қуанышты жағдай екен, – деді өкіл шын көңілмен.

– Аман-есен босаның, жаны қалса деп отырмын, алғашқымыз ғой... Мұндай нәрсені қазақ сүйіншілей бермеуші еді, Осекең далада кім көрінсе соны ұстап алып, құлағына сыбырлайтын болыпты, – деді Дархан Оспанның шықылықтап бір емес, екі емес айта берері әйелінің екіқабаттығы жайлы болған соң шамданғандай.

– Ал, халықжиналды, бастайық, – деп орнынан тұрған Оспан есікке қарай қаздаңдай жөнелді, қалған жұрт соның соңынан ерген. Есік көзі дабырласқан адамдар, сеңдей сіреседі. Басқыш үстінде былайғы елден сәл биіктеу тұрған былғары киімді жігітті көрген соң, әңгіме азайып тыныштық орнай бастады. Топтың арасынан әлдекім: «Осы кісінің қаражарғағы тозбайды екен», – деп сыбырлап қалғаны бірсыпыра адамға естіліп, топтың арасын майда күлкінің толқыны аралап өтті. Алдында қойдай иіріліп, өзінің қас-қабағын аңдыған елді көзімен сүзіп шыққан өкіл әлдекімді іздеп таппағандай жанындағы Оспанның:

– Осы ауылда тақуа шал бар еді, қысты күні келгенімізде «бұл жолмен қайда барамыз» деп қақсап тұрып алған, сол кісіні көре алмадым ғой. Жиналысқа келмеген бе? – деп сұрап еді Оспан қолын сілтеп:

– Ол шал өліп қалған, – деп турасын айтты.

– Апырай, а, жақсы адам еді, иманды болсын, – деді былғары киген жігіт. Дархан өкілдің зерделігіне қайран қалды. «Қалай ғана бәрін ұмытпаған».

– Жолдастар! Қымбатты ағайын-жұрт, сіздер қазір үлкен қуаныштың қарсаңында тұрсыздар. Енді жиырма шақты күннен соң Түркістан мен Сібірді жалғаған ұлы құрылыс аяқталады. Осыған орай РСФСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі «Түркістан-Сібір темір жолының ашылуы туралы» арнайы қаулы қабылдады. Жолдың салтанатты ашылуы Бірінші май қарсаңына белгіленіп отыр,

жолдастар. Осы Түркісіб құрылысына қатысқан адамдардың бірсыпырасы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды, оның ішінде алдыңғы жылы қыста Құландыға келіп жиналыс өткізген Соболев жолдас та бар...

Былғары киімді жігіттің артында тұрған Дарханның қуанғаны соншалық, орденді өзі алғандай масаттанып қолын шапалақтап жіберіп еді, қалған жұрт іліп әкетті.

– Жолдастар! – деді өкіл жігіт саңқылдап. – Ғасырлар бойы тусырап жатқан қазақтың ұлан-байтақ даласына темір жол тартылды. Енді бұдан былай Одақтық темір жол жүйесімен байланысатын ұлы құрылыс аяқталуға жақын. Бұл жасампаз іске сіздердің де қосқан үлестеріңіз ұлан-ғайыр. Түркісіб жол құрылысы Солтүстік басқармасының атынан сіздерге шын жүректен алғыс жариялаймын! – Зор ынтамен тыңдап тұрған халық тағы да ду қол шапалақтап жіберді. Жолдас жұмысшылар, жол салынғанмен сол жолды қиратып, бүлдіруге істен шығаруға әрекет жасайтын қаскөй, зиянкес элементтерден әлі де арылып болған жоқпыз. Сіздердің ендігі міндеттеріңіз, табан ет, маңдай терлеріңізбен салған шойын жолдың қырағы сақшысы болу, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай күтіп баптау, сайып келгенде осы жолдың толық иесі болу. Осыған байланысты Жарма жол дистанциясы құрылып, Құланды ауылы бүгіннен бастап станцияға айналды. Ал, бұл станцияның начальнигі болып Оспан Көпжасаров, жол мастерлігіне Дархан Таңатарұлы тағайындалып отыр. Темір жол жүйесінің осылайша құрылуына орай, сіздердің өз орталарыңыздан тәжірибелі деген жұмысшылардың біразы стрелочник, обходчик, тағы басқа жұмыстарға тартуымыз керек. Кадр мәселесін жергілікті жерде шешпесек, жоғарыдан келер мамандар жоқ. Түркісібтің ендігі тағдыры өз қолдарыңызда, – деп сөзін аяқтағанда тұс-тұстан: «Жасасын Совет өкіметі!», «Жасасын Түркісіб» деп аңдыздаған ұрандар аспанның астын айғайға толтырып жіберді. Жүздерін күн шалып, қырдың аңызағы ұрған адамдар абыр-сабыр боп көпке дейін ұйлығып тарай алмай тұрысты. Олардың қазіргі қуаныштарында шек жоқ еді. Жаңалық десе жаны қалмайтын ел осы бір себепсіздеу қуаныштың бас-аяғын тұжырымдап жатпады; баяғыдай қарсы сұрақ беріп өкілдің басын қатырмады. Айтшылағандай екі-үштен қолтықтасып қатар аяндап, үйді-үйіне асықпай

мамырлап тарады. Былғары киімді өкіл асығыс екенін, алда күтіп отырған тағы да басқа станциялар мен ауылдар барын айтып, шайға қарамастан тез аттанып кеткен. «Аулымыздан құр ауыз аттанбаңыз» деп, Оспан мен Дархан жығыла жабысып еді, «күн кешкіріп калады, жігіттер, кейін бір реті болар» деген соң біразға дейін шығарып салған.

Осы күні түстен кейін Құландының қос бастығы жұмысшылардың жалпы тізімін алып, кімді қандай іске жұмсарын ақылдасты. Әсіресе, осы станцияға тоқтайтын әрбір поезды сумен қамтамасыз етіп отыру, шойын жолдың амандығын тексеру секілді жауапты жұмысқа баса көңіл бөліп, тісқакқан тәжірибелі, тарлан жұмысшылар мен коммунистерді шақырып, жеке мәжіліс өткізуді ұйғарды. Ал, Айнабұлақта өтер Түркісібтің түйісу тойына кімдерді жіберу керектігін тез шешіп жоғары жаққа хабарлайтын болып келісті. Екеуінің қазіргі бастамасы, бір-бірін түсіне тізе қосып кіріскен шаруасы, обалы кәне, дөңгелене жөнелген. Кешке жақын кеңседен әбден қалжырап шыққан соң да салқын ауаны кеуде кере жұтып, ұзақ әңгімелесіп қыдырды. Бүгінгі күніне аса риза Дархан шайға шақырып еді, Оспан «Гүлияны әурелеп қайтесің, аяғы ауыр ғой» деп ибалық сақтады. Ол үйіне жалғыз кетті.

Аспан ашық. Жұлдыздар самсап, бейуақ шақ туа бастаған. Күндізгі айғай-ұйғай басылған, беймезгіл ымырттың жанға жайлы тыныштығы орнай бастаған. Ай туып, айнала аңғарыңқы тартқанша меңірейіп, темір жол жақтан көз алмай тұрған Дарханның көңілін мынау салқын түн, жаудыр көз аспан, бүк түсіп, мәңгілік ұйқыда қарауытып жатқан төбелер – бәрі-бәрі де жуастыққа бастағандай талмаурайды. Неге екені белгісіз, елегізіп әкесін есіне алды. Осыдан біраз күн бұрын Ақшиге көшіп кеткен Қамбар мен Дүрияны ойлады. Анда-санда арсаландап жетіп келер досының о жар мінезін, сарт ете қалар қамшысын сағынды. Адам үнемі бір нәрсені ойлап, алда тұрған қыруар ісін тәмамдағанша асығады, мұрны қанағанша алға ұмтылады, ал сол көксеген биігіне шығып, ойлаған мақсаты орындалған соң көңіл шіркін ортайып, тасуы қайтқан судай таязып қалары несі... Түркісіб! Түркісіб! – деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жар салды. Түркісіб бітті – қуанды, бірақ жүрек құрғыр бұрынғыдай аласұрмай баяулап соғары несі... Қайда күні кешегі мазасыздық? Қайда жеткізбестей болған

асау арман, алып-қашты үміт пен мақсат. Жол бітсе дүниенің бәрі жарқырап ән салып, маздап қоя берердей елестеп еді... Мынау аспан мен түнді, ақау бөртекттер мен бұйығы жатқан ауылды құдайдың құтты күні көріп, көзқашты болған. Өзгерген не сонда? Рас, әне Құландының дәл қамшылар жағынан қос сызық – қос рельс тартылды. Ертең тарсылдап, түтіні будақтап поезд өтер. Содан соң?

...Түркісіб осыншалық тез бітіп қалмай жалғаса берсе ғой, шексіздікке созыла берсе ғой, Дархан да көкейіндегі таусылмас арманынан айрылмас еді. Жолдың біткені қуанышты-ақ, бірақ Дархансынды бейнетқор жігітке тағы да сондай аянбай кірісер алып құрылыс керек еді; енді ертеңнен бастап, әрқайсысының ұзындығы он екі жарым метр «ТИП-ІІІА» деген рельсті түрткілеп, саңылау іздеп сандаласың да жүресің.

Даланың төсіне жол салынды. Адамдардың жүрегіне жол сала алдық па?! Ендігі ұлы міндет – осы еді. Ал, бұл құрылыстан қазақтың алғашқы пролетарларының бірі Дарханның да қалыс қалмасы ақиқат. «Жаңа қоғамның жаңа адамдары қалыптаса бастады, – деп еді бағанағы бір әңгімесінде былғары киген жігіт. – Сіздер енді ескіліктің қалдығымен күресіп қана қоймай, сол жаңа өмірден орын алып үлгерген жат қылықты адамдарға қарсы күрес ашу керек. Ондай сырты бүтін, іші түтін сарқыншақтар бізде әлі бар». Олар кімдер? Дархан олармен қалай күресу керек, өресі жетпейтіні осы секілді сансыз сұрақтардың шешілу тұсы. Қолында қылышы, астында аты бар әлгі «жат пиғылдар» алдында тұрса қасқая шауып, айқасар-ақ еді. Ең қиын майдан – көзге көрінбейтін жаумен арадағы қарусыз майдан шығар-ау. Шүкір, ондай жауы жоқ Дарханның, егер жолыға қалса аямайды...

– Дәкесі-ау, жалғыз өзіңіз неғып күбірлеп тұрсыз, – деген дауысқа жалт қарап еді, Гүлия екен.

– Жәй әншейін. Өзімнен-өзім есеп алып тұрғаным да.

– Иә, есеп алатын жасқа келдіңіз. Ертең Дүриялардың жаңа қонысын көріп қайтайық, қарсы емессіз бе? Ақши ауылы деген әне, иек астында. Қолыңыз тисе аяндап барып келерміз.

– Саған қиын тиіп жүрмесе...

– Ештеңе етпес. Әлі қырық күндей уақыт бар, – деп күлді. – Мұратты ертіп алайық. Даланы сағындық. Қырға шығып, бой жазбасак үйде отыра-отыра құса болдық. Былтырғыдай шөп

шабатын емес, ақсақ құлын қолды болған. Ала жаздай үйде омалып отырамыз да...

– Құлын кеткенмен, құлын келеді ғой дүниеге, – деп әйелін құшақтаған Дархан қараша тамына беттеді.

Кенгірдің ар жағынан ыңырана көтерілген буаз ай нұрын жер бетіне толық жая бастады.

...Өмір ол да бір ағыс. Дауылды күндері толқын атса, күзде сабасына түсіп өз ырғағымен, өз әнімен жайма-шуақ жылып ағады. Көбік шашқан тентек күндері тасып, шанағынан асар долы шақтары болар. Ал қыс бойы ыңырсып, қорлана мұз құрсаудың астында жатар. Сол өмір атты ұлы өзеннің, әсіресе, көктемгі уақытта арпалысып, ашу шақыра екі жағалауын жұлып жеп, толқынына жармасқан қоқыр-соқыр, тамырынан қопарылған ағаш салындыларды айдап, күндердің күнінде жағаға лақтырып тастап кетер. Ондай аққұла мінезін жан-жануар, адамзат біткен неғұрлым аузын арандай ашқан арыстан ашулы шағында ағысына қарсы жүзіп, қанқұйлы ай-қасқа түсетіндер – жүрек жұтқандар. Олардың әлсізі өледі, мықтысы жүзіп арғы жағалауға шығады. Осындай аласапыран майданында шыңдалып, аман қалғандар қатарына Дарханды да қосуға болар. Үнемі бір тасқынды жылдарға үйреніп қалған ол кәнігі теңізшілердей-ақ, қазіргі майда малтуларды менсінбей, ұлы күреске толы асау толқынды өжет өзенді сағынып еді; қазіргі тірлігі де жаман емес, мамыражай уақыт туды. Ертелі-кеш бас-аяғы он шақырымдық темір жолдың үстінен құс ұшырмай аңдумен екі тәулік өтті. Айнабұлаққа жол тартарына енді жалғыз-ақ тәулік қалған. Осындай бір бала-шағасымен тып-тыныш шай ішіп қәперсіз отырған кештің бірінде мұның тоқал тамының есігі сыңсып ашылды да үйге Еркін мен Оспан кірді.

Ойда-жоқта ымыртшылап келген ағасын алғаш таныған Гүлия «Аһ» ден ұмтылып барып, ішін басқан күйі сылқ етіп құлап түсті. Қапелімде не болғанын білмеген түнгі қонақтар аңырып тұрып қалған. Тұра ұмтылып, әйелінің басын көтерген Дархан келгендердің кім екенін жыға таныған жоқ. «Не болды, Гүлия?» – деп өңі сұрланған жұбайының қолын уқалай берді, ол ептеп есін жиды. Оқыс кездесуден басы айналып кетсе керек, «Еркін аға» деп есік жақта әлі де селтиіп, не істерін білмей тұрып қалған көзілдірікті жігітке қолын созды.

Сонда ғана барып өз қарындасын әрең шырамытқан Еркін елбектей келіп, тізерлей отырып Гүлияның қолынан сүйді. Қарындасының бетіндегі осылып түскен тыртықты сипап, басын шайқады. Шешесінен естігені болмаса, көрген жоқты. Аямай-ақ тілген екен.

Қайнағасын Дархан көп жылдан соң көріп отырғаны осы. Бұрынғыдай емес, ашаң тартып жүдеген секілді. Сол жақ самайына ақ түскен. Оқып жүрген кезінде бетін қаптаған қап-қара сақалы бар еді, қырғызып тастағандыкі ме өңі жас көрінеді; өңі жасамыз болғанымен, дидарында аса қажып-шаршау бар. Не нәрсеге де немкетті, мағынасыз қарайды. Бұрынғы сөзуарлығы да жоқ, аз айтып, көп тындауға құлықтанғандай; үсті-басын ежелден кіршіксіз ұстаушы еді, қазір де мұздай болып киінген, қолында басы имек қара таяғы бар; онысын Қамбардың камшысы секілді жанынан бір елі қалдырмайды екен, жалғыз қаруысынды. Оның әсіресе көңілін толқытып, жүрегін елжіреткен ағасының ұлы – Мұрат болды. Алдына алып, айналып-толғанып ұзақ қарады. Баланың бүлдіршіндей болып алаңсыз таза өсіп келе жатқанына қуанды.

– Долдаш ағадан хабарыңыз бар ма? – деп Оспан Еркіннің оң жағына жамбастай жатты.

– Жоқ. Хабарсыз кетті, – деді көзілдірігін үрлеп қалтасынан алған ақ жібек орамалымен сүрткілеп, – өзің қайда жіберіп едің... Сол жақтан іздеу керек шығар...

– Былғары киімді жігіттің айтуына қарағанда Беломор-Канал деген жерде-ау деймін. Ол кезде біреуді-біреу біліп болды ма, – деп өткенге оралмау сынайын аңғартты. – Апырай, Ереке-ай, сонда Шардың тұсында жарылыстан атымыз үркіп өліп қала жаздадық-ау. Қайта алдымызда татар дәміміз көп екен.

– Иә, сонда өліп қалсақ та болады екен. Тірі жүргенімізден не пайда... тілерсегіміз тілініп, – деді Еркін. Өтірік-шынын айыра алмаған Оспан:

– Неге, Ереке? Олай деменіз. Әркім әлемнің бетіне өз ізін қалдырғысы келеді, – деді ырсалаңдап.

– Ол қиын шаруа, Оспан. Із қалдыру, басқаны қайдам, біздің қолымыздан келмейді. Қарынның тоқтығынан артық бақыт жоқ қазір. Семейдегі қымыз сататын бір шал айтып отыратын: «Базарда кім данышпан, кім жынды, айырып көр», – деп.

Оспан «рас, рас» деп күлді. Дархан әлі үндемей отыр. Қайнағасы өзгермеген екен, көкейін тескілеген әлденендей кек, запыран, қыжыл барын аңғарды. «Қазір білдірмей-ақ қойса еді» деп ойлады.

– Күйеубала, үндемейтін болыпсың, – деді көзілдірігін жалтыратып. – Бірақ, соның жөн. Үндемеуді үйренуден артық өнер бар ма бұл жалғанда. Малымызды мынау Оспан алды, ең аяулы қарындасымды сен, енді бірін Қамбар қу қағып әкетті. Сонда деймін-ау, менде не қалды осы, мына қолымдағы қара таяқтан басқа...

– Ереке, ұмытып барады екенмін, – деп тіпті оның сөзін естімегендей кимелей жөнелді Оспан. – Омекең қайтқаннан бері көрісе алмаппыз, артының қайырын беріп, топырағы торқа болсын.

– Артының қайырлы боларына да, топырағының торқа екеніне де күмәнім бар.

– Астапыралла, олай деменіз, Ереке, өлімді ғайбаттауға болмайды, – деп өп-өтірік шошынып жағасын ұстады. Гүлия мен Дархан да тіксініп, Еркінге үрке қарады. Ағасының мазасыз, әлденеге өкпелі екенін сезген Гүлия жақын тартып, әңгімелесу мүмкін еместігін түйді. Көкірегіне түйді де шешесінің амандығын айтуға жарамағанына ренжіді. «Ендеше неге келді екен?» Неге келгенін сұрауға да батпады. Қолындағы барымен сыйлап, күтіп жіберуден басқа амалы жоқ. «Жолда Дүрияға соғар ма екен?».

Семей губерниясының бұрынғы адвокаты, қазір жұмыстан босаған Еркін Омарұлы Кенжиннің бұл жаққа келудегі екі мақсаты бар. Әуелгісі, жолай Құландыға соғып, бүрсігүні Айнабұлақта ашылар үлкен митингіге баратын Дарханнан сәлемдеме беріп жіберу, екіншісі – Тарбағатай асып Барлыға соғу, Көкебай қартқа сәлем беру, одан әрі Хабарасуы арқылы арғы бетке өту. Әкеден қалған азын-аулақ байлықтың қайда жасырынғанын анықтау. Сондықтан да, бұл жаққа келу сапарының әдібін ашпай, алыстан орағытып отыр. «Сезсе – шет жағасын Оспан қу ғана сезіп қалуы мүмкін» деген сақтықпен, ең әуелі соның өзін іздеп тапқан да, содан соң көптен көрмеген қарындасының үйіне келген. Ал, Оспан үшін Еркіннің кім болғаны, қайда барары бәрібір еді.

– Жұмысыңыз орынша ғой, Ереке? – деп бекер сұраған жоқ. Бұл жігіттің өзінен біртабан жоғары тұрған кісінің табанын жалауға дайын осалдығын ежелден білетін Еркін өтірікті соғып жіберді.

– Бір аптадай болды, басқа жұмысқа ауысқанмын. Семейден Алматыға дейінгі темір жол бойының инспекторлығына тағайындалдым, адамның басы Алланың добы емес пе, қарсыласқанымға карамай, заңды жақсы білесің деп қолқалаған соң амалсыз көндім. – Жібек орамалына сіңбіріп, бүктеп қалтасына салып алды.

– О, о, жақсы қызмет екен, қайырлы болсын, Ереке, – деп ұша түрегеліп қолына жармасты. Ас қамымен жүрген Гүлияның да іші жылып сала берді.

– Ондай болса, аға, біздің үйге жиі келіп тұратын болдыңыз ғой.

– Әлбетте. Қайта-қайтақыдырып келеберсем, ерқашты боларсыңдар.

– Қазақ қонақтан қашушы ма еді, оның үстіне ел қалаған адам, туған қайнағамызсыз, – деп бүгінгі отырыста алғаш рет тіл қатты.

– Ереке, сіздің жаңа қызметіңіздің құдіреті Дарханға да тіл бітірді-ау, – деп қалжың тастаған Оспанға анау да сөз ақысын жібермей іле жауап қатқан. «Менің тілім қашаннан бері кесіліп еді. Екеуінің арасында жылан бар екен», – деп ойлады. – Ендеше бұл әңгімені ушықтырудың қажеті жоқ».

– Айнабұлақта болар тойға Құландыдан өзің баратын болыпсың, Дархан. Құттықтаймын.

– Рахмет, Ереке. Сол мерекеге барғым да келмеп еді, Гүлияның жайы болса мынадай...

– Біздің Дәкенді Соболев жолдас өз қолымен тізімге кіргізіпті, – деді Оспан.

– Соболев жақсы кісі. Орыстың ішіндегі иманжүздісі сол. Семейде өтетін үлкен жиналыстарда ара-тұра ұшырасып қалсақ, Гүлия екеуіңнің халіңді жалпандап сұрап жағады байғұс.

– Иә, анау жылы жұмысқа адам жинау үшін Құландыға келгені бар, Гүлияны сонда көрген, – деді Дархан қайнағасының сөзіне масайрап.

– Айнабұлақ бір дүрілдейін деп тұр. Дүниежүзінің адамдары жиналады. – Еркін көп білетінін тағы да аңғартты.

– Коминтерн атқару комитеті Президиумының мүшесі Сен-Катаяма жолдас Жапоннан келе жатыр. Сол іспетті өзіміздің өкіметтің басшылары Тұрар Рысқұлов, Исаев Ораз, Шатов секілді үлкен адамдар қатысады. Ұзындығы бір мың төрт жүз қырық шақырым жерді мерзімінен он жеті ай бұрын салып шығу жанқиярлық ерлік қой.

– Апыра-ай, – деп тамсанды Оспан. – Біз сол жолды өз қолымызбен төсесек те, осындай ерлік жасағанымызды білмеппізау аңқау басымыз. Тоқал тамда қаннен-қаперсіз шай ішіп отырмыз...

– Енді жарылып өлеміз бе, – деді Дархан салқынқандылық сақтап.

– Ұлы істі үндемей тындырар болар деген осы. Сендерді де құр алақан тастамас, нарком атынан бес килограм серке шай, екі пар етік, он сомнан ақша аласыңдар.

– Бұл да – олжа, – деді Оспан алақанын ысқылап. – Он сом ақшаға қазір он бес қой сатып алуға болады.

– Ендеше осыған риза боласыңдар, одан артық сый-сияпат үлестіруге өкіметтің жайы белгілі, – деген қайнағасының сөзі Дарханның жынына тиді-ақ, бірақ дауласуға болмайды. Қайнаға – әке емес, еркелеп ойындағысын ақтара берер. Әрине, қорқып, үркіп отырған жоқ, Гүлияның көңіліне келер деп қарсы уәж айтпады.

– Совет өкіметі жас қой. Енді-енді ғана тәй-тәй басып келеміз, – деп сыпайылық сақтады.

– Буыны қатпағаны рас, – деп келісті Еркін. Қайнағасының қай сөзіне сенерін білмегеп Дархан бұл кісіден үндемей құтылуды жөн көрді. Ал Оспанға бәрібір, өтірік аңқаусып, өтірік жағымсып Омардың оқыған ұлымен тізелесіп, ығын бермей шіреп отыр. Өзін ептеп бүріп те алмақ еді, темір жол бойының тексерушісімін деген сөзден соң қаша соғысқан.

– Фатима жеңгеміз қалада қалды ма, бір айлық курста болғанда қолынан дәм татып едім.

– Осеке, Фатима жеңгеніз сізге сәлем айтты, – деп кекете жауап берді Еркін. Осыдан бір ай бұрын айрылысып кеткенін саққұлақ Оспан білетін де шығар деген оймен әдейі айтты.

– Сәлемет болсын, айыбы бала көтермегені болмаса, жақсы-ақ адам. – Өзінің үй-ішін қазбалап бара жатқан соң әңгіме ауанын басқа жаққа бұрғысы келді ме:

– Дархан, дәу шалдан хабар бар ма? – деді.
– Жок. Алты жыл болды өлі-тірісін білмейміз.
– Апыр-ай, Дархан-ай, өтірік айтуды сен де үйренейін дегенсің бе, осыдан төрт-бес жұма бұрын ғана арғы беттен түнделетіп келіп қайтпады ма, – дегенде Дархан төбесінен жай түскендей болды.

– Оспан емес сайтан шығарсың, – деді басын шайқап.
– Осекеңнің білмейтіні жер астында, – деп қостады Еркін.
– Баяғыда мен секілді бір соқыр айтқан екен: «Бір көзімнің жанары бір көзімде, не қылса да Құдайдың еркі өзінде» деп. Сол кісі айтқандайын, дүниедегі ыбыр-сыбырды көру үшін құлақ пен көздің екеу болуы міндет емес, көңіл, зерде деген алып көз бар. Біз соған сүйенеміз, – деп шалқайды. – Ертең Ақжайлау жаққа бару үшін астымдағы бозжорғаны лауға сұрарыңызды да сезіп отырмын, Ереке.

– Бірақ ол әкемнің аты емес пе еді. Тәргіге ұшыраған соң, мемлекет қарамағына өткен. Ендеше, ешкімнің меншігі емес екенін заң иесі өзіңіз білетін де шығарсыз.

– Білетіндіктен де айтып отырмын. Демек, жоғары жақтан келген өкілдер мінетін мініскер көлік деген сөз.

– Рас-ау, – деп күлді Оспан. – Өкіл екеніңізді қуаттайтын кепілдеме қағаз сұрауға батпай отырмыз... Жорта айтамын, Ереке, көңіліңізге ауыр алып қалмаңыз, сізге сенбегенде, бозжорғаны сіз мінбегенде Абылайдың асына сақтаймыз ба? Таңертең құйысқан-өмілдірігін сайлап, өз қолыммен мықтап тұрып ерттеп беремін.

– Е, бәсе, сондай да мәрттігің бар еді-ау. – Еркін риза болып қалды және Оспан жүрген маңайдан тезірек аттанып кету керектігін бағамдаған. Шай құйып отырған Гүлия ағасына жалтақ-жалтақ қараумен болды. Өңгімеге әлі де араласа қойған жоқ, көп жыл көрмеген жалғыз ағасын сағынып қалғандай еді. Бірақ Еркін соншалық суық көрінді. Алғашқы есендіктен соң, тіпті қарындасы жаққа кісі отыр-ау деп бұрылып та қарамады. Үнемі жалғыз жортып, саяқ болып кеткен шығарға жорыды. Анау төрде көзілдірігін бір алып, бір киіп отырған ағасын әлдекімге өте ұқсатты. Арықтау болғанымен жақ сүйегі, жанары, үлкен көзі, конқақтау мұрыны, әсіресе оқта-текте түйіле ойланып, бір нүктеге қадалып қалар қылығы өте жақын адамды елестетер еді. Ол кім? Есінде жоқ, бірақ дәл осы төрден көрген кісісі...

– Дәу шалдың бір ұлы мұнда қалғанымен бір ұлы іздеп...
– деп оспақтаған Оспан сөзінің ақырын бітіртпеген Еркін ақырып қалды:

– Жә жетті! Оспан, Оспан дегенге одырандай берме!

Дархан ешнәрсеге түсінген жоқ. Ал Гүлия «Кұдай-ау, – деп ойлады. – Мынау дауысты да естігем. Осы үйден естігем».

– Ереке, менің айтқым келгені Дарханның әкесінің келгенін менен босқа жасырғаны, қай қазақ әкесі Қытай түгіл Жапоннан іздеп келсе де кет деп қуушы еді, бекер жасырған.

– Ендігі жылы келгенде ең әуелі сенің үйіңе ертіп апарамын, – деді Дархан байсалды қалпын бұзбастан.

– Дәу шалдан бәрін күтуге болады. Келемін десе, екі араға темір тор құрып тастасаң да өтіп келе береді. – Оспанның бұл сөзін ешкім қоштай қойған жоқ, арада аз ғана тыныштық орнаған соң Еркін қозғала бастады.

– Ал, Гүлия, қош бол, қалқам, қайтейін... қара ала сырмақтың үстіне торғын көрпе төсеп, сары ала тегенеден қымыз сапырып отыратын-ақ адам едің, басқа түссе баспақшыл деген... Дархан, сен де сау бол, көріскенге жазсын.

– Ағатай-ау, түн ортасында қайда барасыз, қонбайсыз ба? От алғалы келгендей мұныңыз не? – деп лықсып келген өксігін ақтарып салды.

– Жағдайларыңды көріп отырмын, айналайын. Аядай үй, сендерді әурелеп қайтейін. Дәм бұйырса талай-талай келерміз, талай-талай қонармыз. Бүгін Осекеңдікіне барып жата кетейін. Ол жалғыз ғой. Оның үстіне қазір Осекең иемденген бөлме бір кезде өзімнің иісің сіңген үй еді. Шалдың қара шаңырағына түнеп шығуды ырымдап отырмын. Қайтыс болғанда бірде-біреуіміз жанында бола алмадық. Бір баласынан да бір күрек топырақ бұйырмай, айдаладағы төбенің басында қалғаны сол, елеусіз. Қайран әкем, алты алашты аузыңа қаратқан адам едің, бұлай боларын білдің бе... – Еркіннің даусы дірілдеп, толқып шыққан сөзі Гүлияның сай-сүйегін сырқыратты, қарақат көзінен бұршақтап жас сорғалады.

– Рұқсатыңды бер, Гүлияжан, ағаңның бір келері бұл емес қой, қара шаңырағына түнеп шықсын. Мен де тартып алғам жоқ үйді, үкіметтікі, ертең менің орныма басқа начальник келсе сол иемденеді, – деп Оспан көшелілік көрсетті. Еркін шығарда:

– Бақытың ашылсын, Дархан жаман жігіт емес, – деп маңдайынан сүйіп қоштасты.

– Тарбағатай жағына барар болсаңыз, Дүрияға соға кетініз, аға, – деді көзінің жасын сүртіп. – Ол да құса болып жүр ғой.

– Жолда обязательно бұрыламын.

– Ауыл Совет болғалы ол күйеу балаңыздың тасы өрге домалан тұр, Ереке, – деп есік аша берді Оспан. Қонақтармен қоса еріп шыққан Дарханға Еркін айтты:

– Сен үйге қайта бер, Гүлия елегізер. Осекең екеуміз таза ауа жұтып, аяңдап өзіміз барармыз. Жұмысыңа мықты бол, болашағың алда, заман сендердікі. Танертең Осекеңнен қара қобди беріп жіберемін, онша ауыр да емес өзі. Айнабұлаққа аман-есен жеткен соң Құсенов деген жігітке табыс етерсің. Оны тануың да, табуың да оп-оңай. Қолында тура менікі секілді таяғы және тура менікі секілді көзілдірігі бар ұзын бойлы арық жігіт. Алматыдан келер бір мықтының көмекшісі, сондықтан президиум жақта жүреді. Аты-жөнін сұрап, танысқан соң табыс етерсің, хат жазып ескерткенмін. Сені сырттай жақсы біледі. Қақпай-соқпай апар, ішінде Семейге келгенде құда түсіп қолқалаған ескі сағат, сынатын заттар бар. Қобдидың кілті өзінде. Осыдан бір ай бұрын біздің үйде қонақ болып еді, асығып жүріп чемоданын ұмытып кетіпті патшағар, – деп күлді.

– Айтқаныңызды бұлжытпай орындаймын, Ереке, ертең кешке осы тұстан Шардан шыққан «кукушка» атты екі-үш вагон тиеген паровоз өтеді, соған мініп барасыздар деген.

– Білемін, білемін. Ал енді көріскенше күн жақсы болсын. Сау бол, – деп жұп-жұмсақ қолын ұсынды. Алақаны әрі майда, әрі жып-жылы екен.

– Сау болыңыз, Ереке, қайтарда бұрылмай кетпеніз.

– Обязательно соғып, хал-жағдайларыңды біле кетермін. Айнабұлақтан әкелген той сарқытын өздерің ғана жеп қоймаңдар.

– О, не дегеніңіз, Ереке... Беріп жатқан сый-сияпаты болса түтелдей сізге сақтап қоялық.

Аппақ болып нұр құйған ай сәулесінің астында қараңдап ұзай берген екеудің артынан ұзақ қарап қалған Дархан ойлады: «Заман қойсын ба, Еркін мырза түзелген екен. Аюға намаз үйреткен таяқ деген сол...»

Үйден былайырақ ұзаған соң «әлі ертерек, бой жазып қырга шығып қайтайық» деген Еркіннің өтініші бойынша Кеңгірдің мазары тұрған төбені бетке алып аяндап еді. Оспанның сезіктеніп келе жатқаны: темір жол жөніндегі инспектордың өзін «Осеке» деп арқадан қаға, көпшік қоя аяқ астынан сыйлай қалған сыпайылығы-тын. Жердің үстін жамап, астын тыңдаған зәлімдігі іске аспады. «Неге Осеке дейді?» – Басын қатырып қаншама ойласа да жауабын таба алмады. Ауыл артта қалып, төбенің басына ілінгенше сөйлескен жоқ. Сықсима шамдары жылтырап, Құланды етекте қалды қарауытып. Көктемнің аздаған желі бар екен. Баяғыда Ақжайлауда осындай төбенің басында, дәл осындай желге қарсы қарап тұрып еді екеуі. Ол шақта Оспан Еркін мырзаның көлеңкесі сынды, артық бір сөз айтуға жасқанатын кішкентай кісі. Ал бұл биік, қолжетпес шынардай шоқтықты көрінген. Қазір тепе-тең, қайта мырзаның өзі мұның алдында бүгежектеп, көкейіндегі бұйымтайын айтуға батпай күмілжіп тұр-ау. Заман деген сол, алды қайсы, арты қайсы аңғара алмайсың.

– Осеке, – деді бір уақытта Еркін. – Мен сені Кеңгір бабамыздың басына неге ертіп шыққанымды білесің бе?

– Дәл осы жолы қара басып біле алмай тұрғаным...

– Сенбеймін, бәрібір ішің сезеді.

– Құдайға хақ, Ереке, білмедім.

– Онда сен де қартаяйын деген екенсің, жүрісіңнен жаңыл-айын деген екенсің...

– Енді... жас болса қырыққа таяп қалды, көріпкелдігім де көмірлене бастаған шығар.

– Тоқ етері мынау: сенен жасырар сыр жоқ. Әкемнің тыққан аздаған байлығы болушы еді, конфискациялау кезінде көзіңе түспеді ме?

– Алла сақтасын, Ереке. Біз малдан басқа ешнәрсені тізімдеген жоқпыз, оның өзін де түтел емес, жартысынан айрылып қалғанбыз. Жартысын арғы бетке өз ақылыңыз бойынша Дәу шал айдап кеткен.

– Оны өзім де білемін. Маған керегі мал емес, әкемнің саф алтыннан құйған қой сөлкебайы, тай тұяқ күмістері, жылдар бойы малын базарға өткізіп жинаған асыл тастары.

– Көрсем көзім шықсын, Ереке. Итке темір не керек деп мен неғылайын. Атам қазақ «алтын-күміс – тас екен, арпа-бидай

– ас екен» деп тегін айтпаған. Мың жерден алтындаса да сіздің әкеңіз ағызып жіберген оң көзім орнына келер ме.

– Мақал-мәтелінді басқа жерде айтарсың, әкемнің мал-мүлкін талаған сен. Демек, өзің алмасаң да алған адамды көрдің, конфискациялау актысымен таныстым, ол тізімге кірмеген. Сонда қайда? Жерден шұнай, көктен Құдай алып кетті ме! – Еркін айғайлап жіберді.

– Ереке, ақырмаңыз, соқыр болсам да саңырау емеспін. Диірменнің ішінде туған тышқан дүрсілден қорықпайды...

– Иненің көзінен өтетін қу, қозысын бір тәулікте қой қылатын мына сенің білмеуің мүмкін емес.

– Ереке, қызықсыздар осы... сиырларыңыздың бұзауы теріс келсе де менен көресіздер ме? Қарадай күйдіреді ғой, тіпті. – Быж-тыж болды.

– Осыдан өтірік айтсаң аспанға ұшып кетсең де аяғыңнан тартып түсіріп аламын; ойлан, іздестір, бір ай уақыт берем.

– Мен немене, өк деп айдар өгіз, шөгеріп байлар түйе дейсіз бе?! Іздесеңіз – өзіңіз іздеңіз, менің шатағым қанша. Алтынды іздеуден өзге де жұмысым басымнан асады.

– Өйтіп түлкі бұлаңға салма, – деді Еркін тістеніп. – Жалғыз-ақ оқ жетеді. – Жұқалаң қара пальтосының қойнына қолын тығып пистолетін суырып алғанда, ай сәулесімен шағылысып жалт-жұлт ете қалды. Оспан өзіне оқталған тапаншаға назар да аударған жоқ, ішек-сілесі қатып, біреу қытықтағандай күлді-ай дерсің.

– Ойбай, Ерекем-ай... заң-зәкүннің ұңғыл-шұңғылына дейін жаттап өстіңіз, істеп тұрғаныңыз – балалық. Ойыншықты сұп-суық қылып қойыныңызға тығып жүргеніңіз не? Ондай тарсылдақтың үшеу-төртеуі жатыр біздің үйде, керек болса алыңыз, қазір оның заманы емес. Сіздің нағыз кім екеніңізді тек мен білемін. Қазір мені екі себептен ата алмас едіңіз, шындығына келгенде үш себептен... Біріншіден, ызым-қайым жоқ болған әкеңіз Омардың артында қалған байлығынан толық дерек керек, екіншіден, табанда атып тастап, арғы бетке жаяу қашасыз ба, бозжорғаның қайда екенін де білмейсіз. Осы ауылдан алты адым ұзатпай-ақ ұстай алады, оны өзіңіз де жақсы білесіз; үшіншіден, анау қолыңыздағы тапаншаңыздың оғын бағана пальтоңызды шешіп, іліп жүрген кезде-ақ алып тастағанмын, керек болса міне, – деп қалтасынан тапаншаның

бір уыс оғын көрсетті. – Қалай ғана адвокат болып, өзгенің дауына араласып келгенсіз, қайранмын, өзіңізді қорғайтын қауқар жоқ... Омар оқымаса да сізден гөрі ақылдырақ, жиған-тергенін тәртілеу комиссиясына «мә» деп түгелдей бере салды дейсіз бе?

Қолынан келер дәрмен жоқ, үндемей тындап тұра берді. Баяғыда... істі болған адамдарды алдына тұрғызып қойып, көзге шұқып, талай-талай пәлсафа соғып еді-ау. Иә, түйесі жоғалмағанның бәрі ақылды.

– Арғы бетке өзімен бірге ала қашпағанына кім кепіл. Ал Омар өлерде оның жанында кім болып еді, кім жерлеп еді? Тергеуді осы сұрақтың жауабын іздеуден бастауыңыз керек. Біз немене, былғары киген жігіт екеуіміз жанымызға екі-үш милиционерді ерттік те шапқылай бердік оңды-солды; не көрдік – соны алдық, көрмей-білмей қалған дүниеміз қаншама? Сіз әкеңізге көп ұзамай бай-кулақтарды конфискациялайтынын сонау Ақжайлауда отырғанда ескертіп, сақтандырып кеткенсіз, мені Семейге оқысын, адам болсын деп, ертіп кеткен жоқсыз әсте де. Екіқабат қатынның қандай бала туарын сипап білетін ку, дүниені бүлдірер деп алып кеттіңіз. Ал мен соны біле тұра курсты аяқтамай ерте оралдым. Сіз іздеген дүние, әрине, меніңдекөкейімдітескен, амалне, мағанда, сізгеде, тіптіОмекеңе де бұйырмады. Айдалада қаңғып жүрген жылқышының қоржынында кетті қор болып. Қарындасыңыз Гүлияда көңілі бар еді, анау жылы арбаны қуып жетіп бетін тілген де сол.

– Ол итті қайдан табуға болады? – деді тықыршып.

– Тарбағатай жоталарында жүр.

– Осеке, – деді мінді дауыспен. – Артық кеттім, кешір. Менің орнымда болсаң сен де солай істер едің, мал ашуы – жан ашуы деген, бар сенгенім сол жылтырақ тастар, несіне жасырайын.

– Білемін, білемін, Ереке. Бірақ сізге деген жаулығым жоқ еді. Өзіңіз бір емес, екі емес мұқата беретін. Сіз де адасқан қазсыз ғой... Қытайды басып, Ауғанстан, Иран арқылы Түркияға жету үшін біраз қаражат керек... Мен сізді жау деп ұстап бермеймін, қайта ертең бозжорғаның ертоқымын сайлап берем, барыңыз. Жолыңыз болсын. Ескертерім, шекарадан өткенше бүгінгідей тапаншаңызды сумаңдатып, балалық жасап бүлдіріп алып жүрмеңіз; оқығаныңыз көп болғанымен, тоқығаныңыз осалдау екен. Қазіргі жұрт баяғы қойын құрттатып, айранын ұрттатып

отыра берер момындықты талақ еткен. Алдына тапанша емес, зеңбірек құрып қойсаң да кірпігін қағып жасқанбайды, сол жасқанбауының арқасы ғой патшаның тағын тартып алып жүргені.

– Мен саған сенбесем іздеп келер ме едім, Осеке. Сендей адам бұл жаққа да керек. Әттең, оқымай қор болдың... Университет бітіріп халқым, ұлтым деп арамтер болған біздерге көсем болуға жарар едің.

– Сүзеген сиырға мүйіз бере ме құдай, ал жатып демалайық. Ертеңерте аттануыңыз керек қой, Көкебай ақсақалғас әлемайтыңыз. Кәмпіске кезіндегі қылығымды кешсін, менде не жазық бар, тапсырманы орындадым.

Қиыршық тастарға аяғы тиіп, төмен қарай домалата аяндаған екеудің көлеңкесін әлі көтерілмеген айдың сәулесі ұзартып, тура алдарына сұлата қимылдатып келеді. Ауылдан еріншектене ит үргендей еді, қарсы алдарынан Омар үйінің жұртында қалған Бөрібасар шықты арсалаңдай еркелеп. Еркіннің омырауына қарғыды.

– Халың қалай, Бөрібасар, – деп басынан сипап еді, нт қыңсылап одан әрі бұралаңдады-ай. – Құйрығыңды бұлғап тастауыңа қарағанда ахуалың онша жаман емес-ау. Саған кім сүйек тастайды – соның итісің.

Машахат түс көріп, ұйықтаңқырап қалған екен, Оспан түртіп оятты.

– Мырзам, тұрыңыз, Омекеннің тоғыз канат ақ ордасында жатқан жоқсыз, бұл кеңес өкіметінің конторы, – деп уытты ащы әзілін айтты.

Бет-аузын уқалаптықашыққан, күненді ғана қызылиектеніп келеді екен. Бозжорға есік көзінде керіскедей болып байлаулы тұр. Оспанның уәдесінде тұрғанына қуанып қалды.

– Беті-қолымды шайып жіберсем деп едім, қатты ұйықтағандыкі ме, көзім домбығып қалыпты.

– Тарбағатайға барар жолда бұлақтан көп нәрсе жоқ, Ереке. Барар жеріңіз шалғайда, осыдан тіке тартсаңыз, жүз шақырымнан кем емес, ара қонып әрең жетесіз. Дүрияға бұрылмайтыныңызды білем, әйтсе де көкसेп келе жатқан Көкебайдың қыстағына күн еңкейе жетіп жығыласыз. Жердің ыңғайын білесіз, соқпақ қуаламай-ақ сыпыра тау, сай-саланы сүзе төтелеп жүріңіз. Әлгі қаңғыбас Бати ұшырасып қалар. Ол

тірідей алдырмас. Атып жығып, дорбасын ақтарсаңыз, іздеген затыңызды табасыз, Ереке. Егер зәуімен таба алмасаңыз, қайта айналып келіп өтірік айтқаным үшін мені өлтіріңіз. – Еркіннің енді өмірбақида да артына қайрылмасын, өз қарабасын алып қашып бара жатқанын біле тұра әдейі айтты. Ұзақ жүріс боларын сезгендей, құлағын қайшылап тықырши бастаған бозжорғаны Еркіннің алдына көлденең тартты да «биссімілла, жолыңызды оңғара көрсін» деп қолтығынан демеп мінгізіп жіберді.

– Ауғанстанның мешітінен жолыға қалсам танымай жүрмеңіз, – деп әзіл тастады.

– Осеке, сені мүңкір-нәңкірде көрсем де бас салармын. Ризамын. Ер екенсің, қош бол.

– Қош, Ереке, қош...

– Айтпақшы, чемоданды Дарханға табыс етуді ұмытпа, – деп пысықтады.

– Сағаты сартылдаған пәледен өзім де тезірек құтылғым келіп тұр.

Екеуі де бірінің көзіне бірі тесіле қарап, іштей ұғысқан зәлімдікпен жымиды.

Құландыдан ұзап бертек-бертектің ішіне сіңген сайын жер күдірленіп атқа ауырлай берді. Бірақ, жерсуды баспайтын бозжорғаның бір көрген сергелдеңі, ертеден қара кеш жүрер жолы бұл емес, бұдан да зорын тұяқпен кешкен.

Таңғы салқынмен жолдың едәуірін еңсеріп тастап, сыпыра шиі мен сасыры ербиген сары-жасыл даланың етегі бүрмеленіп, ошырайған төбеге білек тастаған. Әр жоташықтың бауырында тал-қайыңы аралас өскен шілік ұшырасып, сары ала қаз бен қоңыр үйректері сымпылдап ұшып-қонып жүр. Биыл көктем ерте шыққан соң бұл жақтың құсы да ерте оралып еді. Тазыша басын сүлкітпей, қаздита ұстап жортақтаған бозжорғаның жүрісіне көлденеңнен қараған адам ат емес, арғымаққа балары рас-ты. Еркіннің неше жылдан бері сандалбайға түсіп, сарсыған көңілі желдей есіп шалқып-ақ келеді. Астындағы шаппай желген бозжорғаның майда жүрісі елітті ме, әлде туған жерінің көктемгі таза ауасы масайтты ма, өз-өзінен желігіп делебесі қозып ыңылдан әнге басты. Әсіресе, түс ауа Ақжайлауға ілінгенде көзіне жас ала күрсініп, боздың басын тежей, аңырып, қалт тұрып қалып еді. Жайлау барын киіп

ұзатылатын қыздай жасана бастаған екен. Өңірі толған ерте бас жаратын қып-қызыл гүл, жолаушы қуана дауыстап жіберді.

– Ақжайлау, жерің жайсаң жайлағанда,
Жас құлын аузын ашар байлағанда!

Аттан түсіп, сылдырай ағып жатқан бұлаққа беті-қолын жуды, сусынын қандыра сыңғыта ішті. Кішкентай суық тисе қолдырап қалар тамағының баспасы бар еді, оған пысқырып та қараған жоқ. Етпетінен жата қалып сылқылдата жұтты-ай. Жан-дүниесі сергіп, қырық жылға бір-ақ жасарып қалғандай, миды қашар ауыр ой, күні жетпей күйректенген көңілі, мәңгірткен сансыз сұрақтар жел айдаған қаңбақтай домалана қашты да, зілзаладай басқан салғырттық сағымға айналып кетті. Алдында балалығы, жастығы өткен жайлау, ырғала әндеткен әшекей гүлдер көз қытықтатып сарқылмас қуаныштан хабар таратқандай еді. «Қайран ата-бабаның жері-ай, сені енді қайтып көрер күн туар ма екен».

Ақжайлауды таңсық көргендей тамсана қарап, атқа қайта қонды. Бағана Оспан ескерткен сақтықты – Бати қаңғыбастың осы тұста паналап жүру қауіпін мүлдем ұмытқан. Гүл мұхитын қақ жарып жүзе жөнелді; оқта-текте гүл сорған ара жолығып, мезгілсіз мейманды жақтырмағандай атының тұмсығына ұмтылады. Енді анау қырды асса алдынан Барлы өзені қарсылайды сыландап. Сол өзенді бойлап өрлей берсе Көкебай отырған қыстаққа салып ұрып тура қыржелкесінен дік ете қаласың.

Барлының бастау алар тұсына ілінгенде сонадайдан ер-бегдеген адам шалынды. Алғашында аңға балап ескермеп еді, жақындай келе кісі екеніне көзі жетті. Жалғыз-ақ қауіп – жылқышы Бати болуы мүмкін. Сескеніп те қалған. Иен таудың басында алыса кетсе Батиды алып жығар күш жоқ мұнда; алыстан орағытып әбден байқастап, ойда-жоқта ұрынбаса болмас; тапаншасын оқтаңқырап ұстап бозталды айнала беріп алдынан шыға келді – жаяу адам сезген жоқ, мән беріп қарамады да. Бұл тіпті де Бати емес, көбелек қуып елбектеген атақты Көкебай ақсақал еді.

– Ассалаумағалейкүм, ата, – деп аттан түсіп сәлем берді. Шал сәлемді алған жоқ, әр гүлдің басына бір қонған әдемі көбелек-тің соңынан безектеп барады; бозжорғаны жаяу жетелеп Еркін де қалмай еріп келеді. Толайым Ертіс бойына есімі мәшһүр

болған бір кездегі он сегіз мың жылқылы бай Көкебайдың есақылы азайып, алжыған шағында көрем деген Еркіннің үш ұйықтаса ойында жоқ еді; көбелек қуып еңкендеген Көкебайдың өзін танығанды былай қойып, секеңдеп сәлемін алмағанына қайран қалды. Алақанат көбелек ұстатпайтын болған соң әбден жыны келіп, аһ ұрып отыра кетті. Бұдан соң Еркіннің жетегіндегі тықырлана өскен көк шөптің басын жұлып тұрған атқа күнсала ұзақ қарады да, көзі бағжаң ете қалды.

– Тәңірім, мынау Омардың бозжорғасы ғой, аттың тұлпары еді-ау. Сүліктей он сәйгүлікке айырбастамай қойып еді, қашқынға бұйырған екен. – Еркін селт ете қалды.

– Ата, мені таныған жоқсыз ба, Омардың ұлы Еркінмін ғой, сіздің үйден талай дәм татқанмын.

– Менің үйімнен кім дәм татпады – ит те, қасқыр да, қоян да, жылан да келіп ақ ішіп қайтқан. ...Ойбаң-ау, сен Омар екенсің-ау, қара басқан деген сол. Байғұс, қор болып қалғанымыз осы. Кеудеміз асыл болғанмен артымыз жасық болды-ау... Иә, қайдан жүрсің, шырағым. – Тарамысы білеуленген қолын тарбайта салалы саусақтары дірілдеп, қымыздық жұлып алды да аузына салып шайнай бастады; тісі жоқ қызыл иекке түсіп езілген жапырақтың жап-жасыл иілі бір жақ езуінен түйенің жынындай шұбатылып ағып еді, Еркін шыдай алмай теріс айналды. Шал өз-өзінен сөйлеп отыр.

– Ей, Омар, екеуміз не істемедік, – деді көзінің еті қанталап. – Арыстан итпен жолдас бола берсе күндердің күнінде өзінің де итке айналғанын білмей қалады...

Еркін ауыс шалдың сөзіне мән бергенді қойды. Өзін жыға танымаса да бозжорғаны шырамытып, әкесі орнына балағанына шүкіршілік етті.

– Баяғыда не істемедік, Омар? Қара суды теріс ағызушы едік қой. Енді міне, сол үміт, сол тіршілігіміз көбелек болып ұшты да кетті, менен гөрі жастаусың ғой, қуып көрші ұстатар ма екен...

Сонадай тұста сарқырап Барлы өзені ағып жатты. Өзеннің оңтүстігінде төбенің басында Хан-Қисықтың моласы жатыр. Ал солтүстігіндегі төбеде Барақ батырдың әкесі Солтабайдың мүрдесі, үшінші тебеде исі Сыбанның мықтысы – Байқора жатыр жарықтық.

Шал өз білегін өзі домбыраша шерте бастады. Көмейінен әлде ыңылдаған, әлде уілдеген зарлы үн шығады. Қол-аяғы селкілдеп, кәдімгі жыны қозған бақсыларша құйрығымен жылжып тақпақтай жөнелді:

Жақсы да болса қарағым,
Жаман да болса қарағым,
Солтабай төре бере ме,
Артық та туған баласын, у-у-у...

Заманның болып тұрған шағында не істемеп еді бұл шал. Міне, өзінің ожар тентегінен істі болып, абақтыға да қамалған. Семейдің базарына Көкебай келді дегенше – дау келді дей бер, қора-қора қойды тоғыта айдап барып, арзан бағаға сатырлатып саға бастайтын. Базардың құнын күрт құлдыратып, қалған байларды мазақ ететін. Оның ішінде Еркіннің әкесі Омар да бар. «Пайда, пайда дегенде, зиян қайда барып күн көрер», – деп қарқ-қарқ күліп отыратын қайран Көкебайдың қор болып көбелек қуып қалғаны осы.

– Баяғыда біліп едім, айтып едім саған, Омар: «бұл келе жатқан өкіметке қарсы тұра алмаспыз, сауытты ат екен деп» – тілімді алмадың, енді міне, итше ұлып отырғаның, у-у-у...

Болыстыққа таласқан Көкебай дауыс беруге келген адамдарын да қосып жіберіп еді-ау. Онымен бірге қастықпен адам өлтірген қанды қолдылығы және бар; бір-ақ қандай да бір пәле-жаладан аман-есен құтылып отырған. Архивті ақтарып отырып, Көкебай ісін тіркеген қағазбен танысқан еді Еркін. Әкесінің ертегі-жыр қылып айтып отыратын: айдап қайтуға шыққан солдаттарға «тамағы бітеу емес шығар» деп жеке үй тіктіріп, қойын сойып, қолын қусырып қарсы алады. Қымыз бен етке әбден тойып, ұйықтап жатқандарында бір-бір қой селкебайды омырауларына қадап қояды да, олар оянған соң киіз үйдің жабығынан сығалап: «Өңдері шілденің күнінде райланып қалған екен», – деп рахаттана күлетін көрінеді. Көкебай бір даудан осылайша құтылғанымен, екіншісінде бәрібір абақтыға қамалады. Бұл жолы талай дәмдес болған Абайды араға салып тағы да аман қалған екен. Түрмеден шыққан соң мешіт салдырған досы Қаражан саудагердің үйінде жалғыз-ақ түнеп, шыр айналып Шыңғысты басып Абайға барады. Жидебайда үш күн еру болып, үлкен кісімен ұзақ сырласып еліне оралған. Бірде Абай Көкебайдың сәлемін жеткізуге келген жалғыз ұлын

көріп: «Көкең жақсы-ақ кісі еді, арты жарғаққұлактанып, тозып барады екен», – деп Кекебайдың ұлына көңілі толмай басын шайқапты деген сөз бар. Әлгінде сандырақтап отырып «кеудеміз асыл еді, артымыз жасық болды» деп айтқан сөзінің түп төркіні Абай сынын мезгегендей.

– Иә, Омар, көп асаймыз деп жүріп боқ асадық. Мендей емес жассың ғой, анау көбелекті ұстап бер; ырыққа көнбей, ықтасын таппай ұшып-қонып жүрген менің көбелек жаным ғой; арғы бетке жосыла көшкендердің де көсегесі көгермес. Он сегіз мың ғаламда шаласыз ғұмыр кешкен кім бар? Бәрібір құдіреттің ісіне құлдық жасайды. Қуып жете алмайсың, қашып құтыла алмайсың... Әне дүние деген сол...

Шалдың шалықты сөзін тыңдағаннан гөрі оның «кебелегін ұстап берейін, не істейді» деген желікті оймен еңбектей жөнелген Еркін байқаусызда бозжорғаның тізгінінен айрылып қалып еді ат қашқан жоқ, басын жерден алмастан жайылып тұра берді. Көбелек көпке дейін оған да ұстатпады. Шалдың қолы ербеңдеп әлі сөйлеп отыр.

– Сарманымды шақырып, қанша сарнасам да баяғы заманым қайтып келе ме? Қаранасыр даланың бетінде қаптаған көбелек, бұл ку дүниеден жарықтық Абай да өткен... Абайдың әкесі Құнанбай да өткен... Кеңгірбай да жатыр әне жер томпайтып... Олардың шыбын жаны да Шыңғыстаудың ішінде ұшып жүрген шығар. Жарықтық кеше Абай түсіме кірді. «Ей, Көкебай, – дейді, – баяғыда абақтыдан мен алып шығып едім, енді сен құтқар мені мынау көр зынданнан», – дейді. Санға біткен бір толарсақ, бір тобық едік-ау, оман дарияның бетінде қаңғып қалған қайықты көріп пе едіңдер, ей, мұндарлар, көрсендер сол қайық – мен. Есетін ескегім жоқ... у-у-у...

Сайтаналғыр көбелекті алдап-сулап ұстады-ау, әйтеуір. Қанатындағы саржағал бояу бармағының басына жұғып қалды. Дірілдетіп тірідей әкеліп беріп еді, Көкебай көзін шүңірейте қарап отырды да:

– Қоя бер, Омар, – деді, – ұшып жүре берсін. Біз өлсек те ұшып жүре берсін, бұл біздің алақатпат жанымыз ғой... біз көшеміз бұл дүниеден, бұлар қалады...

Еркіннің қолынан босап шыққан көбелек бұрынғыдай қалықтап еркін ұша алмады. Қызғалдақтың басына қонды да әлсізденген қос қанатын біріктіріп қимылсыз жабысып қалды.

– Ей, Омар, шешеміз тасқа тауып, қасқырдың бауырына теліген жоқ еді ғой. Мынау Барлының жағасынан бізге де бір төбе бұйырар, арғы бетке қашпай менің жанымда қалсаң қайтеді, сен кеткен соң маған кім көбелек ұстап береді... анау таңқы танау ұл ма?

Осы кезде бозжорға елендеп құлағын тікті. Қисық хан жатқан жотаның ар жағынан әуелі шошайған тымақ қылтиды да артынша қоңыр өгізге жайдақ мінген кісі көрінді. Оны Еркін әбден жақындап сәлем бергенде ғана таныды, Көкебайдың жалғыз ұлы екен...

– Әкемді іздеп шығып едім, – деді мінгірлеп. Жасы қырықтан асса да кісі бетіне тура қарай алмайтын жасық екен. Өздігінен шешіліп әңгіме айтпады, әр сұраққа тобық жұтқандай тұтығып жауап береді де, сөзінің артын сиырқұйымшақтатып түсініксіз аяқтайды.

– Өзіңіз не істеп жүрсіз? – деді Еркін.

– Артельдің сиырын бағамын.

– Көкең көптен ауру ма?

– Жазғытұрымнан бері...

– Далаға қаңғытып қоя бергеніңіз қалай, обал емес пе? – Үйге қамасаң да тұрмайды, сиырмен бірге өріске шығады да бірге қайтады.

– Е, әкемді де қоса жайып жүрмін деңізші. – Мырс етіп күлді. – Жетесіз-ақ екенсіз.

– Ол рас.

– Не рас?

– Жетесіз екенім. Сіз Омардың ұлы Еркінсіз ғой, енді ғана таныдым. Мен алғашында Бати екен деп қалдым.

– Оны көріп пе едің?

– Көргенмін.

– Қашан, қай жерден?! – деп бастырмалата сұрады.

– Осыдан бір апта бұрын, әкемді айдап қайтайын десем әкем екеуі еңбектеп көбелек қуып жүр екен.

– Тумай туа шөккір! – деп айғай салды. Сиыршының осыншалық ездiгiне ит жыны келдi. – Асылдың сынығы екен десем, сиырдың жапасы екснсің ғой, табанда атып тастайын ба өзінді. Бүйтiп, жер басып жүргенiңнен дүниенi ластамай құрығаның озық-ау. – Неге тiлдедi, неге ыза болды – өзi де түсiнген жоқ. Iшiндегi қара күшiктер шәуiлдеп, қара ала мысықтар тырналап

өз жанына әмір бермей, миын мың миллион құмырсқалар талап жей бастады. Мынау жасыл жайлаудың беті көбелектен көрінбей кеткендей көзі бұлдырап, денесі қалтырады-ай. «Мен де жындана бастаған шығармын» деп ойлады. Бүйтіп қор қылғанша әкелі-балалы екеуін де атып тастамақ болып тапаншасына жармасты да ол ниетінен тез айныды. «Жүре берсін, бізге керегі осындай қазақтар шығар». Әпігі басылып, есін жинаған соң анау Қисық хан моласы жатқан төбеден асып, қоңыр өгізге мінгесіп ұзап кеткен Көкебай мен ұлының соңынан көз талдыра ұзақ қарады. «Жүре берсін. Көп жасағанның, көп асағанның көрер күні осы».

Барлық үмітіне балта шабылғандай болған Еркін енді не де болса арғы бетке аман-есен жетіп алуға бет алды. Бозжорға оттығып белі босап қалған екен. Жүрісі ширап, ауыздығын сүзе тартып елпек аяндайды. Қайта көптен бері атқа мінбеген Еркіннің екі қара саны талып, денесі сал болып қалған. Көк шөпке аунап, көз шырымын алса қандай рахат болар еді. Соқыр Оспанның аузы жеңіл, артымда куғыншы бар ма деп және қауіптенген. Осылайша өз жерінен өзі жеріп, жатбауыр тартып бара жатқан Еркін тағдырының мүлдемге тайғанақтана бастағанын білді. Ол жақта да асулы тамақ, салулы төсек тұрмағаны рас. Өзінің ғана жиған-тергені болмаса, әкесінің бүкіл қазынасы ұстағанның қолында тістегеннің аузында кетті. «Қызғанғаның қызыл итке жем болды» деген сол. Дүниенің осыншалық берекесіз қолдың кірі секілді екенін кім білген. Ендігі бар үміт қайран – анау бір жылы өзінің ақылымен Таңатар арғы бетке айдап өтіп кеткен жылқыда ғана. Бір әкеден айрылса, екіншісіне кетіп барады. Тел еміп өспесем де кіндігіненмін... Дәу шал жатсынбас. Оның да іші сезетін шығар. Бірақ туған інісі, жатыры өзге болса да қаны бір Дарханға жасап кеткен қиянатын білсе кешірсем те еді. Дәу шалдың мінезі шатақ, байқап баспасаң болмайды, Еркін... Ол ендігі сәтте Дарханнан беріп жіберген қара чемоданның мыңдаған адам жиналған митингіде қопарылатынын, президиумда тұрған игі жақсылардың күлі көкке ұшарын, тас-талқан боларын көз алдына елестетті. Өзінің ең соңғы әрекетіне аса риза қалыппен бозжорғаны тебініп қалды.

– Түркісібті осылайша түйістіру керек, – деді дауыстап.

Қытайды бетке алып қашып бара жатқан адвокат Еркін Омарұлы Кенжиннің елін, жерін сүйген «азаматкерлігі» осы сөзбен аяқталды да, қазақ даласынан мүлдем жоғалды, мәңгіге құрыды. Көкейінде жалғыз-ақ өкініш кетті:

«Әттең, әкемнің алтын-күмісін ала алмадым-ау».

* * *

...Сол күннің кешінде Дархан жолға жиналды. Семейден оралғалы бері ұзақ сапарға дайындалғаны еді. Ал, Дарханға қосылғалы Гүлияның да күйеуін алыс сапарға аттандырғаны осы шығар-ау. Ары-бері жолы бар, небәрі екі-үш күнге созылатын аз уақыттық айрылысу екеуін қажыға аттанардай мұншалық толқытар деп кім ойлаған. Қимас адамынды шығарып салу мен қарсы алудан озған қуаныш қане, әрине қысқа қуаныш, әйтсе де соншалықты әсерлі. Таң атқалы бір киер киімін тазалап, Дарханға көпір салғаны үшін сыйлаған костюм, жол азығын әзірледі. Әйелі буып-түйген ол ол-пұлын дорбаға салып аузын мықтап байлады. Ұстарасын қайрап, сақал-мұртын басты. Әсіресе, Мұратты ортаға алып ішкен түскі шай өте бір дәмді, қайтып қайталанбас әдемі жарасымдылығын тауып еді. Өткен-кеткендерін есіне алып мәз болып күлген, рахаттанып күлген. Кірбіңі жоқ алаңсыздық әрқайсысын да шыр айналдырып, бақыттың – мейлі кішкентай болса да бақыттың маздаған отына жылынғандай; тоқтықтың да, жоқтықтың да мұхитын белшеден кешкен, сол екеуінен де шаршаған адамның қазіргі қоңырқай тірлігіне деген шексіз ризашылығы бар еді өндерінде. Көп дәулет дәметпейтін, алғанынан гөрі бергені көп бейнетқорлықтың екінің бірі түсіне бермес өз құдіреті нұрын төкті бұл үйге. Жоқ-жо-жоқ, бұл – аштан өліп, көштен қалмаудың, не болмаса қайғысыз қара суды қуат қылар шүкіршіліктің алдамшы сәулесі емес, адам баласының өмір үшін, ертең үшін жасаған шам-шырағындай нұрлы сипатқа толы – тағдыр. Ондайлық ізгі ниеттен, таза сенімнен жаралған болмыстың мықтылығы адамды адастырмайтын түзу жолдарға бастары хақ. Мұндайлық қарапайым еңбегімен ғана қасіретке қарсы күрес ашатын қасиетті еңбеккерлер екі жалғанда да алға түсіп, алғыс алмайды; керісінше артта қалып қарғыс та алмайды; жұмыр жердің өзі іспетті үйреншікті жолымен аспай-саспай айналайын жарық күнді мәңгілікке жалықпастан айнала

бермек; жер бетіндегі адамдардың ең көбі – бұл әлемге айғай-шусыз келіп кететіндер; олардың келіп-кеткенін айғақтайтын ұлы еңбектер, дара белгілер жоқ, бірақ адамзат тірлігінің маздап жанған оты ғана шексіздікке жалғасар өмір көшінің нағыз иесі – қарапайым халық екенін тарихта паш етер еді; сол қарапайым халықтың қолынан туған ғажайып дүниелерді иемденіп кетер пысықайлар қаншама көп, жылдар өтер, жер бетінде айқұш-ұйқыш сандаған темір жолдар салынар, ал Түркісіб сынды құрылысқа қанша қажыр-қайрат жұмсалғанын ешкім есептеп бере алмас. Өйткені, табан ет, маңдай терді есептеп берер есепші туған жоқ, есептеп берер машина ойлап табылған жоқ. Бұл жол – қазақ жұмыскерлерінің рухани күшін салмақтар сынақшы іспетті еді. Біз, сол шақта қайрат танытқан Дархан сияқты мыңдаған қарапайым азаматтардың аты-жөнін білмейміз, әлдеқашан ұмытылған; қара жердің қойнына сіңіп жасырынған; біздің білетініміз – Дархан сияқты ұлдарымыздың Түркісібке шпал болып төселіп, кейінгі ұрпақ үшін болашаққа апарар ұлы жол салып беріп кеткені ғана – тарихта Түркісіб қалады, Дархандар қалмайды. Жұмысшының таңбасты ерекшелігі де осында – қара басының қамы емес, қаймана халық үшін бақытқа толы қасірет шегуінде, қуаныш пен қайғы деген ұғымдарды бір бүтіндей түсінуінде еді.

– Шайың суып қалды, неғып үндемей қалдыңыз? – дегенде Дархан иірімдеп кеткен ойынан әрең бойлап шықты.

– Қандым, Гүлия, сүтсіз қара шай кісінің ішін кептіреді екен, сиыр сатып алмасақ болмас. Сүт ішетін адамның басы көбейейін деп тұр ғой. – Гүлия ұяла жымиып төмен қарады. Ұяндығы әлі қалмаған.

– Оныңыз рас, – деді кірпігі дірілдеп. – Сіз оралғанша шыдасам екен.

– Енді оны екеуіміз де білмейміз ғой, толғақ мен қашан келер деп тосып тұрар дейсің бе. Тіпті, орныма басқа жұмысшыны жіберіп бармай-ақ қойсам қайтеді.

– Қойыңыз, ұят болар, Соболев жолдас өзі арнайы шақыртыпты ғой. Ел көріп сергіп қайтыңыз.

– Сергігенде менен сері шығар дейсің бе. Дорбамды арқалап қайтып оралармын да.

– Әке, маған қағаз-қарындаш ала келіңіз, төртінші кластың оқулығы бар ма екен...

– Табылса іздестірірмін, ұлым. Ал тұрайық, уақыт болып қалды. Гүлия, сен еріп шықпай-ақ қой, жүкті темір жолға дейін Мұрат көтерісіп барады.

Бұлар далаға шыққанда ай сүттей жарық еді. Мұңлы нұрын ымырт әлеміне сабырмен төгеді. Дүние ақбоз... Маужыраған далада салқын да бейқамдық бар, мүлги салбыраған көгілжім мұнар айналаға жұқалаң перде тұтқан. Есік алдына қоса шыққан Гүлия күйеуінен именбей, жасқанбай мойнынан тас қылып құшақтағысы келді, батылы жетпеді.

– Аман барып, сау қайтыңыз, – деуге шамасы әрең келді. Өз-өзінен қысылып, жүрегі лүпілдеп, жанынан әрі ұзай қоймаған жарын соншалықты қимастықпен сағынды. Алабұртқан көңілін жасқана жасырып үйге қайтадан тез кіріп кеткен.

Шойын жолдың басына жеткен соң да Дархан біраз уақыт меңірейіп тұрып қалған-ды. Семей жақтан шығар шағын «кукушканын» қарасы көрінбейді, айнала жым-жырт. Осы кезде ауылдан бұларға қарай қараңдап келе жатқан жалғыз жаяудың қарасы көрінді. Жақындағанда барып бір-ақ таныды, қолында қара сандығы бар Гүлия екен, самбырлап сөйлей келеді.

– Еркін ағаның сәлемдемесін ұмытып кетіпсіз, Дәке, соны алып келдім.

– Қалай байқамағанбыз, сені әуре қылдық-ау. Мұратжан, жас басыңмен сен де ұмытшақсың.

– Мен дорбаны ұстадым ғой, ұмытып кеткен өзіңіз, әке.

– Өзім, өзім, айналайын, Гүлиямен қайта қоштасуға бұйырған ғой.

Мызғып жатқан даланың кеудесін қытықтап шапқылаған ат тұяғының дүрсілі естілді. Ат та бөтен, үстіндегі адам да бейтаныс. Алғашында түнделетіп шапқылаған бұл кім болды дегендей үшеуі де солай қарай адыра қарап қалған-ды. Бірақ ешқайсысы шырамытқан жоқ, оқтай зулап өте бергенде шаңқ еткен тапаншаның ащы даусы шықты. Омыраулап келгенде есерсоқ неме басып кетпесін деп, Дархан жалт бұрылып Гүлияны құшақтай алып еді. Оқ кімге дарығаны белгісіз, басы бітеу салт атты жұмбақ адам алды-артына қарамай ай астына сіңіп жоғалды. Дарханның құшағында тұрған Гүлия әлі де ажырамай:

– Сол, – деді сыбырлап, – менің бетімді тілген кісі осы еді, қайтейін, қайтейін, үлгермедім-ау, – деп әлсіреп күйеуінің қолынан сусып түсіп бара жатты.

– Не болды, Гүлия! Не болды деймін?! – деп өте жат дауыспен қайтадан жоғары көтермекке әрекет жасаған Дархан қапсыра құшақтаған әйелінің арқасынан қолына жұққан жыпжылымшы нәрсені сезді. Мұрат та «тәтелеп» ұмтылып сүйемелдеген болып жатыр.

– Сол, – деді сыбырлап Гүлия, – соның өзі...

– Айтшы атын! Кім?

Жауап болмаған-ды. Өз салмағын ұстай алмай шойын жолдың үстіне сылқ етіп құлап түсті.

– Құдай-ай, Құдайым-ай, көрсетпегенің көп екен-ау! – деп жан дауысы шыға зар еңіреген Дархан аппақ дидары аймен шағылысып сулап жатқан әйелін тас қылып құшақтап, өкіре жылады. Оның аю талаған бұғыдай ышқынған қорқынышты үніне Мұраттың қасқыр талаған қозыдай шырылдаған жіңішке даусы қосылып дүниені азан-қазан айғайға бөледі. Алқара аспанның асты даңғаза шуға, айтып жеткізгісіз мұңға айналды. Саумандай мөлдіреп құйылған айдың сәулесі осы айғай-шудан қандана дірілдеп, әлемдегі ең әдемі адамнан айрылғанына қамыққандай еді; аспан төсіндегі өз жол, өз бағытынан танбай жүзген ай екеш ай да секіріп-секіріп қалып, әлемдегі ең құдіретті әйелден айрылғанына өкінгендей еді; төбенің басында сонадайдан бой көтеріп, маңқайған Кеңгірдің мазары «не болды, ұрпақтарым» дегендей, моладан мойнын созып қарағандай еді... Далаға бәрібір, тыныштығын бұзған жылаусықтаудан мезіленіп, түн көрпесін қымтаңқырап бүркеді, естігісі келмегені де... Ұзыннан-ұзақ созылған Түркісібтің үстінде қанға батып, иісі қазақтың ең сұлу қызы – екі қабат ана жатты: аналыққа үлгере алмай арманда жан тапсырған асыл жар жатты – айналайын Адам жатты! Иә, дүние – жалған деген осы. Дүние жалған қаншалық ыстық болса, соншалық суық екен-ау. Кісінің діңкесін құртып шаршататыны осы ғой, осы... әлемде өзіңнен мықты жан жоқ деп қара нардай қасқая маңатын жігітіміз найзағай түскен қарағайдай морт сынды, сұлап құлады – баспен жер сүзе құлап кеңістікке қарай зымырады-ай». Ес-ақылдан айрылды. Ес-ақылдан айрылған тек өзі ғана емес, жорғалап тіршілік құрған жан-жануар, адамзат барлығы,

барлығы... Гүлиямен бірге өзін алмаған Құдайды қарғады, Гүлияға атқан оқ өзіне тимегеніне өкінді...

Тіршіліктің құны бес тиындық қарабақыр екенін сонда... алғаш рет ұғып еді. Кеше ғана өз қолымен салған шойын жолды тырмалап, жұртта қалған байлаулы иттей ұлып еді; өле салуға да болушы еді, амал не өлу сапарына даяр емес еді... Мұрат ендігі мезетте орнынан атып тұрып:

– Тәтемді атып кетті! Тәтемді өлтіріп кетті! Тәтемнен айрылды! – деп ботадай боздап, Құландыға қарай құйын-перен безектеп барады әне.

– Көзінді ашшы, жаным, тіріліп кетші, орныңнан тұршы, Ақжайлауға алып барайын алақаныма салып әлдилеп, алып барайын... баяғыдай ай астына алтыбақан құрып, армансыз бір тебейік, ешкімге бермей әуелеп бір тербелейік...

Аппақ болып айға қарап жатқан Гүлияның көзі онсыз да ашық еді. Ұзын кірпіктері қаумалаған мөлдір әрі тұнық жанары жансыз, бірақ әдемі де әсерлі. Қарашығы ғана қимылдамайды, мәңгілікке қатып қалған. Сол қарашықта қаперсіз жүзген айдың әдемі бейнесі, кейде алдамшы үміттің сәулесін таратқандай қимылдатады. Өлі суымаған, суып үлгермеген дене өмірдің қантамыры тоқтағанымен ажары таймаған албырт жүзі, көзінен жылап ағып тұрып қалған жас – бәрі-бәрі Дархан үшін әлі өлмеген; осы қазір аздап демалған соң «қолымнан тартшы, жаным, тұрайын» деп тіл қатардай марқұмдыққа қимаған. Ашық қалған көзді өз қолымен жаппағаны да сондықтан-ау. Жаңа ғана жүгіре басып келген Гүлияның жанарын жабу өзін-өзі бауыздағаннан әлдеқайда қорқынышты еді. Ол аяған жоқ, тек қорықты – тұңғыш рет қорықты. Құшағы ажырамастан ағыл да тегіл жылаған. Танауы пысылдап, тым жақын қалған паровозды байқаған жоқ. Қос рельсті зырылдатып түсініксіздеу бір сарын талмаурап жеткендей болып еді, денесіндегі бағанағы қорқынышты зымзия болып, қанқұйлы қарақшы қайтып оралдыға жорылған ол «ой әкеңнің!» – деп орнынан қарғып тұрғанда сонадай жерден жалғыз көзі жарқырап өздеріне қарай тура тартқан паровозды көрді. Гүлияның денесін жатқан орнынан қозғағысы келмеген. Егер қозғаса өлтіріп алатындай шошынды да басына байлаған алқызыл орамалды ептеп шешіп алып жоғары ұстап, алқызыл тудай желбіретіп Түркісібтің бойымен алғаш рет жүріп келе жатқан поезды қарсы алды...

Танауынан бу атқылаған паровоз салдыр-күлдір тоқтады. Бұл шақта Құланды жақтан андыздап бүкіл ел қаптап келеді әне...

Қайдан пайда болғаны белгісіз, Гүлияның жанына бірінші болып жеткен жылқышы жігіт еді.

– Қош, аяулы қарындасым! Ол итті қайдан болса да іздеп табамын, – деп бетін асығыс сипап Гүлияның мынау әлемге түсінбей таң-тамаша қарап жатқан жанарын алақанымен жаба берді.

Құдай қосқан қосағының өлі денесін Дархан ауылға дейін жалғыз өзі көтеріп барды.

Айнабұлақта өтетін үлкен тойға бара алмады.

Поезд ет пісірім уақыт аялдады да ілгері тартты.

Ертеңінде Гүлияның сүйегін Кеңгір жатқан төбенің басына жерледі, өз қолымен жерледі. Мың жылға бірақ қартайды. Шашы аппақ екен, жалғыз-ақ түнде ағарып кеткен екен. Мұны көрген жұрт қабырғасы қайыса көздеріне жас алды. Адал көңілмен, адамдық жүреппен қайғырды.

Сонда, сол төбенің басына бір адамды ғана емес, екеуін де бірдей көміп қайтқанын білді... Екеуін де... Жарық дүниені көруге үлгермей анасының құрсағында жас құлын кетті шырқырап; обалы кімге, оны әзірге Дарханның өзі де білмейді. Оның ұққаны, дүниедегі ең асылын, ең керекті затын жоғалтқаны. Жаққан отын мәңгілікке сөндіріп, қу бас болып, жалғаннан жалғыз өтуге ант бергені ғана... Орны толмас қаза мынау жұмыр жердің бетінде өте аз, сирек ұшырасады. Бітпейтін жара да жоқ шығар-ау... Ал, адам бойынан жүрегін суырып әкетсе ше? Бүгінде Дархан – Дархан емес, жүрегі жоқ қалқайған қу қаңқа ғана... Қаңқа – адам ба?..

Гүлияны жерлейтін күннің таңында әлдекім жол бойына қалдырмай қайтадан көтеріп келіп, кеңсенің бұрышына әкеліп қоя салған қара қобди жарылды да, Омар байдың бұрынғы қыстағының күлі аспанға бір-ақ ұшты. Бұл, Еркін Омарұлының Дарханнан «досына» беріп жіберген «сәлемдемесі» еді...

Сол күннің таңында Айнабұлақ станциясына жиналған жиырма мың адам ұлыжіңгір той бастады. Құрылысшылар ВК(б) П Орталық Комитетінің атына мынадай телеграмма жолдады: «Бүгін Москва уақытымен сағат 7-ден 6 минут өткенде Луговой станциясынан алты жүз қырық километр

қашықтықта Оңтүстік пен Солтүстік рельестері түйісті. Түркісіб бойымен қатынас жасауға жол ашылды».

Социалистік индустрияның тұңғышына айналған Түркісібтің тойына тек Дархан ғана қатыса алмады...

Бір ғасырға бір-ақ Құлаша керегін, қаңғыбастық атпалдай азамат басына лайық еместігін сол түні арманының ақ құсындай болған Гүлиядан мүлдем айрылған түні ұққандай болған Бати Ақшиге дейін жаяулап барды да, ауыл шетінде жайылып жүрген кез келген атты ұстап мінді. Үйінде қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан Дүрия мен Қамбарға ауыр қазаны хабарлаған да сол жылқышы жігіт.

Хабарасуын бетке ала түнделетіп жолға шықты. Қолына іліккені мың салса бір баспай құйрығын бұлғап, тырқылдап тұрып алар жабы екен, Батидың жынына тиіп келеді. Тіпті, осы құрғыр тырақыны басқа бір салып қоя берейін деп ойлады да, соңғы кезде сарысуланып, жүргізбей ауыратын аяғынан қорынды. Көптен бері құйрығы жайдақ атқа тимей көбенсіп кеткен бе, екі жамбасына кезек ауысып әрең шыдады. Асуға дәл бүгін жетпей болмайтын еді. Егер асудағы тас үңгірге дәл бүгін жетпесе, қара ниет жауыздан мүлдем айрылатынын білді. Токпақтағанда барып шоқырақтаған аттың желісі ауыр, зіркілдетіп қолқаны ауызға тығады. Кеспіріне қарамай жол шетіндегі қарайған заттан қорсылдап үркеді-ей; ол қылығы сүмірейген түріне үйлесіп тұрмаған. Жылқы баласын таңдап мініп өскен жігіт қайтеді енді, барымен базар болып, ілгері ілби береді. Түн жарық. Ай шеңбірек атып толған кез, әлеулайға басып әндетіп жолға шығатын әдемі мезгіл. Талай жүрген таныс жол.

Жылқышы жігіт үшін жылдар бойы жан баласына білдірмей жасырып өткен жұмбақты махаббатын ақырғы сапарға аттандырғанда өзі де ішінде болғанына қуанды. Жасқа толы жанарын өз қолымен сипап жапты ғой. Тағдырдың осыны қиғанына да шүкіршілік. Бати үшін Гүлия енді ғана өмір сүре бастағандай еді. Ой-қиялының күллісінен еріп келіп, жанын сыздатқан жараны сылып алып тастаған сияқтанды; жоқ-жоқ, Гүлияның тірлігін, Дарханның бақытын әсте де қызғанған жоқ. Тек бір өзі ғана ұға алар ауырлықтан айыққан еді. Енді ол жер бетінде жоқ, бірақ – бар. Батидың қатарында, тіпті бірге енді ғана өмір сүре бастағандай. Біреулер тапқанына қуанады,

біреулер жоғалтқанына қуанады. Адал сүйген адамына оның өлімінен соң қол жеткен Бати бұдан былай бүкіл әлемге «мен оны сүйіп едім» деп жар салуға хақысы бар. Осынау бостандыққа, жан еркіндігіне қолы жеткенінің өзі сүйе білер адам үшін бақыт екен-ау. Ғашық адамдардың қатар өмір сүргенін көрген емес, естіген жоқ, тек арғы дүниеде ғана табысады дегені рас па екен? Рас емес-ау, әйтпесе, табанда Гүлияның соңынан ойланбастан аттанып кетер еді. Ол сөз рас болса, Дархан неге тірі жүр?..

Көп нәрсені кеш түсінген Бати бұл заманға құлашалық дәруіштік өмірдің түкке керегі жоғына, адам болып жаратылған соң мейлі жақсы болсын, мейлі жаман болсын адамша өмір сүру керектігіне иланды. Баяғыда, былтыр көктемде осы жолдың үстінде Дүриядан оңбай жеңіліп еді, өз бақытына бірінші болып қол созбайтын әрекетсіздігін бетіне басып, жазғырған да еді. Ол шақта мойындай қоймаған. Туған жер, өскен елінде жүріп адасу – қандай өкініш. Екінің бірі – не арғы бетке қашып көзінді құрт бұл жерден, не елге оралып түтін түтет. Әйтеуір көзге күйік болып, иесіз иттей қаңғыма, қарағым. Кісіге жалғыз-ақ жол беріледі, жер бетінен сол өзің өмір бойы жүріп өтер соқпағыңды тандай алдың ба, жарқыным. Жер жаһан үшін сен кімсің? Кімге бұлданасың? Тек түн баласында ғана ұшатын қара қоңызсың... «Жә жетті!» – деп дауыстап жіберді. Өз ішіндегі айғайшыға берген жауабы еді.

Түн ортасы ауа Хабарасуына келіп жетті. Атты ағаш арасына жасырып, тас үңгірге сыбдырын білдірмей мысықша басып жаяу өрлеген, жауы әлі келе қоймаған секілді. Жарқанат қана сусылдап ұшып жүр. «Неге кешігіп жатыр екен?».

Ол тұңғыш рет қазір бетпе-бет келер дұшпаны жайлы ойлады. Ол кім? Қазақ үшін керек пе мұндай адам? Байманаттың тұқымы емес, ол да өзі секілді сіңірі шыққан кедей жігіт. Бүкіл балалықтары бірге өтті, әке-шешеден тым ерте айрылды да кім көрінгеннің есігінде жүрді. Бұл Омар байдың жылқысын бақса, ол аяқ-табағын ұстап, бие сауғызып, алып кел, барып келге шапқылар шабарманы болды. Өзінен гөрі жылпос, қолды-аяққа тұрмайтын пысық жігіт еді. Жаға жыртысып төбелескен, «әй әкенді» деп балағаттасқан жері жоқ, қулығына құрық бойламайтын зәлімдікті қайдан ғана үйреніп жүр? Әлде аумалы-төкпелі заман, отарбадай зырлаған уақыт па... Әлде

әке-шешенің «құлыным» деп мандайынан иіскер, бауырына басар тәрбиесін, махаббатын көрмеген соң қасаң да қатал болып өсті ме? Не білген ойы бар, көздеген мақсаты не? Әлде арғы бетке ол да өтіп кетпек ниеті бар ма? Ешкім құйрығына шала байлаған жоқ. Қазіргі халі де жаман емес... Сонда неден үркеді, неден сескенеді?.. Жұмбақ.

Бұта сыбдырлағандай болды. Бати демін шығармай тастың тасасына бұға қалды. Қараңдаған әлдекімнің сүлдесі көрінді. Жан-жағына жалтақтай қарап, тың тыңдағандай азкем аялдады да тура Бати жасырынған тасты айнала берді. Жылқышы жігіт қолындағы қыл арқанды оқтай ұстап, демін ішіне ала қозғалмай отыр. Үңгір тастың түбіне жетіп, тағы да айналасына сүзе қарады. Мүктенген жақпар тасты сипалап жүріп, бер жағын бұта-қарағанмен бітеген қуысты тапты да қолын жүгіртті; ораулы заттарды ептеп ала бергенде жыланша ысқырып келген қыл арқан сұп-суық болып мойнына орала кетті. Оралған сәтінде-ақ аласұра жұлқынып, алып тастамаққа әрекет жасап еді, жылқышының қарулы қолы тырп еткізбей буындыра түсті.

– Ау, Бати! Бұл сенсің! – деп айғай салды. Артына қарамай-ақ жазбай таныды.

– Иә менмін, Оспан! Міне, кездескен деген осы.

– Бұл дүниеде жалғыз сенен ғана сескенуші едім, ақыры қолыңа түсірдің-ау.

– Мен емес, сен едің ғой мені іздеп жүрген. – Оспанның бұлқынғанын шыбын шаққан құрлы көрмей дедектетіп апарып, тастың саңылауына өскен шынар шыршаға шандып таңып тастады. Тапаншасын алуға да үлгерткен жоқ.

– Қапыда қалдым. Сенімен бұлай кездесем деп ойлаған жоқ едім, әттең кеш...

Жуаси бастады, арқан батқан білектері удай ашып, жанын шығарса да тістеніп, ауырсынғанын білдірмеуге тырысты.

– Өлетін бала көрге жүгірер, өсетін бала төрге жүгіреді деген осы, Осеке. Иманыңды айта бер, – деп қыпынан мүйіз сап, жезмойын пышағын асықпай алып, басбармағымен жүзін ұстап көрді.

– Бауыздама, атып кет! – деді Оспан жан дауысы шыға ышқынып, – қалтамда тапаншам бар, ал да ат.

– Жо-о-оқ, Осеке, мен саған оқ шығармаймын. – Қалтасын карап еді, бір емес екі тапаншаны қатарынан суырып алды да әлгіндегі асыл тас түйілген шүберекті асықпай шешіп, тапаншаны да соған бірге қосып орады, – бұлардың бәрін үкіметке өз қолыммен тапсырамын.

– Сол арқылы айыбыңды жуып-шаймақсың ғой, ақымақ! – деді Оспан ысылдап. – Ақымақ болмасаң ғұмырыңа жететін байлықты апарып берермісің?

– Егер бұл байлыққа қызықсам баяғыда, Омармен бірге көрге көмбес едім; ал мына сен аруақтан қорықпай, моланы ақтарып, итше тіміскілеп қазып алдың. – Оспанның тура қарсысындағы тасқа шоқайып отырды. – Сонымен... жауап алу басталады.

– Өлтірсең жанымды қинамай өлтір, Бати. Бірге өсіп, біте қайнасқан досым едің, бөтенім емес бәріміз бір мұрын-сыбанның баласымыз. Арамызда алты ата араламайды. Бұл менің шыбын жанымды сауғалағаным емес, әкесін ұрайын, тумак бар жерде өлмек бар, ақырғы өтінішім – ағайындық тілегім, қинамай өлтір. Онсыз да тек жер басып тірі жүргенім болмаса, баяғыда өлгенмін; бұл дүниенің, азабын сенен гөрі мен көп тартқанмын.

Оспаннан осыншалық ақылды сөз шығар деп ойламап еді. Жүзіне қарады – боп-боз. Бірақ қорқыныш та, өлімнің үрейі де білінбейді. Ағаш арасынан саулаған ай сәулесі ғана Оспанның бетіне, өне бойына жыбырлаған жапырақтардың тірі көлеңкесін түсіріп, жел соққан сайын тынымсыз қозғалақтайды. Байлаулы тұрған Оспанның үсті-басында сансыз жапырақ қайнап, сыбырласып, сырласып мәңгілік қозғалыста жатқандай.

– Әуелгі сұрағым, – Гүлияның бетін обалсынбай неге тілдің?

– Мен оны өлердей сүйген едім, менің ғана емес, өзіңнің де ойың болған.

– Сүйген адамның бетін тілгенді қай атаңнан көрдің?

– Ол тым сұлу болды да көзі соқыр мені менсінбеді. Өзіме теңессе, алған бетінен қайтар деген үмітім болды. Тыртықбет қызға Дархан қарамас, деген ойым және бар. Өкінішке орай керісінше...

– Оң көзіңді ойып алған Омардан қуған кегің шығар деп едім.

– Жоқ, көзімнің бодауы емес, бір басқа бір көз де жеткілікті. Егер дұрыс көз болса...

– Солай-ақ делік, айы, күні жетіп отырғанда неге ғана атып өлтіріп кеттің. Іште кеткен сәбиін аясаң етті, хайуан!

– Кімді?! – деп айғай салды.

– Мүләйімсіме, білмей тұрған шығарсың. Әрине, Гүлияны...

– Не дейді?! Оқ соған тиді ме, Дарханды көздеп едім-ау, тәңірім-ай, не істедім мен! – Басын қарағайға ұрғылап өкіріп жылады. – Құдай-ай, мәңгілікке айрылдым ба!? Қайран Гүлиям-ай, арманда қалдым-ау. Бұл жалғанда сенен басқа кімім бар еді? Бір ауыз жылы сөзіңді естімесем де күнде көріп, есен-сау көз алдымда көлбеңдеп жүргенінді медет тұтып едім; мен сені тосып едім, өлгенше тосып едім, қашанғы қайғы жұтып отыра берер, бір күн болмаса бір күні етегімнен ұстар, ықыласы ауар деп едім; ей Бати, ат мені, өлтір ендігі тірліктің әкесін... Мен де аттанайын соңынан.

Бати ойланып қалды. «Мұның да кінәсі жоқ екен-ау, өз бақыты үшін күресіпті. Бірақ күрес жолы басқаша».

– Сен күшіңе сендің, Дархан түріне, еңбегіне сенді. Мен ше мен немене ме сенер едім, айлалы ісіме, тәуекелшіл қулығыма сендім, сендерден жеңілмес үшін, сендерді желкеме міндірмес үшін... Бұл өмірге екеуіңнен гөрі мен керекпін! Гүлия «сүйдім, күйдім» деп ынжық колхоздың қара өгізі секілді пысылдаған Дарханға тиді, қандай пұшпаққа шықты, егер саған тисе күні одан да сорақы болар еді байғұстың. Ол әлемдегі ең сұлу адам. Ал сұлулықты алақанға салып әлдилеп өтпес пе екен. Дархан болса қатындыққа алды. Жер бетінде қатындар онсыз да жетеді... алсын кез келгенін... Салсын қара жұмысқа салпылдатып... Ал, мен тіземе отырғызып қойып күндіз-түні дидарына қараудан жалықпас едім. Ай, ақымақ, азбан байлық неге керек дейсің? Сұлулықты сақтау үшін керек. Егер менің қолыма Гүлия мен байлықты беріп қойса, бұл жерден мәңгілікке құрымаймын ба? Қазақтың ұрығы да, ұлығы да жетіп жатқан кең даласынан таңдап жүріп үй салмаймын ба; Гүлиямен қосылып, бақытты шат-шадыман өмір сүрмеймін бе; артыма әдемі ұрпақ қалдырмаймын ба; бұл сенің де, Дархан өгіздің де қолынан келмейді. Ақымақтықтарыңды адалдықпен, әлсіздікпен бүркемелегілерің келеді. Пысқырдым ондай ит мініп, ирек кам-

шылаған бұлкек-бұлкек тірліктеріңді, қатты жүрмейтін, қарап тұрмайтын өгіз өлмес, арба сынбас өмірлеріңнен – арғымаққа мініп ағызып өлгенім артық. Не жеңілермін, не жеңермін – екiнiң бiрi. Не жоғары шыға алмай, не етекте қалмай ылжыраған дүбәра тірліктеріңді дәтке қуат етіп, мардамсисыңдар. Менен гөрі сендер қауіптісіңдер, неғып мыңқиып отырсың, ат! Өлтір тезірек, Гүлияның артынан тек мен ғана бара аламын. Тек мен ғана... әйтпесе қолымды шеш, өзімді-өзім бауыздайын. Сендердің қолдарыңнан кек алу да келмейді. Қауқайған қаңбақ кеуде, қасиетсіздер!

Бати не деп жауап берерін білмеді. Ақталар сөз де таба алмады.

– Намазыңды оқып болдың ба? Арыстанның ойынынан түлкінің мойны үзіліпті, – деді бар айтқаны.

– Оттамай баста!

Орнынан асықпай тұрған Бати Оспанның қарсы алдына барды да:

– Міне мынау Гүлия үшін, – деп жапырақ жыбырлаған бетін ұзынынан сара тіліп жіберді. Қып-қызыл қан сау ете қалды. Оспанның жалғыз көзі дір еткендей болды да Батиға қараған қалпы сұғын қадап қозғалмай шелейіп бара жатты, қыңқ деп үн шығарған жоқ. – Міне, мынау Гүлияның құрсағында кеткен сәбидің обалы үшін, – деп көлденең және бір сызық тартты. Оспанның денесі тағы да дір етіп басылды, өнебойын қан жауып кеткен ол:

– Гүлия, мен сенің соңыңнан кетіп барамын, сәулем! – деді күбірлеп.

– Жоқ, ол жаққа да жібермеймін сені, Оспан! О дүниеде де тыныш жатпайсың, аруақтардың мазасын аласың. Өлікке айналсаң, бетіндегі айқасқан сызық ағып кетер, жүре бер жер басып... Енді бұл елге көрінер бет жоқ сенде. Нас адам тек жер бетінде ғана жүре алады.

Пышағын сүртіп қынына салды да түйіншекті қолтығына қысып етекке қарай аяңдап, құлдидіп бара жатты. Бетінен қан саулаған Оспан: «Өлтіріп кет! Бүйтіп қорлағанша өлтіріп кет!» – деп айғайлап ағашқа байлаулы күйінде ит боп қыңсылап қала берді.

Бір атты жетелеп, бір атты мінген Бати асыл тастарды қанжығасына байлап Құландыға қарай бет түзеп барады.

Жылқышы жігітгің ел арасына оралғаны еді бұл...
«Өлтіріп кет!» – деп жан дауысы шыға айғайлаған Оспанның
үні көпке дейін құлағынан кетпей, естіліп тұрды.
Бати қайрылған жоқ...

БЕСІНШІ САЛА

Бүгінде:

«Дарханның немересі табылыпты» деген сөз Құландының ерігіп отырған жұртын аяғынан тік тұрғызды. Құланды талай жылдан бері мұндай зор жаңалықты естіп те, атқарып та көрген жоқ-ты. Алғашқыда сасқалақтасып қалды: бар қолдарынан келгені бірінің үйіне бірі жүгірісіп, өлмелі шалдың өлгені тіріліп, өшкені жанғанын сыбыр-күбір айтумен болды. Әншейінде ерініп есік ашпайтын ауыл үйдің сабасының аузы бір-ақ күнде шешіліп, тыққыштап, жылт көрсетпей отырған құрт-майы, үнді шайы шықты жарыққа. Он шақты түтін әр шаңырақтан қатар ұшып, қаз-тауық қаңқылдасты. Бала мен иттер де мәз-мейрам, неге қуанысып жүргенін өздері де білмейді, әйтеуір үлкен адамдардың қас-қабағынан болмысында жоқ жайдарылық сезген соң бұлғақтап шаба берген. Қызық, тып-тыныш жатқан разъезді осыншалық мол жаңалыққа кенеп, айран-асыр қылған немере осы жұрттың үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, бөтен ауылдың тайлағы екен деген жоқ, көптен көрмеген тумасындай ізгі тілекпен екі көздері төрт бола тосысты. Баяғыда жеңістен солдат оралғанда дәл осындай қағанағы қарқ қуанып еді, өз әлінше бұл да бір соғыстан қайтқан солдат, соғыста өлген жауынгерден қалған тұяқ, Мұраттың қайта тірілуі, жалғасы. Есімінің Жалғас екенін естіген ел: «Атын да тауып қойған екен» десті.

Теміржолшы шал үнсіз дайындық қамына кіріскен. Ә дегенде жүрек шіркін зәтте ғой, сеніңкіремей жүрді де ел кеу-кеулеп, нәшәндік осынау оқыс қуанышты тізгін ұшынан қағып алып, қосарлап шауып дүрліге жөнелген соң иланғандай болған. Көршісінен семіз қой сатып алып, дүкеннен бір жәшік ақ, бір жәшік қызыл арақ жеткізілді. «Дәкеңнің тілеуіне» деп түтін басы бес сомнан ақша жинады. Дарханның жаман лашығы әктеліп, маңайына су сеуіп сыпырды. Азаматтар қоя ма, бір

машина сексеуіл түсіріп берді. Келіншектер де қарап отырған жоқ, отымен кіріп, күлімен шығып бауырсақ пісірді, шелек-шелек су тасыды құдықтан. Мұның бәрін шашау шығармай ұйымдастырып басы-қасында өзі болып басқарып жүрген Солтанға шал дән риза. Ақсақалдар жағы оны: «Жыланды нәшәндікке жарымаушы еді, ауылымызға келген құт», – деп алғыс жаудырып қауқылдасты.

– Сонымен он күннен кейін аузы-мұрнын көрмеген немереден телеграмма келді.

Ақсақал! Ташкент-Новосибирск поезымен шығамын.

Қарсы ал.

Жалғас 10. X. 1975 ж.»

Дарханның түсіне алмай жүргені немересінің «ата» демей ақсақал дегені-тін. «Үйрене алмағандыкі-ау, туғалы көрмеген шалды аталап» бас салудан ұялған шығар, құлыным» деп өзін-өзі жұбатты.

Әне, поезд келе жатыр!

Келе жатқан поезға қарсы Құландының тайлы-тұяғы қалмай жылжи шұбырған. Бұл разъезд күніне он шақтысы тоқтап жататын «товарнякті» дәл осылай, өмір-бақи қарсы алмаған шығар-ау. Ең алда – «ақсақал». Көңілі әлемтапырақ, көзінде жас! Ең ғажабы, жұрттың бәрі аялдамаға қарай шұбырғанда Дүрия кенеп дорбасын қолтығына қысып Кеңгірдің биігіне Гүлия бейітінің басына Дархан тұрғызып жатқан мазарға қарай беттеген...

Екпінін бәсеңдетіп келіп, бір-бірін мүйіздей тоқтаған ауыр составтардың салдыр-гүлдірі сап болған сәтте лап қойған жұрттан көзі әр қорапты кезіп кеткен.

Немере жоқ!

Құландыға тоқтаған әр «товарнякке» жүгіре-жүгіре әбден шаршаған ауыл адамдары енді күдерін мүлдем үзген де, есіктерін тарс жауып нәумез көңілмен күңкілге көшті. Шалдың жүні жығылды. Өстіп тамында ешкім қалмай соқа басы күйзеліп отырғанда «Ассалаумағалейкүм» деп сып етіп, ұзын бойлы қарасүр жігіт кіріп келгені... Шал шалқасынан түсе жаздады. Төбесінен біреу балғамен ұрғандай сілейіп отырып қалған. «Амансыз ба, ақсақал» деп өзін құшақтағанда ғана «Құлыным, құлыным» деп иегі кемсеңдей бас салды.

Шал мен немере осылайша оңашада ырдусыз ұзақ көрісті. Дархан тіпті көз жасын тоқтата алмады. Қыра-қыра Әбден көктұқылданып, көбең тарта көгеріп кеткен бетін айғыздап жас жуды. Ол шыншыл жүреппен қуанды, адал көңілмен жылады. Жылдар бойы көні кеуіп, жараның орнындай жансызданған жанарда осыншалық мол көз жасы ешқашанда таусылмайды екен-ау. Оны кім білген, адамның көз жасын жылап тауысу мүмкін еместігін кім білген...

Алғашқылардың бірі болып Солтан жетті.

– Қуанышыңыз құтты, баянды болсын, ақсақал! – деді. Илешала кірген әйелі:

– Балаңыз табылып көзайым болып жатырсыз ба, ата? – деді ол. Біртіндеп келе бастаған қадірлі халқы, жағалай жұрты қайырлы болсынды айта-айта бас айналдырды.

Қас пен көздің арасында қой сойылды, екі иығынан демалып самауыр келді. Еденге жайып тастаған далиған дастарханға көл-көсір семіз бауырсақ төгілді, көл-көсір бауырсақтың ортасын ойып құрт-май, қант, кәмпит қойылды. Мұның бәрін кім істеп жатыр, кімдер әкеліп жатыр – шалдың хабары жоқ, тек оң жанындағы немересіне, анау иін тіресе жайғасып, қыбын сездірмей қызмет жасап жүрген ел-жұртына мәңгі тоймас сүйсініс, мәңгі қарыздар риза көңілмен жалтақ-жалтақ қарай берді. Ағайынның көзі алыстан келген азаматты тесіп барады.

– Дү-ре-с-с, – деді келіншектер әперген кеселегі шайды төрдегілерге жағалай жеткізіп, бір тізелеп ыңғайсыз отырған адырақ көз бригадир. – Шай ішіңіздер, «бір бардың – бір жоқтығы, бір аштың – бір тоқтығы бар» деген осы. Шырағым, мекен-жайың, қайда? Аты-жөнің кім? Бұрын қайда болдың? – Оқыс сауалдан жолаушы жігіт сасып қалды. Аузына май жағып енді апара берген бауырсағын іркіп, жауап бергелі оқталғанда Солтан бригадирді бүріп тастады.

– Ел есін жия алмай жатса анкетный данный сұрайсың ғой. Қашанғы әдетің осы: қышынбай, қасынбай, қотыр түйедей әркімге бір сүйкенбей отырсаң, ішің кебе ме? О несі-ей, жолдан шаршап-шалдығып келген баланың ата-бабасын қазбалап, жан алқымына жармасқаны. Ата-бабасын іздесең, эне, қасында отырған қарасұр шал! – деп Дарханды нұсқады. Отырғандар риза болып күлісе жетісіп қалды.

– Ол дұрыс қой, – деп тағы бір пәлені бықсыта бастаған Нәзірханға нәшәндік қатты кейіді.

– Қой енді, түге! Екі кісінің басы қосылса демдеріңе нан пісіп шыға келеді екенсің.

– Сіз де құрсаулы қара бурадай қарсы қарап шабынбаңыз... «Ата-анаң бар ма дегенім – жал-құйрығың сай ма дегенім», жөн сұрағанның несі айып, несі шам? – деп көзі қанталаған Нәзірхан сарт-сұрт шыға жөнелді. «Жөн-ау, енді қайтсін, күйіп кетті ғой», деген дауыс естілді әр тұстан. Жұрт тығырыққа тірелгендей болған соң нәшәндік омыраулай сөйлеп аузына қаратты.

– Кетсе – жүре берсін. Қолтығына су бүрке-бүрке әбден жүген-құрықсыз бетімен жібергенсіздер. Ондай отбасы, ошақ қасының, қазанбұзар тентектерін давно тезге салуымыз керек еді. Жоқ-ау тіпті, бала алыс жолдан шаршап келіп, оразасын ашар-ашпастан тергегені – неткені!.. Ондай қыз таңдаған бойдақша кердендегендердің – кеңірдегін жұлып алармыз. – Солтан қатты ашуланды. Көршісінің мұндайлық ұрт мінезін білмейтін Дархан аң-таң. Әлден уақыттан соң барып үй иесі өзі екені, бүйтіп дау-дамайды асқындырып жіберуге болмасы есіне енді түскендей ырғалып тамағын кенеді. Немересіне қарап еді, қарны ашып қалғанға ұқсайды, ешнәрсені кәперіне алмай шайнап қатып отыр екен, оған іштей қуанды да. Тыныштық орнады. Солтан әлі де сұрлана шаншылып, лықсыған ашуын тарата алмай әуре.

Қара келіншек тағы да қарап қалғысы келмей ақ келіншекке сыбырлады:

– Екі мақалшының басы бір разъезге сыймайды екен-ау.

– Оу, ағайын, – деді қоңыр үнін көтере Дархан. – Қолыма қайла алып жұмысшы болғаныма қырық жылдан асып үкімет пенсияға шығарды. Мен қырық жыл бойы өткен еңбегіме алпыс бес сом пенсия аламын, бір басыма жетеді, аштан өліп, көштен қалмаймын. Ел қатарлы өмір сүріппіз, елде бардың ерні қимылдамай ма, тәйірі. Аш болсақ та, тоқ болсақ та халықпен көргеннің бәрі думан, бәрі той екен. «Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына жылаймын» демекші, құйрық-жалсыз жалғыздығымды, ұрпақсыз кубастығымды уайым ете беруші едім. Мың да тоғыз жүз отыз бесінші жылы қапылыста айырылып қалған ұлымның өзі болмаса да – көзі, алтынымның

бір сынығы, міне... қырық жылдан соң қара шаңырақты қыран құстай қайта айналып тауып отыр. «Немере етін жеп, сүйегін көзіңе лақтырады», – деп айтқан қазақтың аузы қисайсын. Енді өлсем де – арман жоқ, арулап көмер ағайын, асымды берер азамат бар. Бұл бала мен үшін Гүлиямның көзіндей. Мен – осыған шаттанамын, халайық. Әкем айтушы еді, «Ұлым, жаққан отынды сөндірме» деп... Сөнбегені осы емес пе, жұртым...

– Е, жасаған-ай, – деді бір кемпір көзіне жас ала күрсініп. – «Балалы арқар маңырап тұрса, баласыз арқар зарлап тұрар» деген осы. Дарханда енді қандай мақсұт бар.

Енді ақ келіншек қараға сыбырлады:

– Мақалдап сөйлегенді үйретіп, елді алатайдай бүлдіріп жүрген осы жалмауыз кемпір.

– Қоя тұрыңыз, шеше, – деді Солтан. – Ақсақал әңгімесін түйіндесін.

– Түйіндейтін не бар, қарағым. Мынау ел-жұртқа, әсіресе өзіңе ризамын, жақсылықтарың екі дүниеде де ұмытылмас. Өзімнің қолымнан келмесе де, шүкір, Жалғасжан ақтар адал еңбектеріңді. Ұрыста – тұрыс жоқ, досыңның асын дұшпандай же деген, мейлінше ішіп-жеп, ойнап-күліңдер. Оу, Жалғасжан, үй сенікі, шырағым, қысылмай еркін отырып, анау қонақтардың бабын тап, тізгінді енді өз қолыңа ал, – деп Дархан көсіле сөйлеп, көшелі сөз айтты.

– Әй, Түркісібтің кәрі тарландары-ай, ақылдың кенішісіңдер-ау, – деп нәшәндік қатты сүйсінді, қарқ-қарқ күлді. Қызара бөртіп көңілді отырды. Осы кезде сықырлауық есік қайта ашылып, бригадир кірді. Ол ыржалақтап әзілдей кірді:

– Жасы бірге жастасым болған соң, бастық екеуіміз қатты қал-жыңдасамыз; битке өкпелеп тонымды отқа салар жайым жоқ деп қайтып оралдым. Әмбе інішек ойлайды ғой, ат төбеліндей ауыл алтыбақан алауыз екен деп.

– Одан да етті қымай келдім десеңші, етті қымай, – десіп үй толы жұрт гуілдесіп қалды. Солтан да түсін жылытып, жеңген, кешірген ыңғай сездірді.

– Қайтып келер үйдің есігін қатты серіппе деген, Назеке. Жөтелерің бар, жөткірініп нең бар еді...

Аядай тамның түңлігін желпілдеткен той түн ортасы ауғанша созылды. Жаңа табылған немереден бастап, жұрт түгел сүйісті, құшақтасты, бір-біріне арақ ұсынды, ет асатты,

ән айтысты. Дәкең «ештеңе етпейді, төбелеспесендер болды, қолдарың қышып бара жатса қотыр тамның қабырғасын қойғылай беріндер, бәрібір күні ертең құлайды, құласа Жалғасжан жаңадан төрт бөлмелі үй тұрғызады», – деді насаттанып.

– Міндетті түрде, ақсақал, – деді Жалғас шалға қарап бас изеп. – Ең әуелі Гүлия анамыздың мүрдесін бітіріп алайық.

«Құдай-ау, оны қашан естіп қойған, кім айтып қойған?» – деп немересінің сезімтал, сакқұлақтығына қайран қалды.

Қонақтардың соңын сүйрегендей боп шығарып сап, сыртта демалып жалғыз тұрған Дарханның иығынан біреу зілдей қолымен тартты. Жалғас па деп жалт қарап еді, Дүрия екен. Қараңғыда ербең қағып айналып алдына келді де:

– Қақбас, бәрібір ішпепті, мас емес, – деп бұрылып жүре берді. Шашы ағараңдай қараңғылыққа сіңіп жоқ болды.

«Құландының жаман үйлерін солқылдата тағы бір поезд өтті... Осы поездың ішінде Оспан да кетіп барады-ау...» деген ойдан Дархан арыла алмай-ақ қойды.

Баяғыда қалай еді... баяғыда...

* * *

Баяғыда:

Жер арқасы кеніген, елдің аузы аққа тиген маусымның жайма-шуақ күндерінің бірі еді. Жасыл шапан жамылған даланың тамылжыған әдемі бір жайсаң шағы. Бұрынғыдай емес дала төсінде жайылған төрт түліктің де қарасы молая түскен; бұрынғыдай емес қазақтардың да әл-ауқаты түзелген, жадыраған жазға, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманға еркелегендей. Биыл тағы да жылан жылы, жылан жылы болса да қақаған қысы, қара жаңбырлы мазасыз көктемі болған жоқ, табиғаттың сорғаланғандай уылжыған күндері күнделікті тіршіліктің таусылмас күйбеңімен өтіп жатты, өтіп жатты...

Құланды станциясында пәлендей өзгеріс болмағанымен, уақытпен бірге ытысып, дәуірмен бірге жасарып, жайнаған сипатта. Жеркепелердің орнына ептеп ақшағаладай үй тұрғызып, бас-басына құдық қазып, шаруашылығын дөңгеленткен жұрттың жалғыз-ақ арманы – осынау берекеден, осынау

тыныштықтан айрылмауын тілеу ғана. Кеңгірдің мазары тұрған төбеден төмен қараған кісі анау етекте бірі боялған, бірі боялмаған асық секілді иіріліп жатқан ауылды, ондағы ала-құла киінген адамдарды саусақпен бір-бірлеп санап алар еді. Омар байдың күлі көкке ұшқан қыстағының орнына күйдірілген қызыл кірпіштен қаланып, жаңадан станция кеңсесі салынып, алыстан қарағанда сонау ауылдың ата қазы іспетті еңсесі биік көрінеді. Ал, ары-бері өткен поездардың сусындар құдық-құбыры бәрінен де биік, зәулім тартқан. Жоғарыдан қарағанда осының бәрі – бірі ақ, бірі қара, бірі жатаған, енді бірі бойшаң ала-құла көріністің қай-қайсысы да біріге келе әдемі жарасымын тауып ауылдың бүтін бейнесін толықтыра түскендей-тін. Қазір Құланды әжептәуір үлкен станция. Мұндай тоқтамайтын, бұл жерден су құйып доңғалатып суытып алмайтын поезд жоқ. Түпкілікті жұмысшылар болмаса, баяғыдай емес, ауыл адамдары тоқтаған әрбір поездға назар аудармайды, өз қаракетімен әбігер. Кептірген құрт-ірімшігі, пісірген сүті, шайқаған қаймағы бар үйдің ақжаулықты әйелдері ғана ары-бері өткен жүргіншілерге қолындағы барын ала жүгіреді, тегін жатқан дүние жоқ, әрине...

Ауыл шетіндегі Кеңгірдің мазары тұрған төбеге шығу – Гүлияның қайғылы қазасынан соң Дарханның қаза жібермейтін бес уақ намазы секілді айнымас әдетіне айналып еді. Содан бергі мезгілде тұла бойын қырсаулаған мең-зеңдіктен қайтып арылмай-ақ қойды. Әншейінде «мен атайын, сен тұр» деп, жұмыс десе ішкен асын жерге қояр құлшынысы да сап басылған, тауаны қайтып, тосырқап қалғандай. Оқта-текте ысып-суынған миын мың-миллион құмырсқа талап жеп жатқандай көзінің алды жыбырлап, басын ұстап шөке түсіп отырып қалатын. «Көп ұзамай өлетін шығармын» деп ойлады. Бірақ, адам қайғы мен құсадан өлмейді екен. Жан дегендегі жалғыз жары, қиямет-қайым уақытта қолы әрең жеткен асыл досы, – нақсүйерінен айрылғанына, міне, он жылдан асып кетті. Осы он жыл Дархан үшін он ғасырға бергісіз ұзақ, мүңкір-нәңкірде адасып жүргендей тозақты сезінді. Мынау қара жердің өзімен жасты секілді: санасында да, жүзінде де тот басып шіріткен көнелік бар. Қартайып тұрған жоқ, қырықтың қырқасында ғана. Ауыл-аймақ, ел-жұрт қанша рет «өлмектің артынан өлмек жоқ, көңіліңе ұнаған адамды таңдап үйелмелі

бол», – деп ақыл-кеңес берді. Көңілі селт етпеді, онсыз да жарым көңілін кімге бөлшектетеді. Үйленді делік, іргеде ғана сәбиін құрсақтап, мәңгілік ұйқыда жатқан Гүлияның аруағынан ұят емес пе; тіпті басқамен қойындасып Гүлияны ойлап жатсаң, әлгі алған әйеліңе обал ғой... Жо-жок, адамның жүрегі Ақжайлау емес, кім көрінген қона беретін. Адамның жүрегінде жалғыз-ақ кісіге орын бар; ал ол орында Гүлия отыр, күйеуіне жымыя қарап тірі отыр.

Бұл күнде Құланды станциясының бастығы Қамбар еді. Осыдан бес жыл бұрын Ақшиден қайтадан көшіп келген. Әлі күнге кішкентайлары жоқ, Дүрия бала көтермей сыбай-салтаң жүр. Кештік, түстік шайын Дархан сол үйден айыратын. Әйтеуір шай деспей тату-тәтті тұрып жатыр. Сол бір уақиғадан – Оспанды итше қыңсылатып, қарағайға байлап келген соң Бати темір жол жұмысына тұрған. Осы ауылдың күйеуін анау бір жылдары бандылар атып кеткен жесір келіншекке үйленген, бір ұлы бар. Дарханның қол астында обходчик болып жұмыс істейді.

Төбенің басында Гүлия моласының құлаған тастарын қайта жинап, басына еккен мойылға су құйып жүрген Дархан момақан ғана бұйығы жатқан Құландыдан өзіне қарай өрлеген жалғыз жаяуды көрді, жүрісіне, киген киіміне қарағанда еркек секілді. Тым жақын қалғанда ғана таныды, Бати екен. Соңғы кезде көзі жасаурап, жұмса болды, ашып, бұлдырайтын ауру тапты. Жақындағыны болмаса алыстан ажырата алмайды. Алпамсадай Бати маң-маң басып сөйлей келді.

– Төбенің басында қарандап жүрген кім десем, өзің екенсің ғой.

– Менен басқа кім болушы еді, Бати.

– Қайдан білейін, Кеңгір бабамыз тұрып кетті ме деп...

– Кеңгір бабамыз да, Гүлия да енді мың жылда да тіріле алмас.

– Олай деме, біз барда олар да тірі. Адамның санасындағы адамдар ешқашан да өлмейді, әлгі адам жер қойнына кіргенде ғана өледі. Ендеше, бұл әлемде бірде-бір адам жан тапсырғаныменрухы жер бетінде сарнап жүреді екен. – Дарханның жанына малдас құра отырды да, қалтасынан махорканы алып қағазға орай бастады, тілімен сулап жапсырды да тұтатты. – Бүгін күн ысып тұр-ау.

– Иә, ыстық биыл ерте түсті. Немене, темекі тартатын болғансың ба?

– Алматыдағы алты ай курста үйренген әдетім той. Анда-санда ермек, саған да теріс болмас еді.

– Бетін ары қылсын, насыбай атсам да, шылым шекпеспін. Мұртыңды текенің сақалы құсатып саржағалдап жүргенің.

Бұдан соң екеуі де ойлана алысқа қарады. Тарбайған Тарбағатай жоталары көк мұнардың арасынан сұлделенеді. Ауада ыстықтан шымырлаған тор бар. Өрге шығамын деп алқынып қалса керек, Бати быршып терлеп отыр.

– Аяғы сен де оқып алдың, – деді Дархан алысқа қараған қалпы көзі жіпсіп.

– Енді өзің бармадың, мені жібердің түйедей ғып. Адамдары қайнаған қалада жоғалып кетпейді деп ойладың-ау деймін.

– Мен бұл ауылдан Гүлияны тастап он адым да ұзамаспын. Ұзағым келген, соның кесірінен қимасымнан айрылдым.

Бати үндеген жоқ. Мола жаққа бұрылып қарады да, қабағын кіреукелендіре күрсінді. Екеуінің ойында да бір адам – жалғыз адам.

– Рас, – деді бұдан соң үлкен бір өкінішпен. – Аюдай болып жүріп айрылып қалдық. Құдайдан жасырмағанды сенен жасырайын ба, марқұм Гүлияны мен де жақсы көріп едім-ау.

– Білем, – деді Дархан сол меңірейген қалпы, – білемін сенің де сүйгеніңді. Енді екеуімізге қалған жалғыз несіп, басына мынау Кеңгірдің мазарынан бір де кем емес үй орнату.

– Бүгін бастасаң да дайынмын, – деді Бати батыл түрде. – Бірақ жағдай қиын болайын деп тұр.

– Қиынсынсаң өзім-ақ қалап шығармын. Ары кеткенде екі-үш жылда бітірермін. Тек кірпіш жағы ғана қол байлайды.

– Менің айттайын дегенім басқа, Дархан. – Өте ақырын, әлдекім естіп қоярдай сыбырлап сөйледі. – Ел басына күн туды.

– Тағы не бопты? Төңкеріс пе? – Ол да баяу сұрады.

– Жоқ. Одан да сорақы. Немістер соғыс ашыпты.

– Немісің қай жақта еді?

– Батыста. Бүгін таңертең шекараның өне бойынан лап берген көрінеді. Аякөзден хабарлады.

– Сонда не іздейді екен?

– Білмедім. Билеп-төстегісі келеді де. – Ең ғажабы осы сөздерді екеуі де ауылдың өсек-аянын айтқандай өте жай, асықпай, аптықпай, жағасын ұстап шошынбай әншейін әңгімелеп отырды. Дархан Тарбағатайға қадаған жанарын тайдырып, ауыл жақты болжап еді, енді ғана байқады, андыздап жүгірген адамдар құмырсқадай өріп далада жүр екен. Абыр-сабыр.

– Тұмсықтан оңдырмай ұрса боқ жеген иттей кері қайтады да. Орыстарды жеңген жау бар дегенді естіген жоқпын.

– Тек орыстар ғана емес, бүкіл Совет өкіметінің басына төнген қауіп бұл. Ертең қазақтар да аттанады қаздай тізіліп.

– Несі бар, аттанамыз. Біздің де бір көрген жауымыз бұл емес.

– Дегенмен бейбіт күнге не жетсін, тағы бір жиырма шақты жыл тұра тұрғаны дұрыс еді. Бұғанамыз жаңа ғана бекігенде сайтандай сап ете қалғанын көрмеймісің.

– Оспандардан гөрі олармен атысу әлдеқайда оңай.

– Сонымен не істейміз?

– Не істе деп бұйырса соны істейміз де. Қорқып отырғаннан саумысың?

– Қорқатыным да рас. Баяғыдағы қаңғыбас Бати жоқ бұл күнде. Шикіөкпе ұл бар, оның күні не болады? Сен құсап айрылып қалам ба... Мұрат қай балалар үйіне тапсырылды екен, іздестірмедің бе?

– Ешкім білмейді. Бір ойдан сендерге де өкпелімін. Үсік шалып ауруханаға түскенімде алды-арттарына қарамай жөнелтіп жіберіпсіңдер, тым болмаса Ақшидегі Дүрия мен Қамбарға апарып тастамадыңдар.

– Ол кезде әйелім босанып, мұрныма су жетпей жүр еді. Сені өлдіге жорыдық қой. Сол екі ортада қай пысықтың поезға салып жібергенін байқамай қалдым. Осы ауылдың тұсынан улап-шулап жетім қозыдай маңырап өткен екі вагон балаларға қосқан да жіберген.

– Ол қой емес еді ғой қоса салатын, гәп осында ғой...

– Қамықпа, Мұрат есті бала. Қазір жігіт болған шығар. Өзі іздеп табады.

– Одан бері де сегіз жыл өтті, қазір жиырмадан асты. Шындап іздесе табатын жасқа келді. Үйленген де шығар. Қазіргі жастар біздей емес, тым ерте семья құрып жатыр ғой.

– Әскерге де жасы толған екен-ау. – Айтуын айтса да аузынан жазып Дарханға жалт қарап еді, өңі қабарып, көзінің алды тынымсыз жыбырлап отыр екен. – Қой қайтайық. Алаөкпе болып жүрген елге басу айталық, – деп жер таяна орнынан тұрды.

Бұрынғыдай емес Бати осы соңғы жылдары өз-өзінен шөгіп, қартайған емендей мүжіліп барады. Ат үстіне үйренген азамат жаяу жүргеніне көңілі толмайды білем, кейде өз-өзінен аһ ұрып, іштен тынып бүк түсіп жатып қалатын.

– Көз алдымда қартайып тым кішірейіп барасың, Бати, – деді Дархан. – Бұдан он бес жыл бұрын қандай едің?

– Саған осы сөзді мен де айтайын деп едім, Қаранар. Кішірейгеніміз түк емес, ұсақтап кетпесек болды да.

– Бізді қойшы, жазылмас жарамыз бар.

– Менде жоқ деп кім айтты саған.

Екі дос етекке қарай елпең қағып құлдилап бара жатты. Ауыл жақтан айғай-шу естіледі.

Соғыс басталғанына үш-төрт апта өткенше бұл ауыл дауыл сокқандай дүрлігіп барып тынышталғандай еді. Өмір өз ағысымен ағып жатқан. Ауданнан, әрі-бері өткен поездағы адамдардан «жау бақайшағына дейін қаруланған екен», «жаулап алмаған жері қалмаған екен», «баса-көктеп Украинаға, Белоруссияға кіріп кетіпті», «тіпті Мәскеудің өзін таяп қалса керек», – деген секілді алып қашты дүркін-дүркін хабар естіледі. Бұдан былай бұл станциядан өтетін жолаушылардың да, поезд сүйреген жүктің де түр-түсі, сан-сапасы өзгере бастады. Мұздай боп киінген әскери адамдар, әскерге енді алынған уыздай жігіттер мен қыздар өтеді, қол бұлғап. Осыған дейін жүргіншілер мен жүк екі жақта бірдей ерсілі-қарсылы саулап өтетін, енді тек Батысқа қарай атылатын болды. Шығысқа барар вагондар кейде салдырлап бос кетіп бара жатар еді. Осы ілгерілі-кейін ағылған поезды: семафорын жағып, жезласын көтеріп, суын құйып беріп, темір жолын сақадай сайлап аттандырғаннан басқа манданға тигізер көмектері болмады. Осындай күнделікті тірлікпен зымырап бір айдай уақыт өтті.

Әкесінен қалған тоқал тамында отын жағып, шайын қайнатып Дархан жүрді күйбеңдеп. Сонау темір жол қолы шағатын сырқат пайда болды. Қол қусырып қарап отыруға болмайды, күні бойы жұмыста. Ал, шойын жолдың жұмысы

шаршағанында ертеңге қалдыра тұратын шөп шабу, отын кесу секілді емес, бір сәт тізе бүгіп отыра алмайсың. Бір сәт тізе бүгіп отырсаң оқтай зулап, түтіні будақтап келе жатқан паровозды қиратасың, не болмаса бүкіл қозғалысты тоқтатып жауапқа тартыласың. Құланды станциясына қарайтын жолда қандай да шикілік табылса, ең әуелі жауап беретін жол мастері. Соғыс басталтан соң Құландыға он сегіз, он тотызыншы разъездерді қосып берген. Енді жұмыс екі есе көбейген-ді.

Осы күні кеште Қамбар шақырады деген соң кеңсеге барды. Майланып матасы жемтірленіп қалған ескі ағаш столдың басында ін аузындағы суырдай жалғыз өз шоқиып отыр екен; әлденеге қобалжулы секілді. Қол беріп амалдасқан соң:

– Төрге шық, – деді Дарханға. – Біздің үйге келуді қойдың ғой, Дәке.

– Қайта-қайта қылқиып бара бергеннен гөрі сағындырып, шақыртып барайын деп бұлданғаным да.

– Ырысымды ішіп кетпессің, жалғыз өзің шошайып құманның шәйін сораптағанша, Дүрияның сары самауырынын сораптамайсың ба, өзің де бір самауырды жалғыз тауысатындай шәйшілсің. Жағдай мынадай, Дархан: маған әскерден шақыру қағазы келді. Мен ғана емес, осы ауылдан үш-төрт жігітпіз. Бәрі де тәжірибелі жұмысшылар, тепсе темір үзетін азаматтар. Солай, досым, екі-үш күннен соң аттанамыз майданға, – деп өмір-бақи тастамайтын қамшысын сарт еткізіп ауаға сілтеп қалды.

– Сонда қалай, біз жоқпыз ба? – деді таңғалып.

– Әзірше жоқсыңдар. Мүмкін бронмен қалдырар, әуелі кезек менікі болып тұр.

– Қызық екен. Қолымызға мылтық ұстауға жарамай қалғанбыз ба? Үйелмені бар сенен гөрі менің барғаным дұрыс еді.

– Енді... дәм солай, қайтесің. Солдатқа кімді алып, кімді қалдырарын екеумізден сұрамайды. Мәселе кімнің барын, кімнің осында қалатынында емес, жұмысшы күші азайып қалар түрі бар. Бұрын он сағатты көпсінуші едік, енді жиырма сағат жұмыс істеп, төрт-ақ сағат демалатын заман туды. Өзің де көріп жүрсің: батысқа вагон-вагон азаматтар аттанып жатыр, ал қайтып жатқандары шамалы. Дұшпанның беті қатты. Жігіттерді шақыртып жібердім, қазір келеді, – дегенінше

есік ашылып, Бати және басқа да теміржолшы жігіттер кірді. Дабырласа есендескен соң төрде отырған Қамбар тыныштыққа шақырды.

– Жолдастар, – деді тамағын кенеп, – ел басына күн туды. Соғыстың басталғанына бір ай уақыт өтті. Бізге қатысы жоқтай тып-тыныш жаттық. Енді кезек бізге де келді. Мені қосқанда бес жігітке әскерге алыну қағазы келіпті. Ертең еру болып, бүрсігүні аманшылық болса аттанамыз.

– Кімдер бар? – деп қай-қайсысы да елендеп, өзім жоқ па екенмін деп қауіппен құлақтарын түріп отыр. Қамбар маңдайына сипалап біразға дейін үндемеді. Теміржолшылар да тым-тырыс.

– Айтсаңшы енді, діңкемізді құртпай! – деді стрелочник Төленді шыдамы жетпей. Көзінің астымен қараған Қамбар:

– Қорықпай-ақ қой, сен жоқсың, – деп еді, «жоқсың» деген сөзді естіген осы ерленіп кетті білем.

– Неден қорқамын, қазір алып кетсе де дайынмын, әкеңнің аузын, қолқасын жұлып қолына берейін!

– Саған бұл соғыс Құландының бозбалалары емес, жағасына жармаса кететін. Бұның аты – соғыс. Бұрын жер бетінде болмаған ұлы қырғын, – деді Қамбар. Өзі біртүрлі мазасызданып отыр.

– Өздерін ұстап әкеліп көрер ме еді, түрлері қандай екен? – деді Дүйсен деген сушы жігіт.

– Көргің келсе, көрерсің, мә... повестқаң. – Қамбар созған бір жапырақ қағазды қолы қалтырай алған Дүйсеннің өңі бір сазарды, бір қызарды, бойында аздап қорқыныш бар секілді, осы толқыған сезімін басқысы келді ме:

– Несі бар, қолыма мылтық берсе болды қоғадай жапырамы.

– Мынау Ермектің повесткасы. Ол қайда өзі?

– Жол қарап кеткен.

– Біреуің кешке табыс етерсіңдер. Ал мынау маған...

– Мынау саған, Байғабыл... мынау біреу – Қазтайдыкі.

– Ол да жоқ, – деген дауыс шықты. – Бағана Ақшидегі әйелінің төркініне бала-шағасын ертіп қонаққа кеткен.

– Тез шақырту керек, уақыт аз қалды.

– Маған ше? – деді Бати гүр етіп.

– Бәке, бұл тізімде әлі сіз жоқсыз.

– Баласы жас, өсірсін деген ғой, – деп Төленді қағытып қалып еді.

– Суырдың айғырындай аңқиттамай жәйіңе отыршы, – деп Бати алара қарап тыйып тастады.

Осымен «шүлен» үлестіру аяқталды. Повестка алған жігіттер қазірден бастап боссындар, жолға дайындалындар, – деп Қамбар жиналыстың біткенін білдірді. Орнынан белі кеткендей самарқау тұрған Төлөнді.

– Не дайындалатыны бар, қыз айттырғалы бара жатқан жоқпыз, – деді тыржындап.

– Апыр-ау, Төлөнді-ау, сен бұл шақыруда жоқсың дедік қой. Несіне арамтер боласың.

– Келесісінен қалдырар дейсің бе. Бармай қалса ғой атып тастайды, ә, – деп арғына қарады.

– Отан қорғаудан есі бар кісі қашар ма екен? – деді Дархан.

– Өзің жоқ болған соң мығымсып тұрсың-ау. Жау Құландыны шапса бір сәрі. Сонау өзіміз көріп-білмеген жердің жыртысын жыртып... құрысыншы бәрі де, – деп қолын бір сілтеді де елден бұрын шыға жөнелді.

– Тағы бір Оспан табылды, – деді Дархан басын шайқап. Жігіттер алды-алдына тарап, екеуден-екеу қалған соң:

– Жүр, бажа, біздің үйге барайық, – деді Қамбар қамданып. Бұлар келгенде Дүрия жайрандап қарсы алды, ойында еш нәрсе жоқ. Тегі күйеуінің соғысқа аттанарын естімеген секілді. Шайын әзірлеп тосып отыр екен.

– Түу, осыншама кешіккендерің не? Дені-қарның сау ма, Дархан? Саяқсып есік ашқанды қойдың ғой. Ақшидегі жұрағаттар бір асым ет беріп жіберген екен, қуырдақ қуырып қойдым, мақтап жүреді екенсің. Екі кештің арасында бұл не жиналыс? – деп самбырлай сөйлеп, қолды-аяққа тұрмай безектеп жүр. Шынында Дархан көптен бері келмеп еді, біраз өзгерістер бар екен. Шағын бөлмені қуыршақтай етіп жинап қойған – мұнтаздай таза, шашылып ыбырсып жатқан артық-ауыс зат жоқ, ұдайы. Тумысынан пысық Дүрия бүгінде, ойдан орап, қырдан қырып жоқ нәрсені тауып әкелетін сартылдаған әйел болған. Қажып-қайғыруды, жоқтан-өзгені уайымдап жан тоздыруды білмейтін бейқам әрі қылымсуы жоқ, кімге болсын бетің-жүзің демей ойындағысын айтып салатын өжет. Бір әке, бір шешеден туған егіз қыз: Гүлия мен Дүрияның арасындағы осы жер мен көктей айырмашылық, әсіресе, Дарханды қайран

қалдыратын. Оның көз алдына Ақжайлауда шашын өріп бұлақ басында тұрған қос қыз елестеді. Аққудың көгілдіріндей әдемі еді; киімдері, мінез-қылықтары қандай еді... Иә, адам өзгермейді деген өтірік. Ол да бір тәтті де әдемі қимас күндер екен-ау...

– Не ойлап кеттің, Дархан? Шайға кел, – деген Дүрияның саңқылдаған үні селк еткізді. «Иә, дауысы да өзгеріпті, егер Гүлия тірі болса ол да осылай өзгеріп, бөтен тартар ма еді».

– Сонымен, начальник жолдас, не мәселе қарадыңдар? – деді ашық ажармен Дарханға шай ұсынған Дүрия. Құр шайды сораптап отырған Қамбар үндеген жоқ, ол ләм демеген соң Дархан да талап бірдірмеді.

– Кісі өлтіргендей түнермей, бірдеңе айтсаңдаршы, – Дүрия өкпелеп қалды. Қызық, дидары әп-сәтте өңін алдырды.

– Өлтірмесек – өлтіреміз, – деген Қамбар самарқау қалпымен омырау қалтасынан шақыру қағазын алып әйеліне ұсынды.

– Жау шапты.

Қағазды қолына алған Дүрия тез-тез оқи бастады. Үнемі қаны тамып тұратын қос беті боп-боз. Самаурынның шүмегі қайта бұралмай ыстық су сарылдап ағып тұр еді. Дархан ұмтылып барып бекітіп тастады.

– Сенікі қайда?! – деді Дарханға жалт қарап.

– Маған келген жоқ.

– Не деген сормандай едім... – Ботадай боздап жылаған күйі тәртіппен жиналып, үстіне шілтері жабылған төсекке етпетінен құлады: – Құдайым-ай, енді қайттім! Енді қайда барып күн көрем, не незет, всю жизнь не мезет? – деп Семейден үйренген орысшасын да араластыра жастықты жұмарлап еңіреді.

– Жә, жетті! Ботырама! Тірі отырмын ғой, – деп Қамбар еркектік жасап еді, оның жекігенін әйелі құлағына да ілмей, айғайын үдетіп өрши түскен.

– Сенің ендігі тірлігіңнен не пайда. Көрерсің әлі, қаңғыған оқ ең әуелі саған тиеді.

– Қой, олай айтпа, Дүрия. Ақылың бар еді ғой, – деп Дархан басу айтты. Іштей тіксініп те қалған.

– Ылғи сен аман қаласың. Басыңа неше рет ажал төнді, бірақ сен тірісің! Міне, тағы да повестқа келмеген.

– Доғар былшылды! – деп Қамбар тұра атылып еді, Дархан

жібермей ұстап қалды. Іргеде жатқан қамшымен сырмақты бүрк еткізіп салып қалып, келесі жамбасына аунай қисайды. Үн-түнсіз орнынан тұрған Дархан түсі өрт сөндіргендей түтігіп, үйден шығып кетті. Мың-миллион құмырсқа миын талап жеп көзінің алды жыбырлай бастады. Жан-жағына жалтақтамастан, артына қайырылып бұрылмастан, тура темір жол бойына тартты. Ондағы ойы – кез келген поезға жабысып ауданға бару, ауданға барып Қамбардың орнына соғысқа жібер деп өтіну, осылайша мынау Құландыдан қашу, өсек-аяң, көрер көзден мүлдем құтылу, біржола құру. «Ылғи сен тірі қаласың» деген Дүрияның сөзі оның санасында баттиып тұрып мәңгіге өшпей жазылды, жаудың оғынан бетер жанын тағы да жаралады. «Рас, – деді көкірегі қарс айрыла, – рас сөз. Білмей, қапылыста айтқан жоқ. Өлмейін деп жүр ме, өле алмай жүр ғой жазған. Соған жазықты ма, бәрі де маңдайдағы жазуға байланысты. Алланың алғысы келмесе қайтеді енді. Тек қорқақтар немесе шалығы бар аурулар ғана өзін-өзі өлтіреді. Тәңірім-ау, жер басып жүргенімді көп көрген екі сөз естідім. Біріншісін – Төленді айтты. Оныкі жөн делік. Дүрияға не жоқ... әлде әйелдік долылықпен аңдаусызда айтып қалған шығар, – деп және тоқтамға келді.

Станция бойынша кезекшіден ендігі поезды қашан келеді деп сұрауға бұрылды да, ол ойынан айныды. Темір жолдың үстіне шоқайып отырған күйі жыпылықтай тоса берді. Саналап қараса, талай апаттан аман қалған екен-ау. Ертістің үстіне көпір салып жүргендегі жарылыс – бір; Оспанның оғы бұған дарымай әйеліне тиді – екі; қардың астында қалып оңбай үсіді – үш... Міне төртіншісі – осы оқыс оқиғалардың арасындағы ұсақ-түйек апаттар қаншама. «Құзғындай ұзақ жасап, тасбақаша жорғалап жүре берсін», деп жазып берген шығар пешенеме».

Стрелочник жігіт әлі үйленбеген уыздай жас еді. Дарханның жанына келіп:

– Қайда барайын деп отырсыз, аға? – деп сұрады.

– Аякөзге.

– Жәй ме?

– Әскерге ал деп өтініш білдірмекпін.

– Қызық екен, – деп күлді жас жігіт. – Жұрт бармаудың амалын іздеп жанталасып жатса...

– Ондай адам тылда қалып та жарытпас, – деді Дархан. Бала мұрты тебіндеп, жаңа шыға бастаған бозбаланың бетіне сынай қарады. – Осы сенің жасың нешеде?

– Он жетідемін, аға.

– Ым, – деп ойланып қалды. – Саған ертерек екен. – Әкең соғыстан өлердей қорқады, бағана ат-тонын ала қашты. Әйтеуір суішкілігі бар екен, осы жолғы шақырудан аман.

– Білемін, – деді бозбала мұңайып. – Әкемнің ондайы бар...

– Төлендінің шатақ мінезін көрмеп едім бұрын, талай рельсті бірге төсеп едік.

– Адамның мінезін ұғып біле ме, – деді жас жігіт. «Төленнен осындай жақсы ұл туар деп кім ойлаған».

– Сен ше, сен қорықпайсың ба соғыстан?

– Қорыққанмен жан қала ма, аға, не ол өлтіреді, не мен өлтіремін. Қырық жылғы қырғында тек ажалды өледі деген сөз бар. Кім біледі...

– Рас айтасың, інішек, қырық жылғы қырғында тек ажалды өледі. – Жас жігіттің зерделілігіне қатты риза болды. «Ақылды ұрпақтарымыз бар екен-ау», – деді ішінен өзінің бағанадан бері кинап, «неге ажал алмайды?» деген сұрағына жауап тапқандай серпіліп қалды. Гүлияның жаны тірі болып, аман-есен босанса, өзінің де баласы осылайша ержетіп, ел намысын қуар еді-ау. Қазір тура он екі жасқа толып бұлтылдатып, жанына ертіп жүрер еді-ау. Мұрат қандай еді... Айтып-айтпай не керек, алды-артын түгел жалмап, қу басы отыр. «Иә, бақсының моласындай жалғыздықтан қорқынышты не бар бұл жалғанда».

– Поезд көрінді, мен жұмысыма барайын, аға.

– Бара ғой, бар. Жезланды дайындай бер. Сен рұқсат етпесең бірде-бір паровоз орнынан қозғала алмайды, – деп үш ұмтылып әрең тұрды. Тізесі ұйып қалған екен, шымырлап аяғын бастырмады. Желдей есіп салдыр-күлдір келе жатқан «товарняк» екен, вагондары бірін-бірі түйгіштеп тоқтады. Су құйып алуға біраз уақыт кетті, араға бір сағат уақыт салып әрең дегенде қозғалды-ау. Жабық вагондардың ішінде не бары белгісіз, ал жайдағының үсті толған мал – төрт түліктің бәрі бар, азан-қазан шулап жер-көкті басына көтереді. Кейбір қорапқа ағаш тиелген. Осы сендей соғылысқан вагонның біріне жабысқан Дархан қолына қалақшасын ұстап күле қарап тұрған стрелочник жігіттің жанынан өте бере қол бұлғады.

Таңдап кірген вагонның ішінде теңките қаптаған ұн тай-тай болып үйіліп жатыр. «Осының бәрін майданға жөнелтіп жатыр-ау». Поезд өз әлінше зулап келеді. Қораптың жабығынан далаға қарады. Ши басып, көгіс тартқан дала зымырап артқа қарай қашып барады. Аякөз онша алыс емес, көп дегенде бір сағаттық жол. Жақындаған сайын алжасылданған жота, қыраттар таз-тақырланып, топырағы сарғайыңқы жүдеу жер ұшыраса бастады. Аякөз станциясына келіп түскенде үсті-басы аппақ үн, диірменшінің пошымына енген.

– Қал қалай, батыр? – деп машинист қораптың есігін ашты. – Ұнның қаншасын жедің?

– Бір-бірлеп жолға тастап отырдым. Қайтарда жинап аламын.

– Қыңыр сөйлемесең қазақ болармысың, – деп күліп вагон-қораптың есігін сарт еткізіп бекітіп тастады, – жүр вокзалға барып шай ішелік.

– Рахмет, асығыс шаруам бар. Райкомға баруым керек.

– Қайда? – деп қайта сұрады машинист.

– Рай-ком-ға.

– Мына түрінді райкомдағылар көрсе, көрден кебінін сүйретіп шыққан аруақ шығар деп, жүректері жарылып өлер. Жақсылап қағынып, тазаланып бар, ойбай. Ал мен сусындауға кеттім. Қош бол!

– Жолың болсын.

Киімін әбден тазартып, құдықтағы суға беті-қолын жуған соң да көше қыдырып біраз жүрді. Қазір түс мезгілі, кеңседе ешкім жоқ болуы мүмкін. Аякөз үлкен станция. Ауданның орталығы. Құландымен салыстырғанда қала сияқты. Дегенмен, орталықта жаңадан кірпіштен салына бастаған мекеме үйлері болмаса, айналаның барлығы жер-жатаған қотыр тамдар, сықпыты қожалақтанып көзге сұрқай көрінеді. Әр үйдің ауласына кертіп-кертіп керіскендей қылып тезек, қи жинап қойған. Күннің ыстығы мұнда тіпті қатты біліне түседі екен. Пысылдап терлей берген соң мешпетін шешіп, білегіне асып алды. Көшеде халық онша көп емес, күннен қорғалай ма, әлде түскі тамақтарына жаңа ғана бас қойды ма, әйтеуір саябыр. Басы ауған жаққа қаңғи беруден жалыққан Дархан аяндап райком орналасқан үйге келді. Сыртта бекер жүріпті, іші толған адам, ілгері-кейін жосиды.

Аякөз аудандық партия комитетінің хатшысын бұрыннан-ақ танушы еді. Ауылдарына сан рет келген былғары киімді жігіт. Сондықтан да еркін басып кіріп еді, есік көзінде отырған хатшы қыз шәңкілдеп жібермеді.

– Ол кісі бос емес.

– Мен танушы едім... – деді Дархан сасқанынан.

– Танысаңыз қайтейін, ол кісінің бұл ауданда білмейтін адам бар ма.

Осы кезде есік ашылып ішінен топ-тобымен әскери киімді жігіттер шықты. Орыс-қазағы аралас.

– Аты-жөніңізді айтыңыз, ескертіп шығайын.

– Е, сөйтші айналайын. Құланды станциясынан Дархан Танатаров келіп тұр де.

– Кіріңіз, – деді іле оралған қыз. – Секретарь жолдас сізді күтіп отыр.

Былғары киімді жігіт ұп-ұзын бөлменің қақ төрінде отыр екен, орнынан ұша түрегеліп Дарханға қарсы жүрді. Қос қолын бірдей ұсынып, күле амандасты.

– Қаранар-ау, қайдан жүрсің, бір Құдай жетелеп, бір Құдай айдаса да Құландыдан ұзап аттап баспаушы едің.

– Бұл дүниеде бар екенімді көрсетейін деп шықтым інімнен. Иә, өзің есен-саумысың. Өсіпсің. Орның құтты болсын.

– Орынның құтты, құтсыз болуы өздеріңе байланысты ғой, – деп Дарханның арқасынан өзімсіне қағып стол алдында көлденең тұрған жұмсақ орындыққа отырғызды.

– Еліңізде не жаңалық бар? – деді темекісін тұтатып. Дарханға да ұсынып еді ол «тартпаймын» деп басын шайқады.

– Дұрыс істейсің. Біз бір үйренген соң қоя алмай жүрміз.

– Елде не жаңалық болушы еді, бұл күнде жұрттың аузында жалғыз-ақ ауыз сөз.

– Иә, – деп ойлана аузындағы түтінді үрледі. – Есімізді енді жия бергенде жау шапты. Барлық күшті майданға жұмылдырудамыз. Тылды да күшейту керек. Құландыдан әскер қатарына шақырылған азаматтар бар шығар.

– Жігіттердід алды ертең, бүрсігүні аттанбақ, ол тізімнің ішінде менің... – деп сөзін аяқтағанша қара телефон шылдырлады.

– Кешір, бір минутқа, – деген секретарь телефон трубкасын қолына алды.

– Ало, тыңдап тұрмын. – Ар жағындағы адаммен қысқа ғана есен-саулық сұрасқан соң, ауданның қазіргі жағдайын мәлімдей бастады.

– Халымыз жаман емес, Александр Александрович... енді аянар жер қалған жоқ. Иә-иә, аттанып жатыр, егіннің шығымы биыл жаман емес, төл басы да аман... Түркісібтен дейсіз бе, поезд атылып тоқтаусыз жүруде. Мұнда... Менің бөлмеде Қаранар досыңыз отыр, жақсы, жақсы, айтайын... Так, түсіндім, бронь береміз ғой. Көнсе... көнбесе де дейсіз бе... Ал, сау болыңыз, Александр Александрович, бар жағдайды өзіңізге хабарлап тұрармын. – Трубканы ершігіне қойды да сөніп қалған шылымын қайта тұтатты. Сосын көзіне шапқан түгінді алақанымен қуалап, терезеден сыртқа қарады.

– Саған Соболев жолдас сәлем айтады.

– Сәлемет болсын.

– Құланды станциясына осындай қысылтаяң уақытта тәжірибелі, беделді коммунистер керек. Түркісібтің бойымен жүретін поезд бұрынғыдан екі-үш есе кебейді. Демек, жұмыс та сонша рет ұлғаяды деген сөз. Сондықтан, сені броньмен қалдырып, бала-шағаға бас-көз болуды өтінеміз.

– Егер бұл өтініштеріңді орындамасам ше...

– Ондай жағдайда тәртіпті бұзған, партияға бағынбаған коммунист ретінде жазаға тартамыз.

– Солай ма... Ал, мен соғысқа, соғыс болғанда нақ өртеніп тұрған жеріне жіберуді өтініп келіп отырмын.

– Алғы шепке дейсің ғой...

– Иә, сол алғы шебіңе.

– Әр еңбектің өз алғы шебі бар. Әрине, мен білемін, сені ешкім, ешнәрсе қорқыта алмас. Сен, Қаранар, соғыстан гөрі тылға, яғни мұнда керегірек болып тұрсың.

– Ендеше мені сен де түсін, жолдас секретарь, жазаласан жазала, жазаланатын нем қалды. Денем өзімдікі, басым басқаныкі секілді. Ел-жұрттың ортасында сүйкімім жоқ, алдыартын жалмаған жалмауыз, қу бас атандым. Құланды станциясының қазіргі начальнигі Қамбарды өзің де жақсы танысың, Дүрияның күйеуі. Соған келген шақыру қағазын менің атыма өзгертіп бер. Алғашқы да ақырғы да өтінішім болсын, оның семьясы бар, оқыған, білімді, қызметін тиянақты істеп жүрген жігіт. Қайталап айтам, соңғы тілегім болсын, Қамбардың орнына мені жібер соғысқа.

Секретарь ықыласпен тыңдап алды да басын шайқап күлді.

– Бұл не сонда, бажаңа жасаған жақсылығың ба?

– Жоқ, бұл сапар – менікі.

– Біріншіден, – деді қарындашпен столды тықылдатып отырған секретарь, – білімді, сауаты толық жігіттер майданға да керек. Совет әскерінде офицер кадрлары жеткіліксіз, баяғыда оқып алғаныңда...

– Апырай, білімсіздігімді бетіме баса бердіңдер-ау. «Іздегенің есіктен табылса төрде нең бар» деуші еді.

Бұл бетке басқандық емес, сөздің шындығы сол, Дархан, Армия басқару мен ел басқарудың арасында біраз айырмашылық бар, оны былай қойғанның өзінде, обкомнан Соболев жолдастың өзі сенің тылда қалғаныңды қалап отыр. Енді «қалмаймын» деп айтты деп қайтадан звондай алмаймын. «Неге үгіттемедің?» деп өзіңе ұрсады. Тіпті, одан да қорқып тұрғаным жоқ. Қамбар майданға қандай керек болса, сен тыл үшін одан әрі қажетсің, осыны түсін.

– Мен түсінемін ғой, – деп күрсінді Дархан. – Ел түсінсе...

– Түсінбесе түсіндір. Жалғыздықты ешкім де тәңірден тілеп алмайды. Жалғыздықты жеңе білудің өзі – ерлік. Ал, келістік осыған, іске сәт. Кейін қол тигенде жұмыстарыңды көріп қайтамын, – деп орнынан тұрып қолып ұсынды. – Сау бол.

Көтерем сиырдай орнынан әрең көтерілген Дархан:

– Сонымен не болды өзі? – деп еді қолын беріп жатып.

– Ауылыңа қайтасың. Бүгіннен бастап Құланды станциясының начальнигісің, қалған жұмысшыларды іріктеп алу өз билігінде Әсіресе, әйел жолдастарды темір жолға көбірек тартып, азаматтардың бар кезінде іске үйрету керек. Күні ертең станцияның барлық ыстық-суығын солар көтереді.

– Онда жетісерміз... – деп күңкілдеді Дархан. Көз көрген, ескі досының алдынан нәумез болып қайтты. Далаға шыққанында күн от болып жанып тұр екен, үйдің көлеңкесін паналап аз аялдады. Ешкімнің ешкімге назары аумап сабылысқан халық. Жалғыз-ақ ауыз сөзбен түсінісер асығыстық байқалады. Райком үйінің алдындағы көшеден тарп-тарп басып қаздай тізілген жігіттер сапы станцияға қарай адымдап барады. Пенжағын шешіп иығына асты да өзенге беттеді. Ондағы ойы Аякөз өзеніне барып суық сумен беті-қолын жуып салқындау, бұдан соң кез келген поезға жабысып ауылына қайта оралу.

Көктемде арнасынан асып тасыған өзен қазір жуас, момақан ғана жылып ағады. Күннің ыстығы суды да жылытып жіберіпті. Аузын шайып, бетін жуғаны болмаса ішкен жоқ. Кетеуі кеткен ескі ағаш көпір болушы еді бір кезде, қазір оның орнына поезд өтетін темір көпір салған. Өзеннің өнебойын осы Аякөздің кәперсіз суға шомылған балалары, ыстық пен шыбын-шіркейден қорғалаған малдары жайлап алыпты. Иығына қос шелек ілген бүлдіршіндей қыз ырқтап басып су алуға келді. Балағын түріп тастап шымырлап аққан өзен бетіне телміріп отырған кісіге бірер жалтақтады да, қос бұрымын тарқатып жіберіп, сулап шашын тарады. «Гүлияға ептеп ұқсайды екен» деп ойлады Дархан. Сонау бір алыста... тым шалғайда қалған Ақжайлаудағы әдемі көріністі есіне салған еді. «Гүлия да дәл асылай шашын тарап, байқам тұрып еді-ау». Қыз ендігі сәтте жайылған шашын қос бұрымдап өре бастады. «Атын сұрасам қайтеді, қой ұят болар. Оданда кімнің баласысың дегенім жөн».

– Кімнің баласысың, қалқам?

– Кімді танушы едіңіз? – Қайта айналып құйрығымен өзін ұрған оқыс сұрақтан Дархан сасып қалды.

– Есімің кім дегенім ғой. – Мұнысы әншейін ұялған тек тұрмастың кебі еді.

– Қызыңызды жоғалтып па едіңіз, атым – Гүлия, – деп батыл жауап берді де еңкейіп қос шелекті иін ағашқа іліп алып, шайқақтай басып жөнеле берді.

«Жоқ, сен Гүлия емессің, су көтерген қарындасым, Гүлия сен секілді шапшаң, ұрысқан кісідей жауап бермес еді...» Қалай болғанда да осынау келте таныстық Дарханның көңілінен кетпей қойды. Товарнякқа жабысып ауылға жеткенше «қызыңызды жоғалтып па едіңіз» деген жауап жанына батқан. Мүмкін, жоғалтқан да шығар. Бірақ бәрі кеш, енді қайтып таппасын және білді. Әуестікпен айтқан сұрағы, тағы, тағы да жүрегін сыздатып, көңілін мұздатарын сезді ме ол. Адам бір оңбай құламасын, егер бір рет қапылыста оңбастай құлаған екен, өмір бойы сүріншектеп, белең алған жылқыдай көрінген нәрседен үркектеп өтеді...– деп еді-ау әкесі. Мың рет мықты болып кетсең де баяғыда... баяғыда құлағаның есінде сайрап тұрады. Сондықтан құламауға тырысу керек шығар. Қырықтан асқан жасында оның көрмегені бар ма. Жер басып жүрген соң

әлі көрері қаншама. Бірақ соның өзінде ешқашан өз тағдырына нәлет айтып, заманды, заманның иесін кінәлаған емес. «Заман – ол да өмір. Өмір – ол да бір өзен, көктемде тасиды, жазда сабасына қайта түседі, ал күзде мөлдірленеді, қыста – мүз құрсаудың шеңгелінде. Сол өзен өмірінің үстінде жүзген кемелер, қайықтар, қоқыр-соқырлар болады. Адам дегеніміз сайып келгенде, сол өмір-ағыстың бетінде қалқақтап жүзеді. Өркім әлінше жүзеді: біреулер ағысқа қарсы, ал енді біреулер ағыстың ығымен. Малти алмай толқын жұтып қоятындар қаншама. Егер, сол өмір-өзеннің шалқар да асау айдынында дұрыстап жүзе алмасаң, әлгі өзеннің кінәсі не? Бар кінә жүзе алмаған адамда ғой. Ал малтушылардың арқасына мініп жаны қалатындар мен өзімен бірге өзгені де иірімге ала кететіндер аз ба.

Баяғыда туған осы ойын тағы бір рет қайталап еді ішінен.
Дархан сонда қайсысына қосылады?..

Келесі күннің кешінде әр үйдің ауласында жерошақтан түтін будақтап, таба алғаны қой, таба алмағаны тоқты-торым сойып, бір-бірінен қарыз алып азаматтарды алғашқы рет майданға шығарып салу ырымы жасап, у да шу болды. Бір үйдегі бас көтерер бір кісіні әскерге алып кету оңай тиген жоқ. Тағдырдың ісіне көну мен төзуден басқа қолдарынан келер айла қайсы, халық басына төнген апаттан жандары артық емес, жылады да шыдады. Ендігі міндет, ер-азаматты ренжітпей, ел боп аттандырып салу ғана. Құланды станция деген аты ғана болмаса, айналдырған қырық-елу үйі бар шағын ғана ауыл еді; ауыл кішкене болғанымен арманы үлкен, жер басып жүрген басқа жұрттан кембіз, қормыз деп отырған жоқ, өз қуанышы, өз қайғысын арқалап ертеңіне асыққан.

Торқалы тойы, тонырақты өлімі бар үркердей үйірілген ауылдың берекелі тірлігі жаңа ғана басталғанда соғыс деген албасты шықты. Ал, адамды адам өлтірмейтін соғыс тарихта болған емес.

Осы күні таңертеңнен кешке дейін майданға шақырылған жігіттер қыңырыстап, бір-бірінің үйіне жиналған. Жайлаудан алған қымыздың буы қыздырды ма, жоқ әлде қызды-қыздымен соғысқа барарын ұмытып кетті ме, жігіттердің қай-қайсысы да көңілді, айтшылағандай ән салып, алақандай ауылды сілкіндіріп тастады. Жол жүретін азаматтардан гөрі соңдарынан

шұбап еріп жүрген қосамжарлары көп. Қамбардың жалғыз бөлмелі үйі адамдарға лық толы. Қақ төрде өзі, оның оң иығын ала Дархан отыр. «Түрікпен төрін бермес, өзің жатып алыпсың ғой, ары отыр» деп жанасалай келген Төленді өзі үй иесінің сол жағынан орын тепті. Әскерге шақырылған Дүйсен, Байғабыл, Қазтайлар да осында. Ауылдың ақ жаулықты әйелдері еркектерден қалмай ілесе келіп, Дүрияның аяқ-табағын ұстасып сабылысып жүр. Ескілеу қарағай домбырасын алдына өңгерген Қазтай әр күйдің басын бір шалып тыңқылдатады.

– Әй, құлағымның етін жемей, шертер болсаң дұрыстап шертші, – деді Төленді ежіректеп.

– Тамақ жеп әлденіп алайын, сонан соң аныратамыз жарықтықты.

– Такертеңнен бері аш жүр ме едің, рельс төсеп келгендей кергігені несі, – деп іліп-шалды Төленді.

– Соғысқа аттанатынымыз қандай жақсы болды. Армансыз бір тойдық-ау, – деп кекірді Байғабыл.

– Домбыранды маған берші, – деді Қамбар малдас құра ыңғайланып.

– Ой, сенің осындай да өнерің бар ма еді, – деп қағытты Төленді.

– Ақжайлаудағы алтыбақан мен қызойнақ менсіз өтпегенін ұмытып қалғансыңдар-ау, жігіттер. Бұл жарықтықты содан бері қолыма ұстағаным осы. Саусағым қатып кеткен шығар. – Домбыраның құлағын бұрап, күйлеп біраз отырды да «иә, біссімлла» деп дірілдеген қос ішекті қаға жөнелді. Перде үстіндегі саусақтары сәнмен сырғып, әуен ырғағына қарай ілгерілі-кейін сыпылдады-ай.

– Ой, мынауың сау сиырдың тезегі болмай шықты. Бәсебәсе, Омар байдың оң босағасындағы Дүрия сұлуды құмар қылған осы өнері екен ғой. – Кең тынысты күйдің толқып, шалқып желдей есе жөнелген күмбірін тыңдап, әлдебір ойға берілгендей тұнжырап ойға батқан жігіттер Төлендінің бұл қыстырма әзіліне мән бермеді. Әркім өзінің жылдар бойы аңсап келген бостандық аралына жүзіп жеткендей, ал аман-есен жетіп алғаннан соңғы бір сәттік тыныштық, өз жігер-қайратына сүйсінушілік сезімін кешер. Шаршаңқы жуастық, ұзақ шайқастан соңғы тыныс алар бейбіт сәт – жеткен жеңісіне мастанудангөріқорқынышыбасымдел-салминуттар... тымалыс-

та әрі өте жақында сағымша бұлдырап, қуған сайын қашатын, қашандаған сайын өкшелейтін алдамшы үміт таусылмас бірақ, бәрібір жетпес арман жүректің баяулап «баянсыз, баянсыз» деп лүпілдеуі – құйқылжымай, шырқау биікке аспандамай қоңырлап есер жайлаудың салқын самалы секілді жан-дүниенді өзің де біліп түсінбеген түпсіз тұқғыыққа жүр-жүрлеп жетелеген күй әуені... шым-шымдап тартып, таңқалдыра аймалайды. Тыныштық. Сол тыныштықты өзінің қарапайым да құдіретті сиқырлы үнімен билеп-төстеген домбыра, сол домбыраның ботасы өлген боз інгендей боздауы; сұлудың көз жасындай әдемі мұңмен сорғалауы; қытықшыл ойыннан аулақ, сарайынды сайрандап жібектей биязылықпен еркелейді; ертекті жұмақ дүниеге сапар шеккендей жасанданып, мынау төрткүл дүниенің бетінде тірі жүргеніңе өкінесің әрі қуанасың; бейіштің соққан самалы, оны кім көріп-біліпті, егер бар болса, сол самал осы шығар-ау; осы қос ішек, қу тақтайдың көмейінен саулаған райыс күйі болар-ау... Күйді көріп отырғандайсың; аппақ-сықылды; қалықтай басып, танадай көзі жаудырап, басыңнан сипайды, тамырыңызды басып тыңдайды, өне бойынан нұр жауып, аялы алақанына салып әлдилейді; сен аппақ сүйектен жонып жасаған бесікте бөленіп жатқан секілдісің; басында сені тербеп, жан-жағыңды қымтап-жауып ақпейілді Күй-ана отыр; жаулығының шетінен шыққан ақ шашы қандай; осынау Күй-ана тербеткен бесікте мең-зең халді бастан кешіп, көзің ояу, көңілің мас жата бергің келеді, жата бергің келеді... Осы сәтте әлдекім есікті жұлқа ашып кіріп келеді де, қолындағы найзасын білеп «соғыс» деп айғай салады.

Айғай салған Қамбардың өзі екен. «Соғыс!» Қаттырақ қағып жіберсе керек, домбыраның үстіңгі ішегі үзіліп кетіпті. Өзі сол ішегі үзілген домбыраны маңдайына тірей таянып, төмен қарап тұқшиып отыр. Әлгі минуттағы тәтті сезім бытшыт болды да, үстінен шашыраған нұрды жинап-теріп алған Күй-ана жоқ болып кеткен. Не болғанын білмей отырған жұрт ұйқысынан шошып оянған сәбидей көздерін ашып-жұмып зеңеді.

– Қамбаржан-ай, – деді жасы егде тартқан Байғабыл. – Кісінің есіне қай-қайдағыны түсірдің-ау.

– Құрысын бәрі де, – деп желпінді Төлөнді. Саздау тартқан сезімін әдейі серпіп тастап: – ауылдың алты-ауызын айтайық, оған дейін Дүрия келіннің еті пісер...

– Ас дайын, аға, – деді босаға жақта жағын таянып, болмысында жоқ жуастықпен отырған Дүрия. Жылаған секілді. Кірпігінде шық-моншақ секілді ілініп-ілініп тұрған жасты жаулығының ұшымен сүртіп орнынан тұрды.

Осы топта тек Бати ғана жоқ еді. «Ассаламағалейкүм» деп екі бүктетіліп есіктен кірді.

– Жамандап жүреді екенсің, – деді Төлөнді тек отырмай.

– Оны бір Құдайдың өзі білер, кімді-кім ғайбаттап жүрерін. Қайын-жұрттан кісілер келіп қалып шыға алмадым.

– Жаман күйеу қайынсақ деген...

– Былжырамай отыршы, құйысқанға қыстырылған...

– Ар жағын айтпай-ақ қой, түсіндім. – Тегі Батидан ығатын болу керек, одан әрі сөз таластырмады.

– Бати ағаның сыбағасы сақтаулы. – Дүрия жеке табақ жасады.

– Жігіттер, – деді Дархан қомданып. – Міне, сендер Құландыда соңғы түнді өткеріп, ойнап-күліп отырсыңдар. Ертең ертелетіп ұлы жорыққа аттанасыңдар, жортқанда жолдарың болсын, жолдастарың Қызыр болсын. Аман-сау елге оралып, дәл осы тобымызбен жеңіс күнін тойлайық. Мен де сендерден қалмайын-ақ деп едім, дәм жазбады. Қайыршыға жел қарсы деген сол... Әскерге алыңдар деп ауданға да барып қайттым, қайтейін, ақталғаным емес, міне түн жамылып отырмын, шынымды айтсам, бірінші болып мен кетуім керек еді. Құдай жалғыз – мен жалғыз, қасық қаным қалғанша алысып, жауынды жастанып шейіт болу да арман болды бүгінде. Енді міне Құландыдағы қатын-қалашпен арпалысып, тағы да сүйкімсіз болуды маңдайыма жазыпты. Бәрің де үйелменді жігітсіндер. Арттарыңда қалған бала-шағаларыңа бас-көз болғаннан өзге қолдан келер қайран жоқ. – Көшелі сөзді бәрі ұйып тыңдады. Дарханға деген риза көңілмен мақұлдасты, ал оның үстіндегі мың батпан жүк жеңілденіп, сергіп қалған-ды.

Жұрт үйді-үйіне тарқап, Қамбар мен Дүрия жеке-дара қалған соң үнсіз ыдыс-аяқ жиналды, үнсіз төсек салынды. Бүгін жұп жазбай бірге өткізген ғұмырларының ақырғы түні екенін біле тұра, әлдекімдерше ауыз жаласып, бас ауыртар

артық сөзге барған жоқ. Рас арадағы сандаған қиындықтарды жеңіп қолдары жеткен жеңісі – екеуінің. Бір үйелмен болып бірігуі еді, соңғы кезде үй-ішілік ұсақ-түйек сөздер болмаса қабақ шытысып көрген жоқ. Ешкімге өкпелері таға жоқ. Бала жастан бір ауылда өсті. Он жастай алшақтықты жылдың өзі-ақ теңестірген, егіздің сыңары Дүрия Гүлиядай емес тез бойжеткен. Құландыдағы сауыққой сері жігіт – Қамбарды таңдаған да, шешесінің қарсылығына қарамай тұрмысқа шыққан өзі. Енді міне, сол ғашық болып тиген күйеуімен қоштаспақ. Жаратылысында қағылез шайқы жігіттерді жақсы көретін Дүрия келе-келе... бір кезде мінсіз болып көрінген Қамбардан көп кемшілік тапқандай, асығыстық жасадым ба деп өз-өзінен күмәндана бастаған. Көңіл шіркін, ол да бір гүл секілді. Күн сәулесі қай жақтан түссе, солай қарап бұрыла берер босандығы бар құбылмалы дүние екен. Бірақ, әрі асығыс, әрі арпалыспен өткен жылдар Дүрияның өмірді қайта бастауына еркіндік берген жоқ, тіпті ондай еркелікті көтермейтін еді. Былғары киген жігіт үлкен бастық болыпты дегенді естігенде, сонау тәргі кезінде бұлқынып барып басылған жүрегі дір етіп, өкінішпен лүпілдеген, лүпілдеп барып әдепкі ырғағына түскен. Ол әсіресе, Дархан мен Гүлияның ұлы сүйіспеншілігін қатты қызғанды. Адам баласында дәл осындай балталасаң да ажырамас махаббат боларын және оның мәңгілік екенін соңғы кезде ғана саналаған-ды. Онда да Гүлияның өлімі, Дарханның аруағын азалап, он екі жылдан бері тірі пенденің бетіне еркектік әуестікпен қарамауы, ұрғашы атаулыға мойын бұрмауы ой салған, толқытқан, тіпті белгісіз бір әуестікпен қызықтырған. «Егер мен өлсем, сондай ерлік Қамбардың қолынан әсте де келмеседі» деген қауіп қамалап, дүние жүзіндегі махаббат туралы жырлардың бәрінің растығына иланған, шыншыл да құштар жүрекпен сенген. Жарынан айрылған соң жалғыздықты таңдап алған Дархан оның көз алдында барған сайын шоқтықтанып, Кеңгірдің жотасындай биіктеп барады, міне, нағыз еркек деп сол кісіні айту керек; әйелінің топырағы кеппей жатып тілін жалақтатып, қолын уқалап көшеге шығатын жеңілтек жігіттер қаншама жер бетінде...

Алғаш Қамбар әскерге шақырылғанын естігенде тұлан тұтқан Дүрия байсыз қаларын уайымдап жыламаған еді. Егер басы қалқайып, шыбын жаны оралса, адал жүрекпен тосу мұның

да қолынан келеді. Өнебойы ажырамастай болған ыстық құшақ кенет екеуін екі бағытқа ала жөнелгенде тез суып, тез шаршап қала ма деп шошынғаны шығар. Екеуінің де болмысында Гүлия мен Дарханның бойындағы күш-қуат жоқтығын сезініп, сезіктенгені шығар. Тар жол, тайғақ кешу сапарында бір-бірінен көз жазып, адасып қалғандай болса; жаман айтпай жақсы жоқ, бір-бірін жоғалтып алғандай болса, тәңірім-ау, жігерсіздік көрсетіп, елге күлкі, дұшпанға таба – ұятқа қалып жүрмей ме... Оның үстіне Қамбар кетіп, Дархан қалып барады... Күні ертең осынау алып адам биіктеуін қоймаса, жалғыз жортуын қоймаса, бәрі қырылып өзі ғана тірі қалуын қоймаса, ұят-ай... сұмдық-ай, мұндай да өмір болады екен-ау... Қалай ғана қылмысты ойға барады екен... әйелдің көңілі қырдың қызғалдағы екені рас. Кімнің күні шықса соған қауызын ашады; оның үстіне алданышқа айналып, екеуарасына дәнекерге жүрер баласы жоқ, осылайша жатыры кеуіп бедеу қатын күйінде қала ма?.. Қамбарға сан рет қақсап айтты: «Семейге барып, дәрігерге, не болмаса бақсы-балгерге қаралайын, осылайша ұрпақсыз, ұрансыз өтеміз бе?» – деді, ал ол үндемеді, күрсінді, бала асырап алайық дейді. Неге? Құдайым-ау, баласыз адам ол да бір – тамырымен қопарылған ағаш, суалған күйі мәңгілікке қаңсып қаласың. Ертең отқа жағады, содан соң күлге айналасың...

– Осылай тілқатпаған қалпымызда қоштасамыз ба? – деді бағанадан бері тым-тырыс жатқан Қамбар мұрны пысылдап үндемеген соң, ұйықтап қалдыға жорып еді. Ол да ояу екен.

– Бір түнде не айтып тауысамыз, сөзден жалыққан жоқ па едік? Бәрібір ойша сырласып жатырмыз...

– Сенің көңіліңді алағызатын менің соғысқа аттануым емес, басқа нәрсе...

– Оның рас, басқа нәрсе.

– Менің кетуім емес, қайтып келуім шығар... сені қинайтын...

– Әзірше ондай жамандыққа қимасақ етті. Қызу қанды едің, оқтың ортасына өзің кіріп кетесің бе деп қорқамын.

– Соғыс жасырынбақ ойнайтын жер емес, Дүрия. Әділдіктің, батылдықтың алаңы.

– Мен сені адал сүйдім, Қамбар. Оған тырнақтай да күмәнің болмасын. Оны дәлелдеу үшін ант-су ішіп қарғанудың қажеті жоқ. Міне, түн жамылып жатырмыз, мінезімнің жеңілтек

екені рас, бірақ сенің алдыңда арым таза. Бұл дүниенің талай қуанышын бірге бөлістік, енді қайғысына да ортақтасып көрелік. Сын сағаты екеуміз үшін енді басталды. Гүлия мен Дарханның көргенінің біз жартысын да көрген жоқпыз. Осы өкімет орнамай тұрғанда сен сал-сері болып, бар өміріңді қызықпен өткізгенсің. Одан соң бірден оқуға кеттің, оралған бетте ел билігі – кішкентай болса да қызмет тиді қолыңа. Дархан құсап мың өліп, мың тірілген жоқсың; қолыңды қайла, аяғыңды шарқай етік қажаған жоқ. Қазіргі тұрмысымыз да біреуден ілгері, біреуден кейін, шүкіршілік, жаман емес. Менің де Гүлия секілді бетім тілінген жоқ, денім сау, киімім бүтін, тамағым тоқ қалпында. Дүние қанша өзгеріп жатса да, қиыншылық көрмедің. Басынан өткен аласапыран жаңбырдың ара-арасынан жүріп келе жатқандаймыз... Қабырға қайыстырар қайғы, балтыр сыздатар ауыр жұмыс, табан тоздырар ұзақ сапарды бастан кешпедік. Міне, енді сол кедергілер мен кезеңдерге төтеден тап болып қиналып жатқанымыз? Біздің өмір, Қамбаш, тым-тым әдемі басталған, тым-тым жеңілдеу жеткен секілді едік осы межеге... Осылардың барлығын салыстыра, салмақтай келе өз-өзімнен әлденеден қорқамын... Екеуміз бұл азапты сапарға мүлдем дайындалмаппыз. Дархан мен Гүлия болса... тіпті біз құсап бірін-бірі жаңа көргендей қойындасып жатпас та еді, бәлкім. Көзімізді жұмып елестетейікші, осындай сәтте не істер еді? Гүлия Дарханның жолына керекті ол-пұлын дайындап, Дархан қора-қопсысын жөндеп, таңатқанша көз ілмес еді; өйткені олар үшін соғыс дегеніміз тіпті де қорқынышты емес; Дархан тағы да бір Түркісіб салуға аттанардай ғана әсер етер еді. Өйткені олар, нендей бір қауіпке сақадай сай; өйткені олар бұған дейін жүріп өткен жолын біледі, сондықтан да алға басудан сескенбейді... біз енді ғана бастадық сол жолды, Қамбаш.

Ұзақ сөйлегенін жаңа байқағандай жастықтан басын көтеріп іргесінде өзін аса шыдамдылықпен тыңдап жатқан күйеуінің кеудесіне басын қойды. Оның жанарынан аққан жасты омырауын шылағанда ғана сезді Қамбар.

- Тағы да жыладың-ау, – деді алақанымен сүртіп.
- Көз жасымды сен кетпей тұрып тауысып алайын.
- Адамның көз жасы өлгенше таусылмас.
- Бәрібір жыламаймын.

– Сенен ондай ерлік шығады.
– Қамбаш, – деді Дүрия басын қайта көтеріп, – соғысқа мен де сұрансам қайтеді?
– Әзірше біреуміз бара тұрғанымыз жөн шығар. Мені тосатын да адам керек қой.
– Ендеше хат-хабарыңды үзбе.
– Мұнда сендерге де оңай тимес. Ер-азамат атқарған барлық жұмыс енді сендердің мойындарыңда.
– Әйтеуір жауып тұрған оқ жоқ, бірдеме етіп күн көрерміз.
– Біз үшін жол енді ғана басталды дедің-ау. Осыншалық шешен сөйлейтініңді бұған дейін білмеп едім. Сен ақылды тентексің, Дүрия. – Әйелінің шашынан сипап аймалады. – Тым болмағанда Мұраттан да айрылып қалдық-ау. Саған ес болар еді.

– Оны Дархан өлсе де бермес.

Өліараның көрдей қараңғы түні. Жылтыраған сәуле жоқ.

Анда-санда жер солқылдатып поезд келіп тоқтайды. Сүт пісірім уақыт өткен соң өкіріп-бақырып қайта қозғалады орнынан. Тыныштық қайта орнайды. Ауылдың шәу еткен итінен өзге дыбыс жоқ, барлығы да майданға аттанып кеткендей. Осы тыныштық бүкіл әлемнің үстінде ұйып тұрса ғой. Ол қате. Батыста қанмайдан жүріп жатыр. Батыста адамды адам қырып жатыр. Ықылым заманнан бері болмаған ғарасат майданы дәуірлеп тұрғанда жер бетіндегі бірде-бір адам оң жамбасымен кәперсіз ұйықтай алмас еді.

Саршатамызға иек артқан мезгілдің келте түні бірсін-бірсін таң әлетінен жеңіле бастаған сәтінде көзі ілініп кеткен Дүрия ғажап түс көрді: «Жер алып атқа айналып кеткендей екен... кәдімгі басы, төрт аяғы бар, құйрық-жалы сүзілген арғымақ сынды. Бір кезде қарасаң көз сүйсіндірер әдемі-ақ жылқы болғанға ұқсайды. Қазір кісі қарағысыз, арқасы ақтаңлақ жауыр, кім көрінген мініп ерқашты қылған-ау. Құлағы салпиып, жабыдан жаман сүмірейіп тұр. Жаны ашыған Дүрия аштықтан, орынсыз тепкіден арықтаған тырақыға жем беріп еді, жемеді. Сауырынан аққан қанды іріңді жуып тазалады, кекілін тарады, жалына жабысқан ошағанды алып тастады. Төрт аяғының тағасы әбден тозып, әлдеқашан мүжіліп түскен, жарылып-жарылып кеткен тұяғын көтеріп қарап еді, майы шығып тұр екен. Мал болудан қалған секілді. Осы кезде Қамбар келді де

ерттей бастады. Дүрия қарсыласады, «аяй көр» деп жалынады. «Енді мен жауға бармаймын ғой» деп міне шабады. Қызық, жаңа туған тарамысына ілініп, жығылғалы тұрған жер-ат Қамбардың қарақасқасындай көкке шапшып орғып ойнап, жұлдызша аға жөнелді батысқа... «тоқта» деп жанұшыра айғайлады Дүрия, – «тоқта», зорығып өледі ғой, айрыламыз ғой арғымақтан, тоқта, Қамбар!». – Өз дауысынан өзі шошып оялды. Қамбардың орны бос жатыр, ешкім жоқ. Күн көтеріліп қалған, үйдің іші аппақ сәулеге толы, орнынан атып тұрып ішкөйлекшен есік алдына атылып шығып еді, станция басы ығы-жығы ел, ұлардай шулаған дауыс. Соғысқа аттанатын азаматтарын шығарып салған шал-шауқан, бала-шаға поезға бір мініп, бір түскен өзге азаматтар құмырсқадай өріп жүр. Ұйқысын кимай, қоштаспай кеткен Қамбарды сол топтың арасынан іздеп еді, таба алмады. Дәл осы сәтте паровоз бауырынан бу атқылап түтін түкірді де қышқырды, мидай араласқан ел одан әрі сапырлысып, бір-бірінің мойнынан құшақтап, сүйісіп, жылап-сықтағанын естігенде барып, басқышта сілейіп қарап тұрған Дүрия жын ұрғандай жүгірді. Үстіне көйлек киюге де шамасы келмей, ішкііммен құс болып ұшты. Бірақ, кеш еді, поезд орнынан жылжып, қозғала берген. «Қамбар, – деп айғайлады Дүрия, – Қамбар-ау, тоқта, неге қоштаспай кеттін». Жалаң аяқ, жалаң бас, шашы жалбырап алды-артын жапқан әйел өкпесі алқынып жеткенше поездың соңғы вагондары ғана таусылып үлгермеген, Қамбаронда жоқеді. Дүрия жүгіре берді... «Қамбар, Қамбар» деп көзінен аққан жас бұлақ болып омырауына құйылып, қуа берді поезды. Мұқым ел поезбен жарысқан әйелдің жүйріктігін тамашалағандай аң-таң қарап тұр. Көзінен парлаған жастан еш нәрсе көрінбейді, дүниенің барлығы бұлдыр-салдыр. Табанын тас тілді, оған да қараған жоқ. Қамбар деп аузын аша бергенде теміржолдан алып тастаған сынық рельске сүрініп етпетінен құлады, оңбай құлады. Ауырсынып орнынан көтеріле алмады. Поезд көз ұшында зымырап барады... Қуып жетіп көр.

– Ұйқышыл әйелдің көрген күні осы, – деді дүрліккен жұрттың ортасында жымия қараған Төленті табалағандай. – Ұйықтамаған әйелдер жүгірмей-ақ тұр ғой.

– Оспан ортамызда екен, – деді Бати. – Жүр, Дархан, Дүрияны уатып үйіне алып барайық.

Жұрт үн-түнсіз тарай бастады.

Жаз өтіп, күз келді. Қарашаның қара суығы түсіп, ел мен жердің берекесін ала бастаған. Күні кеше ғана тамылжып тұрған табиғат қоңыр күздің маужыраған шуағы үнемі ызындап, мазаны кетіретін ызғарлы желге ауысқан. Әр үйдің қорасындағы арбалап, арқалап тасып үйген бірер шоқалақ шөбін жұлмалап қанша бастырса да тарамдап суырып әуре-сарсаңға салады. Далаға қарағың келмейді елбектеген қаңбақ сыңсыған ши, үілдеген қурай – сұрқай аспанның астында желдеп ұшқан қарға, сауыскандар. Қар жаумай ауыздарына қылтанақ тимейтіні білген Құландының азын-аулақ малы өріске еріншектене басып амалдың жоқтығынан кетіп барады. Бұл ауылда бес-алты түйе, он шақты жылқы мен сиыр, ептеген қой-ешкінің басы бар. Бір-біріне әбден үйренгендікі ме бытырамай, үйірлеп өретін, жұптары жазылмай өрістен қайтатын. Қазірде желге артын беріп, қуаң тартқан жерге түскеней жабысып жайылып жүр. Осы төрт түліктің ішіндегі сары атан ғана жерге басын салмай алысқа, сонау Тарбағатай қыраттарына мойнын соза қарайды, ойсыл қара хайуан...

Баяғыда... қараша туа Омар бай қыстаққа көшіп келетін. Жылқылары тебінге айдалмас бұрын бір аптадай осы Құланды жазығында маңқыстап жатушы еді. Жалғыз кісінің малынан мынау аңқасы кепкен даланың беті көрінбейтін. Шұрқыраған үйір-үйір жылқы бар жерде, қайнаған өмір бар секілді, ию да қию көңілдірек көрінетін. Жер қайыстырған төрт түлік азайғаннан бері Құланды мүлдем құлазып қаңсыған астаудай бос қалып еді. Анда-санда доңғалағымен жер қауып өтетін поезд дүниенің бәріне иелік жасағанымен мыңғырған жылқының орнын айырбастай алған жоқ, аз ғана аялдап, зымыраған күйі асығас өте шығады. Бұдан соң Құландыны таға да жалғыздық жайлайтын. Қос ішектей тартылған темір жолдың бойында қараңдап жұмыс істеп жүрген бірлі-жарымды қазақ, шпал санап, айдалаға лағып бара жатар обходчиктен өзгенің барлығы қамсыз, көбендеп күй кешкендей еді. Бұл сырттан қарағанда көз алдына алдамшы көрініс берер жалған әсерлер ғана.

Кеңгірдің төбесінде шапанының етегін жел жұлмалап қасқайып тұрған Дархан алыстан қарағанда Гүлияның қабіріне орнатқан сайғақ діңгек іспеттес. Терістіктен соққан желмен қалтыраған мойылдың басында жалғыз жапырақ қалмапты,

әлдеқашан сарғайып түсіп, сидиған бұтақтары ғана дірілдеп, мұңлы үн шығарады. Қабірдің топырағы бұрынғыдай емес басылып, жыл өткен сайын аласарып барады. Айналасын қоралаған тасқа қына бітіп, қиюы қашқан. Қанша жұлсаң да қаулап өсе беретін арам шөп құрайланып жел тербеген сайын ызың-ызың үн таратады. Дархан сабақтарын сындырып, оны да отап тастады. Күн сайын қолы қалт етіп босай қалса осы төбенің басына шығатын да Гүлиясымен іштей сырласып, мұңментілдесіп әңгімелесер еді; сонда ғана құмары тарқағандай сергіп, мәңгі таусылмас жұмысына кірісер еді.

Әне, көз ұшында тағы бір поезд көрінді. Семей жақтан асыға зулап келеді.

Поезд көпке дейін жүрмей тұрды. Не болып қалды дегендей Дархан да асыға жетіп еді, станция кезекшісі Дүрия машинистпен қызылкенірдек болып ұрсысып тұр екен.

– Жолдас начальник, – деді Дүрия Дарханды көрген бойда. – Аякөзге барар жезланы әзірше бермеуге тура келді. Ал мына жігіт настаивать етеді.

– Асығыспын деймін түсінесіз бе, поезды бір минутқа тоқтатуға болмайды. Майданға керек заттарды әкетіп барамын, – деп быж-тыж болып ашуланған машинист қасы қалың қазақ жігіті екен, бір орнында байыздамай тықыршып жүр.

– Жезланы неге бермейсің? – деп сұрады Дархан.

– Осы жаңа ғана обходчик жігіт келіп он сегізінші разъездің тұсындағы рельсте сынық барын ескертті.

– Бати қайда?

– Жұмысшыларды алып рельс ауыстыруға кетті.

– Ендеше несіне араптер боласың, жігітім, – деді машиниске.

– Обходчикпен сөйлестім. Жарық онша қауіпті емес, ептеп өтуге болады дейді. Мені қоя беріңіздер, ал қалған поезд келгенше жөндеп үлгересіздер. Асығыспын, ағатай...

– Жезланы бер, теміржолшылармен өзі сөйлесіп көрсін. Тек байқап асықпай жүр, поезынды аударып алсаң көзіміз жылтырап түрмеде отырамыз.

– Ал мен рұқсатымды бере алмаймын, рельсте сынық бар екен, орнынан жылжуға хақысы жоқ.

– Мен рұқсат етіп тұрмын ғой.

– Маған сенің рұқсатың керек емес. Жезланы беретін станция бастығы емес, кезекші. Аға жол мастерінің ғана құқы жүреді. Жарма жол дистанциясының алдында да, ревизордың алдында да жауап беретін сол. Бати келсін, содан соң сол кісі не айтса, соны орындаймын, – деп қарсыласып отырып алды.

– Замандасым-ау, осыншама заң-зәкүнді қалай ғана жаңылмай жаттап алғансың, – деді машинист жігіт. – Бермесеніз берме, ертең өзіңіз жауапқа тартыласыз. Бұл жүкті жаяу арқаласа да ешбір кешіктіруге болмайды.

– Асығып жүріп аяғың аспаннан келсе кешікпеудің не екенін білер едің, бәлем, – деді Дүрия. Дархан бұл іске араласудың нәтижесіз екенін сезді де, теміржолшыларға жаяу тартты.

Сынық расында да үлкен емес екен. Рельстің тура жақтауында айнамен қарағанда ғана көрінетін қылдай сынық бар. Жолшы жігіттер рельстің көлденең шпалға бекітілген ұзын темір қазықшасын суырып, қапсырманың болтын босатып үлгеріпті. Бати жайраңдай қарсы алды.

– Дер шағында көріппіз. Әйтпесе маскара бола жаздаппыз, Дәке.

– Сынықтың бетін саусағымен сипап көрген Дархан:

– Рельсті ауыстыруға қанша уақыт кетеді? – деп сұрады.

– Ең кемі бір сағат.

– Көп екен.

– Енді одан бергіге үлгеру мүмкін емес.

– Жаңадан алып келген рельстерің қайсы?

– Анау жатқан, – деп Бати жол шетін нұсқады.

– Біреу-ақ әкелгендерің не, Бати-ау...

– Сынық жалғыз-ақ рельсте бар ғой.

– Қане көрелік, – деген Дархан 1928 жылы шыққан «ТИП-ША» рельсті ұзақ сығалап аударыстыра тексерді.

– Аман болыңдар, – деп ысқырып жіберді. – Мұнда да жарықшақ бар.

– Қойшы-ей, – деп сенбей қараған Бати анау көрсеткен жақтауға үңілді. – Тфу, атаң нәлет. Неғып байқамағанбыз. Заводтың брагы.

– Кімнің брагы екенін тексеретін уақыт жоқ. Екі жігітті қайта жібер басқасын алып келсін арбаға тиеп, машиниске ескертсін, егер баяу қозғалыспен бері қарай жақындасын, асығыс көрінеді, көптеп-көмектеп өткізіп жіберейік. Жігіттер,

– деп дауыстады рельстің болтын суыра бастаған жолшыларға.
– Қайтадан бекітіндер.

– Бірің суыр, бірің бекіт дейсіңдер, кімнің жарлығын орындаймыз?! – деп күңкілдеді.

– Менің, – деді Бати гүрілдеп. – Мен рұқсатымды бере алмаймын, пәле болса сені емес, мені айыпқа тартады. Шьеттей бала-шағам бар қолыма қараған. – Дархан досының бетіне жалт қарады.

«Бұл да жалғыздығымды бетіме басты-ау» деп ойлады. Көзінің алды жыбырлап, миын мың-миллион құмырсқа талап жей бастады, түсі сұрланып, өңі өзгерген Дарханды көргенде ғана Бати артық айтып қойғанын аңдады. «Саңырау десең соқырға тиеді деген осы»

– Қолымнан қағаз беремін. Бүкіл жауапкершілік мойнымда. Поезды тоқтатуға болмайды. Жігіттермен бірге станцияға өзің бармасаң, Дүрия жезланы тірі адамға тапсыратын түрі жоқ, ол да пәле болар деп қорқады. Ал уақытты алмай тездетіндер, – деді қойын қалтасынан қағаз алып.

– Олай болса, жақсы, келістім. Аттанайық. Рельсті қайта бекітіндер.

Қалтасынан алған бір жапырақ қағазды шпалдың темір жолдан шығып тұрған кертік басына қойып қарындашпен сойдақ-сойдақ ірі әріптерді түсіре бастады. «Мен Құланды станциясының начальнигі Дархан Таңатарұлы рельстің сынығына қарамай, майданға баратын жүк поезын өткізуге рұқсат бердім, авария болса басыммен жауап беремін. Жол мастері Батидың түк кінәсі жоқ» деп сандаған қате жіберіп әрең жазып шықты да, қолын қойды. Жазуды қайталап оқыған Бати екі бүктеп жанқалтасына салды. Ләм деместен ауылға адымдай жөнелді.

Майданға асыққан жүк поезы аман-есен өтті. Жаңадан рельс төселді. Дарханның көңіліне тағы бір сызат түсіп еді... Оны ауыстырып, бүтінін салу мүмкін емес еді...

Тоқал тамына келіп таңертең тиектей салған ағашын алды. Соңғы жылдары Дархан үйінің есігіне құлып ілінген емес. Ұрыны қойып, қолына шырақ ұстап өзі іздесе де таба алмас, қымқырып кетер қымбат заты жоқ. Қабырғаға тақалған сықырлауық ағаш кереует, тозығы жетіп қырқылған көрпе, әбден иленіп қалған кір-кір жалғыз жастық, төр алдында

термелеп тоқыған көнетоз алаша, ал бұрышта Гүлияның исі сіңген қыстық киімдері ілулі тұр. Әкесінен бері сынбай келе жатқан бүктемелі дөңгелек жозы; бүйірі майысқан жез самаурын Гүлия марқұм болғаннан бері ұсталмай шаң-шаң қалпында қалған. Дархан шайды темір құманға қойып сулы-сылпың іше салатын да, сырт киімін шешуге де шамасы келмей ағаш төсекке, не болмаса төрге көрпе төсеп қисая кетер. Әйелі жоқ үйдің берекесі бола ма, көрген адам осы көңілсіздеу көрініске шыдас бермей, шығып кетуге асығып тұрар еді. Тіпті, оқта-текте жұмыстың ретімен келген теміржолшылар болмаса, бұл үйдің қаңсып тұрғанына қаншама уақыт өтті десеңізші; үйлі-баранды болған соң Бати да қатынауды азайтқан. Уақыт өткен сайын аралары алыстап суысып барған-ды. «Бейшара, оның не кінәсі бар, қаңғыра бермей қатесін түзеді», кешегі батыр тұлғалы жылқышы бүгінде дөңгеленген семья, шаруақор шалға айналып барады. Еркіндігін жыл сайын бір бала тауып берер шайпау әйелге садақалады да, түтінін сөндірмей, тіршіліктің қамымен кетті. Кісінің он шақты жылдың жүзінде осыншалық өзгеретінін Батидан көрді. Арыстан айбаты, қарсы келгенді қағып түсірер қайраты мұқалып біткендей, аузын ашып шырылдаған балапандарына сол қажыр-қайратын үлестіріп, жем тасыған торғайдай дедектеп жүр. Ешкіммен артық ашық айқасқа түспейді, ешкімнің бетінен алып қарсы келмейді, шыбындаған аттай басын шұлғып, сақ әрі сараң мінез тапқанды. Мүмкін осылайша күйбең-күйбең күй кешкені жөн шығар деген қорытындыға келген Дархан, Батидың кейбір одағай пендешілігін көргенде аяйды. Ал, өзін мүсіркейтін адамдар тіпті көп еді.

Үй азынап тұр екен. Ағаш ұсақтап тамыздық жасады. Қорадан қи құшақтап әкеліп от жақты. Шәйнекке су құйып, пештің үстіне қойды. Дүрілдеген от жанған соң тіршіліктің белгісінен айрыла бастағантамға жан кірді. Әйелдің қамқор қолын көксеп мұңайғандай жетімсіреген үй мүлкі неше күннен бері әрең деп жылына бастағанынан қуанғандай, ажары ашыла түскендей. Аспан алабұлтты болған соң ба қарашаның қараңғысы ерте үйірілді. Сықсима жалғыз терезеден болар-болмас сығалаған жасық жарық, пештің аузынан қаша тараған ұсақ сәуле, аядай тамды тамашалағандай жұқалаң нұрландырады. Бұрышта жатқан жетілік шамды қолына

алып шайқап еді, түбінде сылдырлаған керосині бар екен, бүгін алғаш рет оны да жағып қойды. Иесіз қаңыраған бөлме әжептәуір күйге еніп, мұржасынан будақтап түгін шықты. Іргедегі төсектің бас жағында тақтайдан жасаған ескі әбдіре бар-ды.

Енді Дархан сол әбдіренің қақпағын ашып өзінің және Гүлияның ескі-құсқы заттарын қопарыстырған. Шетін кестелеген орамалға ораулы әлденені тапты да орауын жазып қолына алды. Жіңішке рамаға салынған суреттің бетін аса ептілікпен ықтияттап тұрып сұртті; шамның жарығына ұстап, ұзақ қарады. Бұл Дүрия мен Гүлияның сонау жылдары, әйелдер училищесінде оқып жүрген жас кезінде Семей қаласында түскен суреті еді. Бүлдіршіндей жас, екеуі де шаштарын қос бұрымдап өріп, алдарына түсірген. Қамзол киіп, белдерін әшекейлі белбеумен буынған; түрегеліп тұр. Анықтап қарағанда Дүрияның аздап толықтау әрі Гүлиядан гөрі сәл аласалау екені байқалады. Сұңғақ та, сұлу Гүлияның бетінде ойлы да, терең мұң бар, ал Дүрия әнтек жымиып ән салғалы тұрғандай көңілді түскенін және сезеді. Өзіне тесіле қараған жарының шырақтай жанған бота жанарынан «Дархан аға, жалғызсыраған жоқсыз ба?» – деген сұрақты ұққандай. «Шаршадым, Гүлім, сенсіз өткен өмірден жалықтым», – деп күбірледі; көзінің алды жыбырлап, басы ып-ыстық болып қаны тасыды. Жүрегі бүріп, жүйкесі құрыса бастады. Өз ернін өзі тістелеп Гүлияның суретін сүйді, жылағысы... ағыл-тегіл жылағысы келді-ақ, жанары кеуіп қалғандай бір тамшы жас шықсашы... Суретті орамалға қайта орап әбдіренің ішіне салды. Пештің үстіндегі шәйнек қақпағын қаққылап қайнағанын білдірді.

Жалғыздан-жалғыз сораптап шай ішті, өзі осында, қиялы қиянда.

«...Айлы түн еді ғой. Ақжайлау еді ғой. Алтыбақан басы еді ғой. Аспанға алғаш рет әуелеп ұшып едік, бірге ұшып едік, бірге... ендеше бірге неге қона алмадық?» Шым-шымдап батып ой түбіне кете берді. Төсегін салып, бықсып жанған шамды үрлеп өшірді де тас бүркеніп жатып қалды. Ұйқысы қашып, көпке дейін төбеге тесіліп құлазыды-ай. Ол дәл бүгінгідей жалғызсырап көрген жоқ-ты. Бәлкім Гүлияның суреті әлдеқашан алыстап, сағымға айналып кеткен өткенін жақындатты ма, әлде алыстата түсті ме, өз-өзінен елегізіп көзі ілінбеді.

Ашығанына қарамай, жанарын жұмып еді, алдымен ақ шелдер пайда болды да, көрдей қараңғылық ұйып тұрып алды. Шыдай алмады, бүк түсіп етпетінен жатып көрді, бәрібір көз еттері ашығанын қоймады. Жас саулап шыдатпаған соң орнынан атып тұрды да, қараңғыда қарманып су құйған шелекті тапты. Қолын тығып, алақанына суық судан толтыра алып бетін, содан соң көзін жуды, кішкене сергігендей болғанымен ұйқысы одан әрі қашып берекесі қалмады. Бұрыш-бұрыштың бәрі үңірейіп, әлдекімдер сыбырласқандай, терезе қағып, мазақтап сылқ-сылқ күлгендей ме-ау... «Бісімілла, – деді күбірлеп, – біссімілла, маған не көрінді жер ортасына келгенде». Ол Алғаш рет қорқынышты түнді бастан кешті. Әбден талықсып барып көз шырымын алғандай еді, аппақ кебінін сүйретіп есіктен кіріп келе жатқан Гүлияны көрді. «Құдай-ау, сенбісің?» – деп қолын соза бергенде ғайып болып кетеді екен дейді. Бүйірден біреу түртіп қалғандай селк етіп оянды – ешкім жоқ. Құлаққа ұрған танадай тыныштық, жалғыз өзі тек қана өзі. «Бүйтіп жанды қинағанша соғысқа барып өлгенім артық еді-ау». Асыға киініп тысқа шықты. Аспанды құрым киіздей тұтасқан бұлт жауып тастапты. Қараңғылық. Соққан жел үдемесе бәсеңси қоймаған. Күн суық. Ауыл ұйқыда. Сонау станцияның жанындағы бағанның керосинмен жанатын семафор ғана қараңғылықты тесіп, болар-болмас жылтырайды. Бүгін кезекші стрелочник кім екен деп қасына барды. Сыртта ешкімді көрмеген соң үйшік-үйге кіріп еді, копитилкадан ұшқан түтіннен еш нәрсені ажырату қиын. Білтенің күйік исі қолқаны қабады. Есікті шалқасынан ашып таза ауа кіргізді. Төрдегі ағаш нарда аузын аңқайта ашып Қазтайдың келіншегі ұйықтап жатыр екен, шошытып алмайын деп ақырын түртіп оятты.

– Бұл кім өзі? – деп көзін уқалап ұйқысын ашуға ерініп біраз отырды. – Е, сіз екенсіз ғой, аға.

– Ұйықтап жатқанда поезд келіп қалса қайтесің? – деді Дархан жәйімен сұрап.

– Әлі ерте, аға.

– Дегенмен күзетте ұйықтауға болмайды, келін. Қазтайдан хабар бар ма?

– Алдыңғы күні хат келген. Москваның түбінде әскер ойынын үйреніп жүрміз депті. Сізге сәлем айтады.

– Сәлемет болсын, балалар сау ма?

– Бала дегенде жалғыз ұл ғой. Стрелочник болғаннан бері жалғызбын. Ұлымды төркініме апарып тастағанмын.

– Оның да жөн. Қазіргі күйіп тұрған уақытта текке қолбайлау болады. Қалай, қалқам, бұл жұмысқа төселіп қалған шығарсың?

– Үйрендік қой, аға. Қазтай істеген кезде екі-үш рет орнына тұрғаным бар. Өзіңіз неғып ұйықтамай жүрсіз?

– Менен ұйқы қашқалы қашан...

– Иә, қиын жалғызділік, қиын ғой... Қазтай мен ұл кеткелі менің де екі қолым алдыма сыймайды. Қайта сіздің жаныңыз сірі екен.

– Басқа түссе баспақшыл, шырағым. Адам ит жанды емес пе.

– Аға, бір нәрсе сұрасам ренжімейсіз бе? – деді келіншек ұяла күлімсіреп, ұйқыдан тұрғаны ма, коптилканың жарығы түскен жанары жасаурап, екі беті балбырап отыр.

– Сұрай ғой.

– Неге үйленбей жүрсіз?

– Кімге? – деп әдейі сұрады.

– Енді... бүкіл Аякөз, Жарма өңірін шарласаңыз біреу-міреу табылады ғой.

– Бұл жүрген аяққа жөргем ілінеді дегенің бе?.. Бүкіл жер жүзін аралап шықсам да таба алмаспын деп қорқамын.

– Келіншек таңдана басын шайқады.

– Әрине, Гүлиятәтемнің орны бөлек қой... дегенмен бұл жүрісіңіз обал-дағы.

– Егер менің орнымда өзің болсаң қайтер едің?

– Мен бе, мен... қайтер едім... білмеймін, – деп күлді. – Тіпті, ойламаппын да, аға.

– Жок, айналайын, мен бір рет және ақырғы рет үйленгенмін сол жетеді, ендігінің бәрі бекершілік, өз-өзіңді алдау. Гүлиятәтендей адам жер бетінде біреу ғана. Бәлкім... жер астында да жалғыз өзі шығар, – деп ауыр күрсінді.

– Поезд келетін уақыт болды, тысқа шығайық, аға, – деп Қазтайдың келіншегі нардан түсті. – Күн суытып тұр ғой.

– Осы күннің соғыс басталғалы жылынғанын көргенім жоқ. Паровоздың боздағаны естілді.

– Водочкалар қайда екен, олар да ұйықтап қалып жүрмесін. Жезлаң дайын ба?

– Дайын, аға.

– Поезды қабылдай бер, мен сушылар жаққа барайын.

Бұл жолғы поезд Аякөз жақтан көрінді. Тиеген жүгі пәлендей көп емес, кейбір тіркемелері салдырлап бос келеді. Машинист жігіт орыс екен, қолындағы дорбаны көрсетіп «әлдене» деп еді, не айтқанын кезекші келіншек ұққан жоқ, содан соң сонадай жерде ұзап кеткен Дарханды айғайлап шақырды. Тағы да не боп қалғанын түсінбей, кері бұрылған Дарханға келіншек:

– Аға, мынау бір нәрсе дейді, түсінбедім.

– Почту получайте, вот вам почта, – деді машинист.

– Бірден солай деп айтпай ма? Почтасын түсінемін ғой, – деді стрелочник әйел ұяла күлімсіреп.

Дорбаны аркалап үйіне қайтқан Дархан әйтеуір ұйқысы қашқан соң шам шағып, бір аптада бір-ақ рет әкелетін почтаны ақтара бастады. Жаңа газеттер, әскердегі жігіттерден хат бар екен. Дүрияның атына да үш бұрышты хат келіпті. Қамбардан екенін сезіп, қуанып қалды. Өзінің фамилиясы көрсетілген пакетті ашып еді, үш азаматты бірдей майданға шақырған қағаз екен, бір-бірлеп оқи бастады. Шақырылғандардың ішінде Бати мен Төлөнді де бар болып шықты.

– Мәссаған, керек болса! – деп дауыстап жіберді. – Болмаған екен, енді сопайып жалғыз қалатын болдым-ау. – Көңілі құлазып сала берді. Үш күннен соң олар да соғысқа аттанады. Қолынан келер қайран жоқ, маңдайын уқалап отырып қалды. Не істеу керек? Ертең жиналыс шақырып, баяғыдай қолдарына повестканы тапсырудан басқа амал не...

«Нәчәндік кеңсеге шақырады» деген соң алғашқылардың бірі болып Төлөнді жеткен. Шаруалары бітпей елдің соңы болып келген Бати ғана. Ішінара ақ жаулықты әйел бар.

– Ал басталық, төрт көзіміз түгел жиналдық, – деді Төлөнді тықыршып. – Не мәселе екен қаралатын. Күлтөбенің басында күнде жиынның кері болды-ау...

– Мәселе біреу, жолдастар, – деп тамағын кенеп сөз бастады Дархан. – Станцияда барған сайын жұмысшы қолы азайып бара жатыр, ауылға көшеміз деп буынып-түйініп отырған ағайын аз емес.. Сондықтан, кімде-кім темір жолға қалып жұмыс істейді екен, міндетті түрде бес жылдық шартқа тұрады. Бұл заң баяғыдан бар болатын, біз ескермеппіз. Екіншіден, жұмысымыздан ешқандай брак жібермеу үшін күресу керек.

Он екі айда, яғни дөңгелек жылда брақ жібермеген жұмысшыға Нарком атынан сыйлық беріледі. Содан соң теміржолшылардың құрт азаюына байланысты көрші ауылдағы колхозшылармен договорға тұрып, көмек сұрауға мәжбүр болып отырмыз. Тәжірибелі деген теміржолшы азаматтардың қатары күн өткен сайын сирей түсуде. Міне, бүгін де үшеуіне шақырту қағаз келіп отыр. Хат жазып, жағдайды түсіндіріп айтуымыз керек. Броньмен қалатын адамдарды көбейтпесе болмайды...

– Басқа сөзді қайтесің, үкімет жалғанда да поезды тоқтатпайды. Повескең кім-кімге соны айт, – деді Төленді тықыршып отыра алмай.

– Міне, мынау саған, – деп қағазды ұсынып еді, өңі аппақ қағаздай болып қуарып кеткен Төленді қолы дірілдеп әрең созды.

– Құдай ұрды деші. Бәсе түсім жаман еді, – деп алды-артына қарамай кеңседен тұра безді.

– Міне, мынау саған, – деді Дархан Батиға екіншісін ұсынып.

– Үшіншісін Асқарға, ол қайда жүр?

– Водокачта кезекші, – деді Дүрия.

– Ендеше біреуің апарып беріндер. Құдықта әзірше үш адам істей тұрар. Жұмысын тапсырып, жол қамына дайындалсын. Батидың орнына басқа жақтан мастер жіберетін болу керек. Төленнің орнына ұлы істейді, энеукүні көрдім, стрелочник болуға төселіп қалыпты. Әкесінің орнына жай күндері де сол барып жүр ғой.

– Кімде қандай сұрақ бар? – деп жұртқа қарады. Ешкім үндеген жоқ, бәрі ойлана төмен қарап отыр. Стол үстінде жатқан дөңгелек мөрі бар қағазға Бати әлі де қолын созбай меңірейіп отыр екен, Дархан мән бермегенсіді.

– Менде бір сұрақ бар? – деді Дүрия.

– Сұраңыз.

– Сұрасам, қазір қай-қайсы жерде де карточный система күшіне кірді. Бұл мәселе бізде қалай шешілмек, кім үлестіреді және оған не аламыз?

– Жолдастар, бұл мәселеге кейін тоқталсақ та болушы еді, қайта-қайта жиналып жүрмей біржола шешіп алайық десеңдер оған да келістік. Өздеріңізге мәлім біз жұмысшы табына жатамыз. Жүз сомның көлемінде табысымыз бар.

– Ол ақшамен от тамызамыз ба, сатып алатын түк жоқ, – деді Дүйсеннің келіншегі.

– Рас-ау, шын-ау, – деген дауыстар тұс-тұстан естілді.

– Шуламай қоя тұрыңыздар. Бұл біздің басымызға ғана төнген зауал емес. «Кемедегінің жаны бір» дегендей, бүкіл еліміз еңіреген ерлік кешіп, уақыт салмағына шығып тұтаса тосуда. Ал сіздер салықтан босатылғансыздар; қораларыңыз бос емес, бірер қараның басы бар. Қаладағы жұмысшылар секілді ет сатып алмайсыздар, сүт сұрамайсыздар. Қанша мал ұстасаңыздар да еріктеріңізде. Бүгін нанға май жағып жеп отырған үй де бар. Аптасына бір рет азық-түлік әкеледі вагонмен, одан да ақшаға сатып алып жатасыздар, ал колхозшыларда еңбек күннен басқа асып-тасып жатқан жағдай жоқ. Оны бәріміз білеміз. Сондықтан, сіздердің өкпелеріңіз дәл қазір еркелік, бұдан жаман кезде де тойға барғансыздар, аз уақыттық қиыншылыққа бола қарғанып-сіленетін дәнеңе жоқ. Отан өз адамдарын аштан өлтірмейді. Жеңіс үшін, арыстай азаматтарымыз үшін де бел шешіп, іске кірісудің орнына карточканы даулап, оны кім үлестіретінін қазбалаймыз. Карточка менің қалтамда. Өзім үлестіремін. Әрине, жұмыстарыңыздың сапасына, семья басына қарай әділ үлестіремін. Жалғыз басым мықтағанда бір тәулікте бір бөлкесін жеп тауысармын, қалғанын қайда апарар дейсіздер. Аруақ тамақ сұрамайды. Сондықтан маған сеніңіздер, – деп сөзін дірілдеп барып аяқтады. Жұрт жұмған аузын ашқан жоқ. – Егер сұрақ, тілектеріңіз жоқ болса осымен жиналыс жабық.

Түсін бұзбастан орнынан тұрды, кесек бітімді тұлғасымен жұмысшыларға қайта бұрылып:

– Жұмысымызға кірісейік, жолдастар, – деп есікке беттеді. Начальниктен осыншалық ірілік, бастықтың күтпегендей артынан аңтарыла қарап қалған жұрт Дархан есік жапқанда ғана біртіндеп тұра бастады.

– Мына қайным райкомда істесе де жарап тұр екен-ау, – деді бір кекселеу әйел.

– Өттең білімі жоқ, – деді Дүрия. – Білімі болса обкомның қызметін де шырқ үйіріп әкетер еді.

– Ағаны түсіну қиын, бір қарасаң бейшара секілді, енді бір қарасаң арыстан секілді, – деді Қазтайдың келіншегі.

– Жүріңіз, Бәке, – деп столдың үстіндегі шақыру қағазын алды Дүрия. – Соғысқа аттанатыныңызды жеңеше ме естіртейік. Әй, отының басын сабалап, шашын жұлып ойбайлайды-ау.

Жапа-тармағай далаға шықты. Күн бүгін алабұлтты еді. Желдің өгі ептеп қайтқандай. Қаңтардың қағынған ызғырығы түстен кейін басталушы еді. Батимен қатарласа еріп келе жатқан Дүрия оның бетіне жалтақтап қараумен болды. Ешқандай өзгеріс сезілмейді. Қабағы түйіліп, ауыр ойға берілгендей адымдай басады.

– Ақырын жүріңізші, аға, – деді әрең-әрең ілескен Дүрия ентігіп. – Шаршап қалдым.

– А, байқамаппын-ау, – деп жүрісін ірікті. – Соғысқа шақырғанын жеңгене айтпай-ақ аттанып кетсем қайтеді.

– Обал ғой, бәрібір елден естіп-біледі.

– Ол да жөн екен... Өзге әйелдерден жаны артық емес шығар, қайтем енді. Балаларым жас еді... Тым болмағанда үлкенін он беске де ілндіріп кете алмадым, көз қырыңды сала жүр, әйтеуір.

– О не дегеніңіз, аға, шамамның жеткенінше қолұшын беремін ғой, елде бардың ерні қимылдап, ептеп-септеп күн көрерміз. Сіздердің тілеулеріңізді тілеуден өзге не қалды бізге.

– Мылтықты жақсы атушы едім, мерген болатын шығармын...

– Дүрия сықылықтап күлді:

– Аға тіпті сіз бармай жатып, жауды көздей бастадыңыз-ау.

– Қазір менің ойымда – тек қана соғыс. Бағана повестканы Дархан ұсынғаннан бастап аттанып кеткенмін.

– Бастығымызды бүгін танымай қалдық-ау...

– Ол адам емес, одан әлдеқайда биіктеу де күштірек бір пәле. Алғашында қайда айдаса сонда жүре беретін ынжық жігіт пе деп мен де ойлағанмын. Бақсам... жо-жоқ, Гүлия кісі таңдаудан қателеспеген.

– Бақсының моласындай жалғыз қала ма деп қорқамын.

– Жалғыздық – оның жан серігі. Өзі таңдаған жоқ па.

– Жалғыздық Құдайға ғана жарасады. Онымен ешқандай кереметтілікті дәлелдей алмайды. Бір кезде сіз де осы көрбілте соқпаққа түскенсіз.

– Рас. Сенің сөзіңнен соң ес кірген, мың да бір рахмет саған. Бірақ, Дарханның жолы бөлек қой.

– Ол да екі аяқты пенде. Құлаша шалдан әулие емес шығар.

– Бұл екеуіміздің миымыз жетпейтін дүние, Дүрия. Үйге келіп қалдық. Әңгіме жол қысқартады деген осы...

Екі бөлмелі аласа тамнан будақтап түгін шығады. Есік көзінде бүйіріне тұмсығын тығып жатқан аламойнақ иесін көрген соң керіліп орнынан тұрды. Құйрығын бұлғақтата еркелеп сүйкенді. Үйден жылаған баланың даусы естіледі. Аула айнадай таза. Қыстыққа деп жинаған отын, қорадағы шөп – бәрі-бәрі де шаруақор адамның тиянақтылығын аңғартқандай... Табалдырықта жатқан балғаны былай алып қойған Бати:

– Ертең отын жеткізіп беріп кетпесем, қоры азайып қалған екен, – деді.

– Міне, әйелдер үшін сіздей еркектер керек, – деді Дүрия.

Ертеңінде қызық оқиға болды.

Майданға шақырылғанын естіген күні Төлендінің бойында жаны қалмай сасқалақтады. Қыршаңқы сөз, бұралқы әңгімені көйіткені болмаса өз көлеңкесінен өзі қорқатын, жұмысқа тақыс еріншек адам-ды. Теріс қарап бүк түсіп қор-қор ұйықтаудан басқа қолынан келері жоқ, еркек болып бір қазық ұштап шығара алмайтын орашолақ кісі еді. Қуақы тілін безеп, бас десе құлақ деп отырар қиқарлығы көрші-қолаң, ауыл-аймақты әбден мезі қылған. Әйтеуір балаларының алды ер жетіп, қиюы қашқан шаруасын жөнге келтіріп абыройын жапты. Ең ғажабы – бір қыз, екі ұлының ешқайсысы да әкесіне тартпаған. Шетінен пысық, шаруаға бір тоға ақылды болып өсіп келеді. Төлендінің әйелі де көрікті, кеңінен ойлайтын бес биенің сабасындай байсалды кісі. Жар мен баладан салымы болған Төленді әсіресе ұлы мен қызы ержетіп қолы босаған соң, тәйтектеп, көрінгенге соқтығып бостан-бос көшеде қыдырып жүретінді шығарды. Оның жеті еріншек жалқаулығын Дархан баяғыдан біледі. Бес-алты жас үлкендігі бар ағайынды адам болған соң сыйлап, бетінен алып қатты сөз айтпаушы еді. Ана жылдары темір жол салып жатқан кезде өз бригадасына алды. Басқа ешбір жерге сыймасын білген соң өз қарауында ұстаған. Енді міне, қызы бойжетіп, бір ұлы он жетіге, екіншісі жетіге толғанда соғысқа шақырып зәре-құтын алды.

Тіпті, бұл күтпеген жағдай еді. Жасы елуге жақындағанда әскерге бару деген не сөз... Баласымен бірдей жігіттермен

бірге қолына шошайтып мылтық ұстап, сапсаңдап қарғып-шоршып, өкпесі тала жүгіріп, жер қазып, желе жортып қалай жүреді. Қазірдің өзінде буын-буыны сырқырап түні бойы мазасын алады. Оның үстіне қасқыр жейтін қойдың үстіне шам жанып тұрады дегендей, қаңғыған оқ маңдайынан сарт ете қалса... кепештігін ұшырып әкетпей ме? Жо-о-оқ, бостан-бос өле салуға болмас... Әлі де көрер таңым бар, жиырма – отыз жылдық ғұмыр қалды. Айдалада жау шапты деп шала шабылар артық жаны жоқ. Сонда не істеу керек? Қалай құтылу керек бұл пәлекеттен? Ойлай-ойлай әбден басы қатқан Төленді повестка алған күні кешке дейін үйінде ләм деп тіл қатпай дөңбекшіп жатып алды. Әскерге шақырылғанын әйелі мен балаларына айтқан жоқ, шайға да зауқы соқпаған. Үлкен ұлын өз орнына жұмысқа жібермеді бүгін. «Өзің секілді қыздардың бәрі үйінде қол қусырып қарап отырған жоқ, енді бір кезек сен бар», – деп қызын жұмсаған. Қара қасы қиыла аққұба да, сұнғақ қыз шешесінен аумайтын әдемі еді. Қарсылық білдірген жоқ, анасымен ақылдасты да тез киініп, үндемеген қалпы әкесінің орнына кеткен. Бірақ көп ұзамай қайтып оралды.

– Өкең әскерге барады, сондықтан жұмыстан босатылған. Орнына ұлы келсін, – деді. Көзі жасқа толып жыламсырап әрең тұр қызы.

– Кім айтты? – деп шаңқ ете қалды.

– Дархан аға...

– Былшылдамасын! Ондай әңгімені естіген жоқпын, барсам дасол қубас итті алдыма салып, айдап кетермін соғысына. Қыр соңымнан қалмай қудалап жүрген сол. Дүниенің бәрін жалмап бітіп еді, енді маған түскен екен.

– Ондай ғайбат сөз айтпа, әкесі, – деді салмақты қалпын сақтаған бәйбішесі.

– Неменеге ара түсе қалдың, ойнасың ба еді? – деп тебітті. Бойжеткен қызының да, әйелінің де қабағы дір ете қалды.

– Балаларыңнан ұялсаңшы...

– Жә, жетті! Өзімнің де сіркемді су көтермей отыр.

Қызы далаға шығып кетті, әйелі Төлендінің жанына қатарласа отырды:

– Бүгін саған не көрінді, жазған-ау? – деді ұялы жанарын төңкере қарап. – Соғысқа шақырғаны рас па?

– Рас болса менің орныма өзің барайын деп пе едің, о несі-ей...

– Елден жанымыз артық емес, дайындалайық. Бір малымызды сойып тілеу тілейік, кергілесіп отырамыз ба осылай.

– Ой, шіркіннің пысығы-ай. Менен құтыла алмай жүр екенсің ғой.

– Қайдағыны айтпашы, ойың қандай харам еді. Адамның сөзін айтып, ақылдасайын десем, ауызға келгенді көкисің. Қағаз келгені рас болса бәрібір үкіметтің міндетінен құтыла алмассың, – деп орнынан тұрып кетті.

– Ой, әкеңнің... – деп тұра ұмтылып еді, өзіне қарап шімірікпей айбат шеккен жұбайының жанарынан тайсақтағандай шегіншектеп барып, төсекке сыңар шынтақтап, қиқая салды. Әйелінің үнемі күлімсіреп тұрар әдемі көзін суық та ашулы қалыпта тұңғыш рет көруі еді, сасып қалды білем, ыржың етіп күліп жіберді.

– Жиырма жыл қиқандағаның жетеді, – деді әйелі сол ызғарлы пішінін бұзбастан. – Құдайға шүкір, балаларым өсті, енді маған да билік келген шығар. Күн тимесе, жан тимес деп жүрген тұщы етіме ащы таяғың талай рет тиді. Біреудің солқылдап отырған жалғыз қызы едім, алдап-арбап туу Қарауылдан алып келдің. «Үстіңнен құс ұшырмаймын, әлдилеп алақаным салып отырамын, мал басы, Құдайға шүкір, жетеді» дедің мақтанып. Келсем, бәрі өтірік, мал түгіл сайтан да жоқ, кара өгіздің үстінде қалқайып жүрген байқұс екенсің. Шүкіршілік жасадым. Үлде мен бұлдеге орамай-ақ кой, бұл пәниден сыйласып, жаман-жақсыны бірге көтерейік деп едім; талай қиыншылықты көрсем де білдірмей, бір дүниенді екеу етіп, барыңды асырып, жоғыңды жасырып, отбасының береке-сін бұзғам жоқ. Қара су қайнатсам да ошағыңның отын сөндіргем жоқ. Енді жер ортасы жасқа келіп қартайғанда балағаттап, қол жұмсағалы қоқандайсың. Менің әкемді сен түгіл азуы алты қарыс азаматтардың өзі тілдеген емес. Әкемнен садаға кеткір, өмірем қал... балаларым аман болсын.

Төсек үстінде бір жамбастай қиқайып жатқан Төленді әйелінен естіген алғашқы ауыр сөзі шымбайын қанша шымшыласа да тістеніп шыдап бақты. Қолынан келер дәрмен жоқ. Дәл повестка алған күні емес, кешелер айтса бір сәрі. Онда төркініне тілім-тілім шығарып жалаң аяқ, жалаң бас

жаяу айдап салудан тайынбас еді, әттең кеш... Құлағысы келсе, қараспан жалғыз-ақ күнде жалп ете қалады екен-ау төбеңнен.

Соғыстан құтылудың амалын кешке дейін ойлап таба алмаған Төленті басы қатып, бала-шағасымен жым-жырт тамағын ішіп отырған. Үлкен қызы жалғыз кесе шайды майыса ұрттап әрең тауысты да, «болдым» деп төргі бөлмеге кіріп кетті. Әйелінің қас-қабағы әлі ашылмаған, күйеуіне қайтып тіл қатпаған. «Мықтасақ үш-ақ күн шыдарсың, – деп ойлады Төленті. – Күндіз қабысатын, түнде жабысатын қатындардың қашаннан әдеті. Оның өкпесін ұрғаным бар ма».

– Екі қолын тарақтай айқастырып желкесіне жастап, шалқасынан сұлап жатқан Төленті ұзақ ойға берілді. Дастарханды жинап, ыдыс-аяқты жуып-шайған әйелінің жыбыр-жыбыр жүрісі тура кеудесінен поезд басып өткендей әрі қапы, әрі ауыр естіледі.

– Ақырын жүрсең аяғың сынар ма еді? – деді. Қарсыдан жауап болған жоқ. «Не істеу керек? Ажалдан бұрын өлген деген осы да».

Осы кезде даладан үлкен ұлы кірді:

– Шайыңды ішпей қайда жүрсің? – деді шешесі.

– Станция жақта болдым. «Ертеңнен бастап әкеңнің орнына кезекшілікке барасың», – деді Дархан аға.

«Тағы да Дархан аға... Ол аға емес, жаудан бетер жауыз. Өзі броньмен қалып, бізді шетімізден қозыдай көгендеп өлімге айдап отыр. Құландының тамам жесір қатындарын иемденіп қалмақ қой. Ит-ай, мұндай зәлім болар ма. Ол ойыңды іске асырмасың, асыртпаспын».

– Үйде отын тақа таусылды, ұлым, – деді шешесі. – Қыс болса табалдырықта. Ертең тамыздық болар қу тал қиып әкел.

– Мен кезекшілікке барамын дедім ғой, тәте. Анау ұлыңды неге жұмсамайсың.

– Оның сабағы бар және тал қиюға әлі кішкентай, шамасы жетпейді. Өз қолын өзі шауып алса қайтесің.

– А... не дедің?! – деп басын қақшаң еткізіп. Төленті. – Отын таусылды дедің бе? – Әйелі үндемеді. – «Отын... отын... ағаш қиып әкелу... қолын балтамен шауып алады... – деп ішінен ежіктей қайталаған оның ойына бір қулық сумандай бас көтерді. – Иә, иә, отын қию, балтамен ағаш шабу... балта тайып тисе ғой, оңбай жарақаттанып қаласың, тіпті мүлдем мүгедек

болып қалуың мүмкін... Уһ, Аллам-ай, таптым-ау әйтеуір, құтылдым-ау әйтеуір күні бойы азаптаған пәле-жаладан. А Құдай, ақсарбас, ісімді оңғара көр...»

Ертең ертерек тұрайық, ұлым. Шешең дұрыс айтады, Серік бармай-ақ қойсын. Қыстың көзі қырауда ағаш тоқылдатып, шөмшек теріп жүрмесін. Мен болсам бүрсігүні сендермен қоштасамын, қайтып оралам ба, оралмаймын, ба кім біледі, үйдің ендігі иесі сенсің. Анау інің болса әлі жас. Азамат болған деген осы. Бар ауыртпалық бір өзіңе қалды. Жалғыз өзіңнің шамаң келмесе, отынға мен де барайын. Аякөздің сай-саласы талға толып тұр. Балта сілтенбеген талдың қалың түлей жерін білем, – деді көшелісіп.

– Өзім-ақ әкелемін ғой, әке, сіз жолға дайындалыңыз. Тіпті, сіз аттанған соң да уақыт жетеді.

– Жо-жоқ, мен кеткен соң сенің қолың босамайды. Әрі қураған ағашты іздеп табу жер ыңғайын білмеген кісіге қияметтің қайымы. Жақын жерді баяғыда отап біткен. Шаршаған шығарсың демінді ал, таңертең өзім оятамын.

Үйдегі барлық жан жатып қалған соң сықсима шамның жарығымен балтасын ұзақ қайрады. Дүзін ұстап көріп еді, жанды көп қинамайтындай-ау ұстарадай лыпып тұр екен. Аса риза көңілмен қабына салып, қабырғадағы шегеге мұқияттап іліп қойды. Бұл үйдегі әрнәрсені шауып көрінген жерде жататын байғұс балтаның балта болғалы дүзіне қайрақ тиіп өткірленгені осы шығар. Төленді көпке дейін көз ілмей, ертеңгі айланының ау-жайын түйді; көз алдына қайта-қайта елестетіп, қалай шығарын, ел-жұртқа не деп жауап берерін ойластырады. Енді барлық үміт те, күдік те ұлында қалды. «Үйрету керек, – деді күбірлеп. – Өмір сүруге үйрету керек». Елең-алаңнан тұрған Төленді өздеріне көрші тұратын шалдың көк есегін сұрап әкелді.

Сексенге келсе де селкілдемеген тың, шаруасы тап-тұй-нақтай молда шал жап-жас Төлендінің мойны жар бермейтін еріншектігіне ыза болып, «тақыссың» деп талай рет бетіне басып айтып еді. Тек көр ғана түзейтін қыңырлықпен жеңілместей қаруланып алған ол молданың өзін кінәлап «Дүние боқты о дүниеге арқалай кеткенінді көрермін, сасық қоңыз секілді қидың арасына кіріп алып, түртінектейсіндер келіп, күні ертең сол тезекке өздерің айналғандарыңды білмей

қаларсыңдар», – деп сақалымен санаспай айтып салған. «Шырпы басын сындырмаған сенің де мың жасағаныңды көрерміз, ертең имансыз қаласың», – деп еді. Төленді: «Сен кәрі иттен жаназа дәметпей-ақ қойдым» деп бетін қайтарған. Сол уақыттан бері ыдыс-аяқ араластырмай, іргелес отырған екі үйдің түтіні екі жаққа ұшқандай тоң-теріс жүрген-ді. Таң атпай есігін тақылдатқан кім дегендей қарғап-сілеп дамбалшаң далаға шыққан молда шал Төлендіні көргенде қыржың ете қалды.

– Ассалаумағалейкүм, ақсақал! Күйлі-қуаттысыз ба, дені-қарыңыз сау ма? Беліңіздің сырқырайтыны бар еді, одан амансыз ба?

– Қашаннан бері сәлем беруге жарап қалып едің? – деді шал сәлемін алмай. Молданың жақтырмағанын сезе тұра, әрмен қарай бастырмалата жөнелді.

– Мал-жаныңыз аман ба? Апамның халі жақсы ма? Соғысқа кеткен балалардан хат бар ма? Анау кенже ұлыңыз Ермек жасың кіші болса да кара нар, бір қалақ суды талай бөліскен жолдасым еді, жауды жеңіп есен-сау оралсын.

– Жә, жә, шұбыртпай тоқ етерін айт. Не шаруамен келдің? – деді тоңып, бүрсендеп зорға тұрған молда.

– Фашес деген жетібасты айдаһар шықты, ақсақал. Бір басы кесілгенмен, қалған бастары сумандап дес бермей жатқан көрінеді, ел басына күн туғанда еріншек едім деп үйде қабырғамды қасып қарап жатар еркегің мен емес, өзім сұранып майданға аттанып барамын... – «Майданға аттанып барамын» деген сөзді естіген шал:

– Үйге жүрші қақсамай, үсіп өлдім ғой, – деп есік ашты. Төленді соңынан ерді. Басы дуда-дуда болған кемпірі «астынан су шыққан бұл кім» дегендей көзін ашып-жұмып қарады да, сылқ етіп қайта жатып қалды.

– Ал айта бер, – деді шапанын жамылып, төрге малдас құрып отырған молда. Әлі от жағылмаған үй салқындау екен.

– Өзім тіленіп әскерге... – дей беріп еді «Оны айттың, ары қарай жалғастыр», – деп кесіп тастады.

– Ауыл-үй болған соң, атымыз тебіспей, адамдарымыз керіспей, итіміз қабыспай тұра ма, ақсақал. Сіз айтқан ақылды тыңдамай қызулықпен қатты сөзге барыппын. Міне, киелі сапар – адамның қаны судай аққан алапат майданға аттанар

алдында оразамды ашпай тұрып, өзіңізден кешірім сұрағалы келдім. Міне бас, міне мойным.

– Оу, бәрекелді, – деп қуанып қалды шал. Ұмтылып барып төсек басына ілінген таспиығын алды:

– «Есірік болмай ер болмайды», – деп атамыз қазақ бекер айтпаған екен-ау. – Кемпір-ай, ыңырсымай тұр енді. Төленді соғысқа аттанады екен, бір самауыр шай ішіп кетсін.

– Рахмет, ақсақал, асығыспын. Алдымен жауды жеңелік, талай шай ішілер, талай тай сойылар. Менің құлқынсәріден сізді жылы төсегіңізден тұрғызған екінші бұйымтайым, есегіңізді бере тұрсаңыз, ертең ерте жүріп кетер болған соң, үйдің отын-суын жеткізіп бермек едім.

– Апыр-ай, а, – деді қуақылана күлімсіреген молда, – соғыс болмаса ғой отынға бармай-ақ өтер еді өмірің.

– Ақыл біреуге ерте, біреуге кеш қонады емес пе, молдекем, – деп әзілге шаптырды.

– Ал арбасымен қоса ал.

– Жүз жасаңыз, ақсақал. Мен соғыстан оралғанда көк есегіңізді мініп барып қарсы алатын болыңыз. Егер аман-есен алжымай отырсаңыз, майданнан оралған соң жан тапсырсам сөз жоқ жаназамды өзіңізге шығартам, – деп орнынан тұрды.

Есек-арбаға ұлын отырғызып алып Ақшиге апарар жолға түскен Төленді ыңылдап әнге басты. Әлдебір әуенді мұрнынан айтып көңілді келеді. Сүмендеген көк есекті қанша шыбыртқыласаң да осы аяңынан танбайтынын ежелден білетін. Сондықтан құйрығынан түрткілеп мазаламады. Мимырт жүрісі, әкесінің саппастығы ержетіп қалған ұлының жынына тиді білем:

– Әке, мен жаяу еріп жүрейінші, – деп тәпене ғана арбадан қарғып түсті. Төленді сол әлдебір әуенді мұрнынан ыңылдаған қалпы бұзбай, басын изеді.

Әкесінің аяқ астынан өзгерген мінезіне ұлы да түсінбей келеді. Осы Құландыда жанына жақындасаң болды жынын шашып, бақырып қоя беретін сары атан бар. Ауыл адамдары мазақтап «сары атан» деп атап кеткен. Міне, сол «сары атан» деген лақап ат алған әкесі қойдан жуас, көпті көрген көсем қарттай ойлы адамның кейпінде әндетіп, ұлыңа анда-санда ақыл айтып келеді. Есік алдында ұсақтап қойған отынды үйге ала кірмейтін жалқаулық, жоқ, қағылез де пысық, бір қарағанда

осындай ақылгөй шаруақорлық – тіпті өзіне жараспайды екен, қараға ақ жамалғандай өзгеше лайықсыз сылқылданған.

– Ұлым, арбаға қатарласа жүрші, – деді Берікке. Жас жігіттің көк есекке ілесетін шамасы бар ғой, қатарласа аяндады. Алыстан қарағанда арбаға қосақтап қойғандай ерепейсіз көрінеді екен. – Атам қазақта «Әкенің қадірін өлгенде білесің» деген ұлағатты сөз бар. Мен болсам шикі өкпе, ши борбай сендерді тастап, оқ пен оттың ортасына кетейін деп отырмын. Сен қалай ойлайсың, менің соғысқа барғаным жөн бе, әлде бармай қастарыңда қалқайып есен-сау отырғаным дұрыс па?

– Әрине, үйде жүргеніңіз жақсы бізге... бірақ олай етуге болмай қалды ғой.

– Әлі де кеш емес, Берікжан.

– Түсінбедім., әке, қалтаңызда шақыру қағазы бар...

– Бар болса қайтейін, – деді Төленді көк есекті сауырлап. Есек құйрығын бұлғағаны болмаса мыңқ етпеді. – Кейде есек болмағаныңа өкінесің. Бала-шаға асырамайды, соғысқа бармайды. Не жесе соны жапалап тұрғаны. Қәпірсіз-ақ хайуан.

– Ал менің өлсем де есек болғым келмейді, әке. – Ұлы күлді.

– Баласың ғой, қазір түсінбей тұрсың, өзіңнен өзің есек болып ақырарыңды кейін, менің жасыма келгеніңде бір-ақ білесің, – деп әкесі жайбарақат тіл қатты.

– Әке.

– Оу.

– Сенің орныңа әскерге сұрансам жібере ме?

– Жасың толмайды ғой...

– Жарты-ақ жыл толмайды.

– Өздері де шақырар, қайтесің асығып.

Әкелі-балалы екеуі Ақшиге барар күре жолдан бұрылып, Аякөз жылғасына қарай құлар жалғыз аяқ сүрлеуге түсті. Ербиген бұта, қарағай көрініп, жер репеті куқулана бастады. Алдарынан соққан суық жел бүйірлеп қалған соң жүрістері де шираған. Көк есек арбаны еңіске қарай жақсы тартады екен. Қарақатқақ жердің бедері доңғалақты қаққылап, қолқанды үзердей шикылдатады. Төленді арбадан сонда да түспеді. Шіліктеніп басталған тоғайдың шетіне ілінгенде көк есекті қаңтарып, тал-қайыңы аралас өскен қалың жыныстың ішіне

енді. Екеулеп жүріп қурап қалған ағаштарды бұталап, бірі қиып, бірі тасып арбаның жанына тау ғылып үйді. Енді қайтамыз-ау деген кезде Төленті ұлына «демалайық» деп шөп томардың үстіне құйрық басқан. Ұлы талға сүйеніп тұр.

– Отыр, балам. Аяғың талды ғой.

– Ештеңе етпес. – Езуіндегі қырық буынның қураған сабағын тістелеп ағаш басына қарады, бір топ қарғалар қонып отыр. Ағашты жел тербеген сайын қоса итіндеп, қалбалақтайды, бірақ сонда да ұшып кетпейді.

– Бізден қарғалардың күні озық, – деді ұлы қараған жоғары-ға назар салған Төленті. – Отын тасымайды, от жақпайды, бір-бірімен қан төгіс соғыс ашпайды, қарапайым тірлігіне қа-р-ы-қ болып жүргені. – Ұлы тағы күлді.

– Сіздің ойыңызша, әке, әлемдегі аң, құс, жан-жануардың бәрі-бәрі адамдардан артық секілді.

– Артық екені рас. Біз аң-құс болғымыз келеді. Ал олар жалғанда адам болуды армандамайтын шығар. – Орнынан шапшаң тұрды да ертеректе әлдекім жығып, ұшып, қиып, түбірін қалдырған теректің үстіне балтаны шанышты.

– Мен сенің әкең екенім рас қой.

– Ой, сіз де қызық екенсіз, көке. – Мұрты жаңа ғана тебіндей бастаған бозбала майда ғана жымыды. – Оған кімнің дауы бар, әлде өзіңіз күмән келтіріп тұрсыз ба?

– Жә, жә... Ендеше сен мені соғыс деген сойқаннан құтқар.

– Қайтіп? Қалайша? – деп таңдана сұрады.

– Кел жаныма. – Берік біртіндеп жақындады. Әкесі оң қолын жаңғырық ағаштың үстіне салды да: – Шап мына төрт саусақты, жанымның садағасы! Басым аман болса алты бармақпен де күнімді көре аламын, – деді түсі өзгере қалшылдап. Беріктің көзі шарасынан шыға шошынды.

– О не дегеніңіз, әке?! Мүмкін емес, мүмкін емес... – деп зәре-құты қалмай зәрезап болып шегіншектей берді.

– Шап дедім ғой мен саған! – Бұйыра ақырды. – Қақыраған оқтан өлгенше шолақ болып тірі жүргенім артық. Мүгедек адамды әскерге алсын деген заң жоқ.

– Шаба алмаймын! – Беріктің буын-буыны дірілдеп жылап жіберді.

– Ынжықтан туған ынжық неме, шап дедім ғой, шап!

– Жок, әке. Қинамаңыз мені, орныңызға мен барайын, мен-ақ өлейін, тек өз қолыңызды өзіңіз шаппаңызшы! – деп зар еңіреп әкесінің аяғына жығылды.

– Ендеше өзім шабамын, ел-жұртқа байқамай балта тиді деп жариялаймыз. Сельсовет пен милицияға солай деп жауап береміз. Оқыстың аты – оқыс. Мен ұстаған ағашқа сен сілтеген балта тая тиіп, саусақтарымды қиып түскенін ұмытпасаң болды.

– Қойыңыз, әке! Тоқтатыңыз! Соғыстан сонша неге қорқасыз, елмен бірге көрген ұлы той емес пе? – Әкесінің қолындағы жалаңдаған балтаға жабысты.

– Мانتырама! Ары тұр! Нағашы жұртына тартқан бос белбеу! – деп ұлын жалғыз-ақ қағып, ұшырып жіберді. Ұшырып жіберген соң оң қолының басбармағын бүкті де қалған төрт саусағын біріктіре жаңтырық ағаштың сүтіне салды. «Біссімілла, түбінің қайырын бере гөр» деп күбірлеп түні бойы қайраған балтаны сілтеп қалды: балтаның жүзі тиген саусақтар барлығы қиылып түскен жоқ, шүлдір-шүмек саусағы терісіне ілініп қалды да кішкене бөбегі ыршыға кетті. Балан үйрек пен ортан терек жартылай қиылғандай. Қарақошқыл қан атқақтап өне бойын, солған шөп, өскен ағашты былғады. Жанын көзіне көрсете ауырса да тістене шыдап баққан Төленді сол қолымен іш көйлегінің өңірінен ұстап дар еткізіп айырды; жер қаба құлап, көзін тас қылып алақанымен басып солқылдап жылаған ұлына ышқына айғайлады.

– Байла қолымды! Әйтеуір көретін қаның көзің үйрене берсін, кел! – деп зекіді, орнынан сүйретіле тұрған Берік әкесі тұрған тұсқа жалт қарағанда, қой бауыздағандай дүниені ластаған қып-қызыл қанды көрді. Көзі бұлдырап, есі ауып құлап қала жаздады.

– Байла қолымды! – деп әкесі қанша ақырғанымен беттей алмады. Өз көзін өзі қос алақанымен басқан қалпы тұра қашты. Бет-аузын тоғайдың бұтағы оскылап, сүрініп-қабынғанына қарамастан жүгірді ауылға қарай. Есек қаңтарылған жерден ұзай бере алдынан Бати кездесті. Ол да отын алуға келе жатқан беті еді.

– Не болды? – деді алды-артына қарамай безген Берікті әрең тоқтатып.

– Әкемнің саусағы жоқ... балтамен шауып...

– Не дейді! – деп Берікті тастай бере атына қамшы басты. Ол келгенде қара жердің дымқыл топырағына өз саусағын өзі тығып, сұп-сұр болып бүктетіліп отырған Төленді қансырап бара жатыр еді.

Сол күні алғашқы поезбен аудандық ауруханаға жөнелтті. Арты не болары белгісіз. Құландының халқы «апырай, оқыс деген аяқ астынан, айтып келмейді», – деп таңдай қағып, бас шайқасты.

Сол күннің ертеңіне саусағы бүтін қос азамат: өлмелі жалғыз шешесін тастап – Асқар; шиеттей балаларын қалдырып – Бати соғысқа аттанды. Олар мінген поезд өкіріп-бақырып орнынан қозғала бергенде ауыл жақтан құстай ұшып келген бозбала жігіт Төлендінің ұлы – Берік соңғы вагонға жабыса түсіп еді. Әкесі үшін қарабет болып ұялған Берік шақыру қағазын күтпей-ақ майданға аттанып еді. Мүмкін алар, мүмкін алмас, әйтеуір батысты бетке алып жүре бермек... жүре бермек... өз саусағын өзі құрбандыққа шалған әкесін – туған әкесін, қорқақ әкесін қайтіп көрмесе болды... Иә, бұл ауылда 1941 жылдың күзінде осындай, кейін «саусақ хикаясы» деп атап кеткен оқиға болды...

1942 жылдың – жылқы жылының қысы қытымыр болды. Қар көп жауып, ұлыған бораны бет қаратпай ел мен жердің зықысын әбден кетіріп еді. Жығылған үстіне жұдырық дегендей, Батыста жау анталағанда, Шығыстың қысы қысып-ақ тұр. Алдымен төпеп тұрып қар жауады да, артынан жел соғады ұлып. Жерден еңсесі биік тұрған темір жолдың өне бойын қоянжондап, хасаттап тастайтын. Ал мұндай жағдайда бірде-бір паровоз жүре алмай тоқтап қалушы еді. Майданға асығыс тасылатын жүкті бір сағат кешіктіру теміржолшылар үшін қылмысқа саналатын. Құланды станциясына қарайтын жолды қардан тазартып, рельсті ашу тек келісіммен істеп жүрген жұмысшылардың қолынан келмейді. Сондықтан ауылдағы қолына күрек ұстауға дәрмені келетіннің бәрін жол тазалау жұмысына ұйымдастыру міндеті тұрды. Станция начальнигін қинаған да, қатты ойландырған да осы мәселе еді.

Елдің жағдайы белгілі, қолына мылтық ұстап атыспады демесе, одан өзге ауыртпалықтың бәрін көріп те, көтеріп те келеді-ау. Азық-түлік және жетімсіз, қорадағы бірер малын сойғанын сойып, ал аман қалғаны көтерем, көктемгі көкке

ауызы ілінудің өзі мұң болып тұр. Ұн, қант, май дегенді кейде айлап көрмейді, киім тапшы. Дүкен баяғыда қаңсыған. Анда-санда вагонмен жылт етіп түсетін дүние барған сайын саябырсып, майданнан артылмай жатыр. Батыс күйіп тұр. Жаудың беті қайтар емес. Жігіттердің алдынан қара қағаз келе бастады. Жалғыз басты кемпір ұлы Асқардан айрылған өлмелі шеше өзі шашын өзі жұлып, бір үйде бір өзі қалды аңырап. Уыздай жас келіншек күйеуі Қазтай шейіт болып ол да жесір отыр. Қамбардан хабар ала алмай Дүрия жүр. Кеше Батидан хат келіпті. Сталинград түбіне апарған екен. Әкесінің қылығына шыдамай поезға жабысқан Берік Аякөздегі әскери бөлімге барып майданға сұраныпты, ол рұқсат берген соң, дәм тартып Батимен бір взводқа жазылған екен. Қазір екеуі бірге мергендік міндетті атқарып жүрген көрінеді. Елдің алды болып аттанған молда шалдың кенже ұлы – Ермек, үлкен ұлы – Дүйсендер тірі, жауды қырып жатқанын еміс-еміс естиді. Әсіресе, ұлынан айрылған кемпір мен жесір қалған келіншектің боздағанын көргенде Дарханның сай-сүйегі сырқырады. Мұның жанында өз қайғысы еріккеннің ермегі секілді еді. Осы оқиғаларды дәтке қуат етті ме, станция жұмысына жан-тәнімен кіріскен.

Ең әуелі жалпы станция бойынша жиналыс өткізді. Халықтың қазіргі жағдайын, соғыстың барысына шолу жасай келіп, ауылдағы бойында жаны бар бірде-бір адамның темір жол жұмысына қатыспай, үйде отыруы дұрыс емес екендігін, темір жолдың майдан мен тылды жалғап тұрған ең құдіретті күре тамыр күшін түсіндірді. Қар тазалау жұмысына колхоздан да адамдар келіп көмектесіп жатқанда бала-шаға, шал-шықпыт түгелдей бұл науқаннан қалыс қалмауын өтінді. Сонымен ертеңінде бүкіл ел болып, Түркісібті қымтап тастаған қарды айнадай ғып аршыды. Екі жақтан бірдей поездар жөңкілді. Бірақ, барлық іс мұнымен тамамдалған жоқ-ты. Қар бір күн ғана жаумайды, боран жалғыз рет соқпайды, сондықтан жол бойына қалқандар тұрғызып, ықтасын жасау шаруасы киліккен. Ендігі жұмысты қолға мықтап ала бастады.

Құланды өңірінде аздаған бұта-қараған, үркіп өскен шилер ғана, айырдың сабына жарар ағашы жоқ көселеу. Анау Ақшидің жанынан өтер кішкентай жылға мен Аякөздің сай-саласында там-тұмдаған ағаш бар. Шалқып жайылған қоғалы көлі жоқ, Тарбағатай жоталарына ұласар тұста ғана жер келбеті өзгеріп,

құйқалана бастайды. Қар қалқан тұрғызу үшін қыруар ағаш, не болмаса баулап сүйеп қояр жілікті қамыс керек. Дарханды қинаған осы қиындық еді. Қолда бар көлікпен алыстан шаналап тал, терек тасыды. Аякөз өзені бойына ала-құлалау болып сирек өскен қамысты отап әкелді. Әйтеуір күн демей, түн демей арпалысып жүріп Құланды станциясына қарайтын темір жолдың ұзына бойына лекерлеп қалқан тұрғызды. Жарма жол жүйесі бойынша елдің алды болып ықтасын жасады. Поездың үздіксіз жүрісін қамтамасыз еткені үшін Нарком атынан алғыс алды. Ауыл адамдарына бұл да бір зор мәртебе сықылданған.

Үлкен істі абыройлы тамамдап, қақаған қыстың ызғары қайта бастағанда қаралы хабар тағы да сумандап жеткен. Вагоннан түсіріп кететін почтаны ең әуелі өзі ашып қарайтын Дархан, бүгін де газеттер мен үшбұрыш хаттарды тексеріп отырған. Оның көзіне Дүрияның атына келген тілдей қағаз түсті. Шегіне әскери мөр басылыпты. Ежіктеп оқи бастады... «Сіздің еріңіз Қамбар Қалқаманов Москва түбінде болған шайқаста өзін нағыз батырша көрсетіп, ерлікпен қаза тапты. Оның есімін Отан, бірге соғысқан жауынгерлер мәңгі ұмытпайды. Жау сөзсіз жеңіледі. Біз Қамбар секілді қаза тапқан ерлер үшін кек аламыз».

– Осымен болды, – деді Дархан қағазды қайта бүктеп. – Бүкіл тағдыры жалғыз жапырақ сары қағазға сыйды да кетті. – Көзінің алды жыбырлап, миын мың-миллион құмырсқа талап жей бастады. Көзі қарауытып, басы айналған соң шекесін қарулы саусақтарымен қызарта шымшылады. «Қош бол, бауырым, топырағың торқа болсын, еліңнен бір күрек топырақ та бұйырмады-ау...»

Қырсыққанда бүгін күн шайдай ашық екен. Терезенің, күнгей жағы жылбысқылана еріп, қыстай тұтқан қалың қырау жұқара бастапты. Кеңсенің іші жап-жарық. Үйдің ішін қуалаған жарық сәуле көп кешікпей келер көктемнің шабарманы секілді. Бірақ, Дархан мұның бірін де байқап, сезіп отырған жоқ. Жан-жары Гүлия өлгеннен бері қыр соңынан қалмай көлеңкеше еріп жүрген ауру тағы да миын, жүрегін сұққылап ойнай бастаған. Осылай қысылғанда «шіркін-ай, жайлауға барып, он күндей демалар ма еді, дүниенің барлығын ұмытып, көк шөптің үстінде аунап, көкке телміріп жатар ма еді» аңсайтын. Жаз жайлауды әсіресе, қақаған қаңтарда сағынатын. Әйтеуір жер

басып жүрген соң азаптың, арбасына жабыса бермей, өзіңмен өзің болып, саяқ тарта сапарлап кеткен дұрыс-ау. Қызықтан қанша рет қашып құтылам дегенмен көңіл шіркіннің ақсақ болса да көк дөнені айғай сүрең алаөкпе жарысты іздеп, оқта-текте жаскана кісінеп қояр еді. Адамсың ғой, адамға қажет нәрседен безіп кете аласың ба?

Басындағы барымта аздап сап болды. Енді оның көз алдына сонау жылдары Ақжайлауда өткізген көркем күндер мен барқыт түндер елестеген. «Жалт етті де жоқ болды, бәрі де баяғының садағасы».

Бұл суық хабарды Дүрияға естіртуден ауыр не қалды енді?.. Не қалды?!

Орнынан әрең көтерілді де еңкей басып шығар есікке беттеді. Дала аппақ. Ауыл балалары қаперсіз. Күннің көзіне шыдамай жіпсіген қардан кісі жасап ойнап жүр. Иттерге дейін арсалаңдап көбік қарға аунап, асыр салады. Құланды моп-момақан. Тыныштық.

Батыста соғыс жүріп жатыр.

Адамдар өліп жатыр.

Дархан молда шалдың тамын бетке ала Құдайдың зорына кетіп барады. Шалды қасына ертіп алып Қамбардың азалы хабарын Дүрияға естіртпек.

* * *

...Соғыс аяқталуына бір жылдай уақыт қалғанда Құланды ауылын қайғының қара дауылы соғып өтіп еді. Тағы да соғып өтті. Әспенсінген жаудың беті қайтып, шыққан ініне қайтадан қуып тыққан саршатамыздың сүйек балқытар тамылжыған күнінің бірінде жарты жылдай хабарсыз кеткен Бати мен Төлендінің үлкені Беріктен... расын айтқанда солардың май-дандас жолдастарынан хат келді. Жершарының үлкен картасына сыймай қалған анау алақандай ауылдың пешенесіне жазылған жамандық пен жақсылық атаулыны алғашқы болып еститін Дархан, солдаттар жолдаған үш бұрыш хатты қалтасына салып алды да үйреншікті орны – Тарбағатай өңірінің Фудзиямасы іспетті Кеңгірдің жотасына өрлеген. Ертерек келер күздің шабарманы секілді ұшпалана ұшқан мизамды жел үрлеп мұқым дала мақталанып жатыр. Сол мақталанған ұланбайтақ даланың бетінде жілікті де сіңірлі екі аяғымен қара

жерді нық басып бүкіл әлемнің сақшысындай со-о-о-ноу алысқа кадала қараған Дархан осы тұрмысында шойыннан құя салған адам-ескерткіш сынды, көзге аса биік әрі оқшау көрінеді. «Иә, жер бетінде жақсы адамдар көп, – деді күбірлеп, – бірақ жер астында одан да көп-ау».

Гүлияның бейітіне арқасын тірей малдас құрып отырды. Үш бұрыш хаттың бүктеуін асықпай жазып, өз түрін түстеп, көрмеген белгісіз жауынгерлердің хатын ежіктеп оқи бастады.

«...қазақта мықты жігіттер көп. Олардың қай-қайсысы да майданда нағыз ерлерше соғысты. Үркіп-қорқуды, жалған тартып жан сақтауды білмейтін ержүрек азаматтардың бірі Бати еді. Інісі Берік қаза тапқан соң, Еуропаның қара топырақты сұлу жерін өз қолымен қазып, қастерлеп жерледі. Жүз метр қашықтықтан ұстараның жүзін ұшырып жіберетін мерген Бати күн сайын үш-төрт жау солдатын атып өлтіріп, оқтан босаған патронды Беріктің қабірін айналдыра қатарлап тізе берді. Осылайша інісінің кегін алған ол жас қабірді ораған патрондардың бір-біріне түйісуге екеу-үшеуі-ақ қалғанда тура жанына жарылған бомбаның астында қалды. Біз досымыздың денесін таба алмадық... Бомба ойып кеткен шұңқырда майысып, балқыған құтысын ғана іздеп тауып, інісінің жанына жерледік. Батидай асқан ер, Отан үшін пида болған азамат өлмек емес. Оның рухы ауаға айналып кетті. Сол Батидың рухы сіңген ауамен біз, тек біз ғана емес бейбітшілік сүйгіш күллі адамзат тыныстайтын болады. Ұлы ерлік деп, міне осыны айт! Сіздердің жерлестеріңіз, біздің, майдандасымыз, қазақтың қаһарман ұлы – Батиға шейіт болған соң Совет Одағының Батыры атағын берді. Ол хабарды газеттен оқыған шығарсыздар. Осындай ұл туғызған қазақ халқына мың да бір рахмет!

Жауынгерлік сәлеммен, орыс, украин, белорус, молдаван, латыш, эстон, қырғыз солдаттары. 1944 жыл».

Мизам ұшқан дархан даланың бетінен жоқ іздегендей телміре қараған Дархан мұнартып тұрған аспанға қарады. «Бати қай жерінде ұшып жүр екен». Ал, Бати батырдың қара жерде емес, көк тәңірісіне аттанып кеткені рас еді... «Міне, нағыз өлім деп осыны айт».

Ал, Дархан ше?.. Сол ұлылардың рухынан жаратылған аспанға ұша ала ма?..

Көз ұшынан тағы бір поезд көрінді. Сол поезддағы көп жолаушының бірі ғана...

* * *

Бүгінде:

Ел аяғы саябырсып, ыстық-суығы басылғандай болғанда Дархан немересін ертіп Кеңгірдің биігіндегі құрылысы әлі аяқталмаған мазарға барды. Бұл мезгілде аспан қиқулап ұшқан құстан тазарып, сұрқай да ауыр тартып, тым-тым аласарып, әрі кішірейіп қалғандай еді. Жыл құсы жылы мекеніне күнді жайлата, қарлы-жаңбырлатып қайта бастаған мезгілде анау сұр аспан – құс базарына айналатын, осы өңірде палендей көп болмағанымен, сонау Балқаштан көтерілген тырна, акку, үйректер қысқы мекеніне Құландының үстімен ұшып өтер еді. Сонда қайтқан құсты шығарып сап, мұңлы күйде тұрған Дархан өзіне де қос қанат бітсе әйтеуір өзі де білмейтін жерұйық – бейбіт те берекелі еркін жаққа ұшып-ақ кеткісі келер. Бірақ ондай жерұйықты бұл түгілі Асан қайғының өзі таба алып па еді... Қазір сарғайған қуаң дала сол думанды шақтан, бәрінен жұрдай болып, қаңсып қалған.

Ертеңгілік күзгі суық екеуін де жауратты. Шал мен немере төбенің басына шыққанша үндеген жоқ. Моланың дәл түбіне жеткенде Жалғас ең әуелі Кеңгір батырдың мүрдеханасын шыр айналып алақанымен қабырғаларын шапаттап:

– Да-а, – деді. – Умно сделано. Ешкім тимесе әлі талай ғасыр тұра береді. Ақсақал, осыншалық күдіретті ғимараттардың кірпішін неден күйған? Біздің қызыл кірпіштер елу жылға жетпей мүжіліп, қирап қалуы қалай?

– Қайдан білейін, қарағым. Менің естуімше Кеңгір бабамның моласын: сары жабысқақ топыраққа аттың қылын араластырып, биенің сүтін, ешкінің майын ерітіп құйып, қыш жасап соққан. Ол кезбен бұл кезді салыстыруға бола ма, тәйірі. – Есіне әлдене түскендей көзі жасаурап Кеңгірдің зәулім күмбезіне қарады. – Әлі есімде, жеті-сегіз жасар шағымда болар, біздің ауыл сонау Қызылегіздің ар жағында көк мұнарға оранып жатқан Тарбағатайда жайлаушы еді. Ол жер – Ақжайлау деп аталатын. Жаз шыға жонға көшкен ел өзгеше бір көрініспен сыңсып, құндыздай шұбап ойнап-күліп барады-ай... Күнге-күнге кызыл ала, көк ала гүлдерден хош иіс

аңқып, сарайыңды ашатын; әлсіз армандай болып лүп-лүп етіп соққан саумал самал; анау сай-сайдағы байдамталдың табанын қытықтап, сыңғырлап күлген, жас балаша былдырлап түсініксіз тілмен әңгіме айтқан бұлақ, бұлақ жағасында құрылған алтыбақан – бәрі бүгінгідей көз алдымда; енесін қақтап емген құлын, маңырай іздеп жамырай табысқан қозы-лақ, тайға мініп жарысқан бала, көкке шапшыған асауды саздақ жерге салып мөңкіте үйреткен жас жігіт – бәрі күні кешегідей жадымда; менің қайран қалатыным – осынау керемет суреттің қай-қайсысы да өмір бойы ұмытылмай, ашыққан, жаураған, жалғызсырап бас ауырып, балтыр сыздағанда көз алдымда қуаныш сәулесіндей елес берері, жүр-жүрлеп сол жаққа – Тарбағатай жайлауына ымдап, қол бұлғап шақыратын; бірақ мен содан қайтып, міне алпыс жыл толды, барған емеспін... алыста, аяқ жетпес шалғайда қалған мамықты арман секілді... жұмысшылық өмір, анау шойын жол менің сол – қызыққа толы үкілі күндерімді ұрлап алғандай еді... кей түні мен түсімнен шошып оянамын: жап-жасыл шөптің ортасында көк аспанға телміріп жатамын...

Немересінің әңгімеге зауқы жоқ, есінеп отырғанын сезді де, шорт үзді.

– Иә, балам, атаңның осындай қырттығы болады, – деді. – Екі-үш күн той-томалақпен ес жия алмадық. Жалғасжан, айып болмаса ендігі әңгімені сенен күтсем деймін.

– Ой, ақсақал-ай, менде не әңгіме болушы еді. Әкемнің түр-түсін білмеймін. Ол әскерге кете салып туыппын. Мамам елу бесінші жылы қайтыс болды. Өзім қазір Өзбекстанға қарайтын бір қазақ ауылында тұрамын. Қелініңіз, екі шөбереңіз бар. Ауқаттымыз. Общем, қызмет, тұрмыс бәрі жақсы, ақсақал. Мына мазарды тездетіп жөндеп бітірген соң сізді көшіріп алсам деген ой бар. Оған қалай қарайсыз? Шал мырс етіп күлді:

– Жалғасжан-ау, егер мен Құландыдан көшіп кетсем моланы «тездетіп» несіне тұрғызамыз? – деді.

– Ә, солай екен-ау, – қып-қызыл боп өз әбестігіне өзі ұялған немере қалтасынан темекі алып тұтатты.

– Көшіріп алмай-ақ қой. Келесі келгеніңде келін мен балаларды ерте кел. Мен Гүлияны төбе басына жалғыз тастап ешқайда бармаймын. Қарыс жерде қаза бар, алда-жалда көз жұма қалсам, Гүлияның қасына қоярсың.

– Обязательно! Осы жолы келініңіздің аяғы ауыр боп ере алмады. Жолда өз әбестігінен ақталған болды. Неге екенін түсіне алмады Дархан, аяқ астынан табылған немересі жаңғалақтау, кеңінен ойлап, тереңнен толғамайтын шولاқтау ма деп қалды.

Ол соншалық қатыбастылығы үшін өзін-өзі сөкті де.

– Ақсақал, менің демалысым аяқталуға әлі біраз уақыт бар. Шамам келгенше көмектесейін, не бұйырасыз?

– Рахмет, шырағым. Аягөзден екі-үш машина кірпіш жеткізіп берсең жетеді. Нәшәндік нұсқап жіберер, заттарды қайдан, қалай сатып алуын. Есігіне темір қақпақ жасату керек-ау. Ішіне ешкі, оқыралаған бұзау кіріп кетеді ғой әйтпесе... көлденең өтер көк атты «Мынау кімнің, зираты?» дегенде: «Дархан өз қолынан қалаған Гүлияның мазары», – деген сөздің өзі көрден қайта тірілткендей болмай ма. Өткендер алдында бүгінгі жер басып, тырбанып жүргендер мәңгі борышты-ау. Өттең артыңа тым болмағанда төрт құлақты бейітті аманатқа қалдыру да арман екен ғой...

– Дұрыс айтасыз, із-түзсіз өлгеннің несі жақсы дейсіз. Сонымен жаңағы айтқандарыңыздың бәріне неше сом ақша керек?

– Есептегем жоқ. Нәшәндікпен ақылдаспасақ...

– Иә, кешке үшеуіміз отырып есептейік.

– Аттың құны, атанның пұлы болса да сол соманы санап тапсырайын. Ертең еру болып демінді ал да, бүрсігүні Аягөз түс.

– Мақұл, ақсақал. Дүр еткізіп алып келем ғой, азамат емеспін бе.

Дархан немересімен осыған уағдаласты. Кешке көршісі қонаққа шақырып шалдың бұл ойын құптады. Енді қартайғанда сапсандаптай құдай айдап Жалғастың келгеніне шын пейілден қуанысты. Дарханға шын көңілден құтты болсын айтысты.

Шал мен немерені нәшәндік расында да жайрандап күліп, қуана қарсы алған.

– Ақсақал, дөнен ерткен жылқыдай, жаңа жарастыңыз. Сонау Кеңгірдің жотасынан қатарласа құлдилап келе жатқандарыңызға, тпә-тпә, тіл-көзім тасқа, қатты сүйсіндім. Құдай берем десе, тапа-тал түсте салаң еткізеді екен ғой, ә...

– Шүкіршілік, шүкіршілік... астым-тастым демеймін, тәубе қыламын...

Тамақ ішіліп, ас қайырылған соң шал мазардың қалған құрылысын әңгіме етті.

Олар қауқылдаса жау түсіріп келгендей мәз-мейрам болып сыртқа шықты. Дарханның көңіл-хошы дәл бүгінгідей шанағынан аса тасыған жоқ еді. Иығына артқан мың батпан жүкті лақтырып тастағандай, әрі жеңіледі, әрі сергіп-серпіліп сала берді. Қуанышы мен өкініші алма-кезек ауысып тұрар тағдырдың шу асау арғымағы тақымына енді тигендей қанатты желік пайда болды. Ол анау қаракөк аспанның астында өңсіздене суып жатқан Сахараның кеудесін дүрсілдете ойқастап онды-солды шапқылағысы келді; даусы жер жара ақырып айғайлағысы келді.

– Жалғасжан-ай, – деді толқып, – менің де атар таңым алда болған екен-ау. Мен бақыттымын! Осы күнге асықпай аяңдап, алжымай жеткеніме бақыттымын. Келші, құлыным, маңдайыңнан иіскейін, келші?!

Бір күн өтіп, екінші күні таңда Жалғас «товарнякке» мініп қалаға аттанды. Нәшәндік те артыңнан барып ақыл-кеңесімді айтамын, көлік табуға көмектесемін деп уәде берді.

Немересі Аякөзге аттанған күні кешке неге екені белгісіз Дарханның әлденеге мазасы болмады. Жалғыз өзі кең сарайдай боз үйі болып келген ескі мекені – қоржын бөлмелі тамына сыймай, есік алдында жүрді де қойды. Осыншалық екі қолы артына сыймай зерігіп, жалғызсырап көрген жоқты. Мұндайлық, көкірегі бос қалып, жүрегі шаншыған ауыр халді баяғыда Гүлиядан айрылғанда... «Бес-алты күн болса да, Жалғасқа үйрене қалған шығармын» деп бір ойлады. Бірақ онымен де қаңғырласып көп әнімелескен жоқ. Көп сөйлемейтін тұйықтау жігіт болған соң, көр-жерді сұрап басын ауыртпаған. Аяқ астынан табылған немересінің өн бойынан Долдашқа, Мұратқа ұқсар белгі іздеп, тінте қараса да таба алмаған. Әлде ұмытып қалды ма, әлде қарттық жеңдеп, көз жанары тайған шығар. Үш қайнаса сорпасы қосылмайтын бөтен біреу болса да, ел алдында абыройын бір асырды. Дархан шал осыны көңіліне медет тұтқандай еді. Дегенмен елгезек, ақкөңіл бала, – деп күбірледі. – Мұраттан ұрпақ қалады деп кім ойлаған».

Бәрібір ұйқысы келмейтінін білген соң, аяңдап, ендігі қалған ғұмырының ұлы бір рухында тәуәп етер құттыханасына айналған төбеге шықты. Өліара бітіп, ай жаңалаған кез еді. Жаңа туып асығыс тола бастаған ай нұрына балқып, маңқайып тұрған Кеңгір, бұрынғы өткен дүниенің бүгінге деген қарақазан өкпесіндей әне... тұнжырап тұр. Уыз сәуле астында бұлақытқан бейіт пен оның іргесіндегі теміржолшы шал алыстан қарағанда – баласын жетелеп түн ішінде қаңғып бара жатқан жесір әйел секілді еді. Әлемнің бар үзірінен жеріп, жарық түн, жұлдызды аспанды жамылып алысқа... көз көріп, құлақ естімес, адам аяғы баспаған бөтенге лағып кетер – өкпелі бітім. Әттең, өлілер өкпелей алмайды... Өлім рахатының алтын бесігіне тербетілген Гүлия мен Кеңгірдің моласы Дарханның ендігі қалған шын жанашырына ұқсаған.

Уақыттың асау ағысына түсіп, не сүйе, не сүйдіре алмай; не бел шешіп рахаттана демала алмай, жазған-ау, не болмаса қарсы келген дұшпанын әке бабасымен түсіп айызы қана балағаттай алмай – мініскер, жуас та аяңдыл ат құсап басын изектетіп, әр жылдың, әр кімнің тақымында өте шыққаны ма? Неге ғана ертоқымын бауырына алып мөңкімеді; неге үйірін іздеп арқырап кісінемеді; неге ғана екі қолға бір жұмыс қай-қайда да табылар деп бақытын басқа жақтан іздемеді. Әйелінің қабірін кимады ма, әлде туған жері – Құландыны кимады ма; әлде мәңгі арқандалған жіпті үзіп қашар асау мінез жоқ па? Қонақ қана болып келген өмірден өз сый-құрметін алмауы қалай. Өзі өмір сыйы деген не? Ал, құрмет деген не нәрсе? Бірақ осының екеуі де адамды ажалдан арашалап қалуы мүмкін бе? Жоқ! Ендеше бұл жарық әлемде жер басып жүрген пенделердің кімі кімінен артық?! «Ендеше мен өміріме өкпелей алмаймын...»

Күзгі жел есті. Жел өтінде ызғар бар. Ай сәулесі жуаси түсіп, кілкіген дала, самаладай жарқырамаса да әр заттың нобайын әйбәт көрсетеді. Салқын тыныштықтың дел-сал құшағында бүткіл болмысымен мол сұғынған дала аспаннан саулаған жансыз жарықты еміп, байырқалап жатқан. Өмірдің ақырғы мүйнеттерін қалай еткізуді білмей, ойдан озып шаршаған шалдың аяқ тықыры жусаған әлемнің ұйқысын бөліп, ептеп, түрткілеп оятқандай еді. Кеңгір бабасының пұшырайған ескі моласын айналып шығып, ертеңдер Жалғас кірпіш жеткізе екеулеп жүріп Гүлияның мазарын бірер жұмада бітіріп

тастайтынын жоспарлады. Төбесіне ай орнатып, есігін салып – өзінің де мәңгі мекеніне айналар тағдыр сәтін тосады... Мүмкін денсаулығы қазіргідей тың болса, немересіне еріп, Өзбекстанға барып келін-баласын көріп қайтар... Құдай-ау, ендігі тілек те, дәулет те, анау кара шанырақ та солардың садақасы емес пе; көрге арқалап кетпейді. «Өлу үшін туатынын сезінудің өзі қандай бақыт!»

Қарт жұмысшы ғұмыр-сапарына іштей риза да болды. Тірі жүрген күннің өзі – үлкен мереке, ұлыжінгір той екенін ұқты, ақылдан – сабыр артық деп білді.

Ол бүгініне, ертеңісіне, ең тамашасы – өткеніне ұялмай тура қарай алатын еді.

Рас, жасырмайды: аш жүрді, жалаңаш жүрді, ыстыққа күйді, суыққа тоңды, сайтан емес қателесті де – бірақ заманымен бірге өсті, біте қайнасты, халқының қамы үшін от пен суға түсіп адал еңбек етті.

Кең дүниенің кемтарлығы білінбей тұрмайды, терезесі тең, ке-регесі кең мамырстан дәуірдің төрі тимей босағадан озбай жатса, кімді кінәлар, бірақ ол өзін ар-ожданы таза жылдардың құрмалдығымын деп білді. «Мен бұл жарық әлемге алу үшін емес, беру үшін келген қарапайым адамның бірімін. Дүниеде, қоғамға да, адамға қарыз болмаудан артық бақыт бар ма?»

Тек оның жанына бататыны – кейінгі кейбір кісілердің тымтым алаңсыз тоңқүлкілігі, тым жырынды қулық саууға әзір тұратын жылпостығы, көбінесе өз қарабасының қамын ойлайтыны; не қатты қуана, не қатты қорқа білмейтін өлі еттігі-тін. Әлдекім алақанына салған бір уыс талқанға дал боп қуанатын қуандау кезеңді сағына берері осынан ба?..

Айғабатаоқып отырсың ба, қақбас? – деген дауыстұнтыныштығын тіліп өтті. Дархан шошынып барып тұңғыш рет жауап тіл қатты.

– Аллам-ау, тағы да сен бе едің, Дүрия? Күндіз – көлеңке, түнде – түс болып қыр соңымнан қалмадың-ау?

– Не Құдай алмады, не бай алмады – жүрмегенде, тірідей көрге кірем бе. – Шал таң қалды. Дүрия кәдімгідей дұрыс, сау кезіндегідей саңқ етіп жауап берді. Бірақ бұл әйелдің алғашқы әрі ақырғы есінің кіргені еді.

– Отыр, Қамбар, – деді жанындағы елес-адамға. – Бүгінгі түн қандай жұмсақ. Екеуміз алғаш рет осы төбенің басында

кездескенімізде де дәл осындай бақыт секілді жұлдыздан ғана тағылған түн еді. Мен сенен ізгі көңілмен ұялушы едім. Қамбар, алғашында бетіңе қарай алмайтынмын. Сен осы Құландыдағы ең сері жігіт, мен ең сұлу қыз едім. Екеуіміз қосыларда әкешешем қарсы болғанымен бүкіл ел қуанып «тең-теңімен» деп ақ батасын берген. Есіңде ме, «Қамбар, осындай сүт иісі аңқыған кеште алғаш рет сүйіскеніміз... ұят-ай... мен дірілдеп қорқып кеттім де, от боп жанған бетімді сенің иығыңа басып ұзақ жыладым... сен шашымды сипап уаттың... дәл сондағыдай рахаттанып жыламаған шығармын... дәл сондағыдай бақыт түні өмірімде қайтып қайталанбайтынын білдім бе... дәл осы күні туғанымды, дәл сол түні өлгенімді – сездім бе... (Дүрия өксіп, ботадай боздап жылады).

Дархан да өзін-өзі тоқтата алмады, буын-буыны дірілдеп, екі иығы солқылдап еңіреп отырған әйелге жақындаған.

– Қамбар, – деді Дүрия өксігін тыйа алмай. – Мен бүгін әдейі арақ алып шыққаным жоқ (сосын жанындағы елес-адамды өзіне қарай тартқан болды). Қашқалақтамай жақынырақ отыр, мен саған әлі айтпаған сырымды баяндайын деп Кеңгір бабамның күмбезіне әдейі ертіп келдім: Мен сенің алдыңда айыптымын, Қамбаш, қарабетпін. Мен сен жоқта көзіңе шөп салдым.

Шал селк ете түсті.

– Менің жазығым не? Жазығым – жар қызығын көрейін дегенім бе? Шын өлік – баласы жоқ өлік деуші еді бұрынғылар. Сенен қара қағаз келген соң күдерімді мүлдем үздім де, Гүлияның аруағын аттап анау тірідей өз моласын тұрғызып жүрген қақбастың етегіне жармастым. Өйткені, Омардың екі қызынан жаман да болса ұрпақ қалдыру еді. Өзің де білесің, Қамбаш, соғыс дегеніміз әйелді еркегінен айыру; соғыс дегеніміз кіндікті үзіп, ұрпақсыз қалдыру. Сол кезде Құландыдағы бас көтерер қол-аяғы бүтін жалғыз еркек Дархан еді ғой. Ендеше соғыс дегеніміз, Қамбаш, еркектер қадірінің артуы. Жазған-ау десеңші, тамам әйел сол қақбасқа таласып қанын жерге тамызбадық-ау, иә, ол шақта Дүрия жас еді (Дүрия терең күрсінді). Сен секілді еңгезердей көрікті жігіт болатын. Гүлия марқұм болған соң қайтып үйленбей салт басы жүрген. Қылтың-сылтыңы жоқ, біртоға, мінезі қатты, тәкаппар еді.

– Ол рас, – деп күбірледі шал.

Құландыдағы қырық ұрғашыға бастық боп темір жол жұмысына күн демей, түн демей сойып салатын; өзі де ұйықтамайтын, бізді де ұйықтатпайтын. Сонау Семейден Аякөзге дейін біздің разьездің жұмысына ілесер ешкім табылмады. «Стахановсындар деді, «передовойсындар» деді, мақтады, мақтады... мұрнымыздан қан кеткенше жанталасып қимылдадық. Кейде ойлаймын, сонда көзі қарайып әрең жүрген қыз-келіншектер Дарханның назарына түсеміз бе деп жанұшырды-ау жазғандар... Ал, маған стрелочниктің түнгі кезегін тапсырды. Мен қуандым. Рас, Қамбар, шын қуандым. Естіп отырмысың, ей Қамбар. Мен осы жігіттен бала сүйгім келді. Өзің ойлашы – осы айып па!? Гүлия, сен де кінәлай алмайсың мені. Маған салса соғыс кезінде, арып-ашып не жан қызығын, не жар қызығын көре алмай өзегі өртеніп жүрген зауал шақта қойнымызға қол салған бірде-бір еркекті айыптамас едім. Жоқ. Олардың күнәсі жоқ! Сенің тірі кезінде бетіме тірі жан қараушы ма еді... ағымыздан жарылайықшы, ей, қатындар. Бес жылды қойып бес ай шыдау қандай азап! Енді міне, бәріміз де судан таза, сүттен ақ болып, елде қалған еркектерді қарғапсілеп шыға келдік.

– Ол рас, – деді шал Дүрияға жақындап. – Ол рас.

– Сен қақбас, оттамай отыр, – деді әйел. – Сөзіңді біреу сөйлесе аузың қышып бара ма... (сосын жанындағы елес-адамды иығынан ұстап жұлқылағандай болды).

– Қамбар, естимісің, жақын отыр маған. Мен Дарханды іштей ұнатқаныммен сүйгем жоқ, арым да, арманым да сенсің, жаным. Ол мені менсінбеу арқылы өзіне құл етті. Қотыр-қотыр жер тамында, күлге аунаған түйедей боп жатқанда, ұят-ай, түн жамылып өзім бардым... Ол сені де, мені де жеңді! Ол соғысты да жеңді! Бірақ өзін-өзі жеңе алмады, жазған. Дарханды аяйтын едім. Байғұс күндіз күлкі, түнде де ұйқыдан айрылып жұмыс істеп, бәр-бәрін бітіріп кетем деп ойлады. Тіршіліктің мәні – тек жатпай-тұрмай еңбек ету ғана емес, семья құру, ұрпақ қалдыру, көңіл көтеру екенін кеш ұқты. Ол – шын қуана да, шын қайғыра да алмады. Несіне жасырып-жабайын, Қамбар мен Дарханнан бала көтердім. Алғаш рет «сен сәбилі боласың» дегенімде өңі құп-қу боп: «Соғыс болса мынау жүріп жатқан, заман қиын зауал мезгіл, қазір баланың бізге керегі қанша» деді. Мен не дерімді білмедім. Бар айтқаным: «саған керегі

жоқ болса, маған керек. Ертең тағы да соғыс бола қалса, тағы да солдат керек, ерегіскенде дәл осы баланы босанып, өзім тәрбиелеймін», – дедім де қайтып көрместей боп қоштастым. Қатындар: «Дархан мен Дүрия үйленеді-мыс» деп желдей есіп жүргенде, өз үйімнің босағасында арыстай ұл таптым – әкесі сонда да келмеді; есімін Жеңіс қойып, шілдехананың ырымын жасадық – әкесі сонда да келмеді; аяғын апыл-тапыл басып жүре бастады, қаратабан болды – әкесі сонда да келмеді; 1945 жылы 9 майда Құландының тамам қатындары той жасадық – әкесі сонда да жоламады; Құдай-ау, бүкіл ел-жұрт біледі, несіне қашқалақтайды деп ыза болдым, тіпті зауалыңды берсін деп қарғадым да; шешек шығып қатты ауырды – әкесі сонда да келмеді; екі жастан асып барып өлді – әкесі... сонда да... келмеді... – Дүрия ағыл-тегіл жылап жіберді. Дархан шыдай алмады білем, басын сүйеп уатқан болды.

– Кеш, бәрі кеш, – деді әйел кеудесін көтеріп беркіне. – Жеңісімнен айрылған соң қайтып бала көтермейтінімді білдім. Айыпқа бұйырма мені, Қамбар, сенің қайтып ораларыңды қайдан білейін, бала көтермеуге ант етіп, улы шөп қайнатып іштім. Бар өкінішім, үлкендер айтушы еді: «Неке суын ішпей көлденең көк аттыдан туған бала о дүниелік болған соң өз әкесін өзі танымай мәңгі адасып өтеді», – деп. Жеңісжаным арғы дүниеде адасып, көрінген әкені сипалап, зар еңіреп жүр-ау, құлыным, адасып жүр-ау... қайтейін, қолымнан не келеді, кінәлі өзім. Тасжүрек адамға жолап нем бар еді...

– Ол рас, – деді Дархан. – Бірақ мен де кінәлі емеспін... қорықтым...

– Кімнен? Құдай-ай, кімнен?!

– Уақыттан...

Дүрия Кеңгірдің күмбезін жаңғырықтыра күлді. Күлкісін пышақ кескендей тыйды да:

– Ей, қақбас, мен сенің қатыгездігіңді екі дүниеде кешпеймін! Лағнет! Лағнет! Жүр, Қамбар, қайтайық.

Әлдекімнің қолынан жетелегендей болды да жотадан төмен зыр жүгіріп түсіп кетті. Ай астында қараңдап бара жатқан әйелдің соңынан ұмтылған Дархан:

– Әй, Дүрия, қатты кеттің, кеш, жаным! Кеш! – деп қуып барады...

Күздің салқын түні миығынан күлгені болмаса, шалдың жалынышты даусына үн қатқан жоқ. Дүмбілез жатқан далаға қанша айғайласаң да тау секілді жаңғырып, жауап бермейді, осылайша бой суытып, мелшиіп зәрені ұшырады-ай...

Шал сол түні, адам болған соң – тек адал жолмен ғана Мұратқа жету аса қиын екенін Алғаш мойындады.

Құландыға тоқтамай тағы бір әдемі көк ала поезд өтті. Заман жақсарған сайын осынау жұпыны ғана разъезге поезд аз тоқтайтын болды...

Ертеңгі күні қасқарая Дархан ескі тамның есігін тарс бекітіп, қолына баяғыдан қалған білте шамды алды да мәңгілікке қоштасқандай ұзақ тұрды; азды-көпті жарты ғасыр мекен болған жылы ұясын қимай қиналды. Ол жаман лашығының күні ертең-ақ көршісінің қозы-лақ, қаз-тауығын қамайтын үйшік-ұясына айналарын сезді. Амал не, арқалап кететін емес, кімдерден кейін қалмаған боқ дүние, ханның сарайы да сасып-борсып босқа қалған...

Үйінен тас-түйін шықса да алғашында қайда барарын, не естерін білмей сенделіске ұшырап, сең соққан балықтай есеңгіреген. Оның көңіліне желкем бітіріп, мазасын алған жәйт – кірпіш алуға кеткен Жалғастың ызым-қайым жоғалуы еді. Алдап кеттіге қимайды, бірақ ауыл-аймақтың пыш-пыштаған жел сөзі жанға батады да:

«Иә тотықұс бойын көріп сыланады, аяғын көріп қорланады», – деді күбірлеп. Көзі жасаурап, дүние көкшарбының аржағында қалды.

Әуелі кез келген поездға мініп, басы ауған жаққа қаңғып, екі қолын төбесіне қойып батыс демей, шығыс демей... мынау Құландыдан безіп кеткісі келген-ді. Сосын темір жолға шығып делдиіп тұрды, ойы: «алғаш өткен поездың біріне жабысып басы ауған жаққа жоғалу! Осылайша осынау азапты ойдан, қаңку сөзден мәңгі азат болу». Жер бетіндегі алдап-арбаудан, қара ниеттілік пен дүниеқор ашкөзділіктен, даңқ құмар өзімшілдіктен, бір сөзбен айтқанда оспаншылдықтан – бәрінен, бәрінен мүлдем құтылу! «Құлан қай жерде семірсе, қан-жыны сонда төгіледі», – деген сөздің растығын дәлелдеу... Поезд жер-көкті сілкілеп келе жатты...

Поезд келе жатыр... Енді бес минуттан соң Дархан анау жұлдыздан ғана тағынған алқаракөк аспан, анау кәперсіз мыж-

мыжы шығып мызғып жатқан сайын даламен; сонау өмірінің темір қайығына айналған Кеңгірмен, жалғандығы жалғыз жары Гүлияның аруағымен, күзгі ызғырық желмен, Құландының бір күнгі тоқтыққа мәз аңқау елімен – бәрімен қоштасады, көз алдындағы көрініс – тіршіліктің шар айнасы быт-шыт болып сынады, бәрі-бәрі сағымша бұлдырап артта – елінде қалады. Алқымынан әлдекім буындырғандай жүрегі қақты, енді-енді басқалы, зу етіп өте шыққалы тақалып қалған поезға жабыса түскелі оқтала берді де, әлдекім итеріп жібергендей, кейінге секіріп-ақ үлгерді... Жасасын өмір!

Туған жерін қия алмады-ау, жазған...

Дархан енді дәруіш болу да қолынан келмегеніне өкінді, тіпті қаңғырудың қажеттігі жоғын білді. Жанары жасқа толып, Кеңгір бабасының күмбезі жаққа қимас көңілмен қарап еді, Гүлияның моласынан жылтыраған от көрінді. Тағы не пәле болды дегендей дызақтап солай қарай еңкендеді. Жарық моланың есігінен сәулеленіп тұр екен. «Құдірет ай, өртеніп жатыр! Мола өртеніп жатыр!» деп айғайлап екі өкпесін қолына ала алқына ұшып жетсе, төрт жерден шырақ жағып отырған Дүрия екен. Үстіне қара киім киіп, басына қара жамылған, күбірлеп дұға оқиды: «Жатқан жерің торқа болсын, Гүлия, Қамбар, Дархан! Сендердің рухтарыңды Алла-тағала мен әмбие-әулиелерге аманаттадым. Он сегіз мың ғаламда сендерден асқан батыр туған жоқ. Мен сендерді бесін махал болғанда ылғи келіп дұға оқып, есіме аламын, жаным. Мына төрт шырақтың бірі – Гүлия, бірі – Қамбар, бірі – Дархан, бірі – мен. Енді бұл шырақты ел де, жел де өшіре алмас, аумин...»

Осы кезде Құландыдан өрлеп, Кеңгірдің биігіне асыға көтерілген машинаның қос жарығы көрінді.

Ол – Шар жақтан кірпіш алып, жұлдыздай ағып келе жатқан Жалғас еді...

– Біліп едім, – деді Дархан иман айтқандай күбірлеп. – Жүрегім сезіп еді... Отымның өшпейтінін...

Өшпейтінін... өшпейтінін...

Кеңгірдің биігіндегі Дархан тұрғызған зәулім күмбездің жанынан асығыс зымыраған поездар өтіп жатады...

Оспандар қай вагонда кетіп барады екен?..

Мазмұны

Жасын ғұмыр жазушы. <i>Қуанышбай Құрманғали</i>	3
Өз отыңды өшірме. <i>Роман</i>	11

«Ел-шежіре» қайырымдылық қоры» қоғамдық қорының
президенті *Дидахмет Әшімханұлы*

Оралхан Бөкей

Шығармалары

ӨЗ ОТЫҢДЫ ӨШІРМЕ

Роман

1-том

Редакторы *Жадыра Нармаханова*
Техникалық редакторы *Ниязбай Оразымбет*
Суретшісі *Бауыржан Байділда*
Компьютерде беттеген *Гүлмира Өтенова*

ИБ № 125

Теруге 10.05.2013 ж. берілді. Басуға 03.06.2013 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108^{1/32}. Қаріп түрі «Times New Roman».
Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 20.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №

ISBN 978-601-7317-47-8



«Ел-шежіре» қоғамдық қоры. 050009. Алматы қаласы.
Абай даңғ. 143, 517 бөлме

«Полиграфкомбинат» ЖШС
Алматы қ., *Мақатаев көшесі, 41*